

Әбсаттар Дербісәлі

**МҰХАММЕД ХАЙДАР  
ДУЛАТИ – КӨРНЕКТІ  
РУХАНИЯТ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ  
ҚАЙРАТКЕРІ**

«Қазақстандық исламтану мектебін дамытуға  
қатысты зерттеу жұмыстарын жүргізу»  
тақырыбы бойынша грант аясында жарық  
көрген монографияның

№1 томы

Астана, 2018



«Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ



«Рухани құндылықтарды қолдау қоры» КК



Қазақстан Республикасының  
Қоғамдық даму министрлігі

*«Рухани құндылықтарды қолдау қоры» корпоративтік қоғам «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының көзқарасын білдіруі міндетті емес жарияланымдардың мазмұны үшін жауапты. Осы жинақтағы авторлар көзқарасы «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ көзқарасымен сәйкес келмеуі мүмкін.*

# МҰХАММЕД ХАЙДАР ДУЛАТИ – КӨРНЕКТІ РУХАНИЯТ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ ҚАЙРАТКЕРІ

**«Қазақстандық исламтану мектебін дамытуға қатысты зерттеу жұмыстарын жүргізу» тақырыбы бойынша грант аясында жарық көрген монографияның №1 томы**



Қазақстан Республикасының Қоғамдық даму министрлігі мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара іс-қимылы, діни қызмет, мемлекеттік жастар және отбасы саясаты, қоғамдық сананы жаңғырту, қайырымдылық, волонтерлік қызмет, медиация, ішкі саяси тұрақтылықты, конфессияаралық және этносаралық келісімді қамтамасыз ету салаларында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.



«Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ мемлекет пен үкіметтік емес ұйымдар арасындағы өзара әрекеттесу механизмдерін жетілдіру және грант бөлуші ұйым жұмысының ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында құрылған. Ұйымның негізгі қызметі мемлекеттік және мемлекеттік емес гранттарды ҮЕҰ-ға бөлу және олардың іске асуын қадағалау болып табылады.

Астана, 2018 жыл  
Басылым - 300 дана.



УДК 94.574.122(035.3)

ББК 63.3 (5Қаз)

Д 33

**БАСПАҒА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҚОҒАМДЫҚ ДАМУ МИНИСТРЛІГІ  
ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМ КОМИТЕТІНІҢ  
САРАПТАМА БӨЛІМІ ҰСЫНҒАН,  
2018 ЖЫЛЫ**

Д 33 Ә. Б. Дербісәлі

Мұхаммед Хайдар Дулати – көрнекті руханият және ғылым қайраткері: Монография – Астана: «Рухани құндылықтарды қолдау қоры» корпоративтік қоры, 2018. – 260 б.,

**«Қазақстандық исламтану мектебін дамытуға қатысты зерттеу жұмыстарын жүргізу» тақырыбы бойынша грант аясында жарық көрген монографияның 1 томы**

**ISBN 978-9965-9896-4-3**

*Пікір жазғандар: Ислам Жеменей, филология ғылымдарының докторы, профессор  
Болатбек Батырхан, философия (PhD) ғылымдарының докторы*

Кітап Қазақстан Республикасы Қоғамдық даму министрлігінің қолдауымен «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ жүргізген грант аясында жарық көріп отыр.

Кітапта жарық көрген материалдар Грант берушінің көзқарасы болып табылмайды.

УДК 94.574.122(035.3)

ББК 63.3 (5Қаз)

**ISBN 978-9965-9896-4-3**

© «Рухани құндылықтарды қолдау қоры» КҚ, 2018

*Қолыңыздағы еңбек XVI ғасырдың дана перзенті, белгілі руханият және мемлекет қайраткері, үлкен ойшыл Мұхаммед Хайдар Дулатидің (1499–1551) өнегелі өмір жолы мен шығармашылық тұлғасына арналған. Оның ата-бабалары және өзі де орта ғасырларда дулат, қаңлы, жалайыр, керейіт, арғанут, арлат, барлас секілді т.б. тайпалардан тұрған Моғолстан атты мемлекетте ғұмыр кешті.*

*Моғолстан – XIV ғ. орта тұсынан XVI ғ. бас кезіне дейін Жетісу мен (Маңлай сүбе) Шығыс Түркістанда болған мемлекет. Оны XVI (1514 ж.) – XVII ғасырларда Қашғар хандығы жалғастырды.*

*Мұхаммед Хайдар Орта Азияда туғанымен, өмірінің көпшілік бөлігін Шығыс Түркістан, Тибет, Пәкстан мен Үндістан, Кашмирде өткізді.*

*Ол артына «Тарих-и Рашиди» және «Жаһан наме» атты классикалық шығармалар қалдырды.*

*Мұхаммед Хайдар белгілі мемлекет қайраткері, тарихшы ғалым ғана емес, сондай-ақ ірі руханият қайраткері де еді. Өз шығармаларында ол қасиетті Құран Кәрім, Мұхаммед пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) хадис-шәріптеріне құрметпен қол соза отырып, өзіне дейін һәм өзімен тұстас Орталық Азияның ғалымдары мен руханият қайраткерлерінің көпшілігін үлгі тұтты. Олардың шығармалары мен өнегелі өмір жолдарын ғибрат етті.*

*Түркістан өлкесінің қазақ жері де ұстанған сопылықтың Қожа Ахмет Йасауи негізін қалаған тариқатқа құрметпен қарады. Кашмирде 11 жыл жеке-дара патшалық құрған жылдары ол дініміздің Ханафи мазһабының мызғымастығы үшін күресті.*

*Кемеңгер ойшыл, көрнекті ғалымның өмірі мен шығармашылығын көптен зерттеп жүрген автор бұл еңбегінде М.Х. Дулатидің қайраткерлік қырын зерделеумен қатар, 2015 жылы бүкіл Республика салтанатпен атап өткен Қазақ хандығының 550 жылдығының тарихы да хатқа түсірілген «Тарих-и Рашидидегі» деректерге назар аударған. Еңбекте М.Х.Дулатидің поэзиясы да зерттелген.*

# МАЗМҰНЫ

## КІРІСПЕ

Кемеңгердің өмір жолы.....6

## I ТАРАУ. РУХАНИЯТ ҚАЙРАТКЕРІ.....33

1.1. Мұхаммед Хайдар Дулатидің рухани ұстазы.....33

1.2. Руханият жолында.....39

1.3. Қожа Ахмет Йасауи тариқатын ұстанып.....48

1.4. Мазһаб үшін майдан.....55

## II ТАРАУ. ТАРИХ, ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТТІҢ БІЛГІРІ

2.1. «Тарих-Рашиди».....64

2.2. «Жаһан наме».....85

## III ТАРАУ. ДАРА ТҮЛҒА ЖАЙЛЫ ОЙ-ТОЛҒАМДАР.....133

3.1. М.Х. Дулатидің Үндістандағы зерттеушісі.....133

3.2. Қазақ тарихындағы үш бәйтерек (М.Х. Дулати, Шоқан Уәлиханов және Әлкей Марғұлан сабақтастығы).....146

3.3. Мұхаммед Хайдар Дулати Кашмир тарихында.....152

3.4. М.Х. Дулатидің ізімен Кашмирге төртінші ғылыми және мәдени экспедиция.....164

## IV ТАРАУ. КАШМИРДЕГІ РУХАНИ ҚАЗЫНА.....192

1-қосымша. Гималайдан асқан қазақтар.....228

2-қосымша. Хандар, әмірлер, түрлі билеушілер, ақындар мен тарихшылар, дінбасылар, сопылар, тайпалар мен рулар.....242

РЕЗЮМЕ.....257

SUMMARY.....259



## КІРІСПЕ

### Кемеңгердің өмір жолы

1999 жылдың күзінде әлемдік ғылым, білім, мәдениет және руханият тарихында өзіндік үлкен орны бар, қазақ тарихының атасы атанған көрнекті мемлекет қайраткері, белгілі тарихшы ғалым, ақын, әскери қолбасшы Мырза Мұхаммед Хайдар Дулатидің туғанына 500 жыл толды. Мүшелтойы ЮНЕСКО-ның айтулы мерзімдер күнпарағына енгізілген кемеңгер дананы әдебиетші, тарихшы ғалымдар болмаса, көпке дейін жалпы жұртшылық біле бермеді. Тек 1996 жылы Әмір Темірдің 660 жылдығына орай Өзбекстан Ғылым академиясы Шығыстану институтының ғалымдары ерен тұлғаның «Тарих-и Рашиди» атты классикалық шығармасын орыс тіліне аударып, жариялағаннан кейін, ғалым мұрасына деген қызығушылық арта түсті. Республикалық баспасөзде ол жайлы мақалалар жариялана бастады. Тараз және әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті ғалымның өмірі мен шығармашылығына арналған бірнеше халықаралық ғылыми-теориялық конференциялар өткізді. Тараз мемлекеттік университетіне 1997 жылдың қарашасында Мұхаммед Хайдар Дулатидің аты берілді.

Европа жұртшылығы Мырза Хайдар шығармасымен ХІХ ғасырда-ақ танысқан. Оның парсы тіліндегі аталмыш еңбегін ағылшындар Үндістаннан тауып, өз тіліне аударып, 1895 және 1898 жылдары Лондонда екі рет бастырған. Осы аударма Мырза Хайдар шығармасының әлемге таралуына кең жол ашты.

Ғалым мұрасын зерделеуге деген талпыныс бұрынғы Кеңес Одағы республикалары ішінде Қазақстанда да болмай қалған жоқ. Ғұлама ғалым Әлкей Марғұлан 1941 жылы «Әдебиет және искусство» (қазіргі «Жұлдыз») журналында даңқты тарланбоз жайлы «Қазақтың тұңғыш тарихшысы» атты арнайы мақала жазып, халқымыздың тарихының тым тереңде екеніне көңіл аударған.

### Ұлы ғалым ізімен

Мырза Хайдар Дулати – ХVІ ғасыр перзенті. Ол осы күнгі қазақ, қырғыз, өзбек секілді түркі халықтары ұлт боп ұйып, тарих сахнасына көтеріле бастаған кезде өмір сүрді. Бұл Жошы ханның Батыс Сібірді мекендеген кіші ұлы Шайбан әулетінің Орта Азия мен Ауғанстан һәм Хорасанды да уысында ұстаған Әмір Темір ұрпақтарынан Мауараннаһрді тартып алмақ боп белін бекем буған, феодалдық соғыс өрті тұтанып, аласапыран шақ туған тұс еді. Сондықтан да болашақ ғалым өмірінің басым бөлігі әуелі Орта Азия, сонан соң Шығыс Түркістан мен Ауғанстан, Тибет пен Бадахшан, Үндістан жағында өтті. Ол көбінесе ат үстінде, жорықтарда жүрсе де, сол кездегі ғылым, білім тілі – парсы тілінде «Тарих-и Рашиди» атты Орталық Азия халықтарының ХІV–ХVІ ғасырлардағы тарихы, этнографиясы мен географиясы, әдебиеті мен мәдениеті жайлы классикалық тамаша шығарма қалдырды. Онда Мауараннаһрдегі Шағатай әулеті

құрған мемлекеттің XIV ғасыр ортасына таман ыдырап, екіге бөлінуі, Моғолстан деген шығыс бөлігінде дулат тайпасының күшімен дербес мемлекет негізі қаланғаны және басқа көптеген тарихи оқиғалар туралы әңгімеленді.

Моғолстан – Шығыс, Оңтүстік және Оңтүстік Шығыс Қазақстан мен қазіргі Қырғызстан жерінде болған мемлекет. Ғалым бабалары осы мемлекет басында тұрған белгілі бектер еді. Олар Моғолстан тағына бірнеше хан отырғызып, сол кездегі құсбегі (премьер-министр) іспетті биік лауазымдарға ие болды. Еңбегіне риза болған Шыңғыс хан әулеті XIII ғасырда Шағатай тұсында-ақ ғалым бабаларына Маңлай Сүбе («Күнгей жақ») деп аталған осы күнгі Қашғарияны сый еткен.

Әйтсе де XV ғасырдың екінші жартысында болашақ ғалымның аттас бабасын билікке таласқан немере інісі Әбу Бәкір Дулати зорлықпен Қашғариядан Орта Азияға кетуге мәжбүр етеді. Мұнда ғалымның әкесі Мұхаммед Хүсейін 1492–1496 жылдар шамасында Моғолстан әміршісі Жүніс ханның (1415–1487) үшінші қызы Хуб Нигар ханымға үйленеді. Одан 1499 жылы Мырза Хайдар туған.

Хуб Нигар ханымның әпкесі Құтлығ Нигар ханым Әмір Темір шөберелерінің бірі Омар шейхпен (1455–1494) отау құрған-ды. Одан атақты ойшыл, ақын, қолбасшы Мұхаммед Захир ад-Дин Бабыр (1483–1530) туған, ол Мырза Хайдардың бөлесі боп келеді.

Болашақ дарабоз шыр етіп дүниеге келгеннен-ақ тағдыр тауқыметін көп тартты. Бір жарым, екіге толғанда анасы қайтыс болады. Дәл осы тұста шайбандық өзбектер Орта Азияға баса-көктеп кіріп, 1500 жылы Бұхара мен Самарқанды, 1503 жылы Ахсикент пен Ташкентті, 1504 жылы Әндіжанды, 1505 жылы Хорезмді, 1507 жылы Герат пен Астрабат, Гурганды да басып алады. Шайбандықтарға тақ үшін таласып, өзара қырықпышақ болған Әмір Темір әулеті табанды қарсылық көрсете алмады. Соғыса-соғыса Бабыр Кабулге кетті. Басқыншылардан ғалымның әкесі Мұхаммед Хүсейін де бас сауғалауға мәжбүр болды. Ақыры құрығы ұзын Мұхаммед Шайбани кісілерінің қолынан ол қырыққа енді толғанда – 1508 жылы Гератта қазаға ұшырады.

Жетім қалған Мырза Хайдар бірнеше жыл Кабулде бөлесі Бабырдың қолында тұрды. Бұрын болашақ ғалымды біз екі ағайынды деп білетінбіз. «Тарих-и Рашидиді» оқи келе оның Абдолла мен Мұхаммед шаһ атты інілері және қарындастары болғанын байқаймыз.

1512 жылы Бұхара маңында шайбандықтардан тағы да жеңіліп, Кабулге қайтып келе жатқан Бабырдан Мырза Хайдарды Жүніс ханның немересі Әбу Саид хан (әрі қарай Саид хан – Ә.Д.) (т.ж.б.–1533) мен ғалымның немере ағасы Сейіт Мұхаммед (т.ж.б.–1533) сұрап алып қалады. Саид хан бұрынғы ата-баба дәстүрімен Мырза Хайдардың әпкесі Хабиба Сұлтан ханишке үйленіп, ал оған қарындасын беріп, хан тұқымына оны күйеу (гурган) етеді. Осыдан былай болашақ ғалым Мырза Мұхаммед Хайдар гурган деп аталатын болады.

1514 жылы Саид хан Қашғарды Әбу Бәкір Дулатиден тартып алып, жаңа мемлекет – Қашғар хандығының іргетасын қалады. Жаркент қаласын астана етті. Осы жерде Мырза Хайдар 18 жылдай тұрды. Сонда оқыды. Ержетті. Қашғар мемлекетінің жоғары лауазымдарына ие болды. Кейде ханның өзі, арагідік балалары Әбдірашид және Ескендірмен бірге қол бастап, 1524–1525ж. осы күнгі Қырғызстанның оңтүстігі,

1527–1528 ж. Кәпірстан (Ауғанстанның солтүстігіндегі таулы өлке), 1529–1530 ж. Бадахшан, 1532–1533 ж. Балтистан мен Балур және Кашмирге жорық жасайды.

1533 жылдың шілдесінде Тибет жорығынан қайтар жолда Саид хан қайтыс болады. Хан тағы Әбдірашидке (1510–1570) тиісімен «мемлекет тізгінін тартып алады» деген жалған қауіппен Сейіт Мұхаммед мырзаны ол 1533 жылы отбасымен өлтіртеді. Жорықта жүріп осындай қайғылы хабар алған Мырза Хайдар өз өміріне де қатер төнгенін сезіп, Жаркентке оралмайды. «Тарих-и Рашидиде» оның осыған байланысты Әбдірашид ханға жазған өлеңі берілген. Онда ол жалаға сеніп жазықсыз жапа шектірген Әбдірашидке:

*Берілгендігің мен сый-құрметің жайлы уәдені,  
Ғажап, бәрін қалай тез ұмыттың?*

*Сенің түсінігіңше зұлымдығың қайырымдылығың екен зой,  
Алла жарылқасын! Таңғаларлық қамқорлық жасадың маған, –дейді.*

Мырза Хайдар біраз уақыт Тибет пен Балтистан, Ладакта, сонан соң Бадахшан мен Кабулде болып, ақыры 1536 жылы Үндістандағы Бабырдың балалары Камран (1509–1557) мен Һұмаюнді (1508–1556) іздеп жолға шығады.

Жарияланып жүрген мақалаларда көбіне ғалымның негізінен осы 1540 жылға дейінгі ғұмыры ғана сөз болады. Ал одан арғы өмірі қалай өтті? Ол қай жерде, қай жылы қалай қаза тапты, зираты қайда деген сұрақтарға көпке дейін жауап табылмай келді.

Осы мәселелерді анықтау үшін біз 1994 жылы Қашғарияда болып, Қашғар, Жаңа Хисар, Жаркент секілді шаһарларды да аралағанбыз. Жергілікті халықтың Мырза Хайдарды ұмытпай қадірлеп, оның атымен Жаркент қаласының бір махалласы мен қаладағы бақты да атап отырғанының куәсі болып, ризашылыққа бөлендік. Қашғариялық ғалымдар мен зиялылардың кейбірі тіпті дана қайраткер Үндістанда қаза тапқан соң, Әбдірашид ханның бұйрығымен Жаркентке жеткізіліп, осында жерленген деп те санайды екен. Бірақ аталмыш аймақтан Дулатидің зираты табылмады.

Арада бір жыл өткен соң, Пәкстанға барудың сәті түсті. Ол жерде де Мырза Хайдар бірнеше жыл күн кешкен Лаһор қаласында болып, ғалым тұрған тарихи жерлермен таныстық. Мұның бәрі, сөз жоқ, ұлы ғалым зиратын іздестіре беру ойымызға қанат бітіріп, мақсатқа жақындай түскенімізді байқатты.

Мәселенің бәрі енді Кашмирге тірелгені, сонда бармай мақсаттың орындалмайтынына көз жеткен соң, 1998 жылдың желтоқсанында Риядтан Бомбей арқылы Делиге аттандық.

### **Қайран Кашмир!**

Кашмир дегеннен шығады, бұл өлкеде Мырза Хайдар алғаш рет 1532 жылдың желтоқсан айының соңғы күндерінен 1533 жылдың мамырына дейін болған. 1532 жылдың көктемінде Саид хан осы күнгі Пәкстан мен Үндістанның солтүстік



шығысындағы Балтистан мен Ладак аймағына жорыққа дайындалады. Өйткені қашғарлықтар Әбу Бәкір Дулати тұсында-ақ Тибетті исламдандырамыз деп бұл жерлерге оқтын-оқтын жорыққа шығып қайтатын.

1532 жылдың шілдесінде аталмыш әмірші де Мырза Хайдарды екінші ұлы Ескендірмен сол жаққа аттандырып, өзі таңдаулы қосындарымен Қотан арқылы Кіші Тибеттің шығысына бет алады.

Мырза Хайдар тамыздың басында таулы Нубраға жетіп, сол жердегі бас қамалға ту тіккен соң, қыркүйек-қазан айларында Ладак өңірінің орталығы Марйулге (қазіргі Лех) келіп ат басын тірейді. Бұл кезде қар жауып, күн суыта бастайды. Аттарға азық һәм өздері де қыстап шығар қолайлы жер іздегенімен, таулы өлкеден ол табыла қоймайды. Сондықтан да Мырза Хайдарға қысы жұмсақ Кашмирге бару ойы ұсынылады. Оны Саид хан да жөн көріп, Мырза Хайдар мен Ескендірдің төрт мың қосынмен Кашмирге аттануына рұқсат етеді.

Жолай Балтистан жамағатын тізе бүктірген олар таулықтардан да жасақ құрастырады. Оларды әрі жол көрсетуші етіп, сол жылдың соңғы күндері Кашмирдің солтүстік шығысындағы Зуджи (қазіргі Зоджила) асуына жетеді. Мырза Хайдар сарбаздарына торуылдағы кашмирліктер қарсылық көрсете алмай, бей-берекет қашады. Сөйтіп тәжірибелі қолбасшы Кашмир жеріне аяқ басады. Келесі 1533 жылдың ақпанында тізе қоса қайта ұмтылған Кашмир әскерін Мырза Хайдар тағы да талқандайды. Енді олар сол жылдың көктеміне қарай осы өлкенің солтүстігі мен оңтүстік шығысына бет алып, біраз жерін басып алады. Бірақ қосын басшыларының бірі Мырза Әлі Тағайдың жас қолбасшының жеңістерін қызғанып, бүлік шығаруына байланысты Мырза Хайдар кашмирліктермен амалсыз келісім жасасуға мәжбүр болды.

*«Сол кезде Каширдің сұлтаны Мұхаммед шаһ (1529–1534 ж. патшалық құрған) еді, – деп жазады Мырза Хайдар «Тарих-и Рашидиде». Бізбен қақтығыс кезінде өлтірілген (Кашмир патшасы – Ә.Д.) Әли Мырзадан соң, бұл елге Абд әл-Макри, Қажы Чак, Лаухар Макри және Рикиджжи (Реджи) чак патша болды. Оларға бейбіт бітім ұсынылған кезде өте риза болысты. Тіпті мұндай тамаша өлкені жаулап алып, қайтарып беру қандай бассыздық деп сенбеді».*

Сонымен Кашмирде Саид хан атынан хұтпа оқылып, теңге соқтырылып, мүмкін болғанынша дүние-мүлік жиналып, Ескендір сұлтанға Мұхаммед шаһ қыздарының бірі әперілгеннен кейін, 1533 жылдың мамыр айында олар кері қайтып кетеді.

Әйтсе де Кашмир Дулатиға қатты ұнаған. «Тарих-и Рашидиде» ол оның тарихы, табиғаты мен өзен-көлдері, халқы мен әдет-ғұрпы, дін мәселелеріне «Кітап авторының Кашмирге келуі және осыған байланысты кейбір оқиғалар жайында әңгіме», «Кашмирдегі ислам дінінің жәйі және Кашмирде бұрын билік еткен мұсылман сұлтандары туралы қысқаша әңгіме», «Кашмирдің діни сектасы жайында әңгіме», «Кітап авторының Кашмирден кетуі және сол күндері болған оқиғалар жайында әңгіме» іспетті 7–8 тарау арнаған.

Кашмир – оңтүстік шығысы мен солтүстігін Гималай, оңтүстігі мен батысын Пир Панджал жоталары қоршап жатқан аңғар. Мырза Хайдар аталмыш өлкенің жазық тұстарының ұзындығы шамамен жүз құрыққа (200 шақырым), ал көлденеңінің кей жерлерде жиырма құрыққа (20 ш.) дейін жететінін сипаттай келіп, оны суармалы,

кұрғақ, бау-бақшалы, өзендері мен көлдерінің бойына шегіргүл (фиалка) мен басқа да гүлдер аралас өсетін жоңышқалы теп-тегіс жазық алқап деп төртке бөледі. *«Жердің тым ылғалдығына байланысты мұнда егін шаруашылығымен айналысу мүмкін емес, сол себепті ол жерлер жыртылып, айдалмайды. Бірақ солардың өзі де Кашмирдің көркем көрінісінің бірі»* – дейді ол. Сондай-ақ ұлы ғалым ел табиғатының саналуандығын, қыста да, жазда да мұнда ауа райы суық та, ыстық та емес, жұмсақ екенін, ұдайы самал соғып тұратынын, кейде қар көп жауса да, тон киюдің қажеті болмайтынын, ал жазда Кашмир көкөрай шалғынға оранатынын өз шығармасында сүйсініспен суреттеген.

Кашмир астанасы туралы қарымды қаламгер: *«(Сринагар – Ә.Д.) қаласы мен оның төңірегінде қарағай мен кипаристен салынған тамаша ғимараттар көп. Олардың көпшілігі ең аз дегенде 5 қабаттан тұрады. Әр қабаттың сәулетті бөлмелері, тұрғынжайлары мен терассалары, балкондары мен мұнаралары һәм керемет әшекейленген таңғаларлық кіреберістері бар. Қанша тырыссаң да, оны толық суреттей алмайсың... Шаһар базарларының өткелдері мен көшелеріне түгелдей тегістелген тас төселген. (Сринагар) базарлары өзге қалалардағыдай емес. Кездеме һәм уақ-түйекпен сауда жасайтын дүкендер қатарында өзге дүкендер жоқ. Әрбір қолөнерші мен кез келген адам өз жұмысын өз мекенжайларында атқарады. Базар көркінің құрамдас бөлігі боп саналатын нан, иіссулар мен сусын және басқа да түрлі азық-түлік дүкендері мұнда әдеттегіден тым ерекше.*

*Алмұрт, ірі қара тұт, қызыл шиіе, шиіе секілді жемістерден басқа мұнда жемістің өзге де барлық түрі бар. Әсіресе алмалары жақсы. Жеміс піскен кезде оны сатып, яки алып жатқандар да аз ұшырасады. Бақшасы жоқ кісі оны егесімен бірдей пайдаланады. Бау-бақшаларда шарбақ бола бермейді. (Кашмирде) Адамдарға жемісті үзуге тыйым салған әдет те жоқ», – деп жазады.*

*Кашмирде өзге қалаларда сирек кездесетін түрлі кәсіптің шеберлері, мысалы, қыстақ базарларында сұраныс жоқ металл, ағаш, сүйек сияқты нәрселерге өрнек салушылар мен тас қашаудың білгірлері, алтын зергерлері мен басқа да қолөнершілер көп. Мауараннаһрдің Бұхара мен Самарқаннан басқа барлық аймақтарында да мұндай қолөнершілер кездеспейді. Ал Кашмирде қолөнердің барлық түрінің шеберлері бар, тіпті олар көп. Осының бәріне Зейн әл-Абидиннің арқасында қол жетті...»*

Зейн әл-Абидиннен кейін Кашмирден береке-бірлік кетіп, бас-басына би болған заман басталды. Патшаның үрім-бұтағын мойындамаған әкімсымақтар билікті өз қалауларына жүргізді. Мырза Хайдар 1533 жылы Кашмирге келгенде халық осындай аламантасыр жылдарды бастан кешіп жатқан-ды. Олардың тұғыры биік тарланбозға: *«Мұндай тамаша өлкені жаулап алып, қайтарып беру қандай бассыздық»* деуінің астары да осында сияқты.

Мырза Хайдар 1533 жылы бұл өлкені «Қайран Кашмир» деп қимай кеткенімен, арада 7 жыл өткен соң, мұнда қайта оралып, оны қантөгіссіз бейбіт жолмен қайта алған.

Сол аймаққа, міне, ұлы ғалымды іздеп жолға шықтық.

## Бір үміт, бір күдік

Индира Ганди атындағы Дели әуежайында бізді Қазақстанның Үндістандағы елшілігінің 2-хатшысы Мұрсалнәби Тұяқбаев ініміз қарсы алды.

Елшіліктегі әріптестеріміз сапар мақсаты жайлы хабардар болғанымен, олардың көзінен: «Біздің де жолымыз түсе қоймаған қауіпті аймаққа қалай бармақсыз?! Үндістан мен Пәкстан арасында Жамму және Кашмир штатына қатысты даудың өршіп, ушығып тұрғаны мынау... Екі ел арасы шиеленісіп, әрекет етуші топтардың дүмпуі қатты сезілуде. Сондықтан да Үндістан онда бір миллиондай әскерін ұстап тұр. Әлдеқандай оқиға бола қалса қайтеміз?!» деген ойды байқау қиын емес еді.

Иә, Кашмир Үндістаннан бөлінуге әрекет жасауда. Ал Үндістан бұл өлкеден ешуақытта да айрылмайтынын білдіріп, онда үлкен әскер ұстап отыр. Күнәра кісі өлімі болып жатқаны да құпия емес.

Бірақ Мырза Хайдар зиратын табу жолында аталмыш проблемалардың бізге бөгет бола алмайтынын байқаған әріптестеріміз елшілік атынан Үндістанның бірнеше жауапты мекемелеріне хат дайындап, көмектесу жағына кірісті.

Мұрсалнәби екеуіміз әуелі Делидегі Жамму мен Кашмир туристік Департаментіне бардық. Оның директоры Уәзір Хұсейін Чоудри деген азамат екен. Жылы қабылдады. Өзі де сол Кашмир уалаятынан болып шықты. Өтінішімізді тыңдаған соң, Сринагарға телефон соғып, әлдекімдерге өтініш жасап жатты.

– Сізді Сринагар әуежайынан кашмирлік достар күтіп алады. Қолдан келген көмегін аямайды, – деді.

Одан соң «Кашмир үйі» атты Жамму мен Кашмир өлкесінің Үндістандағы тұрақты және өкілетті өкілдігіне бардық. Оның басшысы С.С.Сахни мырза да өтінішімізді мұқият тыңдап, Кашмир университетіне телефон соқты да:

– Сринагарға барған соң университеттің тарих факультетінің профессоры Абд әл-Қаййум Рафиқи мырзаға жолығыңыз. Ол – Орталық Азия тарихының маманы. Сізге қол ұшын беруге уәде етті, – деді. Оның да мекен-жайы мен телефондарын жазып алдық.

Үндістанның тарих ғылымдары жөніндегі Ғылыми Кеңесінің атқарушы-хатшысы профессор Т.К.Венкатасубраманиян Кашмир сапарының мақсатына қаныққан соң, доктор Тасним Ахмад атты жігітті шақырды. Бірақ ол «Сринагардан Мырза Хайдар Дулатидің зираты табылатынына күмәнім бар. Өйткені онда зираттарға жазу жазылмайды. Тіпті бұрын бар болғанымен, қазір өшіп кеткен болуы мүмкін» деп көңілге күдік ұялатты.

Үнсіздікті Т.К. Венкатасубраманиян мырза бұзды.

– Баруға белді бекем бұған екенсіз, жол болсын. Мүмкін, табылып қалар. Мен де профессор Абд әл-Қаййум Рафиқи мырзаға көмектес деп өтініш жасаймын. Ал, мақсат орындала қалса, қайтар жолыңызда бізге қазақ әдебиеті мен мәдениеті жайлы лекция оқып бересіз бе? Келіссеніз, оған Делиден жоғары оқу орындарының біраз мамандарын шақырар едім, – деді. Мен уәде еттім.

Үндістан астанасындағы осындай дайындықтан соң, бір үміт, бір күдікпен Дели–Сринагар бағытымен Кашмирді бетке алдық.



Оң жақ иллюминатордан басын аппақ қар шалған қарт Гималай қол бұлғайды. Ұзамай Үндістан мен Кашмирді бөліп жатқан Пир Панджал жоталарының күнгеі жағындағы Жамму қаласына келіп қондық. Әуежай ғимараты үстінің екі жағына екі үлкен пулемет қойылыпты. Қасында қарулы әскерлер тұр. Аэропортта да жай адамдардан гөрі қарулы сарбаздар көбірек сияқты. Жаммуда Делидегідей күн жылы екен. Талдардың жапырақтары әлі түсін өзгерте қоймапты.

Жаммуде бір сағаттай кідірдік. Қаланың оңтүстік батысында – қол созым жерде Пәкстан шекарасы. Оның төменгі жағында Лаһор жатыр. Ұзамай Жамму да артта қалды. Бір-біріне жалғасқан Пир Панджал жоталары таусылар емес. Оған да қар жауыпты. Жота қойнауының әр жер-әр жерінен қыстақтар қылаң береді. Олардың кей тұсының ортасы мен етегіне дейін шырша. Біздің Алатауымызды еске салады.

Сәлден соң төмендей бастадық. Тұманнан ештеңе көрінер емес. Енді бірде ұшақ доңғалақтары жерге тиіп тарсылдай жөнелді де, маңдайшасына Сринагар деп ағылшын, хинди және араб әріптерімен урду тілдерінде жазылған әуежай үйінің алдына келіп тоқтады.

Жаммудағыдай емес, мұнда күн салқын екен. Ішке кіріп ілгерілей беріп ек, артымыздан біреу жүгіріп келеді.

– Сэр, сэр! Тоқтаңыз, тоқтаңыз,–дейді.

– Не болды? –деймін аң-таң қалып.

– Мына қағазбен танысыңыз.

– Ол не еді?

– Кашмирге келген шетелдіктер толтыруға тиіс сауалнама. Өткен жылы осында келген бірнеше шетелдік жоғалып кетті. Әлі іздеудеміз. Сол себепті сауалнаманы мұқият оқып, жауапты дәл жазыңыз.

Сауалнамаға аты-жөніңіз, қай ел, қай жерден келдіңізден басқа, қай жерге тоқтайсыз, мұнда таныстарыңыз бар ма іспетті сауалдар тізіліпті. Осы сәтте өзін Мұхаммед Сикандар деп таныстырған отыздардағы қараторы жігіт келіп сәлемдесе берді. Ол Делиден жасалған өтініштерге байланысты бізді күтіп алып, бірге жүрмек.

Таныстық-білістіктен соң, жеңіл машинаға отырып, 14 шақырымдай жердегі Кашмир астанасын бетке алдық. Әуелі Сринагар мен оның төңірегін аралап шыққанды жөн көрдік.

Сринагар Кашмир аңғарының шығысында жатыр. Мұнда қысы-жазы көкпеңбек боп тұратын кипарис, қарағайлардың көптігі сонша, шаһардың оңтүстік шығысындағы үлкен төбе де етегінен басына дейін қалың орман. Кашмирдің бас қаласы да жасыл желекке оранған. Ол Гималай бұлақтарынан бастау алған Желам өзенінің екі жағына орналасыпты. Мырза Хайдар заманында Сринагар кішігірім қалашық болғанымен, қазір оңтүстікке қарай жайыла өскен.

Кашмир астанасының шығысында аумағы атшаптырым Дал көлі жатыр. Онда бірнеше қайықшылар көл бетін қаптай өскен лотос гүлін отаумен әуре. Оқтын-оқтын су бетін осылай тазартып тұрмаса, көлді буалдыр шармап «түншықтыра» бастайды екен.

Тау етегіндегі «Шалимар бақ» пен «Нишат бақты» Сринагардың көркі десе де болғандай. Ондағы сан түрлі сәнді ағаштардың кейбіріне 200, 300 жыл болыпты.

Аталмыш бақтарға тек қала жұртшылығы ғана емес, сондай-ақ саяхатшылар да соқпай кетпейтін көрінеді. Тау етегінен көлге дейін көлбей созылған бұрқақтар да баққа көрік беріп-ақ тұр.

Көлдің оңтүстік жағалауларына жақын жерлерге мейманханаларға айналдырылған үлкенді-кішілі қайықтар байланған. Саяхатшыларды қызықтыру үшін оларға «Вашингтон», «Нью-Йорк», «Майами», «Нью-Роял», «Сан-Франциско» секілді сан түрлі аттар беріліп, безендірілген.

Қалада тарихи ескерткіштер де аз емес. Дал көлінің батыс жағалауында «Хазратбал» атты ақшаңқан күмбезді ғимарат тұр. Мұнда Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарымыздың сақалының бір талы сақтаулы деседі. Сондай-ақ шаһардың әр жерінен Кашмирге дін исламды таратқан Саид Әли Хамадани (1314–1384) секілді тарихи тұлғалардың кесенелерін де ұшыратуға болады.

Сринагар үйлерінің көпшілігі екі-үш қабатты виллалар. Арагідік төрт-бес қабаттылары да ұшырасады. Ескі шаһар қаланы қақ жарған Желамның солтүстігіне, ал оңтүстігіне негізінен жаңа бөлігі орын теуіпті. Онсыз да тар көшелерде жеңіл машиналармен қоса қабаттасқан вело және моторикшаларда қисап жоқ. Ара-арасында ат арбалар да қылаң береді. Көшелерге асфальт төселгенімен, машина өтсе болды – жаяу-жалпылар шаң қауып қалады. Көшелердің екі шеті Мырза Хайдар суреттегендей үлкенді-кішілі дүкендер. Әсіресе, олар ескі шаһарға иін тіресе тізіле жайғасқан. Кейбіреулерінің терезелерінен имам Хомейнидің портреттерін де көрдік...

Шаһарда Желамнан тарамдалған каналдар да көп. Сринагар кейде «Үндістанның Венециясы» деп те аталады. Айырмашылығы – Сринагар каналдарының көпшілігі тазаланбаған, лас. Сонда да көпшілігінің бойына қонақүйлерге айналдырылған қайықтар байланыпты. Бірқатар виллалардан түгін шығып жатыр. Мұнда да Таяу және Орта Шығыс елдеріндегідей орталықтандырылған жылу жүйелері жоқ. Сондықтан қалалықтар күн суытса болды, бір кездері бізде «буржуйка» деп аталған темір пештерді пайдаланады.

Сринагар туристік орталығының мейманханасына келіп жайғастық. Бөлме салқын. Сәлден соң кезекші шағын электрмен жылыту аппаратын әкелді. Мейманхана бос. Бүкіл қабатта кезекшіден басқа ешкім жоқ. Бұрын мұнда саяхатшылар көп келетін. Соңғы жылдары белгілі себептерге байланысты сиреген. Оның үстіне қазір қыс.

Сағат 3 шамасында Кашмир университетіне барып, профессор Абд әл-Қайюм Рафиқи мырзаға жолықпақ болдық. Өйткені сапар мерзімі үш-ақ күн. Сол себепті мүмкіндігінше тезірек Мырза Хайдар зиратын табу қажет.

Кашмир университеті Дал көлінің батыс жағында өз алдына жеке қалашықта екен. Кіреберіс қақпаны қарулы солдаттар күзетіп тұр. Осы ретте айта кетер жайт – Сринагардың барлық көшелерінің әрбір 40–50 метр жерінде қарулы солдаттар тұр. Үндістанның Кашмирде үлкен әскер ұстап отырғаны рас боп шықты. Кашмирде әрекет етуші күш батыл қимылда болмағанымен, ел іші тынышсыз көрінді бізге. Сырт көзге байқала қоймағанымен, елде әлденеге алаңдау, ертең бірдеңе болады-ау деген мазасыздық бар.

Тарих факультетінің екі қабатты үйіне кіріп яки шығып та жатқан ешкім жоқ. Сабак бітіп кеткендіктен бе, дәлізде де ешкімді ұшырата қоймадық. Сөйтсек

А.Қ.Рафики үйіне кетіп қалыпты. Әйтсе де мекенжайына телефон соғып, сонда кездесуге уағдаластық.

Профессор намаз оқып жатыр екен. Сәлден соң біз отырған бөлмеге қыр мұрынды, ашандау, арықтау келген кісі кірді. Бізбен ескі танысын көргендей жалпылдап амандасып жатыр.

А.Қ.Рафики мырзаға сапарымыздың мақсаты жайлы профессор Т.К.Венкатасубраманиян мен «Кашмир үйінің» директоры С.С.Сахни мырзалар жақсылап айтса керек. Бірден әңгімеге кірістік.

– Күні бүгінге дейін Қазақстан ғалымдарынан Мырза Хайдар Дулатиді іздеген яки сұраған жанды да кездестірген емеспін. Енді тәуелсіз елсіздер. Сондықтан өткендеріңізге оралып, ұмыт болғанды іздестіріп жатуларыңыз заңды,—деді ол.

А.Қ.Рафики – Кашмир университетінің байырғы ұстаздарының бірі. Болашақ тарихшыларға Орталық Азия елдері тарихынан дәріс оқиды. Сабағында Мырза Хайдардың «Тарих-и Рашидиіне» де көп сүйенетінін айтты. 1973 жылы Делиде шыққан «Кашмирдегі суфизм» атты кітабының бірнеше бетінде ұлы ғалымның атақты еңбегіне сілтеме де жасапты.

Профессормен әңгіме үстінде Мырза Хайдар өмірінің Кашмир кезеңі жайлы мағлұматтардың тым аздығын, көрнекті мемлекет қайраткерінің қалай қаза тапқаны, зиратының да қайда екені Қазақстан жұртшылығына қазірге дейін беймағлұм екеніне тоқтала келе, ортағасырлық базбір еңбектерден дарынды ғалымның Сринагардағы «Мазар-и салатинде» жерленгені туралы оқығанымды кесе-көлденендеттім. Профессор аз-кем үнсіздіктен соң:

– Сіз үнді тарихшыларын айтып отырсыз ғой. Иә, олардың шығармаларында ондай деректердің бары рас. Бірақ Мырза Хайдардың өмірі мен шығармашылығын ғана сөз ететін немесе тікелей соған арналған еңбектер сіздерде қайдам, бізде өте аз. Сөз өнерінің ортағасырлық майталмандары Мырза Хайдарға Үндістанның ұлы патшалары Бабыр, Һұмаюн, Акбар, Жаһангир, Шаһ Жаһан тарихына байланысты ғана тоқталған. Өйткені Кашмир Үндістан сияқты алып елдің бір өлкесі ғана. Әйтсе де Мырза Хайдар – ұлы тұлға. Оның Сринагарда тұрып, осында қаза тапқаны, «Мазар-и салатинде» жерленгені рас. Арнайы келген екенсіз, ертең түс қайта сабақтан соң ертіп барайын,—деді. Сөйтті де:

– «Мазар-и салатинде» осыдан бес жыл бұрын болып ем. Кейінірек өлкелік Мұрағат, археология және тарихи мұражай департаментіне ғалым зиратын күтімге алу керектігі жайлы құлаққағыс та еттім. Қол тимей кеткендіктен, онда тағы бір барудың реті бір келмей-ақ қойғаны, не болды екен, – деп біраз ойланып қалды. Ойланатындай да жөні бар. Өйткені мазараттарды реставрациялауға да Делидегі орталық үкіметтің рұқсаты керектігі жайлы естігенбіз.



## Жеңісті жылдар

Мырза Хайдардың Кашмирде өткізген жылдары туралы деректерді негізінен үнді тарихшыларының еңбектерінен ұшыратамыз. Солардың бірі – Фиришта деген атпен көбірек мәлім Мұхаммед Қасым Һиндушаһ Астрабади (1552–1624). Оның Үндістан тарихына арналған «Гүлшани Ибраһими» («Ибраһим гүлзары»), бірақ әдетте «Тарих-и Фиришта» («Фиришта (жазған) тарих») деп аталатын шығармасының «Кашмир билеушілері» атты оныншы тарауында Мырза Хайдардың өмірі мен қызметінің соңғы кезеңі жайлы да мағлұматтар берілген.

Ол да Мырза Хайдарды Ұлы Моғолдар мемлекеті тарихымен астастыра зерделеген. Фиришта Һұмаюн мен ауған текті Шершаһ (1472–1545) патшаның 1540 жылдың мамыр айында Үндістан билігі үшін Ганга жағасындағы шешуші шайқасында Мырза Хайдардың Һұмаюнның жанында болғандығына тоқталған. Бірақ шайқаста Һұмаюн жеңіліске ұшырайды. Олар шегіне-шегіне Лаһорға келіп, әрі қарай не істеу керектігін ақылдасады. Мырза Хайдар Кашмирді жаулап алуды ұсынады. Өйткені Зайн әл-Абидин патшаның ұрпақтарын биліктен айырған жергілікті Чак пен Макр әулеті 1533 жылдан кейін де тақ үшін таласып, өзара қырқысуда еді. Бірде билік шиашылардың қолына тиісімен, олар сүннәлық Абд әл-Макри мен Занги Чакты елден қуады. Сол себепті олар Лаһордағы Мырза Хайдарға 1537 жылдан бастап-ақ бірде хат, бірде жаушы жіберіп, Кашмирге шақырумен болады. Ұлы ғалым онда барып Кашмир тағына ие болуға Һұмаюнды үгіттейді. Әмірші аталмыш аймаққа өзі бармаса да, кейінірек Мырза Хайдарға аз-кем жасақ беріп, Кашмирге аттануына рұқсат етеді.

Сонымен Мырза Хайдар 400 кісімен (бірақ олардың біразы жолай қашып кетеді) Кашмир әкімі шиашыл Қажы Чак күтпеген Пир Панджал жотасындағы Панч асуының тар шатқалынан есен-сау өтіп, 1540 жылдың 22 қарашасы күні Кашмирге аяқ басады да, оны бір оқ та шығармай өзіне қаратады. Ол бірте-бірте Абд әл-Макри мен Занги Чакты өзіне одақтас етеді.

Қажы Чак Кашмир тізгіні тағы да Мырза Хайдардың қолына тигеніне қарсы еді. Сондықтан ол Шершаһтан көмек сұрайды. Әйтсе де ол берген 2 піл, бірнеше мың жаяу және 5 мың атты әскерді Мырза Хайдардың 300 сарбазы 1541 жылдың 1 тамызы күні тас-талқан етіп қирата жеңеді. Ұлы ғалым Сұлтан Зейн әл-Абидиннің ұрпағы Нәзік (Нәдір) шаһты таққа отырғызып, Кашмирді соның атынан билейді [1, 603–606; 2, 488].

Фиришта көрнекті қайраткердің осындай соғыстары жайлы көбірек жазған. Ол Мырза Хайдардың 1541 жылғы шайқастан кейін, 1544 жылы да тағы бір бүлікті бастауына тура келгенін еске алады.

Ел ішіндегі тынышсыздық, яки өзге де себептер болды ма, Мырза Хайдар 1544 жылы Сринагардан 30–35 шақырым жердегі Индаркот (Андракот) қамалына барып жайғасады. Сол жылы Занги Чак әміршісінің өзінен күдіктене бастағанын байқап, Панчтегі Қажы Чакқа қашып кетеді. Бара сала баласы Баһрам Чакты үлкен қолмен Сринагарға аттандырады. Дегенмен Мырза Хайдардың екі қолбасшысы оның бытыраңқы әскерін оп-оңай қуып таратады. Сөйтіп жүргенде 1545 жылы Қажы Чак пен оның ұлы Мұхаммед Чак безгек ауруынан қайтыс болады. Сол жылы қаһарлы

Шершаһ та көз жұмады. 1547 жылы оның ұлы Гази хан да қаза табады. Жауларының сахнадан кетуі Дулатидің Кашмирдегі позициясын нығайта түскен [2, 488].

Фиришта сондай-ақ 1547 жылы Қашғариядағы Әбдірашид ханның Кашмирге елші жіберіп, достық қолын ұсынғанын да айтуды ұмытпаған. Кашмир зиялыларын ерткен жаны жомарт, кешірімшіл азамат елшілікті күншілік жерден күтіп алып, сый-құрмет көрсетеді.

1549 жылы ол енді мемлекетінің шекарасын нығайту һәм кеңейту мақсатымен бір кездері Саид ханмен өзі жорықта болған Үлкен және Кіші Тибет, сондай-ақ көптеген бүлікшілердің ордасына айналған Кашмирдің қиыр оңтүстігіндегі Раджаури мен Пакли аймақтарына жорыққа шығып, оларды өз мемлекетіне қосады. Бұл аймақтың әкімдері етіп ең сенімді серіктерін тағайындайды [2, 488].

Фиришта сонымен қатар тағы бір маңызды оқиғаны да әңгімелеген. 1545 жылы Шершаһ қайтыс болған соң, патша тағы баласы Ислам шаһқа тиеді. Бірақ оған пежабтық Ниязи тайпасы қарсы шығады. Олардың арасы ушығып, ақыры ол қарулы қақтығысқа ұласады. Ислам шаһтан ойсырай жеңілген нияздық Хайбат хан Панчтағы чактарды келіп паналайды. Оларды Мырза Хайдарға айдап салып, өз мақсатына пайдаланғысы келген чактар Хайбат ханды құшақ жая қарсы алады.

Әйтсе де нияздықтарды біржола талқандауға бел буған Исламшаһ олардың соңынан Пир Панджалдағы Раджауриге де жетеді. Ал чактардың «қонақжайлылығынан» күдіктенген Мырза Хайдар нияздықтар Кашмирге шегінбесін деп олардың тыл жолын кесіп тастайды. Сөйтіп ауғандар екі оттың ортасында қалады. Хайбат хан ақырында Ислам шаһқа ұлын кепілдікке беріп, бітім жасасады. Сондай-ақ ол Мырза Хайдармен де бейбіт келісімге келеді. Чактардың арам пиғылдары осылай іске аспай қалады [2, 489].

Сөйтіп Фиришта өз еңбегінде Мырза Хайдардың соғыстарына көбірек орын берсе, үндінің Әбу-л Фазл ибн Мұбарак Әллами (1551–1602) ныспылы тағы бір тарихшысы «Тарих-и Акбар шаһи» («Әкбар шаһ тарихы») немесе «Акбар наме» («Әкбар (патша) жайлы әңгімелер») атты шығармасының «Мырза Хайдар жайлы қысқаша мағлұмат» деген 31-тарауында талантты қолбасшының соғыс, шайқастарынан басқа, Кашмир өлкесінің мәдениеті мен өнерінің көркеюіне ықпал еткеніне, мемлекетке он саусағынан өнер тамған тарландарды көптеп жиғанына тоқталған. *«Оның тұсында, әсіресе музыка өнеріне ерекше мән берілді, түрлі музыкалық аспаптар жасалынды»*,— деп жазады Әллами.

Шынында да, Кашмирді алып, көңілі жайланғаннан кейін Мырза Хайдар көптен ойында жүрген «Тарих-и Рашиди» атты еңбегін жазуға кіріседі. Өйткені 1541 жылдан 1544 жылға дейін ел ішінде алабөтен оқиғалар бола қоймаған-ды. «Тарих-и Рашидиді» ол «екі дәптерге» (екі бөлімге) бөледі. Әуелі екінші бөлімін (өмірбаянын) жазудан бастайды. Өйткені бұрын-соңды тарихи шығарма жазып көрмегендіктен, еңбегін өзі көріп, бастан кешкен, естіген немесе жадында сақталған оқиғаларды баяндаудан бастайды. Аталмыш дүниесіне кіріспес бұрын бөлесі Бабырдың «Бабыр намесін» тағы да оқып, сан рет ой елегінен өткізеді. Өзінің көрген-түйгендерімен салыстырады. Оқиғаларды сұрыптап, екшеуге мән береді.

Сөйткен ғалым «екінші дәптерді» 1541 жылы бастап, 1543 жылдың сәуір-мамыр

айларында аяқтаған. Мемуарлық бөлімінің нүктесі қойылған соң, оның ұмыт қалған тұстарын толықтырып, өңдейді де, араға бес-алты ай салып, 1544–1546 жылдары оның «бірінші дәптерін» де бітіреді.

«Екінші дәптердегі» маңызды тарихи оқиғаларды суреттеуде олардың деректілігін арттыру үшін Ата Малик Ала ад-Дин Мұхаммед Джувайнидің (1225–1283) «Тарих-и джаһангушай» және Әмір Темірдің жылнамашысы болған тамаша тарихшы Шараф ад-Дин Әли Йазидің (1454 ж.қ.б.) «Зафар намесіне» сүйенеді.

Мырза Хайдар Орталық Азияның өз шығармаларын түркі тілінде де жазған Лутфи (т.ж.б.–1466), Әлішер Науаи (1441–1501), Ұлықбек (1394–1449), Хүсейін Жалаири (XVI ғ.) іспетті көрнекті сөз зергерлерінен басқа, Әбу-л Қасым Фирдауси (932–1020), Хафиз Ширази (т.ж.б. –1389), Абд ар-Рахман Жами (1414–1492) секілді парсы әдебиеті классиктерінің туындыларын да жақсы білетін. Солардың кейбірін ол өзіне ұстаз тұтқан. Өзі де өлең жазатын. 1530 жылы Бадахшандағы Қала-и Зафарды қоршап бірнеше ай жатқанда «Жаһан наме» дастанының негізгі бөлімін хатқа түсіріп, соңғы беттерін 1533 жылы сәуір айында дәл осы Сринагарда тәмамдаған. «Тарих-и Рашиди» іспетті күрделі шығарма жазуда оған осындай шығармашылық тәжірибесінің көмегі көп тиеді.

Ақбардан кейін Үндістанға билік еткен Жаһангир жайлы баяндайтын «Тузуки Жаһангири» атты еңбекте де Мырза Хайдарға байланысты мағлұмат табамыз. Онда көрнекті ғалым тұсында кашмирліктердің мәдениет саласында қол жеткен жетістіктері дәріптеліп, мақталған. *«Кашмирді ол билеген тұста,–деп жазылған онда, – бұл өлкеде көптеген өнер шеберлері күн кеітті. Олардың лютнялары (ішекті аспап), цимбалдары, арфалары (ұзынша үшкілденіп жасалған, саусақпен тартатын ішекті аспап), флейталары (сырнай) сол тұста көпке танымал еді. Бұрын кашмирліктерде лютняның бір-ақ түрі болатын. Әдетте олар әнді үнді музыкасының үлгілеріне ұқсатып, Кашмир тілінде хормен айтатын. Кашмирліктер қол жеткен жетістіктері үшін сөз жоқ, Мырза Хайдарға көп қарыздар».*

Сондай-ақ ортағасырлық Мұхаммед Ағзам мен Маулауи Хасан атты тарихшылар да Мырза Хайдарды жоғары бағалай келіп, оның аталмыш өлкеге ыстық монша мен тор көзді терезелерді, кашмирліктер *«нарах лул»* (Кашмир тілінде «нарах» – от, «лул» – үлкен қазан) деп атаған күріш кептіретін аппаратты да енгізгенін айтқан.

Осы күндері де үнді тарихшыларынан ұлы қайраткерге соқпай, ол туралы сөз етпей кеткендер аз. Солардың бірі – Р.К. Парму. Ол еңбегінде Мырза Хайдарға арнаулы тарау арнай отырып, көрнекті мемлекет қайраткері: *«Кашмирді билеген жылдары аталмыш елдің басқару жүйесіне реформа жасады, жаңа қалалар салдырып, моғол мәдениетінің элементтерін енгізді. Кашмирге шартараптан суретшілер мен қолөнершілерді жинатты. Олардың өз өнері мен кәсібін кашмирліктердің арасына ендіруге мүмкіндік жасады. Өзі де елдің әскери жағдайын нығайту үшін көп еңбектенді»*,– деп жазады.

Бір қызығы, Әбу-л Фазл Әлламидің де Мырза Хайдарға әуелі жоғары баға бергенімен, кейін оны *«Һұмаюнге адалдық танытпады»* деп жазғыратыны таңғалдырады. Мысалы, ол: *«Осындай жеңіске қарамай Кашмир үкіметінің әдетінше Нәзік шаһ атынан хұтпа оқытып, теңге соқтыра бергені Мырза Хайдардың негізгі*

*және қатерлі қателіктерінің бірі болды. Мырза Хайдар ұлы мәртебелі Жаһанбаниге (Һұмаюнге) адалдық парызын өтеп, дирһам, динарларды да ұлы мәртебелінің атынан соқтырып, мешіт мінберін де соның атымен әшекейлеуі тиіс еді», – дейді. Бірақ кейін: «Мырза Хайдар мүмкін қолайлы сәтті күткен болар, әйтсе де Һұмаюнге ол өзінің ықылассыз екенін білдірген жоқ. Бірақ Һұмаюн Кабулды алған соң, аталмыш әмірші атынан хұтпа оқытты», – деп жазады.*

Үнді тарихшысының бұл пікіріне қосылу қиын. Өйткені Мырза Хайдар Кашмирді алып, жеңіске жеткенімен, Шершаһтан жеңіліп, Ираннан көмек іздеп сарсаң боп жүрген алыстағы Һұмаюнды Кашмир патшасы деп жариялап, оның атынан теңге соқтырады. Әйтсе де Һұмаюн 1545 жылы иран шаһы Тахмасыптың (1524–1576) көмегімен бүлікшіл бауыры Камраннан тек Кабул мен Кандағарды ғана алып, Үндістаннан әлі алыста болса да, Мырза Хайдар Һұмаюн атынан бірден теңге соқтырып, хұтпа оқыта бастаған. «Тарих-и Рашидидің» Лондон басылымына жазған алғы сөзінде шығыстанушы Ней Элиас (1844–1897) дәл осы жайтке ерекше көңіл бөлген. «Мырза Хайдар, – дейді ол, – өзінің қамқоршысына мән-жайды түсіндіріп, оны Кашмирге шақыру үшін Кабулге елші жібереді. Һұмаюнге жазған хаттарында ол өзінің оған деген адалдығын, жақсы көретіндігін білдіре отырып, оны Кашмирге шақырады.

*Өзі ту тіккен елдің Һұмаюнге мықты тірек бола алатынын, әміршінің осы жерден Үндістанды (қайта) жаулап алу үшін әскер жібере алатынын, сол үшін кешеуілдетпей іске кірісу қажеттігін айтқан... Һұмаюннің құрметіне де дәл осы кезде Мырза Хайдар хұтпа оқытып, теңге соқтырған... Оған Кашмирде соғылып, біздің заманымызға жеткен теңгелер бұлтартпас дәлел бола алады. Британ музейінде Һұмаюннің аты жазылып 952 (1545) немесе 953 (1546) деген мерзім көрсетілген күміс тиын сақтаулы. Дж. Роджерс мырза біреуі 950 (1543), енді бірі 953 (1546) жылы Кашмирде соғылып, Һұмаюннің аты жазылған 2 тиынды сыпаттады. Екінші тиын бетінде «Ха» деген екі-ақ әріп сақталған. Дж. Роджерс оны Хайдар мырза атының бастапқы екі әрпі болуы мүмкін деп жорамалдаған. Мерзімдері айқындалған бұл тиындар тек Мырза Хайдар билік еткен жылдарды ғана емес, сондай-ақ олар Мырза Хайдардың Кашмирдің күшті билеушісі бола тұра, Һұмаюнды өзінің әміршісі деп құрмет тұтқанына да куәлік етеді».*

*Кашмирдің өлкелік тарихи музейінен Мырза Хайдар билеген жылдары Һұмаюн мен Нәзік (Нәдір) шаһ атынан соғылған бірі дөңгелектеу, екіншісі төрт бұрышты кішкентай екі тиынды Кашмирдің өлкелік мұражайынан біз де көрдік.*

Алайда Мырза Хайдар арқа тұтқан Һұмаюн Үндістанға 1555 жылы, яғни ұлы ғалым қаза тапқан соң, 4 жылдан кейін ғана орала алды. Әйтсе де бір-ақ жыл патшалық құрған Һұмаюн келесі 1556 жылы Делиде тас баспалдақтан құлап, қайтыс болады. Әке тағына одан кейін Үндістанды 50 жыл билеген атақты Акбар шаһ (1537–1604) отырады.



## Бүлік. Сатқындық. Қаза

Сонымен қатерлі 1551 жыл да жетті. Мырза Хайдардың дін саясатына наразыларды пайдаланған Чак әулетінің шиашыл көсемдері көрнекті қолбасшының Ладак пен Балтистан, Пакли мен Раджаури жорықтарында: *«Моғолдардан гөрі Кашмир қосындары көбірек шығынға ұшырады. Кашмир әкімдерінің көпшілігі кашмирліктер емес, моғолдар»*, – іспетті күңкілдер шығарды. Өсек-аяң таратып, жала жабуды өршіте түседі. Бұл жайт Мырза Хайдар, әсіресе Кашмир өлкесінің қиыр оңтүстігіндегі Бхирбал (Бхимбар) аймағына Қара Баһадүрді әкім етіп тағайындағанда ұшығып кетеді.

Қара Баһадүр кім еді? Бұл мәселеге де зер сала кетейік. Әбу-л Фазл Әллами: *«Қара Баһадүр – Мырза Махмұдтың баласы. Сол себепті де ол Мырза Хайдардың немере інісі боп келеді»* – дейді. Дей тұрғанмен «Тарих-и Рашидиде» ұлы ғалымның жақын-жұрағаттары ішінде Мырза Махмұд ныспылы кісіні кездестірмедік. Керісінше онда Махмұд мырзаның аты аталады. Әрі оны Мырза Хайдар өз әкесі Мұхаммед Хұсейіннің інісі Сейіт Мұхаммедтің баласы деп жазады. Махмұд мырза 1534 жылы ұлы ғалымның Занскар жорығында қайғылы қазаға ұшыраған. Қара Баһадүр осы Махмұд мырзаның баласы сияқты. Оны Бхирбалға Пир Панджал жотасының күнгеі жағындағы Кашмирдің ұрымтал бір тұсы болатын. Қара Баһадүрді сонда жібере отырып, Мырза Хайдар мемлекетінің, әсіресе оңтүстік шекарасының мығым болғандығын ойлағанында күмән жоқ.

Сонымен чактар бүлік шығарады. Әбу-л Фазл Әллами (1551–1602) Мырза Хайдарды: *«Кашмирдің рухани, мәдени өмірін сан алуан етіп, түрлендіріп байытты, – дегенімен, – сақтықты ұмытып, өз қызығымен өмір сүрді. Қолынан парасаттылық пен ақылдылық тізгінін шығарып алды... Бұрын кашмирліктердің алдауы, арбауы және бүлігінің бәрін шеберлік һәм көрегенділікпен жеңіп келген Мырза, бұл жолы олар құрған торға аңдаусыз түсіп қалды. Чактар түрлі қулық, сұмдық һәм әскери айламен Мырза Хайдардың әскерін бөлшектеп тастады. Сенімді адамдарын жан-жаққа таратып жіберді. Әскердің бір бөлігін Тибетке, енді бірін Паклиге, ал үшіншісін Раджауриге аттандырды. Иди Рина және Абд ал-Макридің ұлы Хұсейін Макриді Мырза Хайдардың іс басқарушысы болған кашмирлік Қожа Қажы өз жағына шығарып алды. Олар сондай-ақ өз тарапына Мырза Хайдар әскерінің көпшілік бөлігін өткізген соң, енді Мырзаға қарсы Қожа Қажының өзі аттанды. (Шиашыл) Гази хан, Малик Даулат чак та соларға қосылды. Олар Хирапура мен Сринагар арасындағы Ханпура деген жерде түнде Мырзаға шабуыл жасады. Мырза Қожа Қажы кісілерінен олар тұтқындаған жақын туысы Қара Баһадүрді босату жайлы келіссөз жүргізу үстінде кенет Камал Дубидің қолынан қаза тапты. Бірақ кейбіреулер оны өз қызметшілерінің бірі садақпен атып өлтірді деп те айтады»,* – деп жазады.

Мырза Хайдардың қаза табу себебі туралы бұдан басқа толығырақ деректерді Фиришта да келтіреді. Оның айтуынша, оқиға былай болған.

Қара Баһадүр Бхирбал аймағына әкім етіп тағайындалғанда, кашмирлік Иди Зина, Нәзік шаһ, Қожа Қажы және басқалар наразылық білдіреді. Барамулаға келіп көтеріліс шығарады. Моғолдар бүлік жайлы Мырза Хайдарға хабарлағанымен, ол оған

онша мән бере қоймайды.

Рамазан айының 27 күні Индаркот қамалында қатты өрт болады. Қара Баһадүр Мырза Хайдарға арнайы кісі жіберіп, ондағы өздерінің де үйлерінің жанып кеткенін хабарлап, әрі қарай не істеу керектігін сұрайды.

Ашуланған Мырза Хайдар Бхирбалға көп ұзамай Қара Баһадүрдің басқаруымен моғолдар және жергілікті кашмирліктерден құралған әскер жібереді. Жолай моғолдардан бөлініп кеткен кашмирліктер тау асуында оларға шабуыл жасап, моғолдардың 80-ге жуық беделді де белгілі кісілерін қырып салады. Мұхаммед Назир Дулати мен Қара Баһадүрді тұтқындайды. Әскердің аман қалған бөлігі Сринагарға қайтып оралады.

Іс насырға шапқан соң, Мырза Хайдар аттары мен сауыт-саймандары бар қола қолөнершілерін де амалсыз әскер қатарына шақырады. Осылайша асығыс жиналған, үйретілмеген мыңға жуық адаммен ол көтерілісшілердің жолын кесуге дайындалады. Ал елдің барлық аймағын көтеріліске шығара алған шиашыл чактар бірте-бірте астанаға жақындай түсіп, ақырында Ханпураға жиналады. Мырза Хайдар Сринагар маңындағы Халидгора жазығын таңдайды.

Фиришта: *«Мырза Хайдар Ханпурадағы бұтағының астына 22 аттылы сыйып кететін үлкен сәмбі талдың түбіне бекінді де, дұшпанға түнде шабуыл жасамақ болды, – дейді. Әуелі ол кіші інісі Әбдірахманды (?) салтанатты түрде заңды мұрагері етіп тағайындады. Сонан соң көтерілісшілердің ұйытқысы әрі Мырзаның қызметкері болған Қожжа Қажының шатырына беттеді. Түк көрінбейтін қою қараңғы түн еді. Кейін Мырза Хайдардың атқосшысы Шаһназар: «Садақты шірене тартып жебені жіберіп қалғанымда Мырза Хайдардың: «Сен қателестің, бұл мен ғой», – деген таныс дауысы құлағымға шалынды. Кейінірек жебемнің кездейсоқ Мырза Хайдарға тигенін білдім», – депті.*

*Жендеттің жебесі оның беліне тиген деп те айтады. Мырза Хайдарды Камал Кука қылышпен шауып өлтірді деген де жорамал бар. Бірақ оның жүрек тұсынан жебе ізінен басқа жарақат байқалмаған. Сайып келгенде, мұның бәрі бар болғаны жорамалдар ғана.*

*Таң ата бастады. Каширліктер лагерьде қаза тапқан моғол жатыр деп шуласты. Қожжа Қажы келіп көрген соң, оның Мырза Хайдар екенін таныды. Мырза басын көтерді. Соңғы тынысы қалған еді. (Өзіне үңіліп, әбіржіп тұрған сатқынның жүзіне) тесіле қарады да, жүріп кетті. Осыдан соң моғолдар Индаркотқа қашты. Каширліктер Мырза Хайдарды жерлегеннен кейін, моғолдарды қуа жөнелді. Олар Индаркот қамалына барып тығылды да, үш күн бойы кашмирліктермен атысты. Төртінші күні Мұхаммед Руми зеңбіректі мыс тиындармен оқтап, дұшпандарды атқылай бастады. Тиын тигеннің бәрі өлім құшып жатты. Кейін Мырза Хайдардың жесірі Ханымай мен сіңлісі Ханжа (Ханыш) моғолдарға: «Мырза енді жоқ. Каширліктермен бітім жасассақ дұрыс болар еді», – деген соң моғолдар оны жөн көріп, Әмірхан құрылысшыны бітім жасасуға жіберді.*

*Каширліктер келісіп, моғолдарды құдаламаймыз деп ант ететіндіктері жайлы хат берді. Сонан соң қамал қақпасы ашылған кезде олар (Мырза) Хайдардың қазынасына лап қойып, оны тонады, әдемі де келісті киімдердің бәрін де талап әкетті. Ал (Мырза) Хайдардың отбасы Сринагарға Манюджаның қарамағына жіберілді.*

*Кашмир әскербасылары Кашмирді өзара бөлісіп алды», – дейді».*

Сөйтіп парықсыз тобыр жабыла жүріп алып бәйтеректі ақыры құлатып тынды. Ұлы ғалым осылай қапияда шәһид болып, дүниеден өтті.

Кашмир тарихшысы Г.М. Суфидің жазуына қарағанда лапылдап жанған көтеріліс оты: *«Тек Мырза Хайдарды ғана емес, сондай-ақ оның өзіне ең берілген, ең сенімді үзеңгілес достары, кезінде Кіші Тибет, Пакли, Мангли және Киштвар аймақтарына жеңіс жалауын желбіреткен тәжірибелі әскербасылары Молда Қасым, Молда Бақы, Молда Абдолла Самарқанди, Мұхаммед Назар (Дулати) және немере інісі Жүсіп Мырза (Дулатиді) де мерт еткен».*

### **Қайсы Ханпура?**

«Тарих-и Рашидидің» Лондон басылымындағы алғы сөзінде Ней Элиас: *«Мырза Хайдардың қаза тапқан жері Барамуладан алыс емес, Желам маңында»,* – деп жазады. Сол себепті ертеңіне Барамула мен Ханпураға барып, ұлы ойшыл қапыда көз жұмған жер табыла қалса, гүл қояйық деген шешімге келдік.

Барамула мен Ханпура Сринагардың батысында 55 шақырымдай жерде екен. Міне, Сринагар да артта қалды. Күн жұма болғанымен, қалаға асыққан машиналар мен ат, есек арбаларда сан жоқ. Кейде олар жол да бере бермейді.

Жол бойының екі жағы Түлкібастың баулары сияқты. Көктем, яки жаз болғанда ғой, Кашмирдің Мырза Хайдар суреттеген көркем көрінісінің куәсі болар едік. Ал қазір қыс. Шөп басына қырау түсіпті. Бірақ күн суыта қоймаған.

Жол бойы қарулы солдат. Анда-санда кесе-көлденеңнен канал көпірлерінің кіре және шыға берістерінде де күзет тұр.

Паттан елді мекеніне жеткенде сол жағымыздан қырқалар басталды. Ал оң жақтағы бос жатқан кейбір жерлер айдалып тасталыпты. Көктемге әзірлік басталған. Бірнеше шаруалар өгіз жегіп, танаптарын өңдеп жатыр. Күріш егуге дайындық секілді.

Әне-міне дегенше, Паттан да артта қалды. Сринагардан шыққалы солтүстік батысты бетке алып келгенбіз. Енді бірде оңтүстік батысқа ойыстық. Баулар тізбегі үзілер емес, Сринагардан шыққалы жарысып келеді.

Барамула Паттаннан үлкен екен. Көше бойы тізілген дүкен. Бірақ одан бірдеңе алып жатқан да ешкім көрінбейді. Өйткені жұрттың көпшілігі жұмыссыз. Жұмыссыздық – Үндістанның үлкен проблемаларының бірі. Ол Кашмирге де зардабын тигізуде.

Барамуладан өте салысымен жол бағанасынан Ханпура деген жазуды көзіміз шалды. Сөйтсек Ханпура Барамуламен жалғасып жатыр екен.

Село үйлерінің көпшілігі бірнеше қабатты виллалар. Осылай үй салу бұларда дәстүрге айналған. Сринагарда да осындай еді. Әсіресе, оларды әшекейлеуге келгенде кашмирліктер шетінен шебер.

Село шетіндегі сайда Желам ағып жатыр. Арғы жағы биік төбе. Осы маңайларда да 1551 жылдың күзінде қатты шайқастар болған. Әрине, ол кезде мұнда қазіргідей

халық көп те емес еді.

Ханпурада Мұхаммед Сикандардың жездесі мен әпкесі тұрады екен. Келетініміз жайлы алдын ала хабарланған болуы керек. Бізді кішкентай немересін көтерген Мұхаммед Акрами есімді кісі қарсы алды. Ішке кіріп, екінші қабатқа көтерілдік. Үй егесі қонақжайлық танытып, жік-жаппар болып жатыр.

Вилла сырттай қомақты да еңселі көрінгенімен, үй іші жұпынылау әрі салқын екен. Мұхаммед Акрами сәлден соң кішкентай себеттер әкеліп, бір-біреуден қолымызға ұстатты. Себет іші құмыра. Құмыра іші күл. Ал оның арасына шоқ салыныпты. Құмыра қыштан жасалған. Сол себепті себет жанып кетпейді әрі шоқ қызуын сақтайды. Сринагар көшелерінен себет ұстап бара жатқан жұртты жиі көргем. Енді түсінікті болды. Кашмир үйлеріне қыста от жағылмайтындықтан, себеттегі құмыра жылуы-ақ жауратпайтын көрінеді. Себет аяқ жаққа қойылып, үстіне жұқа көрпе жабылды. Әжептеуір жылынып қалдық.

Сәлден соң жиырма бестердегі келіншек сәлем беріп кіріп келді. Ол Мұхаммед Акрамидің орта мектепте биология мен зоологиядан сабақ беретін қызы екен. Жаңағы кішкентай соның баласы боп шықты.

– Атың кім? – деймін сәбиді өзіме тартып.

– Фаһими аптаб.

– Атын атасы кітапқа қарап қойған. Биыл үшке толады, – деді келіншек жымыып.

Одан кейін әңгіме Қазақстан жағына ойысты. Тәуелсіздік алып, егемен ел болғанымыз, енді міне, ілгеріде өткен ұлы бабаларымызды іздеп Кашмирге келгеніміз ортақ әңгімеге өзек болды.

Олардың Қазақстан жайлы жалпы хабары бар. Оның мұсылман елі екенін біледі. Өйткені бұлар түгілі бірқатар араб елдерінде де қазірге дейін Қазақстанды Пәкстанмен шатастырады немесе оны Ресейде деп ойлайды.

– Алла бұйыртса Кашмир де дербестік алады, – дейді келіншек. Есіме отаршыл жүйенің қолшоқпарларына 1986 жылы қасқайып қарсы тұрған батыр қарындастарымыз түсті.

Сәлден кейін ол теледидарды қосты. Пәкстан каналы бойынша концерт беріліп жатыр екен. Өнерпаздар әнді сахнада отырып та орындай беретін көрінеді.

– Түсініп жатырсыздар ма? – дедім үй иесіне.

– Әрине, – деді ол. – Бұл ұлы Бабырдың ғазалдарына жазылған ән ғой.

Ән сазды болғанымен, мұңлы екен әрі ол кашмирліктердің жүрек жарасымен үндесіп жатқан сияқты.

Кашмир Пәкстаннан урду, Делиден һинди тілдеріндегі хабарларды көре алады. Сондықтан да жұрттың көпшілігі әлемде болып жатқан оқиғалардан хабардар.

Жұрт демекші, Жамму мен Кашмир өлкесінде 1996 жылғы дерек бойынша 8,5 млн, ал Сринагарда 750 мың халық тұрады. Аймақта кашмири, догри, урду және халықаралық тіл ретінде ағылшын тілі қолданылады.

Әңгіме болсын деп Сринагарға келу себебіме оралдым.

– Біздің бір ғалым бабамыз 1540–1551 жылдары Кашмирде патша болып, кейін осы Ханпура маңында қаза тауыпты.

– Ол кім?



– Мырза Мұхаммед Хайдар ибн Мырза Мұхаммед Хүсейін Дулати.

– Білеміз, білеміз, – деді бірден Мұхаммед Акрами.

– Оның осы елдің патшасы болғаны рас. Кашмирді билегендер аз емес. Бірақ соның ішінде Мырза Хайдардың жөні бөлек. Ол Кашмирдің өркендеуіне үлкен үлес қосқан. Көп кітапхана ашқан, үйлерді эшекейлеуді дәстүрге айналдыртқан. Әсіресе, Кашмир балаларының түгел мектепке баруын қатты қадағалаған. Мырза бізге Орта Азиядан «каһва шай» әкеліп, оны демдеп ішуді де үйреткен.

Осы ретте және кашмирліктермен болған басқа да сұхбаттасулар барысында, тіпті Мұхаммед Акрами сияқты қарапайым адамдардың өзі парасатты да білікті басшыны осы күнге дейін ұмытпай, қадірлеп отырғанына қарағанда, ұлы ғалым соңына өнегелі сөз, игілікті іс, жақсы із қалдырған екен деп тағы да сүйсіндік әрі риза болдық.

Әңгімеге Мұхаммед Сикандар араласты.

– Сол Мырза Хайдар Ханпурада бір сатқынның қолынан қаза тапқан. Қазақстандық қонақтың сол жерді анықтағысы келеді, – деді.

– Оның бұл жерде өлтірілуі мүмкін емес, басқа жер шығар. Біздің қыстақ жұрты ежелден момын, қонақжай, – деді ыңғайсызданып қалған Мұхаммед Акрами. Сонан соң біраз үнсіздік туды.

Тыныштықты мұғалима бұзды.

– Дәл біздің Ханпура екені анық па? Шынында да, басқа жер боп жүрмесін.

– Басқа жері қалай? – дедім түсінбей.

– Кашмирде Ханпура үшеу. Соның қайсысы дегенім ғой?

Бәріміз ойланып қалдық. Келіншектің сұрағы заңды. Оны анықтау керек екен. Өзіммен ала келген бірқатар материалдарымды парақтай бастадым.

– Жоқ. Оны Ханпура тұрғыны емес, батырдың сеніміне кірген атқосшысы атқан, – дедім.

– Бәсе, солай шығар, – деді келіншек көңілденіп. Сәлден соң ол иығына орамал асып, қолына құман ұстап қайтып келді. Тамақ дайын болыпты. Қолға су құйып, дастарқан жаймақ.

– Бізде де дәл сіздердегідей ас алдында қолға су құйылады. Сонан соң дастарқан жайылады. Су құюшыға қонақ бата береді, – дедім.

– Иә, осында біраз тұрсаңыз, Орта Азия халқы салт-дәстүрлері ізінің талайын байқайсыз, – деді Мұхаммед Акрами.

Сәлден соң шәй әкелінді.

– Кашмир шайына қалайсыз? – деді үй егесі.

Мен мақұлдадым.

Әуелде ол біздің сүт қатқан шайымыз сияқты көрінді. Бетінде майы кілкіп жүр. Қаймақ қосылған сияқты. Іше беріп ем тым ащы екен. Кәдімгі тұзды су. Ренжімесін деп бір кесені әрең тауыстым.

Сонан соң:

– Ал енді «каһва шайды» көруге бола ма? – дедім. Келіншек Кашмирге Мырза Хайдармен келген шайды демдеп әкелді. Оның түсі де, дәмі де Орта Азияның осы күнгі көк шайы сияқты.

Түс болып қалыпты. Сринагарға қайтатын болдық. Өйткені сағат 3-те профессор

Рафикимен ұшырасып, «Мазар-и салатинге» баруымыз керек.

– Сонымен бізге керегі қай Ханпура? – деймін жолай Мұхаммед Сикандарға.

– Сринагар маңында бұдан басқа тағы бір Ханпура бар. Фиришта мен Г.М. Суфидің жазуына қарағанда, бізге керегі сол Ханпура секілді, – деді ол.

Профессормен кездесуге дейін әлі бірнеше сағат бар. Сол себепті Сринагарға жеткен соң, қалаға кірмей оңтүстік батысты бетке алдық. Шамасы жиырма шақырымнан соң Бадгам селосына жеттік. Осы маңда да Ханпура атты қыстақ бар екен. Сол тұстың біраз жері жазық дала.

Жалпы көтерілісшілермен соғыс бірнеше жерде өткен. Мырза Хайдар соның ішінде Фиришта мен Г.М. Суфи көрсеткен Бадгам төңірегіндегі Ханпурада қаза тапқан секілді. Өйткені Г.М. Суфи Ней Элиастың: *«Мырза Хайдардың қаза тапқан жері Барамуладан алыс емес, Желам маңында»* дегеніне күмән келтіріп: *«Бұл дұрыс емес. Мырза Хайдар ескі могол жолындағы Ханпура жанында қаза тапқан... Ханпура қазір кішігірім қыстақ, онда жүз шақты адам тұрады. Ол Сринагардан 12 миль жерде»*, – дейді.

Әрине, соғыс болған жерлердің бәрін аз уақытта аралап, зерделеу, оларды жазба деректермен салыстыру мүмкін емес еді әрі оған мұрша да болған жоқ. Біз тек Г.М. Суфи деректеріне иек артып, ұлы ғұламаны осы Ханпура маңында қаза тапқан деп шамаладық. Әйтсе де бұл мәселенің анық-қанығын ажыратып, нүктесін қою әлі ертерек.

Сағат тілі сырғып 3-ке тақап қалыпты. Кашмирдің бас қаласына қайтып келдік.

Профессор А.Қ. Рафиқи үйіне әлі орала қоймапты. Енді не істеу керек? Университеттен оны іздеп тапқанша кеш болатын болды.

– Мұхаммед Сикандар, кеше Рафиқи мырза «Мазар-и салатиннің» қай жерде екенін саған айтып жатқан сияқты еді. Өзіміз іздейік, шамасын білетін шығарсың, – дедім. Ол келісті де, кідірмей жүріп кеттік.

### **«Мазар-и салатиндегі» бәйтерек**

«Мазар-и салатин» ескі шаһарда екен. Желамның арғы бетіне өткеннен кейін екі шеті қаптаған дүкен, жықпыл-жықпыл тар көшелерге түстік. Енді бірде машинамен жүру қиындаған соң, әрі қарай жаяу тарттық. Сырты дуалмен қоршалған еңселі күмбезді кесенеге жеткен соң, ішке кіріп ек, ұзындығы мен ені шамамен жүз, жүз елу метрдей болатын «Мазар-и салатин» алдымыздан шықты.

Қабірстанды аралай бастадық. Доктор Тасним Ахмадтың сөзі бекер боп шықты. Әрбір құлпытаста марқұмның аты-жөні, туған және бақилық болған жылдары көрсетіліпті. Дегенмен кейбір көне зират құлпытастарының жазулары көмескі тартып, өше де бастапты.

Біраз зиратты аралап шықтық. Бірақ Мырза Хайдар құлпытасы көзге түсе қоймады. Жазулары өшіп кеткен ғой, табылмайтын болды-ау деген өкініш меңдей

бастады.

– Не іздеп жүрсіздер? – деді бір кезде орта жасар кісі сәлемдесе беріп.

–1540–1551 жылдары Кашмир патшасы болған Мырза Хайдар Дулатидің зиратын іздеп жүрміз, – дедім. Ол бір сәт ойланды да:

– Анау төрдегі зираттарды көріңіздерші. Ол әдетте «отбасылық зират» деп аталады. Мүмкін сонда болар, – деді.

«Мазар-и салатиннің» солтүстік батыс жағындағы қос бәйтерек (яки шынар немесе тұт ағашы, қыс болғандықтан, оның нендей дарақ екенін ажырата алмадым) арасындағы төрт-бес құлпытасты көрдік. Дегенмен олардан жазу көзге түсе қоймады. Бірақ талдың дәл түбіндегі құлпытас өзгешелеу екен. Оған тастан рама жасалып, жоғарғы жағына раушан гүлі өрнектеліпті. Құлпытастың қорабы бірнеше жерден сынып кеткенімен, ортасындағы ұзындығы шамамен 1 метр 26 см, ал көлденеңі 57–78 сантиметрдей мәрмар тас жақсы сақталыпты. Орамалымды алып шаңын сүрте бастап ем, жазулар бары байқалды. Әуелі «бұл бақилық» деген екі сөз анық оқылды. Ал екінші бағанадағы сөзі бес-алтау секілді.

Зират құлпытасын сүрте бастағанымды байқаған Мұхаммед Сикандар дымқыл орамал алдырды. Сонан соң екеуіміз мәрмар тасты ысқылап тазалауға кірістік. Ұзамай оңнан солға қарай жалғасқан парсы тіліндегі жазулар тізбегі жетелей жөнелді.

Одан: *«һууа-л бақи Мирза Хайдар гурган ибн Мирза Мұхаммед Хұсейін гурган, навас Юнус хан, халезад Бабура падишах, вазир Абу Саид хан – падишах Яркенд ва Моғұлистан...»* деген сөздер анық оқылды.

Бұл біз ұзақ жылдар іздеген түркі халқының ұлы тұлғасы Мырза Мұхаммед Хайдар Дулатидің зираты еді.

Бойымды өкініш яки күйініш пе, әйтеуір алапат бір сезім биледі. Ұлы ғалым:

– Алыста, жат жерде қалған бабаларыңды 447 жылдан кейін енді ғана таптыңдар ма?! Мені де іздейтін күн туады-ау әйтеуір, – дейтіндей.

Өзіме өзім келген соң, қазанама мәтінін хатқа түсіре бастадым. Мәрмар тас беті 18 жолға бөлініпті. Соның бәрі жазу. Бірақ кейбір сөздер мен олардың нүктелері өшуге айналған. Сонда да біразға дейін отырып, тексті дәптерге көшірдім. Онда:

*«Бұл – бақилық Мырза Хайдар гурган ибн Мұхаммед Хұсейін Жүніс ханның немересі, Бабыр патшаның бөлесі, Жаркент пен Моғолстанның билеушісі Әбу Саид хан ибн Сұлтан Ахмет ханның уәзірі. Ахмет хан аталмыш Жүніс ханның, ал ол Тохлық Темір хан әулетінің, Темір хан Шыңғысхан ұлы Шағатай хан ұрпақтарының бірі. Мырза Хайдар Ұратөбе қаласында даңқты һижраның 905 (1499) жылы туылды. Біраз (жылдан соң) Әбу Саид ханның бұйрығымен Жаркенттен аттанып Тибетті бағындырған жылы – шаъбан айының 4 күні 4000 аттылы сарбазымен Каширді де өзіне қаратты. Мырза Хайдар Кашир уалаятының билігін Кашир патшасы Мұхаммед шаһқа берді де, сол кезде Тибетте тұрған Әбу Саид ханға қайтып кетті. Хан оған Лхасаны жаулауға өкілдік берді де, өзі Жаркентке бет алды. Мырза жолай жолдастарынан бөлініп қалды. (Содан) ол ат басын Бадахшанға бұрып, одан әрі Ғұмаюн патшаға бару үшін тағы да Үндістанға жол тартты. Патша күйзеліп Иранға бара жатқанда Мырза һижраның 947 (1540) жылы раджаб айының 20 күні (20 қараша) 450 аттылы сарбазымен Лаһордан шығып, тағы да Каширді басып*

алып, оны он жыл биледі.

Ол Алланың жазмышымен бір қателік себебінен біреудің қолынан шаһид болды.

Мырза Тұран мен Моғолстан және Үндістан елдерінде болды. Ол ұлы адамдармен қызметтес болды. Ол көптеген өнерді (меңгерді) һәм сөз шебері, сосын ержүрек азамат, биік парасат иесі еді. Ол – «Тарих-и Рашидидің» авторы.

Оның қабіріне Саиид Изатулла ханның ынта-жігері, ағылшын империясының бас атбегі, жоғары мәртебелі Уильям Муркрафттың бұйрығымен бұл қаза тақтасы даңқты һижраның 1238 (1822) жылының жұмада ас-сани айында орнатылды», – деп «Тарих-и Рашидидегі» ғалымның өзі жайлы айтқан деректері жазылған екен. Десек те осы ретте 3 мәселе туралы айта кету керек.

1. Мырза Хайдар жайлы зерттеулерде күні бүгінге дейін ол Ташкентте дүниеге келген делініп жүр. Ал құлпытаста оның Ташкентте емес, керісінше Орта Азияның Ферғана мен Самарқан арасындағы ежелгі қалаларының бірі Ұратөбеде туғандығы көрсетілген. Бұған да құлақ қоюға болады. Өйткені автордың өзі «Тарих-и Рашидиде»: «Сұлтан Махмұт хан өзінен бір жас үлкен Хұб Нигар ханым атты әпкесін менің әкеме ұзатты. Олардың некесі шамамен һижраның 809 (1493–1494) жылы Шаш (Ташкент) шаһарында қиылды. Некелері қиылған соң, ол Мұхаммед Хұсейінге бүгінде Ұратөбе деген атпен белгілі, бұрынғы Усрушана аймағын біреуге жарлық етті... Бұл аймақты әкем тоғыз жыл бойы биледі. Осы мерзім ішінде көптеген оқиғалар болды. Әкемнің билік жүргізе бастағанына 6 жыл өткенде дүниеге мына мен пақыр келіппін», – дейді.

2. Мир Саиид Изатулла хан құлпытаста Мырза Хайдардың қай жылы қаза тапқанын көрсетпесе де, оны Кашмирді «он жыл биледі» деп жазған. Сонда асыл ердің 1551 жылы емес, 1550 жылы қаза тапқаны ма?!

Ал енді Мырза Хайдардың зиратына қаза тақтасын қою туралы бұйрық берген Уильям Муркрафт пен оны ынта-жігерімен орындаған Мир Саиид Изатулла кімдер еді?

Уильям Муркрафт 1770 жылы Англияда туған. Дәрігер-саяхатшы. Ливерпульде медициналық, кейін зооветеринарлық білім алған ол Лондонда біраз жыл қызмет еткен соң, 1808 ж. Үндістанға келіп (Бенгалиядағы) «Шығыс Үндістан компаниясының» жылқы өсіру жөніндегі инспекторы боп істейді. 1812 ж. Үндістанның солтүстігіне бірнеше саяхат жасайды. Араб аттарынан түркімен сәйгүліктерін артық көрген ол 1822 ж. Орта Азияға аттанады. Сол жылдың қарашасында жолай Кашмирге келеді. Мырза Хайдар Дулати зиратының «Мазар-и салатинде» екенін білген соң, атташесі Мир Саиид Изатулла ханға ұлы ғалым басына екінші құлпытас қоюға әмір етеді. Мир Саиид Изатулла хан жоғарыда айтылғандай, оған Мырза Хайдардың өмірбаянын қысқаша өрнектеп, бұйрықты мүлтіксіз орындаған.

Уильям Муркрафт 1824 ж. маусымда Ауғанстандағы Жалалабад пен Кабулде болып, келесі 1825 ж. Бұхараға атбасын тірейді. Қайтар жолда Ауғанстандағы Андукул деген жерде безгек ауруына ұшырайды да, 1825 жылдың 27 шілдесінде жолай қайтыс болады. Ол Балх шаһары маңына жерленген. Кейінірек У. Муркрафттың жазбалары атақты «Азия қоғамына» тиген соң, ол дүниелер «Үндістанның Гималай аймағы мен Пенжаб, Ладак пен Кашмир, Пешавар, Кабул, Құндыз бен Бұхараға 1819–1825 жылдары жасалған саяхат» деген атпен серіктесі Джордж Требек екеуінің атымен



1841ж. Лондонда жарық көрген.

У.Муркрафт аталмыш экспедициясына «Шығыс–Үндістан компаниясында» істейтін өзінің атташесі Мир Саид Изатулла ханды да қосқан. Өйткені ол 1812–1813 жылдары Шығыс Түркістан мен Ферғана, Самарқан мен Бұхараға саяхат жасап, Кабул арқылы Үндістанға табыспен оралған-ды. Осындай тәжірибелі кісінің экспедициясында болуына У. Муркрафттың мүдделі болғаны күмәнсіз.

Мир Саид Изатулла ханның Орта Азияға сапары жайлы парсы тілінде жазылған «Ахвал-и сафар-и Бұхара» атты еңбегі ХІХ ғасырдың бірінші жартысында-ақ Европа шығыстанушыларының назарына ілігіп, кейбір тұстары ағылшын тіліне аударылғанымен, күні бүгінге дейін ол түгел жарияланған емес.

Мырза Хайдардың зираты мен құлпытастарын тапқанымызға қуанғанымызбен, біртуар тарланбоз мазарының күтүсіз, елеусіз жатуы еңсені басып, жанымызды жүдетті. Сол себепті ұлы ғалым зиратын бұлай елеусіз қалдыруға болмайтыны жайлы кашмирлік кейбір зиялыларға құлаққағыс та еттік. Иә, Үндістан үкіметімен келісе отырып, Қазақстанның оны қалайда күтімге алуы қажет. (Біз 1999 ж. мамыр айында Қазақстан делегациясымен Кашмирге екінші рет барғанымызда ұлы тұлға зиратының шамалы реттелгенін көрдік. Бірақ оған жүйелі де тыңғылықты реставрация бәрібір керек).

Күн батып, кеш түскен соң, мейманханаға қайтып оралдым. Әйтсе де ғалым басына қойылған әуелгі құлпытас қайда іспетті сауалдар кесе-көлденеңдей берді. Бәйтеректің арғы жағында да бірер тас жатқан сияқты еді, оған неге мән бермедім, неге қарамадым деген ой мазалаумен болды. Ертеңіне «Мазар-и салатинге» тағы да келдім. Бәйтеректің арғы жағында шынында да ұзындығы шамамен 1 метр 15 сантиметр, ал көлденеңі 70 сантиметрдей болатын тағы бір көне құлпытас бар екен. Тастың етек жағынан қиғаштай сынған бөлегі жоғалып кетпесін делінгендіктен бе, бас жағына тіреуіш етіп қойылыпты. Тастардағы жазуларды қайта-қайта салыстыра қараған соң, бұлардың бір дүние екеніне көзім жетті.

Бірақ онда жазулар көп емес. Тастың жоғарғы үшкілдеу жағына «*Лә илаһа илла Алла Мұхаммадур расул Алла*» (Алладан басқа жаратушы жоқ, Мұхаммед оның елшісі) деген қасиетті жазулар қашалған. Ал құлпытастың екі шет жиектеріне Құран шәріптің 2-сүресінің 255-аяты («Аят-ул күрси») үлкен әріптермен толық өрнектеліпті де, ортасындағы төрт бұрышқа ұлы ғалымның қазасы жайлы астарлай айтылған жүрекке мұң байлар төмендегі екі бәйіт жазылыпты.

1. *Шаһ гурган Мырза Хайдардың ақырында,  
Шаһидтік патшалығының дабылы соғылды.*
2. *Алланың жазмышы осылай еді,  
Қаза-и илаһи Тәңірімен қауышу мерзімі болды.*

Екінші бәйіттегі «қаза-и илаһи» деген шартты сөз бұл жерде хронограмма қызметін атқарып, Мырза Хайдардың бақилық болған жылын көрсетіп тұр. Бірақ оны шешуде қазірге дейін ғалымдар арасында мәміле жоқ. Сринагар университеті қолжазба қорындағы «Баһаристан-и шаһи» атты ортағасырлық қолжазбада «*қаза-и илаһиді*» һижраның 957 жылы дей отырып, Мырза Хайдар сол мерзімінің зу-л қағда айының 8-де (1550 жылдың 18 қарашасы) өлтірілді деп көрсеткен.

Р.К. Парму де осы уәжге тоқтайды. Әйтсе де Ней Элиас пен Г.М. Суфи «*қаза-и илаһиді*» керісінше һижраның 958 жылы деп шешкен де, оны 1551 жылға қиыстырған. Ней Элиас тіпті «Тарих-и Рашидидегі» алғы сөзінде «һижраның 958 жылы 1551 жылдың 9 қаңтарында басталған» деп шегелеп те кеткен. Осы құлпытастан бір метрдей жерде, парсыша жазулары бар басы да, аяғы да жоқ, кішірек тағы бір тас жатыр. Бірақ онымен айналысуға уақыт болмады. Мырза Хайдардың құлпытастары табылған соң, оған мән бермегеніме қазір өкінемін. Дегенмен оның реті тағы бір келер деген ой жұбаныш. Мырза Хайдар зиратының шығыс жағында әшекей өрнек немесе жазуы да жоқ тағы да төрт құлпытас бар. Біреуі жасөспірімге қойылған сияқты. Өйткені көлемі шағын. Сөйтіп барлығы бес құлпытас жатқан бұл жерді кашмирліктер «*отбасылық зират*» деп атайды екен. Сонда Мырза Хайдар құлпытасынан өзгелері кімдікі? Неге ол «*отбасылық*» деп аталған? Отбасылық дегеннен шығады, күні бүгінге дейін Мырза Хайдардың «Тарих-и Рашидиде» өзі келтірген мағлұматтарынан басқа отбасы жайлы өзге дерек кездескен емес.

«(Сұлтан Ахмет ханның) 4 қызы бар еді – деп жазады ұлы ғалым аталмыш шығармасында. – Біріншісі Лағыл Шад болатын. Оны дулаттан шыққан әмір Жаппарбердінің баласы Мұхаммед Әмин Мырзаға берді. Екіншісі Махым ханымға Әдік Сұлтанның баласы Бұйлаш (Бұйдаш) хан үйленді. Үшіншісі маған ұзатылды. Төртіншісі Хадиша Сұлтаным ханым Әбу Бәкір Дулатидің баласы Жаһангир мырзамен тұрмыс құрды». Бір қызығы, автор әдеттегідей сыпайылық жасап, мұнда жұбайы Мухибб Сұлтан ханымның атын бір-ақ жерде ғана атап өтсе, ал Фиришта оның есімін жоғарыда Ханымай деп жазғанын байқадық. Бұл дерек анықтап зерделей түсуді қажет етеді. Ал енді ерен тұлғаның перзенттері болған ба? Болса, олардың әке қазасынан кейінгі тағдыр-талайы қалай болды?

Ол туралы мағлұматты Г.М. Суфизерттеулерінен ұшыраттық. Кашмир тарихшысы 1551 жылдың күзіндегі қайғылы оқиғалар жайлы: «*Қолдағы деректерге қарағанда көтерілісшілер Мырзаның мәйітіне құрмет көрсете қоймаған... Одақтастары кашмирлік сүнниттердің өздеріне қарсы аттанбақ болғанын білген соң, олар шегінуге мәжбүр болды. Әйтсе де олар Мырза Хайдардың жұрағаттарынан өш алмай қоймады... Фиришта ол жайлы ештеңе айтпайды. Мәлік Хайдар Чадура (Ортағасырлық Кашмир тарихшысы – Ә.Д.) «Мырза Қара Баһадүрдің ілесуімен Мырза Хайдардың отбасы мен ұлдарына және басқаларға құрметпен Қашғарға қайтуға рұқсат етілді. Олардың дүние-мүлкіне қол сұғылмады» дегенімен, Чадураның айтқандарына түгелдей сенуге болмайды. Өйткені ол да ишашыл болатын. Жеңіске масаттанып һәм фанатизм жетегінен желіккен чактар өздерін адамгершілік әдебіне сай ұстай алмады...», – дейді. Г.М. Суфидің «*Мырза Хайдардың отбасы мен ұлдарына...*» дегеніне қарағанда ұлы ғалымның бірнеше баласы болған сияқты. Өкінішке орай, Кашмир тарихшысы ол туралы әрі қарай ештеңе айтпай, келте қайырған.*

Жалпы 1551 жылдың қарашасындағы осы қайғылы жайтты аталмыш екі тарихшыдан басқа да ортағасырлық Низам ад-Дин, Нариян Каул, Хайдар Мәлик Чадура, Пандит Сука, Мұхаммед Азам, Шаһ Наваз немесе ХІХ – ХХ ғасыр оқымыстыларынан Н.Элиас, Дж. Роджерс те жазғанымен, олардың көпшілігі негізінен Әбу-л Фазл Әллами мен Фиришта деректерін қайталайды.

Мырза Хайдар қаза тапқан соң, Кашмирде тақ үшін талас енді Иди Раина мен Даулат Чак арасында өрбиді. Кезекті бір қақтығыста Иди Раина өлтіріледі де, мемлекет тізгіні Даулат Чактың қолына тиеді.

*«Таққа отырғанына 6 жыл толғанда (1562 ж. – Ә.Д.), – деп жазады әрі қарай Әбу-л Фазл Әллами, – Акбар патша Қара Баһадүрге көп жасақ беріп, Кашмирді қайта алуға әрекет етуді бұйырды. Бірақ Қара Баһадүр (түрлі себептермен) жорықты кейінге қалдыра берді. Антапты ыстық басталған кезде ол (Пир Панджалдағы) Раджауриге жетті. Асулардың бәрі бекітіліп, (мықты) қорғаныс жасалған екен. Ұзамай Кашмир тағын тартып алған Гази хан Қара Баһадүрге шабуыл жасап, оны тас-талқан етіп жеңді. Қара Баһадүр солай жеңіліс тауып, Акбар (шаһқа) қайтып оралды».*

Дей тұрғанмен Акбар патша 1586 жылы бүлікшіл чактарды біржола талқандап, Кашмирді бәрібір өз империясына қосып алған.

Сринагардан қайтарда бізді профессор Абд әл-Қаййум Рафиқи үйіне шақырды. Дастарқан басында Мырза Хайдардың отбасы мен «отбасылық зиратты» еске алып, әңгімеге өзек еткенімізде, ол: «Мазар-и салатинге» күні кешеге дейін тек патшалар мен сұлтандар ғана жерленген, өзгелерге рұқсат етілмеген», – деуден әріге бармады.

Сол себепті «отбасы» мәселесі көңілде түйткіл боп қала берді. Жалпы бұл мәселелер – Кашмир мен Рампұр, Алигарх пен Хайдарабад университеттерінің қолжазба қорларындағы бірқатар жазба жәдігерліктер аударылып, жарияланып, зерделенбейінше ашық қала береді деп ойлаймыз.

\* \* \*

Міне, содан бері де біраз жыл өтті. Жоғарыда айтылғандай, 1999 жылы түркі халқының ұлы тұлғасының 500 жылдық мүшелтойы салтанатпен атап өтілді. Қазақстанның біраз қалаларының көшелеріне оның аты берілді. Суреттері оқу орындарының дәрісханалары мен кітапханаларының төрінен орын алды. Шығармалары оқулықтар мен оқу құралдарына енгізілуде. Мұның барлығы ұлы ғалым мұрасына деген ықыластың артпаса, кемімегендігін білдіреді.

«Тарих-и Рашидиді» де М.Х. Дулати қоғамдық қорының ұйымдастыруымен парсы тілінен тікелей қазақ тіліне аудару 2002 жылы қолға алынды. Бұндай жауапты да құрметті іс 1996 жылғы ташкенттік толық басылыммен салыстырыла отырып, атқарылып шықты. «Тарих-и Рашиди» одан кейін де Алматыда бірнеше рет басылды.

Сөйтіп сан ғасырлар бойы сақталып, көптеген халықтардың ұлы мұрасына айналған классикалық дүние ағылшын, орыс, қазақ, түрік, өзбек, ұйғыр, қытай, француз және т.б. тілдерге аударылып, жарық көрді.

## Әдебиеттер:

1. *Мирза Мухаммад Хайдар*. Тарих-и Рашиди. Введение, перевод с персидского А.Урунбаева, Р.П.Джалиловой, Л.М.Епифановой. Примечания и указатели Р.П.Джалиловой и Л.М.Епифановой. Ташкент, изд. «Фан» АН Руз, 1966 (Екінші басылымы: «Санат». – Алматы, 1999).

2. The Tarikh-i-Rashidi of Mirza Muhammad Haidar Dughlat. A History of the Moghuls of Central Asia. An English version, ed with commentary, notes and map by N.Elias. The Translation by E.Denison Ross, London, 1895, 1898, (Patna, 1972; Delhi, 1986).

3. *Әлкей Марғұлан. Қазақтың тұңғыш тарихшысы. // Әдебиет және искусство*, 1941, №4, 78–87-беттер.

4. *Мирза Мухаммад Хайдар*. Тарих-и Рашиди (Хақ жолындағылар тарихы). Жалпы редакциясын басқарған және алғы сөзін жазған филология ғылымдарының докторы, профессор Әбсаттар Дербісәлі. Парсы тіліндегі қолжазба нұсқасынан тәржімалаған Ислам Жеменей. Қазақ және орыс тіліндегі нұсқаларын салыстырып, әдеби өңдеп, толықтырып аударған әрі ғылыми редакциясын жасаған Мұхтар Қазыбек. Өлеңдерін жолма-жол тәржімасынан аударған Қадыр Мырза Әлі. «Тұран» баспасы. – Алматы, 2003. 613 бет. Мырза Мұхаммад Хайдар. Тарих-и Рашиди. II бөлім, 584-бет.

5. Сонда, II бөлім, 584-бет, 549-бет.

6. Сонда, II бөлім, 533-бет.

7. Сонда, II бөлім, 534-бет.

8. Сонда, II бөлім, 539–540-бет.

9. Tarikh-i Firishta, Bombay (and Poonah). 1831 (Edited by J. Briggs and Mir Khairat Ali Khan Muschtaq). Литограф. Изд. Лакнау, 1281/1864–65 г. Канпур, 1290/1873–74; Н.Д.Миклухо-Маклай. Описание персидских и таджикских рукописей Института востоковедения. Выпуск 3. Исторические сочинения. М., 1975, стр.351–362; Дж. Роджерс аударған Фириштаның «Мырза Хайдар жайлы жазбалары», «Тарих-и Рашидидің» Лондон, Патна, Дели басылымдарының соңындағы «Қосымшада» (Appendix A., pp.487–491) берілген.

10. The Akbarnama of Abu-l Fazl, translated from the Persian by. H. Beveridge. Vol. 1–111, Delhi, 1993. Vol.1.

11. Сонда, I бөлім, 404-бет.

12. *Мырза Мұхаммад Хайдар Дулати*. Жаһан наме. Поэманың ежелгі түркі (шағатай) тілінен Берлин нұсқасы бойынша жолма-жол аудармасын және оны Қашғар нұсқасымен салыстыра ғылыми транскрипциясын жасаған, алғы сөзін жазып, сөздікті құрастырған, түсінік, ескерту, аннотация және көрсеткіштерін дайындап, баспаға әзірлеген филология ғылымдарының докторы, профессор Әбсаттар қажы Дербісәлі. –Алматы, 2006. 432 бет. Сондай-ақ қараңыз: Әбсаттар Дербісәлиев. Мұхаммед Хайдар Дулати. Өмірбаяндық-библиографиялық анықтамалық. – Алматы, 1999; (толықтырылып, өңделген екінші нұсқасы: – Алматы, «Өнер» баспасы, 2018. 309 бет).

13. Tuzuk-I Jahangiri of Memoirs of Jahangir (Two vols. Bound in One). Translated by A. Rodgers. Edited by H.Beveridge. Delhi, 1994, vol. II.



14. Сонда, 148-бет.
15. Мұхаммед Ағзам мен Маулауи Хасанның Мырза Хайдар жайлы жазбалары Үнді тарихшысы Р.К. Пармудің еңбегі бойынша берілді.
16. *Parumi R.K.* History of Muslim Rule in Kashmir. 1320–1819. Delhi–Bombay, 1969.
17. Сонда, 226-бет.
18. Сонда, 228–229-беттер.
19. *Мирза Мухаммад Хайдар*. Тарих-и Рашиди. II бөлім, 540-бет.
20. Ислам. Энциклопедический словарь. – М., 1991, 193–194-беттер.
21. *Мирза Мухаммад Хайдар*. Тарих-и Рашиди. II бөлім, 541–542-беттер.
22. Сонда, II бөлім, 542–543-беттер.
23. The Akbarnama of Abu-l Fazl, translated from the Persian by. H. Beveridge. Vol. I–III, Delhi, 1993. Vol.1, p.405.
24. The Tarikh-i-Rashidi of Mirza Muhammad Haidar Dughlat. A History of the Moghuls of Central Asia. An English version, ed with commentary, notes and map by N.Elias. The Translation by E.Denison Ross, London, 1895, 1898, (Patna, 1972; Delhi, 1986), p.24.
25. The Ain-i Akbari by Abu-l Fazl Allami. Ed in original Persian by H. Blochmann. Vol. I, Calcutta, 1939, p. 24.
26. The Tarikh-i-Rashidi of Mirza Muhammad Haidar Dughlat. A History of the Moghuls of Central Asia. An English version, ed with commentary, notes and map by N.Elias. The Translation by E.Denison Ross, London, 1895, 1898, (Patna, 1972; Delhi, 1986), Appexbrix A., p. p. 489–491.
27. The Tarikh-i-Rashidi of Mirza Muhammad Haidar Dughlat. A History of the Moghuls of Central Asia. An English version, ed with commentary, notes and map by N.Elias. The Translation by E.Denison Ross, London, 1895, 1898, (Patna, 1972; Delhi, 1986), p.24.
28. *Sufi G.M.* Kashir being a history of Kashmir. From the Earliest Times to Our Own. Vol.1 Capital Publishing house, New Delhi. 1995, vol.1, p. 207.
29. The Tarikh-i-Rashidi of Mirza Muhammad Haidar Dughlat. A History of the Moghuls of Central Asia. An English version, ed with commentary, notes and map by N.Elias. The Translation by E.Denison Ross, London, 1895, 1898, (Patna, 1972; Delhi, 1986), p.22.
30. *Sufi G.M.* Kashir being a history of Kashmir. From the Earliest Times to Our Own. Vol.1 Capital Publishing house, New Delhi. 1995, vol.1, p. 207.
31. *Мирза Мухаммад Хайдар*. Тарих-и Рашиди. II бөлім, 190-бет.
32. Сонда, II бөлім, 603-бет.
33. *Moorcroft William and George Trebeck.* Travels in the Himalayan Provinces of Hindustan and the Panjav; in Ladakh and Kashmir; in Peshawar, Kabul, Kunduz and Bokhara, from 1879 to 1825. Prepared for the Press from original Journals and Correspondence by Horace Hayman Wilson, M.A., F.R.S. Volumes I and II. John Murray, London, 1841.
34. *Izatullah Mir.* Travels in Central Asia in the year 1812–1813 (Persian). Translated into English by Captain Henderson. Printed at the foreign Department Press, Calcutta, 1872.
35. *Бейсембиев Т.К.* О восточных рукописях в индийских собраниях. Известия АН Каз.ССР. Серия общественных наук, 1990, № 3, 33–39-беттер.
36. *Baharistan-i Shahi (anonymus).* MS. (Қолжазба). Ол жайлы: Hand list of the

Arabic and Persian manuscripts. Center of Central Asia Studies. University of Kashmir. Srinagar, 1989, p. 40 №691.

37. *Parmu R.K.* History of Muslim Rule in Kashmir. 1320–1819. Delhi–Bombay, 1969, pp. 226–207.

38. The Tarikh-i-Rashidi of Mirza Muhammad Haidar Dughlat. A History of the Moghuls of Central Asia. An English version, ed with commentary, notes and map by N.Elias. The Translation by E.Denison Ross, London, 1895, 1898, (Patna, 1972; Delhi, 1986), p.22. №2 сілтеме.

39. *Sufi G.M.* Kashir being a history of Kashmir. From the Earliest Times to Our Own. Vol.1 Capital Publishing house, New Delhi. 1995, vol.1, pp. 206–207.

40. The Tarikh-i-Rashidi of Mirza Muhammad Haidar Dughlat. A History of the Moghuls of Central Asia. An English version, ed with commentary, notes and map by N.Elias. The Translation by E.Denison Ross, London, 1895, 1898, (Patna, 1972; Delhi, 1986), p.22. №2 сілтеме.

41. *Мирза Мухаммад Хайдар.* Тарих-и Рашиди. II бөлім, 199-бет.

42. *Sufi G.M.* Kashir being a history of Kashmir. From the Earliest Times to Our Own. Vol.1 Capital Publishing house, New Delhi. 1995, vol.1, pp. 206–207.

43. The Ain-i Akbari by Abu-l Fazl Allami. Ed in original Persian by H. Blochmann. Vol. I, Calcutta, 1939, p. 516.

# I ТАРАУ. РУХАНИЯТ ҚАЙРАТКЕРІ

## 1.1. Мұхаммед Хайдар Дулатидің рухани ұстазы

Мұхаммед Хайдарды руханият жолына түсірген кім? Рухани ұстазы жайлы мағлұмат бар ма? Оның рухани қайраткерлік жолы қандай еді? Діни ортасы жайлы не айтуға болады? Ислам дінінің қайсы бағытын, мазһабын ұстанды, ақидасы қандай еді деген мәселелерге де жауап іздеп көрейік. Бұл жерде бізге оның «Тарих-и Рашидиі» көмекке келеді.

Өмірде көп жапа, қиыншылық, әділетсіздік көрген ол өзіне жақсылық жасап, өлім аузынан алып қалған ізгі ниетті жандарды ешқашан да ұмытпаған. Солардың бірі әрі бірегейі, рухани ұстазы әрі діни де тәрбиешісі болған Маулана Мұхаммед қазы Маулана атақты сопы Қожа Ахрардың (1404–1490) шәкірті еді. Ол Мұхаммед Хайдардың бойына жастайынан ислам дініне, сопылыққа деген құрметті еге білді. Әкесінің адал досы, ұстазы, рухани басшысына «Тарих-и Рашидиде» бірнеше тарау арналған.

Автор әкесі сияқты өзін де өлімге душар еткісі келген Шаһибек ханның жендеттерінен Маулана Мұхаммед қазының басын қатерге тіге отырып, аман сақтап қалғаны жайлы тәптіштей баяндаған. Сол бір ізгі ниетті жан жайлы беттерді толықтай келтіре кетейік.

Мұхаммед Хайдардың қиын-қыстауға толы өмір жолында жанашырлық танытып, тәлімді тәрбие берген ұстазы туралы сөз етейік. Өйткені ол ауыз толтырып айтуға тұрарлық иманды кісі, тұлға.

1508 жыл. Болашақ руханият қайраткері, азамат Мұхаммед Хайдар онда тоғыз-ақ жаста еді. Әкесі Мұхаммед Хүсейін Шаһибек ханнан Хорасанға алдап шақырған хат алған соң, жолға шығар алдында ұлына: «Мен сені Маулана Мұхаммедке тапсырамын. Байқа, барлық істерде оның айтқанына құлақ асқаның ләзім. Ол – менің халифам (орынбасарым – Ә.Д.). Оның әкесі– менің мұғалімім, ұстазым (еді). Біздің арамызда атадан балаға бұл осылай жалғасып келеді. Дүниеге шыр етіп келгеннен бүгінге дейін ол маған сырлас, дос, жолдас, дастарқандас, сұхбаттас, серіктесім болды. Қара күн туған жағдайда ол сен туралы ойдың етегінен ұстап бәйек болып, қатерден аман алып шығар деген үміттемін» [8, 247–248] – деп аманаттады.

Сөйткен Мұхаммед Хүсейін Шаһибек ханға жүріп кетті.

Ол Шайбани ханның өзін аман қалдырмайтынын сезген сияқты. Шынында да, бұл оның соңғы сапары болды.

«Сол кезде Шаһибек хан Келатты қоршап тұрған еді, – дейді әңгімесін әрі қарай жалғастырған автор. – Сонда Шаһибек хан әкеме сырттай жақсы дос сияқты көрініп, оған Гератқа баруға тез рұқсат берді. Ол Гератқа жеткен кезде соңынан адам жіберіп, әкемді Хорасанда азапты өлімге душар етті. Әкемді бақыт бастауы, жоғары мәртебелі Өмір Саиид Хүсейін Садаттың (Алла оларды жарылқасын) нұрға толы мазары қасына қойды. Бұл қайғылы оқиға 914 (1508–1509) жылы болған...

Күнәларды тазартушы, айыптарды кешіруші, қайырымды, рақымды, мәртебені

жоғарылатушы Алланың даңқы арта берсін». Олардың барлығына шапағаты жаусын, бейбақтардың мазарлары кешірім мен рақымдылық нұрына бөленіп, ал күнәларын Жаратушы иенің рақымы жуып, олардың мәртебесін ұлылар дәрежесіне жеткізсін. Сеніміне сай сунни жамағаты мен мұсылман қауымының санына қоссын (Мұхаммед пен оның ұрпағына рақым жаусын) [8, 248] деп еске алады ол күндерді М.Х. Дулати. Содан соң: «Шаһибек хан әкемді азапты өлімге ұшыратқаннан кейін, мені Ходжент суына батырып, марқұм болғандардың артын құштыру керек деген шешіммен соңымнан Бұхараға кісі жіберді. Оны орындау [Ұбайдолла] сұлтанға тапсырылған еді. Ол менің әпкемнің күйеуі болатын, сондықтан оған бұл тапсырманы орындау оңай емес еді. Бірақ оған бұдан мүлдем бас тартуға жол да жоқ еді. Ғажайып күш-қуатқа ие құдіреті күшті Құдай бар екен! Егер Алла [қандай бір іске болсын] ерік бермесе, онда өзінің қаһарымен, зорлық-зомбылығымен аспан астын билеп-төстеушіні де жаншып жіберетін құдіретті [әмірші] де, өз күші және зұлымдығымен жер бетінен әмірі күшті билеушілерді құрдымға жоқ қылатын жендеттер де пенденің басындағы бір тал шашын қисайта алмайды, қырықаяқтың бір аяғын да кеміте алмайды. Осындай қаһарлы әрі залым патша мені де өлтірмек болды. Оның үстіне менің жасым әлі балалық балғын шақтан аса да қойған жоқ еді. Оң мен солымды, жақсы мен жаманды ажырата алмайтын, өз тамағын өзі тауып, ақыл-ойым бір нәрсені зерделей алар халге жетпеген кезім еді. Әке-шешеден тұлдыр жетім қалдым, немере ағаларым [басы ауған] жаққа қашып кетті, ал нағашы ағаларым азапты өлімге душар болды, қамқор болатын аға да жоқ, мұңдас болатын ағайын-туыс та жоқ бір мұңлық едім. Ол 914 (1508–1509) жыл болатын» [8, 248–249] – дейді Мырза Хайдар көзіне жас ала, мұңдана отырып.

«Хазірет Маулана: «Шаһибек хан Мырзаны [Мұхаммед Хұсейінді] тұтқындағаны мәлім болды, ал сіз онда баратын болсаңыз, оның сізге не істейтіні белгісіз», – дей келе, соңында «Сенімен бір әңгіме бар, бірақ менің шартым – сен бұл сырды ешкімге айтушы болма», – деді. Осыны әбден баса ескертіп, маған ант ішкізгеннен кейін, ол тағы да: «Мырзаны [Мұхаммед Хұсейінді] Хорасанда шәһид етті. Сізді де алдырып, Аму суының түбіне батырып, жәннат төріне жеткізуге үкім беріпті. Егер Сізді алып қашатын біреу табылып, алып қашамын десе, қашыңыз», – деді. Бәйіт:

Өлім-ажал ешқашан кәрі-жас деп жатпайды,  
Оның лебі тиген жан о дүниеге аттайды.

Мен қорқып кетіп, жылай бастадым. Өйткені шексіз жалғасқан үрей жүрегіме жол салып алған-ды. Сол себепті бар жан-тәніммен қаша бергім келді. Сол ғана жанымды аман алып қалатын үміт берді. Маулана Мұхаммед: «Енді бұл сырды жасырын ұстау керек. Мен қалай хабар берісімен іске кірісуге дайын тұрыңыз», – деді.

Бұхара қаласынан таныс кісі тауып, мені соның үйінің бір бұрышына бірнеше күн жасырына тұру керек деп шешті ол. Әкемнің қызметшілеріне бұл жағдайдан хабар берді және сол біз қашатын түні олар қорадан аттарды алып, қуғыншыларды адастыру үшін атпен қашқан сияқты болып көрініп, бір бағытқа жүріп кетуге тиіс болды. Сонда дұшпан алыс жолдарға күзет қойып бақылауға алады және бізді қаладан емес, күдіктеніп, даладан іздейді. Сол түні біз таныс кісінің үйіне жасырынған кезімізде,



әлгі кісілер қорадан аттарды алып, келісілген айланы іске асырды. Содан барлығы аттармен қашып шықты деп ойлады. Қаладан ешкім бізді іздеген жоқ. Он бес күнге дейін сол қайырымды кісінің үйінде болдық. Оның есімі Никпай еді. Осылайша он бес күн өтті. Мерзім жеткен соң, қарапайым жамағатқа, есек айдаушыларға ілесіп, Хисар-и Шадманға бардық. Хисар базарында жүргенде әкемнің қызметшілерінің бірі Маулана Мұхаммедті таныды. Ол біздің ізімізді кесіп жүрмесін деп тезірек Хисардан аттанып кеттік» [8, 255].

Жолай Мырза Хайдар есектен құлап, қолының шынтағын шығарып алып, екі ай азап шегеді. Одан кейінгі оқиғаларды ол:

«Бір күні бір сарбаз келді де, қорамсағын бір бұрышқа қойып, отырды. Отырғандарға назар салды да, атып тұрып: «Қожа Маулана Мұхаммед, мені танымай тұрсыз ба? Мен Мырза Мұхаммед Хүсейіннің пәлен күндері, пәлен кездегі бакаулы (асшысы) едім, сізге талай қызмет еткенмін», – деді. Осындай өзі жайында айғақтар айтқан соң, оны [Маулана Мұхаммед] танитынын мойындауға мәжбүр болды. Маулана Мұхаммед те қозғалып, көңілдене бастады. Бастан кешкен оқиғаларды баяндай отырып, бір күн, бір түнді бірге өте ықыласпен өткізді.

Таң атқан соң жүретін уақытта, бөлменің ортасында тұрып ізет білдіре: «Маулана Мұхаммед мырза, сіздің рақымдылығыңыз бен шынайылығыңызға Алланың рақымы жаусын. Дәм-тұзды ақтау осылай болу керек. Мырзаның [Мұхаммед Хүсейіннің] ұлы үшін жаныңызды шүберекке түйіп, тәуекелге барғаныңыз дұрыс болған. Егер менде ат болса, әрине, көмек көрсетер едім. Бірақ қолда ат болмағандықтан, ондай жәрдем бере алмаймын. Қолымнан келгенінше қызмет жасармын», – деді. Осыны айтты да, жолға шықты. Біраздан кейін Қожа Хабиболланың бір жақын адамы келді де, Қожаның құлағына сыбырлады. Сол-ақ екен Қожаның өңі сұп-сұр болып кетті. Тез бөлмені босатты да [кісілердің бәрін шығарып жіберіп], келген кісіден: «Шайхам не деді, айтшы», – деп сұрады.

Келген кісі: «Маған Шайхам: Қожа Хабиболлаға мына адам [Маулана Мұхаммед] Мұхаммед Хүсейін мырзаның ұлын алып қашқанын айт деді. Бұл бала Мырза хан мен Бабыр патшаның бөлесі болады. Оны Қожа үйіне кіргізгені Хамза сұлтанға мойынсұнбағандық болып табылады. Қазір барып, бұл мәселенің мән-жайын Матлаб Сұлтанның әміршісіне хабарлаймын да, Қожа Хабиболланың барлық дәулетін тас-талқан етіп сыпырып, шаңын көкке көтеріп, тозаңы оның бүкіл ғұмырына шашылатындай етемін», – деді де жеделдетіп аттанып кетті».

Бұл жаушы Хамза Сұлтанның ұлы еді. Бір көзі көрмейтін бұл адамның зұлымдықтың қараңғылығынан көкірек көзі сырт көзінен де соқыр еді. Сол өлкенің барлық езілген адамдары оның әділеттілік диуанынан зұлымдық жазбадан басқа ештеңе оқи алмаған. Халайықтың өмір ағашының жапырақтары оның қаһарлы ызғарынан әрдайым қалтырап дірілдейтін.

Қожа Хабиболла басын біраз төмен салып ойланды да: «Ешкім маған сіздерді кепіл болып тапсырған емес. Сондықтан сіздерді талап еткендерге ұстап беруіме де болатындай. Алайда, кепіл бермеген күнде де кәметке толмаған мына баланы ажал қолына тапсыру ислам дініне, имандылыққа, мәрттікке жатпайды. Сондықтан қай жерді қауіпсіз деп тапсаңыздар, сол жаққа барыңыздар. Ал егер де маған сіздер үшін

жаза берсе, оның өзі маған ақыретте жақсылығым болар», [8, 256–257] – деді.

Маулана мені бір кісінің үйіне қалдырып, Никпай шаһқа барып: «Мен Мырза ханның ұстазымын. Өзбектердің шабуылынан құтылып, Мырза ханның билік тағының алдына жеткім келеді. Егер бұл жөнінде [сіз тарапынан] көмек болып жатса, үлкен сауап болар еді және де сіздің тілектестігіңізді әдемілеп Мырза ханның алдына жеткізер ем», – деп мән-жайды айтты.

Шаһ Никпай Маулана Мұхаммедке өте жоғары құрмет көрсетіп, қарсы алды. Судан өткізіп, Рустакқа жеткізу үшін өзінің сенімді бес адамын қосып берді. Рустак ойрандалса да, негізінен тыныш мекен болатын, өйткені «Шам сөндіргіш» жорығынан аман еді. Сол бес кісі келіп, намаздыгер (екінді намаз) уақытында бізді Әму суынан өткізіп, Рустак жаққа бет алдық. Күннің нұрлы жалыны көкжиекке батқан кезде, ал жұлдыздардың ұшқындары түнгі көк аспанға шашылғанда әлгі бес кісінің жүрегінде дұшпандық оты тұтанды. Бізбен бірге сауда жасаймыз деген үмітпен Кала-йи Зафар қамалына бара жатқан үш пақырға айқай-шу көтеріп: «Баж төлеуге тиіссіздер», – деді. Олар сұрағанын берді. Олар тағы да: «Біздің әрқайсысымызға жеке берулеріңіз керек», – деп талап етті. Ол да орындалды. Ең соңында: «Біз сіздермен шайқасамыз», – деді. Бес мықты, бес қарапайым пақырмен қалай ұрысады екен? Олар ес жиғызбастан шетінен бас салып, ұстап, байлап, өлтіруге кірісті. Маулана Мұхаммедті ұстады. Маулана Мұхаммед әмірлі үнмен, нық сөйлеп: «Сіздер оларға зорлық жасай алмайсыздар. Мына кісіні білесіздер ме?» – деп мені нұсқады. Сонан соң тағы жалғастырды: «Ол Мырза ханның бөле інісі, Бұхарадан қашып, Мырзаның жанына бара жатыр. Бір үлкен топ қызметшілер артымыздан келе жатыр және бірнешеуі Никпай шаһтың жанында қалған болатын. Егер біз Зафар қамалына уақытында жетпесек, олардың сіздерге не істейтінін білетін боларсыздар. Содан кейін сіздердің тағдырларыңыз не болар екен?!»

Маулана Мұхаммед осылай дегенде, олар қорқып, иланып, алғандарын дереу қайтарып берді де, зытып отырды» [8, 257–258].

Мырза Хайдар бөлесі Мырза Ханның жанында біраз болғаннан кейін, ол жерге Кабулдегі Заһр ад-Дин Бабырдан арнайы кісілер келіп, Мырза Хайдарды Кабулге патша сарайына жеткізеді.

Автор әрі қарай: «Содан кейін (Бабыр) мені еркелетіп, бауырына басқаны сондай, жетімдік мұңы мен жоқшылық азабын мүлдем естен шығардым. Сонан соң ол [Бабыр]: «Сенің қашуыңа жәрдемдесіп, қамқорлық жасаған кім?» – деп сұрады. Мен: «Ұстазым Маулана Мұхаммед Садр», – деп жауап бердім. Ол: «Оны шақырыңдар!» – деп әмір берді. Оның мейірімді назары Маулана Мұхаммедке түскенде дауысын көтеріп: «Маулана Садр осы ма? – Иә, мұндай іс жасауды бұл кісіден күтуге болады», – деді. Ол мұны таныды, үлкен ықылас білдірді, содан соң болған жайды егжей-тегжейлі қайталап сұрады. Маулана Мұхаммед [бастан кешкендерді] қайталап айтып жатты. Патша «бәрекелді» дей келе, оны бірнеше игі уәделермен қуантты. Сонан соң маған қарап: «Сен Сұлтан Саид ханмен дидарласқан жоқсың», – деді де, бір арнайы қызметкерлеріне мені Сұлтан Саид ханның қарамағына жеткізуді бұйырды.

Мен әлгі кісімен бірге ханның құзырына бардым, оның мейірбан жүзінен қуат алып, патшаның жанына қайта оралдым. Патшаның жанына келіп, біраз отырған соң, патшалық мейіріммен мен түсетін үйге баруға рұқсат етті. Сыртқа беттеген уақытта

бір кісі алдымнан шығып, үлкен ізет білдіріп: «Сіз үшін белгілеген үйде маған қызмет көрсету ұйғарылған», – деді. Ол алға түсіп, мені өте бір әдемі үйге алып келді. Үйдің бөлмелері өте таза, еденге кілем төселген. Әр түрлі өрнекті жастықтар қойылыпты. Демалуға керекті барлық керек-жарақтар, ішетін тамақ, киетін киім-кешек жинақталған, қызметшілер, не қажеттің бәрі жеткілікті еді. Әйтеуір кісі өлетін анадай жоқшылық пен тауқыметтен, жаныңды шүберекке түйген қапастан кейін мынадай дарқандық аста-төк молшылық пен тыныштыққа кенеледі деп кім ойлаған. Мұндай [қамқорлыққа] алғыс айтуға тіл жетпейді. Алла оған жақсылығын берсін!

Осылайша біраз уақыт патшаның құзырында жанға жайлы рахат жағдайда Кабулда тұрып жаттым... [8, 269]

Міне, осылай Мұхаммед Хайдар рухани ұстазы Мауланадан ұмытпайтындай жақсылық көргенін үлкен ризашылықпен хатқа түсірген.

Мұхаммед Хайдар Мұхаммед қазының өмірінің соңғы жылдары және ұстазының еңбектері туралы да еске ала кеткен:

«Тура жолға насихаттаушы хазірет Маулана Мұхаммедтің кемелді ғұмырын бұған дейін кітаптың бірнеше жерінде айтқан болатынбыз. Хазірет Маулана Ахси мен оның маңайына келгенін баяндағанбыз, ол осы аймақтың көңілі қай жеріне ауса, сол жеріне аялдайтын еді. Жұрт оның сұхбатына құлақ түретін. Өйткені сол аймақта оның жолын қуушылар мен берілген ізбасарлары өте көп болатын. Олардың әрқайсысы ерекше әрі ғажайып істердің куәгері болу құрметіне бөленгісі келетін.

Ақ жүрегі әркімнің мың мәртебе жерленсе,  
Не болмаса нәпсіден кірге батып шерленсе.

Мәжілісі жанынан өткен күннің бірінде,  
Өлгендерің сол сәтте болар еді тірілген.

[Саид] хан Ахсиден жүріп кеткен кезде, хазірет Маулана сонда қалды. Сүйіншік хан [осы қалаға] келген кезде, Мауланаға барды. Оның өтініші бойынша Маулана Ташкентке баруды лайық көрді. Біраз уақыт өткен соң, оның киелі жаны қапас дүниеден мәңгілік мекенге көшті.

Жалтақтап ол жатпады, тар шеңберден аттады,  
Сосын жолға бет бұрды сырлы сарай жақтағы.

Жалған өмір – жалған үй, белгілі оның ау-жайы,  
Михрабқа мәңгілік дұға оқыды ол қол жайып.

Оның жаны жәннаттан орын алып, бір топ достарына барып қосылды. (Оларға Алланың рахметі жаусын, оларды жарылқап жұмақтан орын берсін).

Сақинаның көзіндей бір-бірімен бас қосқан,  
Дөңгелейді Қожа да, сахабалар қос-қостан.

Діннің сырын, әрине, өстіп олар тоқыған.  
Ұлы сырды Алла да осы көзден оқыған.

Байқасандар: өзгеше үлгі болып өзгеге,  
Шыр айналды аспанда періштелер дөңгелеп.

Әлденеше дөңгелек шыр айналып көгінді,  
Көктің дөңгелегінен дөңгелек боп бөлінді.

Хазіреттің шынайы әрі сенімді достары хазіретке хронограмманы [қайтыс болған жылына] мына сөзбен құрастырды: «Нақд-и Қожа Ұбайдолла» (Мейірімді Қожа Ұбайдолла) 922 (1516) жыл. Оның шарапатты жасы алпыстан асып, жетпіске аяқ басқан-ды. Ол дүние ғылымы мен рухани ғылымның білгірі еді. Оның ерекше бітіміне барлық жақсы сипаттар жинақталған болатын. Оның елеулі де құнды шығармалары бар. Оның (рисаласы) трактаттары тариқатшылар басшылыққа алатын еңбек болып табылады. Солардың біріне «Силсилат-әл-арифин» («Хақты тани білгендер тізбегі (шежіресі)») кітабы жатады, бұл өте жақсы еңбек [8, 373–374].

Оның бұл кітаптан басқа да трактаттары бар. Солардың ішінде мен жаман неменің ол кісімен әңгіме үстінде батылдық жасап, қойған сауалдарыма қайтарған жауаптарының (жазбалары) да бар. Ол кісі сұрақтарыма кәдеге асар кеңестерін беріп, жауап жазған екен, сол еңбегімен мен жаман немені қуантуға сәті түспепті. Ол дүние салғаннан кейін, оларды маған лайықты ұлы әрі сенімді ізбасары Махдумзада Құтбаддин Ахмет беріп жіберіпті, мен ол трактатты бұл жерде толық келтіремін. Дәрменсіз мен бейшара неменің немкеттілік қаламы және надандық сиясымен жазылған нағыз шимайы, яғни бұл трактат дана адамдардың ынта-ықыласын өзіне аудара алмаса, зерек кісілердің көз алдына ешқандай құны болмайтынын анық білемін, сонда олар бұл қаламның қатаймағандығын әрі осынау бейшараның әңгімесінің кемшіліктерін осы трактаттың бағы мен ниетіне орай кешіретін болар. Мен [адамдардың] назарын бұл қысқа мазмұндауда қате кетіп қалуы ықтималдығына аудармақпын, күнәларды жуып, кешіруші Алла Тағала бұл трактаттың шындықты жазғандығына байланысты кешірер.

Бізге аян болғанмен, басқаларға аян ба?  
Кінәліміз бәріміз, кешіре гөр, ей, Алла!

Өзімізді шынында біз күнәкар санаймыз,  
Кешірер деп Алламыз үмітпенен қараймыз.

Хазірет Маулананың құдіреті күшті әрі қайырымды Алла Тағаланың қорғауына көшкені туралы хабар мен бұл трактат, хан Атбасыға климат ауыстыруға кетіп, мені елдің істерін басқаруға қалдырған кезде тиген еді. Бұл хабар [Маулананың қайтыс болуы туралы] шын достарының жан-жүрегін ауыртып, олардың көкірегі мына жолдарды әндетіп жүргендей болатын.



Ондай таза жан жоқ-ты мына біздің өңірде,  
Келіп еді пәк болып, пәк боп өтті өмірде» [8, 374–375], –

деген жолдардан нағыз сопылық сарында жырланған рубаиды аңғарамыз.

Сөйткен Мұхаммед қазы шәкірті Мұхаммед Хайдардың бойына да адалдық, әділдік, шыншылдық, туралық секілді адами қасиеттерді еге білді. Сол себепті де ол сопы ұстазына деген шынайы құрметін «Тарих-и Рашидидің» жоғарыда айтылғандай көптеген беттерінде білдіріп отырған.

Маулана Мұхаммед қазы өмірге, өнерге, жақсы мен жаманға деген ой-пікірі енді қалыптаса бастаған жас балаға (бозбалаға) өзінің жүрісі-тұрысы, сөйлеген сөздері, іс-әрекеті, ой-пікірлері арқылы ислами, діни дұрыс тәрбие бере білді.

Жол-жөнекей кездескен қауіп-қатерге қарамай түрлі қиыншылықтарды жеңе біліп, ізгі ниетті, терең ойлы Маулана Мұхаммед Хайдарды Кабулдегі патша сарайына Бабырға аман-есен жеткізіп, әміршіге табыс етті.

Жас кезінде бозбала бойына сіңген осы бір игі де ізгі қасиет Мұхаммед Хайдарды көптеген қиыншылықтардан аман алып өтті.

Бір Аллаға деген құлшыныс пен мінажат, қиын-қыстау күндері Жаратушы иемізге де жалбарынуы, сопылыққа деген құрмет тек Мұхаммед Хайдарға ғана емес, оның немере ағасы Сейіт Мұхаммедке де тән еді.

## **1.2. Руханият жолында**

Орта Азияға ислам діні мен өркениеті шамамен VIII ғасырда келіп, біржола орнықты. Бұхара, Самарқан, Шаш (Ташкент), Исфиджаб (Сайрам), Фараб (Отырар), Итқан (Иқан), Тараз, Баласағұн, Сығнақ, Сауран, Женд секілді т.б. шаһарларда мешіттер мен медреселер бой көтерді. Олар бірте-бірте мәдени, рухани орталықтарға айналды. Араб дүниесімен байланыс жүйеге түсті. Бағдад, Шам (Дамаск), Каирден өлкемізге ғалымдар мен зиялылар келіп, ислам дінінің өркендеуіне барынша ықпал етті. Өз кезегінде Орта Азия мен қазіргі қазақ жерінің де ойлы перзенттері мұсылман шығысына ілім іздеп бара бастады.

Мұхаммед Хайдар Дулати өмір сүрген XVI ғасырда Түркістан өлкесінен біраз ғалымдар шықты. Сопылық бауырластықтардың бірнеше тармағы қанат жайды. Нақшбандия сопылық бауырластығы, Йасауи тариқаты етек алды. Әсіресе Қожа Ахмет Йасауи негізін салған діни жолға да ілесушілер көп болды. Оған түскендер тек Мауараннаһр жұртында ғана емес, алыстағы үнділер немесе кіші Азиядағы (қазіргі Түркиядағы) мұсылмандар арасында да байқалды.

Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарих-и Рашидиі» мен «Жаһан наме» дастанын оқып отырып, көрнекті ғалым, белгілі руханият қайраткерінің ислам діні бойынша жақсы білімі мен білігі болғанын аңғарамыз. Оның өзі ғана емес, Дулат тайпасынан

шыққан бұрын өткен бабалары да ислам діні мен Әбу Ханифа мазһабын ұстанып қана қоймай, Йасауи тариқатына да беріктігімен танылды.

Оның арғы аталарының бірі (Әмір Саид тұсында) Қашғар қаласында Аид Кар мешітінің іргетасы қаланды. Ол қазір де бар. Оны 1994 жылы Қашғарда болғанда көрдім.

«Тарих-и Рашидиден» Мұхаммед Хайдардың қасиетті Құран мен Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарымыздың хадис шәріптерін де жақсы білгендігі көрінеді. «Тарих-и Рашидиде» ол ретті, қажет жерлерде қасиетті Құранның мүбарак аяттарынан мысалдар келтіріп отырады.

Иә, Мұхаммед Хайдар «Тарих-и Рашиди» мен «Жаһан намеде» дін өкілдеріне үлкен құрметпен қарайды. Ислам дінінің Орта Азияға кең тараған сопылықтық нақшбандия бауырластығы мен Йасауи тариқатының мызғымастығы үшін күресті. Оның беделінің арта түсуіне бар күш-жігерін жұмсады. Мұхаммед Хайдар жездесі Саид хан екеуі Маңлай сүбеде (қазіргі Шыңжаңда) Қашғар хандығын құрған кезде де (1514 ж.) халық арасында ислам діні мен Ханафи мазһабы және сопылықтың үстем болуы үшін барын салды. Оны ол сөзімен де, шығармаларымен де насихаттады.

«Тарих-и Рашидидің» екі бөлімнен тұратын Хақ жолындағылар тарихын сипаттайтын 80-ге жуық жерінде ол Алла тағала кітабынан мүбәрәк аяттар келтіріп отырды. Ол ата-анасынан тым ерте айырылып, жетімдік тауқыметін тартса да, Мұхаммед Захир ад-Дин Бабыр (1483–1530) мен Жүніс ханның (1415–1487) немересі, жездесі Саид ханның (т.ж.б.–1533) арқасында жақсы білім алды. Тәрбиелі ортада өмір сүрді. «Тарих-и Рашидиде» Орта Азия, әсіресе қазіргі қазақ жері халқының арғы ата-бабалары ұстанған сопылық жол және Қожа Ахмет Йасауи тариқатының өкілдері, ғұлама ғалымдардың есімдері ғана емес, сондай-ақ олардың еңбектерін де атап отырады. Олар: Әбу-л Хасан Әли бин Усман бин Әби Әли әл-Жуллаби әл-Худжбири ал-Ғиждувани (т.ж.б.–1071), Қожа Баһа ад-Дин Нахшбанди, Қожа Наср ад-Дин Убайд Алла бин Махмұт (Қожа Ахрар), Мұхаммед Қазы, шейх Хаванд Таһур, Қожа Мұхаммед бин Хасан бин Ала ад-Дин Аттар, Маулана Саад ад-Дин Хамуш, Маулана Мұхаммед Қазы (т.ж.б.–1556), Мир Абд әл-Аууал-и Нишапури, Қожа Мұхаммед Парса (т.ж.б.–1419), Маулана Йағқұб, Абд әл-Халиқ әл-Ғиждувани (т.ж.б.–1179), Шиһаб ад-Дин Сухраварди (т.ж.б.–1234), Маулана Саад ад-Дин Тафтазани (т.ж.б. –1390), Қожа Ахмет Йасауи (т.ж.б.–1167), Сұлтан Баязит Бистами және т.б. Бұлардың бәрі де беделді сопылар еді.

«Тарих-и Рашидидің» дереккөзі үшеу. Соның ішінде діни деректерге тоқталайық. Олар:

1. Қасиетті Құран.
2. Әбу-л Хасан Усман ибн Әбу Әли әл-Жуллаби әл-Худжбири әл-Ғазнауи (т.ж.б.–1071) және оның «Кашф әл-махжубы» («Құпияның ашылуы»).
3. Мұхаммед Қазының (т.ж.б. – 1516) «Силсалат әл-арифиині» («Хақты тани білгендер шежіресі»).
4. Әбу Талиб Мұхаммед бин Маккидің (т.ж.б. – 996) «Қуат әл-кулубы» («Жүректер қуаты»).
5. Шейх Саид Қазарунидің «Сийар ан-набиі» («Пайғамбардың өмірбаяны»).

6. Қожа Ахрардың (1404–1490) «Рисала-и уалидйясы».
7. Әбу Әли Даққак Нишапуридің «Мінәжаты» («Мінажаты»).
8. Қожа Мұхаммед Жүсіп әл-Хамадани, Қожа Абд әл-Халик Гиждувани және Қожа Баһа ад-Дин Накшбандилердің «Мақамдары».
9. Шамс Нұрбахшидің «Фикһ–и ахваты» [6,38].

**Қасиетті Құран.** «Тарих-и Рашидидің» бірінші кітабында Мырза Хайдар Құран Кәрімнің елу сүресі, алпыс төрт аятына сілтеме жасаған және де ол мұбарак аяттарды орнымен қолданған. Өз ойын тиянақты жеткізіп, пікірін сенімді ету үшін ол үнемі Алла тағала каламіне жүгініп отырған. Бірінші кітапта қасиетті Құранның екінші «Әл-Бақара» сүресі [7,8-б.] алты, үшінші «Әли Ғимран» [7, 57-б.] төрт, алтыншы «Әл-Анғам» [7, 136-б.] үш, тоғызыншы «Ат-Тәубе» [7, 195-б.] үш, он үшінші «Ар-Рағд» [7, 259-б.] үш, отыз сегізінші «Сад» [7, 473-б.] екі, қырық сегізінші «Әл-Фатх» [7, 535-б.] үш, алпыс жетінші «Әл-Мүлік» [7, 596-б.] екі, тоқсан үшінші «Ад-Дұха» [7, 642-б.] екі, қалған сүрелер бір рет кездеседі [6, 38].

Екінші кітапта автор қасиетті Құранның қырық сегіз сүресінің қырық сегіз аятына сілтеме жасаған. Екінші «Әл-Бақара» сүресі он, төртінші «Ән-Ниса» [7, 84-б.] екі, алтыншы «Әл-Анғам» алты, он төртінші «Ибраһим» [7, 266-б.] екі, он бесінші «Әл-Хижр» [7, 273-б.] үш, отыз үшінші «Азхаб» [7, 436-б.] екі, отыз бесінші «Әл-Фатр» [7, 453-б.] үш, алпыс алтыншы «Ат-Тахрим» [7, 594-б.] үш, сексен тоғызыншы «Әл-Фажр» [7, 637–б.] екі жерде, ал қалғандары бір-ақ рет кездеседі. Сөйтіп «Тарих-и Рашидидің» екі кітабында барлығы тоқсан сегіз сүреден дәйектеме берілген. Жүз он екі аятқа сілтеме жасаған. Мырза Хайдардың қасиетті Құранның мұбарак аяттарын жақсы білгеніне қарап, оның тек парсы ғана емес, сондай-ақ араб тіліне жетік болғанын байқау қиын емес.

Мырза Хайдар ислам дінінің ең бір дәуірлеген кезеңінде өмір сүрді және ата дінді қастерлеген отбасында дүниеге келіп, тәрбиеленді. Діни әдебиеттерді де көп оқыды және тақуа мұсылман ретінде діни ғұрыптарды ықыласпен атқарып отырды. Ол бұрын өткен ата-бабалары сияқты исламның сүнни бағыты, Әбу Ханифа мазһабын ұстанды. Ол жалпы ислам ғана емес, оның ағымдары, мазһабтары, әсіресе Ханафи мазһабына (діни құқықтық мектеп, жол) қатысты әдебиеттерді жақсы білді. Ислам дініне қатысты Орта Азия ғұламаларының ғана емес, сондай-ақ араб-парсы дүниесінің мәшһүр ғалымдарының шығармаларын да назардан тыс қалдырған жоқ [6, 38–39].

Мырза Хайдар иман мәселесіне көп көңіл бөлген. Алла тағаланың тура жолымен жүріп, ізгі амал жасаған пенделерін жарылқайтынын айта отырып, ол үнемі игілікке шақырады. Бұл ретте ол, әрине, қасиетті Құранның мұбарак аяттарына және асыл дініміздің шарттары мен қағидаттарына, көрнекті ислам ғұламаларының еңбектеріне сүйенген. Солардың бірі «Кашф әл-махжуб» атты еңбектің авторы Әбу-л Хасан Әли ибн Усман ибн Әбу Әли әл-Жуллаби әл-Хужвири әл-Ғазнауи (т.ж.б. –1071) еді...

Мырза Хайдар оған сілтеме жасамас бұрын: «Құдіретті әмірші Жаратушы Иеміз [әлемді] жаратпас бұрын, жанды (рухты) жаратады және оларға [мына аятқа сай]: <Ал енді мені Құдай емессің деші> деді. Өзі бақыт сыйлаған адамдарына: <Қалаған адамын Құдай есепсіз мол ризықпен жарылқайды> деп, мақұлдауға мүмкіндік береді. Ал бір

топ жауыздыққа бет алғанда, мына [аятқа орай:] <Алла жүректерін – жібімейтін қатал, құлақтарын – естімейтін керең етіп, көздерін көлегейлеп тастаған, олардың алдында үлкен азап күтуде>. Пешенесіне қарғыс таңбасы салынған адамдар тобы мына [аятқа сай] олар: <...саңыраулар, мылқаулар>»– деді.

Бірінші топ адамдары қолдаған даналық, екінші топ адамдары үшін жаза болып табылады. Бұл шындық, себептің жоқтығына қарамастан, ақылға бағынбайды. Бұған мойынсұну иманға байланысты. Иман жүректің мақұлдауы, құптауы және ауызға алуы бола тұра, бірақ шын мәнінде шынайы иман ғайыпқа иман келтіріп, іштей сезіну болмақ. Бұл бақытқа ақыл жолымен жету мүмкін емес.

Әуре болма бекерге ақыл-ойға елендеп,  
Құдайдан басқа түк те жоқ, ештеңе жоқ әлемде.

Әу бастан тура жолға жетелеу Алланың ілтипаты болып саналады. Жетелеу ғайыпқа иман келтіру. Және ол (Алланың) сыйы – оны еңбекпен алу мүмкін емес». [8, 42–43-бб.], – деп жазады М. Хайдар. Сонан соң осы ойды өрбіту үшін «Кашф әл-махжуб» кітабының авторы былай дейді деп Әбу-л Хасан әл-Ғазнауиден алынған төмендегі дәйектемені келтіреді. «Хазірет Әлиден <Алланың оған мейірімі жаусын> шындықты тану жөнінде сұрағанда, ол: <Мен Алланы Алла арқылы таныдым және Алладан өзгені Алланың нұрымен таныдым>, – деген екен. Жаратушы тәнді жаратып, оған жан беріп, өмір сүруге жолдады және жүректі жаратып, оның тіршілігін өзіне қаратты. Ақылдың тәнді тірілтуге күші жоқ әрі жүректі тірілту мүмкін емес. Былайша айтқанда <Бұрынғы өлік қалпынан (кәпірліктен) тірілген және адамдар арасында жол табуға жарық нұр берген адам мен қараңғылықта қалған (яғни кәпір) және одан жол тауып шыға алмаған адам тең болар ма? Кәпірлерге де өз қылықтары осындай сүйкімді көрсетілген>. Жүрек билігі Алла тағаланың қолында болғандықтан, басқаның бәрі себеп пен дәлелден тұрады. Ал себептің орталығы – жүрек. Оны түсіндіру, баян ету Алланың өз рақымынсыз мүмкін емес. Осыған дейін «Кашф әл-махжубтан» түсіндірмелер келтірілді, менің одан артық айтуым мүмкін емес» [8,43–б.], – дейді де, тағы да әрі қарай: «Бұл кіріспенің айтайын дегені – Тоғлық Темір ханның ислам дінін қабылдау себебі. Ханға бірде шейх Жамаладдинді алып келеді. Ол келгенде хан иттерге шошқа етін беріп жатыр еді. «Сен жақсысың ба, әлде мына ит жақсы ма?» деп сұрайды хан. Шейх: «Егер иманды болсам, мен жақсымын, ал имансыз болсам, онда менен мына ит артық», – деп жауап береді. Ханды бұл жауаптың әсерлендіргені соншалық, оның жүрегінде исламға сенімі нығаяды» [8, 44–б.], – деп жазады.

Бұдан біз Мырза Хайдардың дінсіздерді тіпті адам қатарына санамағанын байқаймыз. Сол себепті ол «Тарих-и Рашидиде» Моғолстанның ислам дініне кірген хандарын ғана сөз еткен. Ол ислам дініне кірмеген дулат тайпасынан шыққан ата-бабаларын ауызға алғанмен, оларды сөз етпейді де. Мұнан тарихшы ғалымның исламға берілген тақуа кісі болғанын байқаймыз» [6, 39–40].

«Кашф әл-махжубтың» авторы Әбу-л Хасан әл-Ғазнауи суфизмнің жунайд ағымының ірі теоретигі еді [11]. Суфизмге үлкен құрметпен қараған Мырза Хайдар ислам дінінің асыл құндылықтары туралы айтқанда, осы авторға сүйенген. Әйтсе де



Әбу-л Хасан әл-Ғазнауи мен оның «Кашф әл-махжубы» «Тарих-и Рашидидің» өзге жерінде қайтып аталмайды.

Бұл ойшыл мен оның аталмыш кітабының біздің заманымызға жеткен-жетпегенін де білмейміз. Осы ретте хәкім Абайдың ақыл, иман мәселелерін сөз ететін қарасөздері Мырза Хайдардың жоғарыда келтірілген топшылауларына ұқсас екенін айтпай кету әбестік болар. Соған қарағанда Абайдың қарасөздерінің жазылуына, осындай діни еңбектердің әсері болған деуге болады.

Мырза Хайдардың пайдаланған келесі дереккөзі – Мұхаммед Қазының «Силсилат әл-арифиин» [11, 171-б.] атты еңбегі. Оның толық аты-жөні –Маулана Мұхаммед бин Бурхан ад-Дин Самарқанди. Ол 1451 жылы Әндіжан маңындағы Ахсикент қаласында дүниеге келген. Нақшбандилер қауымының Мауараннаһрдағы ірі өкілі. Бала кезінде әкесі отбасын Самарқанға көшіріп, онда қазы болып істеген. Ол кезде Мұхаммед Қазы Ахсикенттегі медреседе оқып, сопылар қауымының шейхы Мир Саид Ағзамның шәкірті болатын. Самарқанға көшкеннен кейін, Мырза Ұлықбек медресесінде тәлім алады, әкесі қайтыс болған соң, оның орнында біраз уақытқа дейін қазы болып істейді [6, 40–41].

Мұхаммед Қазы он екі жылға жуық әйгілі Қожа Ахрардың шәкірті болды. Оны Мырза Хайдар «Тарих-и Рашидиде» хазірет Ишан (Қожа Ұбайдолла) деп көрсетеді» [8, 292–293-бб.].

Мырза Хайдар парасатты дін адамдарына үлкен сый-құрметпен қараған дедік. Өйткені олар ел мен жұртты, әміршілер арасын татуластырып, бейбіт өмір орнатуда да үлкен рөл атқарған. Әмір Темірдің ұрпақтары Сұлтан Ахмет мырза, Омар шейх мырза мен Моғолстан ханы Сұлтан Махмұт хан арасында жанжал туып, олар соғыс дабылын қаққанда, Самарқаннан Насыраддин Ұбайдолла бин Махмұд келіп, оларды татуластырып, бітімге келтірген. Осы оқиғаны сөз еткенде Мырза Хайдар Мұхаммед Қазының «Силсилат әл-арифииніне» сүйеніп, оны дереккөзі ретінде пайдаланған [8, 292–293-бб.]

Мұхаммед Қазы бірнеше құнды еңбек қалдырған. Солардың ең атақтысы – аталмыш «Силсилат әл-арифиин». Мырза Хайдар оны: «тариқатшылар басшылыққа алатын еңбек...» [8, 374-б.] – деп көрсетеді. Бұл дүние үш бөлімнен тұрады. Біріншісі, шейхтардың ережесі мен мүрид, яғни шәкірт болудың шарттары, екіншісі, хазірет Ишан, яғни Қожа Ұбайдолла туралы, ал үшіншісі, сопылардың істері мен айтқан сөздері хақында [8, 374-б.].

Мырза Хайдар «Тарих-и Рашидиде» сондай-ақ Орталық Азияның бұдан басқа да ойшылдары, сопылары, қаламгерлері, ақындары, көркемөнер өкілдері туралы жазғаны белгілі. Мысалы, ол Қожа Ала ад-Дин Аттар туралы сөз еткенде де қажетті мағлұматты осы «Силсилат әл-арифииннен» алғанын ескерткен.

Қожа Ала ад-Дин Аттардың (т.ж.б. – 1400) толық аты-жөні – Мұхаммед бин Мұхаммед әл-Бухари. Ол – Баһа ад-Дин Нақшбандидің (1318–1389) шәкірті, нақшбандилық сопылық топтың шейхы [11, 114-б.]. Мырза Хайдар «Тарих-и Рашидиде» Ала ад-Дин Аттардың Баһа ад-Динге шәкірт болуға деген құштарлығынан ол не айтса да соны орындауға дайын болғанын жаза келе «Силсилат әл-арифиинде»: «Қожа Нақшбандиден кейін оның барлық ізбасарларынан түгелдей, Қожа Мұхаммед

Парсаға дейін (Алланың рақымы жауып, жарылқасын) Қожа Ала ад-Диннің басым түсіп отыратынын мойындағаны жайында мәлімет берілген» [8, 215-б.], – деп жазады. Одан әрі ол Аттар туралы өзге дерек келтірмеген [6, 40–41].

Мырза Хайдар «Силсилат әл-арифиинге» сүйеніп, сопылық ілімнің көрнекті өкілі, жоғарыда бірнеше рет айтылған Қожа Ахрар туралы да сөз еткен. Мұхаммед Қазы діни оқуды бітірген соң, сопылық жолға түсуге ниеттенеді. Осы мақсатпен Хорасанға сапар шегеді. Жолай Қожа Насыраддин Ұбайдоллаға, яғни Қожа Ахрарға соғады. Қожа Ахрар Мұхаммед Қазыдан қайда бармақ екенін сұрайды. Оның Хорасанға сопылық оқуға бара жатқандығын естіген соң, Қожа Ахрар оған екі хат жазып береді. Бірінде, Мұхаммед Қазыны Қожа Қаланға тапсырса, екіншісінде, дәруіштік (сопылық) жолмен жүру ережесі туралы жазған екен.

Бірақ Мұхаммед Қазыға Хорасанға барудың сәті түспейді. Қайтып оралған ол Қожа Ахрардың аспазы болып істейді. Ұстазы да оған зор сеніммен қарайды. Әйтсе де Қожа Ахрардың балаларының қызғанышына қалғандықтан, тағы бір шәкіртпен Хорасанға кетпек болады. Сөйтіп ол Хорасанда сопылықтың кемелдену жолын толық аяқтайды да, қайтадан Қожа Ахрарға оралады» [8, 261–252-бб.].

Ол Мұхаммед Қазыны жақсы қабылдап, барлық дәрістеріне қатыстырып, көп тағылым береді. Сөйтіп Мырза Хайдар өмірінің қысылтаяң кездерінде өзіне көп көмек көрсеткен ұстазы Мұхаммед Қазы мен оның «Силсилат әл-арифиині» туралы осылай үлкен ілтипатпен жазған.

«Силсилат әл-арифиин» – өте жақсы еңбек» [8, 374-б.], – деп бағалайды Мырза Хайдар. Сондай-ақ ол: «Оның бұл кітаптан басқа да трактаттары бар. Солардың ішінде мен жаман неменің ол кісімен әңгіме үстінде батылдық жасап, қойған сауалдарыма қайтарған жауаптарының жазбалары да бар. Ол кісі сұрақтарыма кәдеге асар кеңестерін беріп жауап жазған екен, сол еңбегімен мен жаман немені қуантуға сәті түспепті. Ол дүние салғаннан кейін, оларды маған лайықты ұлы әрі сенімді ізбасары Махдүмзада Маулана Құтыбаддин Ахмет беріп жіберіпті» [8, 374–375-б.], – деп жазады. Онда Мұхаммед Қазы мемлекетті басқарудың шарттары мен күнәлі істер жайында сөз қозғаған екен.

Сол ауыр күнәлар туралы баяндағанда Мұхаммед Қазы бұл күнәларға қайшы келетін пікірлер көп екенін ескертіп, ұлы ғұлама, шейх Әбу Талиб Маккиге сілтеме жасайды.

Әбу Талиб Мұхаммед бин Әли (т.ж.б. – 996) және оның «Қуат әл-кулуб» [10, 24–б.] шығармасы. Бұл автор да суфизмнің көрнекті өкілі. Ауыр күнәлар туралы баяндағанда Мұхаммед Қазы бұл күнәларға қайшы келетін пікірлер көп екенін ескертіп, ұлы ғұлама, шейх Әбу Талиб Маккидің аталмыш шығармасына сілтеме жасайды. «Қуат әл-кулуб» туралы былай деп жазады:... барлық тақуа адамдардың бір пікірін келтіріп, он жеті ауыр күнә бар, олардан аулақ болу керектігін, ал қалғандары жеңіл күнәға жатады, олар кешірімді дейді» [8, 337–б.].

Мырза Хайдар әрі қарай «Тарих-и Рашидиде» күнәлар жайлы айтқанда, осы «Қуат әл-кулубқа» жүгінген. Ол: «Бірақ сөздері дәл де нақты айтылатын ұлы көреген зерттеуші, шейх Әбу Талиб Макки «Қуат әл-кулуб» («Жүректердің қуаты») атты кітабында барлық тақуа адамдардың бір пікірін келтіріп, он жеті ауыр күнә бар, олардан

аулақ болу керектігін, ал қалғандары жеңіл күнәға жатады, олар кешірімді дейді. Осы күнәлардың [он жетісінің ішінде] төртеуі жүрекке байланысты: біріншісі – Аллаға күпірлік келтіру, Алла одан сақтасын; екіншісі – қаншама күнәсы болса да, Алланың рақымдылығынан күдер үзбеу; үшіншісі – Аллаға құлшылық етіп жүрсе де, Алланың қаһарынан қорықпайтындар; төртіншісі – күнә жасауда табандылық көрсетушілік (яғни, үздіксіз күнә жасайтындар).

Ендігі [төрт] күнә тілге қатысты: біріншісі – өтірік куәлік беру; екіншісі – өтірік ант ішу; хақты (шындықты) жоққа шығарып, нахақты (өтірікті) шындық етіп көрсету; үшіншісі – [тақуа] адамдарды балағаттау; төртіншісі – сиқырлық жасау [дуалау].

Келесі екі күнә қолға қатысты: біріншісі – ұрлық жасау; екіншісі – нахақ қан төгу. Үш күнә қарынға қатысты: біріншісі – шарап ішу; екіншісі – жетімнің малын нахақ жеу; үшіншісі – [берген нәрсенің] алтынның өсімін жеу. Ендігі екі күнә жыныстық қатынасқа байланысты: біріншісі – зинақорлық, екіншісі – ләззат және бірі аяққа байланысты: ол соғыс күні бір мұсылманның екі кәпірден қашуы.

Тағы бірі жалпы адамға қатысты: ол әке-шешені тыңдамау, яғни әке-шешеге бағынбай, қызбалық жасау. Әр адам осы он жеті [күнәдан] аулақ болса, бұдан басқа күнәлары кешіріледі. Әрі бұл шындыққа жақын. Кейбір ұлы сопылар айтқан: егер жұма намазға барсаң, келесі жұмаға шейін басқа жеңіл күнәларды жоюға мүмкіндік береді.

Күнәлардың қоқымынан бітеліп қалған жүрек алаңы ашылып, жүрек сарайы қоқыстардан тазарып, шынайы махаббат әміршісі жүрек тағына отыруға лайық болады. Құранның мына аятына сай: <Егер патшалар әлдебір қалаға шабуылмен кірсе, оны қиратпай тынбайды, атақты адамдарды қор етеді. Ендеше, бұлар да соны жасайды> дейді. Осылайша бұрынғы тәртіпті бұзып, Аллаға ғибадат және құлшылық етуді қалыптастырады. Содан кедергісіз сүйіктіге қауышады [8, 378; 6, 42–43].

Бұдан әрі Мырза Хайдар өзінен бұрын өткен жерлес ғұлама бабалары, кемел кемеңгерлер Әбу Насыр әл-Фараби, Әбу-л Қасым әл-Фараби, Жүсіп Баласағұнилердің өз шығармаларында әділ патша, елді ізгілікке тәрбиелеу, шыншылдық, халыққа қамқоршы болу секілді асыл мақсаттарды арман еткені сияқты Әбу Талиб Маккидің ел билеудің он шарты мәселесін үлгі ретінде ұсынады: «Біріншісі – белгілі бір істі шешерде патша өзін көпшіліктің бірі ретінде, ал басқаны өзіне әкім ретінде қою керек, өзі құптамаған үкімді ол басқаның қабыл алуын лайық деп санамасын.

Екінші шарт: мұсылманның қажетін орындауды патша ғибадат санасын...

Үшінші шарт: ішу және жеуге, киінуге келгенде «Рашиддин халифаларға» еліктеп, ұқсап баққан жөн болмақ, әр түрлі тағамдарды жеп, мәз болып, ішімдіктер ішіп, көңіл көтеріп, қымбат бағалы киімдер киіп жүруге дағдылану дұрыс емес.

Төртінші шарт: әңгіме барысында сыпайы сөйлеу, себепсіз қатал тіл қатпау һәм естігенде қатты мұнаймау, серігінді көп сөйлеп мезі етпеу, әлсіздермен, пақырлармен сөйлесуге арланбау...

Бесінші шарт: [патша] халықты риза ету үшін үкімінде әлсіздік байқатпауға және алдамауға тиіс. Кез келген адамды риза ету үшін хақ (шындық) және шарифатқа қарсы іс жасамауы керек және мынаны білуі тиіс: билік етудің ерекшелігі елдің жартысы ұдайы әкіміне риза бола бермейді, өйткені жауласушы жақты хаққа (шындықпен) риза ету де және жалпы халықтың әділ әкімге риза болуы да мүмкін емес. Сондықтан патша

риясыз да әділ үкім берер кезде халықтың ашу-ызасын ойламайды, Хақ тағаланың ризалығын көздейді.

Алтыншы шарт: Расул Алла айтқандай, патша елге төнген қауіптен қамсыз қалмауға тиіс, ол әмір мен басқарушының билігі мәңгі игілік пен бақыттың құралы екенін нақты білуі керек. Көптеген патшалар мен әмірлер өтпелі дәулетке тәкаппарланып, өз нәпсісін [тежемей], дінді ойрандап, иман, арын таптайды. Сондықтан бүгін қолда билік барда дүниедегі дәулетті ахиреттің кіріптарлық дәні етпеуге күш салу керек. Тура жолға түсіп, әділеттілікке қызмет етуді ғанибет санаған жөн. Әділ патшаның әр күнгі әділетті ісі оның жасаған барлық ғибадаттарымен тең келеді. Сондықтан ол өзін осындай бақыттан мақұрым қалдырмаға тырысуы керек.

Жетінші шарт: патшаның дінді уағыздаушы ғұламалармен дидарласып, сұхбаттасып отырғаны мақұл...

Сегізінші шарт: патша менменсіп һәм тәкаппарланып халықты жәбірлеп, өзінен шошытпауға тиіс, қол астындағыларға, әлсіздерге, игілік, шапағат жасап, қара халықтың сүйіспеншілігіне бөленуге ұмтылуы керек...

Тоғызыншы шарт: патша қиянатшыл, залым басшылардың қылмысына бейжай қарамауға тиіс және қасқыр мінезді залымдарды қара халықты басқаруға қоймауға міндетті...

Оныншы шарт: әкім не патша парасатты болуы керек. Патша болып жатқан оқиғаларға пайыммен, терең үңіліп қарауы керек һәм әркім даналық, ақыл, ақиқат алдында оларды тудырған себепті айқындап әрі даналық көзбен олардың зардабын көре білуге тиіс...» [8, 377–381-б.]

Абд ар-Рашид сұлтанның жасаған қайырымсыз да қатыгез қылықтарын баяндағанда, Мырза Хайдар шейх Саид Қазарунидің «Сийяр ан-набиінен» үзінді келтіреді: «Бадр соғысы кезінде құрайштардың жетпіс адамы тұтқындалғанын жазады. Оларды құнын төлеп алу үшін Меккеден құрайштар келіп, құнын төлеп тұтқынды босатады. Әби-л Асты да беруге уәде берген-ді. Әби-л Ас исламға кірген жоқ болатын. Меккеден құрайштар тұтқындарын босату үшін құнын әкелген еді. Пайғамбар қараған кезде оның киелі жүзінің сәулесі Әби-л Астың жүрегіндегі кәпірлік татын тазартты. Сонда Әби-л Ас сахабаларға айтты: «Менің жүрегіме ислам нұры қонды. Сондықтан мен Меккеге барып, қайта оралғанда иман келтіремін». Сахабалар жауап берді: «Дәл қазір мұсылман болуың керек қой. Өйткені одан бұл дүниеде пайда бар. Сен құн төлеу үшін көп мал алып келдің. Олар Алла тағаланың қалауымен, пайғамбардың айтуымен саған адал болды». Әби-л Ас: «Қанша адал болса да, мұсылмандық әуелі арамдықтан арылу арқылы болу керек» деп жауап береді. Әби-л Ас Меккеге кетті. Ел қарызын қайтарды. Сонан соң жұртқа дауыстап: «Кімнің менде қарызы қалды?» дейді. Бәрі жауап береді: «Қарызымызды алдық, сенде ешқандай қарыз қалған жоқ». Сөйтіп ол ашық түрде иман келтіріп, Мәдинаға пайғамбарға тартты. Пайғамбар Зейнепті алғашқы уәде бойынша оның үйіне жіберді» [8, 165–166-б.].

Мұндағы Әби-л Ас – Мұхаммед пайғамбарымыздың қызы Зейнептің күйеуі. Бұл үзіндіні келтірген себебін Мырза Хайдардың өзі былай деп түсіндіреді: «Оны айту себебіміз, Абд ар-Рашид хан таққа отыруы нақақтан қан төгу мен қатыгездік әрекеттен басталды» [8, 166–б.]. Сондағы біздің ойымызша, айтқысы келгені, бекерден бекер



қан төгуге болмайды, мұсылман болғың келсе, арамдықтан арылу қажет. Иманды болу шарт. Абд ар-Рашид сұлтанның мұсылман басымен жоғарыдағыдай сорақы іс-әрекеттерге барғаны, адам дүниесіне тән емес қылықтарға бет бұруы – ақылға сыймайтын іс. Осылайша салыстырмалы мақсатпен Мырза Хайдар шейх Қазарунидің «Сийяр ан-наби» атты кітабынан үзінді келтірген [6, 44–45].

Саид [ад-Дин Мұхаммед] бин Масуд бин Мұхаммед әл-Қазаруни (т.ж.б–1357) – атақты сопы Әбу Әли ад-Даққактың ұрпағы. Ол Ас-Сағанидің «Маширақ әл-Ануар» атты шығармасына араб тілінде түсіндірме жазған. Сондай-ақ хазіреті Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарымыздың өмірбаянын жазып, оны «Маулуд ан-наби» («Маулуд әл-Мұстафа») немесе «Әл-Мұнтақа фи сийяр маулуд ан-наби әл-Мұстафа» деп атаған. Шығарманың 1331 жылы нүктесі қойылған, төрт бөлім және қорытындыдан тұрады [10, 548–550-бб.].

Мырза Хайдар сопылардың аттарын еске түсіруде, оған Алланың рақымы жауып, бақилық болғанда Жаратушының шапағаты түсіп, жұмаққа барамын ба деп үміттенген. Жұмаққа бару үшін көптеген игі іс жасау қажет. Мырза Хайдар өте қарапайым адам болған. Сондықтан да ол өзінің жұмаққа барсам деген оймен төмендегі сопыларға қысқаша шолу жасап, тілге тиек етіп, осының арқасында сауап алмақшы болған. Олар: Қожа Ахрар, Әбу Әли Даққак Нишапури, Қожа Мұхаммед Жүсіп әл-Хамадани, Қожа Баһа ад-Дин Нақшбанди және Қожа Абд әл-Халық Ғиждувани. Осындай адамдардың нендей кісі болғандарына тоқталып өтелік [6, 43–46].

Қожа Ахрар және оның «Рисала-и уалидйясы».

Қожа Ахрардың туындысын Мырза Хайдар Бабырдың өлеңдерді жырлауда шебер адам екені жайлы айтқанда есіне алады. Баршаға лақап атымен мәлім Қожа Ахрардың шын аты – Ұбайдолла. Ол қазіргі Ташкент облысының Боғистан қыстағында дүниеге келген. Жастық шағы Ташкент шаһарында өткен. Ташкент, Самарқан қалаларында білім алған. Тегі жағынан ол Шейх Таһурға барып тіреледі. Қожа Ахрар сопылық ілімге қызығып және сол мақсатпен қазіргі Ауғанстандағы Гератқа келіп, Шейх Баһа ад-Дин Умар, шейх Зайниддин Хауафий секілді белгілі сопылардың сұхбатында болған. Кейін Баһа ад-Дин Нақшбанди ілімін жалғастырды және оның жолын ұстанатындардың қатарында үлкен абыройға ие болды және әулие деп танылды. Сонымен қатар диқаншылық және сауда істерімен айналысты. Қожа Ахрар үлкен жер иеленуші, мал мүлікке ие болды. Мемлекеттің ішкі және сыртқы саяси өмірінде де жетекші орын алды. Қожа Ахрар қаламынан 3 трактат туындаған: 1) «Білгірлер сөзінен үзінділер»; 2) «Уәлидийа»; 3) «Хаурийа» [5, 43–45-бб.].

Әбу Әли Даққак Нишапури және оның «Мінәжаты».

Уағыздаудың суфизмде пайда болуының ұзақ тарихы бар. Суфизм шейхтарының кейбіреулерінің аттары жиналыстағы уағыздармен шыққан. Солардың бірі – Әбу Әли Даққак. Ол Нишапурда Кушайридің және Әбу Саид Әбілқайырдың ұстазы еді [12, 199-б.]. Жалпы әдебиеттерде ол туралы деректер өте аз. Суфизм зерттеушісі, ағылшын шығыстанушысы Дж.С.Тримингэмнің «Исламдағы сопылық ордендер» деген еңбегінде Әбу Әли Даққак жайлы бірнеше жолдық мағлұмат таптық.

Әбу Әли Даққак – X ғасырдың аяғы, XI ғасыр басында Нишапурда өмір сүрген сопылық ілімнің көрнекті өкілі. Осы қалада ол сопылар алқасы дәрістерін өткізетін

«Ханақа-и сарави» атты орталық құрған. Сопылар қағидасы бойынша осы ілімге бой ұрған шәкірттің ұстазы болу ләзім. Осыған байланысты Дж.С.Тримингэм аталмыш еңбегінде Әбу Әли Даққак: «Ешкім екпей өзімен өскен дарақтың жемісі емес, тек жапырағы ғана болады» [12, 218–б.] – деген нақыл сөзі қалғанын келтірген.

Қожа Мұхаммед Жүсіп әл-Хамадин, Қожа Абд әл-Халик Ғиждувани және Қожа Баһа ад-Дин Нақшбанди. Мырза Хайдар «Тарих-и Рашидиде» атап кеткен үш сопы Қожаған Нақшбанди [11, 114-б.] атты суфизм ағымының ірі өкілдері. Олардан көп еңбек қалмаса да, шәкірттері мен қолдаушылары солардың ілімі және уағыздары негізінде «Мақам» атты жинақтар құрастырды. Мақам – құраннан алынған есімдер, спецификалық лексика мен фразеология, қанатты сөздер жиынтығы.

Мырза Хайдар Махдүми Нұранға арнап жазған тарауларында «Мақам» атты сопылық еңбекті дереккөз ретінде пайдаланады. Нақты айтқанда, Мырза Хайдар Махмұди Нұранның зікір салу тәртібі туралы жазғанда, бұл туындыны осыған байланысты атап өтеді. Бұл еңбек Қожа Абд әл-Халиқ Ғиждувани атты дәруіштік орденнің негізін қалаушылардың бірі және теоретиктің қаламынан шыққан. Бұл кісінің тек қайтыс болған уақыты белгілі (1179). «Мақамды» ол 1140 жылдары қайтыс болған өзінің ұстазы Қожа Мұхаммед Жүсіп Жақып бин Аййуб Хамаданиға арнап жазған [11, 116–117-бб.]. Бұл еңбекте ол ұстазының өмір жолын егжей-тегжейлі келтірген.

Қожа Баһа ад-Дин Нақшбанди (1318–1389) – Нақшбанди тариқатының негізін салушы. Ол Бұхара маңында қайтыс болған. Негізі Қожа Баһа ад-Дин Нақшбанди артынан еш еңбек қалдырмаған. «Мақамды» Баһа ад-Дин қайтыс болғаннан кейін, оны шәкірті Ала ад-Дин Аттар жинақтап, жазуға берген [11, 20-б; 6, 46–47].

Енді Мырза Хайдардың сопылыққа деген құрметі қалай оянғанына бет бұрып көрейік. Ол үшін «Тарих-и Рашидидегі» кейбір беттерге назар аударайық.

### **1.3. Қожа Ахмет Йасауи тариқатын ұстанып**

Иә, ол Орта Азияда кеңінен тараған, сопылық іліммен оның тариқаттарына да Мұхаммед Хайдар мойын бұрды. Жоғарыда айтқанымыздай, оларға құрметпен қарады. Мырза Хайдардың отбасы, әсіресе әкесінің інісі Сейіт Мұхаммед Қожа Ахмет Йасауи тариқатын ұстанды. Жаңа мемлекеттің астанасы Қашғарда тұрғандарында ол Саид ханның шарапқа әуестіктен арылып, осы тариқатты ұстануына күш салды.

Қашғар ханы, жездесі Саид хан ішкілікке беріліп, ойы да, денсаулығы да бұзылып, дұрыс жолдан адасып, жол таба алмай жүргенде Мырза Хайдардың ағасы Мұхаммед Хүсейін оны дұрыс бағытқа сілтеуге тырысты.

«Кешірімді де қайырымды Алланың шарапатымен [Саид] ханның тәубесіне келуі жайында әңгіме» атты тарауда Мұхаммед Хайдар:

«Қайырымды Алла тағала Құран Кәрімде бұйырды: «Ей, иман келтіргендер! Аллаға шын жүректен иман келтіріңдер». Бұл адамға міндетті жол болып табылады. Біз осыған сай «Жеңіс қымбатты зат, бұл ең қадірлі құлына беріледі». Бұл бақыт кез

келген адамның қолына тие бермейді. Тек қана Алланың қолдаған адамдарына ғана бұйырады.

Даналығың өзіңнің – шын қолдаушым, қолдай гөр,  
Өзім бездім өзімнен, түзете гөр, оңдай гөр!

Қанша келдім тәубеме және қанша айныдым,  
Қолдай берші үнемі, тәубегерім, айбыным.

Егер мемлекет иесін мұндай бақыт қолдаса, ол үлкен бір сыйлық болар еді. Нағыз шапағат беруші [Алла] тарапынан. Әрине, бұл сыйлық үлкен тұтастықтың бір ұшқыны болып есептеледі.

Күмәнданба өзіңе, кенет келген кеме бұл,  
Хабаршысы қолдаудың, бұл күдікті демегін.

Осы айтылған жағдайға және ана әңгімеге хазірет ханның мүбарак хал-ахуалы сәйкес келетін еді. Жоғарыда қысқаша айтқанымыздай, бұрыннан хан масайтатын ішімдікті құштарлықпен салына ішетіні соншалық, егер ол есі сау екенін түсінде көрсе, ояна сала ішімдік ішу қажет деп жоритын. (Түсті керісінше жоры) дегенді ол өзіне дәл келеді деп санады. Түркі тіліндегі өлең:

Сол бір кеште жабықпай, мынау өлім десең де,  
Жаным тасып отырдым төгілгенше кеседен.

Хан осы әдетін тастап кетеді деп ешқашан ойға кіріп те шықпас еді. Бірақ Құдай тағаланың жазғаны және тура жолға жетелегенінің арқасында оған қол жеткізді.

Жеткеннен соң кешірді дос тілегі Аллаға,  
Тәубе қылсаң шынайы естіледі Аллаға.

Осы тәубе барлық мас қылатын ішімдіктен бас тарту болды. Жеті жыл өткесін ол Махдум-и Нуранның алдында барлық тыйым салынған нәрседен толық бас тартты. [Құранның] мына аяты: (Аллаға шын жүректен тәубе келтіріндер) оның толық тәубе етуінің хронограммасы (935/1528–1529 жыл) болды. Бұл таңғажайып сәйкестік, таңғажайып аңыз еді.

Бұл әңгіменің бас-аяғы былай болған. Қыстың аяғын ала, көктемде Рашид Сұлтан Моғолстанға кеткенде, хан Йанги Хисарда болатын. Немере ағам хан қызметінде еді. Мен Жаркентте болатынмын. Ханнан әлденеше рет естігем, ол айтатын: «Бірде түнді ішімдік ішумен аяқтаған соң, түн етегі түріле бір нәрсе есіме түсті».

Түні бойы құмарлық: күндіз де – мас, түнде – мас,  
Киелі уақыт өтті деп зарлағанды ол тыңдамас.

Енді, міне, уақыт жетті, енді иманыңа келіп, Аллаңмен қайта қауышуың керек. Осы ой көңілге орныққан соң да бәрібір маскүнемдік асқынып кеткен шығар деп күдіктендім. Кімнің оған шыдамы жетіп бас тарта қояр дейсің. Ал бұл тіршіліктің шараптан басқа қандай ләззаты бар дейсің деп ой-қиялмен жатып ұйықтап кетіппін. Ұйқыдан оянғанымда жыландай жиырылып, құмарлығымды басу үшін шарап сұрадым, оны алып келді. Бірақ кешегі ой көңілімде орныққан еді. Сейіт Мұхаммед мырзаны шақырдым да: «Менің мына істен жаным қиналып жүр, осыған тәубе еткім келеді», – дедім.

Немере ағам көп уақыттан бері шейхтар қатарында Йасауи тариқатын ұстанып жүрген. Сондықтан ішімдіктен бойын аулақ ұстап, ханның мына іс-әрекетіне, мінез-құлықтарына ренжулі еді. Хан осы мәселе жөнінде онымен кеңесе бастағанда, ол жылап, ханның бұл пікірін құптап қолдады. Хан тәубе етіп, достарының жиынына барды. Түнгі жолдастар тамақ орнына шарап ішіп, әлі думандатып жатыр екен.

Әндетеді әлдекім шарап ішіп жомарттан,  
Кесесі бар қолында, өзін-өзі жоғалтқан.

Енді біреу білмейді қанша қойды, қанша ішіп,  
Ертіп жүріп жанына тыңдайды өз әншісін.

Хан бұйырды көрді де әлдекімнің әлегін,  
Алдыменен құрттырды себептерін пәленің.  
Ауыстырып айқай-шу құлақтағы сыңғырды,  
Алдыменен күй шерткен аспаптарды сындырды.

Дауыл соғып өткендей маскүнемдер сиреді,  
Құмыралар қирады, шарапхана күйреді.

Думаншыл және сауыққұмар адамдар қорланып, орнынан тұра алмастай жаншылды. Қадірменді ғалымдар, игі істер тобы және сондай-ақ жақсы адамдар Алланың шексіз мейірімділігін уағыздауға кірісті. Диқандар, қара халық жалынып-жалбарынып бастары қара жерге жеткенше иілді, ал қалған жұртшылық көкке қол созып дұға етті. Олар күндіз-түні өкініш білдіріп, Алладан күнәлары үшін кешірім өтініп жалбарынды.

Қиялға мас асау жас ақырында ұғынды,  
Кәриялар тәрізді жайнамазға жығылды.

Пайғамбардың (Алла оны шапағатына бөлесін) сөзіне сәйкес: «Барлық халайық тәубе етуге ниет етіп, ғибадат жолын шын жүректен талап етті. Содан ел шарапханалардың есігін тарс жауып тастап, мешіттердің қақпасын ашты. Сөйтіп оқылған игі дұғалар жерден аспанға көтерілді, ал Алланың рахметі аспаннан жерге



жауды. (Хақ тағала, оның пәк рухын биіктетсін және ақыретте оның дәрежесін жоғарылатсын) Мұхаммед пен Мұхаммедтің әулеттері үшін [8, 407–409].

**Ханның дәруіш болуы үшін хандық тағынан бас тартқысы  
келгендігі жайында және ол шешімін қалай өзгерткені жөнінде әңгіме**

«Хан тәубеге келгеннен кейін, беделді сопылардың кітаптарын көп оқитын. Олардың сөздерінің мәні жөнінде қатты ойланып-толғанды, олар оған қатты әсер етті. Әсіресе Әбу-л Қасым Жунаид Бағдадидің «Тазкират ас-салихин» («Дін ұстаушылар антологиясы») айтатындай: «Алла тағаланың әскерінен жасақталған қосын бар». Осы сөз ханға қатты әсер етті. Ханның өзі бұл істі қашанда жалғастырып, мұндай кісілердің сөзіне қатты мән беретін. Бір күні хан сопылардың жиынында болып, Қожа Баһа ад-Дин Нақшбандтың «Мақамын» (зікірін) оқып, ол хазірет Қожа былай деп айтатын жеріне келді: «Бір күні сопылық жолға түсіп жүрген кезімде бір дауыс естілді. Баһа ад-Дин сен бұл жолға қалай түсесің? Біз қалай айтсақ, солай түсуің керек». Мен: «Жоқ, мен қалай айтсам, солай болады», – деп жауап бердім. Дауыс бірнеше рет қайталанды. Мен де сол жауапты қайталай бердім. Ең соңында жауап есітті: «Жарайды, солай-ақ болсын». Одан сол жолға барлық ынтамен кірістім. Жиналысқа қатысқандар айтты: «Бұл неткен ғажап табандылық». Ал [Саид] хан жауап берді: «Бұл солай болуға тиіс». [Баһа ад-Дин мынаны айтқысы келген-ді]. «Мен дәрменсізбін. Алла тағаланың қалағанындай бұл істі алып беру менің қолымнан келмейді. Егер менің айтқанымға рұқсат берілсе, мен осы жолға түсейін. Егер болмаса, өте дәрменсіздігімнен мен бұл жолдағы мақсатқа жете алмаймын».

Сөйтіп осы сопылар қауымының сөздері ханның жүрегіне қатты әсер етті. Ол [хан] сопылардың кітаптары мен рисалаларынан (трактат) ол бұл іске толық берілмейінше, бақытқа жету мүмкін еместігін білді. Осындай себептен хан дүниеден және билік істерінен көңілін бұрып, іштей дүниені тәрк етті. Біраз уақытын жалғыз оңаша өткізетін. Бірақ ол бұл іске бәрін арнаған жоқ. Тек осы жайлы әңгіме құратын және кез келген адаммен бұл жөнінде сырласпайтын еді. Оның әңгімелесетін адамының бірі – менің немере ағам еді. (Алла оны жарылқасын) ол Йасауи шейхтарын құрмет тұтатын және оның уағыздарын орындайтын, соның қағидасын ұстанатын, жағымсыз тағамдардан сақ болатын...

Ақырында хан Жаркентке кетуге тоқтам жасады. Ақсудан өзінің бауыры Имин Қожа сұлтанды алып келіп, патшалық таққа отырғызып, барлық ұлысты оған тапсыратын болды. Өзі жеке сапарға шығады, содан бәлкім, Алла тағала оның кемелдікке жету жолын құптар. Немере ағам осыған келісті, Меккеге сапарға қажетті барлық нәрселерді дайындауға кірісті. Әрі бұрын шешілгендей, ханның жанында ол қай жерде болса да, үнемі бірге жүретін болды. Шаһ Мұхаммед сұлтан және мен жаман неме де ханның жанында болатын болдық.

Осы ниет нақты шешім болып бекіген кезде Самарқаннан Қашқарға Қожа

Мұхаммед Жүсіп ибн Қожа Мұхаммед Абдолла ибн Қожа Насыраддин Ұбайдолла келді. Бұл хабар Моғолстанға жетті. [Хан] бұл хабарды естіген соң, Қожаны көру үшін Моғолстаннан Қашғарға келді. Қожа діндар, жаны ізгі және пәк әрі жігерлі адам еді. Хан онымен кездесуге құштар болды, өйткені іздеген нәрсесін сол адамнан табармын деп үміттенді. Хан Қашғардан Жаркентке бет алды. Қыстың аяғында Жаркентке келді. Ол жерде хан Қожаның құзырына барды. Қожаға хан өз шешімін айтқан кезде ол: «Бұл жөнінде ұлы адамдар айтқан», – деді.

Тағына отыр сұлтандық, тұлпарыңа мін өзің.  
Дәруіштей биязы болғай бірақ мінезің.

Тағы бір жерінде былай делінген:  
Жалау қолда, тәж баста, барлығы да орнында.  
Ынталы бол ғылымға, бөлене бер торғынға!

Патшалық – Құдайға жақындасудың ең үлкен құралы әрі ең жақын жолы. Бірақ патшалар оны өздерінің сезімдік ләззатын қанағаттандыруға және сайтандық істеріне жұмсайды. Патша бірауыз сөз жарлығымен игі іске лайықты құрметін жасайды. Ал дәруіштер ұзақ ғұмырын сарп етіп, оның ізінде жүрсе де, ондай дәрежеге жете алмайды. Сондықтан патшалық тақта отырғанда бұл мақсатқа тезірек қол жеткізуге болады. Ол үшін игі істерді жүзеге асыру шарт. Мұның өзі дәруіштік пен тақуалық үшін міндетті нәрсе. Сондай-ақ өзіңнің рухани ұстазыңа толық бағыну қажет. Шейх Әбу-л Жанаб Нажм ад-Дин Кубра айтқандай: «Егер мүрид (шәкірт) берілген болса, ал оның жолын қуушы – шыншыл, әділ болса, әйтеуір оның өзі шығыста болып, оның пірі батыста болған жағдайда да Хақ тағала оны пірімен байланыстырады.

Сөйтіп ол екеуі бір-бірімен қауышады. Егер ол өзінің ұмтылысы, мақсатында шыншыл болмаса, пірімен бір үйде болған жағдайда да онымен қарым-қатынас жасау бақытына ие бола алмайды. Мен білген нәрсемді аямаймын. Бірақ менің өз тарапымнан бірнәрсе айтуға құқым жоқ. Менің әкем Қожа Мұхаммед Абдолла мен үшін біраз нәрселер жазған еді. «Аллаға жанасудың басты шарты тамақты аз мөлшерде жеу және жұртпен қысқа сөйлесу». Хан сабасына түсті. Содан әділдік пен игіліктің жолын ұстанды. Ол қолынан келетіннің бәрін осы жолға жұмсады. Шейх Нажм ад-Дин Кубраның айтқанын іске асырды...»[8, 410–412].

Саид ханның, яғни Қашғар хандығы мемлекет басшысының арақ, шараптан тыйылып, тақуалық, имандылық жолына түскеніне Мұхаммед Хайдар мен немере ағасы Мұхаммед Хүсейін де риза болды. Еңбектерінің еш кетпегені оларды да қуанышқа бөледі. «Тарих-и Рашидидің» соңғы тарауларының бірі «Хан істерінің аяқталуы және оның өмірін қысқаша баяндау жайлы әңгімесінде» автор:

[Хан] «Қожа Хаванд Махмұт деген атпен мәшһүр болған хазірет Қожа Шиһабдиннің басшылығымен тариқат жолына түсіп, бар ынтасын салды. Ол өткізген арнайы жиналыстарда тариқат сөзінен басқа сөз айтылмайтын, тариқат туралы сөздер оған қатты әсер ететін және әділет пен шариғаттың кеңінен таралуына көп ынта көрсететін. Барлық істерде шариғат жолын ұстанатын, шариғаттың қағидаларын

іске асыру оған қиындық тудырмайтын, керісінше, оны ұнататын еді. Оның көптеген жұмыстары шариғат жолымен шешілетін. Ғұламаларды қатты сыйлайтын. Сондықтан сол кездің сұлтандары оның осы әрекетіне қарсы болды. [Саид] хан оларға былай деп жауап беретін: «Құрмет көрсету немесе тәкаппарлық жасау барлық адамзат тегінде бар нәрсе. Негізінде осы топ тіпті кедей мулазимдермен теңесе алмайды. Ол оларға көрсетілер азды-көпті құрмет ғылым жолы үшін жасалынады. Оларға менің құрметім – бұл ғылымға көрсетілген құрмет. Бұл үшін маған кінә арту орынсыз болмақ. Бізге тәкаппарлық көрсеткендердің бұл тәкаппарлығы – ғылымға жасалынған тәкаппарлық. Ғылымға тәкаппарлық көрсету – надандық...

Барлық сопылар мен тақуа адамдарға ол бауырындай қарайтын. Олардан алшақтап не асып кетпейтін, яғни өзінің патша екенін есіне де алмайтын. Хан солармен жақсы қарым-қатынаста болды. Басқа адамдармен патшалық дәрежесін сақтай отырып сөйлесе де, бұларға ол ерекше мейірімділік көрсететін, тіпті одан артық ықылас болуы мүмкін де емес еді. Мен жиырма төрт жыл [осылай] оның қызметінде болдым» [8, 409, 491] деп жазады Мұхаммед Хайдар Дулати.

Енді жоғарыда айтылған Шейх Нажм ад-Дин Кубра кім еді?! Оған да жауап іздеп көрейін. Ол үшін Жетісудың перзенті тарихшы, әдебиетші, тілші ғалым Жамал Қаршидің (1230–1315) жазбаларына үңілейік. Жетісудың Алмалық қаласының перзенті Жамал Қарши Іле өзені жағасындағы Алмалық шаһарында (қазіргі Қытай жерінде) 1230/31 жылдары дүниеге келген. Ол моңғолдар Сығнақты жаулап, халықты қанға бояғаннан кейін 10 жылдан соң дүниеге келген. Ол көрнекті қаламгер, ғалым, сөз зергері еді. 1269–1270 жылдары ол Орта Азияның Әндіжан мен Талас өңірінде, ал 1272–1273 жылдары Сыр бойында болған. Дәл сол жылдары Машһүр шейх Камал ад-Дин әл-Хорезми ас-Сығнақи қайтыс болған-ды. Ол моңғолдардың қолынан 1221 жылы Хиуа маңында қаза тапқан атақты сопы Нажм ад-Дин Кубраның (1145–1221) шәкірті еді. Содан Камал Қарши Хорезмде Нажм ад-Дин әл-Кубраның зияратына барып, құлпытасына қазанама (эпитофия) жазған.

«Әл-Кубра, Нажм ад-Дин шейх Әбу-л Джаннаб Ахмет ибн Омар (1145–1221) – сопылықтың негізін салушы әрі жүзеге асырушы аса көрнекті парсылық ғалым. Кубрауийа деп аталатын сопылық бауырластықтың негізін салушы, Әли әулетіне берілген сүнниттік қажы. Хиуада (Хорезм) туған, жас кезінде хадис пен қаламды оқып, үйреніп, дәстүршіл бағытта діни қызметін бастаған. Мысырға келген соң, сопылық жолдағы парсы шейхы Рузбихан әл-Уаззан әл-Мисридың (1189 ж.қ.б.) үйірмесіне кірді. Бірнеше жыл өткен соң, әл-Кубра Тебризге келіп, Әбу Мансұр Хафдтың басшылығымен діни ілімді зерттеуді жалғастырды. Ол біраз уақыт Хамаданда тұрғанда «Аммар ибн Ясир әл-Бидлисидің (1187 ж.қ.б.), сонан кейін Дизфулде Исмаил әл-Кисридің (1193 ж.қ.б.) шәкірті болған. 1185 ж. оған үлкен өкілдік беріп, өз отанына қайтарады. Үргеніште Кубрауийа бауырластығын ұйымдастырды. Әл-Кубраның көптеген шәкірті арасынан мистицизмнің атақты теоретиктері және сопылық жөніндегі классикалық еңбектерінің авторлары шыққан. Сол үшін оны шейх-и уәли-тараш (қасиетті ерлер мүсіншісі – тәлімгер) деп атаған. Солардың ішінде уағызшы ақын Нажм ад-Дин Дайа Рази (1256 ж.қ.б.), Сағд ад-Дин Хаммуя (1252 ж.қ.б.), Сайф ад-Дин Бахарзи (1261 ж.қ.б.) және т.б. бар.

Әл-Кубра Үргенішті моңғолдар басып алған кезде өз шәкірттерімен бірге қолына қару алып, басқыншыларға тойтарыс беру шайқасында қаза тапқан. Ол танымның мистикалық жолын белгілейтін өз мектебін ашты. Әл-Кубра бойынша адам дегенің шағын әлем, сондықтан онда кең әлемге қатысты нәрсенің бәрі бар, демек, ол өз бойына тәңірлік қасиеттердің бәрін, яғни «Алла мейірімді, рақымды» деп келетін қасиетінен өзгенің бәрін түгел жинақтай алады. Әл-Кубраның ұғымынша, оқшаулану кезінде бүкіл зейінін тек Құдай есімдеріне үздіксіз бағыштай білсе, адамның мистикалық сезімі ашылып, білімі жетіле бастайды. Әл-Кубра сондай-ақ адам санасының ұстатпайтын рухани орталығы және рух туралы теория жасаған. «Әл-Джунайд жолынан ауытқымайтын» өз жолы үшін ол кубрауийа бауырластығы мен мүридшілердің мінез-құлық ережелерінің негізін белгілейтін 10 қағида ұсынды. Өз көзқарастарын араб тілінде жазылған көптеген трактаттарында баяндады. Сопылық тұрғыдан қасиетті Құранға түсініктеме жазуды бастап, аяқтаған жоқ, оның бұл еңбегін шәкірттері әрі жолын қуушы Нажм ад-Дин Дайа Рази мен Ала ад-Даула ас-Симнани аяқтаған.

Кубрауийа – XIII ғасырдың басында Хорезмде Нажм ад-Дин әл-Кубра (1145–1221) негізін салған сопылық бауырластық; әл-Джунайд әл-Бағдадидің «салауаттық туралы» ілімін жақтайтын 12 бауырластықтың бірі. Ол орта- азиялық мистицизм мектебіндегі сүннит дәстүрінің көрінісі болып табылады, рухани санатта Маруф әл-Кархи (816 ж.к.б.) арқылы Әбу Бәкірге немесе Әли ибн Әбу Тәліпке барып жалғасады. Кубрауийа мүшелері арасында Әлишілерді қолдайтындар 15 ғасырда Кубрауийдан бөлініп шығып, өз алдына жеке екі шииттік бауырластықтың негізін қалады. Бұл бауырластық өз алдына қауым және хақхана ұстап, мұсылман әлемінің тек шығысында ғана өмір сүрді. Кубрауийда орталыққа бағынатын біртұтас ұйымдық жүйе болған жоқ. Оларды қалыптасқан ұйымнан гөрі рухани жақындық пен мақсат көбірек біріктірген. Кубрауийда еркін және өзін-өзі басқаратын құрылым болған; оған жергілікті қауым мен үйреншікті ұйым ережесі, тәлім-тәрбиесі бар хақхана кірген, оның басында халиф тұрған. Кубрауийдан көптеген бауырластықтар мен өз алдына дара бағыт ұстанған тармақтар шығып, мұсылман әлемінің шығысына жайылды, олар өздерінің бастау тегін әл-Кубраның шәкірті Мадж ад-Дин Бағдадиге (1219 ж.к.б.) апарып тірейді. Нажм ад-Дин әл-Кубра салған теориялық негіздерге сүйене отырып, оның шәкірттері мен ізбасарлары бауырластықты танып-білудің мистикалық жолы туралы ілім жасады, ол «әл-Джунайд жолы», яғни рәсімдік тазалық: ораза, сөйлей бермеу, дүниені тәрк ету; Құдайды үнемі есте тұту; мүридке оның түстері мен елестерінің мәнін түсіндіре алатын тәжірибелі жетекшінің ұстаздығы. Әл-Кубра Кубрауийаның соңғы– үшінші кезеңі саналатын, ол өзі «Құдайға бет бұрғандар мен Құдайды тапқандар жолы» деп атаған 10 қағида қалыптастырған. Кубрауийа бауырластығында түс-сәуле нышандары жүйесі мұқият ойластырылып жасалған, оның әрбір түр-түсі сыйынушының таным жолындағы белгілі бір сатыларын білдірген. Ақ түс – исламды білдірсе, сары түс – иманды, қара көк түс – Құдай рақымын, жасыл – тұрақты тыныштықты, көгілдір – ақиқат сенімділікті, қызыл – ішкі түйсікпен білу, ал қара түс Құдайды беріле сүюді және қатты қобалжуды білдірген. Өзге мұсылман бауырластықтары мен оның тармақтары әлгі негізгі 10 қағиданы қалай қабыл алса, түс-сәуле нышандарын да (оңаша мінәжат



кезінде байқалған елестері мен түсінде көрген түгелдей жетекшіге міндетті түрде айтып тұру тәртібін қоса) солай қабылдаған [3, 88–89].

#### 1.4. Мазһаб үшін майдан

Мұхаммед Хайдар Кашмирде билік жүргізе бастаған кезде осы Кубрауийадан бөлініп шыққан шийалық Нұрбахшы сектасы өз сектасын тарата бастаған еді. Ол жайлы Мұхаммед Хайдар «Тарих-и Рашидидің» «Кашмирдегі ислам дінінің жәйі және Кашмирде бұрын билік еткен мұсылман сұлтандары туралы қысқаша әңгіме» атты тарауында әңгімелеген.

«Кашмирге ислам діні соңғы кезде таралған» – деп жазады Мұхаммед Хайдар. Бұрын бұл жердің барлық тұрғыны үнділер болған, Брахма дінін тұтынған. Сұлтан Шамсаддин деген біреу дәруішпін деп осы жерге келеді. Ол кезде мұнда бір әйел патша билеп тұрған екен. Кашмирдің әрбір аймағын әкім басқарған. Сұлтан Шамсаддин әйел патшаға қызмет ету қажет деп табады, біраз уақыт өткен соң, әйел патша оған тұрмысқа шығуға көңіл білдіреді. Олар үйленген соң, бірте-бірте Сұлтан Шамсаддин Кашмирдің барлық жеріне билігін жүргізді. Өзінен кейін ұлы Сұлтан Алааддин таққа отырды. Одан соң Алааддинның ұлы Сұлтан Құтбаддин орнына отырды. Оның заманында Әмір-и Кабир Әли ас-Сани [Саййид Әлі Хамадани деген атпен белгілі] кісі осы жерге келді. Содан кейін [Құтбаддин] қырық күндей өмір сүріп, қайтыс болды. Содан соң ұлы Сұлтан Ескендір әкесінің орнына таққа отырды. Сұлтан Ескендір ислам дінін таратты, пұтханаларды қиратты. Оның ұлы Зайн әл-Абидин әкесінің мұрагері болып, елу жыл билік етті... Кашмирді гүлдендіруге көп атсалысты.

Сұлтан Зайн әл-Абидиннен кейін Кашмир патшалығы құлдырай бастайды да, Кашмир әмірлері күшейе түседі. Олар патшалар Кашмирде билік жүргізді деген атынан басқа ештеңе қалдырмады. Тіпті әмірлер патшаларға құрмет көрсетуді тәрк ете бастады. Сол бейшара сұлтандар өздерінің басын аман сақтап қалуы үшін отанын тастап кетуді ғанибет деп санап, бәріне де келісті. Мен бүгінде қасымда жүрген Сұлтан Нәдірмен сұхбаттас, сырлас болдым. Оған осы өлкенің бұрынғы басшылары көрсеткен құрметтен де көбірек көңіл аудардым. Сұлтан Зайн әл-Абидинге дейін де бірнеше кісі патша болған...

Кашмир тұрғындарының барлығы [исламның] Ханафи мазһабын ұстанды. Нәдір сұлтанның әкесі Фатх шаһ билік жүргізіп тұрған кезеңде осы жерге Шамс атты бір кісі келді. Ол Ирактың Талышынан болатын. Өзін Нұрбахши деп атайды. Ол бүлдіргіш жаңа діни нанымды (сектаны) таратты, оны «Нұрбахши мазһабы» деп атады. Ол ашықтан-ашық кәпірлікті уағыздады, ел арасына «Фикһ-и ахват» атты кітапты таратты. Ол сүнниттердің де, шииттердің де ешқайсысының мазһабына жатпайтын. [Осы сектаны ұстанушылар] пайғамбар мен Айшаны мойындайды, олар рафизилер ұранын әндетуді өздеріне міндет санайтын. Шииттер қағидасына қарамастан Әмір

Саййид Мұхаммед Нұрбахшиді замана әміршісі және уәде етілген Маһди деп санайды. Шииттерге керісінше олар ұлы әулие-әнбиелерге сенеді, бірақ оларды сүнниттер деп есептейді (Алла тағала кәпірлердің нанымынан сақтасын).

Барлық ғибадат етулері мен амалдарында осындай ауыс-түйістер жасаған олар түгелдей күпір болып табылатын сенімдерін Нұрбахши нанымы деп атайды. Мен Нұрбахшының бір топ шейхтерін Бадахшан мен басқа жерлерде көріп, бәрін де айқындадым. Олар сырттай қарағанда пайғамбар қағидаларына сай келіп тұрғандай әрі түгелдей сүнни және мұсылман жамағат қауымына жататындай көрінді. Әмір Саййид Мұхаммед Нұрбахши баласының бірі оның рисаласын (трактатын) маған көрсетті. Онда былай деп жазады: «Олардың сұлтандары, әмірлері мен надандары сырттай билік әулиелік және тақуалықпен сыйыспайды деп ойлайды. Ал бұл нағыз қате пікір, өйткені [жаратушының] ұлы пайғамбарлары мен елшілерінің бәрі де олардың пайғамбарлық міндеті бола тұра, билік жүргізген және осы істе Жүсіп, Мұса, Дәуіт, Сүлеймен және хазірет [Мұхаммед] пайғамбар, ал ұлы әулиелерден Сыддық, Фаруқ, Зи-н Нурайн және Мұртаза (Алла олардың жанына жәннаттан орын берсін) сияқтылар мақтанарлық ынта-жігер танытқан. Мұны айтудағы мақсат – [бұл сөздердің] Кашмирдегі Нұрбахши сектасына қайшы және де оның сүнниттер мен мұсылман жамағатының [іліміне] сәйкес келетінін көрсету. Ал әлгі Кашмирде таратылған «Фикһ-и ахват» кітабын сол күйінде Үндістан ғұламаларына жібердім. Олар сол кітаптың өзіне «пәтуа» жазыпты. Онда былай делінген:

*«(Мейірімді, рақымды Алланың атымен бастаймын! Ей, Алла! Ақиқатты шынайы қалпында және жалғанды бүркемелемей, барлық нәрселерді сол қалпында көрсете гөр). Олар оны: «оқып, көтерілген мәселелерді ой елегінен өткізген соң, кітап авторының жалған ілімді ұстанып және Құран мен жалпыға мәлім Сүннаға һәм жамағаттың ортақ пікіріне қарсы шыққанын, бұл ілімнің хақ жолындағы жұрттың діни сектасының ешқайсысына жатпайтынын,... сөйтіп оның күпірлік пен адасушылыққа ұрынғанын, / сол себепті/ қолында билігі бар кісілерге ондай кітаптарды жою және әлемде таралуына тыйым салу міндетті уәжіп болмақ. Ондай ілімді түп-тамырымен отау және оған жол бермеу – діни қажеттілік, ал ол кітаптың жақтаушылары мен бұл ілімді ұстанушыларға тосқауыл қою, қарсы шығу дін ислам міндеттейтін ұйғарым екенін» шегелеп айтады. Ал егер «олар табан тіреп, райларынан қайтпайтын болса, онда дін ислам жолында тұрған мұндай кедергілерді алып тастап, ондай (қаскөйлердің) мұсылмандарға деген ыза-кегіне тойтарыс беру қажет» деген тұжырым жасайды. Тіпті «дін тазалығы мен хақ жолын сақтау үшін оларды жазалау, керек болса өлтіру де керек. Ал олар тәубеге келіп, ол ілімнен бас тартса, Әбу Ханифа (Алла оған разы болсын) мазһабының жолын ұстануға бұйрық берілуге тиіс» деген пәтуа шығарады [8, 473–476].*

Үнді дін ғұламаларынан осындай діни ұйғарым алған Мырза Хайдар нұрбахшылар мен оның ізбасарларынан оны орындауды талап еткен.

Мырза Хайдар «Тарих-и Рашидиде» кашмирліктердің дін бұзарлық басқа да қылықтарына тоқталған.

«Қазіргі уақытта, – деп жазады ол, – Кашмирдегі барлық сопылардың күпірлікке бет бұрғаны сондай, олар һалал мен харамды да ажырата алмайды. Тақуалық пен

әулиелікті олар түнімен ұйықтамау, тамақ ішуді тежеу деп ұғады. Табылған нәрселердің бәрін олар талғамай жей береді. Қайсы харам, қайсы халал екенін айырмай, бәрін бірдей қабылдай береді. Және олардың бәрі ашкөздік пен сараңдық танытып қана қоймай, шариғатқа кереғар келіп, уақыф мүліктеріне қол сұғуға тырысады. Олар ұдайы пайғамбарлық туралы армандайды, «анандай болады», «мынандай болады» дегендей сәуегейлік жасайды. Болашақта болады және өткенде болған деп тылсымнан тыс көріністер жайлы мәлімдейді... Білім мен білімділерді жамандап, оларға жеккөрінішпен қарайды. Мұндай Құдайдан безгендер басқа ешбір жерде кездескен емес. Ұлы (Алла тағала) өзінің таза дәргеіінде мұндай бақытсыздық пен даңқты ұрпақтарын шариғаттың ақ жолына түсіре көрсін... Қазір ешкімнің де ашықтан ашық ондай бос сөзді айтуға батылы бармайды. Ол ілімді барлығы мүлде мойындамайды әрі өздерін сүнниттер мен мұсылман жамағаты қауымы санатына қосады. Өйткені (Алланың) құлы Мен пақырдың қаталдығы оларға мәлім еді. Ал егер де (жоғарыда айтылғандай) бірдене байқала қалса, онда оларға өлімнен басқа шара қолданылмайды. Алла тағаланың көмегімен һәм менің тырысуымның арқасында бұл пәле (нұрбахшия) жойылады деп сенемін... [8, 476–477].

Осы ретте шиашыл рафизиттердің (нұрбахшылардың) шығу төркіні мен жай-жапсары туралы да айта кетейік.

«Рафида (ар-рауафид, «қалдырушылар», «қабыл алмаушылар»)– рафидшілер шииттердің, әсіресе имамшылардың кең тараған лақап аттарының бірі. Мұсылман доксографтары бұл лақап аттың шығуын шииттік қозғалыс тарихының әр түрлі көріністерімен байланыстырады. Бір авторлар алғашқы рафидшілер сабаиттар, Мұхаммед пайғамбар өз мұрагері етіп Әлиді тағайындағаны (Насса) хақ деп есептеп, Әбу Бәкір мен Омардың имамдығын қабыл алмаған «Абдаллаһ бин Сабаны жақтаушылар деп тұжырымдады». Енді бір топ авторлар рафидшілер деп өзінен бұрынғы әулиелердің ілімімен келіспей, Әбу Бәкір мен Омар билігін ғана мойындап, 739 жылы көтеріліске шығып, Зайд бин Әли имамдығын мойындауды «қабыл алмаған» Куфа шииттерін атайды. Зайд ұрпағы дараланып қалғаннан кейін негізінен Әбу Бәкір мен Омар билігін ғана емес, Омеяд әулеті мен Аббас әулетін де «қабыл алмаушы» имамшыларды рафизиттер деп атай бастады»[3, 148].

[Ислам, Энциклопедия. Алматы, 1995, 148-бет].

Енді Нұрбахшылар мен оның М.Х. Дулати айтып отырған көсемінің жайына да түсінік бере кетейік.

Нұрбахшылар – XV ғ. басында кубрауийшылар бауырластығынан шиит әулеті ретінде бөлініп шыққан сопылық бауырластық. Нұрбахшылар негізін салушы – тегі жағынан Бахрейн арабы, Саййид Мұхаммед бин Мұхаммед Нұрбахш (1392–1464), Кайенде (Шығыс Иран) туған. Ата-тегінен шииттік имам Мұса әл-Казимнен таратады. Шииттік шейх Ысқақ қажы әл-Хутталанидің мүридi болды, ол шәкіртiнiң Құран мен «барлық ғылымдарды» меңгерудегі ерекше жетістіктері үшін Нұрбахш («Нұрдан жаралған») деп атап, өзінің марқұм ұстазы, кубрауийшылар шейхы Саййид Әли әл-Хамаданидың хиркасын беріп, ханакаға басшылық етуді тапсырды. Нұрбахштың жолын қуушылар оны әділдікті қалпына келтіру үшін келген имам-маһди және халифа деп жариялады. Иракта оның құрметіне теңге соғылып, хұтпа оқылды. Нұрбахштың

шииттік уағыздары, олардың мүридтікке қарсы бағыты Иракпен қатар Күрдістанда, Әзербайжанда, Гилянда табысқа жетті. Темір әулетінен шыққан Шаһруһ (1405–1447) тұсында Нұрбахшылар бауырластығы қатал қудалауға ұшырап, Нұрбахш пен оның жақтастарының көзін жоюды уағыздап және халифалыққа дәмелену ниетінен бас тартуға мәжбүр ету әрекеттері жасалды. Нұрбахш өмірінің қалған уақытын Рей аймағындағы шағын елді мекенде, өз шәкірттерінің ортасында өткізді. Оның ең жақын ізбасарлары Қасым Файзбахш шаһ пен Шамс ад-Дин әл-Жилани

Әл-Лаһиджи Темір әулетінің соңғы билеушілері мен алғашқы Сафауи әулеті тарапынан қолдау тауып, қамқорлықтарын көрді. Нұрбахшылар Иранда Сафауи әулетінің шиит бағытының нығаюына жағдай жасады. 1496 ж.ш. Файзбахштың мүриді Мир Шамс ад-Дин Ирактан Кашмирге қоныс аударды, оны жергілікті билеуші топтар құрметпен қарсы алып, оған сыйлыққа жер берді. Шейх жүргізген уағыз нәтижесінде бұған дейін ханафилік бағыттағы суннизмді ұстап келген көптеген кашмирліктер Нұрбахшыларға мүше болды. Бұдан кейінгі жүз жылдықтарда Нұрбахшылар қуғынға ұшырады, ХІХ ғасырдың соңына дейін Кашмирде 20 мыңнан астам адам Нұрбахшыларды жақтады.

Нұрбахшылар доктринасы Мұхаммед Нұрбахш «ар-Рисалат әл-итикадийа» мен «әл-Фикх әл-ахват» еңбектерінде, сопылық автор Махмұд Шабистаридің (1320 ж.қ.б.) «Гулбан-и раз» кітабына Шамс ад-Дин әл-Лахиджи жасаған түсініктемеде баяндалған. Ілімнің негізгі уағызы: ақиқат және қосымша имандыққа сену, бұлар «үлкен жиһад» және «кіші жиһад» деп те аталады. «Кіші жиһад» имамның міндеті сыртқы және рухани қасиеттерінің жиынтығын білдіреді. Қадір-қасиеті мол нағыз имам әулиеліктің жоғары мәртебесіне жеткен Уәли болуы керек. Нұрбахштың пікірінше, Әли ибн Әбу Талиб сондай болған. Нұрбахштың ойынша, «кіші жиһад» белгілері имамның «әулиелігіне» ұласса ғана «үлкен жиһад» құрайды. Нұрбахш Мұхаммед заманындағы әдет-ғұрыптар мен дәстүрлерді қайта жаңғырту және оларды сақтау қажеттігін жақтап, жаңа нұсқаны тыюға шақырды. Нұрбахшылар сопылық пен ұйымдық құрылымның жалпы түрін байланыстырды. Бауырластық басшысы мен оның мирасқор шейхтары мүридтер сопылық пен «қызмет атқару», «оқшаулану», узола «тақуалық» және «рузани сұхбаттасу» кіретін рухани жетілу жолынан өтетін ханакаларды басқарады. Нұрбахшылар киімдерінің дәстүрлі реңі – қара түс, имам әл-Хұсайын мен оның серіктерінің азапты қазаларына үздіксіз аза тұтуды танытты. Бауырластыққа ханафиттер арасынан мүшелікке шафииттік бағытқа көшіп, содан кейін шафиизмнен бас тартып, шиизмге кірген жағдайда ғана қабылданды»[4, 385–386].

Мұхаммед Хайдар тағы да: «Шамасин» атты күнге табынатын да бір топ күпірлер болған. Оларды «шамасин» («күнге табынушы») деп атайтын. Олардың ілімі бойынша күннің нұрлы болуы біздің иманымыздың тазалығына, ал біздің тіршілігіміз күн нұрының шапағатына байланысты деп түсінді. Сондықтан егер де біз иманымызға кір келтірсек, онда күн болмысынан түк те қалмайды. Ал егер күн өзінің нәрінен бізді айырап болса, онда біздің тіршілігіміз де тоқталады. Күн бізбен бірге, ал біз онымен бірге тіршілік кешеміз. Онсыз бізде болмыс жоқ, бізсіз онда болмыс жоқ. Күн шыққан кезде біздің істеріміз оған аян. Сондықтан ол уақытта ең дұрысы – қайырлы іс істеу. Ал түн түндігін түсіргенде [күн] бізді көрмейді, біз жайлы ештеңе де білмейді. Өйткені



ол түн жағдайынан хабардар емес. Түнде не істелінсе де, ол іске айып жоқ. Бұл сектаны (топты) «шамасин» деп атайды. Осының бәрін мен естігенім бойынша келтірдім.

Осы Мир Шамс Кашмирде пайда болып, жұртшылықты азғырғанда, оның Шамсаддин деген лақап аты болған. Оған бұл лақап ат аспаннан беріліпті-мыс. Бәлкім, оның есімі Шамасинаддин болса керек. Бірақ Кашмир елі оны не қателесіп немесе айтуға жеңіл болуы үшін Шамсаддин деген. Одан да жеңілдеу айтылу үшін оны Мир-и Шамс деп атаған» [8, 476–477].

Осындай бей-берекеттік, сектанттық Кашмир қоғамын аздырып, жұртты екі ұдай етпес үшін және Үнді дінбасыларының ұйғарымына орай Мырза Хайдар мүмкіндігінше «нұрбахши» мен өзге де күпірлерге тойтарыс беріп, қажет жағдайда оларға тіпті өлім жазасын да қолданған.

Әрине, шиашылар мен оны қолданған чак әулетінің билікқұмар көсемдері бұған наразы болып, кектерін ішіне жұтып, қолайлы сәтте Мырза Хайдарды қалайда мерт етуді ойластырғаны да күмәнсіз.

Мұхаммед Хайдардың арқасында қазіргі күндері Кашмир халқының аз бөлігі ғана исламның шийа бағытын ұстанады. Басым көпшілігі – сүнниттер.

### **Мұхаммед Хайдар Дулатидің рухани жырлары**

«Тарих-и Рашидидің» I бөлімінде 111 жерде өлеңдер берілген. Олар, әсіресе діни мәселелер, діни жайттар сөз болғанда жиірек кездеседі де, тарих мәселесі сөз болғанда сирейді.

Ал II бөлімдегі өлеңдер 350-дей. «Тарих-и Рашидидің» бірінші бөлімі 70 тараудан, ал екінші бөлімі 117 тараудан тұрады, яғни екінші бөлім біріншіге қарағанда көлемділеу. Сол себепті де ондағы рубағиаттар алғашқы бөлімге қарағанда үш еседей көп.

Мұхаммед Хайдар өлеңдерін біз екі тақырыпқа бөлдік. Алғашқы философиялық, яғни өмір, тіршілік, тағдыр жайлы болса, екіншісі лирикалық жырлар. «Философиялық сарындағыларында күрмеуі көп тіршіліктің қым-қуыт сәттері жырланса, лирикалық сарындағысында табиғат пен адам арасындағы дәнекер күш, яғни нәзік сезім пернелері жырға өзек болады.

Сайып келгенде, Әбу Насыр әл-Фараби (870–950), Жүсіп Баласағұн (XI ғ.), М. Қашғари (XI ғ.), Қ.А. Йасауи (XII ғ.) мен М.Х. Дулатидің төрттаған формасындағы жазылған жырлары – сопылық, философиялық сарындағы еңбектер. «Тарих-и Рашидидің» «Қызыр хан ибн Тоғлық Темір хан өмірінің алғашқы кезеңі жайында әңгіме» атты тарауында сопылық сарындағы рубағилар берілген. Ақын оларда Аллаға мың шүкіршілік айтып, тіпті сырласады да:

Сақтар болсаң, ей Алла, пенделіктен сақтағын!  
Мықтап бекіт бойдағы жамандықтың қақпағын.

Бір өзіңнен іздеймін, сүйенішті, тірлікті,  
Қасіреттен, қайғыдан сақта және жүректі!» –

деп Жаратқаннан автор бағыт-бағдар сұрайды. Жер бетіндегі жұмыр басты пенделердің қиянатын көрсе де, тура өзіне алып барар жолды адастырмай бағыттауын бар жүрегімен, жан дүниесімен сұрайды [13, 297].

Мырза Хайдар тек сопылық сарында ғана рубай жазбаған. Оның қаламына адам баласының басынан өтіп жатқан толғауы тоқсан тіршіліктегі өмірі, қиыншылығы мен қуанышы тиек болады. Ақынның рубай жазудағы шеберлігі – адам психологиясын нәзік те тартымды бере алуы.

Бұл тағдырдың, тірліктің бір керемет қиыны,  
Ешқашан да адамның шешілмеген түйіні.

Жүрекке ылғи дақ түскен ойда жоқта, тосыннан,  
Ол аз десең, басыңа тағы жүз дау қосылған», –

дей келе, үміт пен қуаныштың сыйы берілсе, артынан мың есе зәһәрлі улы ауызға салып жібергендей зар қақтыратын кездері де жетерлік деген жолдарды толғайды.

Сол фәни тіршіліктегі адам төзгісіз әділетсіздіктер, қиянат тілге тиек болады. Адамдардың опасыздығын, олардан шеккен зәбірлерін қаламына арқау етіп, жырға қосады. Оның:

«Жапасынан дұшпанның қатыгездеу заманым,  
Одан қорлық көрдім де, дос таппадым жаһаннан»,  
немесе

«Мына фәни дүниеде опа деген болмайды,  
Одан таза мөлдірлік іздегендер оңбайды», – деп өзінің адамдардан шеккен тауқыметін ақындық жүрегімен зар илей жырлайды.

Жүрегінің әр дүрсіліне мән беретін ақындар жанына рухани серік іздеуден жалықпайды, таппаса налиды, дүниеге сыймай торығады. Материалдық жағдаймен ғана санасатын адамдардан түңіліп, жапа шегеді, оны жырларына қосады. Мырза Хайдар ақын да өз наласын, ренішін:

Сенімен қауышу сыймайтындай ақылға,  
Жасқа толы етегім – лағыл десем, мақұл ма?

Шын сөзіне жүректің түсінбейді кей адам,  
Сен жылаған етегім дүрге толды дей алам, – [8, 484]

деген жолдармен білдірген. Егер ақын өмірден түңіле берсе, пессимизмнің жетегінде кете берсе, талмаусырап, шамы сөнетіні белгілі. Ол шамшырақ секілді. Кейде аласарып төмендей қалса, бірде лапылдап жана жөнеледі.

Мырза Хайдар ақын түңілуден бас көтеріп, асқақ сезімдерге де бой алдырады. Ондай сәттерде ол тамаша лирик ақынға айналып шыға келеді. Оның аталмыш еңбегінің «Кашмирді сипаттау» атты тарауында сұлу табиғат элементтерін адам бойынан іздейтін тұстары кездеседі. Өзінің жүрек түкпіріндегі ғашығының сипатын сол маңдағы гүлзар бақтағы әсем гүлдермен салыстырады. Бірақ шумақтарында Кашмирдің сұлулығы барлық тараптан, жан-жақты суреттеледі. «Гүл суындай суы да әр тарапқа шұбайды, Топырағы жәннат топырағындай шұрайлы», – деп сулы, нулы жер жәннатын әсем де қанық бояулармен суреттеп берген.

Бұл қайғыдан көздің жасы көл болды, жүректер қан жылап, мына өлең шумақтары сол күндері тоқтаусыз айтылды:

Көздің жасын жинаса, бір телегей болар-ды,  
Еңіреуді, жоқтауды жүрек өзі доғарды.

Сол күндері мамыражай таң кешкісін айырылысу түніне айналды. Сол қайғылы кезде осы трактат маған жетті, көкіректен мына жолдар төгілді:

Қаламынан жұпарлы бұйырса ғой бір әріп,  
Ілер едім жалау ғып көк аспанға шығарып! [8, 373–375]

Көрнекті ғалым, белгілі мемлекет және руханият қайраткерінің кездескен қиыншылықтарға қарамай, әскери қолбасшы, ғалым, ақын да болуына үлкен әсері болған Мұхаммед Қазы жайлы айтпай кетсек еңбегіміз толымсыз болар деген ой, ниетпен Маулананың Мұхаммед Хайдарға кейде басын қауіп-қатерге тіксе де, жақсылық жасаудан бас тартпағаны «Тарих-и Рашидиден» бірнеше беттік үзінділер бердік, қадірлі оқырман. Мұхаммед Қазы туралы әңгімелеген тарауына тоқтала кетейін.

«Мұхаммед Хайдар Дулати ислам дінінің тазалығы үшін, бір Алланың ғана хақ екенін, оған сыйыну қажеттігін, жалған дінді уағыздаудың кез келген түрі күпірлікке алып баратынын ашып айтқан нағыз философ, дінтанушы ғұлама болды. Мұхаммед Хайдар Дулатидің ислам діні туралы: «Бір нәрсе айдан анық: кімде-кім ислам діні мен Мұхаммедтің заңына, жолына кедергілік жасап, шабуыл жасаса, ешқашан жеңіске жетпеген, ал оның дәстүрін сақтап, жолын қуған адамның күн сайын берекесі артқан» деген сөзі бар. Ол ислам өркениетіне өз еңбегінің тазалығымен зор үлес қосты. Мұхаммед Хайдар Дулатидің пікірлері бүгінгі күнмен сабақтасқан, өзекті мемлекеттік, қауіпсіздік мәні бар аса ірі мәселе. Ол өзі басқарған кезеңде дін тазалығын басты өзекті мәселе ретінде ұстанды.

Қазіргі қоғамның әрбір мүшесінің елге жанашыр азамат болып қалыптасуы, адами құндылықтарды құрметтеуі қаншалықты маңызды болса, біз сол идеялардың кешегі Мұхаммед Хайдар Дулатидай бабамыздың мұраларынан бастау алатынына

қазір анық көз жеткізіп отырмыз. Сол үшін исламның тарихын, өткен жолын, ата-бабаларымыздың ислам мәдениеті мен өркениетіне қосқан үлесін тану – парыз [13, 293–294].

«Ақынның сопылық сарында жырланған шумақтары аз емес. «Уәде беріп, ант ішіп, босқа қапыл қалмағын, Ойнамағын қос жүзді қылышымен Алланың» – деген шумақтарынан да Аллаға деген ерекше құрмет, құлшылық бейнеленеді. Бұл шумақта ақын «Уәде – құдай сөзі» деген қағиданы басты негізге алғандай.

Мырза Хайдардың аталмыш еңбегінің «Әкем Мұхаммед Хүсейін гурганның (Алланың нұры жаусын оған) Шаһибек ханның Хорасанға қашып баруы және оған қатысты бірнеше әңгіме» атты тарауында тағы сопылық туралы әңгіме қозғап, Қожа Абдолла Ансаридің пәктік символ танытқан сопылық өсиетін рубаиына арқау етеді:

Жаным, сенің есімің мәңгі өшпесін есімнен,  
Жүрек сорлы, «сүйгенім жалғыз өзің» десін де.

Менің бүткіл тірлігім өзің болып көктесін,  
Әрбір сөзің, лебізің құлағымнан кетпесін! –

деген жолдардан нағыз сопылық сарында жырланған рубаиды аңғарамыз.

Мырза Хайдар тек сопылық сарында ғана рубаи жазбаған. Оның қаламына адам баласының басынан өтіп жатқан толғауы тоқсан тіршіліктегі өмірі, қиыншылығы мен қуанышы тиек болады. Ақынның рубаи жазудағы шеберлігі – адам психологиясын нәзік те тартымды бере алуы...

\*\*\*

Мұхаммед Хайдарды белгілі руханият қайраткері дедік. Өйткені ол осындай атқа әбден лайық еді. Ол дінбұзар сектанттардан келетін қауіпті, қасіретті пайымдап, ажырата білді. Сол себепті ол істің алдын алды, олармен күресті, жолын кесті. Ол нәтижесін берді.

Мұхаммед Хайдар осылай өмірдің ащы-тұщысын көре отырып, бірте-бірте қабырғалы қайраткер дәрежесіне жетті. Ол тақуа мұсылман ретінде өмір сүрді. Ислам дінін жақсы көрді. Әбу Ханифа мазһабын, сопылықты, Қожа Ахмет Йасауи тариқатын құрметтеді. Намазын қаза қылмады. «Тарих-и Рашидиде» ол намазды 17 жерде, шейх Әбу-л Мансұр Матуридиді 1 жерде, сопылықты 8 жерде, тариқатты 6 жерде, нақшбандиді 1 жерде, Ханафи мазһабын 1 жерде атап кеткен. Діни ұстазы, жанашыры Махдуми Нұранды, яғни Шиһаб ад-Динді 18 жерде ризашылықпен атап отырды.

«Мұхаммед Хайдар Дулати Ханафи мазһабын ұстанып, сопылық ілімге мойын бұрғанмен, сопылық жолға түскен жоқ» деседі Қазақстанның ислам дінін, оның мазһабтары мен сопылықты зерттеуші ғалымдар.



## Әдебиеттер:

1. *Әбсаттар қажы Дербісәлі*. Руханият және өркениет. Зерттеулер мен мақалалар. – Алматы, 2016. 711 бет.
2. *Әбсаттар қажы Дербісәлі және Қазақстанның шығыстану ғылымы мен рухани жаңғыру мәселелері*. «Қазақ университеті» баспасы. – Алматы, 2017.
3. *Ислам. Энциклопедия*. – Алматы, 1995. 515 бет.
4. *Ислам. Энциклопедиялық анықтама*. – Алматы, 2010.
5. *Ислам на территории бывшей Советской Империи. Энциклопедический словарь*. Составитель С.М.Прозоров. – М., 2006.
6. *Калиекова Манзура*. Мұхаммед Хайдар Дулати. Өмірі мен шығармашылығы (Тарихнамалық талдау. XVI ғ. ортасы – XIX ғ. басы). «Атамұра». – Алматы, 2010. 167 бет.
7. Құран Кәрім.
8. *М.Х. Дулати*. «Тарих-и Рашиди» (Хақ жолындағылар тарихы). Жалпы редакциясын басқарған филология ғылымдарының докторы, профессор Әбсаттар қажы Дербісәлі, парсы тіліндегі қолжазба нұсқасынан тәржімалаған Ислам Жеменей. Қазақ және орыс тіліндегі нұсқаларын салыстырып, әдеби өңдеп, толықтырып, аударған әрі ғылыми редакциясын жасаған Мұхтар Қазыбек. Өлеңдерін жолма-жол тәржімасынан аударған Қадыр Мырза Әлі. «Тұран» баспасы. – Алматы, 2003, 614 бет.
9. *Мұхаммед Хайдар Дулати*. Жаһан наме. Поэманың ежелгі түркі (шағатай) тілінен Берлин нұсқасы бойынша жолма-жол аудармасы және Қашғар нұсқасымен салыстыра ғылыми транскрипциясын жасаған, аннотация және көрсеткіштерін дайындап, баспаға әзірлеген филология ғылымдарының докторы, профессор Әбсаттар қажы Дербісәлі. «Білім» баспасы. – Алматы, 2006. 430 бет.
10. *Стори Ч.А.* Персидская литература. Био-библиографический обзор в трех частях. – М., 1972.
11. *Суфизм в Центральной Азии. Зарубежные исследования*. – Спб. 2001.
12. *Тримингэм Дж.С.* Суфийские ордены в Исламе. Перевод с англ.языка и под редакцией с предисловием О.Ф. Акимушкина. – М., 2002.
13. *Дулати белестері (Зерттеу мақалалар жинағы)*. Тараз, 2018.

## II ТАРАУ. ТАРИХ, ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТТІҢ БІЛГІРІ

### 2.1. «Тарих-и Рашиди»

Мырза Мұхаммед Хайдар Дулати – Орталық Азия халқының ғылымы мен мәдениеті һәм әдебиетінің қалыптасуына зор үлес қосқан үлкен майталман, халқымыздың тұңғыш тарихшысы, өз заманының озық ойлы әмбебап дарын иесі. Сол себепті де тәуелсіздігін алғаннан кейін өткеніне үңіліп, өшкенін тауып жатқан республикамыздың өз ғалымдары ғана емес, сондай-ақ әлемнің көптеген елдерінің оқымыстылары да Мырза Мұхаммед Хайдарсыз қазақ тарихының бастауын елестетудің қиын екендігін мойындайды. Ойшыл шығармашылығына құрметпен қарап, үлкен баға береді.

Ерен еңбегі және игі қызметімен де түркі халқына үлгі болған осындай ойшылды бәзбір жұрт зиялылары «Мырза Хайдар – түрік» [20] деп жазып, оның түркі текті екеніне мән берсе, кейбір ел ғалымдары дарабоз дарынды *Мырза Хайдар Дұғлат* деп, яки *Әмірзада Кашири* деп те көрсетеді [16].

«Тарих-и Рашидиді» ол Кашмирде қырыққа толып кемеліне келген, діни, саяси мәселелерде де өзіндік ой-пікірі қалыптасып, орныққан, мемлекетті басқару ісінде де тәжірибе жинаған кезде жазды.

Ол парсы әдебиетін де, ежелгі түркі (шағатай) тілінде жазған Орталық Азия қаламгерлерінің шығармаларын да оқып, ой елегінен өткізіп, олардың асылы мен жасығын айыра білген кезде жазды. Кез келген түйткілді мәселелерді шеше білуде өмірлік тәжірибесіне сүйенді. Асығыстық жасамады.

Мырза Хайдар өмір сүрген кезеңнен бастап оның атақты «Тарих-и Рашиди» атты классикалық шығармасы аса ділгірлікке байланысты ғасыр сайын көшіріліп отырған. Мысалы, ол XVI ғ. 3 рет, XVII ғ. 5 рет, XVIII ғ. 3 рет, XIX ғ. тіпті 12 рет хатқа түскен [15]. Бұл аталмыш еңбекке деген қажеттіліктің ешуақытта да күн тәртібінен түспегенін дәлелдейді. Сондықтан асыл дүниенің нұсқаларын қазір де Англия, Франция, Германия, Ресей секілді Еуропа елдерімен қатар, Үндістан, Пәкстан, Иран, Өзбекстан және Шығыс Түркістан кітапханаларының қолжазба қорларынан кездестіруге болады.

Иә, ұлы ғалым шығармасына орта ғасырлардың өзінде-ақ Орталық Азия тарихын зерделегендердің соқпай кеткені некен-саяқ. Олар, әсіресе Кашмир, Шығыс Түркістан, Тибет секілді көпке дейін жұмбақ, беймағлұм болған елдер жайлы жазғанда, көбінесе Мырза Хайдар деректеріне иек артқан. «Тарих-и Рашидиді» жазба жәдігерлік, сенімді бұлақ көзі ретінде пайдаланған [1, 12, 11, 16, 17].

Аталмыш шығармаға құрметпен қол созған XIX ғасыр ғалымдарының бірі әрі бірегейі – Шоқан Уәлиханов. Ол Қашғарияға жасаған атақты саяхатында көптеген қолжазбаларымен қатар «Тарих-и Рашидидің» ұйғыр тіліне аударылған нұсқасының да сәтімен қолына түскенін жазады.

Кейін ол шығарманың кейбір тұсын орыс тіліне мазмұндай аударған [4]. «Тарих-и Рашидиді» атақты Ресей шығыстанушылары В.В.Вельяминов-Зернов [6], В.В.Бартольд [3, 30] те өз еңбектерінде кеңінен пайдаланған.

Қазақстанның деректану және тарих ғылымында Мұхаммед Хайдардың «Тарих-и Рашидиі» ХХ ғасыр басынан бастап аз да болса пайдаланыла бастады. 1935 жылы С.Ж.Асфендияров пен П.А.Кунте «Тарих-и Рашидиден» үзінді жарияласа [14], тарихшы Н.Н.Мингуловтың Алматыда 1965 жылы шыққан «Великие ученые Средней Азии и Казахстана» (қазақшасы «Орта Азия мен Қазақстанның ұлы ғалымдары») атты жинақта «Мұхаммед Хайдар Дұғлат» [5] атты мақаласы шықты. 1988 жылы өзбекстандық ғалымдар «Материалы по истории Средней Азии X–XIX вв.» [8] атты кітапта, ал 1969 жылы қазақстандық тарихшылар «Материалы по истории казахских ханств XV–XVII вв» [9] атты жинақта «Тарих-и Рашидиден» орыс тілінде үзінді жариялады.

Атақты ғалым Әлкей Марғұлан 1941 жылы «Әдебиет және искусство» (қазіргі «Жұлдыз») журналында ол жайлы «Қазақтың тұңғыш тарихшысы» атты [7] арнайы мақала жазып, халқымыздың тарихының тереңде екеніне көңіл аударған.

Батыс Еуропа жұртшылығы да Мырза Мұхаммед Хайдар шығармасымен жоғарыда айтылғандай ХІХ ғасырда-ақ танысқан. «Тарих-и Рашиди» табылған соң, шығыстанушы Денисон Росс (1871–1940) оны ағылшын тіліне аударған. Нэй Элиастың (1844–1897) көлемді алғы сөзімен ол 1895 және 1898 жылдары Лондонда екі рет басылған [19]. Осы аударма Мырза Хайдар шығармасының әлемге таралуына кең жол ашты.

Батыс Еуропа шығыстанушылары Х.Беверидж, В.Беллью, Дж.Биггс, Дж.Даусон, Х.Джэррит, Р.Шоу, Э.Элиот, В.Эрскайн де Үндістан тарихын зерделегенде, ұлы ғалым еңбегіне сан рет жүгінген.

Әйтседе «Тарих-и Рашидидің» көпке дейін орыс, қазақ тілдерін тәржімаланбауына байланысты біртуар кемеңгер жайлы жазылған еңбектер республикамызда аз болды. Мүмкін, ол Мырза Хайдар шығармаларының парсы, ежелгі түркі тілінде жазылып, дүниежүзіне шашырап кеткендігінен де болар.

Дегенмен 1996 жылы Ташкентте үлкен парасат иесінің «Тарих-и Рашидиі» орыс тілінде тәржімаланып жариялануы [10] һәм оны республикалық «Санат» баспасы (1999) [10] өз оқырмандарымен қауыштырған соң, ғалым мұрасына қызығушылық күрт арта түсті. 2003 жылы «Тарих-и Рашидиі» тұңғыш рет парсы тіліндегі қолжазбадан шығыстанушы ғалым Ислам Жеменей тәржімасымен Алматыда жарық көрді [13]. Тараз мемлекеттік және әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеттері ғалымның өмірі мен шығармашылығына арналған бірнеше халықаралық ғылыми-техникалық конференциялар өткізді. Осы бір игілікті іс жалғасын тауып келетіні қуантады. Тараз мемлекеттік университетіне (1997 жылы), Алматы мен Астана және Қазақстанның өзге де қалаларының көшелеріне Мұхаммед Хайдар Дулатидің аты берілді.

Ғалымның 500 жылдық мүшелтойы ЮНЕСКО назарына ілігіп, 1999 жылы оны Қазақстаннан басқа әлемнің бірқатар елдері де атап өтті. Сөйтіп көрнекті жазушы Әбіш Кекілбаев орынды айтқандай, ол Әбу Насыр әл-Фарабидің 1975 жылы өткен 1100 жылдық мүшелтойынан кейін, қазақ елінің рухани, мәдени, ғылыми өміріндегі тағы бір ірі де елеулі оқиға болды.

Иә, әдебиетіміз бен мәдениетіміз һәм оның қайнар бастауларын білу үшін ғасырлар қойнауының арасында қалып қойған Мырза Мұхаммед Хайдар Дулати

іспетті халқымыздың ұлы тұлғаларын тану мен таныту бүгінгі тәуелсіз Қазақстан үшін өте қажет.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев 2018 жылдың қараша айында жарияланған «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында: «Ұлы дала әл-Фараби мен Йасауи, Күлтегін мен Бейбарыс, аз-Тәуке мен Абылай, Кенесары мен Абай және басқа да көптеген ұлы тұлғалар шоғырын дүниеге әкелді» деп жазды. Сол ұлы тұлғалардың бірі әрі бірегейі Мұхаммед Хайдар Дулати екендігі сөзсіз. Президентіміз аталмыш дүниесінде тағы да: «Сондықтан біз біріншіден, атақты тарихи тұлғаларымызбен олардың жетістіктерінің құрметіне ашық аспан астында ескерткіш-мүсіндер қойылатын «Ұлы даланың ұлы есімдері» атты оқу-ағарту энциклопедиялық саябағын ашуымыз керек.

Екіншіден, мақсатты мемлекеттік тапсырыс ұйымдастыру арқылы қазіргі әдебиеттегі, музыка мен театр саласындағы және бейнелеу өнеріндегі ұлы ойшылдар, ақындар және ел билеген тұлғалар бейнесінің маңызды галереясын жасауды қолға алу қажет» деген пікірін толық қуаттайтын аталы сөз деп ойлаймыз. Сондай-ақ ол:

«Қазақстан – күллі түркі халықтарының қасиетті «қара шаңырағы». Бүгінгі қазақтың сайын даласынан әлемнің әр түкпіріне тараған түркі тектес тайпалар мен халықтар басқа елдер мен өңірлердің тарихи үдерісіне елеулі үлес қосты» дейді. [Н.Ә. Назарбаев, «Ұлы даланың жеті қыры»// «Айқын», №177, 21 қараша 2018].

Бұл пікір Мұхаммед Хайдар Дулати секілді ұлыларға да арнап айтылғандай көрінеді маған. Қалай десеніз де, бұл дер кезінде көтерілген бастама, дер кезінде жасалған ұсыныс болды.

Мұхаммед Хайдар жайлы спектакль қойылды. Оның өнегелі өмір жолы көпсериялы тарихи көркем фильмге сұранып-ақ тұр. Күндердің күнінде оның да реті келер.

Мырза Мұхаммед Хайдар – өзінің ұзақ та емес, бірақ дүрбелең оқиғалар мен күреске толы жалынды да мәнді ғұмырында сирек ұшырасатын дарындылығы һәм ойшылдығы, парасаттылығы, қарымды қаламгерлігімен ерекше тұлғалана көрінген талант иесі. Оның XVI ғасырда түркі жұртын әлемге тағы бір жарқ еткізіп, атын ілім, білім көкжиегіне алтын әріппен жаздырған қайталанбас ерекше феномен екенін енді ғана түсініп, сезіне бастадық.

Иә, Мырза Хайдар Дулати Кашмирде билік құрған жылдары сол кездегі ғылым, білім тілі – парсы тілінде «Тарих-и Рашиди» атты Орталық Азия халықтарының XIII–XVI ғасырлардағы тарихы, этнографиясы мен географиясы, әдебиеті мен мәдениеті жайлы өзі көрген, куәсі болған һәм басқа да жайттарды баяндайтын классикалық тарихи шығарма жазды. Қазақстан мен Орталық Азия елдерін зерттеушілердің, тіпті түркі тектес халықтардың мәдениетін зерделеген Европа ғалымдарының ешқайсысы да күні бүгінге дейін «Тарих-и Рашидиді» аттап өте алмайды. Еңбек сонысымен де құнды, сонысымен де бағалы.

«Тарих-и Рашидиді» Мырза Хайдар 1542–1546 жылдар шамасында Кашмирде жазған, ол «екі дәптерден», яғни екі үлкен бөлімнен тұрады дедік. Біріншісінде Мауараннаһрдегі Шағатай әулеті құрған мемлекеттің XIV ғасыр ортасына таман біржола ыдырап, екіге бөлінуі, Моғолстан деген атпен белгілі болған шығыс бөлігіне беделді де белгілі тайпа – дулаттардың күшімен дербес мемлекеттің негізі қаланғаны



жайлы баяндалады. 1348 жылы осы мемлекетке дулаттардың қолдауымен Тоғылық Темір (1330–1362) хан болады.

«Тарих-и Рашидидің» бірінші дәптерінде Тоғылық Темір ханнан өзін Жаркенттен кетуге мәжбүр еткен Әбдірашид (1510–1570) ханға дейінгі Моғолстанда екі ғасырға жуық уақыт арасында болған түрлі тарихи оқиғалар әңгімеленеді. Мысалы, Шағатай текті Шермұхаммед хан (1415 ж.қ.б.) мен Уәйіс ханның (т.ж.б.–1429) Моғолстанның тағы үшін болған қанды айқастары, Уәйіс ханның тілегіне жеткені, оның қалмақтармен болған сансыз соғыстары да баян етіледі.

Сөйткен ғалым «екінші дәптерді» 1541 жылы бастап, 1543 жылдың сәуір-мамыр айларында аяқтады. Мемуарлық бөлімінің нүктесі қойылған соң, оның ұмыт қалған тұстарын толықтырып, өңдеді де, араға бес-алты ай салып, 1544–1546 жылдары оның «бірінші дәптерін» де аяқтады.

Мырза Хайдар жазбаларының ішіндегі ең қызықтысы, әрине, халқымыздың тарихына қатысты мағлұматтары. Ғалым нағашы атасы Жүніс хан мен Уәйіс ханның кенже ұлы Есенбұғаның (1418–1462) билікке таласар тұстарын сөз еткен. Дешті Қыпшақ әміршісі Әбілқайырдан көп қысым көрген Жәнібек хан мен Керей ханның одан бөлініп, Моғолстандағы Шу мен Қозбасыға келуі, Есенбұғаның оларды жылы қарсы алуы, кейін Әбілқайыр қайтыс болған соң, оның ұлысынан үдере көшкен елдің Жәнібек хан мен Керей ханға келіп қосылуы жайлы айтуды да автор ұмытпаған. «Олардың саны екі жүз мың адамға жетті, оларды өзбек-қазақ деп атай бастады. Қазақ сұлтандарының алғаш билік жүргізуінің басы 870 (1465–1466) жылдан басталады. (Бірақ оны) Алла (бізден) жақсы біледі» [13, 110]– деп жазады Хайдар мырза.

Сөйтіп қазақ халқының тарих сахнасына көтерілген кезі 1465 жыл екенін Мырза Хайдар шегелей көрсеткен. Одан әрі ол: «940 (1533–1534) жылға дейін қазақтар Өзбекстанның көп бөлігіне өз биліктерін толық жүргізген еді. Керей ханнан кейін Бұрындық хан басқарды. Одан соң Жәнібек ханның ұлы Қасым хан басқарып, Дешті Қыпшақ даласын толық биледі... Қасым ханнан кейін оның ұлы Мамаш хан биледі. Одан соң немересі Таһир хан биледі. Таһир хан заманында қазақтардың саны азайып кетті. Одан кейін оның бауыры Бұйдаш хан билікті қолға алды. Қорыта айтқанда, Есенбұға хан заманынан Рашид хан уақытына дейін моғолдар мен қазақтар арасында достық пен татулық орнаған еді, алайда Рашид сұлтан оны бұзды» [13, 110–111] деп жазады ол. Ол рас та еді. Өйткені Әбдірашид сұлтан қазақтардан гөрі шайбандарға көп мойын бұрған, солардан одақ іздеген.

Сөйтіп Қазақ хандығының құрылуы мен тыныс-тіршілігі, өмір сүрген ортасы һәм көршілерімен болған қарым-қатынасы жайлы Мырза Хайдар секілді осылай жүйелі де нақтылы жазған қаламгерлер кемде-кем-ақ. Сондай-ақ ұлы ғалым өз жазбаларында көбіне әдеби тәсіл – шегініс жасауды да шебер пайдалана білген. Мысалы, ол Жүніс ханның тақ үшін таласта жеңіліске ұшырағаннан кейін, Иран жаққа кетуі, кейін Моғолстанға оралған соң, Мір Қажы көншінің қызы Исан Даулат бегімге үйленуі, Сыр бойында Әбілқайырдың ұлы Бұрыж оғланмен шайқасып, кейін Ташкентке келуі, шейх Жамалдың тұтқынына түсіп қалуы, бірақ арада бір жыл өткен соң, дулаттардың шейх Жамалды өлтіріп, Жүніс ханды құтқаруы, оның Моғолстанға қайтып оралуы кино таспасындай рет-ретімен көз алдыңнан өте береді. Оның ара-арасында Мырза Хайдар

Жүніс ханның үш ұрпағының өзара қақтығыстары жайлы да айтып өтеді. Одан кейінгі тарауларда Жүніс ханның ұлы Ахмет ханның өмірі, қалмақтардың шабуылы, өзбек-қазақ мәселесі, Мырза Әбу Бәкір Дулатимен болған соғысты сипаттауда да шеберлік таныта алған. Ол не айтса да, қайсы тақырыпты сөз етсе де, баяндап отырған оқиғаға өз көзқарасын білдіре кетеді.

Сөйтіп ол Моғолстанның хандары, дулаттан шыққан әмірлері мен бектері, онда өмір сүрген түркі тайпаларының тыныс-тіршілігі, Әбілқайыр хан негізін салған Дешті Қыпшақ мемлекеті, ханның өзі және ұрпақтарының Мауараннаһрде, сондай-ақ қазақ хандары һәм сұлтандарымен жүргізген соғыстары жайлы тәптіштей жазған. Мырза Хайдардың бір ерекшелігі –шындықты жазады. Тарихшы ғалымдардың барлығы да оның осы бір қасиетіне ерекше мән береді.

«Тарих-и Рашидиді» жазу үстінде Мырза Хайдар өзіне дейін өмір сүрген араб, парсы, түркі текті Мир Гийас ад-Дин Мансур, Жамал ад-Дин Қарши, Йақұт әл-Хамауи ар-Руми, Рашид ад-Дин, Хамдаллаһ Казвини, Абд ар-Раззак Самарқанди, Ұлықбек, Мұхаммед Қази, Мұхаммед Захир ад-Дин Бабыр, Ата Мәлік Жувайни, Шараф ад-Дин Әли Йазди, Мирхонд, Хондемир секілді белгілі тарихшы, жылнамашылар еңбектеріне белгілі бір шамада иек артқан. Мұның өзі оның ортағасырлық түркі әдеби тілі – шағатай тілінен басқа араб, парсы тілдерін де жақсы білгендігін көрсетеді. Аталмыш авторлардың туындыларын ол Орталық Азия елдері мен оны мекен еткен түрлі тайпа, ру, ұлыстардың тарихын баяндағанда жазба дерек – бұлақ көздері ретінде пайдаланған. Сөйтіп ол «Тарих-и Рашидиді» деректілігін, дәйектемелерінің дәлдігі мен құжаттылығын арттыра түскен.

«Тарих-и Рашидиде» тек тарих қана емес, сондай-ақ әдебиет пен тіл, мәдениет пен өнер, әдет пен ғұрып, география мен этнография мәселелері де ұмыт қалмаған. Онда сондай-ақ сөз болған ру, тайпалардың тіршілік-тынысы мен салт-санасы, ауыз әдебиетінің үлгілері жайлы да әңгімеленеді. Соған қарап, «Тарих-и Рашидиді» XIII–XVI ғасырлардағы Орталық Азия елдерінің белгілі бір дәрежедегі энциклопедиясы деуге де болады.

Ал «екінші дәптердің» тарихи-мемуарлық сипаты басым. Мұнда автор өзі көріп, куәсі болған, басынан өткен немесе естіген жайттар мен түрлі оқиғаларды қаз-қалпында баяндаған. Сол себепті де оны әдеби-мемуарлық көркем прозаның туған әдебиет тарихындағы алғашқы үлгісіне жатқызуға болады. Онда сан қырлы суреттер мен эпитет, теңеулер, айшықты образдар мен сол заманда өмір сүрген ақындар мен ойшылдар, көрнекті сөз зергерлерінің шығармалары ғана емес, сондай-ақ автордың ойға толы өз жыр жолдары ұшырасады.

Сонымен «Тарих-и Рашиди» ұзақ жылдар бойы қолжазба күйінде қалып келгендігіне қарамай, жоғарыда айтылғандай, тарихи деректерінің нақтылығы, дәйектілігі, айқындылығы мен шынайылығына орай, Үнді, Пәкстан, Ауғанстан, Иран һәм Орталық Азияның ғана емес, сондай-ақ Ресей, Еуропа елдері ғалымдарының да назарын аударумен келеді.

Шоқан Уәлиханов (1835–1865) Мырза Хайдар еңбегін зерделей оқып, құрметпен қараса, В.В. Вельяминов-Зернов (1830–1904) оның қазақтар туралы деректеріне қатты мән бере келе: «Мұхаммед Хайдардың жазғандарының барлығы дерлік жаңалық

және мейлінше қызғылықты. Әңгімелері қай жағынан қарағанда да үйлесімді және жауапкершілігімен ерекшеленеді», [6] – дейді. Әрі олғалым жазбаларын өз зерттеулеріне молынан пайдаланған. Орта Азия мен Қазақстан тарихын кеңінен зерттеген В.В. Бартольд те Мырза Хайдардың еңбегіне зор мән берген. Кеңес дәуірінде «Тарих-и Рашиди» жайлы қазақ ғалымдарынан әр жылдары Ә.Х. Марғұлан, Т.И. Сұлтанов, Н.Н. Мингулов, өзбек оқымыстыларынан Р.Г. Мукминов, С.Ә. Әзимжанова, Х. Хасанова және тағы басқалардың үлкенді-кішілі зерттеулері жарияланды. Әлкей Марғұлан Мырза Хайдарды қазақтың тұңғыш тарихшысы десе, көрнекті жазушы Шерхан Мұртаза оны «Қазақ Геродоты», «Қазақ тарихының атасы» деп орынды атаған.

Қазақ хандығының шаңырақ көтеруі және оның дәл мерзімін көрсету Мырза Мұхаммед Хайдар Дулатиден басқа авторлар еңбегінде ұшыраспайды. Оның себебі М.Х. Дулати Қазақ хандығының құрылу тарихына бала жастан қанық өсті. Болашақ ұлы ғұламаның нағашы атасы алдымен Есенбұға хан, одан кейін оның ағасы Жүніс хан Моғолстанда билік тағының иесі еді. Керей мен Жәнібек осы Есенбұға хандық етіп тұрған жылдарда Моғолстанға келіп, Қазақ хандығының шаңырағын көтерді. Бұл халықаралық маңызы бар саяси оқиға болатын. Оның үстіне хандықтың аты бөлек болғанымен, оның құрамындағы халықтар бауырлас тек-тамыры бір халық, діні де, тілі де, ділі де бір болатын. Бір тілде сөйлесіп, әдет-ғұрып, салт-дәстүрі де бірдей еді. Моғолстан моңғолдар билеген Мұхаммед Хайдардың да ата-жұрты еді. Ата-қонысы Моғолстанда дербес тәуелсіз мемлекет құрған қазақ халқының саяси сахнаға шығуының тарихи маңызын М.Х. Дулати ең алдымен шығыс оқымыстылары ішінде көтерді әрі Қазақ мемлекетін, қазақ халқын «Тарих-и Рашиди» арқылы әлем жұртшылығына паш етті.

Тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстанды Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың дүниежүзіне қалай танытып келе жатқанын жақсы білеміз, елімізді шетелдіктер бұрын-соңды бұлай білген емес. Орта ғасырда Дулатидің еңбегі арқылы алдыңғы қатарлы Англия сияқты мемлекеттер Қазақ хандығын оқып білді, ұлы ғұлама ата жұртын өз еңбегі арқылы шет жұртқа паш ете білді дей аламыз. Атақты үнді ғалымы, Орта Азия тарихын зерттеуші профессор Рам Рахул 1999 жылы Дулатидің Нью-Делидегі (Үндістанда) 500 жылдық мерейтойына арналған конференцияда: «М.Х. Дулати – қазақ атын әлемге танытқан данышпан», – дегені есімізде.

Мұхаммед Хайдар қазақ халқының құрылуына себеп болған тарихи жағдайды қысқа ғана тұжырымды оймен баяндап берді, ғалымның тағы бір ерекшелігі, оқиғаның болған жылы мен мерзіміне дейін мейлінше анықтап, хатқа ұқыптылықпен түсіріп, оқиғаның мерзімін дәл беріп отыруы аса сұңғылалық, ғылыми, дәлдік деп білуіміз керек. Керей мен Жәнібек не себепті Әділқайыр ханның қарауынан бөлініп кетті деген сауалға да Дулати нақты жауап берген. Әбілқайыр билікке ерте араласқан, әлеуеті мықты, беделді әрі қатал да қатігездікке бейім мінез-құлықты хан болатын. Шектен шыққан қаталдық әділетсіздікке де алып келіп соғатын, ол билік ісінде әділетсіздікке жол берді. Қарамағындағы сұлтандар наразылығын туғызды, қараша халық та оның әділетсіз шешіміне наразылық көңіл күйде болды, оның билігіне қарсы іштей қарсылық күшейіп, үдеп, өрши түсті. Міне, осындай саяси ушыққан жағдайда М.Х. Дулати жазғандай: *«Сол заманда Әбілқайыр ханның Дешті Қыпшақ даласына түгелдей билік*

жүргізіп тұрған кезі еді. Жошы ұрпағының сұлтандары жорық жасап Жәнібек хан мен Керей хан одан қашып, Моғолстанға кетіп қалған еді. Есенбұға хан оларды құрметтеп қарсы алып, Моғолстанның батыс жағындағы Шу өзені алабындағы Қозыбасыны берді. Олар бұл аймақта тыныш өмір сүрген. Әбілқайыр хан қайтыс болған соң, өзбек ұлысы бір-бірімен шайқасып, араларында үлкен келіспеушілік туды. Жұрттың көпшілігі Керей хан мен Жәнібек ханның жанына кетіп қалды. Олардың саны екі жүз мың адамға жетті, оларды өзбек-қазақ деп атай бастады. Қазақ сұлтандарының алғаш билік жүргізуінің басы 870 (1465–1466) жылдан басталады (Алла жақсы біледі), 940 (1533–1534) жылға дейін қазақтар Өзбекстанның көп бөлігіне өз биліктерін толық жүргізген еді» [13, 110] – деп нақтылап көрсетті.

Мұхаммед Хайдар Дулати жазып, тасқа таңба басқандай етіп көрсетіп кеткен дүниежүзіне әйгілі мәлімет, дерек – осы. Бұл тарихи оқиғаны – Қазақ хандығының толық билікке қол жеткізген жылын М.Х. Дулати ғана жазып қалдырды, оның осы бір дерегі үшін ғана тарихтағы алатын орнын бағалауға болар. Алайда М.Х. Дулати бұл дерекпен де шектеліп қана қоймады. Керей, Жәнібектен кейін хандық таққа отырған тарихи тұлғалар, олардың тарихи орнына тоқталып өтуді де парыз санаған. Тарихшылар сүйенетін дерек осы Дулатише Керей ханнан кейін Бұрындық, одан кейін Жәнібек ханның баласы Қасым хан, одан кейін Қасым ханның баласы Мамаш, одан соң оның немересі Таһирхан, одан кейін оның бауыры Бұйдаш хан болды. Ол 1533–1534 жылдары қайтыс болды, ол ел билігінің тізгінінен айырылып, қазақтар бытырап кетті [13, 111]. Арада қанша жыл өтсе дағы М.Х. Дулати архивте отырғандай, қазақ хандарының билікке келуін, кетуін мерзімдік тұрғыдан дәл берді, шатастырмайды, қайта біз шатастырып жүрміз.

Жалпы М.Х. Дулати Қазақ хандығына қатысты «Тарих-и Рашидидің» бірнеше тарауында арнайы тоқталады, бұл жай нәрсе емес, әсіресе соның ішінде Қазақ хандығының өрлеу кезеңіне мейлінше тоқтаған, ол кезең Қасым ханның билік жүргізген заманы болатын. Қасым ханның бейнесін Моғолстан ханы өзіннің туған жездесі Саид ханның айтып берген әңгімесі бойынша суреттеп, ерекше әспетпен жазуы – жазушылық шеберліктің көрінісі деуіміз керек. М.Х. Дулати қазақтардың саяси тіршілігін, экономикалық өсу-өрлеуін, әл-ауқатының артуын Қасым сияқты аса дарынды тұлғалардың тарихи еңбегімен байланыстырады. Бұлар – тарихтың тегершігін өз заманына сәйкес айналдыра алған тұлғалар.

М.Х. Дулати Керей мен Жәнібек сұлтандардың Қазақ хандығын құру тарихи миссиясына аса жоғары баға берді. Оның дәлелі осы – «Тарих-и Рашиди». Бұған М.Х. Дулатидің Қазақ хандығының жүз жылдан астам тарихын қамтығанын қоссақ, М.Х. Дулатиді академик Әлкей Марғұлан айтқандай [7, 78–87] қазақтың тұңғыш тарихшысы деу ләзім.

Керей мен Жәнібек сұлтандардың Моғолстанға келіп хандық құруына екінші бір автор Махмұд ибн Уәли де (1595–қ.ж.б.) өз еңбегінде тоқталған. «Бахр ал-асрар фи манакиб ал-ахйардың» авторы оны былай түсіндіреді: «Бұл кезде Моғолстанда Шыңғысханның ұлы, Шағатай хан ұрпақтарының бірі Уәйіс хан ұлы Есенбұға хан билік етіп тұрды. Дәл осы тұста Әмір Темір гурганның ұлы Мираншахтың, оның ұлы Сұлтан Мұхаммед мырзаның, оның ұлы Әбу Саид мырза жоғарыда аталған ханның



ағасы Жүніс ханды Ирактан (Ираннан) алдыртып, көмек береді және қолдау көрсетеді, сөйтіп оның билігіне қауіп төнеді. Екі сұлтанға ол Моғолстанның батысынан жер берді, ол Есенбұға ханның иелігі мен Жүніс ханның қол астындағы жердің арасында орналасқан еді. Бұл жер – Шу мен Қозыбасы деген жерлер болатын», – дей отырып, автор әрі Керейдің хан болғандығын атап көрсетеді [13, 352–353].

Міне, осылайша Керей мен Жәнібек хандарға «Қазақ хандығы» атты жаңа этникалық бірлестікке негізделген мемлекетті құру және оны басқарудың тарихи міндеті жүктелді. Олардың ол міндетті атқаруға толық негізі бар еді. Қазақтың осы екі ханының арғы ата-бабалары Шыңғысханнан таралатын. Сондықтан Керей мен Жәнібек хандарға дейін Шығыс Дешті Қыпшақ аумағындағы саяси билікті мұрагерлік жолмен иемденіп, атадан балаға қалдырып келді, осылайша билік тізгіні бұл әулеттің ғасырлар бойы уысынан шықпады. Керей мен Жәнібек хан Жошы ханның үлкен ұлы – Орда Еженнен таралады, енді бір тарихшылар оны Тоқай Темірдің ұрпағы санайды. Керей мен Жәнібек хан шөбере туыс, яғни олардың Орда Еженнен Орыс ханға дейінгі бабалары ортақ. Бұл жағын тарқатып айтқанда: Орда Ежен, оның ұлы Сасы бұқа, оның ұлы Ерзен, оның ұлы Шымтай, оның ұлы Орыс хан, оның ұлы Тоқтақия, оның ұлы Анике Болат, оның ұлы Керей хан болып жалғасады. Орда Ежен, оның ұлы Сасы бұқа, оның ұлы Ерзен, оның ұлы Шымтай, оның ұлы Орыс хан, оның ұлы Құйыршық, оның ұлы Барақ, оның ұлы Жәнібек (Әбу Саид) болып шығады.

Дегенмен кейбір тарихи деректерде қазақ хандарының шығу тегін Жошының 130 ұлы – Тұқай Темірден тарату орын алған. Мұндай мәліметтер авторы белгісіз «Таварих-и гузида-йи нусрат наме» атты еңбекте Махмұд бен Әмір Уәлидің «Бахр-әл-асрар фи манакиб әл-ахийары» және Қадырғали Жалаиридің еңбегінде жазылған. Жошы ұрпақтарының шежіресіне қатысты мұндай мәліметтерге ғалымдар әр түрлі пайымдаулар айтып келеді. Солай дегенмен олардың екеуі де дәстүр бойынша Ақ Орданың дәрежесі тең билеушілері деп саналған. Өйткені Тоқай Темір ағалары Орданың ұлысында үлес берілген және бәрі бірігіп Жошы иеліктері мен әскерінің сол жақ қанатын құрған «ағайынды төртеудің» ішінде болған. Сол себепті отандық зерттеушілер бұл мәселе бойынша: «Орыс хан мен оның ұрпақтарының Жошы тармағындағы Тоқай Темірден тарайтындығының немесе олардың тегі Орда Еженмен байланысты болуының принципті маңызы жоқ» деп қарайды [3, 12].

Сонымен Керей мен Жәнібек хан Шығыс Дешті Қыпшақтағы қазақ тайпаларын Жетісуға бастап келіп, Моғолстанның батысында Қазақ хандығын құрды. Тарихи шығармаларда Моғолстанның халқы «моғолдар» деп аталып келгені белгілі. Шын мәнінде «моғолдар» деген жинақтаушы этносаяси топтың негізгі құрамы: дулаттар, үйсіндер, керей-керейттер, қаңлылар, арғындар, жалайырлар және т.б., яғни қазақтардың Ұлы және Орта жүздері құрамына енетін тайпалар болатын. Қазақ хандығының Жетісуда құрылу уақиғасы қазақ халқының ұлт болып ұйысу процесінде маңызды қызмет атқарды. Себебі Керей мен Жәнібек бастауында тұрған Шығыс Дешті Қыпшақ тайпалары мен жетісулық тайпалар тілі, мәдени дәстүрлері, тұрмыс-салты жағынан бірдей еді. Сөйтіп Орталық және Оңтүстік Қазақстаннан аса үлкен рулық-тайпалық топтардың Жетісуға келуі олардың жергілікті тұрғындармен қарым-қатнастарында айтарлықтай шиеленіс туғыза қойған жоқ. Нәтижесінде Дешті Қыпшақтан қоныс

аударған қазақ тайпалары осы алқапты ежелден мекендеген қазақтың ұлы жүз тайпаларымен етене араласып кетті. Әбілқайыр хандығындағы аласапыран соғыс салдарынан қанжілік болған қазақ халқы бұл араға келіп ес жиып, халықтың тұрмыс-тіршілігі түзеле бастады. Мұны көрген Дешті Қыпшақ көшпенділері Әбілқайыр билігінен қашып, Қазақ хандығы аумағына лек-легімен келіп жатты. XV ғасырдың 50 жылдарының ортасынан 70 жылдарының басына дейін 15 жылдың айналасында Әбілқайыр ханның қарамағынан 200 мыңдай адам көшіп барған.

Дәл осы тұста, яғни 1462 жылы Моғолстан ханы Есенбұға қайтыс болған соң, бұл мемлекетте ішкі тартыс күшейіп, жағдай қиындаған тұста ойрат Амасанжы Тайшы бастаған жоңғарлар шабуыл жасап, Моғолстан мемлекетінің шаңырағын шайқалтып кетті, елде тұрақсыздықтар орын алды. Соның салдарынан Моғолстанға қарасты болып келген жетісулық қазақ тайпаларының Қазақ хандығына келіп қосылуы арта түсті. Бұған дейін жекелеген хандықтарға жіктеліп келген қазақ тайпаларының жаңадан құрылған Қазақ хандығының аумағына бұлайша ағылуы Қазақ хандығы халқының санын молықтырып, хандықтың беделі мен әскери, саяси қуатын арттыра түскен елеулі оқиға болды.

Солай болғанымен, жаңадан құрылған Қазақ хандығының мемлекеттік негіздері әлі де әлсіз еді. Бірсыпыра қазақ тайпалары Әбілқайыр хандығының, Моғолстанның, Ноғай одағының және Батыс Сібір хандығының қол астында телім болып отырған болатын. Оның үстіне шығыс Дешті Қыпшақты билеген Әбілқайыр хан өзіне қарсы шығып, Жетісуға қоныс аударған қазақтардың өз алдына хандық құрып, масайрап отырғандығына, әсіресе көптеген тайпалардың хандығынан бөлініп шығып, оған ағылып барып жатқанына азуын білеп, қылышын қайрап, жаңа құрылған Қазақ хандығын тарпа бас салып жойып жіберу ниетінен айнымады. 1468 жылы қыста Әбілқайыр хан Қазақ хандығын қиратпақ мақсатында Жетісуға жорыққа аттанды, бірақ сапары сәтсіз болып, өзі опат болды. Әбілқайырдың қаза болуы Қазақ хандығының нығаяуының тыныс-тіршілігін кеңейте түсті. Ең қызығы, Әбілқайыр хан өлгеннен соң, оның елінде қиян-кескі қырқыс басталып, хандық ыдырап, шаңырағы шайқала бастады. Ондағы халықтың үлкен бөлігі Керей хан мен Жәнібек хан құрған Қазақ хандығына келіп қосылды. Мұндай жағдайды тиімді пайдаланған қазақ хандары Керей мен Жәнібек бұдан он екі жыл бұрын өздері ауып кеткен ата қонысы Дешті Қыпшаққа қайта оралды. Қазақ хандығы дамудың жаңа бір сатысына қадам басты.

Жоғарыда көрсетілгендей, тарихи шығармалар қазақтың алғашқы ханы ретінде Керей ханды атайды. Жазба деректерде ханның «Гирей», «Герей», «Керей» түрінде жазылған есімдерін отандық тарих ғылымында «Керей» деп жазу орныққан. Тарихи дереккөздер осы Керейдің Қазақ хандығының хан тағына «10 жыл мөлшерінде» отырғанын жазады. Бірақ бұл «он жылдай» уақыттың, сірә, қай жылға сайма-сай келетіні әлі де болса түбегейлі зерттеуді қажет етеді.

Керей хан дүниеден озғаннан кейін, Қазақ хандығының хан тағына Жәнібек хан отырды. Жәнібек ханның азан шақырып қойған аты Әбу Саид, оған тағы Жәнібек хан деген қосымша есім берілгенін «Тауарих-и гузида-йи нусрат-намада» сияқты тарихи шығармаларда айтылады [6, 42–46]. Бұны Қадырғали Жалайыр еңбегіндегі «Барактың ұлы «кіші Жәнібек хан» деп жазған мағлұматы да дәлелдей түседі. Сол сияқты оның

атының Әбу Саид екенін Әбілғазы да жазып қалдырған [Әбілғазы. Түрік шежіресі. А. 1992, 119-бет]. Дегенмен, тарихи дереккөздерде Керейден соң Жәнібектің хан тағына отырғаны айтылғанымен, оның қай жылы хан болып сайланғандығы жөнінде нақты мәлімет жоқ. Сол сияқты Жәнібек ханның Дешті Қыпшаққа оралғаннан кейінгі хан билігін қалай күшейткені туралы, өмірінің соңғы жылдары мен өлімі туралы да деректер беймәлім. Тек қана оның есімі тарихи деректерде соңғы рет 1473 жылы кездеседі.

Жәнібек дүние салғаннан кейін Керейдің ұлы Бұрындық таққа отырды. Осыдан кейінгі хан билігі Жәнібек ханның ұлы Қасым ханға (1445 –1521жж.) өтті. Ал Қасым хан дәуірі Қазақ хандығының ең күшейген, айналасындағы мемлекеттер мойындаған ерекше бір кезең болды. Ол жөнінде Мұхаммед Хайдардан артық, артып айтқан ешкім де жоқ. Ғұлама бабамыз Жошы ханнан кейін дәл Қасым хандай мықты хан болған емес деп жазды.

Мұхаммед Хайдар «Тарих-и Рашидиде» жездесі Саид ханның Қасым ханмен Шу бойында қалай кездескенін, қазақ ханы мен халқының ондағы тіршілік-тынысы, әдет-ғұрпы, тіпті халықтың қымызды қалай құрметтейтінін де аса бір сүйсініспен жазған. Енді сол беттерге үңілейік:

«918 (1512) жылдың көктемі шығысымен, Шайбан өзбектері, яғни Шаһибек ханның қол астындағы өзбектер Мауараннаһрде билік құрды. Олардың алдында [адамдардың] жүрегіне қорқыныш ұялады.

[Саид] хан қыс мезгілін үлкен айламен өткізген-ді. Көктемде енді не істеу керек, алда қандай амал қолдану қажеттігін ойластырып жатқан кезде Қасым ханның шабуылға шыққаны туралы күтпеген хабар жетті. Ол шабуылға шыққанға дейін [Саид] хан Ташкентке қарайтын аты мәшһүр Ахангаранға жорық жасады. Мен ол жорықта ханның жанында бірге болдым.

Сол жорықтан [Саид] хан олжалы оралды. Ізінше Қасым хан Ташкентке Сүйіншік ханға шабуыл жасады деген хабар келді. [Саид] хан тездетіп Ташкентке бет алды. Ферғана және Ташкент уәлаяттары арасындағы Кендірлік асуына жеткендерінде Қасым ханның қайтып кеткені туралы хабар жетті. [Саид] хан да Ахсиге оралды әрі Ферғана уәлаятының қамалдарын бекемдеп, қазақтарға қарай бет алды. Ондағы ойы Ташкентті алуға тағы да қазақтарды көтеру болатын. Мен ол сапардан сырқаттануыма байланысты қалып қойдым.

Хан жолға шығып, Моғолстанның мәшһүр жері Шуға (Жудке) келіп жетті. Қасым ханның сол уақытта жасы алпыстан асып, жетпіске таяп қалған кезі. Ал ханның қылшылдаған шағы болатын – жасы отызға жете қойған жоқ еді. Әзірше талай қажет деген жерге жаяу жүріп жететін. Қасым хан жасының ұлғаюына байланысты ханды қарсы ала алмайтынына кешірім өтініп, Жошы әулетінен тараған кейбіреулерінің жасы елу мен алпысты алқымдап қалған отыз-қырық сұлтанды, солардың ішінде Жаныш хан, Таныш хан, Мамаш хан, Жан Хайдар сұлтан, Қарыш сұлтан және тағы басқаларға тізе бүгіп, құрметпен қарсы алсын деп бұйырды. Соның ішінде Жаныш хан мен Таныш хан жас жағынан [Саид] ханнан көп үлкен болатын. Олар тізе бүккен кезде хан орнынан тұрды. Қалған сұлтандардың бәрі де тізе бүккен уақытта хан өз орнына отырып, сәлемін қабылдады. Қасым хан [Саид] хан алдына келгенде жылы жүздесіп құрметтегені сондай, хан өмірінің соңғы сәтіне шейін оның кішіпейілділігін ұмытқан

емес. Әрқашан сырласа қалғанда хан оны еске алып (Алланың нұры жаусын оған): Қасым хан асқан мәрт адам болған деп отыратын және онымен қалай танысқанын баян ететін-ді.

Осындай бір кездесуде Қасым хан [Саид] ханға жақындап: «Біз дала халқымыз, бұл жерде қымбат бұйымдар мен тағамдар жоқ. Ең қымбат байлығымыз – жылқы және ең дәмді тамағымыз – оның еті әрі ең сүйкімді сусынымыз – оның қымызы мен одан дайындалатын тағамдар.

Біздің өлкемізде бау-бақша мен зәулім үйлер жоқ. Серуендейтін жеріміз – малдың жайлауы, сонда барып бәріміз бірге бой жазып, сайран салып, жылқыларды қызықтаймыз», – деді. [Саид] хан одан әрі үйірге жақындап, Қасым хан талай аттарды көрсетіп, былай дегенін айтқан еді: «Менің екі арғымағым бар, екеуі бүкіл үйірге татиды», – деп арғымақтарды алып келді. [Саид] хан мына екі сәйгүліктей жылқыны ешқашан көрмегенін талай рет сүйсіне әңгімеледі.

Бірде Қасым хан: «Ел жылқының күш-қуатына қарай тіршілік етеді. Менде осы екі арғымақтан басқа өзіме лайық сенімді ат жоқ. Сондықтан екеуін бірдей сізге тарту ете алмаймын. Енді сіз қадірлі қонағым болғандықтан, екеуінің бірін таңдап, қабыл алыңыз», – деді. Ол әрқайсысын жеке-жеке сипаттап шықты. [Саид] хан біреуін алды. Ол арғымақтың аты – Оғылан Түрк еді. Шынында да, ондай арғымақ бұдан кейін туған жоқ. Қасым хан тағы бірнеше атты сол үйірден таңдап, алдына тартты.

Сонан соң қымыз құйған кесені ханның алдына ұстап тұрып Қасым хан: «Біздің қонақ сыйлауымыз осылай, егер дәмін татсаңыз, біз үшін үлкен мәртебе болмақ», – деді. [Саид] хан осыдан біраз уақыт бұрын ішімдікті қойып кеткен еді. Сол себепті: «Қойғаным бұл оқиғадан бұрын болған, енді сертті бұзуым қалай болар екен?» – деді. Қасым хан: «Бұрын айтқанымыздай, біздің сусынымыздың ең кереметі – жылқының сүті және одан дайындалатын тамаша өнімдер. Сізге қандай қызмет көрсетіп, көңіліңізден қалай шығу керектігін біле алмадым. Сіздей қадірлі қонақ біздің дастарқанға күнде келе бермейді, мен күнде қонақ иесі бола бермеймін. Ал мен сізді дұрыстап қонақ етіп, күте алмасам, бұл арманды қалай орындай алар екенмін?» – деп басын төмен салып, жүзінен мұнайған нышан көрінді. [Саид] хан ашылып, Қасым ханға: «Сертті бұзамыз, қымыз ішеміз!» – деді. Қасым хан қатты қуанды. Әңгіме басталып кетті. Жиырма күн қатарынан қымыз кесесін тауыса босатып ішіп жүрді.


Жаз айының аяғы еді. Қазақтар Қасым ханның бұйрығымен қыстауға бет алды. Қасым хан: «Бұл кезде Шайбанға шабуыл жасау қиын. Дала елі қазірден қыстың қамын жемесе болмайды. Қазіргі кезде жорық жасау мүмкін емес. Әрі бұл уақытта әскер де жинала алмайды», – деді. Ол сыпайы түрде жорыққа шығудан бас тартты. Кешірім сұрады. Бірақ адамгершілік, ілтипат көрсетіп, [Саид] ханға қайтуына рұқсат етті. Өз көшін туған жеріне қарай бастады. [Саид] хан қатты риза болып, қайта Әндіжанға аттанып кетті. Шілде айы еді. Хан сарайының бір ғалымы бұл оқиғаға «Ашти-йи қазақ» («Қазақтармен татуласу») сөзінен хронограмма тапты, ол 919(1513–1514) жыл [13, 307–310].

Керей мен Жәнібек хан құрған Қазақ хандығы тарих сахнасына көтерілгеннен бастап, талай тар жол, тайғақ кешулерге толы жылдар мен ғасырларды бастан кешті. Бір өліп, бір тірілген кездер де болды. Ақтабан шұбырынды, XX ғасыр басындағы 3



миллион қазақты жалмаған аштық, Сталиндік террор, Ұлы Отан соғысы да өз зардабын тигізбей қоймады. Осындай зұлматқа толы ауыр кезеңдерден соң, Жаратушы иеміз 1991 жылы халқымыз көптен күткен, аңсаған азаттықты сый етті. Енді сол қиын жылдар келмеске кетсін деумен қатар, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара отырып, мәңгілік ел болуға ұмтылуымыз керек. Елімізге Алла тағала соны нәсіп етсін!

## Қазақ мемлекетінің бас хандары (XV–XVIII ғ.) [21]



## **Мұхаммед Хайдар Дулати Орта Азияның XV–XVI ғасырлардағы әдебиеті мен мәдениеті, ғылымы мен өнері туралы**

Мырза Хайдар Орталық Азияның өз шығармаларын түркі тілінде де туындатқан Лутфи (т.ж.б. –1466), Әлішер Науаи (1441–1501), Ұлықбек (1394–1449), Хүсейін Әли Жалаири (XVI ғ.) іспетті көрнекті сөз зергерлерінен басқа, Әбу-л Қасым Фирдауси (932–1020), Хафиз Ширази (т.ж.б.–1389), Әбді-рахман Жами (1414–1492) секілді парсы әдебиеті классиктерінің туындыларын да жақсы білетін. Солардың кейбірін ол өзіне ұстаз тұтқан.

Әмір Темір ұрпақтарына қараған Мауараннаһр мен Хорасан өлкесінің Самарқан мен Бұхара және Герат секілді қалалары XIV–XV ғасырларда белгілі бір шамада әдеби, мәдени, ғылыми ошақтар қызметін атқарғаны белгілі. Онда сөз өнерін пір тұтқан талай майталман саңлақтар күн кешкен. Захир ад-Дин Бабыр сияқты Мырза Хайдар Дулати де атақты «Тарих-и Рашидиінде» осындай дәуір данышпандарына соқпай кетпеген. Ұлы ғалым онда, әсіресе Герат пен Иранның шығысында 40 жыл билік құрып өнер, білімді барынша өркендеткен әмірші Сұлтан Хүсейін Мырза Байқараға (1469–1506) жоғары баға берген. Оның тұсында өмір сүрген уәлі ауыз даналар мен арқалы ақындар, муамма жанрының білгірлері мен әлем руханиятының ортақ байлығы – көптеген қолжазбаларды көз майын тауысып көшірген хаттаттар (каллиграфтар), сондай-ақ жыр пырағын ерттеп мінген шайырлар жинақтарына миниатюралар салған суретшілер мен түрлі кітаптар һәм талай жазба жәдігерліктерді алтынмен әрлеп әшекейлеген шеберлердің өмірі мен шығармашылығына бағдар жасаған.

Иә, бар болғаны 26-ақ беттен тұратын «Тарих-и Рашидидегі» қысқа да нұсқа бұл тарау аса құнды деректердің молдығымен оқшаулана, үлкен жүк арқалап тұр. Әр ғасыр, әр кезеңдері өнер мен ғылымға ынта қойып, ықыласпен қараған талай ғұламалар «Тарих-и Рашидидің» осы бір тағлымды тұсына шұқшия үңілген. Оған ерекше мән бере қарап, өзге тілдерге аударғандар да жоқ емес.

Қысқа да нұсқа өз баянын Мырза Хайдар әуелі парсы поэзиясының дүлдүлі, әдетте Маулана Әбдірахман Жами деп аталған парсы әдебиетінің Гератта күн кешкен классигі – Нұраддин Әбдірахман бин Низамиддин Ахмад Жамиден (1414–1492) бастаған. Әйтсе де ол бұл тұста шығармашылығы ұшан-теңіз әйгілі дарынды тек ақылгөй әулие, сопылардың рухани ұстазы, тақуа ретінде ғана қарастыратынын алдын ала ескертіп кеткен. Мырза Хайдар Жамиге «Шейхул-л-ислам, жұрт мақтанышы, мұсылман қауымы мен Ислам дінінің нұры» [13, 239] деген баға бере отырып, әрі қарай оның сопылар иерархиясындағы шежіресін саралайды. Кемеңгер оларға еткен игі ықпал әсері, кемеңгерлік келбеті көрінетін шағын әңгімелерді келтіреді.

Автор Жамидің ұстазы қашғарлық Маулана Сабададдин (1456 ж.к.б.) туралы да айтуды ұмытпаған. Ал ол Маулана Низамаддин Хамуштың, Хамуш Қожа Алааддин Аттардың, ал Аттар Орта Азиядағы сопылық мектептің негізін салған Қожа Баһа ад-Дин Нақшбандидің (1318–1389) шәкірті еді. Бұл ретте айта кетер жайт – Маулана Сабададдиннің кейбір атақты шәкірттерімен Мырза Хайдардың ата-бабалары да қарым-қатынаста болғандығы. Ұлы ғалым арғы атасы Әмір Саид Ахметтің осындай

әулиелердің бірі Шейх Хабибтің мүриті болғанын еске ала келе: «Әмір Саиид Ахмет бірде кішкентай баласы Мір Саиид Әлиді шейх Хабибке ертіп келеді. Шейхпен сұхбат үстінде Мір Саиид Әли жас балаға тән қылықпен әкесінің қой дегеніне қарамай, бірдеңе сұрап қыңқылдай береді. Сонда шейх: «Ол не дейді?» депті. Баланың «қарным ашты» дегені айтылады. Әңгіме қазір де бар тұт ағашының түбінде болса керек. Ол тұт ағашына барып, мен де тағзым еттім. Ол ағашты бәрі біледі. Шейх Хабиб мазарына тағзым етуге кім келсе де, оған әдетте осы оқиға айтылып, сол ағаш көрсетіледі.

Шейх ойға кетіп үндемей қалады. Осы кезде ағаштан дөп-дөңгелек ыстық нан түседі. Шейх оны Әмір Саиид Әлиге беріп, бұл оның несібесі екенін, несібесімен оның ешкіммен бөліспейтіндігін айтады. Шынында да, Әмір Саиид Әли бақытты ғұмырындағы барлық игілікті шейхтың сол батасының арқасында көрді. Бұл әңгіменің мақсаты – Қашғардағы Маулана Сабададин әулетінде осындай да ұлы адамдар болғанын айту», – [13, 239–240] дейді.

Мырза Хайдар бұдан кейін жоғарыда аталған әулие, сопыларға да қысқаша тоқталып, олар жайлы ой сабақтайды. Маулана Жами ұстазы Сабададин дүниеден өткен соң, Қожа Ахрар деген атпен мәлім самарқандық сопы Қожа Нәсір ад-Дин Ұбайдоллаға (1404–1490) мүрит болған. Сол себепті ол біраз уақыт Самарқанда да тұрады. Автор Жамидің жалпы аз сөйлеп, көп тыңдайтын кемеңгер болғанына көңіл аударады. «Ал егер ол сөйлей қалса, сөзі мірдің оғындай еді», – [13, 244] дей отырып, ол Жамиге қатысты бірнеше қызықты хикаяны көлденеңдетеді.

Жами қайтыс болған соң, шәкірті Абд әл-Ғафур Лари (1506 ж.қ.б.) ұстазының шығармаларын жинап, реттеп, оған түсіндірмелер жазып, өмірбаянын хаттаған. Осыны мәлімдей отырып, Мырза Хайдар «Тарих-и Рашидиде» Әбдірахман Жамидің он беске жуық нақтылы еңбектерінің атын атаған. Мұның бәрі жамитанушылар үшін, сөз жоқ, өте құнды деректер екені анық.

Сонымен қатар М.Х. Дулати ілгеріректе жасаған осындай сопылардың әкесі Мұхаммед Хүсейін екеуі Гератта тұрғанда көзімен көріп, әңгімелерін тыңдау құрметіне ие болған Маулана Әбу Саиид Убехи, Маулана Ваиз, Маулана Қожа Кухи, Хафиз Махмұт Зийаратгахи секілді тағы да басқа бірқатар сопыларды атайды. Олар жайлы азды-көпті деректер келтіреді.

Мырза Хайдар сондай-ақ хорасандық ғұламаларға да арнайы тоқталған. Әсіресе, ол Әмір Темір тұсында ғұмыр кешіп, логика мен теология бойынша бірқатар еңбек жазған Маулана Сабададин Тафтанази (1390 ж.д.б.) мен философия, астрономия және тағы да басқа ғылым салаларына қатысты көптеген туындылардың авторы, белгілі ғалым Мир Саиид Шариф әл-Журжани (1413 ж.қ.б.) арасында өткен ғылыми пікірталастарға зер салған.

Ондай отырыстарда Мир Саиид кейде жеңіп те кетеді екен. Ащы жеңілісті көтере алмай, бірде қарт Маулана ауырып қалады. Көңілін сұрай келген Мир Саиидтан хадис ғылымы бойынша ол тағы да сөзден ұтылып, ұяттан өртене жаздайды. Осындай сәтсіздіктерді көтере алмаған ол ауырып, ақырында қайтыс болады.

Осы Маулана Тафтазанидің немересі Шейху-л ислам да атасына ұқсап атақты ғалым болады. Оның тақуа, әулие, білімпаздығы сонша, ешкім де оның уәжіне дау айта алмаған. Сол кезде ғұмыр кешкен Маулана Асамадин Ибраһим, Мир Мұхаммед-и



Мир Йусуф, Маулана Шамсаддин Мұхаммед Бахрабади секілді 25-ке жуық мәшһүр ғалымдар өз еңбектерін жазуда кейбір мәселелер бойынша Шейху-л исламмен үнемі ақылдасып отырған. Ғалымдар екіге бөлініп ғылыми сайысқа түсіп, ақырында Шейху-л исламнан төрелік өтінсе, ол тіпті екі жақ та күтпеген тосын шешім айтады екен. Шейху-л ислам жүргізген дәрістер 24 жыл бойы осылай өтіп, ғалымдар онсыз ештеңе шеше алмай, ғұлама уәжіне амалсыз табан тіреуге мәжбүр болған.

«Әкем Хорасанға келгеннен кейін бірнеше күн өткен соң, – деп жазады Мырза Хайдар, – сәбидің дүниеге келгеніне төрт жыл, төрт ай, төрт күн толғаннан кейін, мектепке беретін дәстүрге сай мені де медресеге беруге ұйғарды. Бұл істің сәтті болуы және де бата алу үшін мені ол Шейху-л исламға апарып, одан маған ақыл-әсиет, бата беруді өтінді. Шейх: «Я, раббым, ондай гөр», – деді де, аса мейірбандық һәм елжіреумен мені тізесіне отырғызып, өте бір ізгі иманжүзділікпен ақыл, әсиетін айтты. Міне, бүгін содан бері 38 жыл өтсе де, шейхтың сол бір мейірбан жүзімен берген ізгі ақыл-кеңесі жадымда тасқа басылған таңбадай сақталып қалды» [13, 252].

Үлкен қаламгер одан әрі ақындар жайлы әңгімесін тағы да Әбдірахман Жамиден бастаған. Жами кемеңгер ойшыл ғана емес, сондай-ақ атақты ақын болғандықтан да, Мырза Хайдар оның поэзиясын талдап жатпаған. Ол туралы: «Жами өлеңдерінің жұртқа белгілігі сонша, ақын шығармаларынан мысал келтіріп, дәлелдеп жатудың қажеті жоқ», – [13, 254] дей келіп, ол түркі халқының үлкен мақтанышы, гуманист ақын Әлішер Науаи (1441–1501) шығармашылығына ден қояды. Мырза Хайдар Әлішер Науайді тегі жағынан ұйғыр деп көрсеткен. Ұлы ғалым: «Науаи – оның лақап аты. Науаиге дейін және кейін де түркі тілінде одан көп жыр тудырған ешкім жоқ. Бұл ғылымда ол нағыз шебер. Жамидің парсы тіліндегі жырлары секілді, оның түркі тіліндегі өлеңдері де зор атаққа ие. (Науаидың) парсы тілінде жазған өлеңдері де көп. Парсы тіліндегі жырларын ол «пәни» деген лақап атпен жазды. Оның түркі тілінде үш және парсы тілінде жазылған бір диуаны бар... Оның бұдан басқа да шығармалары көп», – [13, 254] деумен қатар, Мырза Хайдар Науаидың өз иелігінен түскен түсімнің барлығын қайырымдылық ісіне жұмсаған азаматтығына да тоқталады. Атақты ақын сондай-ақ ханакалар мен мешіттер һәм мекен-жайлар да салғанын айтады. Солардың көпшілігі, – деп жазады ол, – бүгінге дейін сақталған.

Иә, көзі тірісінде-ақ мәшһүр ақын, қарымды қайраткер, үлкен жүректі азамат ретінде танылған Әлішер Науаидың атақ-даңқы қазір де биік.

Мырза Хайдар Әлішер Науайдан кейін Сухайли деген ныспымен жазған Әмір шейх Ахмад және Асафи, Ахи, Ғилали, Биннаи, Сайфи секілді жыр дүлдүлдерінің де шығармашылығы туралы айта кетуді ұмытпаған.

Бұл тұстағы тағы бір бағалы дерек – Әлішер Науаи тұстастарының бірі Хасан Әли Жалайыр атты ақын шығармашылығы. «Оның шын аты-жөні Хүсейін Жалайыр, – деп жазады Бабыр, – бірақ ол Хасан есімімен көбірек танымал» [10, 203]. Ол сондай-ақ Туфайли атты лақаппен де жазған. Ол Герат әміршісі Сұлтан Хүсейін мырза орынбасарларының бірі және парванашысы қызметін атқарған. Кейінірек Бабырдың сарай ақыны болған. Бабыр оның шығармашылығына жоғары баға бергенімен, өлеңдерінен мысал келтірмеген. Ал Мырза Хайдар шайырдың, әсіресе, қасыда (поэма) жазудағы теңдесі жоқ шеберлігін, онымен тіпті Салман (Жамаладдин Салман Саваджи

(1377 ж.к.б.) мен Захир Фарйаби (1202 ж.к.б.) секілді ақындардың да үзенгі қағыса алмайтынына мән бере отырып: «Оның шикаст редифты қасыдасы бар. Осы редифте одан басқа ешкім де өте үлкен қасыда жазған емес», – [13, 256] дейді де дастаннан төмендегі үзіндіні ұсынған:

1. Құрма ағашындай бойың көрінді де, кипаристен сән кетті.
2. Лағыл ернің жымыды да, гауһар тастан мән кетті.
3. Пісте ернің гүл қауызының ішіне қан жүгіртті.
4. Ерніңнің гүл қауызы пістенің жымымысын жоқ етті.
5. Оның көзінің қарашығы даналық ғимаратының іргесін шайқалтты.
6. Йаджуджаның бүлігі Ескендір (Зұлқарнайынның) дуалын қиратқаны сияқты.
7. Сенің бойың есіне түскендіктен көгершін зарлап жылайды.
8. Менің демімнің дауылы бақтағы кипаристің ұстынын опырды.
9. Тыныштық пен бейбітшілік қорғаны Шаһ Бади аз-Заман.

Осылай әділдік қолымен залымның омыртқасын опырды [13, 256].

Қара сөзбен аударылса да, бұл жыр жолдарының өзі-ақ Хасан Әли Жалайырдың өз заманының лирик ақыны болғандығын байқатады.

Мырза Хайдар муамма жанры жолын қуушылардан Мир Хүсейін, Маулана Мұхаммед Бахши, Маулана Шиһаб іспетті өнерпаздардың атын атаған.

Араб-парсы әлеміндегі секілді Самарқан мен Бұхара және Гератта да ертеректе мұсылман шығысында туған хаттаттық (калиграфия) өнер кеңінен белгілі болған. Ұлы ғалым оған да бірнеше бет арнай отырып, аталмыш ғасырда настағалик, тағалик, сулс, насх, рикъа, мухакках, райхан іспетті хұсни хат үлгілері кең етек жайғанына тоқталған. Хаттаттар әуелден-ақ настағаликке көп мойын бұрса керек. Оның негізін қалаушы ретінде Мырза Хайдар Мир Әли Тебризиді атайды. Аталмыш көркем жазу түрлерінің өзіндік мектебі мен оның өкілдері және оның әрқайсысының өз ізбасарлары болса керек.

Мырза Хайдар аталған жазу үлгілерін ғана емес, сондай-ақ оны дамытып, өз мектебінің негізін қалағандар және олардың өз шәкірттері мен жолын қуушылардың шығармашылығы туралы да бірқатар қызықты мәліметтер келтірген. Бұл ретте ол Сұлтан Хүсейін Мырза Байсұңқардың Гераттағы кітапханасында қызмет еткен Маулана Жағфар қалдырған ізге тоқталады.

Тағалик жазу үлгісінде Маулана Жағфардың шәкірті Мир Абдулхай оза шапқан. Оның да көптеген шәкірті болған. Баз бірде шәкірттері ұстаздарынан озып та кеткен. Маулана Сұлтан Әли Мешһеди насх және тағалик іспетті екі жазу үлгісін де қоса меңгеріпті. Тіпті ол хұсни хат үлгілері туралы трактат жазып, өзіне аталмыш өнердің Әзірет Әлінің (Әли ибн Әбу Талиб, төртінші халифа, VII ғ.) түсінде бата беруімен қонғанын мақтаныш етсе керек.

«Хаттаттардың барлығы да әдетте өз стилін қалыптастыруға тырысқан. Маулана Сұлтан Әли Мешһедидің: «стильсіз жазуды, жалпы, жазу деуге болмайды» деген аталы сөзін келтіре отырып, ұлы ғалым хұсни хаттан өзіне дәріс берген ұстазы Маулана Қасым Әлиді ілтипатпен еске алады. «Қаламы доғал болғанымен, талғамы, нәзіктігі және мығымдығы жағынан оның жазуы басқа хаттардың бәрінен де бөлекше-тін. Мына жаман неме – Мырза Хайдар соның шәкірті», – [13, 262] дейді.

Мырза Хайдардың осы айтқандары жұртшылықтың сол кездері хұсни хатты үлкен өнер тұтып, оған құрметпен қарағанын байқатады.

Суретшілер Мырза Хайдар Ұстаз Мансурды ерекше атайды. Ол салған миниатюралар өте нәзік, әдемі де нақыштылығымен ерекшеленген. Әсіресе, ол оның соғыс тақырыбына арналған миниатюралары кемеліне келген боп келетінін айтады. Осындай өнерімен оның баласы Шаһ Мұзаффар да өзгелерді баураған. Оның да оқушыларынан Мырза Хайдар Маулана Дәруіш Мұхаммедті атай отырып, сурет сабағы бойынша оның өз ұстазы болғанына тоқталған. «Қаламұшының нәзіктігіне келгенде онымен ешкім де теңесе алмайды. Ол тіпті Шаһ Мұзаффардан да асып түсті. Әйтсе де оның дүниелерінде Шаһ Мұзаффар суреттегендей симметрия, шеберлік және сұлулық жоқ. Соғыс көріністерін бейнелеуде ол кемелдігін көрсете алмады. Аттылы сарбаз найза ұшымен ұстап тұрған арыстанды өте кішкентай етіп салғандығы сонша, оның бәрін күріштің бір ғана дәнімен жаба салуға болар еді», – [13, 262–263] деп жазады ол тәлімгері туралы.

Аталмыш кезеңде көптеген суретшілер түрлі жинақтарды безендірумен айналысқан. Бұл ретте Мырза Хайдар Шаһ Мұзаффардан басқа өз өнерімен атағы алысқа кеткен Бехзатты ауызға алады. «Көркем суретте Бехзат шебер еді. Оның қолы Шаһ Мұзаффар секілді өте нәзік болмаса да, Бехзаттың қаламы Шаһ Мұзаффарға қарағанда мықтырақ еді. Оның суреттерінің планы мен композициясы Шаһ Мұзаффарға қарағанда жақсырақ болатын» [13, 263] – деп жазады Мырза Хайдар. Бұл екі суреткер де атақты Әлішер Науаидың шәкірттері еді.

Мырза Хайдар суретші, кескіндемешілерді осылай саралап қана қоймай, олардың шығармашылығын мүмкіндігінше талдап, жетістігі мен кемшін тұстарына да тоқталады. Мысалы, Бехзаттың туындыларына қарағанда кемелдірек болғандығын атайды. Сөйтеді де: «Бірақ ол дүниелер орындалуына келгенде, Бехзаттың деңгейіне жетпейді. Әйтсе де ол өзінің шығармаларын кез келген жерде – жорықта тоқтап тыныс алған кезде, Мырзаның (Сұлтан Байқара) жанында, үйде, түзде салды. Ол ешқашан шеберхана не станокқа байланып қалған емес», – [13, 263] дейді.

Түрлі кітаптар мен жинақ мұқабаларын алтынмен әрлеу, әшекейлеп бедерлеумен айналысқан өнерпаздардан Мырза Хайдар Молда Вали, Молда Йари, Маулана Махмұдты атайды. Олардың бәрі де ұлы ғалымның жазуына қарағанда өз өнерлеріне аса жауапкершілікпен қараған дарындар болған. Мысалы, Маулана Махмұд Сұлтан Хұсейін мырза кітабының мұқабасын әшекейлеумен 7 жыл бойы айналысыпты. «Ол кезде алтынмен әрлеп, әшекейлеушілер көп еді. Бірақ осы өнердің хас шебері тек біз айтқан екі-ақ адам», – [13, 264] дейді Мырза Хайдар.

Ал ән өнері өкілдерінен талғампаз дарын Хафиз Басир, Хафиз Хасан Әли, Хафиз Жамиді атайды. Олардың көпшілігі әнді түсініп, нақышына келтіре, сызылта салған өнерпаздар екендігіне тоқталған. Бұл ретте ол аталмыш саңлақтардың дауысын салыстырып, оларға тіпті өз бағасын бере кеткен. Ал Қожа Абдалла Марварид, Ұстад Саид Мухаммад Гиджаки, Мазхар-и Уди, Ұстад Құл Мұхаммед, Ұстад Хайдар Шаһ Балбани, Ұстад Шейхи Найилер түрлі музыкалық аспаптар ойлап тапқан. Осы өнерпаздардың өз өнерін жетілдіріп, халық арасына кеңінен таралуына Әлішер Науаи, әсіресе кең жол ашып, қамқорлық көрсетіп, қолдап көмектескен. Рухани өмірдің ерекше

жанданып, өнерпаздар атактарының алысқа кетуінің бір себебі де осында болса керек.

Мырза Хайдар шығармасындағы мәдениет майталмандарының әрқайсысына толығырақ тоқталып, қайырыла да қадала айтып жатқанымыз, олар ойлы оқырманның есінде жүрсе деген игі тілек. Өйткені Мырза Хайдар сияқты терең білім, биік парасат иесінің арқасында біздің заманымызға жеткен Хорасан мен Бұхара және Самарқанның осындай талантты ғалымдары мен ойшылдары міндетті түрде өз алдына жеке зерттеу объектісі болуы тиіс.

*Енді «Тарих-и Рашидиде» аталған жазба дүниелерді қысқаша атай кетейік:*

*«Диван» (Жами)*

*«Инша» (Жами)*

*«Жүсіп пен Зылиқа» (Жами)*

*«Лаваих» (Жами)*

*«Нафахат әл-унс» (Жами)*

*«Бірінші диуан» (Жами)*

*«Силсилат аз-заһаб» (Жами)*

*«Муамма» туралы трактат (Жами)*

*«Хафт ауранг» (Жами)*

*«Шавахид ан-набувват» (Жами)*

*«Шарх-и қафииа» («Шарх-и молла» Жами)*

*«Шарх-и Лама ат» (Жами)*

*«Шарх-и рубайат» (Жами)*

*«Шарх-и миймийа» (Жами)*

*«Шарх-и Фусус» (Жами)*

*«Шарх-и рубайат» (Жами)*

*«Бустан» (Сағди)*

*«Уакай» (Бабыр)*

*«Дастур әл-амал»*

*«Жам-и гитинамай»*

*«Жами ат-тауарих» (Қожа Рашидаддин Фазлаллаһ)*

*«Нафахат әл-унске» «Шарх» (Маулана Абдалгафур Лари)*

*«Зиж-и Гургани» (Ұлықбек)*

*«Зафар наме» (Шарафаддин Әли Йазди)*

*«Қасида-и бурда» (Шарафаддин Әли Йазди)*

*«Киелілер қасидасы»*

*«Кашф әл-махжуб» (Әбу-л Хасан Әли әл-Газнауи)*

*«Қуат әл-қулуб» (Әбу Талиб Мұхаммед б. Әлі)*

*«Жами ат-тауарих» (Рашидаддин)*

*«Мақамалар» (Қожа Баһа ад-Дин Накибанди)*

*«Мақамалар» (Қожа Мұхаммед Жүсіп Жақып б. Аййуб Хамадани)*

*Қожа Абдолхалық Гиждувани*

*«Маснауи» (Маулана Жалаладдин Руми)*

*«Мифтах»*

*«Мубайан» (Бабыр)*



«Мужам әл-булдан» (Йақұт әл-Хамауи ар-Руми)  
 «Мужиз» (Әбу-л Фазл Мұхаммед әл-Газнави)  
 «Мулхакат ас-Сурах» (Жамал әл-Қарши)  
 «Минажат» (Әбу Әли Даккак Нишапури)  
 «Муттараз-и муамма» (Шарафаддин Әли Йазди)  
 «Рисала-и уалидийа» (Қожа Ахрар)  
 «Сийар ан-наби» (Шейх Саид Казаруни)  
 «Силсилат әл-арифин» (Мұхаммед Қазы)  
 «Сувар-и ақалим» (Рашидаддин Фазлаллахтың «Жами ат-тауарихы»)  
 «Сурах әл-лұғат» (әл-Жауһари)  
 «Тажрид» (Насыраддин Мұхаммед Туси)  
 «Тазкират әл-аулийа» (Әлішер Науаи)  
 «Тазкират ас-салихин» (Әбу-л Қасым Жунаид Багдади)  
 «Тағриф-и булдан» «Тарих-и гузида» (Қожа Хамдаллах Мұстауфи)  
 «Тарих-и жаһангушай» (Жувайни)  
 «Тарих-и манзум» (Әбдіразақ Самарқанди)  
 «Түрік арузы» (Бабыр)  
 «Ұлыс-и арба» (Ұлықбек)  
 «Фикһ-и ахват» (Шамс Нұрбахши)  
 «Хамса» (Науаи)  
 «Хамса» (Сухайли)  
 «Хулал-и муамма» (Шарафаддин Әли Йазди)  
 «Шарх» Ларидің «Нафахат әл-унсіне» түсініктеме  
 «Шархқа» жазылған Толықтыру» (Абдолгафур Лари)  
 «Шаһ-уа гада» (Гилали)  
 «Шаһ наме» (Фирдауси) [13, 595–596].

### Әдебиеттер:

1. Амин бин Ахмад Рази. Хафт иклим. Рук ИВ АНСССР, с.605, л.520.
2. Бартольд В.В. The Tarikh-i Rashidi of Mirza Muhammad Haidar Dughlat// Сочинения, Т. VIII. – М. 1973.
3. Бартольд В.В. Хайдар Мырза// Сочинения, Т. VIII. – М. 1973.
4. Валиханов Ч.Ч. Из «Тарих-и Рашиди» Собр.сочинений. – Алма-Ата, 1985, т. 4, стр, 14–27.
5. Великие ученые Средней Азии и Казахстана. Сборник статей. – А-Ата, 1965.
6. Вельямиков-Зеренов В.В. Исследование о касимовскмх царях и царевичах. Спб.1864.
7. Марғұлан Ә. Мұхаммед Хайдар Дулати – қазақтың тұңғыш тарихшысы// Әдебиет және искусство, 1941, №4, 78–87-беттер.
8. Материалы по истории Средней и Центральной Азии X–XIX вв. Изд. «Фан».

– Ташкент, 1988.

9. Материалы по истории казахских ханств XV–XVIII вв. (Извлечения из персидских и тюркских сочинений). Составители С.К. Ибрагимов, Н.Н. Мингулов, К.А. Пищулина, В.П. Юдин. – А-Ата, 1964.

10. *Мирза Мухаммад Хайдар*. Тарих-и Рашиди. Введение, перевод с персидского А.Урунбаева, Р.П.Джалиловой, Л.М.Епифановой. Примечания и указатели Р.П.Джалиловой и Л.М.Епифановой. Изд. «Фан» АН Узб ССР. – Ташкент, 1966.

11. *Мухаммад Азам*. Вакиа-и Кашмир. Рук ИВ АН СССР. В. 2458, 1л. 121–123.

12. *Махмуд бин Вали*. Бахрал-асрар. Фотокопия рукописи Джурабека. Хранящаяся в ЛО НВ. АН СССР, 1 л. 69, 71 а. 210 а и др.

13. *Мұхаммед Хайдар Дулати*. «Тарих-и Рашиди». Жалпы редакциясын басқарған және алғы сөзін жазған филология ғылымдарының докторы, профессор Әбсаттар қажы Дербісәлі. Парсы тіліндегі қолжазба нұсқасынан тәржімалаған Ислам Жеменей. Қазақ және орыс тіліндегі нұсқаларын салыстырып, әдеби өңдеп, толықтырып аударған әрі ғылыми редакциясын жасаған Мұхтар Қазыбек. Өлеңдерін жолма–жол тәржімасынан аударған Қадыр Мырза Әлі. – Алматы, 2003.

14. Прошлое Казахстана в источниках и материалах. Сборник I/V в до н.э. – XVIII в н.э.). Под редак. С.Д. Асфандиярова и проф. П.А. Кунте. – М.–А-Ата, 1935.

15. *Султанов Т.И.* «Тарих-и Рашиди» Мирза Хайдара Дулати (Литературная история памятника)//Письменные памятники Востока. Историко-филологические исследования. Ежегодник. 1975. – Москва, 1982, стр. 116–135.

16. *Хафизу Таныш ибн Мухаммед Бухари*. Шараф нама-и шахи. – М. 1983.

17. *Шах Махмуд ибн Мирза Фазил Чурас*. Хроника. Критический текст, перевод, комментарий, исследование и указатели Акимушкина О. Ф. – М., 1976.

18. *Шейх Сулейман Афанди Бухари*. Лугат чагатай ва турки Усмани. – Истанбул, 1880.

19. The Tarikh-i Rashidi of Mirza Muhammad Haidar Dughlat. A history of the Moghuls of Central Asia. An English version<sup>6</sup> ed with commentary, notes and map by N. Elias. The translation by E. Denison Ross, 1898, (Patna, 1972). Appendix A., p. 487–491.

20. History of the rise of the Muhammedan Power in India. John Briggs. English translation of the Tarikhi-I Firishta in four volumes. Calcutta, 1910.

21. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. – Алматы, 2003, 5-том, 438 бет.

## 2.2. Жаһан наме

Мырза Мұхаммед Хайдарды біз негізінен тарихшы ретінде танып, бағалап келдік. Десек те кейбір еңбектерде оның ақын да болғандығы жайлы айтылғанымен, поэзиясы туралы нақтылы деректер өте аз ұшырасады.

Әйтсе де оның қаламынан «Тарих-и Рашиди» секілді классикалық еңбектен басқа «Жаһан наме» атты поэма да туған. Ғалым еңбектерінің әлем кітапханалары мен қолжазба қорларына шашырап кеткендігі сияқты поэма да көпке дейін беймәлім болып келді. Оны Берлин кітапханасынан кездейсоқ ұшыратып, оқып, 1937 жылы неміс тілінде ол туралы шағын да болса тұңғыш мақала жазған, башқұрт халқының көрнекті мемлекет қайраткері, белгілі ғалымы Ахмет Зәки Валиди Тоған (1891–1970) [12] болатын.

Әуелі ол поэманың еш жерінде автордың аты аталмайтынына көңіл аударған. Сол себепті және де поэма ежелгі түркі әдеби тілінде жазылып, Орталық Азияда болған тарихи оқиғалар баяндалатындықтан ба, неміс шығыстанушысы И.М. Хартман (1764 – 1827) оны Қожа Ахмет Йасауи өлеңдерінен тұратын жинаққа қосқан. Содан оны Ахмет Зәки Валиди оқи келе, поэманы жазған Мырза Мұхаммед Хайдар Дулатиден басқа ешкім де емес деп пышақкесті тұжырым жасаған [12, 986]. Башқұрт ғалымының уәжін орынды көрген ағылшын шығыстанушысы Ч.А. Стори (1888–1967) парсы әдебиеті тарихына арналған белгілі еңбегінде Мырза Хайдар шығармашылығына бірнеше бет арнай отырып: «Мен Хартман коллекциясындағы география туралы өлеңмен түркі тілінде жазылған авторы белгісіз «Жаһан наме» атты шығарманың Ахмет Заки Валиди дәлелдегендей Мырза Хайдар еңбегі екенін, оны Мырза Хайдар Бадахшанда болған кезде жазғаны жайлы хабарлағаны үшін сэр Дэнисон Росқа (1871–1940) өте ризамын» [9, 1202] десе, Т.И.Сұлтанов: «*Оған поэзия да жат емес-ті. Ол түркі және парсы тілдерінде бірдей жазды және оның «Аяз» атты ақындық лақабы болды. 936/1529–1530 жылдары Мырза Хайдардың Бадахшанда болуына орай туған түркі тілді «Жаһан наме» атты поэманы (ұлы ғалым) жазған делінеді*» ... «*Жаһан намеде» сондай-ақ тарихи және өмірбаяндық сыпатты да мағлұматтар бар*» [10, 116] – деп Ч.А.Стори мағлұматтарын толықтыра түскен.

Дей тұрғанмен «Тарих-и Рашидиді» зерделеген Н.Н. Туманович атты тағы бір ғалым: «*1529–1530 жылдары ол Бадахшанда болған кезде жазған, өлеңмен өрілген жағрафиялық трактат Мырза Хайдардікі деген болжам бар*» [11, 61]– деп ұлы ойшылдың өлең өнеріне қатысты да мұрасы барлығына Т.И. Сұлтановтан бұрын 70-жылдардың басында-ақ назар аударған. Бұл ретте ол Т.И. Сұлтанов сияқты «жазған делінеді» демей, керісінше «Мырза Хайдар қаламына жатады деген болжам бар» деп шығарма авторының Мырза Хайдар екеніне меңзеп тұр. Т.И. Сұлтановтың «өмірбаяндық сыпаттағысы» мен Н.Н. Тумановичтің «болжам бары», Ахмет Зәки Валидидің «Жаһан намені» жазған «Мырза Хайдардан басқа ешкім де емес» деуіне себеп – поэма беташарындағы автордың бірінші жақтан баяндаған өмірбаянының Мырза Мұхаммед Хайдардың «Тарих-и Рашидидінің» «екінші дәптерінде» жазған өмірбаянымен тікелей әрі толық үндесуі, рет-ретімен оны қайталауы һәм ақынның

(Мырза Мұхаммед Хайдардың) 33-бәйітте:

33. Маңа сар-гозашт улған ишдин дейин,  
Куңул ғам била тулған ишдин дейин.  
Менің басымнан өткен іс жайлы айтайын,  
Көңіл қайғыға толған іс жайлы айтайын, –  
деуі дер едік.

Әйтсе де Берлин кітапханасының қолжазба қорындағы бұл асыл дүние көпке дейін қолымызға түспей келді. Тек 1994 жылы ғана Мюнхен университетінің оқытушысы Лидя Клетцель ханымның көмегі арқасында «Жаһан наме» автордың тарихи отанына қайтып оралды.

Поэманы аудару үстінде бірде 1994 жылы Шыңжаң өлкесіне іссапармен барудың реті келді. Сол жолы ғалымның ата-бабалары мен өзінің де 18 жыл ғұмыры өткен Қашғар, Опал, Хисар, Жаркент секілді қалалар мен тарихи мекендерді араладық. Үрімшіге оралған соң, Шыңжаң университетінің профессоры, әдебиетші-ғалым Әбдікерім Рахман менің Мырза Мұхаммед Хайдар шығармашылығымен айналысып жүргенімді естіп, «Жаһан наменің» бір көшірмесінің 1981 жылы Қашғар қаласынан табылғанын айтты. «Сабақты ине сәтімен» дегендей, оны [3] сол сапарда сондағы қазақ ғалымы Ахметбек Кіршібаевтан Алматыға алып қайттым.

*«Жаһан наме» дастанының, – деп жазылған ондағы алғы сөзде, – қолымыздағы жалғыз қолжазбасын қашғарлық кітапхұрыш Қадірбұлақ 1981 жылы тауып, 1982 жылы Шыңжаң Қоғамдық ғылымдар академиясы қолжазбалар қорына өткізген... Бұл қолжазба Патлық Қотан қағазына настағлиқ жазу үлгісімен екі бағана етіп көшірілген. Қолжазбаның форматы 16х10,5 см, ал жалпы көлемі 56 парақ (Дастанның жалпы нобайы 112 бет)... Әрбір беті 13 жолдан тұрады. Бәйіттер қара сиямен, тарау тақырыптары қызыл сиямен көшірілген. Қолжазбада кейбір сөздердің өшіріліп қайта түзетілгендігі, кейбір сөздерде мазмұн мен емле жағынан қателерге жол берілгендігі аталмыш дүниенің автордың өз қолымен емес, кейінгі жылдары көшіруші жағынан қандай бір нұсқаға (бәлкі түпнұсқа болуы да мүмкін) сүйеніп көшірілгендігіне куәлік етеді» [3, 1–2].*

Бірақ Шыңжаң ғалымдары шығарма мазмұнына қарап, поэма авторын «Айаз Шикаста» деп көрсетіпті. Олар, сірә, Ахмет Зәки Валидидің мақаласы мен поэманың Берлиндегі нұсқасынан бейхабар болса керек. Сондай-ақ олар неге екені белгісіз поэма «Кіріспесіндегі» автордың *«бұл қамкөңілдің өзінің басынан өткен оқиға»* деп шегелей көрсеткеніне мән бермеген. Оны қаперге алып «Тарих-и Рашидимен» салыстырғанда Ахмет Зәки Валиди айтқандай, *«поэманы жазған Мырза Хайдардан басқа ешкім де емес»* екеніне оп-оңай-ақ көз жеткізуге болар еді.

1999 жылы өзбек ғалымдары «Жаһан намені» аудармастан, Берлин қолжазбасы бойынша бастырып шығарды [5].

Біз «Жаһан намені» ежелгі түркі әдебиеті тілінен қазақ тіліне аудару кезінде Берлин мен Қашғар нұсқаларын салыстырып отырдық.

Берлин нұсқасында 1704 жыл деген мерзім көрсетілген. Әйтсе де Ахмет Зәки Валиди оны Молла Умар ибн Молла Қажы деген кісінің 1814 жылы көшіргеніне назар аударады. Шынында да, поэма соңында осылай делінген.



«Жаһан наменің» Берлин нұсқасы 1328, Қашғар нұсқасы 1329 бәйіттен тұрады. Ара-арасында қазақ батырлар жырындағы сияқты қара сөз де араласып отырады. Мұнда, әсіресе, араб, парсы сөздері мен сөз тіркестері жиі ұшырасады.

Поэманы шартты түрде бірнеше бөлімге бөлуге болады. Алғашқы 110 бәйітті шығарманың «Кіріспесі» дер едік. Оның өзін де көтерген тақырыбы, айтылар жәйттерге орай бірнеше тараушаға таратуға болады.

Ежелгі мұсылман Шығысы әдебиетінде кейбір көркем дүниелер әдетте «хамд» (мақтау), «мунажат» (мінажат), «наът» (теңеу, эпитет), «мадх» (мадақ) және «сабаби назми китаб» (кітаптың жазылу себебі) іспетті шартты бөлімдерден тұрады. «Жаһан намеде» де осы қағида бұзылмаған. Әйтсе де Кеңес дәуірінде ондай шығармалардың көпшілігінің осы бөлімі коммунистік идеология шарттарына сай келмейтіндіктен алып тасталынатын. Біз ол әдетті бұзып, поэманың қылауына да тимей, дастан мәтінін толық та түгел бердік. Сонымен дастанның «мақтау» бөлімінде Мырза Мұхаммед Хайдар әуелі (1–14-бәйіттерде) Жаратушыны жырға қосады.

1. Санайи жаһан афаринга бурун,  
Ким андин емастур иши йашурун.  
Мадақ – жаһанды жаратушыға бұрын  
[Ешкімнің де] емес одан ісі жасырын.
  
2. Неким адамиини хийали йетар,  
Һар ишким улусдин неһани йетар?  
Неңдей [бір] адамның ақыл-ойы жетсе [де],  
Кімде-кім ұлыстан құпия етсе [де].
  
3. Бәрі аниң алдида йек-сандурур,  
Ачуқ дашту Һар тийре маскандурур.  
Бәрі оның [Алланың] алдында бірдей болар,  
Ашық дала мен қара түнек болса да мекені.
  
4. Неким аламу аһлида бардур,  
Аниң қудрати анда эһардур.  
Әлем жұртында не болса да,  
Оның [Алланың] құдіреті онда да көрінеді.
  
5. Жаһанда неким жану, жансиздурур,  
Һавада учар, йерда йугруб йурур.

Жаһанда не болса да жанды, жансыз болар,  
Ауада ұшар, жерде жүгіріп жүрер.

6. Аның қудратидин пар-о-бал ачар,  
Аниң қудрати бирла йугруб качар.  
Оның [Алланың] құдіретімен қанат қағар,

Оның [Алланың] құдіретімен жүгіріп қашар, –

дей отырып, көктем мен күз болатыны сияқты дүние жаратылғалы бері адам баласының да «біріне кемел, біріне зауал» белгіленіп қойылғаны, тағдырда әділеттік жоқ екеніне тоқтала да шағына келе, 15-30 – бәйіттерде хазіреті Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарымыз бен оның төрт серігіне (Әбу Бәкір, Омар, Осман, Әлі) сипаттама береді. Сөйтеді де:

20. Уларға вафа қилмади бу жаһан,

Сану мандик аварларға на сан?!

Оларға [да] опа қилмады бұл жаһан,

Сенің мендей кезбеде [тағдыр-ау] нең бар?! –

деп тағдырға реніш айтады.

Ал 35-бәйіттен бастап «Тарих-и Рашидидің» «екінші дәптерінде» тәптіштей жазған өмірбаянын мұнда қысқаша өлеңмен жырлауға көшеді.

35. Хабардар улуб бу һекаят ешит,

Ушул вақтлар ким бар ердим йигит.

Хабардар болып бұл хикаяны есіт,

Сол уақыттары едім [мен] жігіт.

36. Виллайатда сакин едим начча йил,

Маңа ул ватандик булуб ерди, бил.

Уалайатта тұрып едім неше жыл,

Маған ол отандай болып еді біл, –

дейді.

Автордың «уалайат» деп отырғаны – Орта Азия. Өйткені орта ғасырларда Өндіжан мен Ферғана секілді шаһарлары бар аймақ «уалайат» деп аталғаны тарихи деректерден мәлім.

Мырза Мұхаммед Хайдар, міне, осы уалайатта өткен жастық шағына бірнеше бәйіт арнаған. Онда ол «көктем мен күз айларында биік төбеге шығып, шалғында шапқылап, көңіл қалаған жерде мәжіліс құрып немесе әдемі баққа жиылып ойнап-күлген, қуаныш пен шаттықта өткен жастық шағын» сағына еске алады. Бірақ тағдыр жазмышымен ақыры достар тобының ажырап, әрқайсысы әр қияға аттанғаны туралы сөз ете келе автор енді 1513–1514 жылдар оқиғасы, яғни «Тарих-и Рашидиде» айтылғандай өздері Өндіжан аймағында тұрған кездері мұнда Әбу Бәкірдің шапқыншылық жасағанын суреттеуге көшеді.

55. Алиб ултуруб Андижан мулкени,

Алай деб хийали жаһан мулкени.

Алып, өлтіріп Өндіжан патшасын,

Алсам деп қиялдайтын жаһан патша[лығын].

56. Бар ерди, валэ Кашғар саридин,

Келиб жамьи бад-хah һар саридин.

Бар еді сондай Қашғар жақта,

Келіп жиылған залымдар әр жақтан.

57. Кечалар уғурлуқ йөсуни била,  
Йуруб кентларға ит уни била...  
Түнде ұрлықпен айналысатын  
Баратын кенттерге итше ұлып...
60. Әбу Бәкр еди Кашғар хакими,  
Ки йуқ ерди Рустамдин аниң ками.  
Әбу Бәкір еді Кашғар әкімі,  
Жоқ еді Рүстемнен оның кемі.
61. Аниң мулкидаки йел, улус тамам,  
Тапиб ерди банду белада мақам.  
Оның патшалығында ел, ұлыстың бәрі,  
Тұтқында, азапта қалып еді.
66. Булуб ушбулар баэси шаһрийар,  
Булуб иттифақу сиғару кибар.  
Болып осылар себеп патшаға,  
Қосылып оған кіші мен үлкен.
67. Раван булди хан Кашғар мулкиға,  
Ким ул Хайбари би – хабар мулкиға?!  
Атганды хан Қашғар патшалығына,  
Ол Хайбари бейхабар патшалығына.
68. Хабардар булуп, келиб ул бад–гоуһар,  
Чарикин салиб қали–и Кашғар.  
Хабар алып қойып, келіп ол жауыз,  
Әскерін кіргізді Қашғар қаласына.
69. Йетиб хани алам алиб қаласын  
Тубатқа качиб ул, салиб қаласин.  
Жетіп әлем ханы алған [соң қаласын,  
Тибетке қашты ол, тастап қаласын.]
70. Суңиға тушуб чарик ахер йетиб,  
Башини алиб келдилар қатл йетиб.  
Соңына түсіп әскер ақыры жетіп,  
Басын алып келді өлтіріп.
71. Хутан, Кашғарча алиб хан йуруб,  
Адалат била тахт уза ултуруб.

Қотанды, Қашғар сияқты хан алып,  
Әділетпен таққа өзі отырып.

72. Улус бар-қарар улди давранида  
Киши қалмади банду зенданида.

Ұлыс мығым болды дәуренінде,  
Кісі қалмады тұтқын [болған] зынданында, –

дейді ол. Сөйтіп автор мұнда «Тарих-и Рашидидің» жеті-сегіз тарауына жүк болған сан алуан оқиғаларды бар-жоғы он шақты бәйітке сыйдырып жіберген. Әрі онда сол кездегі қоғамдық-саяси жағдай, ел өмірі, халық басына қасірет әкелген Әбу Бәкірдің зұлымдығы, бірақ оның өзінің де ақыры мерт болғаны суреттелген. Ақын Әбу Бәкірге Саид ханның әділеттілігін, парасаттылығын қарсы қояды. Бір қызығы, бірақ Мырза Мұхаммед Хайдар 60-бәйітте Әбу Бәкірді Әбу-л Қасым Фирдаусидің (940–1030) «Жаһан намесінің» бас кейіпкері Рүстем батырмен салыстырып, мақтап отырған сияқты көрінеді. Әйтсе де оның айтайын деп отырғаны Әбу Бәкірдің Рүстем сияқты алып тұлғалы болғандығы ғана.

Саид хан таққа отырып көңілі жайланғаннан кейін, бұрынғы дұшпандарының көпшілігіне кешірім жасап, оларды өз жағына тартуға тырысқан. Халықтың тұрмыс жағдайын түзетіп, мемлекетінің шекарасын кеңейтіп, нығайтуға әрекет жасаған. Қираған қалалар мен елді мекендерді қалпына келтіріп, мешіт, медреселер салдырған. Ол жайлы ақын:

73. Ким ул хаджаву малдар улмағай,  
Хазина аңа гандж ила тулмағай.  
[Қандай бір] дәулеттінің мал-мүлкі болмаса,  
Қазынасы оның байлыққа толмайды.

74. Тапуғинда ман һәм булуб собһу-шам,  
Туруб қуллиғинда қилиб иһтемам.  
Қызметінде мен һәм болып ертелі-кеш,  
Тұрып қол астында қылып, ыждаһат, –

дей келіп, өз халін ол X–XI ғасырларда өмір сүріп, қазіргі Ауғанстан мен Үндістанның солтүстігін билеген Махмұт Газнауи патша (997–1030) сарайындағы Аязбен салыстырады. Өзіне шын беріліп, қалтықсыз қызмет еткені, ақыл-ойы, парасаттылығы үшін Махмұт Газнауи Аязды уәзір дәрежесіне дейін көтерген. Саид хан Мырза Мұхаммед Хайдарға өз мемлекетінің ең жоғарғы, ең жауапы лауазымдарын сеніп тапсырған. Мысалы:

75. Булуб лутфу иһсанидин сар-афраз,  
Булуб ерди Махмуд йаңлиғ Айаз.  
Еткен соң жақсылық, қайырым-бақытты,  
Болып еді[м] Махмұттың Аязы сияқты, –

дейді ақын ол туралы.



«Ол әкелік сүйіспеншілікпен мені жетімдіктің қасіретінен құтқарып, қамқорлығына алды және де мені жақсы көріп, маған берілгендігі сонша, мен оның інілері мен балаларының қызғанышына қалдым. Оның қасында тұрған 24 жыл ішінде мен білім алып, алыс пен жақынды таныдым, уайым-қамсыз тамаша күн кештім. Мен көркем жазу, сауатты жазып-сызу, өлең өнері, стилистика, сурет салу, алтынмен әшекейлеу және басқа да кәсіптер бойынша өз құрбыларым арасында озып, ерекше шеберлік таныттым. Сондай-ақ мемлекет істерін басқару мен жүргізу, қойшы әйтеуір, мемлекет ісіне қажеттінің бәрінде де ол менің ұстазым әрі ақылшым болды» [4, 22] деп жазады ұлы ғалым «Тарих-и Рашидидің» алғашқы беттерінде-ақ.

Шынында да, әуелі сарай қызметінде болған ғалым соңынан бірте-бірте ханның әскери қолбасшысы дәрежесіне дейін жеткен. Сөйтіп жас кезінде көрген:

77. Фалақ жоуру золмин фарамуш етиб,  
Нашату тараб жамини нуш етиб.  
Тағдырдың зорлық, зұлымдығын ұмыт етіп,  
Шаттық, қуаныш кесесін нәр етіп.

78. Йурур ердим асуде дел-шаду хош,  
Фалақ жоуру золмидин азаде ваш.  
Жүруші едім тып-тыныш қуанышты,  
Тағдырдың зорлық, зұлымдығынан құтылғандай, –  
деп ханға ол ризашылық білдіреді. Бұл жайды автор тек «Жаһан намеде» ғана емес, жоғарыдағыдай «Тарих-и Рашидиде» де бірнеше рет қайталай айтқан.

Иә, XVI ғасыр тақ пен билікке таласқан соғыстардың өршіп тұрған кезі болатын. Шайбандық өзбектер Бабырды Ауғанстанға тықсырды. Ол жерде де тыныш өмір бола қоймайтынын сезген Бабыр ақыры Үндістанға кетіп, онда Ұлы Моғол мемлекетінің негізін қалады. Оған осы күнгі Ауғанстанның солтүстігіндегі Бадахшан өлкесі де кіретін.

1529 жылдары оны жоғарыда айтылғандай, шайбандық өзбек хандарының басып алу қаупі төнсе керек. Мырза Хайдар 79-бәйіттен бастап осы мәселені де сөз етуге көшеді.

79. Ки вақие булуб андағ аййам иши,  
Келибан Бадахшан саридин киши.

Оқиға болып сондай күндер іші,  
Келіп еді Бадахшан жақтан кісі.  
80. Хабар берди: «Би-сар қалибдур улус,  
Бузуғлуқға қуңлин салибдур улус.  
Хабар берді: «Бетімен кетіп тұр ұлыс,  
Бұзықтыққа көңілін салып тұр ұлыс.

81. Ул йелни иликламаса хан бариб,  
Асир улгусидур факиру ғариб.

Ол елді қолына алмаса хан барып,  
Тұтқын үлгісі – дүр пақыр мен ғаріп.

82. Алур ул вилайатни узбек келиб,  
Мани йел ибардилар андақ билиб.  
Алар ол уалайатты өзбек келіп,  
Мені ел жіберді соны біліп.

83. Қи хандин укун йуқтур уммидимиз,  
Йаруғлуқ берур кузга хоршидимиз».

Ханнан басқа ешкімде жоқ үмітіміз,  
Жары нұр берер көзге күніміз!» –

дейді. Мұны естіген хан Мырза Мұхаммед Хайдар екеуі Бадахшан жаққа үлкен қолмен аттанады. Міне, дәл осы жәйттер туралы «Тарих-и Рашидиде» «(Саид) ханның Бадахшанға жасаған екінші жорығы, сол кезде болған оқиғалардың себебі» [96, 486–490] атты арнаулы тарау да бар. Сонымен 1529 жылдың желтоқсанынан бастап, олар Бадахшан өлкесінің орталығы – Қала-и Зафарды келіп қоршайды.

Қала-и Зафарда Мырза Мұхаммед Хайдар жас кезінде шайбандықтардан қашып, Кабулдегі бөлесі Бабырға бара жатқанда [1508–1509] жылға жуық тұрған-ды. Сөйткен, өзіне пана болған қамалға ол енді, міне, тағдыр жазмышымен жиырма жылдан соң оралып отыр.

Өзін қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай мәпелеген мейірімді бөлесі Мырза хан бұл кезде тірілер санатында жоқ еді. Сондай-ақ ол мұнда танысып, табысқан, бірге болған, бірге жүрген достарынан да ешкімді кездестіре алмайды. Сондықтан да өткен күндерді ол қайғыра да мұндана еске алады.

Саид хан мен Мырза Мұхаммед Хайдар Қали-и Зафарды қоршап 1530 жылдың көктеміне дейін болған. Осындай ұйқысыз түндері ол жас кезінде бұл қамалда өткізген айларын, ізсіз кеткен достарын, өмірден тым ерте бақилық болған ата-анасын сағынышпен еске алады. Өмір талқысына өзінің ерте түсіп, талай тауқыметті көргенін қамыға айтады. Соның бәрі жүрегіне мұң байлайды. Өзін енді қайғы-қасіреттен сейілту үшін ол осы поэманы жазуға кіріседі.

Шығарманың жазылу тарихы, міне, осындай.

Поэманың сюжеттік желісіне үнді ертегі, дастандарының бірі негіз болған сияқты. Автордың араб, парсы тілдерін жақсы білгендігін ескерсек, бұл ойдың негізділігі өзінен-өзі түсінікті болар.

Сонымен, поэманың негізгі оқиға желісі 115-бәйіттен басталады да, әрі қарай динамикалы түрде дами бастайды.

Ертеде Самин деген қалада Шаһсауар атты патша болыпты. Екі жүз жылға таяу ғұмыр кешіп, жеті ықылым елді бағындырған әмірші төрт құбыласы түгел боп, ұлыс пен уалайат, қазына мен байлықтан кемшілік көрмесе де, бір перзентке зар болады.

Ұлы жоқтың отына күйіп, қайғы жалынына қақталып, қасіреттен қан жұтқан патша мазар-мазараттарды аралап, әулие-әнбилерге сиына жүріп, бір Алладан перзент сұрап жалбарынады.

Ақыры патшаның дұға, мінажаты қабыл болып, күндердің күнінде дүниеге ұл келеді. Оған Фируз шаһ деп ат қойылады. Шаһзада эпостар мен ертегілердегі сияқты тез өсіп, жас кезінде-ақ бар ғылымды меңгереді. Қолы боста аңға шығып, түлкі қуып, киік атады. Түндерінің көпшілігін ойын-сауық, көңіл көтерумен өткізеді. Қуанышты да шат өмір алаңсыз жалғаса береді.

Бірі Қытай, екіншісі Рұм сұлуларын мақтаған мақпал түнгі сауық кештердің бірінде сақи ханзадаға шарап ұсынады. Оны ішер-ішпестен-ақ Фируз шаһ кенет ұйықтап кетіп, түсінде ғажайып бақ пен бостандарды, керемет балкондары бар сарайларды, одан «жүзі ай, көзі шолпан, бойы шамшат» ғажайып бір перизатты көреді. Пері қыздары Фируз шаһты қолдан қолға алып, өз шаһының алдына апарды. Ханзаданы патшаға ұсынған кезде Фируз шаһтың маңдайындағы шаңды сүртеді. Автор осылай оның перілер еліне ұзақ жүріп жеткенін аңғартқандай. Сөйтсе мұнда да сауық кеші өтіп жатыр екен.

152. Ки гардешка кигурдилар пийала,  
Қилиб най бирла чанг, танбур нала.

Пиялайды жібергенде айналымға,  
Най менен чанг, танбурдың шықты зарлы үні, –  
дейді ақын.

Пері шаһы ілтипат етіп, Фируз шаһқа кесе толы шарап ұсынады. Ішіп салған ханзада содан мас болып, құлап қалады.

Кенет оянып кеткен ол ұйқыдан көргендерін таба алмай, оның үстіне түс, яки өңінде болғанын да біле алмай дел-сал күй кешеді. Түсінде көрген сұлу қыз ойынан шықпайды. Оны біреуге сездіріп, яки сыр етіп айта да алмаған Фируз шаһ ақыры сарыуайымға салынып, пұшайман халге түседі. Бірте-бірте бұрынғыдай ойнап-күліп, көңіл көтеруді, сұхбат кештерін өткізуді де қояды. Ақыры ол өзі душар болған жайттың жайдан-жай еместігін пайымдап, бұл істі уақыты жетіп аян болғанша, ешкімге білдірмей, құпия ұстауға бел байлайды.

Дегенмен, Фируз шаһ бойынан өзгеріс байқаған, көпті көрген кәнігі Сәлім уәзір баласы Фируз райды шақырып сыр тартады. Бірақ ол да ештеңе білмейтін боп шығады. Сонда ол ұлына ханзадаға барып, түрлі әңгімемен көңілін аулап, сырын білуді тапсырады. Фируз рай досымен ұшырасқан соң, базына қыла отырып, қайғыға бөленуінің себебін сұрайды. Фируз райға Фируз шаһ амалсыз сыр ашуға мәжбүр болады.

Фируз рай да ханзадаға бұл мәселенің мән-жайы анықталғанша ешкімге білдірмей, бұрынғыдай ойнап-күліп, әліптің артын бағуды ұсынады. Ол да оны мақұл көреді де, өзінің уайым, қайғысы туралы тіпті уәзірге де тіс жармауды қатаң тапсырады. Сәлім уәзірдің патшаға барып ханзада мен достарына аңға шығуға рұқсат сұрауын мұқияттайды.

Сәлім патшаға Фируз шаһтың тілегін жеткізеді. Ханзадамен бірге «жұрт та тау, далаға серуен етіп, гүл мен қызғалдақ теріп, тамаша той-думан етсе, қалағанынша қыдырып аң ауласа, жігіттер киік атып, көңіл көтеріп, жадырап қайтса» деген ұсыныс жасайды. Әмірші қуанып, өзінің де ұлымен бірге аңға шығуға дайын екенін білдіреді.

Ханзада мен шаһтың аңға шығатыны туралы жар шақыртуға бұйрық беріледі.

Ұлыс жиылып, сансыз сарбаз сапқа тұрған соң, Шаһсауар патша бастаған жұрт аңға аттанады. Патша киіктерді жинатып бір жерге топтастырады.

289. Тузук чаргалаб чаргадин қалмасун,  
Қилиб жаһд арани ачук қалмасун.  
Дұрыстап қоршап, қоршаусыз [жер] қалмасын,  
Етсін ыждаһат аралары ашық қалмасын.

290. Арасдин утқарса һар ким кийк,  
Муни жазм билсун қи қалмас тирик.  
Арасынан өткізсе кімде-кім киік,  
Мұны өлім деп білсін, қалмас тірі.

291. Нача тарбиат қилғаным булса ул,  
Бериб шаһр, улус билғаным булса ул.  
Қаншалықты тәрбие етсем де ол,  
Қала, елді берген болсам да ол.

292. Кийк санада паре қилғумдурур,  
Һам ул лаһзе авваре қилғумдурур.  
Киіктің санындай пәршектеп тастаймын,  
Сол замат қаңғыртып жіберемін, –  
дейді.

Сондай мықты қоршаудан шыға алмай, бір киік ортада құрсауда қалған еді. Кенет ол жанұшырып келіп, ақыры Фируз шаһ алдынан кесіп өтіп, жалпақ даланы бетке алады.

Фируз шаһ тұра қуады. Жақындап көрсе, бір нәзік жануар екен. Бірақ ол ханзадаға жеткізбей шаршатады. Әйтсе де анда-санда аралары алшақтап кетсе, шаһзада өзінен көз жазып қалады-ау дегендей, артына бұрылып, көз сүзе қарап та қояды.

Фируз шаһ мұндай әдемі киікті атып алғанша, егер ұстай алса, мойнына алтын бау тағып, сарай салтанатының бірі еткенді жөн көреді. Сөйтіп оған оқты шығын етпей қуа береді. Киік те аршындай қарғып қаша береді. Арада талай дала, талай тау, талай сахара қалады. Бір кезде киік шыбын қонса тайып жығылатындай жылтыр, үздіксіз тұтасқан бір алтын тау етегіне жетеді. Аспанмен астасқан таудың ұшар басы көктен айырғысыз көкпенбек екен. Ал тау етегінен оқ жетер биіктікке дейін баспалдақ салыныпты да, ал оның арғы жағы тамаша қақпамен жалғасыпты. Киік баспалдаққа қарғып шығады да, әрі қарай зым-зия жоқ болады.

«Бұл не жұмбақ, кімнің мекен-жайы бұл, мүмкін іздегенім осында болар» деп таңырқаған шаһзада атынан түсіп, баспалдаққа шыққан кезде артынан Фируз рай да жетеді. Ханзада оған осы жерде тұра тұруды, өзінің жоғары көтеріліп, мән-жайды біліп қайтатынын айтып, биіктегі қақпаға бет алады. Фируз шаһ ішке кіріп, жан-жағына қараған соң, бұл жердің атақты Гүлстан шаһары екеніне көзі жетеді. Түсінде көрген тамаша сарайлар, балкондар мен әдемі бақтар көзіне оттай басылады. Енді бірде жоғарыда – биік күмбез үстінде парлай қалықтап жүрген пері қыздары Фируз шаһты



көрісімен, оны қолдан қолға алып, күмбезді сарайға апарды.

Сарай іші сұңғақ бойлы, алқызыл жүзді, бұйра қара шашты перизаттарға хәм олардың өзіне лайық орны көрсетілген алтындалған орындықтарға толы екен.

Ұзамай ән салынады. Қыздардың шат та сазды әніне қайғы-зар, қасіретке толы әсем әуен қосылып, жүрек тебіренеді. Енді бірде тақта отырған, түсінде көрген ғашығына көзі түскен Фируз шаһ есінен танып қалады. Таңырқаған сұлу қыз шаһзадаға қамқорлық көрсетеді.

Әрең дегенде өзіне-өзі келген ханзада «бұл тағы да түс болып жүрмесін» дегендей жан-жағына таңырқай да мұндана қарайды.

Перизаттың бұйрығымен пері қыздарының бірі шаһзадаға хош иісті шарап ұсынады. Бірнеше кесе көтерген соң, Фируз шаһ көңілденіп, бойын шаттық пен қуаныш билейді. Перизат ұдайы қасымда болса деп армандайды. Бірақ ғашығының өзіне пері қыздарынан сақтана да ұрлана наздануы оны таңғалдырады. Оны байқаған Перизат шаһзадаға өз жағдайын баяндайды.

Бұл жұрттың Ирам бақ атты перілер елі, өзінің сол ел патшалығының қызы екенін айтады. Жас кезінен-ақ ерекше зеректігімен көзге түскен, оған көз салмаған шаһзада қалмапты. Перизат сұлу оның бәріне әдетте үш шарт қояды.

Бірақ қауышу құштарлығынан аса алмаған пері шаһзадалары шарттың бірін де орындай алмай, амалсыз қайтуға мәжбүр болады. Дей тұрғанмен, Назбой сұлу Фируз шаһқа «олардың бәрі пері патшаларының ұлдары еді, ал сен адам шаһының баласысың ғой, адамда әдетте әдіс көп болады. Егер мақұл десен шарттарды айтайын», – дейді. Қызды құлай сүйген ханзада нендей шарт болса да орындауға әзір екенін білдіреді.

Назбой өзі ұйықтаған соң, шаһзаданың оны дауыстамай, жұлқыламай үш рет еріксіз оянып, еріксіз орнынан тұратындай етіп, ерекше бір сүйсініспен оятуы қажеттігін ескертеді.

### **Бірінші шарт**

Көп ұзамай Назбой ұйқыға кіріседі. Қыз қасында отырып не істерін білмей қысылған Фируз шаһ әбігерге түседі. Ханзаданың халіне аяушылық білдірген Жаратушы рақым етіп Назбой жатқан тақпен сұхбаттасу ойын жеткізеді. Сонда ханзада басына осындай ғаріптік іс түсіп, мұңға бөленіп отырғанын тілге тиек ете келе тақты әңгімеге шақырады.

393. Жаһандин нилар айладин сар-гозашт,

Йерин бурна бағ ерди йа куһу дашт?

Жаһанда нелер көрдің, айтшы бастан өткенді,

Мекенің бұрын бақ па еді, я тау, дала ма еді?

394. Не һалу, не такриб ила бу сефат,

Тушуб муңа булди саңа тахт ат?

Не жағдаймен, нендей себеппен бұл пішінге

Түсіп, мұнда болды саған тақ ат?! –

дейді. Тақбасынан өткен оқиғаларды әңгімелейді. Өйткені тағдыр әділетсіздігінен оның да ішіне қан толып, сырын ешкімге айта алмай, мұңды еді.

Тақтың әңгімесі: Ол бағзы замандарда Мысырдағы Ніл бойына бірінші біткен ағаш екен. Келе-келе бұтақтары жайыла өсіп, бұрынғы ми қайнаған шөлейтті дала саялы баққа, түбіндегі бастау нәрімен жан-жағы қызғалдақты алқапқа айналады. Сөйтіп әлгі жер бірте-бірте жұрт демалып, ойын-сауық құрып қайтатын серуен жай болады. Мысыр арқылы өткен әлемнің әр заман, әр дәуірінің ұлы шаһтары да неше қайтара әскерлерімен келіп, көлеңкесі күндік жерді шалған ағашты саялап, кейде бес, кейде алты, кейде жеті қонып та жүреді. Солай жылды жыл, дәуірді дәуір алмастырып, уақыт өте береді.

Ақырында, бір кездері жайқала желкілдеген жасыл ағаш қартайып, қурай бастайды. Сарғайған жапырақтарын жел ұшырып, көкорай шалғынды алқап сортаң далаға, елсіз мекенге айналады.

Күндердің күнінде үдей соққан жел мен сабалай жауған жаңбыр ағаш тамырының топырағын суыра ұшырып, жалаңаштап кетеді. Ал дүлей дауыл қаусаған ағашты жермен-жексен етіп қопарып тастайды.

Солай ол тәнін тозаң, «жалын» мұң басып, айдалада талай жыл елеусіз жата береді. Бірде сол жерден арасында шебер ісмері бар үлкен керуен өтеді. Ағашшылықты кәсіп еткен, он саусағынан өнер тамған әлгі шебер аяқасты боп жатқан бұдырлы да әдемі ағашты көріп, әуелі оны бөлек-бөлек етіп кестіріп, сонан соң тақтай-тақтай етіп тілдіреді де, қашыр мен түйелерге арттырып, үйіне әкелдіреді.

Әлдеқалай оған Перизат сұлудың кісісі келіп, теңдессіз тақ жасауды өтінеді. Шебер ұста әп-сәтте-ақ бірнеше тақ жасап, соның ішінен біреуін тандап, арамен үптеп, шотпен шауып, екі күнде тәмамдап, сарай қызметшісіне тапсырған соң, оны ол Перизатқа алып келеді. Одан әрі тақ:

433. Нешиман қилибдур, нача йил дурур,

Маңа мунда максуд һасел дурур.

Орындық етіп тұр неше жыл болды,

Маған мұнда мақсатқа жету болды.

434. Агарча фалақдин жафаву сетам,

Бе-ғаат чекиб қурдум андуһу ғам.

Әйтсе де тағдырдың жапа мен зорлығына [қоса],

Шексіз шегіп көрдім қайғы-құса.

435. Начча ким йедим тийша устадин,

Чекиб арраву ранде би-даддин.

Қаншама жедім шотынан зәбір ұстаның,

Шегіп [қиянат] ара мен жонғыш әділетсізден.

436. Йуз анча насиб айлади һақ һозур,

Ки мундақ Паризад қуйнумдадур.

Одан жүз рет көп рахатты нәсіп етті һақ,

Сөйтіп Перизат құшағымда [менің].

437. Йана емди билманки мундин нари,  
Нилар булғусидур фалақ ишлари?  
Арғысын енді білмеймін не боларын,  
Не болса да тағдыр істері, –

деп өз халіне шүкіршілік етеді. Автор осылай шеберлікпен ағашты да адамша сөйлете білген. Ежелгі жазба жәдігерліктен құстар мен жан-жануарлардың адамша сөйлеп кететінін талай оқығанбыз. Ал ағаштың бұлайша өз тағдыры жайлы тебірене әңгімелеуін бірінші рет ұшыратып отырмыз.

Ағаш осылай өзі туралы әңгімелей келе: «Менің Перизат үйіне тап болуымның тарихы осындай, ал сен мұнда қалай келдің? Бұл жерге кісі бейсебеп келе бермейді. Сен де өз жағдайыңды әңгімеле», – деп Фируз шаһқа өтініш етеді. Ханзада сонда оған төмендегі әңгімені шертеді.

**Фируз шаһтың әңгімесі.** Біздің қаламызда ғұмыр кешкен төрт дос бірде сапарға шығыпты, – деп бастайды ол әңгімесін. – Біреуі дін ғылымымен айналысып, өзгеге мойын бұрмаған тақуа екен. Ақын оны молда деп көрсетеді. Екіншісі – істеген ісінің бәрі тиянақты да тыңғылықты, теңдесі жоқ зергер, үшіншісі – қайшы мен инені ұршықша үйірген, пішіп тіккен киімі кімге болсын қона кететін шебер тігінші, төртіншісі ағаштан түйін түйе білген, ел ішінде шөміш шебері атанған өнерпаз екен.

Бір күні олар жолда келе жатқанда кеш түсіп әрі ауа райы да бұзылып, жаңбыр жауар сыңай байкатады. Қонар жер іздеп әбігерге түскен оларға бұзылған ескі қорған ұшырасады. Достар сонда түнеуге мәжбүр болады. Қорқынышты қою қараңғы түн. Айдала. Сондықтан да олар таң атқанша кезекпен күзетке тұрып, қалғандары ұйқыға кіріседі.

Кезек әуелі шөміш шеберге келеді. Рабат ішінен бір десте ағашты көрген соң, ол қарап отырғанша деп одан әдемі қыз мүсінін жасай бастайды. Біткен соң тігіншіні оятып, ұйқыға жатады. Тігінші де бар өнерін салып, киім-кешек тігеді. Сосын қызды малындыра киіндіреді де, зергерді оятып, ұйқыға кіріседі.

Зергер де ойланып, толғана келе қызға жүзік, сырға, білезік соғып, оларды сұлу мүсіннің қолы, құлағы, білегіне салып, таңсәріде кезегін молдаға беріп, дамыл алады.

Көзін ашқан молда төрдегі ғажайып сұлу қыз мүсінін көріп, таң-тамаша болады. Оның өз достарының ісі екеніне көзі жеткеннен кейін, «оған мен қандай үлес қосамын, қолынан түк келмес атанбас па екенмін» деп пұшайман болады. Сосын таһарат жасап, екі ракат намазын оқыған соң, басын иіп, құдайға құлшылық ете жалбарынады.

«Мен болсам о бастан-ақ Құран ғылымыңнан өзгені кәсіп етпедім. Жаратушы ием! Тек бір сенің әмір, пәрменіңе ғана көңіл қойдым. Өзге ештеңе білмеймін. Сол себепті әлгілердің арасында өнерсіз атанып, жерге қарап қалмас па екенмін» деп Жаратушыдан өзгелер алдында абыройсыз етпеуді сұрайды. Толық бітіп, кемеліне келген сұлу қыз мүсініне Алладан:

500. «Қи жани ата қилсану жалве-саз  
Булуб бу санам, ман дағи сар-афраз.  
Жанды сый етсең көркем

Болып бұл [сұлу] мүсін, мен дағы тәкаппар.

501. Булуб тапқай ердим басы абруй,  
Қила алмағай ердилар гофт-о-гой.

Болып, табар едім көп абырой,  
Айта алмас еді [олар] түк те сөз», –  
деп жан сұрап жалбарынады.

Молда зарына құлақ асқан Тәңірі оған мейірімі түсіп, өтінішін орындайды.

Жан кірген соң толған айдай толықсыған сұлу қызға төртеуі де ғашық болады. Біреуі қыз мүсінін өзі жасағанын кесе-көлденендетсе, екіншісі киім-кешегін тігіп, үлде мен бүлдеге бөлегенін алға тартады. Үшіншісі «сырға, білезік, жүзігін жасаған менмін, сол себепі қыз да мені қалар» деген уәжге құлақ асуды өтінеді. Әйтсе де төрт дос қызды бір-біріне қия алмай, таласты жалғастыра береді. Қыз да қайсысына келісім берерін білмей қиналады.

Фируз шаһ әңгімесін аяқтай келе, Перизаттың шешуі қиын талай іске әділ қазылық жасағаны туралы көп естігенін, сол себепті әлгі төрт достың таласына да төрелік жасауды одан өтіне келгенін, егер ол ұйқыдан оянып, мәселенің шешуін айтпаса, қиямет қайымда Назбой олардың обалына қалатынын ескертеді. Сонда Назбой сұлу еріксіз оянып:

529. Кузин ачтийу купти би-иһтийар,  
Деди: «Әй, шаһиншаһи, нусрат шеар!»

Көзін ашты да, тұрды еріксіз,  
Деді: «Ей, патшалар патшасы – жеңіс ұраны!»

530. Не маьнаси жамьи соалин маңа,  
Салиб, йуклагайсан вабалин маңа.  
Не мәні бар күллі сауалын маған,  
Салып жүктейтіндей сен обалын маған.

531. Агар тийше музди учун тийшадар,  
Не марса тавақкуь қилур, йери бар.  
Шот ақысы шотшыда [ғой],  
Не нәрсе күтетіндей жері бар?

532. Ина бирга худ тикмас ани, демак,  
Аңа хальятиниң баһаси керак.  
Ине бірге, өзі тіге алмас оны, демек,  
Оған халатының ақысы керек.

533. Йаңа бирга һәм булса ул изтераб,  
Аңа дағи будур моъаййан жавап.  
Және тағы да біреуі болса наразы,  
Оған да дәл осы айқын жауап.

534. Ерур ул пари чөһре молла хақи,  
Керак булса молла била роунақи.  
Болар ол пері жүзінде молданың хақы,  
Керек болса молдамен болар көркі.

535. Қи Хақ сақлаб ул илиминиң хурматин,  
Рава қилған ермиш аниң хажатин.  
Хақ сақтап өз ілімінің құрметін,  
Орындапты оның тілегін», –  
деп өз шешімін айтады.

Әңгіме ағаштан қыз мүсінін жасауда, яки оған білезік, сырға, жүзік соғуда немесе киім-кешек тігуде емес, шынтуайтаса, оны жасайтындар да табылар, қызға молданың өтініш-тілегімен ғана жан бітіп, ол адамға айналды, әйтпесе жансыз мүсін кімге керек деген Перизат шешімі шынында да әділ. Фируз шаһ шарттың біреуінің орындалғанын Назбой мойындай ма деген сауалға ол:

537. Деди: «Ари бирни ада айладин,  
Адаси била һәм бе-джа айладин».

Деді: «Иә, біреуін орындап шықтың,  
Бітірумен қатар орынды шештің».

538. Йана иккини һәм бу йаңлиғ бе-джа,  
Агар келтурурсин қилиб сан ада.  
Және де екеуін де осылай орынды,  
Егер келтіре алсаң – еткенің ада», –  
деп жастыққа қайта бас қойып, ұйқыға кіріседі.

### Екінші шарт

Перизат тағының жанында үлкен бокал тұратын. Фируз шаһ одан да бастан кешкен оқиғалары жайлы әңгімелеуді өтінді. Шексіз жалғасқан тағдыр дертінен бокал да қайғыға бөленіп, қасіретін ешкімге айта алмай ішқұса еді.

**Үлкен бокалдың әңгімесі.** Ол бұрын биік таулардың бірі Әлбруз басында Тәңірі әмірімен талай заманнан бері салбырап тұрған үлкен тас екен. Ал тау етегіне үлкен жол түсіп, онымен ел де жүріп тыным таппайды. Онымен заманында Ескендір Зұлқарнайын, Кейқуат, Сүлеймен мен Жамшид секілді әлемге әйгілі патшалар да өткен көрінеді. Олар да биікте салбырап тұрған ғажайып тасты көріп, таңғалысады.

Ешкімнің де өзіне назар салмай өтпейтінін көріп, тас та тәкаппарланады. Әйтсе де тағдыр нәубеті бір күні оған да жетеді. Түбін жел-жауын қазып, тамырсыз қалған шағында, бірде ауаны бұлт жайлап, найзағай жарқылдап, алай-дүлей дауыл



соғады. Кейін ол жер сілкінісіне ұласады. Шарасы қалмай шайқалған тас жолай білігі опырылып, жерге түсіп, күлпарша болады. Тәкаппар тас сөйтіп аяқасты боп, біраз жыл жатады.

Бір күні сол маңнан арасында атағы жаһанға жайылған өнерпаз ұста бар үлкен керуен өтеді. Шаң басып жерде жатқан әлгі әдемі тасты көрген ол оны арбаға салдыртып үйіне алдырады да, дүкен сөресіне қойдырады. Бірде оған Перизат сұлу қызметшілерінің көзі түсіп, ұстаға тастан үлкен бокал жасауды бұйырады. Ұста жанын салып тасты қашап, бокал нобайына түсірген соң, әшекейлеп, өрнектеп, оны Назбой сұлу қызметшілеріне табыс етеді.

Сөйтіп ол енді Перизат сұлу сарайындағы қалаулы да қажетті затқа айналады. Пері қыздары онымен шарап ішіп, көңілді әңгіме-дүкен құрады. Оған бокал да қуанышты.

Әйтсе де ол:

584. Муни билман емдика ахир недур,  
Йана амру фармани Қадир недур?  
Бірақ білмеймін енді ары не боларын,  
Және өмір, пәрмені Алланың қандай боларын.

585. Син, әй, шаһ нагу мунча тартиб малал,  
Кузуңдин учуб уйқу, ашофте һал?  
Сен, әй, шаһ, неге мұнша шегіп уайым,  
Көзіңнен қашып ұйқы, әбіржулісің?

586. Булуб ултурубсин, недур моддаа?  
Йнайет қилиб айт син һәм маңа.

Отырсың болып нендей ойда,  
Ілтипат етіп айт сен де маған, –  
деп Фируз шаһқа сауал тастай, кезек береді. Сонда ол бокалға төмендегі жайтты әңгімелейді.

**Фируз шаһтың әңгімесі.** Ханзада елінде тақуалығымен аты шыққан бір діндар кісінің сұлу ерке қызы бар екен. Оған бірі бек, бірі сарбаз, бірі тас атудың патшасы атанған үш кісі ғашық болады. Әрқайсысы жөн-жоралғысын жасап, тақуаға сөз салады. Бірақ әкесі қызын қайсысына берерін білмей дал болады. Олар да қыз махалласынан кетпей қояды. Оның үстіне бұлардан басқа қызға ғашық тағы бір дию бар-ды. Ол да сұлудан дәмелі боп, қыз мекенін жағалап жүреді.

Бір күні сұлу қыз үйден шығып, аулада тұрғанда дию оны көре сала алып қашады. Байқап қалған бек қалмай соңынан түседі. Дию тау арасындағы үңгірге кіріп, жоқ болады. Бек ол жерден үлкен тас қақпалы құдықты көріп, қайтып оралады да, қалған екі жігітті хабардар етеді. Үңгірге олар үшеу боп келеді. Сарбаз беліне арқан байлап құдыққа түседі. Қылышын жалаң ұстаған ол құдық түбіндегі тас есікті ашып ішке кіргенде, сұлу қыз тізесіне басын қойып ұйықтап жатқан диюды көреді. Қыздың жылай-жылай екі көзі қып-қызыл боп кетіпті. Сарбаз қылышпен диюды шаппақ

болғанда, қыз ол өлмей қалса екеуін де аямайтынын, одан да оны ұйықтаған қалпында қалдырып, өзін құдықтан алып шығуды ұсынады.

Содан олар елге жақындағанда оянып кеткен дию қуып жетіп, қызды қайтадан ала қашып, көкке самғайды. Осы кезде Тәңірден медет сұрап жалбарынған тас атқыш сақпанына тас қойып, диюды атып қалады. Дию жерге құлайды. Жыртқыштың шеңгелінен босаған қызды жерге түсірмей тас атқыш әуеден қағып алады.

Қызға енді үшеуі таласа бастайды. Бек диюдың соңынан қалмай мекенін көрген соң, бұларды хабардар еткенін, сондықтан да сұлу тек өзіне ғана тиесілі екенін айтса, сарбаз құдыққа түсіп, қызды алып шыққанын, сол себепті ол тек өз үлесі ғана болуы керектігін уәж етсе, тас атқыш «дию қызды тағы да ала қашқанда екеуің де не істеріңді білмей, аңтарылып қалдыңдар, диюды атып, қызды аман алып қалған да менмін, сол себепті де ол маған ғана тиесілі» деп қайтпайды.

Еріксіз бұлардың таласына қалған қыз не істерін білмей аңтарылады. Фируз шаһ осындай оқиғаның куәсі болғанын, сол себепті қыздың кімге тиесілі екенін Перизаттан сұрағалы келгенін, егер Перизат ұйқыдан оянып, бұл мәселені шешпесе, қиямет қайымда бұлардың обалына қалып, жауапкершілігі мойнына түсуі мүмкін екенін ескертеді. Сонда Назбой сұлу:

656. Агар бек йугуруб барибан, йарин  
Куруб келди, алсун айағи тарин.  
Егер бек жүгіріп барып, жерін  
Көріп келген болса, алсын аяғынан терін.

657. Сепаһи барибдур агарча далир,  
Валэ айламабдур ишин дел-пазир.  
Сарбаз барғанымен батырсынып,  
Бәлі етпепті ісін көңілге қонымды.

658. Керак ерди ким чаһда уқ див ишин,  
Қилиб чикқай ерди, дағи һич кишин.  
Керек еді құдықта оқпен диюдің ісін  
Бітіріп шыққаны, [сөйтіп] өзге еш кісіні.

659. Шарик атмағай ерди уз ишига,  
Сузи қалмағай ерди һич кишига.  
Серік етпегей еді өз ісіне,  
Сөз қылмағай еді еш кісіге, –  
дей келіп дию қызды қайта әкетіп, бәрі шарасыз қалған жағдайда:

662. Атиб санги-зан жанситан ташини  
Уруб узгуча дивниң башини.  
Атып тас атқыш жан алғыш тасымен,  
Ұрып өзгеше диюдің басына.

663. Навадин тушуб келгуча қизни һам,  
Йуқари тутубдур йеткурмай алам.  
Әуеден қызды [жерге] жеткізбей тағы,  
Жоғарыдан қағып алды шеккізбей азап.

664. Ерур санги-зан хаққи ул сарви-наз,  
Керак веслидин булса ул сар-афраз.  
Болар тас атқыштың хақы ол сұлу[ға].  
Болуы керек бақытты онымен қосылып, –  
деген шешімін айтады. Сонда Шаһрийар өзінің екінші шартты да орындағанын  
Назбой сұлу қабылдай ма деген сауалына:

666. Деди: «Ари емди йана бирини һам,  
Бу йанлиғ бе-джа калтурсин не ғам?»  
[Қыз] айтты: «Иә, әрі қарай және біреуін тағы,  
Осы сияқты орынды келтірсең не қам!»

667. Арамизда қалмас турур узга суз,  
Киши айта алмас турур узга суз.  
Арамызда болмас еді өзге сөз,  
Кісі айта алмас еді түк те сөз, –  
дейді.  
Осылай екінші шарттың да орындалғанын мойындаған қыз қайтадан үшінші,  
соңғы рет ұйқыға кіріседі.

### Үшінші шарт

Фируз шаһ әңгімесінің Назбой сұлу көңілінен шығып, әрі ол оны мойындап,  
қабылдағаннан кейін, тақ қасында тұрған білте шамға бастан кешкеніңді айт деп қолқа  
салады. Сөйтсе тағдырдан көрген жапалары бар білте шам да мұңын ешкімге айта  
алмай, ішқұса екен.

**Білте шамның әңгімесі.** Ол әуелде бір байдың қозысы екен.

Әлдеқалай бір жарлы-жақыбай одан осы қозыны сұрап алады да, үйіне әкеліп,  
мәпелеп бағады. Үлкейген соң ол егіз қозы туады. Одан әрі екі қозы да екі-екіден  
туып, бірте-бірте ол дәстүрге айналады. Сөйтіп бес-алты жыл өтпей-ақ бұрын Байрам  
кедей аталған пақыр Байрам бай боп шыға келеді. Жылдар жылжып өте береді. Бірде  
кәрілік жетіп, қысыр қалған қой базарға шығарылып, сатылып жіберіледі. Көп қой  
ішінен оны таңдаған қасап аяғын байлап, союға кіріседі. Терісі сыпырылып, еті  
мүшеленіп ілгекке ілінеді. Майы жиылып қуырылып, сүзіліп, суға салынып, арасына  
пілте салып, тоңдырылып білте шам жасалады. Дүкенде десте-дестелеп асулы тұрған  
білтені Перизат сұлудың қызметшісі сатып алып, сарайға әкеледі. Әр кеш сайын біреуі

жағылады. Білте шам:

698. Қи мундақ Паризадниң шамида,  
Куйуб, бу сефат базм айямида.  
Осылай Перизаттың шырағданында,  
Жанып, осылай той-думан күндерінде.

699. Бизниң роушанимизда гулчехрелер,  
Чекиб жами гулгун, қилиб нашабилар.  
Біздің жарығымызбен гүлдей көріктілер,  
Көтеріп күлгін бокал, етіп ләззат.

700. Фарағат била уткарлар жаһан,  
Бири-бири бирла булурлар хошан.  
Тыныштықпен өткізер өмірді,  
Бір-бірімен болар көңілді, –  
деп өз халіне ризашылық ете келе, Фируз шаһтан бұл жерге қалай және нендей себеппен келгенін сұрайды:

703. Ки бу Гулистандур – парилар йери,  
Бу манзелга Адам атадин бари.  
Бұл Гүлстан ғой – перілер жері,  
Бұл мекенге Адам атадан бері.

704 . Йуқ ермиш гозар адами қилғаны,  
Сабаб не еди, мунда курдук сани?  
Жоқ сияқты жол адам салған,  
Нендей себеппен мұнда көрдік сені? –  
дейді.

Ханзада сонда оған екі достың қасіреті жайлы әңгімені баян етеді.

**Фируз шаһтың әңгімесі.** Біздің елде екі дос болыпты, – деп бастайды әңгімесін ханзада. – Олар ұдайы бірге тұрып, бірге жүргендігі сонша, бір сәт бірінен-бірі көз жазып қалса, тағат тауып отыра алмайды. Бір-біріне қашанда тілектес, қашанда мұраттас екі дос сапарға да бірге шығып, қонса да бірге қонады. Бірі қайғылы болса, екіншісі дертті, бірі қуанышты болса, екіншісі көңілді боп өмір сүреді.

Әлдеқалай олардың бірі үйленгісі келгендігі жайлы досымен ой бөліседі. Оған досы қуанады. Өйткені қалыңдық та мейірімді, сүйкімді әрі тақуа жан екен. Құда-құдалық жасалып, той өткен соң, бір күні үйленген жігіттің есіне жалғыз қалған жолдасы түсіп, көңілі жабырқау тартады. Досын іздеп барған ол, оның мұңайып жалғыз отырғанын көріп, пұшайман болады. Ақырында, екі дос бұдан бұлай бір-бірінен ажырамай, бірге болуды ұйғарады. Әуелі мұңлы көңілді сейілту үшін сапарға шығып, серуендеп қайтуға бел байлайды. Сөйтіп олар жолға шығады.

Арада күн өткен соң, аты елге мәлім бір кісі келіншекке келіп, екі достың қарақшыларға тап болып, қазаға ұшырағанын, қаныпезерлер олардың басын кесіп, айдалаға тастап кеткенін хабарлап, көңіл айтады. «Олардың сенен басқа ешкімі жоқ

еді, жолда аяқасты боп жатпасын, жерлеуге дайындық ет», – дейді.

Қайғылы хабарға жаны күйзелген ару әлгі жерге келсе, екі дос шынында да жолда жатыр екен.

Кесілген бастардың әрқайсысын бір тәнге қойғаннан кейін жас ару көз жасын көлдете Алла тағалаға мінажат етеді. Оларға қайтадан өмір беріп, өзін қайғы-мұңнан құтқаруды сұрайды.

Келіншектің мұң-зарына құлақ асқан Тәңірі тілегін беріп, екі дос қайта тіріледі. Жансыз денелерге жан біткенімен, бір-біріне жаңылыс түскен бастарын көріп, олар зар илеп жылай бастайды.

Сонда келіншектің сырлас досы бас па яки дене ме? Оған ешкім жауап бере алмай дал болады. Фируз шаһ осындай оқиғаның куәсі болғанын, Перизаттан соның мән-жайын сұрағалы келгенін, егер ол ұйқысынан оянып, жөн айтпаса, Назбой сұлу олардың обалына қалатынын екертеді.

Сонда Перизат сұлу еріксіз оянып:

780. Ешитқаш, купуб ул туруб ул пари,  
Деди: «Әй, шаһиншаһлар сарвари!  
Есіткен соң тұрып отырып ол пері,  
Деді: «Ей, патшалар патшасының көсемі!

781. Қаламиңға руһ-раваним фида,  
Надисиңға жану-жаһаним фида.  
Сөзіңе руһ-жаным пида,  
Әңгімеңе жан-дүнием пида.

782. Саадат бериб Хақ табарак саңа,  
Неким камиң атсун мубарак саңа.  
Бақыт беріп Хақ – құттықтау саған,  
Игі тілегіңді берсін, құт болсын саған.

783. Ерур ашна гарча заһерда баш,  
Валэ тандадур, анга маһрам мааш.  
Сырттай бас адамға жақын болса да,  
Бірақ тіршілік тәнге тиесілі, тәнге сырлас.

784. Керак ким аниң маһрами булса тан,  
Ки маһрамдурур танга башидин бадан»  
Демек, оның сырласы тән болуы керек,  
Себебі дене басқа қарағанда тәнге сырлас», –  
деп істің шешуін айтады.

Үш шарт та орындалып, Перизат оны мойындаған соң, өз еркін сұлу қыз енді Фируз шаһқа беріп, уәдесін орындайтынын білдіреді.

Сөйтіп ханзада Гулстан-и Ирамда бір ай болады. Ол жерге Фируз рай да келеді.



Перизат сұлудың да ата-анасына хабар жіберіліп, Фируз шаһтың барлық шартты мүлтіксіз орындағаны мәлім етіледі.

Ұзамай Тәжібақыт патша мен Маһи-Руй ханым Ирам гүлзарына келіп, қызынан ханзаданың жұртын, тегін, елін, мемлекетінің рәсім белгісін сұрайды. Фируз шаһтың Самин қаласының шаһзадасы, әкесінің аты Шаһсауар патша, оның ұлы да, қызы да осы жалғыз Фируз екенін білген соң, ханзаданы шақырып, танысады. Екі жастың бір-біріне лайық екенін көріп, баталарын беріп, бақыт тілейді. Содан соң екі ай бойы үлкен той жасалынып, Перизаттың некесі қиылып, Фируз шаһқа жасауымен ұзатылады.

Перизаттың кішкентайынан бірге өсіп, бір тәрбиеде болған, бір-бірінен ешқашан айырылысып көрмеген Назанин атты досына Фируз рай ынтық болады. Қыз да оған кет әрі болмаған соң, олар да үйленіп, шаңырақ көтереді.

826. Булар мунда эйш-о-эшрат била,  
Куңул истаггандек фарағат била.

Бұлар мұнда қызықты думанмен,  
Көңіл қалағандай жан рахатта.

827. Туруб, биз утубан малик Шаһсавар,  
Ки қалди ада устида куңли фегар.

Болып, біз өтейік Шаһсауар патша[ға],  
[Ол] қалды жол үстінде, көңілі азапта, –  
дей отырып, ақын енді киік қуып кеткен жалғыз ұлы Фируз шаһтан айырылған Шаһсауар патшаның жай-күйін баяндауға көшеді.

Жалғызынан айырылып, жаны күйзелген патша Фируз шаһты талмай іздейді. Сұрастырып қайда барса да көрдім, білдім, естідім дегенді ұшырата алмайды. Табылмайтындығына көзі жеткен сайын бауыр еті езіліп, азапқа түседі. Жалғызынан айырылып, айдалада ол барыс пен аждаһа яки жайын мен самұрыққа жем болды ма екен деп те уайымдайды. Сөйткен патшаның думанды күндерін бұлт торлайды. Баласынан күдер үзген ол сақалын жұлып, жағасын жыртып, зар еңірейді. Әсіресе Фируз шаһтың анасы Жаһанбануға қиын соғады. Ұлының жүзін аңсап, қайғы отына өртенген ол ақыры дүние салады.

Баласына қоса жан жарынан да айырылған Шаһсауар патша күйзеле күңіренеді. Қайғы, мұң оты оны қатты күйретеді. Шаһтың мемлекет ісін тастап, торығып қаусап бара жатқанын көрген Сәлім уәзір патшаға келіп, басу айтады. Жамандыққа жорымай, шыдам етіп, Аллаға мінажат етуді, құдайдан ұлын аман келтір деп тілеуді, зындандағы тұтқындарды босатып, жетім, жесір, пақырларға қамқорық жасап, қайыр-садақа үлестіруді ескертеді. Өйткені Шаһсауар түгілі пайғамбарларды да сынау үшін Жаратушы түрлі қиыншылықтарға ұшыратқан дей келіп, қасиетті Құран Кәрімнің 12-сүресіндегі Жүсіп пайғамбар жайын келтіреді.

Сәлімнің сабырлыққа шақырған сөздеріне ұйыған патша уәзірінің айтқанын орындауға әмір етеді. Осының бәрін өлеңмен өрнектей келе автор өз ойын әміршілердің ұдайы есінде болар төмендегідей:

916. Бали, ким ки Халиқ ризасин тилар,  
Булуր халқи ахвалидин бахабар.

Солай кім[де кім] Жаратушының ризалығын тілесе,  
Болар халқының халінен хабардар.

917. Аниң һалидин һәм ул агаһ ерур,  
Йумуб ачқуча куз мурадин берур.  
Оның халін һәм Ол [Алла] біліп отырар,  
Жұмып ашқанша көз, тілегін берер.

918. Валә адами асру ғафлаттадур,  
Тиқиб кузни дуняга маһнаттадур.  
Бірақ адам көбінесе бейқамдықта ғой,  
Тігіп көзін байлыққа азапта ғой.

919. Агар бандаси булса аниң била,  
Аниң лотфу иһсанидин бе-геле  
Егер пендесі болса онымен [Жаратушымен],  
Оған оның [Алланың] мейірім, жомарттығы көп болады, – іспетті ғақлияға толы  
бәйіттермен түйіндей кеткен.

Мырза Мұхаммед Хайдар поэмада әдеби шегініс тәсілін де әдемі қолдана білген. Жалғыз қалған Шаһсауар патша туралы айтпас бұрын ақын Фируз шаһ пен Перизат сұлуды «олар осылай қуанышта тұра тұрсын, біз Шаһсауар патша туралы әңгімелейік» деп оқиға желісін өзге арнаға бұратыны жайлы әуелі ескертіп алады. Онда да өзі баяндап отырған оқиғаны шарт үзбей, келесі мәселеге бірте-бірте ойысады.

923. Паризад раъна била шаһрийар,  
Чекиб жами гулгун, алишиб қанар  
Перизат сұлумен бірге Шаһрийар,  
Күлгін түсті бокал алып қасында.

924. Йатиб ердилар ким саһар-гаһ еди,  
Куз уйқудау кунул агаһ еди.  
Жатыр еді – таңсәрі еді.  
Көзі ұйқыда, көңілі ояу еді, –  
дейді ол.

Сөйткен ханзада ұйқыдан шошып оянды. Өзін қара жамылған Самин қаласында жүр екен дейді. Түн яки күндіз екенін де айыра алмайды. Қараңғыда Шаһсауар патша басын иіп, Фируз шаһты жоқтап зарлап отыр.

Әкесін түсінде осындай әбіржулі де қайғылы халде көріп, мең-зең боп өксіп отырған Фируз шаһтан Перизат не болғанын сұрайды. Ол түсін баян етеді. Сонда Перизат «ата-ана онда қайғылы боп, қан жұтып жатса, біздің мұнда ойын-күлкімен отырғанымыз жарамас, жолға жиналайық», – деп Фируз шаһ еліне баруға келісім береді.

Керек-жарақтарын тез дайындаған олармен Тәжібақыт патша мен Маһи-Руй зариф жылап, қоштасып қалады. Патша жас жұбайларға қызмет етсін деп періден

қырық үй қыз және көптеген құл-құтандар береді. Сөйтіп жастар жедел Саминге жүріп кетеді де, аман-есен еліне жетіп, әкесінің өшкен шырағын жандырып қуантады. Халқын шаттыққа бөлейді. Фируз шаһ әкесінен анасын сұрайды. Патша Жаһанбанудың Фируз шаһтың қайғысына шыдай алмай бақилық болғанын, өзінің өлмесе де өлуге шақ қалғанын, өзін Фируз шаһты бір көру арманы ғана ұстап тұрғанын айтады. Сонан соң ұлына өмірде көрген-білгені мен жиған-тергенін өсиет етіп, мемлекеті мен жұртын тапсырады. Елді әділ басқарып гүлдендіруді, ғаріптер мен жетім-жесірлерге қашанда мейірімді де рақымды болуды аманат етіп, көз жұмады.

Халық патшаны жұбайының қасына жерлеп, аза тұтып, ас-суын берген соң, елдің белгілі бектері мен зиялылары, игі жақсылары мен шонжарлары Фируз шаһты мойындап, әміріне құлдық ұратындықтарын білдіреді. Жаңа патша атынан теңге соғылады. Сөйтіп ел өз тағдырын әке тағына отырған жас әміршіге ұстатады.

Фируз шаһ та өзін әділ ұстап, айтқанын екі еткізбей, халқының көңілінен шығуға тырысады. Ол жайлы ақын:

1055. Йатиму, фақиру, гарибу, асир,  
Тулу, бийва, хаһи йигит, хаһи пир.  
Жетім, пақыр, ғаріп, тұтқын,  
Тұл мен жесір, жігіт те, қарт та.

1056. Ғани булдилар хайри иһсанидин,  
Тама қилмадилар киши ханедин.  
Бай болды [оның] қайыр, ихсанына,  
Ашкөздік етпеді [ол] өзгенің байлығына.

1057. Улус булди хуш-һал аниң тоуридин,  
Киши курмади зур аниң жоуридин.  
Ұлыс болды көңілді оның ісінен,  
Кісі көрмеді зорлық пен әділетсіздік, –  
деп оның ә дегеннен-ақ әділдікті ту еткеніне көңіл аударады.

Иә, өзге елдің, өзге жердің байлығына қызықпай, патша өзін таза ұстап, адал өмір сүргендіктен халық та зорлық көрмей, мамыражай күн кешеді. Оның тұсында мемлекет ұрыс-соғыссыз бейбіт өмір мен береке, молшылыққа кенеледі. Осындай байлық пен ләззатты өмір жүз елу жылға созылады. Бірақ мұрат, мақсаты тек тыныштық, шаттық болса да, Фируз шаһ өміріне тағдыр үлкен қасірет әкелді. Алдан қылаң берген тағдыр тауқыметін ақын табиғат суретімен астастыра отырып, оқушыны оған алдын ала дайындайды.

Иә, сөйтіп:

1066. Хазан фаслийу, барги ризан чағи,  
Савуқ йел била сарв ларзан чағи.  
Күз маусымы һәм жапырақ төгілер шағы,  
Суық желмен қарағайдың дірілдер шағы.

1067. Ки шаһи сар-афраз ила гульизар,

Чаман саһнида бадийе хош-гавар.  
Бақытты патша мен алқызыл жүзді [сұлу],  
Көкорай шалғынды аулада хош иісті кесе.

1068. Чекиб бир-бири бирла һам-хаб еди,  
Таң аткунча ул кеча маһ-таб еди.  
Көтеріп, бір-бірімен қауышқан еді,  
Таң атқанша ол түні ай толық еді.

1069. Ки вақти саһар ерди, дей салқини,  
Есиб, дарида маһни чалғини.

Таң мезгілі еді – дей салқыны.

Есіп, азаптап айды бозартқанда, –

шошып оянып, көзін сескеніп ашқан Перизат жан-жақтан зарлы үндер естиді.

Сөйтсе бұтақтар да, шөптер де сыңсып, Перизатты жоқтап жатыр екен. Бұрын-соңды мұндай сұмдықты естіп білмеген Назбой перизат ауруға ұшыраған екен деп оған мүмкін болған ем-домның бәрін жасатады. Әйтсе де есін жия алмаған Назбой сұлу тілге келмей, қайтыс боп кетеді.

Сөйтіп Фируз шаһқа қайғы осылай қайтып оралады. Ақын бас кейіпкерінің сол сәттегі қасіретті күйі, ішкі жан-сезімін:

1084. Қарарди кузига жаһан шаһниң,

Фана дуди йапти йузин маһниң.

Қарайды көзіне әлем шаһтың,

[Опасыз] тағдыр түтіні жапты жүзін айдың.

1085. Фераг ути йанди һазин жанига,

Хазан йетти сарви гулстанига.

Айырылу оты оралды қайғылы жанына,

Күз жетті қарағайлы гүлстанына, –

іспетті табиғат суретімен жеткізуге тырысады.

Назбойдан айырылған Фируз шаһ жағасын жыртып, тіпті өзін-өзі өлтіргісі де келеді. Оны ақын:

1089. Хазан йамғуридик тукуб йашини,

Булутдик қара қилди буй-башини.

Күз жаңбырындай төгіп жасын,

Бұлттай етті қара бойы басын, –

деген суретпен береді.

Фируз шаһ пен Назбой сұлудың Фаррух Сауар атты жалғыз ұлы бар еді. Оны Тәжібақыт патша мен Маһи-Руй зариф қызымыздың орнында болсын, біз тәрбиелейік деп асырап алған екен. Осы кезде ол жиырмаға толған-ды. Бірақ ол алыста. Сөйтіп қайғы жүгін Фируз шаһтың өзі ғана көтереді.

Перизатты ақ жауып арулап болған кезде, кенет аспаннан қара жамылған бір топ

періштелер түседі де, Назбойды көтеріп, көкке қайта ұшып кетеді. Жердегілердің бәрі олардың кім екенін де біле алмай, көкке телміре қарап, көз жастары көл болып қала береді.

Фируз шаһ та жан жарынан біржола айырылғанына көзі жеткен соң, зарлап жылай береді. Ең болмаса қоштасып, бақұлдаса да алмағанына өкінеді. «Назбойсыз патшалықтың не керегі бар, бұдан былай қайыршы боп өтсем Перизат сұлудың ат-ізінен бір хабар болар ма екен, күнәм болса кешірім сұрай алам ба одан» деп те қиялға беріледі. Ақыры, ол қайыршылық пен кедейлікті таңдап, дәруіштік жолға түсуге бел буады. Тағын тастап, алтын тәжден баз кешеді.

Патша өзімен-өзі болып, мемлекет иесіз қалған соң, елден де береке-бірлік кетіп, халық божырап тарай бастайды. Білегі жуандар қарапайым халықты езгіге салады.

Осы кезде үлкен-кіші жиылып Фируз райға келеді. Халықтың күйзеліске ұшырап, әбіржіп кеткенін патшаға жеткізуді өтінеді.

Фируз рай әміршіге барып басу айтады. «Әлем жаратылғалы бері адам баласы қайғы, мұң, күйік, дерттен құтылған емес. Егер олай болмаса, бұрын өткен ата-аналар қайда? Өлім бүгін ғана пайда болған жоқ. Адам баласына тағдыр бұйыртқан жол осы. Алланың көрсеткеніне шүкіршілік, сабыр ету керек. Халық арасында алауыздық туып, ұлыс шексіз дертке ұшырады. Біреуді-біреу тыңдамайтын, зорлық-зомбылық көбейген заман туды. Сол себепті тағына ие бол. Егер патшалық керек емес десең, тағынды балаң Фаррух Сауарға бер. Ол да енді ержеткен болар. Жанына пері қыздарын қосып, Назанинді Заррин қаласына жұмса, ол болған оқиғаны хабарлап, шаһзада Фаррух Сауарды алып келсін, оны өз орнына сұлтан еткеннен кейін, не істеймін, қандай іске бет бұрам десең де өз еркің» деген секілді ақыл-кеңес береді.

Фируз шаһ оны жөн көріп, Назанинді шақыртады. Оған жоғарыда айтылған мәселелерді тапсырып, Зарринге аттануды бұйырады.

Пері қыздарын ерткен Назанин Заррин қаласына аттанып кетеді. Тез ұшып жеткен ол қаланың күллі жамағатының бастан-аяқ қара жамылып, азалы екенін көреді. Өйткені хор қыздары Назбойды Зарринге әкеліп дайындық жасаған соң, сұлудың тірі кезіндегі тілегі бойынша Ирам баққа апарып жерлеп, содан бүгін ғана оралмақ екен.

Оны естіген Назанин Маһи-Руй зарифтің үйіне келіп, Назбойдың анасымен жылап көріседі. Тәжібақыт патша да Назанинді көріп, төсін тілгілеп аһ ұрады. Фаррух Сауар да анасын жоқтап, жұртты жылатады. Қайғы, азадан халық күйзеліп кете жаздайды. Ақыры ас-су рәсімі жасаланып, ел есін жиған соң, Назанин Тәжібақыт пен Маһи-Руй зарифке Фируз шаһтың жағдайын айтып, өтінішін жеткізеді. Мән-жайға қанығып, түсіністік танытқан Тәжібақыт Фаррух Сауардың еліне қайтуына рұқсат береді.

Көкте қол ұстаса ұшқан олар Самин шаһарына тез-ақ жетеді. Халық ханзаданы көріп, көңілі орнына түсіп, қуанады. Шаһзада әкесімен көрісіп, шешесін жоқтап, тағы да көз жасына ерік береді. Әкесі оған тәжі мен тағын, мемлекетін мирас етеді. Ханзада таққа отырған соң, жұрт тынышталып, қалыпты өмір қайта басталады. Шонжарлар мен бектер жаңа патшаға бас иіп, иеліктерін көрсетіп, рәсім-белгілерімен таныстырады. Фируз шаһ та бос жүрмей Фаррух Сауарға мемлекетті басқарудың қыр-сырын айтып, білгенін үйрете береді.

Бір күні ол баласына аңға шыққысы келетінін айтып, жар шақыртуды ұсынады.



Өйткені:

1235. «Чарикниң тузукини ав билдурур,  
Тузуку бузуғини ав билдурур.  
«Әскердің тәртібін аң көрсетер,  
Дұрыс пен бұрысын да аң көрсетер.

1236. «Аниң учун авни қилур шаһлар;  
Ки булғай чарик халидин ба-хабар».  
Сол үшін аңға шығар патшалар,  
Болу үшін әскерінің халінен хабардар», –  
дейді ақын да.

Баяғы мекенге ел-жұрт тағы да жиналды. Фируз шаһ араларыңнан киік өткізбеңдер деп қатты тапсырады. Сондай бұйрық алған жасақтар қоршауына тағы да жүз мың киік ілігеді. Олар түз тағыларын қамалап тұрғанда кенет олардың бірі ентелеп келіп Фируз шаһ алдынан өтпек болады. Шаһ оның баяғы киік екенін тани кетеді.

1245. Таниб шаһ ани деди: «Әй, жанивар!  
Син ердиңму мақсудума раһбар?»  
Танып шаһ оны деді: «Әй, жануар!  
Сен едің бе мақсатыма жолбасшы?!»

1246. Син елитиб мани гульizarим била,  
Қилиб ердиң асуде, йарим била.  
Сен апарып мені алқызыл жүздімен,  
[Бөлеп] едің тыныштыққа жарымменен.

1247. Син елитиб мани Гулстани Ирам,  
Булуб ерди гулчехре йарим бе-һам.  
Сен апарып мені Ирам баққа,  
Болып еді гүлдей көрікті жарым менің.

1248. Саниң пей-ройиң бирла бех-будума,  
Саниң мақдамин бирла мақсудума.  
Сенің ізіңмен бірге бақытыма,  
Сенің ізіңменен бірге мақсатыма.

1249. Йетиб ердим, емди дағи жан била,  
Йзинча барай чашме герйан била.  
Жетіп едім, енді тағы жан [тәнім]мен,  
Ізіңмен барайын мұңлы [жасты] жанарыммен», –  
деген патша киікке жол ашып, соңына түсіп жүре береді. Аң қызығына түскен жұрт оған мән бермейді.

Киік оны баяғы Ирам баққа алып келеді. Баспалдақпен жоғары шыққан шаһ бір кездері әсем де сән-салтанатымен өзін таңғалдырған Ирам бақты бірден тани кетеді.

Жайнаған гүлдер мен қызғалдақты алқап, жасыл шалғынды алаңдар мен гүлзарлар, бәрі-бәрі орнында өзгеріссіз тұр екен. Биік те сымбатты сұлу қарағайлар мен әдемі балконды үй-жайлардан да өзгеріс байқалмайды. Тек Ирам бақ жамағатының біреуін де Фируз шаһ кездестіре алмайды.

Көгілдір күмбезге шыққан патша оның бастан-аяқ қара жамылғанын көріп, таңғалады. Ондағы Перизаттың мекен-жайына жетелейтін баспалдақтар да бекітіліп, Назбой сұлудың ғажайып сарайы бұзылып кетіпті. Жөн айтарлық жан таппай, Фируз шаһ біраз сенделеді. Біреу ұшыраса қалса Назбойдың мазарына қалай, қайдан кіруге болатынын сұрамақ. Онда барып, сүйген жарының мазаратын құшақтап, жоқтағысы келеді.

Ол Ирам бақты аралап, солай біраз жүреді. Кезінде екеуі қыдырған бақтарды, жүрген, тұрған жайларды көріп, Назбой есіне түсіп, көңілі босайды.

1268. Не сабзу, гулу, лалазар алида,

Йуруб йа туруб ерди йар алида.

Кейде көкорай шалғын, гүл, гүлзар маңында,

Жүріп яки тұр[ушы] еді жарының алдында.

1269. Не сабзе уза ултуруб, жами весл,

Чекиб ердилар базми айями весл.

Не көк шалғында отырып қауышу кесесін

Көтеріп еді, етіп думан қауышу күндерін.

1270. Не ариф йақасинда бир ултуруб,

Құйуб ердилар йа замани туруб.

Не арық жағасында бір[ге] отырып,

Қалатын еді кейде [оны] күтіп ...

Осының бәрі есіне түскен ол Назбойды енді ешқашан көре алмайтынына, оның мәңгілік жоқ екеніне, өзінің жалғыз қалғанына көзі жеткен соң, қайғы, мұң меңдегені сонша, есінен адаса бастайды. Басына топырақ шашып, төсін жыртып, жерге аунап, жылайды. Жаратушыдан Назбойдан ажыратпай өзін де алуды сұрап жалбарынады.

Фируз шаһтың мұң-зарына құлақ қойған Жаратушы, пендесінің тілегін қабыл етеді. Сол сәтте бейіт ішінен бір қол шығып, шаһты ішке алып кетеді. Махаббатты ту етіп, сүйген жарына өле өлгенше адалдық танытқан Фируз шаһ жайлы дастанын ақын:

1290. Киши билмади ким қайан бардилар,

Қу[йуб] хали жайу макан бардилар.

Ешкім білмеді [ол] қайда кетті,

Тастап бос үй-жай, мекенін кетті, –

деумен аяқтаған.

\* \* \*

Поэманың «Негізгі бөлімі» осы 1290 бәйітпен біткен. Әрі қарай 1306-бәйітке дейін Мырза Хайдардың өмір, тағдыр жайлы философиялық толғанысы берілген.

Бұл ретте Мырза Мұхаммед Хайдар өзін Аяз деп атайды да «өміріңнің тұлпары жүргелі тұр, ал сен кейде ояу, кейде ұйқылысың, бейқамсың. Уақытты бос өткізбей, тіршілік ет. Өйткені өмір өте шығады. Ал артыңда еңбегің, игі істерің, қол жеткен табысың жеміс боп қалады. Сондықтан ешқашан бос жүрме» деген салиқалы да мәнді ой айтады.

Уақыт ешқашан тоқтап қалмайды, – дейді ақын әрі қарай. Жыл, ай, күн, түн өзімен-өзі өтіп жатқандай болғанымен, тағдырың сені жаһаннан шарқ ұрып іздеп жүрген шығар, іздемесе бұрын өткен дос, жаран, ата-ана, туысқандарың қайда? Тағдыр оларды да өз кезегімен өткізіп, енді сенің кезегінді келтіргелі «дамылсыз ізіңе түсіп іздеп жүрген шығар» дей отырып, тағы да уақытты бос өткізіп, ғафіл қалмауға шақырады.

Терең толғанысқа толы осындай ойлардан соң 1307–1313-бәйіттерде Мырза Мұхаммед Хайдар Алла тағала мен хазіреті Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарымыз хәм оның төрт халифасына мінажат етіп, тіршілікте ағаттықпен жасаған кінәлары үшін кешірім сұрайды.

Ал ең соңғы 1304–1329-бәйіттерде ол енді дастанның жазылу себебі мен аяқталған кезіне оралады.

1314. Кел, әй муншии табы роушан неһад!  
Қилурман «Жаһан намедин» хайр-бад.  
Кел, ей, қаламгер, көңілі ашық!  
Етемін [енді] «Жаһан намемен» қоштасу.

1315. Куңул лоуһидин раф етиб ғоссени,  
Қилурман тамам емди бу қиссани.  
Көңіл тақтасынан көтеріп қайғыны,  
Етемін тамам енді бұл қиссаны.

1316. Бу ул қисса ерди ким, ул һам-нешин,  
Қилиб ерди, куңлумни кургач һазин.  
Осы қисса еді, сырлас дос,  
Болған, көңілімді көрген соң мұңлы.

1317. Мувафеқ куруб ани уз һалима,  
Монасеб курунуб уз аһвалима.  
Сәйкес көріп оны өз халіме,  
Ұқсас көрініп [ол] өз жағдайыма.

1318. Хийал айладим ерса тақриб ила,  
Бу чағлиқ һекайати тартиб ила.  
Еттім қиял жақын етіп,  
Осындай хикая ретімен түзіп.

1319. Тизилди келиб, назм селкин тутуб,

Тамам улди буниадин йил утуб.  
Түзілді келіп, жырдың жібін ұстап,  
Тамам болды негізгі [бөлімнен соң] жыл өтіп, –  
деп поэманың «Негізгі бөлімінің» бұрын жазылғанымен, соңғы беттерінің арада жыл өткен соң ғана хатқа түсірілгенін ескерткен.

«Жаһан намені» Мырза Мұхаммед Хайдардың Бадахшандағы Қала-и Зафарды қоршауға алған 1529–1530 жылдары жазғанын жоғарыда айтқанбыз. Бірақ дастанның «Негізгі бөлімін» ол 1530 жылдың көктемінде бітіре қоймаған секілді. Шығармамен жұмысты ол Қашғарға қайтып оралған соң, 1532 жылға дейін де жалғастыра берген. Себебі қиссаның соңғы беттерінің нүктесін қойған кезді ол:

1324. Йил ат ерди Мачин таварихида,  
Раджаб айи «фархунда» тарихида.  
Жылқы жылы еді Машын жылнамасында,  
Ережеп айында, «фархунда» мерзімінде.

1325. Тугаттим жаһан меһнату ғоссесин,  
Қилиб назм бир дастан қиссасин.  
Бітірдім жаһан михнаты мен қайғысын,  
Жырлап бір дастан қиссасын ...

1326. «Жаһан наме»қуйдум аниң атини,  
Дедим чун аниң хали халатини.  
«Жаһан наме» қойдым оның атын,  
Айттым солай оның хал-жағдайын, –  
деп тайға таңба басқандай анық көрсеткен, яғни һижраның 939 жылының раджаб айы 1533 жылдың наурыз айына түс келеді.

Мырза Мұхаммед Хайдар бұл кезде үлкен әскермен Кашмирде болатын. Ал ақынның ол кездері неге көңілі тола емес, неліктен мұңлы еді? Мырза Мұхаммед Хайдар неге ол кездің мұңының әрбір сәті өзін әрі-сәрі етті дейді.

Ұлы ғалым «Тарих-и Рашидидің» «Автордың Кашмирге келуі және соған байланысты болған оқиғалар жайлы» атты 96-тарауында һижраның 939 жылының думада ас-сани айында (1532 жылдың 29 желтоқсаны) 4 мың қолмен Кашмир жеріне аяқ басқаны жайлы жазғанын жоғарыда айтқанбыз. Содан олар ол өлкеде 1533 жылдың мамыр айына дейін болып, Кашмирдің біраз жеріне ту тігеді. Бірақ жас қолбасшының жеңістерін қызғанған Мырза Әлі Тағай әскер арасына ылаң салып, бүлік шығарады. Әскерлерді Кашмирді талақ етіп Қашғарға қайтуға үгіттейді. Сөйтіп әскер арасында толқу мен қобалжу туады [6, 543–549].

«Іштен шыққан жау жаман» дегендей, Мырза Мұхаммед Хайдар дулаттан шыққан ағайыны Мырза Әлі Тағайдың іштарлығы мен опасыздығына күйініп, қатты ренжиді. Бірақ өз қолын өзі кесе ме? Оны әрі-сәрі еткен оқиғалардың себебі осы еді. Осындай сәттері ол көңілін аулап, өзін-өзі сергіту үшін «Жаһан наменің» соңғы беттерін жазумен айналысады. Себебі жоғарыда айтылғандай:

1321. Куңул жам емас ерди айямдин,

Ки нуш айласам ерди бу жамдин.  
Көңіл тола емес еді сол күндері,  
Ішпек боп сол [естелік] кесесінен.

1322. Тапиб халвати гаһу би-гаһда,  
Кечаларда, аксар саһар гаһда.  
Бос уақыт тауып әр түрлі кезде,  
Түндерде, көбірек таң шағы да.

1323. Булуб форсатим гаһи бешу онар,  
Хийал еттим улғай дебан йадгар ...  
Кейде уақыт тауып бесіннен соң,  
Қиял еттім болғай деп жәдігер.

1327. Мошавваш еди кунлум ул һалдин,  
Чу айтур едим уткан аһвалдин.  
Әбіржүлі еді көңілім сол жағдайдан,  
Сондықтан өткен халден әңгімелеп едім, –  
деп тағы да шегелей ескертіп өткен. Дастан арада 3 жылға жуық уақыт өткен соң ғана біткен.

«Тарих-и Рашидиді» жазу үстінде де табиғатында кішіпейіл, астамшылығы мен кеудемсоқтығы жоқ ұлы ғалым, ойшыл кемеңгер қайта-қайта оқушысынан ғафу өтініп, әдеп сақтап отыратын сияқты. «Жаһан наменің» де соңғы беттерін осы бір жан жылытар қалпынан айнымай:

1328. Сузумда қосури болуб, билсалар,  
Қарам айлаб ислаһини қилсалар.  
Сөзімде кемшілік бар деп білсе[ндер],  
Кеңпейілдікпен түзетіп оны қойса[ндар].

1329. Салаһ ичра салих тугуб моттасел,  
Наби руһи булғай уларДин баһил.  
[Алла] дайымы туралыққа қауыштырсын,  
Пайғамбар рухы олардан риза болсын, –  
деп аяқтаған.

\* \* \*

Шын да шынайы достық, адал да пәк махаббат уағыздалатын поэмада автор жасаған образдардың бәрі де көңілге қонымды шыққан.

**Шаһсауар патша.** Поэмада ол ақылды, сабырлы, үлкен парасат иесі ретінде көрінеді. Мемлекетінде тыныштық сақталуы, әділдік туы желбіреуіне күш салады. Халқына қиянат жасап, қасіретке душар етпейді. Озбырлық емес, әдептілік жолын қалайды. Ақын әміршіге ханзада сөзімен:



255. Бе-ғайат латифу, хош-айандадур,  
Куңул ким гереһдур, гошанидадур.

[Ол] өте нәзік, сүйкімді еді ғой,  
Қашанда көңіл түйінін шешуші ғой, –  
деген баға беріп, бір-ақ бәйітпен көп жайтты аңғартады.

«Жаһан намедегі» Шаһсауар патшаның құдайдан бала тілеп, ел кезіп кететін жері Мырза Мұхаммед Хайдардың өміріне ұқсас. Поэманың осы деталін ол өз өмірбаянынан алған. «Тарих-и Рашидиде» ұлы ғалым: «Бұл жаман немеге дейін менің ата-анамның төрт қызы бар екен. Олар содан әулие-әнбиелер мазаратына зиярат етіп, ұлы Жаратушыдан ұл беруді сұрап жалбарынады. Ұзақ мінажат пен тілекке толы жалбарыныштан соң, өмірге мына жаман неме келіпті. Сол себепті де ата-анамның маған деген сүйіспеншілігі шексіз еді» [6, 194] , – дейді.

Әйтсе де мұндай мотив ортағасырлық түркі ақындары шығармаларын былай қойғанда, біздің эпостық жырларымызда да ұшырасады.

Шаһсауар патша да жалғыз ұлын жанындай жақсы көреді. Өмірдегі табысы, жемісі, көрер көзі мен жан, ділі Фируз болғандықтан, перзенті үшін ол отқа да, суға да түсуге әзір.

Фируз шаһ киік қуып үшті-күйлі жоғалғанда, Шаһсауар патша тірлігін тастап ұлын іздейді. Ханзададан айырылғанына мойынсұнбайды. Әйтсе де бірте-бірте қасірет бұлты мендеп, думанды күндері қайғыға айналып, үміт оттары сөне бастайды. Ақын оны барлық жерде әдемі де келісті сөйлетеді. Фируз шаһтан айырылғанда патша өзін жеміссіз жапыраққа теңейді. Ұлын аңсап, жоқтау айтады.

Сондай жоқтауға құрылған төмендегі поэма үзіндісінен Мырза Хайдардың түркі халқының бай ауыз әдебиетін де жақсы білгендігін байқауға болады.

842. Паланг аттиму туьма биича ара,  
Алиб кеттиму тағ ара аждаһа.  
Барыс етті ме қорек бейшараны,  
Алып кетті ма тау арасына аждаһа.

843. Суға тушиму, йутдиму йа наһанг,  
Һава қилди симруг алиб йа пачан?  
Суға батты ма, жұтты ма яки жайың,  
Әуеге әкетті ме самұрық яки бөлшектеп.

844. Йиқилдиму атдин йаман йер келиб,  
Йайақ қалдиму атидин айрилиб?

Жығылды ма аттан жаман жер келіп,  
Жаяу қалды ма атынан айырылып?

845. Сусаб сайаьи арзу қилдиму?  
Панаһи тапиб анда йиқилдиму?  
Шөліркеп саяны арман етті ме?  
Пана тауып онда жығылды ма?

846. Йиқилғанда йа ход атидин йаман,  
Кетиб хошиДин би-ход улған заман.  
Жығылғанда өзі атынан жаман,  
Айырылып қалған кезде есінен танып.

847. Бурилар гозарифа туш болдиму?  
Тани туъмаъи, руһи куш болдиму?  
Бөрілер жолына тап болды ма,  
Тәні қорек, рухы құс болды ма, –  
деп қиялы сан-саққа жүгіреді.

Мұнда әкесінің ұлына деген сағынышы уайым-қайғысымен астастырыла өрнектелен. Ақын Шаһсауар жоқтауын перзентін іздеген мәнсіз байбалам емес, шындыққа суарылған жайттарға құрған. Жапан далада жалғыз қалғанның аң-құсқа жем болуы, яки аттан жығылып, жаяу қалса шаршап шөліркеп, саяны армандауы да табиғи, шындықа жарасымды.

Сөйткен Шаһсауардың «қазан жаңбырындай ағызып жасын», «қайғыдан түндей болғанын» көрген Фируз шаһтың жарқын жүзді анасы Жаһанбану да «заманы мейірін тәрік еткен соң», «жылап жүзін аңсап ұлының қайғыланып», «күйіп қайғы отымен» әлсіреп, ақырында дүние салғаны да нанымды шыққан.

Кейін ұлын көру арманына жеткен патша елін, жерін, халқын Фируз шаһқа тапсырып, ханзадаға *«мемлекетті әділетпен гүлдендір, пақыр, гариптерге қашанда қайырымдылық ет, халқың жақсы мінезіңе риза боп көңілі тола болсын, әрдайым халықты шат қыл, рахымды бол»*, деп бақиға аттанып кетеді.

Автор патша образы арқылы қолында билік күші бар әміршілерді:

1035. Улус йахши хулкиңдин улсун хошан,  
Не ким фитнадин мулкиң улсун аман...  
Улус жақсы мінезіңнен болсын көңілді,  
Қайсыбір бүліктен мемлекетің болсын аман...

1037. Дел-азарлиғ пишеси шумдур,  
Не булғай дел-азар мағлумдур.  
Қатігездік түбі – бақытсыздық қой,  
Қатігездіктің немен бітетіні белгілі ғой, –  
деп әділдікті ту етуге, қайырымдылыққа шақырады.

Сөйтіп поэмада Шаһсауар патшаға біраз орын берілсе, ал Перизаттың әкесі Тәжібақыт пен анасы Маһи-Руй зариф тек бір-екі жерде ғана көрінеді. Олар да екі жас бақытына бөгет болмайды. Батасын беріп, Самин еліне шығарып салады.

Фируз шаһ баласы Фаррух Сауарды алып келуге Назанинді жібергенде де Тәжібақыт кедергі жасамай, түсіністік танытып, ханзаданың еліне қайтуына рұқсат етеді. Дастанда Шаһсауар мен Жаһанбану секілді Тәжібақыт пен Маһи-Руй зариф те әділдік пен қайырымдылық символы боп шыққан.

Шығармада Сәлім уәзір де көрегендігімен көрінеді. Ол Фируз шаһтың өзгере бастағанын сезімталдықпен тез байқайды. Дегенмен ханзаданың сыр ашпайтындығын

білген соң, оған ұлы Фируз райды жібере отырып: «*Оңаша кездесіп сұхбаттас, Мысыр, Шам, Ирак, Герат, Қытай, Қотанның сұлулары жайлы әңгімеле. Қор, пері қыздары туралы қызықты хикаялар айт. Тиісті жері әсер еткенде ханзада амалсыз сырын айтар*», – дейді. Ақылды уәзірдің амал-айласы шынында да нәтижесін беріп, ханзада ақырында түсінде пері қызына ғашық болғанын, бірақ өңінде оны таба алмай, қайғы-мұңға бөленгенін жайып салады.

Патша қайғыланып, мемлекет ісі адыра қалғанда да Сәлім Шаһсауарға келелі кеңес береді. Басу айтып сабыр етуге шақырады. «Жетім, жесір, ғаріптерге қайыр садақа үлестіріп, зындандағы күнәһар пенделерді азат ет, олар да тілектес болсын, мүмкін бірінің дұғасы қабыл болып, ханзада аман келер», – деген ұсыныс айтады.

Шығармада тек Шаһсауар мен Фируз шаһ қана емес, сондай-ақ олардың уәзірлері Сәлім мен Фируз рай да ақылына парасаты сай жандар ретінде суреттеледі.

**Фируз шаһ.** Дастандағы бар оқиға негізінен Фируз шаһқа байланысты өрбиді. Ақын оның ерекше болатынын ерте-ақ аңғартып кетеді. Тілі шыққанда ханзадаға өнер көрші боп, бақыт қонады. Жас кезінде-ақ барлық ғылымды біліп, ойлы жігіт боп өседі. Түсінде көрген Перизатқа ғашық болғанда ханзадаға оған жету үшін ешқандай кедергі бөгет бола алмайды. Ғашықтық оты жанын жегідей жесе де, ол оны ешкімге айтпай сыр сақтай біледі.

158. Бу би-некмат ермас, муни ман неһан

Тутай, та замани ке булғай айан.

Бұл жайдан-жай емес, мұны мен құпия

Ұстайын, уақытысы жетіп болғанша аян, –

деп өзін-өзі сабырлыққа шақырады. Опындыратын жеңіл ой жетегінде кетпейді.

Бірақ кейінірек досы Фируз райға сенгендіктен ғана іштегі шерін тарқатады. «*Сырымды саған да айтпағаным, сені де мұң-қайғыға бөлемейін деп едім*», – дейді ол.

Фируз шаһ өзі тақылеттес бек балалары ішінде де аңға шыққанда ептілігі, шабандоздығымен дараланды. Сұлу қыздың қиын үш шартын шеше алмай талайлардың жігері құм боп қайтқанда ол:

379. Бе-джа келтуруб булғаман кам-ран,

Весалиң Гулистаниди шадман

Орындауға бел буғанмын – арманыма жетуге,

Қауышуың Гулстанында шатпын, –

деп жігерлілік танытады. Мақсатына жетпей қоймайынын аңғартады.

Фируз шаһтың ойлылығы мен ақыл-парасаты осы үш шартты орындауда ерекше айқын білінеді. Автор *тақ, білте шам, бойшаң бокалды бірін-бірі қайталамайтын, әрқайсысы өз алдына тартымды әңгіме боларлық оқиғалармен сөйлетеді. Өз кезегінде ол сұлу қыз мүсінін жасаған төрт дос, залым диюдан әдемі қызды құтқарып қалған үш жолдас, қарақшылардың қолынан қазға ұшыраған екі дос пен адал да аяулы ару трагедиясын баяндай отырып, Перизатқа қиын істің шешуін айтуға мәжүр етеді.*

Фируз шаһтың білте шам мен бокалға еркелете, өзімен тең көре тіл қатуы олардың өз сырын айтуына себеп болады. Мысалы, тақты ол оған *«ей, жолы болған бақытты*

тақ» деп әуелі мақтайды. Ол таққа да ұнайды. Риза болған тақ өз жайын айтуға кіріседі де, орайы келгенде Фируз шаһқа «*әлем шаһы*» деп ізет, ілтипат білдіреді.

Үлкен бокалды сөйлету үшін Фируз шаһ «*ей, тынық су ыдысы сүйікті*» деп мақтап өтеді. Оған риза болған бокал ханзадаға «*патшалар патшасы, әлем панасы*» дейді. Фируз шаһ білте шамға: «*ей, жарқын жанды білте шам*» деп еркелете марапаттаса, ол да өз кезегінде оған: «*Патшалар патшасы, Бақытты Фируз*» деп тіл қатады. Осылай біріне-бірі сый-құрмет, ілтипат жасау – қиын істің оң шешілуіне дәнекер болады.

Ханзада кішіпейіл, қыз жүрегінің қыбын таба білетін сезімтал азамат. Әрбір әңгімесінен соң ол: «*Ей, көңіл рахаты, менің айтқан әңгімем мұбарак жүрегіңе ұнады ма?*» деп ғашық жарына еркелете тіл қатады. Сонымен қатар ол Назбой сұлу әрбір оянған сайын шартты орындағанын Перизатқа мойындатып, шегелеп отыруы да оның тиянақтылығын, алды-артын күн ілгері болжай білетін жан екендігін көрсетеді.

Амалы таусылған қыз ақырында:

786. Деди: «Сандадур иһтийар, әй малик,

Маңа қалмади һич ноу узгалик».

Деді: «Сенде енді ерік, ей, патша,

Менде қалмады еш амал өзге», –

деп еркін Фируз шаһқа береді.

Автор Фируз шаһтың абзал да текті жан екенін ұзақ баяндап, дәлелдеп жатпай:

794. Деди: «Шаһри Самин маликзадаси,

Жаһан шаһлариниң қи азадаси».

Деді: «Самин қаласының мәлікзадасы,

Жаһан шаһтарының тектісі».

798. Не иш булса фаһму фарасат била,

Билур, қилур йуз латафат била

Не іс болса түсінік парасатпен

Біліп істер сүйкімді жүзбен, –

деп дәл тауып айтылған сөздерге сыйдырып жіберген.

Өзі зиялылар әулетінен шыққанымен, жастайынан мұң, зарды көбірек көріп өскен Мырза Мұхаммед Хайдар өз шығармасында да қарапайым халық қамын түсіне біліп, оларға аяушылықпен қарайды. Фируз шаһ пен Перизаттың некесі қиылған соң, олар Самин қаласына аттанарда қыздың ата-анасы, ел-жұрты жылап қоштасып қалады. Әйтсе де автор поэмада:

984. Заъифу қави алам ичра бали,

Ерур барчага һежр мушкул вали.

Әлсіз бен күшті жаһанда бар, дұрыс,

Олардың бәріне айырылсу қиын бірақ.

985. Заъифу йелга дошвар ерур узгадин,

Заъиф йел дел-афгар ерур узгадин.  
Әлсіз елге қиын болар өзгеден,  
Әлсіз ел қасіреті болар өзгеден, –  
деп оларға жаны ашып, күйзеле сөйлейді.

Әкесі қайтыс болып таққа отырған Фируз шаһ өзін әділ де таза ұстайды. Өзгенің байлығы мен жеріне қызығып, ашкөздік жасап соғыс ашып, шапқыншылық жасамайды. Қарапайым халыққа мейіріммен қарайды. Фируз шаһ патшалық еткен жүз елу жылды ел той-думанмен көңілді өткізген.

Қолында билік-күші бар кез келген патша, әміршінің жұрт қамын ойлауы керектігін ақын қайталап айтады. *«Егер Алла тағаланың ризашылығын тілеп, құдайдан үміт етсең, халқыңа адал, еліңе берік бол, сөйтсең ғана сенің де тілегіңді Жаратушы жерде қалдырмайды» – дейді ол. Сөйтсе де Мырза Мұхаммед Хайдар: «Бірақ қанша дегенмен адам баласы бейқам ғой, көзін тігіп байлыққа азапта ғой. Байлықты мақсат еткен өзге нәрсені ойламайды. Байлық, ашкөздік жолының азапты, қасіретті, таза еместігі белгілі болса да, ол одан бас тартпайды. Егер оңай жолға түссе – онда Алла бермеді, жарылқамады деу не жорық», – деп бақыттың байлықта емес екендігін айтады. «Адам қанша бейқам, ғафил болса да, Алладан қайырым көріп ризалығын алса, кем болмас ешқашан» – деп келер күндерден жақсылық күтуге шақырады.*

Иә, Мырза Мұхаммед Хайдар әділ әмірші, әділ патшаны идеал етті. Қарапайым халыққа жақын болды. Олардың мұң-зарын түсіне білді.

Оның кейіпкерлері де автордың өзі сияқты махаббатта осындай моральдық биік принциптерден айныған жоқ. Фируз шаһ сүйген жары Перизатқа адалдық танытып өткен. Назбой қайтыс болып, жалғыз қалғанда да ол сүйген жарын ұмыта алмай, дәруіштік жолға түседі. Тағы мен тәжін тастап, өмір қызығынан бас тартады. Назбойды іздеп дүние кезіп кетеді.

Поэманың «Кіріспесі» мен «Эпилогында» ақын дастан оқиғасына өз басынан өткен жайттардың негіз болғаны жайлы ескерткенін айтқанбыз. Ахмет Заки Валиди ол туралы: *«Бұлай деп ол әміршінің мемлекетті басқара алмай тақтан бас тартуға мәжбүр боп оны ұлына беріп, өзі дала кезіп кететін әңгіменің негізгі тұсын айтқысы келгендігі анық. Мұнан Мырза Хайдардың әміршісі Саид ханның да 1532–1533 жылдары Тибетке жорықты тіпті өз еркімен жасамағандығы байқалады. Саид хан патшалығының соңғы жылдары мемлекетті басқаруды божыратып (ол көп ішкен) жіберді. Осыған байланысты оның ұлы Әбдірашид көбірек сый-құрметке бөлене бастайды»* [12, 988], – дейді.

«Тарих-и Рашидиде» шынында да осы жайттарды растайтын деректер жоқ емес. Мысалы, «Кешірімі шексіз ұлы Тәңірінің арқасында ханның тәубеге келуінің басталуы» (70-т.), «Дәруіштік үшін ханның патшалықтан бас тартуы һәм оның өз шешімін қалай өзгерткені» (71-т.) секілді тарауларында: *«Ол күндері жиі шарап ішкендіктен ханның денсаулығы бұзылды», «ақырында іс насырға шапқандығы сонша ол безгек ауруына ұшырады ... ханның шарапқа құмарлығының артқаны сонша, егер түсіне салауаттылық кірсе, оны ол қалайда ішу қажет деп жорыды... Немере ағам көптен (Қожя Ахмет) Йасауи қауымы жолына түсіп, салауатты өмір салтын ұстанатын. Ханның шарапқұмарлығына ол күйзеле, күйінетін. Хан (дәруіштік) жолға*



түскісі келетіндігі жайлы ақылдасқанда ол әмірішінің ниетін қызу қолдады... Хан тәубеге келген соң, белгілі де беделді сопылардың кітаптарын оқып, онда айтылған жайттарға ой жіберді. Ол туындылар оған қатты әсер етті. Осы сопылық жолға түспейінше бақытты бола алмайтынын білген Саид хан бұл пәни тіршілігі мен мемлекет ісінен баз кеітті. Уақытының көпшілігін оңаша өткізіп, тек сопылықты ғана сөз етті» [6, 423, 465–466], – дейді.

Ақырында хан інісі Имин қожа сұлтанды таққа отырғызып, өзі дүние кезіп кетпек болады. Осы кезде Самарқаннан Қашғарға әйгілі тақуа, ел ішінде үлкен бедел иесі саналатын Қожа Мұхаммед Йусуф келеді. Саид хан оған жолығып, дәруіштік жолға түсуге шешім еткені жайлы айтады. Әйтсе де Қожа Мұхаммед оған: «*Патшалық – ең ұлағатты құрал және (Аллаға) ең жақын жол. Бірақ патшалар оны ләзаттық сезімді қанағаттандыру тәсілі мен сайтандық іс құралына айналдырып жіберді. Патша өзінің бір ғана пәрменді сөзімен игілікті іске берілер құрметке лайық болады. Ал дәруіш оған өзінің ұзақ ғұмырында да жете алмайды. Патша тағында отырып бұл мақсатқа тезірек жетуге болады*» [6, 469] дегеннен кейін Саид хан ел билігін қолына қайта алады. Таққа қайта отырады.

Саид хан өмірінің осындай детальдарын Мырза Мұхаммед Хайдар поэмада сәтті пайдаланған. Осылай ол шығарманың деректілігін арттыра түскен.

**Перизат сұлу.** Оны сомдауға ақын ерекше мән берген. Фируз шаһ сарайдағы көгілдір бір кеште кенет ұйықтап кетіп, түсінде Перизатты ұшыратқанда автор:

149. Хосусан ултурубдур бир паризат,  
Йузи ай, кузи чулпан, қадди шамшад.

Ерекшелініп отыр бір перизат,  
Жүзі ай, көзі шолпан, бойы шамшат, –  
деп ә дегеннен-ақ оны суреттеп кетеді.

Фируз шаһ Гүлстани Ирамды тауып, қайта айналып келгенде де, Мырза Мұхаммед Хайдар бас кейіпкерін Назбой сұлумен жолықтырудан бұрын:

325. Қадам куйдийу чикти дарвазаға,  
Саадат ешик бу гулу тазаға.

Аяқ басты да кірді [ол] дарбазаға,  
Бақытты есік бұл – гүлі тазаға, –  
деп Фируз шаһтың бұл жерден өзіне жар болуға лайық таза да пәк аруды ұшырататынына меңзейді.

Сарай ішінің бәрі сұлулар болса да, Фируз шаһ өз Перизатын бірден таниды. Ақын оны тағы да «*кісі оған жүз рет жан берсе де аз, пері қыздарының бәрі жиылып гүлзар болса, Назбой ондағы гүл*» деп суреттейді. Шынында да Фируз шаһқа «пері қыздары Перизаттың алдында гүлгүл жайнап, оның сұлулығына таңырқай қараған бұлбұлы» сияқты көрінеді.

Ханзаданы Назбой да ұнатады. Өйткені Фируз шаһ ғашығын көріп есінен танып қалғанда, Перизат тақтан түсіп шаһзаданы құшағына алып, өз жарындай мәпелейді. Кейін Фируз шаһтың қолынан ұстап, екеуі жұптасып келіп қыз тағына отырады.

Бірақ Перизат шаһзаданы ұнатқанын өзгелерге сездіргісі келмейді. Өйткені оның

шартты орындаған жігітке ғана келісім беретіндігі жайлы сертін сарайдағылардың бәрі де білетін. Сол себепті де Фируз шаһ өзін шын сүйсе әуелі үш шартты толық орындап, өзгелерден ақылдылығы мен тапқырлығын танытуы керек. Содан кейін ғана ол Фируз шаһқа жар болады.

Ханзада жеті ықылым жұртты билеген атақты Шаһсауар падишаһтың ұлы болса, Перизат та өзін:

364. Атамдур пари хайлинің сарвари,  
Һава-хаһидурлар атамның бари,  
Әкем сансыз перінің көсемі,  
Ізгі ниеттілер ата[ларымның] бәрі.

365. Ерур шаһри Заррин аңа пай-[е]-тахт,  
Узинің мубарак ати Таджи Бахт.  
Болады Заррин қаласы оның астанасы,  
Өзінің мубарак аты Тәжібақыт.

366. Анамның ати Маһи-Руй зариф,  
Йуқ андағ жаһан ичре зати шариф.  
Анамның аты Маһи-Руй сұлу,  
Жоқ ондай әлемде тегі қасиетті.

367. Атарлар мани Назбу[й] сарви-наз,  
Суар шаһлар алимда руйи нийаз...  
Атайды мені Назбо[й] сұлу [деп],  
Іздер шаһтар әлемде қажетін бізден ...

369. Бу гулшанни дерлар Ирам гулшани,  
Чекипдур муниң хош-һаваси мани.

Бұл гүлзарды дейді Ирам бағы,  
Тартып тұр мұның хош ауасы мені, –

деп таныстыра отырып, тегі жағынан өзінің де одан кем түспейтінін байқатады.

Мұнда Перизат өзін іздеп келген перінің талай шаһ пен шаһзадалары шартты орындай алмай, амалсыз еліне қайтуға мәжбүр болғанын еске сала келе: *«Егер шартты орындауға келісім берсең айтайын, орындай алсаң тәжім, тағым, өзім, үй-жайым, қанша дүние мүлкім болса да сенікі»* – дейді.

Фируз шаһ келісім берген соң, қыз ұйқысына жатады. Бірақ ол шын мәнінде ояу екен. Ханзаданың әңгімесіне қыздың ұйықтамай құлақ қоюда екенін автор:

528. Хабардар ердийу, бидар еди,  
Аниң емтихани била йар еди  
Білетін еді[қыз], ояу еді,  
Оның сыннан [өтуіне] тілектес еді, –  
деп ескертіп өтеді.

Поэмада Перизат ақылдылық пен парасаттылық символы ретінде танылады. Өзіне жар етіп ол сырт сұлулыққа құмар арзан ойлыларды емес, керісінше шартты тапқырлықпен орындап, ақылдылығын көрсете алар азаматтардан іздейді. Нәзік сезімді Назбой Фируз шаһты бір көргеннен-ақ оның өзі арман еткен азамат екенін байқайды. Сұлу қыздың ханзаданың өз сынынан сүрінбеуіне тілектес болуының сыры да осында сияқты.

Фируз шаһ әуелгі шартты орындағаннан-ақ Назбой сұлу сүйініспен «оянып», ризашылықпен бір шарттың орындалғанын мәлімдейді. Сөйтіп шарттар біткенше «оянған» сайын Фируз шаһты *«патшалар патшасы – жеңіс ұраны»*, *«патшалар патшасының көсемі»*, *«жаһан шаһтарының тазасы»*, *«пәк жүректі ием – басымның тәжі»* деп мақтап, мақсатқа жетуге жігерлендіре түседі.

Дастанда Назбой солай ой һәм тән сұлулығымен ғана емес, жан сұлулығымен де, ақылына көркі сай ғана емес, жүріс-тұрысы, сөз сөйлеуімен де даралана көрінеді.

Фируз шаһ түсінде қан жылаған әкесін көргенін айтып мұңға бөленгенде сұлу қыз:

973. Туман миң маниндик зайфу һазин,  
Саңа садқа болсун, син улма ғамин.  
Түмен мың мендей ару мұңды,  
Саған садақа болсын, сен болма қайғылы.

974. Не йерга қадам қуйсаң ул йерда ман,  
Башимдур айағиңда һар қайда сан.  
Қай жерге қадам бассаң ол жерде мен,  
Басымды [иейін] аяғыңа, қайда болсаң да сен.

975. Фалақ емди сандин йирақ етмасун,  
Ферагин баласини курсатмасун.  
Тағдыр енді сенен жырақ етпесін,  
Айырылысу бәлесін көрсетпесін, –  
деп Фируз шаһқа адалдық танытады. Екеуінің тез Самин еліне аттанып, ата-анасын қуантуын ұсынады.

Әйтсе де өмір жалған. Фируз шаһ пен Перизат 150 жыл отасқаннан кейін, тағдыр шаттық күндерін өзгертіп, думанды гүлзарын түнек етеді. Ажал сәтін жақындатады.

Фируз шаһ пен Назбой үйленіп, Саминге аттанар кезде автор қыздың ата-анасы перзентін қимай жылап қалды демей, «айырылысу мұңының әнін салды» деп әдемі образбен бейнелей де биязылай жеткізеді.

Ақынға сүйікті кейіпкері Назбойдың дүниеден өткенін хабарлау да оңайға соқпайды. Бұл ретте ол Перизаттың қазасын «жаһан Гүлстанын кетті тастап» деп жүрегіне мұң байлай жеткізеді. Жарынан айырылып қасірет шеккен Фируз шаһ халін «күз жетті қарағайлы гүлстанына» яки өмір гүлінің сола бастағанын «(Опасыз) тағдыр түтіні жапты жүзін айдың» немесе «күз жаңбырындай төгіп жасын, бұлттай етті қара бойы-басын» деп білдіреді. Табиғат көріністері тек жақындап қалған қасіретті немесе қуанышты сәтті ғана емес, сондай-ақ кейіпкерлердің тағдыр талайы һәм көңіл күйімен

де байланыстырыла, ұштастырыла суреттеледі. Адам мен табиғат сөйтіп бір-бірімен байланыста көрінеді.

Шығарманың негізгі тақырыбы – адал да таза махаббат. Онда сүйген жарға, махаббатқа деген адалдық ту боп желбіреді. Сол себепті де поэманы махаббатқа арналған әнұран десе де болады. Онда сондай-ақ өмірдің өткіншілігі, тағдырдың бейопалығы мен әділетсіздігі менмұндалайды. Сондықтан да «Жаһан намені» көтерілген проблемаларға, айтылар мәселелерге қарап кейде «Тағдыр наме» деп те айтуға болатын сияқты.

Шынында да шығарма ә дегеннен-ақ (1–14-б.) өмір, тағдыр жайлы философиялық толғаныспен басталады. Жаратушыдан ешнәрсенің де жасырын бола алмайтыны, өмірде не болса да оның рұқсатымен, құдіретімен ғана болатыны, тағдырға не жазылса болмай қоймайтыны, поэма оқиғасының да осы мәселелер төңірегіне құрылатынын 24–30-бәйіттерде-ақ аңғартып кеткен.

Иә, қарымды қаламгер өз өмірінде қасірет пен қайғы, азап пен мұңды көрудей-ақ көрген. Сол себепті де ол «Тарих-и Рашиди» немесе «Жаһан намесі» болсын, өмірден, қоғамнан әділдік, тазалық, қайырымдылық іздеп, соны ту етуге тырысты. Өзінің мөлдір де адал сезімімен ол айналасына нұрлы шапақ шашқысы келді. Ақындық мәдениеті жоғары қаламгер поэмада нені сөз етсе де, нендей жайтты суреттесе де, оған азаматтық көзбен қарап, шындық тұрғысынан келуге тырысты.

Ақын шығармашылығына, сөз жоқ, классикалық парсы және орта- азиялық түркі тілді әдебиеттің де зор ықпалы болды. «Тарих-и Рашидиді» оқи отырып, ұлы ғалымның Әбу-л Қасым Фирдауси, Сағди, Қожа Хафиз Ширази, Әбдірахман Жами секілді классиктер мен парсы, түркі тілдерінде бірдей жазған Лүтфи, Әлішер Науаи, Бабыр, Хасан Әли Жалайри іспетті сөз зергерлерінің шығармаларын да жақсы білетіндігін байқаймыз. Әсіресе жүз жасаған Лүтфидің дастандары мен ғазалдары Мырза Мұхаммед Хайдар шығармашылығына көп әсер еткен. Мысалы, Лүтфидің «Гүл мен Наурыз» поэмасы мен «Жаһан наменің» бас жағы ұқсас.

Лүтфи поэмасында Наурыз шарап кесесін ала сала, одан өзінің сұлу екенін көріп қайран қалады. Қараған сайын ынтыға түседі. Сауық кешін доғарып төсекке жатқанда да, қолына айна алып, өз жүзіне өзі қарай береді. Сөйтіп ол өзіне-өзі ғашық болады. Бірақ бұл деталь «Жаһан намеде» жоқ.

«Гүл мен Наурызда» ханзаданың елі – Наушад. Әкесінің аты Фаррух болса, «Жаһан намеде» Фаррух – Фируз шаһтың баласының аты. Лүтфи дастанында Гүлдің елі Фархар деп аталса, Мырза Мұхаммед Хайдар поэмасында ол Гүлстани Ирам.

«Гүл мен Наурыз» 1411 жылы Гератта жазылған, яғни ол Мырза Мұхаммед Хайдар дүниеге келгенге дейін-ақ Орта Азияда кеңінен белгілі болатын. Поэма парсы тілінде емес, керісінше түркі тілінде жазылғандықтан, һәм онда араб, парсы тілдеріне қарағанда түркі тілінің элементері басым болғандықтан, шығармамен күллі жамағат жақсы таныс еді. Өйткені: *«...көркемөнер жанкүйерлері арасында сол жылдардың өзінде-ақ Лүтфидің жырлары кеңінен белгілі болатын. Науаидың айтуынша, Лүтфидің ғазалдары түркі тілді Ирак пен Хорасан жұртына кең тараған. Әлішер Науаидың қамқоршысы һәм ізбасары сол кездегі аса білімпаз кісілердің бірі – Саид Хасан Ардашир ұйымдастырған Гераттың әдеби отырыстарында Лүтфи өлеңдері*

үлкен сүйіспеншілікпен оқылған» [8, 4–5]. Сол себепті де осындай ұлы суреткері Мырза Хайдардың үлгі тұтып, оған еліктегендігін жоққа шығаруға болмас. Бірақ ол Лұтфи ықпалынан шыға алмай, шайыр көлеңкесінде қалып қойған жоқ. Өзінше жол іздеп, поэмасында өзгеше шешім жасады.

«Гүл мен Наурыз» – 595 бәйіттен ғана тұратын шағын дүние. Ал «Жаһан наме» – тереңнен қозғап, алыстан шалатын, кең планды күрделі шығарма. Оны жазбас бұрын ол, әрине, аз ойланған жоқ. Дастанға ежелгі үнді ертегісін негіз ете отырып, оған қандай жанама оқиғалар қосуы керек? Шығарманың айтар ойының түпқазығы неде деген мәселелерге жауап іздеп шарқ ұрды. Ақырында поэмаға өзі куәсі болған немесе естіген әңгімелерін де тарихи дерек ретінде кіргізуге ұйғарды. Мысалы, «үшінші шарттағы» білте шам әңгімесінен кейін Фируз шаһ баяндаған «екі дос жайлы хикаяға» автордың өз әкесі мен Ташкенттің билеушісі Махмұт хан арасындағы достық негіз болған сияқты. Ол жайлы автор: «...Әкем Мұхаммед Хүсейін мен ханның достығының беріктігі сонша, олар дайымы бір үйде, бір бөлмеде тұрды – хан үйінің оң жақ бөлігі әкеме берілген-ді. Үй шаруасында да әкем ханға таптырмас серік болды. Ханға не әкелсе, соның бәрін әкеме де әкелетін. Егер хан атпен жолға шықса, онда біреуі ханға, екіншісін әкеме деп екі ат әкелетін. Егер хан жаңа көйлек киген, дәл сондай көйлекті әкеме де әкелетін. Сөйтіп хан Қаракөз бегімге үйленгенге дейін қайсыбір іс болмасын екеуінің арасы ажыраған емес... Әкеме хан өзінің үйленуіне байланысты гаремге кетуіне тура келетінін, ал әкемнің құжырада жалғыз қалып қоятынын, мұның өзі достыққа жатпайтынын айтып гафу өтінетін» [1,145], – деп жазады.

Фируз шаһ әңгімесінде екі дос қарақшыларға тап болып, солардың қолынан қаза тапса, Махмұт хан мен Мұхаммед Хүсейін де Шаһибек хан жендеттерінің қолынан жазықсыз мерт болады. Ақын дастан оқиғасына тек Саид хан ғана емес, сондай-ақ өз отбасына қатысты осындай деректерді де пайдаланған.

Сондай-ақ Шаһсауар патшаның көз жұмар шағында:

1031. Муна шаһру, мулку, вилайат санин,

Бари турку, тажик раайат саниң

Мына қала, [дүние]-мүлік, уалайат сенікі,

Барлық түрік, тәжік, халқы [да] сенікі, –

деп елі мен жұртын ұлына аманат ететін бәйітті де поэмаға әдейі кіргізген сияқты.

Ол арқылы Мырза Мұхаммед Хайдар Шаһсауар мен Фируз шаһ мемлекеті халқының үнділер емес, түркілер мен тәжіктер екенін білдіргісі келген. Ол үшін ақын түркілердің құда түсу, той қылу, қыз ұзату, шашу шашу, қалыңдыққа жасау беру немесе бақилық болған марқұмды аза тұтып, жоқтау айту, оған Құран түсіріп, ас беру секілді тағы да басқа әдет-ғұрыптарын кіргізген.

Дастан тілі де көркем әрі бай. Поэмада, әсіресе, образды сөздер мен нәрлі, кестелі де келісімді суреттерге біршама орын берілген. Автор Фируз шаһ образын күшейту үшін «патшалар патшасының көсемі», «жаһан шаһтарының тазасы», «әлем патшасы», «жеңіс ұраны», «әлем сұлуларының шаһы» секілді түрлі теңеулер мен эпитеттерді пайдаланған, сондай-ақ Фируз шаһтың бек балаларымен жарыса аңға аттанған кездегі «шабындық пен қызғалдақты алқаптың ұялып, аяқ астында қоқым боп қалу» суреті ханзада образына жарасып-ақ тұр.



Фируз шаһ та Наурыз секілді сұлу жігіт. Бірақ оны ақын Лүтфи секілді айнаға қаратып, өзіне-өзін сұқтандырмайды. «Ей, әлем патшасы, жаман көзден көркің болсын құпия» деп ойлы оқушыға Фируз райдың бір-ақ сөзімен білдіреді.

251. Таһаммол қилай, пишеву сабр етай,

Куңул уйини ғосседин барк етай.

Төзімді қылайын кәсіп, сабыр етейін,

Көңіл үйін қайғыдан бекітейін, –

деп образбен сөйлеп кетеді.

Мырза Мұхаммед Хайдар сұңғақ бойлы жігітті тік өскен балқарағайға, ал қынама да қыпша бел сұлуларды жас талға немесе шамшатқа (пальмаға), тісін дүрге, ернін лағылға, шашын сүмбілге, жүзін яки гүлге, яки гүл қырманына, көзін нәркеске теңейді. Поэмада кейде шарап құюшы сақилардың мүсінін де гүлге теңейтін бәйіттер ұшырасады.

Ақын образдары жеңіл де жинақы, суреттері айқын, көркем де мағыналы боп келеді. Мырза Мұхаммед Хайдар сондай-ақ нені айтса да, нендей оқиғаны сөз етсе де әділдік пен даналықты ұсынады. Нендей қиын мәселе болсын, оны шешуде әуелі ақыл, ойға жүгінеді. Асығыс шешімге бармайды. Сол себепті де дастанда ғибрат пен ақыл-ой һәм философия басым.

**Поэманың тілі.** Орта ғасырларда Мауараннаһрлық ақындардың бірқатары өз шығармаларын түркі тілінде де жазған. Оны кейінірек түркітанушылардың бірі «шағатай» тілі десе, енді бірі «ескі өзбек тілі» деп атайды. Дей тұрғанмен Лүтфи, Атаи, Саккаки, Науаи, Бабыр секілді майталмандардың қайсысының шығармасы болмасын, бәрінде де осы күнгі қазақ, қырғыз, өзбек, түрік, ұйғыр секілді түркі жұрттары тілдерінің элементтері молынан ұшырасады. Бабыр өзінің атақты «Бабыр намесінде» Әндіжан аймағы халқының түріктер (түркілер) екені, қала мен оның базарында түрік тілін білмейтін кісі жоқтығы, тіпті Мір Әлішер Науаидің де осы тілде жазғанын айтқан. Осы мәселелерді арнайы зерделеген түркітанушы В.Д.Артамошина: *«Ортаазиялық классикалық түркі тілі XV ғасырда бір жағынан Мауараннаһр, Хорасан мен Шығыс Түркістан жасағатының елеулі иранизм қоспасынан басқа шығыс және батыс түркі элементтерінің қосындысы боп табылатын түрк ауызекі тіліне негізделсе, екінші жағынан Қарахан мемлекеті ұйғыр классикалық тілі әдеби дәстүрінің дәнекерлігіне де байланысты еді. Бұл ретте сондай-ақ XIII–XIV ғасырлардағы Алтын Орда мен Кіші Азия әдебиетінің де әсерін ескеруге тура келеді»* [2, 11] деген байламға келген.

Оны біз де жөн көреміз. Себебі дастаннан Жүсіп Баласағұнидің «Кұтадғу білігінде» ұшырасатын «изим» (егем, тәңірім), «рози» (ризык), «қамуғ» (бүтін, барша), «кони» (дұрыс, тура), «арзу» (меркурий жұлдызы), «тапуғ» (қызмет), «гандж» (байлық), «тузум» (пәк жүректі кісі), «ойла», «уйла» (сондай, оңай), «асру» (өте көп), «ерди» (еді), «йаңлиғ», «каби» (секілді) [61,1359–1367] іспетті, бірақ қазір кейбірі архаизмге айналған сөздерді былай қойғанда, Лүтфи мен Атаи, Саккаки мен Бабырдың көркем дүниелерінің тілінен де көптеген ұқсастықтар табуға болады.

Поэмада сондай-ақ кейбір аз-кем дыбыстық өзгешеліктері болмаса, осы күнгі қазақ тілінде де қолданылып жүрген «көңіл, аяқ, айланып, ашна, бадан, бақыл, бәле, беймарал, бейрақым, бейхабар, дәм, дарбаза, дейін, емес, енді, жапа, қоржын, лағыл,

мінажат, нақыш, рабат, сарылып, сыр, сипат, сүмбіл, тәрбие, ұлық, ұлыс, ұрық, халат, қашыр, шолпан, шат, шадыман, шаһр, күйініп-өртеңіп, риза, халайық, қалды, кіріп, көрді, өзі ашылды, жүрек жарасы, сөз» секілді тағы да басқа сөздерді кездестіруге болады.

Түркі тілінде жазу дәстүрі жалпы XII ғасырда Қожа Ахмет Йасауи, Махмұт Қашғари, Жүсіп Баласағұни кезінен басталғанымен, XIV–XV ғасырларда ол әлі де аяғынан тік тұра қойған жоқ-ты. Лүтфи, Атаи, Саккаки секілді Бабыр мен Мырза Мұхаммед Хайдар шығармаларының тілінде де араб, парсы тілдерінің элементтері жиі ұшырасады. Ол жайлы В.Д. Артамошина да: *«Бұл заңды да. Өйткені біз арабизм мен фарсизмді шамадан тыс қолдану мен астарлылық – өнер мен кемелділік шыңы деп есептелген кездегі әдеби тілмен ұшырасып отырмыз»* [8,17], – дейді.

Шынында да, дастанда «йураки су», «жани су», «бағри қан», «бағри су», «қандур жегар» (яғни қайғылы, қасіретті деген мағынада), «башиға тутун урлаб аччигланиб, ғазаб била жанига утлар йаниб» (ашыну, күйіне, долдану), «жаһанди кечмак» (өмірден өту), «илик тишламак» (таңдану, таңғалу), «жан ағзига» (қайғылану, дертті болу), «урди илик» (қол салды), «узидин кетиб» (есінен адасу, есінен айырылу) іспетті ежелгі түркі һәм «дуди матам» (қайғы оты), «жами весал» (кесе түйістіру, яғни бас қосу, үйлену), «бағри берйан», «жани асир», «жегар гушеси» (бауыр еті – перзенті), «бар йамак» (рақатқа бөлену) секілді парсы немесе «нуш айламак» (нәр тату), «қизитти дамаг» (көңіл көтерді), «барбад айлади» (жоқ қылды, жұлды, жойды) сияқты түркі-араб, парсы тілінде араласа келген фразеологиялық тіркестер де ұшырасады.

Поэмада «матам уйи» (аза, қайғы үйі), «байту-лахзан» (қасірет үйі), «етіп бұрышын отан мұң үйінің» сияқты сопылық поэзияға тән фразеологизмдер де кездеседі.

Мырза Мұхаммед Хайдар Қашғарияға Орта Азиядан бозбала кезінде келіп, онда 18 жыл ғана тұрғанымен, осы өлке жұртының тілдік әсеріне ұшырамай қойған жоқ. Мысалы, ол поэмада «бурнарақ» – бұрынырақ, «кузи бирла» – көзіміз бірге сияқты, тағы да «ешиит» – есіт, «нигу», «нагу» – неге, «нечук» – қалай, «таңла» – таңда, «келибан» – келіп, келді, «алибан» – алып, алды, «кишким» – ешкім, «тақи» – тағы, «туққан» – туыс, туғандар, «үзә» – үстінде, «ул дам» – сол сәт, сол кез, «йалғузун» – жалғыз, басқа іспетті көптеген сөздерді аталмыш халық тілінің ерекшеліктерін сақтап пайдаланған.

Қалай дегенмен де автор поэмаға түркі тілі элементтерін көбірек кіргізуге тырысқан. Оны төменде топтап көрсетілген дастан ұйқастарынан-ақ байқауға болады.

### Түркі сөздерінен тұратын ұйқастар

бурун – йашурун  
йетар – етар  
жансиздурур – йугруб йурур  
ерур – барур  
булғай еди – тулғай еди  
демас – йемас

ушбу кун – бағри бутун  
булса һич – бу кеч  
ешит – йигит  
начча йил – ерди бил  
сузладилар – кузладилар  
етиб – йатиб  
уруб – суруб  
қуруб – ултуруб  
йалғузун – узун  
қули – булбули  
талаб – арқалаб  
улғанлари – қалғанлари  
йуруб – ултуруб  
улмағай – тулмағай  
иши – киши  
давранида – зинданида  
шаһрийар – һушйар  
лалазар – йътебар  
карван – кардан  
пай-(е)-тахт – Тадж и Бахт  
авласақ – қувласақ  
ултуруб – тик туруб  
аң авлали – қуш қулали  
кузин – узин  
уйғариб – курсатиб  
уғланлари –йигитлар  
қашида –йашида  
атқан емас – ешитқан емас

### **Араб-парсы сөздерінен тұратын ұйқастар**

йек-сандурур – маскандурур  
харухас – һар нафас  
камал – завал  
хекмати – қудрати  
рафиқ – шафиқ  
аһлидин – һам–нешин  
хақ зафар – Умар  
маъдани – гүлшани  
зу-л-фагар – парвардигар  
адамизадга – абадга  
жаван – гуман

пор һозур – эйш сурур  
аһбабға – асбабға  
ғамин – һазин  
һалак – пак  
сарви-наз – руй нйиаз  
валъи – салаъи  
сар-гозашт – куһи-даш  
Фируз шаһ – андуһ  
Хаһ һабиб – насиб  
тамам – мақам  
ултуруб – йандуруб  
кулға алди – алдига салди  
иһтемам – тамам  
тизгар – иһтийар  
бари заиба һавас – раъна һавас  
һалини – аһвалини  
дел-дарии – азарини  
бурдур – эзһардур  
хоррам болуб – кам болуб  
гардиши – иши  
курди шад – хайри бад  
қилди карм – нарм–нарм  
һар заман – бу хақдан  
ахер йетиб – қатл етиб  
бунйад етиб – бад–бад етиб  
йапрағи – эшрат чағи  
һекайат қилай –шекайат қилай  
ушбу хал – завал  
һақ һозур – қойнумдадур  
мундин нари – фалақ ишлары  
турт йар – иһтийар  
дирине сал – қилдиң соал  
вақие булуб – тале болуб  
парвареш – өзга иш  
хатм калам – өткан тамам  
чомше тараш – қилған мааш  
һонарманд улуб – хорсанд олуб  
роушан замир – шартинда бир

Араб поэзиясында әдетте бәйиттің соңғы сөзі келесі бәйиттің соңғы сөзімен ұйқасады. Ал бәйит шатр, кейде мисраъ деп аталатын төмендегідей екі тармақтан тұрады.

2 шатр (мисраъ)                      бәйіт                      1 шатр (мисраъ)

а \_\_\_\_\_

2 шатр (мисраъ)                      1 шатр (мисраъ)

а \_\_\_\_\_                      бәйіт

Ал түркі поэзиясында шатр немесе мисраълар да өзара ұйқаса береді. Мысалы:  
659. Шарик етмағай ерди уз ишига (1 шатр, мисраъ)

Сузи қалмағай ерди һич кишига (2 шатр, мисраъ)

Серік етпегей еді өз ісіне,

Сөз қылмағай еді еш кісіге.

Осындағы 1-шатрдың соңғы «ишига» деген сөзі 2-шатрдағы «кишига» деген сөзімен ұйқасып тұр. Оны төмендегідей сызбамен көрсетуге болады:

2 шатр (мисраъ)                      бәйіт                      1 шатр (мисраъ)

а \_\_\_\_\_

«Жаһан наменің» Берлин қолжазбасы дәл осындай үлгімен жазылған. Ал біздің жазуымызда бәйіттің 2 шатры (мисраъсы) қатар көлбеу емес, бірінің астына бірі жазылады.

Бұл мәселелер араб әдебиетінде «аруд» (түркі, парсы тілдерінде «аруз»– өлең өлшемі – метрика) деп аталады.

Сонымен дастандағы ұйқастардың шамамен 500-ден астамы (37,6%) парсы, 460-ға жуығы (34,6%) түркі, 370-ке тақауы (27,8) аралас тілді болып келеді. Араб, парсы-түркі сөздерінен араласа келген ұйқастардағы түркі тілі сөздері кейде етістік формасында болып, көмекшілік те қызмет атқарған.

Талдау «Жаһан наме» ұйқасында араб, парсы тілінің үстемірек екенін көрсетеді.

«Жаһан намеде» парсы сөздері мен олардың синонимдері көбінесе сымбатты сұлу қыз сипаты немесе жалпы сұлулық, әдемілік, кербездік секілді қасиеттерді білдіруге байланысты қолданылады. Сұлу қыз, әдемі жігітті суреттегенде өзге де Ортаазиялық ортағасырлық түркі текті ақындар сияқты Мырза Мұхаммед Хайдар да парсы поэзиясының классиктері жасаған: «мойзун-мағбул» (сұңғақ, әдемі), «гүл андам» (гүл мүсінді), «сарви азад» (сұңғақ бойы), «зибалар» (сұлулар), «раъналар» (кербездер), «хубалар» (сұлулар), «қадди шемшад» (бойы шамшат), «гүльизар» (алқызыл жүзді), «сарви-наз» (сұлу), «сар андаз» (тәкаппар), «сарв-раъана» (сұңғақ бойлы), «махбуби зиба һавас» (сүйікті сұлуға ынтықтық), «пари чехрелик шух раъна һавас» (пері жүзді кербез сұлуға ынтықтық), «дел-дар» (ғашық жар), «һабиб» (сүйікті), «дел-банд» (ынтық), «һам-дами дел гошай» (көңіл көтерер дос), «гулу лалезар» (гүл мен қызғалдақ), «золфи сунбул» (сүмбіл шашты) іспетті теңеу, эпитет, суреттерді пайдаланады. Бірақ кейде ақын оларды түркі тіліндегі эквиваленттерімен де ауыстыруға тырысады.

Ал сұлудың сұлулығынан басқа көз, қас, тіс, тән, шаш, жүз, аяқ, құлақ, бас, білек



секілді дене мүшелері һәм оның жүзік, сырға, білезік секілді әсемдік заттары түркі тілінде берілген.

Ахмет Заки Валиди: «... шығарма Мырза Хайдардың тамаша ақын болғандығын көрсетеді. Оның тілі замандастары Бабыр мен Шайбақ ханның (Шайбани – Ә.Д.) тілі сияқты қарапайым, баяндаулары анық та айқын» [12, 989] дей келіп, поэмада Батыс түріктерінің (Орта Азия түріктерінің) тілдік әсері барына да назар аударады. Шынында да ол қазіргі қазақ тіліндегі «болып», «болды», «болған» деген сөздерді кейде Батыс түріктері сияқты «олди», «олған»; «отыр» сөзінің орнына «олдур» формасында қолданған. Соған қарап башқұрт ғалымының «Бабыр Үндістанда, Шайбақ хан Батыс Түркістанда, Саид хан мен Мырза Мұхаммед Хайдар Шығыс Түркістанда ғұмыр кешіп, саяси алауыздықта болғандарына қарамай шағатай әдебиетіндегі бір мектеп өкілдері еді және Кіші Азия түріктерінің әдеби ағымымен байланыста болған» [12, 989], – деуінде бір шындық бар.

Тағы бір айта кетер жәйт – кейбір басылымдарда поэма атының екі түрлі жазылып жүргендігі. Ахмет Заки Валиди мен Т.Сұлтанов оны «Джиһан наме» [10, 116] десе, Ч.А.Стори [9, 1202] мен өзбек шығыстанушылары А.Уринбаев, Р.П.Джалилова мен Л.М.Епифанова [4] һәм Шыңжаң ғалымдары «Жаһан наме», «Жаһан нама» [3] деп көрсетеді. Ал автордың өзі поэма соңындағы 1324–1326-бәйіттерде дастанға «Жаһан наме» деп ат қойып, оны «ражаб айы, жылқы жылы» (1532–1533 жж.) бітіргенін ескерткен. Парсы тілі сөздігінде бұл сөз «джаһан – мир, вселенная» деп жазылады. Оны өзбектер де «жахон – мир, свет, вселенная», ұйғырлар «жахан – вселенная, мир» деп жазса, ал қазақтар «жаһан», «жиһан» деп екі формада да қолданады. Мысалы, «жер-жаһан», «жер-жиһан». Әйтсе де бұл сөздің екі түрінің де білдіретіні бір мағына, сондықтан «жиһан» жаһанның фонетикалық варианты ретінде қолданыла береді.

Мырза Мұхаммед Хайдар парсы тілін еркін біліп, сол тілде «Тарих-и Рашиди» іспетті классикалық шығарманы дүниеге келтіргендіктен, ол араб сөздерін де парсы тілінің дыбыстық ерекшеліктерімен айтып, жазғандығына күмән жоқ. Сол себепті біз де осы дәстүрді сақтай отырып, парсы тіліне кірген араб сөздерін парсы тілінің транскрипциялық ерекшеліктерімен бергенді жөн көрдік.

Дей тұрғанмен шығарманың тілдік сыр-сипатынан басқа суреттеу құралдары (теңеу, эпитет), образдар жүйесі, сюжеттік желілері, құрылыстары, ұйқас, жанрлық ерекшелігі және т.б. мәселелер туралы арнайы сөз, әрине, алда.

«Жаһан намені» оқи отырып, тамаша талант иесінің қарапайым да сабырлы, ойлы да биязы үнін естігендей, жақсылық пен жамандық парқын таразылаған ғибратты сөздерін тыңдағандай терең сезімде боласыз.

Иә, «Тарих-и Рашиди» секілді «Жаһан наме» де тарих төрінде, халық жүрегінде тұратын классикалық асыл мұра. Ал асыл мұралар әдетте халқымен бірге мәңгі жасайды.

\* \* \*

«Жаһан наме» соңғы нүктесі қойылған 1533 жылдан бері ұзақ уақыт қолжазба күйінде қалып, оқырманымен жүздесе алмай келді. Поэманың Үрімші басылымы да

көпшілікке жете қойған жоқ. Дастанның Берлин қолжазбасы қолымызға тигелі де біраз жыл өтті. Әйтсе де біз оған ұзағырақ үңіліп, зерделей түсу мақсатымен жариялауға асықпадық.

Тек 2006 жылы ғана «Білім» баспасында ол тұңғыш рет жарық көрді. 2009 жылы екінші рет басылды.

Иә, сөйтіп түркі (қазақ) халқының ұлы тұлғасы Мырза Мұхаммед Хайдар Дулатидің ескінің көзі, жақсының сөзіндей мәнді де мағыналы мұрасы қазақ еліне де жетіп, оқырманымен жүздесуге тағы да аттанды. Сәт сапар саған, жақсыдан қалған жәдігер.

### Әдебиеттер:

1. *Альхамова З.А., Давидович А., Литвинский Б.А., Массон М.Е.* Историко-археологическое изучение мавзолея Юнус хана в Ташкенте// Труды САГУ. Археология Средней Азии. Новая серия. Вып. 61. Км. 6. –Ташкент, 1953.

2. *Артамошина В.Д.* Условия формирования и некоторые особенности языка Среднеазиатских поэтов– предшественников А.Навоий.1. о термине «Чагатайский язык»// Тюрко–монгольское языкознание и фольклористика. – М., 1960.

3. Аяз Шекасте. Жаһан наме. – Үрімші, 1985.

4. *Мирза Мухаммад Хайдар.* Тарих-и Рашиди. Введение, перевод с персидского А.Урунбаева, Р.П.Джалиловой, Л.М.Епифановой. Примечания и указатели Р.П.Джалиловой и Л.М.Епифановой. Ташкент, изд. «Фан» АН Руз, 1966 (Екінші баслымы: «Санат». – Алматы, 1999).

5. *Мирза Мухаммад Хайдар.* Аязий. «Жаһан нома». «Фан». – Ташкент, 1999.

6. *Мұхаммед Хайдар Дулати.* Тарих-и Рашиди. Жалпы редакциясын басқарған және алғы сөзін жазған филология ғылымдарының докторы, профессор Әбсаттар Дербісәлі. Парсы тіліндегі қолжазба нұсқасынан тәржімалаған Ислам Жеменей. Қазақ және орыс тіліндегі нұсқаларын салыстырып, әдеби өндеп, толықтырып аударған әрі ғылыми редакциясын жасаған Мұхтар Қазыбек. Өлеңдерін жолма-жол тәржімасынан аударған Қадыр Мырза Әлі. «Тұран» баспасы. –Алматы, 2003.

7. *Мұхаммед Хайдар Дулати.* Жаһан наме. Поэmanın ежелгі түркі (шағатай) тілінен Берлин нұсқасы бойынша жолма-жол аудармасын және оны Қашғар нұсқасымен салыстыра ғылыми транскрипциясын жасаған, алғы сөзін жазып, сөздікті құрастырған, түсінік, ескерту, аннотация және көрсеткіштерін дайындап, баспаға әзірлеген филология ғылымдарының докторы, профессор Әбсаттар қажы Дербісәлі. –Алматы, 2006.

8. *Рүстемов Э.Р.* Лутфи, – предисловие кн. «Лутфи». Лирика. «Гуль и Навруз». – М., 1961.

9. *Стори Ч.А.* Персидская литература. Био–библиографический обзор. В трех частях. Пер. с англ. перераб. и дополненное Ю.А. Брегель. Часть 2. – М., 1972.

10. *Султанов Т.И.* «Тарих-и Рашиди» Мирза Хайдара Дулата (Литературная

история памятника)//Письменные памятники Востока. Историко-филологические исследования. Ежегодник. 1975. – Москва, 1982, стр. 116–135.

11. *Туманович А.Н.* Сочинения Мирза Мухаммеда Хайдара «Тарих-и Рашиди» как источник по истории киргизов и Киргизии// Арабо-персидские источники о тюрских народах. – Фрунзе, 1973, стр. 66–86.

12. *Ahmet Zaki Walidi.* Ein Turkishes Werk Von Haidar Mirza Dughlat//Bulletin of the School of Oriental Studies ( University of London). Vol. VIII, pt.4 (London), pp. 982–989.

### III ТАРАУ. ДАРА ТҰЛҒА ЖАЙЛЫ ОЙ-ТОЛҒАМДАР

#### 3.1. М.Х. Дулатидің Үндістандағы зерттеушісі

1960 жылдардың ортасы. Бірде кездейсоқ «Орта Азия мен Қазақстанның ұлы ғалымдары» атты кітап қолыма түсті. Онда Орта Азия мен елімізден шыққан ойшылдар жайлы айтылыпты. Әбу Насыр әл-Фараби хақында Ақжан Машанов, Әлішер Науаи жайлы Мұхтар Әуезов, М.Х. Дулати туралы Әлкей Марғұлан, Ұлықбек хақында Ауданбек Көбесов, Махмұд Қашғари туралы Мархабат Томанов, Қадырғали Қосынұлы Жалайыри жайлы Қ.Жүнісбаев және т.б. мақалалары беріліпті.

Әлкей Марғұлан (1904–1985) Мырза Хайдар жайлы: «Мұхаммед Хайдардың кім екенін тарихты зерттеушілер болмаса, жұрттың көпшілігі біле бермейді... Мұның даңқын дүниежүзіне «Тарих-и Рашиди» деген кітабы жайған... Бұл кітап барлық мәдениетті елдердің тіліне аударылып, мәңгі өшпейтін дүниежүзілік әдебиет мұрасының бірі болып отыр. «Тарих-и Рашиди» кітабының ең тамаша жері, Мұхаммед Хайдар мұнда Алтын Орда мен Шағатай ұлысының әбден ыдырап, XV ғасырдың орта кезінде бұрынғы қазақ тайпалары бірігіп, жеке өкімет құрғанын бірінші рет ашық, көлемді түрде төндіре жазған. Кітаптың тіліне, ондағы мәліметтердің айқын, маржандай тізіліп құрылуына қарағанда, оның жазушысы жергілікті халықтың тұрмысын, шаруашылығын, саяси тіршілігін жете білетін кісі екенін көрсетеді.

Мұхаммед Хайдардың қазақ туралы жазғандарында тек сұрау арқылы біліп, үстірт жазу мүлде жоқ. Ол көбінесе өзінің көзімен көріп, байқағанын әңгіме етіп, не атақты билермен кездесіп, солармен пікір алысқанын негізге алып жазады. Мұхаммед Хайдардың жазуында өрескел, оғаш айтқан ойлар кездеспейді. Оның еңбегінен сыпайылық, әдептілік, сезгіштік, халық мұңын ойлаушылық аңқып тұр. Сондықтан бұл кісіні халықтың адал ұлы, кемеңгер ойшылы, халық өмірінің суретшісі деуге болады» [1, 246–247] – дейді. Бұл жолдарды ол 1941 жылы сәуірде, Екінші дүниежүзілік соғыстың басталуынан екі ай бұрын жазған. Қазақ тарихы Қазан төңкерісінен басталады деген ұстаным үстем тұста, «қазақ хандары, қазақ хандығы, қазақ мемлекеттілігі» дей беру аса құптала бермейтін.

Әлкей Марғұлан әрі қарай: «Кемеңгер жазушы мен саңлақ ойшылдың қайда туып-өскені де оның ұрпақтарына зор мақтаныш. Міне, біз әңгіме етіп отырған Мұхаммед Хайдар ұлы жүз, дулат тайпасынан шыққаны байқалады. Академик В.В. Вельяминов-Зерновтың (1830–1904) айтуынша: «Мұхаммед Хайдар дулат руынан, текті атадан көрінеді. Дулаттар – тарихи заманнан келе жатқан түрік нәсілдес көп тайпалардың бірі... Шоқан Уәлихановтың (1835–1865) жазуынша: Мұхаммед Хайдар дұғлат руынан, Болашы бидің ұрпағы. Дұғлат руы ол кезде атақты рулардан болып, Қашғар хандары әйелді осы рудан алатын болған» [2, 247–248] – дейді.

Иә, ол жылдар кеңестік идеологияның атқа мініп, айтқаны жүріп, дегені болып, шарықтап тұрған шақ еді. Олардың халқымыздың тарихы Октябрь революциясынан, жазба әдебиеті Абайдан ғана басталады деген қағиданы біршама мойындатқан кез. Соған сендік. Солай екен деп ойладық. Өйткені мектептер мен жоғары оқу орындарында

да бізді солай оқытты. Олай емес, қазақ жұртының әдебиеті мен мәдениетінің тарихы тереңде деп қарсы шыққандар 1930 жылдардағыдай атылып, асылып, итжеккенге айдалмаса да, айтқандары мен зерттеп дәлелдегендері мүмкіндігінше жоққа шығарылуға тырысылды. Десек те 50-жылдар соңына таман басталған жылымық әсері сезіле бастаған-ды. Сол себепті де әлгі кітаптан халқымыздың дулат тайпасынан шыққаны, Үндістанның Кашмир уәлаятын 11 жыл билеп, артына «Тарих-и Рашиди» секілді классикалық мұра қалдырған, бұдан 500 жыл бұрын өмір сүрген Мұхаммед Хайдар Дулати (1499–1551) атты көрнекті мемлекет қайраткері, тарихшы болғаны, оның еңбегіне Шоқан Уәлиханов жоғары баға беріп, кейбір жерлерін орыс тіліне аударғаны таңғалдырған-ды. Сондай азамат туралы академик Әлкей Марғұланнның «Орта Азия мен Қазақстанның ұлы ғалымдары» жинағына арнайы мақала жазғаны Мұхаммед Хайдарға деген қызығушылығымызды арттыра түсті.

Содан осы бір данаға деген іңкәрлігім ҚазМУ-де ұстаздық қызметтегі жылдары еселей түсті. Сөйтіп жүргенде 1996 жылы Ташкентте, Өзбекстанның Шығыстану институтының директоры, шығыстанушы, тарихшы ғалым А.Орынбаевтың жетекшілік етуімен, құрамында Р.П.Джалилова, Л.М. Епифанова бар топ тәржімасымен «Тарих-и Рашиди» тұңғыш рет орыс тілінде шықты [3, 246–247], Өзбекстан астанасына арнайы кісі жіберіп, оның ондаған данасын алдырып, мамандарға тараттым. Жанғара Дәдебаев сияқты және т.б. ғалымдар Мұхаммед Хайдар жайлы мақалалар жазып, оның өмірі және шығармашылығымен жұртшылықты таныстыра бастаса, қазақтың тұңғыш тарихшысының атын алған Тараз университеті 1997 жылы наурызда Мұхаммед Хайдар Дулатиге арналған тұңғыш халықаралық конференция өткізді. Оған Өзбекстаннан жоғарыда аталған ғалымдарынан басқа А.Каюмов, Д.Юсупов, А.Хайтметов, М.Мұсаев, Х.Дадабаевтар; Қазақстаннан Ш.Мұртаза, М.Қозыбаев, У.Шәлекенов, У.Бішімбаев, Қ.М. Байпақов, Б.Көмеков, Қ.Жарықбаев, Ә.Дербісәлиев, М.Қойгелдиев, Т.Омарбеков, Б.Кәрібаев; Қырғызстаннан тарихшы академик И.Молдобаев секілді көрнекті ғалымдар мен жазушылар қатысып, баяндамалар жасады. Бұл жайт Мұхаммед Хайдар мен оның атақты шығармасын тек қаламгерлер мен ғалымдар ғана емес, жалпы халыққа да мәлім етуге септігі тиді.

1997 жылы Сауд Арабиясына дипломатиялық қызметке ауыстым. Сонда жүргенде Үндістанға барып, М.Х. Дулатидің зиратын, жүрген, тұрған жерлерін көзіммен көруді мақсат еттім. Оның да сәті түсті. 1998–1999 жылдары Кашмирге бірнеше рет бардым. Зиратын таптым. Ол жайлы кезінде «Егемен Қазақстан» газеті жазды.

Бірақ ұлы ғалым жайлы деректі материалдар аздық ете бастады. Әсіресе үнді ғалымдарының зерттеулері, Үндістанның мұрағаттары мен кітапханалары, қолжазба қорларында жатқан дүниелер қолға түсе қоймады. Сөйтіп жүргенде 2002 жылы үндістандық дін қызметкерлері мені, Қазақстанның Бас мүфтиінің Нью-Делиде өтетін қасиетті Құран жарысына жюри мүшесі ретінде шақырды. Конкурс соңында мені Үндістанның Президенті профессор Абдул Калам мырза қабылдап, құрмет көрсетті. Онан соң Үндістанның ғылым, білім министрі Абхайанкар да өзіне шақырды.

Сұхбат соңында министр мырза маған тосынсыз жасады. Мұхаммед Хайдар Дулатидің Үндістандағы зерттеушісі, профессор Мансура Хайдар ханымның «М.Х. Дулати парсы тілді дереккөздерінде» [4] атты зерттеуін һадия етті. Қуанғанымды



жасыра алмадым. Зерттеу ағылшын тілінде екен. Онда Мұхаммед Хайдар жайлы зерттеуден басқа ол туралы Үндістанның кітапханалары мен мұрағаттары және қолжазба қорларынан табылған парсы тіліндегі материалдар қосымша ретінде де беріліпті.

Арада бірнеше жыл өтті. Бірде Діни басқармаға (Алматыға) профессор Мансура Хайдар ханымның өзі келді. Ол орта бойлы, толықтау кісі екен. Қасында көмекшісі, әріптесі Аджай Патнайк мырза бар. Оларды профессор С.Ф. Мажитов ертіп келді. Біраз әңгімелестік. Сұхбат екі жақ үшін де қажет әрі тартымды да қызықты болды. Өйткені әңгіме өзегі М.Х. Дулати болған еді. Содан Мансура Хайдар ханым мені бірде Нью-Делиде өтетін халықаралық ғылыми конференцияға шақырды. Бардым. Ойларыммен бөлістім. Ғылыми жиынға келген Өзбекстан, Тәжікстан, Түркіменстан ғалымдарымен ұшырасып, таныстық. Пікірлестік. Кітап алмастық. Әрине, ол жолы да ортақ әңгімеге Мұхаммед Хайдар Дулатидің өмірі мен шығармашылығы өзек болды.

Үндістан ғалымдарымен байланыс онымен тоқтап қалған жоқ. Бірде әл-Фараби атындағы ҚазМУ-дің ғылым жөніндегі проректоры, профессор Зулхаир Мансуров телефон шалып, Нью-Делиде болғанында профессор Мансура Хайдар атты тарихшы ғалыммен танысқанын, Мансура ханымның «Тарих-и Рашиди» парсы тілді деректерде» атты Нью-Делиде 2002 жылы жарық көрген аталмыш кітабын өзіне сый еткенін хабарлады. Осы жайттен ҚазМУ-дің ректоры профессор Төлеген Әбдісағиұлы Қожамқұлов та құлағдар екен. Мансура Хайдардың әлгі кітабын ол орыс тіліне аударып, қазақ оқушыларына жеткізуге қол ұшын беруге дайын екендігін мәлімдеді.

Сонымен жұмыс басталып кетті. Тәржімаға университеттің шетел тілдері кафедрасының ұстаздары, ағылшын тілінің білгірлері Марияш Қайдауылқызы Мәкішева мен Алма Шерханқызы Мұртаза кірісті. Біраз уақыттан соң аударма аяқталып қолыма тиді. Содан Шоқан Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтындағы қазақ тарихын зерделеп жүрген белгілі ғалым К.А. Пищулинаға хабарласып, тәржіманы қарап шығуды өтіндім. Ол кісі жасының ұлғайғанын айтып, қиналса да келісті. Тек уақыт керек екенін айтты.

Жарты жыл да зымырап өте шықты. Клавдия Антоновна хабарласып, тәржіманы оқып біткенін, аударманың көңілден шыққанын айтты. Енді кітапты Алматыда шығару керек. Не істейміз? Бұл іске Шоқан Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының сол кездегі директоры, профессор С.Ф. Мажитов қолын созды. Ол өз институты ғалымдарын бастап 2006, 2007 жылдары екі рет Кашмирде ғылыми конференция мен іссапарда болғандарын, Кашмир университеті мен өз ғылым ордалары арасында әріптестік туралы келісімшарт жасасқанын айтты.

Шынында да, Кашмирге барған бір сапарымда университет ректоратынан Алматыда М.Х. Дулати бейнесі тоқылған кілемше мен оның майлы бояумен салынған портретін де көрдім.

Иә, сөйтіп С.Ф. Мансура Хайдар ханым еңбегінің тәржімасын тағы бір қарап шығу әрі оны бастыру шығынына да демеуші табуға уәде етті.

Сонымен кітап Алматыда 2010 жылы орыс тілінде жарық көрді [5].

«М.Х. Дулати парсы дереккөздерінде» бірнеше тараудан тұрады. Кітап профессор Мансура ханымның «Алғы сөзімен» (4 бет) басталған. Автор: «Мырза Мұхаммед

Хайдар Дұғлатиды қазақтар өзінің ұлттық тарихшысы деп танып, мойындағанша және оның барлық жетістігін көрсетіп, өлмес, өшпес есімін құрметтеу жайлы шешім шығарғанша ұзақ уақыт Моғолстан ханзадаларының бірі ретінде ұмытылып қала берді.

Мырза Хайдар қазақ халқының даңқты өкілі, оның өз отандастары тарапынан барлық құрмет пен мақтауға кеш те болса лайық екенін айтудың, атап көрсетудің қажеті бола қояр ма екен. Оның өмірі мен шығармашылығын зерттеуге деген қазақ достарымның жігер-қайраты менің ол туралы, оның кейбір замандастары және кейінірек өмір сүрген үнді-парсы дереккөздерінен іздеп тауып, алғашқы мәліметтер топтамасын құрастыра бастауыма көмектесті. Дереккөздерден және аудармадан алынған мәтіндер үзінділері де ұсынылып отыр. Әсіресе мәтіндердің аудармаларының нұсқаларына ерекше көңіл бөлінді. Керек жерлеріне түзетулер жасалды және қайта аударылды. Кейбір бұрынырақ тәржімаланбаған еңбектер ағылшын тілінде қысқаша мазмұндалды. Түзетуді қажет етпейтін аудармалар да ұсынылды.

Моғол және Кашмирдің тарихшы шежірелерінің дереккөздері авторлары оны тең дәрежеде жылышырайлығы, әділдігі, бірқалыптылығы мен сенгіштігі, залалсыз мінезі және ең әуелі адамгершілігі үшін мақтаған. Ол өмірге құрметпен қарай отырып, соғыстан гөрі жеке басына керек болмаса да бейбітшілікке басымдық берген. Ол «жейдеде туылмаған» дейтіндей болғанымен, бірақ «алтын адам-ды». Көп оқыған, білім мен өнердің сан қырының білгірі еді.

Атақ пен күш-қуат оған кездейсоқ келген жоқ, ол үлкен еңбекпен жеңіп алынды. Әбу-л Фазл (Әллами) (1551–1602) Мырза Хайдарды қатаң сынады. Әйтсе де ол сын Бабыр, Ариф Қандағари, Амин Ахмад Рази және өзге де белгілі авторлардың айтқандарымен түгелдей есесі қайтарылды. Өйткені олар Мырза Хайдарды мәдениетке үлкен үлес қосқан (талантты) тұлға санайды.

(Қазіргі кезең тарихшыларының кейбірінен басқа) тарих шын мәнінде оны көзге ілмеді, себебі оның атын шығарған, ол жазған «Тарих-и Рашиди» секілді жалғыз-ақ көлемді еңбегі-тін. Дей тұрғанмен Хайдар Дұғлат көптеген сала бойынша белгілі еді: ол жауынгер ретінде даңққа бөленген жеңімпаз, білгір басшы, нәзік өнердің қамқоры және де ең әуелі тамаша адам-ды. Ол қол жеткізген жетістіктеріне және сан қырлы қабілеттілігіне қарамай, оның одан да даңқтырақ бөлесі Бабыр (1483–1530) мен оның ұлдары (ғалым) атағына көлеңкесін түсірді. Ол (Мұхаммед Хайдар) Шыңғысханнан тарайтын тікелей моңғол билік иелерінің ұрпақтары-тын. Сол себепті де ол сол кезде таралған шарттылықтарға байланысты Ақсақ Темірдің (Әмір Қарашар Нойен) ұрпақтарына қарағанда, басымдылыққа ие-тін. Дегенмен оның шешесі жағынан (патшаларға) туыстығы ешқашан сыпатталмайтын және оны мұлазим (қызметші), ізбасар немесе қарапайым моңғол зиялысы деп қана еске алатын.

Патшалық насабы және көптеген туыстары мен достары һәм ақсүйектер әулетіне сүйенген Бабырға қарағанда Мырза Хайдардың аман қалған жалғыз өзі ғана болғандықтан, арқа сүйер ешкімі болмады.

Жастайынан ол жақындарынан айырылып, талай қиыншылықты бастан кешті. Ол әкесі және әкесінің інісі һәм өзге де жақындарынан ерте айырылды. Жалғыз қалған қасіретті Хайдар Дулат қорғансыздық, үнемі аман қалу үшін күрестің күйін кешті. Әйтсе де ол барлық қиыншылықтарды абыроймен жеңе білді.

Оның моғолдар әулетіне беріле де, адал қызмет етуге деген жігері мен батырлығы мақталған да, марапатталған да емес. Рашид хан (1509–1570) (Мырза оған еңбегін арнаған) мен оның інісі Ескендірдің мінез-құлқы мақтауға лайық емес болса да, Мырза Хайдар оларға әманда риза болып қала берді. Тіпті оның әйелі мен Мырза Әбу Бәкірдің өгей баласы да оның қайырымды жүрегін аяған жоқ. Мырза Хайдардың кішіпейілділігінің жарқын дәлелі деп Даулат Чақтың ашу үстінде Мырза Хайдардың сарайын тастап кеткен кезін айтуға болады. Оның әдептілік сезімі мен парасаттылығы кейінірек те дәлелденді. Мысалы, ол оның өз орынбасарларының бірі Мирак өлтірілгенде немесе ғимараттары өртелгенде күйінішін білдіріп, шеккен жан азабынан байқалады. Оның адамгершілік құндылықтарға деген сенімі өте тереңдігі сонша, ол лас та әділетсіз ойындарға күдік те келтірмеген. Тіпті кейбір жексұрын вандалдық істер ашық бәлені нұсқағанда, сондай-ақ өзін қоршағандардың сөздеріне деген терең сенімі алдап соққанда һәм оны сатқындық садағы өлімге душар еткенде де аузынан жаман сөз шықпаған. Ол тек қана: «Қандай жексұрындық!» деген екі-ақ сөз айтыпты.

Оның кітабынан ең жақсы қасиеттері көрінеді. Өйткені ол үнемі ой үстінде жүретін. Ол туған, тәрбиеленген кез бен аймақта, екі сезімтал дін – буддизм мен сопылық сақталып, өзіндік із қалдырған-ды. Онда барлық адамдар өміріне деген сүйіспеншілік философиясы мен бауырмалдық үстемдік етті. Мырза Хайдар сондай қоғамның өнімі болатын. Ол ақын еді және өлең жазды. Оның төмендегі төрттағаны өмірге деген қатынасын жақсы сипаттайды:

*Сүйген жан қайғы-қасірет тұтқыны боп қалуы керек,  
Сүйген адам барлық қасіретке шыдас беруі қажет.*

*(Егер ол мүмкін болмаса), онда ол сүйіктісі жолынан тайқуы ләзім,  
Немесе оны мүмкіндігінше сирек көруі үшін өзін алысырақ ұстауы тиіс.*

Шынында да, оның қамқорларына, жақын-жұрағаттарына деген адалдығы мен шынайылығын жеткізу өте қиын. Мен қазақ достарыма қосымша материал беру арқылы қиын іске қолғабыс жасау мақсатымен ғана кірістім» [6, 18–21] деп жазады үнді профессоры.

Осы жолдарды оқығанда ғалымның Мұхаммед Хайдарға деген сүйінішін, құрметін, ол шеккен қайғы, қасіретті өз басынан өткізе отырып жазғандай халде боласың. Бұл ғалымның өз объектісіне, таңдаған тақырыбына, кейіпкеріне деген құрметі мен адалдығынан деп ойлаймын. Жинаққа автор әрі қарай 14 беттен тұратын «Кіріспе» берген.

Профессор әуелі онда Мырза Хайдарға мемлекет қайраткері, тарихшы, ғалым, жалпы азамат ретінде жоғары баға береді және оны Мұхаммед Захир ад-Дин Бабырдың (1483–1530) пікірлерімен дәйектей келе, «Мырза Хайдар Дұғлат өз кезінің өкілі еді: ол өз бойына және моңғол ханзадасының батырлығын үйлестіре алған-ды. Ол адамгершілігі мол, ақкөңіл және жоғары өркениет иесі болатын. Ол таңдауы бойынша тарихшы, туа бітті жауынгер, ерлігі, батырлығы және кәсібі жағынан жаулаушы еді» [7] деп жазады. Сондай-ақ «Өзінің тарихи еңбегінде аттарын мәңгілік етуге тырысқан

көптеген моңғол хандары сияқты, өзі де ұмытылды, еңбегі еш болып (тарих бетінен сызылды) [8] дей келіп, әрі қарай оның өмір жолына үңіледі. Хайдар Мырзаның туған жылы жайлы түрлі мерзім көрсетілетініне тоқталады.

Мырза Хайдардың өмір тарихы жайлы жазғанда Мансура Хайдар негізінен оның «Тарих-и Рашидиіне» сүйенген, одан көп тұста дәйектемелер келтіріп отырған. Қашғар хандығының билеушісі Саид хан (1487–1533) жайына да тоқталған. Олардың Тибет жазығына, сонан Мырза Хайдардың Кашмирге қалай келгенін, бұл елді қалай жаулап алғанын баяндаған. «Кейбір жылнамашылар Мырза Хайдар Кашмирді басып алғанда, жергілікті халыққа зәбір көрсетті, Мырза әскерлері мұсылман мен мұсылман еместі айырмады деп кінәлауда артық кеткен» [9] дейді профессор Мансура Хайдар. 1533 жылы Кашмирден қайтып кеткенде, жолай тауда Саид хан қайтыс болады. Дұшпандары Саид ханның баласы Әбдірашидке (1509–1570) ол туралы хабарлап, ханның өліміне Мырза Хайдарды кінәлі етіп көрсетеді. Әбдірашид өсекке, жалаға сеніп Мырза Хайдардың немере ағасы Саид Мұхаммедті және оның жанұясын да қазаға ұшыратады. Өз өміріне де осындай қастандық жасалуы мүмкін екенін пайымдаған Мырза Хайдар ақырында Тибетті талақ тастап, Кабул арқылы Пәкстандағы осы күнгі Лаһорға: Бабырдың балалары Камранға (1500–1557) және Үндістандағы Һұмаюнге (1508–1556) келеді. «Тарих-и Рашидиде» баяндалғандай, Мырза Хайдар Ганга жағасында Һұмаюнның әскеріне қосылып, Үндістан билігіне таласып жүрген Шершаһпен (1472–1545) соғысады. Бірақ олар жеңіліп қалғандықтан, Лаһорға, Камранның иелігіне келеді. Һұмаюн кезінде Бабырға көмектескен ирандық Исмайыл шаһтан әскер сұрамақ боп парсы еліне кетсе, Мырза Хайдар бір кездері өзі болған Кашмирге аттанады. Сөйтіп бұл жолы ол Кашмирге тағы да ие болады. Оған жергілікті кашмирліктердің ру-руға бөлініп, өзара қырықпышақтылығы да көмектескенін оқырман қауым «Тарих-и Рашидиден» білсе керек.

Мырза Хайдар Мансура Хайдар жазғандай, Кашмирді 1540 жылы күзде алып, 1551 жылға дейін биледі және ол жайлы «Тарих-и Рашидиде» жазып та кетті. Әйтсе де оның Кашмирдегі 10 жылғы өмірі, ақырында қаза табу себебі «Тарих-и Рашидиде» жазылмаған. Сол себепті де Мансура Хайдардың Мырза өмірінің соңғы 10 жылы жайлы жазғандары өте маңызды.

Мансура Хайдар «Алғы сөзден» кейінгі тарауын «Мырза Хайдардың ақыры» (5 бет) деп атапты. Осы мәселе туралы мен де кезінде жазғанмын. Онда ортағасырлық үнді тарихшысы Әбу-л Фазл Әллами (1551–1602), Малик Хайдар Чадура және т.б. жазбаларына сүйеніп едім. Мансура Хайдар да солай етіпті. Өзге ешқандай дерек жоқ. Мырза Хайдардың әскері аз еді. Көтерілісшілер бірнеше мың болатын. Мырза сенімді деген әскербасыларын Кашмирдің түрлі облыстарын басқаруға жіберіп қойған еді. Қиын-қыстау сәтте оның қасында сенімді адамдары болмады...

Мансура еңбегінің келесі тарауы «Хайдар Дұғлат және моғолдар» (5 бет) деп аталады. Онда Мырзаның Бабыр және оның ұлдары Камран, Һұмаюнмен арақатынасы сыпатталған. Мырза Хайдар 1540 жылы Кашмирді алған соң, Һұмаюнге хат жолдап, оны осы өлкеге шақырған. Һұмаюн ол кезде Иранда жүрген-ді. Ол да Кашмирге, Мырза Хайдарға хат жазып, әзір онда бара алмайтынын мәлімдеген. Осы хаттар табылса, шіркін. Бірақ профессор Мансура Хайдар да ол жайлы ештеңе демепті.



Одан кейінгі тарау «Хайдар Дұғлаттың жеке тұлғасы және ерліктері» (27-бет) деп аталған. Мұнда Мансура Хайдар Үндістанның ортағасырлық тарихшы, шежірешілері, Әбу-л Фазл Әллами және т.б. еңбектеріне сүйене отырып, Мырзаның Кашмирді қалай билегені, мәдениет, өнер, музыкаға деген көзқарасы, қамқорлығы, құрылыс өнеріне деген ықыласын суреттеген. Мырза Хайдар бұл ретте өзіне үлгі етіп атақты Бабыр мен Саид ханды және өзге де мемлекет қайраткерлерін ұстанған. Кашмир астанасына ол Самарқанды бақпен гүлдендірген Ақсақ Темір (1336–1404) сияқты Бағ-и Сафа атты бақ жасатқан. Ақсақ Темірдің Самарқанға әлемнің түкпір-түкпірінен құрылысшы, музыкант, өнер иелерін жинағаны сияқты, ол да түрлі сала мамандарын Кашмирге топтастырған.

Мырза Хайдар жайлы жазба дерек қалдырған ортағасырлық үнді тарихшысы Әбу-л Фазл Әллами және Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарих-и Рашидиіне» де сүйенумен қатар, оларға автор өзінің ой-пікірін де білдіріп отырады.

«Хайдар Дұғлат, – деп жазады ол – шексіз батырлық иесі, физикалық және ақыл-ой күшіне бай, рухани жағынан тәуекелшіл ержүрек, жомарт және кеңпейіл жан еді. Ол тамаша сарбаздығымен қатар, адамгершілігі мол және сүйінішшіл (сүйгіш) болатын. Дей тұрғанмен оған Бабырдың көрегендігі, тапқырлығы және саяси даналық жағы жетпейтін. Сол себепті де ол үлкен күш-жігермен жауланған жайттерден айырылды деседі. Мырза Хайдардың мінез-құлқы және қаһармандығы жағын сипаттай отырып, ол бастан кешкен көптеген қиыншылықтар мен мәжбүр жағдаяттарды еске ұстау керек. Шектеулі мүмкіндіктерге қарамай оның қол жеткізген жетістіктері жаман емес еді. Хайдар Дұғлат ел билеуде де жақсы қабілеттілік көрсете алды. Ол сұлтан Зайн әл-Абидин билігі кезіндегі мемлекеттің бұрынғы жерлерін қалпына келтіре алды. Жақсы билеуші ретінде ол сауда-саттық пен ауылшаруашылығы және өндірістің дамуы үшін қолынан келгеннің бәрін жасады.

Кашмирді Мырза Хайдар «он жыл бойы абсолютті патша сияқты биледі, әйтсе де ол Һумаюн атына теңге соқтырып, хутба оқуға әмір етті. Мырза ресми билеуші Назік шаһты тақтан тайдырған жоқ, дей тұрғанмен азаматтық және әскери істерде барлық өкілеттілігін пайдаланды. Өзіне орта жасады және өз қалауынша әкімдер тағайындады. Раджауриді Мұхаммед Нәзір мен Нәзір Әліге, Паклиді Молда Абдуллаға және Кіші Тибетті (Балтистан) Молла Қасымға берді. Молда Қасым Үлкен Тибеттің (Ладак) билеушісі болып тағайындалды. (Ақсақ) Темір сияқты Мырза да талантты адамдар сарайды көркейте алатын империя құруды ойланды. Ол мақсатына жетті де.

Хайдар Дұғлат Кашмирге дейін де тәжірибелі билеуші болатын. Жасөспірім кезінде түрлі сындар: қиыншылықтар мен тағдыр талқысын бастан кешті. Соның бәрі: (өзара түсіністік), рух беріктігі мен мінез табандылығын қалыптастырды. Қорғансыздық, өзін-өзі қорғай білу, аман қалу, физикалық және ақыл-ой қабілет түйсігі өмірінде ұшырасқан кез келген мүмкіндікті пайдалана білуді күшейтті. Дегенмен онда бектік (ақсүйектік) бастауы, мирас болған иеліктері болған жоқ. Бірақ оның билеушілері (билік иелері) оған кейбір жеңілдіктер мен қызмет бабы бойынша көтерілуді сый етті» [10].

Мырза Хайдар білімді адамдарға үлкен құрметпен қараған. Орта Азия стиліндегідей Кашмирге мешіттер, моншалар, бақтар салдырған. Ол «Тарих-и



Рашидиді» парсы тілінде, ал «Жаһан наме» поэмасын таза түркі тілінде туындатты. Осыған қарап үнді ғалымы Мырза Хайдарды талантты жазушы, ақын санайды. «Тарих-и Рашиди» мемуарлық шығарманың тамаша үлгісі» дейді.

Шынында да солай. Мансура Хайдар оның тарихты жазуында араб стилінің көмегі көп тигенін атап кеткен. Үнді профессоры өз еңбегінің осы тарауын аса құлшыныс-ықыласпен, ерекше қызығушылықпен жазғанын аңғарасыз.

Мансура Хайдар ғалым бабаның «Тарих-и Рашидидің» жазылу мерзіміне де мән берген. Хайдар Мырза еңбегінің бірінші тарауын 1544–1545, қосымшасын 1546–1547 жылдары жазған» дейді ол. Бұл ретте Мырза Хайдар «Тарих-и Рашидиді» парсы тілді тарихшылар жазбай кеткен жайттер, ұмытқан детальдармен толықтырып отырған.

«Мырза Хайдар өмір сүрген кезде – Орта Азияда Әлішер Науаидың (1441–1501) арқасында түркі тілі кеңінен қолданыла бастаған-ды. Әйтсе де Мырза Хайдар өзінің тарихи еңбегін жазу үшін парсы тілін таңдады. Өйткені түркі тілін Үндістан халқы әлі түсінбейтін. Түркі тілі билік иелерінің жанұяларында, ақсүйектер арасында ғана пайдаланылған.

«Мұхаммед Хайдардың парсы тілі өзге тарихшылардың тіліне қарағанда қарапайым да қызық, оқушыларға ұғынықты», – дейді профессор Мансур Хайдар. Орта Азияның тарихын жазған Бабыр кейбір мәселені жазбай кетсе, Мұхаммед Хайдар өз еңбегінде оны толықтырып отырған. Мысалы, Бабыр әпкесі Ханзада бегімді неге өзінің қас жауы Шайбани ханға (1451–1510) беру себебін «Бабыр намеде» айтпай кетсе, Мұхаммед Хайдар оның себебін ашып көрсеткен. Шайбани хан Бабырға егер аман қалам десең, егер өмірің қымбат десең, әйелдікке әпкең Ханзаданы бер деген. Амалы қалмаған Бабыр келіскен.

Мырза Хайдар Қазақ хандығын құрғандардың тұрмыс-тіршілігін, мал шаруашылығымен айналысқанын, Саид ханның аузымен айтса, өзбектер отырықшылыққа көшіп қалған еді...» Мырза Хайдар тарихшы ретінде Бабырдан жоғары тұр» [11] деп жазады ол. Оның шығармасының шындық, ақиқат жағына келгенде озық екенін айтады. Мансура Хайдар Мырзаның Әбу Ханифа мазһабын ұстанған сүннит мұсылман болғанын, шиаларды неге жазалағанын, шиаларға деген оның көзқарасы қандай болғанын да сипаттап кеткен.

Сөйтіп Мансура Хайдар осы тарауда Мырза Хайдардың жеке тұлғасын, азаматтығын, ғалымдығын, ақылдылығын, нені жазса да шындық тұрғысынан қарағандығын дәлелдей алған. Мырзаның суфизмге неге іштарту себебіне тоқталуды да ұмытпаған.

«Мырза Хайдардың ата-тегі» (7 бет) тарауы да қызықты оқылады. Осы ретте айта кететін жайт – Мансура Хайдар В.В. Бартольд (1869–1930) сияқты Мұхаммед Хайдардың тегін және дулат тайпасын да кейбір беттерде моңғол деп жазатынын байқадық. Алайда ол жайлы Әлкей Марғұлан: «Жетісудың ол кездегі саяси аты Моғолстан болса, оны мекендеген тайпаларға ресми тілде моғұл деп лақап ат берді. Бірақ бұл моғол деп отырған көшпелі тайпалар – моңғол емес, түрік тілінде сөйлейтін сол жердің ерте заманнан келе жатқан тұрғын халқы болатын. Екінші сөзбен айтқанда, моғұл деп аталған тайпалардың көпшілігі кейін ұлы жүз құрамына кірген үйсін мен дулаттар, қаңлы мен шанышқылы, жалайырлар, бұларды біріктіріп, саяси тіршілік

түйіні ретінде не моғұл, не дұғлат деп атағаны байқалады. Дұрысында бұл моғұлдарды шағатай ұлысынан бөлініп шыққан, сол кездегі қазақ тайпаларының (ұлы жүздік) алғашқы саяси тіршілігі деуге болады. Кейін Алтын орда үкіметі ыдыраған кезде, 100 жылдан соң Әбілқайыр ханға наразы болған Керей мен Жәнібек (Әз Жәнібек) соңына ерген қыр қазақтарымен Моғолстанға келіп, ұлы жүз тайпалары үйсін, дулаттан күш алып, Шу өзені бойында Қазақ хандығын құрды... Ол кезде дұғлат, бұл күнде дулат аталуында еш қайшылық жоқ. Тарихи кітаптарда дұғлат, халық аузында дулат аталуы заңды нәрсе... Демек, Мұхаммед Хайдардың жазғандарын Орта Азия халықтарымен бірге мақтаныш етіп, оны тікелей мұра ететін – қазақ халқы» [12, 249] деп жазған.

«Дулаттар, – деп жазады Мансура Хайдар, – атақты ата-тектіліктерімен даңқы шыққан. Одан мәшһүр әмірлердің бірі – Әмір Даут Дұғлат. Ол Ақсақ Темірдің көрнекті әмірлерінің бірі еді. Оның әпкесі – Құтлық Турқан Аға. Ақсақ Темірге күйеуге шыққан. Ол Ақсақ Темірдің оның көтерілісші әмірлерге және шағатай хандарына жорықтарына қатысқан. Онда әрбір шайқастарда ол батыр да баһадүр сарбаз ретінде көрінген» [13, 89] деп жазса, әрі қарай Әмір Қамараддин Дұғлатқа тоқталған. Ақсақ Темірдің қайын атасы Қызыр Қожа тұсында Әмір Қамараддинге оған теңесер ешкім болмаған екен. Әмір Қамараддин өмірін жорықтар мен жортуылдарда өткізген. Мансура Хайдар әрі қарай дулаттардан шыққан Әмір Жаһан шаһ, Әмір Құдайдад, Мұхаммед Хусайн Мырза Дұғлат, Әбу Саид Гураган, Саид Мұхаммед Дұғлат, Сұлтан Ахмет Мырза Дұғлат, Мырза Хайдар Дұғлат (ғалым Мырза Хайдардың аттас бабасы), Мырза Әбдірахман Дұғлат секілділерді атай отырып, дұғлат сөзінің этимологиясына тоқталған. Дұғлат – «шариф қаум», яғни «шарафаты (белгілі) қауым» [14] дегенді білдіреді, – дейді ол.

Дулат тайпасы жайлы орыс, совет тарихшысы В.В. Бартольд (1869–1930) те «Ислам энциклопедиясы» үшін арнайы мақала жазған. Мансура Хайдар В.В. Бартольдтың сол мақаласын келтірген. В.В. Бартольдтың да онда дулаттарды моңғол тайпасына жатқызатынын білеміз. Ал Мансура Хайдар дулаттар туралы мәліметтерді Мұхаммед Хайдардың «Тарих-и Рашидиінен» де алған. Әйтсе де ол Мұхаммед Хайдардың дулат тайпасы туралы деректеріне күдікпен қараған (не всегда достоверны). Дулаттар өз кезінде үкімет басына моңғолдан шыққан Тоғылық Темірді Ақсуда хан етіп отырғызғаны белгілі. Ол үшін хан өте риза болып, дулат руына моңғол тілінде жазылған 9 артықшылық берген. Мырза Хайдар ол құжатты көргенін, бірақ оның шайбанилер билігі кезінде (XVI ғ. басында) жоғалып кеткенін айтқан.

Әрі қарай профессор өз еңбегіне «Мырза Хайдардың тарихты жазуға көзқарасы» (3 бет) деген тарау қосқан. Мырза Хайдар өз еңбегінде моғолдар тарихының ұмытылып бара жатқанын, сол себепті де «Тарих-и Рашидиде» моғолдар жайлы Қожа Рашид ад-Диннің (1247–1318) «Маджмаға ат-тауарих», Қожа Хамидулла Мұстауфидың (т.ж.б. –1350) «Тарих-и гузида», Маулана Шараф ад-Дин Әли Йазидың (т.ж.б. –1459) «Зафар наме», Маулана Абд ар-Раззақтың (1413–1482) «Тарих-и Манзума», Мырза Ұлықбектің (1349–1449) «Улус арбаға» атты еңбектеріне сүйенгенін айтқанын оқығанбыз. Мырза Хайдар жас кезінде өзінің ата-тек тарихын білуге тырысқан, ол кезде кейбір моғол әмірлері және ақсүйектердің бәзбірі тірі болғанын, әйтсе де өз әкесі мен аталарынан өткен оқиғаларды, тарихты жазып қою ойларына келмегенін айта келе, олардың бәрі бұл күндері дүниеден өткендігін, сұрайтын ешкім жоқтығын, сол себепті де «Тарих-и

Рашидиді» жазу үшін қолына қалам алғанын айтқан.

Келесі тарауды Мансура Хайдар «Тарих-и Рашидидегі» Мырза Хайдардың тұлғасы көрінетін жерлерге түсінік» (6 бет) деп атапты. Бұл тарауды жазуда Мансура Хайдар «Тарих-и Рашидидің» әр жерінен ойып үзінділер алған. Үнді профессоры бұл ретте «Тарих-и Рашиди» және Бабырдың қызы Гүлбаданның жазбаларына («Гүлбадан бегім жазбаларына») сүйене отырып, ғалым бабаның жанұясына екі бет арнаған.

Мансура Хайдар еңбегінің ең құнды тұстарының бірі, сөз жоқ, оның орта ғасырлардан жеткен, үнді-парсы тілдеріндегі дереккөздері. Профессор ол дүниелердің парсы тіліндегі нұсқалары ғана емес, оларды ағылшын тілдеріне де аударып берген. Ол дүниелер төмендегідей ретпен келтірілген:

Бабыр наме. Ағылшын тіліне аударған Аннет Сьюзан Беверидж, 348–350-беттер. Мансура Хайдар бұл үзінділерді Мырза Хайдардың «Тарих-и Рашидиінен» де алған (223, 263, 265-беттер).

Бабыр. Бабыр наме. (Мәтін түрік тілінде. Лондон) Ағылшын тіліне аударған. А.С. Беверидж. Дели, 1979.

Гүлбадан Бегім. Һұмаюн наме. Лахор 1966, 203–205-беттер.

Ариф Кандагари. Тарих-и Алфи (Қолжазба).

Әбу-л Фазл. Акбар наме. 2 том, XXVI тарау, 166–167-беттер, ағылшын тіліне аударған А.С. Беверидж, Дели, 1979, 361–364-беттер.

Әбу-л Фазл. Акбар наме. XXXI тарау. Парсы тіліндегі түпнұсқа. 196–197-беттер; Ағылшын тіліне аударған А.С. Беверидж. 402–406-беттер.

Әбу-л Фазл. Акбар наме. I том, XXXI тарау. Ағылшын тіліне аударған А.С. Беверидж. Дели, 1972, 197–199-беттер.

Амин Ахмад Рази. Хафт Иқлим. III том, һижри 1100 жыл, 473–499-беттер.

Ходжа Низамуддин Ахмад. Табақат-и Акбари, II том. Ағылшын тіліне аударған Браджендра Нат Де. Дели, 1992, 707–725-беттер; Табақат-и Акбари, 72-бет.

Бадауни Абдул Кадр. Мунтахаб ат-тауарих, 353–354-беттер. Ағылшын тіліне аударылған, 463, 465-беттер. Бадауни, I том. Аударған Г.С.А. Ранкинг, Дели, 1973.

Абу-л Касим Фиришта. «Тарих-и Фиришта». Парсы тілінде, II том, «Навал Кишор» баспасы.

Нарайн Каул Кашмири. Тарих-и Кашмир. Биб. Маулана Азад, Алигарх университеті, №71 қолжазба, Фарси Акбар, 70–75-беттер.

Хайдар Малик Чадура. Тарих-и Салатин немесе Маджмаға ат-тауарих. Маулана Азада мырзаның кітапханасы. Сүлейман коллекциясы, №657/35.

Бұл жазбаларда Мұхаммед Хайдар өмірінің әр тұсы жазылған. Әрине, олардың кейбірінің мәліметтеріне сын көзбен қарау керектігі де белгілі. Бұл сөздер, әсіресе үнді тарихшылары кашмирлік Хайдар Малик Чадура мен Нарайан Каул жазбаларына қатысты. Өйткені алдыңғы авторды Кашмир тарихшысы Суфи [15, 200–210] «шиа» деген. Себебі Мырза Хайдардың қазасына тікелей көтерілісшіл чактар (шиашылар) кінәлі деседі тарихшылар.

Сонымен профессор Мансура Хайдардың «Мырза Хайдар Дуғлат парсы дереккөздерінде» жинағына мен «Оқушыларға» және «Кіріспе» атты мақала жаза отырып жалпы редакциясын басқарсам, профессор С.Ф. Мажитов еңбекті «Соңғы

сөзбен» өрнектеді және құрастырды, арнаулы редакторы К.А.Пищулина, ағылшын тіліне аударғандар жоғарыда айтылғандай, М.Мәкішева, А.Мұртаза, көрсеткіштерін дайындаған М.Р. Сатенова.

2011 жылы профессор С.Ф. Мажитовтың Алматыда «Өнер» баспасынан «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында «Наследие могилы Мухаммеда Хайдара Дулати в Индии» [16, 595] атты өте мәнді де маңызды еңбегі орыс тілінде жарыққа шықты.

«Тарих-и Рашиди» күні бүгінге дейін түркі тілдерінен қазақ, қырғыз, өзбек, ұйғыр, түрік, Еуропаның орыс, ағылшын, француз, неміс, Азиядан қытай тілдеріне аударылған. Ол АҚШ-та да жарыққа шықты.

Профессор Мансура Хайдардың еңбегі Алматыда шыққан соң, 2010 жылы тұсаукесерін Нью-Делиде, Неру университетінде өткізуге дайындалдық. «Асыл арна» телеарнасы бірге барып, тұсаукесерді жазып алмақ болды. Ертең Үнді еліне ұшамыз деп тұрғанда мені Елбасы – Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Ақордаға шақыруына байланысты Үнді еліне бара алмадым. Әріптестерім Нью-Делиден оралған соң, сапардың сәтті болғанын, тұсаукесердің жақсы өткенін айтты.

Мансура Хайдар жылда Таразда өтетін «М.Х. Дулати» оқуларына реті келсе келіп, баяндама жасап тұрады. Ол түгілі 2015 жылы Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған Астана және Атырауда өткен халықаралық конференцияларға да келді. Астана жиыны кезінде қазақтың Кітап палатасының төрағасы Жанат Сейдумановтың ұйымдастыруы және Мансура Хайдардың қатысумен, оның аталмыш кітабының Ұлттық академиялық кітапханада тұсаукесері үлкен салтанатпен өтті.

Осыдан бірнеше жыл бұрын Алматыда Шоқан Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтында К.А. Пищулинаның 75 жасқа толуына орай өткен халықаралық ғылыми жиынға да Мансура Хайдар қатысып, мүшелтой иесін құттықтаумен қатар, Қазақ хандығы жайлы да баяндама жасады.

Бірде (2007 ж.) «Қазақфильм» киностудиясынан режиссер Қалила Омаров телефон соқты. Студия М.Х. Дулатидің өмірі мен шығармашылығына арналған деректі фильм түсірмек екен. Түсірілімнің біразы Нью-Делиде, 1539 жылы Үндістан патшасы Іһмаюн мен М.Х Дулатидің біріккен әскері, Агранның арғы жағында, Үндістан билігіне таласып жүрген Шершаһпен соғысы өткен Ганга өзені жағасында да өтті, түсірілім сондай-ақ Кашмирде де, М.Х. Дулати тұрған, оның резиденциясы болған жерлер мен Кашмир университеті ғалымдарымен болған ұшырасулар да түсіріліп алынды.

Нью-Делидегі Қазақстан елшілігіне профессор Мансура Хайдар ханымды шақырып сұхбат алдық. Ол Мырза Хайдар жайлы өте құнды деректер айтты. Мысалы, Мырза Хайдар Кашмирге патшалық еткен жылдары тіпті балалардың мектепке баруына дейін қадағалап, қамқорлыққа алғанын еске алды.

Фильм монтаждалып біткен соң, еліміздің бірқатар телеарналарында көрсетілді. Жақсы пікірлер айтылды. Сондай-ақ Тараз университетінде өткен кезекті «Дулати оқулары» халықаралық ғылыми-теориялық конференциясына Мансура Хайдар хәм Үндістанның Қазақстандағы елшісі, еліміздің бірқатар мемлекет, қоғам және ғылым қайраткерлері қатысқанда да көрсетілді.

Мансура Хайдар ханымды Қазақстанның, қазақ халқының да досы дер едім. Ол



парсы, ағылшын тілдерімен қатар, орыс тілін де біледі. Ғылымға деген адалдықты мен профессор Мансура Хайдар ханымның бойынан үнемі көремін. Осындай абзал кісінің елімізде орыс тілінде шыққан еңбегін, жалпы М.Х. Дулати туралы зерттеулерін қазақ тілінде де шығарсақ дұрыс болар еді.

Осы ретте М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті үлкен де сүбелі істер атқарып келеді. Оқу орнының жанында «М.Х. Дулати орталығы» бар. Жуырда оның меңгерушісі Жанна Мамбетқызы Сейітқұлова 2016 жылы наурызда арнайы Алматыға, біздің институтқа келіп, М.Х. Дулати жайлы сұхбаттасты. Мен университет және оның жанындағы аталмыш «Орталық» «Дулати» энциклопедиясын шығарса деген ұсыныс айттым. Бұл мәселеге дайындық жұмысы жалпы басталған. Алматыдағы «М.Х. Дулати қоры» (Мұхтар Қазыбек) біраз жұмыстар атқарды. Ол энциклопедияның жобасын дайындады. Сөздігін түзді. Дей тұрғанмен осы игі іс тоқтап қалды. Соны жалғастыруды қолға алатын кез келді ғой деп ойлаймын.

Сондай-ақ «Дулатинаме» атты 2 том шығару жоспарланса. Біріншісіне ТМД елдері ғалымдарының М.Х. Дулати жайлы жазған дүниелері кіргізілсе, ал екіншісіне Үндістан, Ресей, Түркия, АҚШ, Қытай, Иран, Англия, Франция, Пәкстан ғалымдарының еңбектері топтастырылса жөн болар еді.

Сонымен қатар «Дулатитану» атты жинақ шығаруды да қолға алуға болады. Осыдан біраз жыл бұрын мен М.Х. Дулатидің туғанына 500 жыл толу қарсаңында ұлы ғалымның өмірі мен шығармашылығына арналған библиографиялық еңбек шығарғанмын. Оған 500-ге жуық еңбек кіргізіліп еді. Жинақ шыққалы 20 жылға жуықтап қалды. Осы іс те жалғастырылуда. Ол көлемі жағынан бастапқысынан 2 есеге жуық өсті. Соны да шығарсақ, оңды іс болар еді.

Осындай игі істерді жүзеге асыру М.Х. Дулати университетінің қолынан келеді. Авторлар да бар. Ендеше іске сәт дейік.

### Әдебиеттер:

1. *Әлкей Марғұлан*. Мұхаммед Хайдар Дулати // Орта Азия мен Қазақстанның ұлы ғалымдары (IX–XIX ғғ.). – Алматы, 1964. 246–247-беттер.

2. *Әлкей Марғұлан*. Мұхаммед Хайдар Дулати // Орта Азия мен Қазақстанның ұлы ғалымдары (IX–XIX ғғ.). – Алматы, 1964. 247–248-беттер.

3. *Мырза Хайдар*. Тарих-Рашиди. Введение, перевод с персидского А. Урунбаева, Р.П. Джалиловой, М.М. Епифановой. –Ташкент, 1996.

– *Мұхаммед Хайдар Дулати*. Тарих-и Рашиди. (Хақ жолындағылар тарихы). Жалпы редакциясын басқарған және алғы сөзін жазған филология ғылымдарының докторы, профессор Әбсаттар Дербісәлі. Парсы тіліндегі қолжазба нұсқасынан тәржімалаған Ислам Жеменей. Қазақ және орыс тіліндегі нұсқаларын салыстырып, әдеби өңдеп, толықтырып аударған әрі ғылыми редакциясын жасаған Мұхтар Қазыбек.



Өлеңдерін жолма-жол тәржімасынан аударған Қадыр Мырза Әлі. – Алматы, 2003. 614 бет.

– *Мұхаммед Хайдар Дулати*. (Аяз) Жаһан наме (Дастан). Поэманың ежелгі түркі (шағатай) тілінен Берлин нұсқасы бойынша жолма-жол аудармасын және оны Қашғар нұсқасымен салыстыра ғылыми транскрипциясын жасаған, алғы сөзін жазып, сөздікті құрастырған, түсінік, ескерту, аннотация және көрсеткіштерін дайындап, баспаға әзірлеген филология ғылымдарының докторы, профессор Әбсаттар қажы Дербісәлі. – Алматы, 2006. 298-бет, қосымшасы 299–430-беттер.

4. Mirza Haidar Dughlat as depicted in Persian Sources. Compiled and Translated by Mansura Haidar. Mahonar. New Delhi, 2002.

5. Мирза Мухаммад Хайдар Дуглат в персидских источниках. Первоисточники переведены и представлены Мансурой Хайдар. Перевод с английского языка М.Мякишевой, А.Муртаза. – Алматы, 2010.

6. Мирза Мухаммад Хайдар Дуглат в персидских источниках. Первоисточники переведены и представлены Мансурой Хайдар. Перевод с английского языка М.Мякишевой, А.Муртаза. – Алматы, 2010. 18–21-беттер.

7. Сонда, 22-бет.

8. Сонда, 22-бет.

9. Сонда, 30-бет.

10. Сонда, 60–61-беттер.

11. Сонда, 75-бет.

12. *Әлкей Марғұлан*. Мұхаммед Хайдар Дулати // Орта Азия мен Қазақстанның ұлы ғалымдары (IX–XIX ғғ.). – Алматы, 1964, 249-бет.

13. Мирза Мухаммад Хайдар Дуглат в персидских источниках. Первоисточники переведены и представлены Мансурой Хайдар. Перевод с английского языка М.Мякишевой, А.Муртаза. – Алматы, 2010. 89-бет.

14. Сонда, 92-бет.

15. *Sufi G.M.* Kashmir being a history of Kashmir. From the Earliest Times to Our Own. Vol. I Capital Publishing house, New Delhi 1966, pp. 200–210.

16. Наследие и могила Мухаммада Хайдара Дулати в Индии. Изд. «Өнер». – Алматы, 2011. 595 стр.

17. *Nabi Hadi*. Dictionary of Indo-Persian Literature. New Delhi, 1995, p. 757.

## 3.2. ҚАЗАҚ ТАРИХЫНДАҒЫ ҮШ БӘЙТЕРЕК

(М.Х. Дулати мен Шоқан Уәлиханов және  
Әлкей Марғұлан сабақтастығы)

Мырза Мұхаммед Хайдар Дулати – Орталық Азия халқының ғылымы мен мәдениеті һәм әдебиетіне зор үлес қосқан үлкен майталман, халқымыздың тұңғыш тарихшысы, өз заманының озық ойлы, әмбебап дарын иесі.

Ғалымның 500 жылдық мүшелтойы ЮНЕСКО-ның назарына ілігіп, 1999 жылы оны Қазақстан, Өзбекстан және әлемнің басқа да бірқатар елдері атап өтті. Сөйтіп ол Әбу Насыр әл-Фарабидің 1975 жылы өткен 1100 жылдық мүшелтойынан кейін, қазақ елінің рухани, мәдени, ғылыми өміріндегі тағы бір ірі де елеулі оқиға болды.

1997 жылы Тараз университетінде Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстанның ғылымдары жиылып, М.Х. Дулатидің өмірі мен шығармашылығына арналған конференция өткізді. Оның есімі бұрындары Қазақ ССР тарихында аталатыны болмаса, жалпы жұрт ұлы ғалым мен шығармашылығын жақсы біле бермейтін.

Мұхаммед Хайдардың классикалық атақты шығармасы «Тарих-и Рашидиге» құрметпен қол созған XIX ғасыр ғалымдарының бірі әрі бірегейі Шоқан Уәлиханов. Ол Қашғарияға жасаған атақты саяхатында көптеген қолжазбалармен қатар «Тарих-и Рашидидің» ұйғыр тіліне аударылған нұсқасының да сәтімен қолына түскенін жазған.

Кейінірек ол шығарманың 20 бетке жуық тұсын орыс тіліне қысқарта аударды. «Тарих-и Рашидиді» сондай-ақ атақты Ресей шығыстанушылары В.В. Вельяминов-Зернов пен В.В. Бартольд та өз еңбектерінде пайдаланған.

«Тарих-и Рашиди» – үлкен шығарма. Оны түгел аудару да оңай емес, көп уақытты керек етеді. Сол себепті Шоқан «Тарих-и Рашидиден» өзі барып, көзімен көріп қайтқан Қашғар және Тибет баяндалатын тарауларды ғана тәржімалаған. Айта кететін жайт, кез келген дерекке ықтиятпен қарайтын Шоқан автор ныспысындағы Дуғлат (Дулат) деген атқа көңіл аударған сияқты. Өйткені ол оның қазаққа қатысы һәм жақындығын пайымдаған, білген.

Шоқан аудармаға аса ұқыптылықпен қараған. Дегенмен оның түпнұсқадағы қайталау немесе өз кезінің оқушылары және ел тарихы үшін тікелей қатысы жоқ деп санаған кейбір жайтіне шұқшия тоқталмағаны байқалады.

Аударма «Тарих-и Рашидидегі» «Қашғардың жай-жапсары жайындағы тараудан» басталған. Шоқан оны «Қашғар жұртын сипаттау» деп атаған.

Тәржімадағы «Тибетті сипаттау» «Тарих-и Рашидиде» 89–90, «Ханның Тибетке газуаты» 92-тарауда сипатталған.

«Тарих-и Рашидиде» кісі, қала, өзен-су аттарын аударғанда, Шоқан олардың арабша нұсқаларын да көрсетіп отыруға тырысқан.

«Имам Алааддин Мұхаммед Хотанидің Кучлуктің қолынан шаһид болуы жайында әңгіме» және «Тарих-и Джаһангучайдан үзінді» атты 42 тараудан да біраз беттер аударылған.

«Тибеттің тау, үңгірлерінің орналасуы және [тибеттіктердің] нанымдары және

[діні] жайында» 89, «Тибеттің ғажайып жерлерінің сипаттамасы» 90, «Ханның Тибетке газуат соғысына аттануы жайында әңгіме» 91 және «Тибеттің Нубра уалаятын жаулап алу» 93, «Кашмирді сипаттау» 97, одан әргі «Кашмирдің ғажайыптары жайында әңгіме» 98, сондай-ақ «Кітап авторының Урсангке жорығы, менің інім Абдолла мырзаның өлімі және осы жорықта болған оқиғалар жайында әңгіме» атты 108 тарауды да Шоқан қысқа-қысқа етіп тәржімалаған.

Орта Азия тарихы кезінде дана Абайды да қызықтырған. Бірақ ойшыл ақын неге екені белгісіз, өзінің қарасөздерінде Бабыр туралы жазғанымен, М.Х. Дулати туралы ештеңе айтпаған. Қолында ол туралы дерек болмады ма екен?!

М.Х. Дулатиге ХХ ғасырда өмір сүрген қазақ оқымыстылары да көңіл аударған. 1935 жылы С.Ж. Асфендияров пен П.А. Кунте «Тарих-и Рашидиден» үзінді жариялаған.

Ал 1941 жылы Әлкей Марғұланның «Қазақтың тұңғыш тарихшысы» атты мақаласы «Әдебиет және искусство» (қазіргі «Жұлдыз») журналында оқырманмен қауышты. Әлкей атаны Мұхаммед Хайдардың өмірі мен шығармашылығы, ата-тек шежіресі аса қызықтырған.

«Күншығыс әдебиетінің іргелі салаларын ақтарып отырсаңыз, Мұхаммед-Хайдардың кім болғаны, оның адамшылық тұлғасы көз алдыңызда суреттеліп, бұл кісі де сол кездегі Мір Әлішер Науаи, Бабыр сияқты Орта Азия көлемінен шыққан атақты данышпан ғалым, жазушылардың бірі екенін көресіз. Бұл кісінің сәулетті даңқын дүние жүзіне әлпештеп таратқан, әсіресе оның парсы тілінде жазылған «Тарих-и Рашиди» деген кітабы болды. Бұл кітап бүгінде барлық мәдениетті елдердің тіліне аударылып, мәңгі өшпейтін дүниежүзілік әдебиет мұрасының бірі болып отыр.

Мұхаммед Хайдар туысы жағынан ұлы жүз дулаттардан тарайды» деп жазады Әлкей аға.

Одан әрі ол «академик В.В. Вельяминов-Зерновтың анықтауынша: Мұхаммед Хайдар дулат руынан, текті атадан шыққан. Дулаттар – тарихи заманнан келе жатқан түрік нәсілдес көп тайпалардың бірі. XVI ғасырларда қазақ қауымына қосылып, Алтын Емел тауынан Шымкентке дейін қоныстанып отыр. Шоқан Уәлихановтың жазуынша, Мұхаммед Хайдар – дұғлат руы Болашы бидің ұрпағы. Дұғлат руы ол кезде атақты рулардан болып, Қашқар хандары әйелді осы рудан алатын болған. Мұхаммед Хайдардың өз әкесі Мұхаммед Хүсейін Жетісу, Шу өзені, Талас бойын мекен еткен дулаттар ортасында туып-өсіп, оның ел билеген атақты адамдарынан саналған. Қазақтың Қасым ханы мен өзбектің Шайбани ханы Алтын ордадан қалған мұра – Сырдария бойындағы қалалар үшін жауласып жүргенде, Хайдардың әкесі – Хүсейін, оның әкесі – Мұхаммед Хайдар, дулат биі – Сұлтан-Ахмет, барлығы дулат руының тума бектері аталған қолбасылар. Олар бір жағынан Ферғанадағы Бабырға күш берсе, екінші жағынан Қасым ханды қолдап, өзбек Шайбани ханға қарсы тұрды. Хайдардың әкесі Хүсейін-көреген ол кезде өзінің қайын атасы Моғұлстан ханы Жүніс ханның рұқсатымен мезгіл-мезгіл Ташкент пен Ұратөбе қаласын басқарды. Осы кезде келешектегі жазушы Мұхаммед Хайдар дүниеге келеді.

Тегінде ұлы жүз үйсін, дулаттардың не шанышқылының Ташкент қаласын басқаруға қатынасуы тарихта аз болмаған. XVII–XVIII ғасырларда олардың беделі бұл қалада аса зор болған, Төле бидің өзі өмірінің біраз бөлігін осы қалада өткізіп, бірталай

естелік қалдырған, өзі өлгеннен кейін денесі де сол қалада жерленген», – дейді.

Әлкей Марғұлан мақаласында Жетісуда бұрын болған Моғолстан мемлекеті, оның халқының моңғол да, ұйғыр да, өзбек те емес, түрік тілінде сөйлейтін, кейінірек ұлы жүз құрамына кірген үйсін мен дулаттар, қаңлы мен шанышқылы, жалайырлар екендігі және олардың не моғол яки дулаттар деп аталғаны, оларды сол кездегі қазақ тайпаларының (ұлы жүздің) бірінші саяси одағы (бірлігі) деуге болатыны айтылады. Бұл пікір көңіл аударатын жайт.

«Дулаттар әлі күнге сол тарихи қонысында тіршілік жасап, қазақ халқының бір іргелі бөлігі болып отыр, – деп жазады әрі қарай үлкен ғалым. – Ол кезде дұғлат, бүгінде дулат аталуында еш қайшылық жоқ. Бұл сол тарихи дұғлаттардың кітапта дұғлат аталып, халық аузында дулат аталуы ғажап емес. Өйткені өткен ғасырдағы кітап тілінің әсерімен Абайдың өзі де көп сөздерді солай жазатын болған. Демек Мұхаммед Хайдардың жазғандарын мұра етіп, Орта Азия халықтарымен бірге мақтаныш ететін, оның тікелей ұрпағы – қазақтың ұлы жүз тайпасы, оның ішінде дулаттар».

Әлкей Марғұлан сондай-ақ атақты тарихшының өмір тарихына да тоқталған. «Тарихи жазулардың бірде-бірінде, – дейді ол, – Мұхаммед Хайдардың нақтылы қай жерде туғаны көрсетілмеген. Бірақ бұл мәселені өзге мәліметтермен анықтауға болады: біріншіден, оның әкесі Хұсейіннің тіршілік жасаған орындары арқылы, екінші, анасы Хуб Нигар ханымның болған жерлері арқылы. Бұлардың екеуінің де тұрғылықты орындары Ташкент қаласының төңірегі болған. Әкесі Хұсейін Қасым ханмен бірге Шайбаниға қарсы соғысқанда, осы Ташкент маңында қаза табады. Сондықтан Мұхаммед Хайдар осы Ташкент төңірегінде туған болуы керек. Мұхаммед Хайдардың анасы Хуб Нигар ханым Шағатай ұрпағы, Моғұлстан ханы – Жүніс ханның қызы. Ол Ташкент қаласын билеп, Алмалыққа дейін басқарған. Хайдардың жазуынша Жүніс хан – көшпелі руларды отырықшылыққа айналдырып, қала салу ісімен шұғылданған кісі. Дегенмен, Жүністің өзі де жаз күні жайлауға шығып, Арыс, Бөген, Шаян, Қаратауға дейін жайлап, көшпелі тайпалармен аралас отырады. Жүністің екі баласы – Ахмет Алаша мен Махмұд қазақ қауымының бірігуіне көп күш жұмсаған кісілер тобына кіреді».

Мұхаммед Хайдар Орта Азия мен Қашғар, Тибет пен Кашмир жайлы тәптіштей жазғанымен, өзінің дәл қай жерде туғаны туралы айтпаған. Әйтсе де оның Кашмирдегі зиратына қойылған құлпытаста даңқты тарихшы Ұратөбеде дүниеге келген деп көрсетілген. Мұнда да бір шындық бар. Өйткені XV ғасырдың соңында Мырза Хайдардың әкесі Ұратөбе аймағын басқарған. Сонда тұрған.

«Хайдардың шешесімен бірге туысқан Жүністің бірнеше парасатты қыздары болған, – деп жазады Әлкей Марғұлан. – Оның бірі – Құтлығ Нигар ханым – атақты жазушы Бабырдың шешесі. Екіншісі – Сұлтан Нигар ханым – қазақ ханы Әдіктің бәйбішесі. Демек, бұл қарым-қатынастың барлығы Мұхаммед Хайдарға бала күнінен таныс болмаса, ол «Тарих-и-Рашиди» кітабын да сондайлық жылы, сондайлық ашық жаза алмас та еді».

Әлкей Марғұлан тек Мұхаммед Хайдар ғана емес, оның маңындағы, оған жақын кісілер туралы да ұмытпаған. «Хайдардың жазуынша Сұлтан Нигар ханым өз күйеуі Әдік сұлтан өлгеннен кейін Сыр бойында соғыс жиі бола берген соң, қырда тұра алмай,



Қашқардағы туыстарына кеткісі келеді, – дейді Әлкей аға. – Өзінің өгей баласы сол кездегі қазақтың ханы Таһирға арыз етіп: «Мен болсам қартайдым, Маураннаһр мен Рашид, қыпшақ арасы әлі түзелер емес. Қалған өмірімді қалада өткізейін, мені Қашғарға апарып, Сейітханның қолына табыс ет» дейді. Бұл кезде Сұлтан Нигар ханымның қалған төркіні тегісімен Ташкент, Түркістан төңірегін қалдырып, Қашғарға барғаны байқалады. Кейін олардың соңын ала жетім қалған Мұхаммед Хайдар да нағашысының қолына барады. Бұл жерде айтылып отырған Қашғар ханы Сейіт жоғарыда көрсетілген Жүніс ханның немересі, Сұлтан Нигар ханымның ағасы Ахметтің баласы.

1525 жылы Сейіт пен қазақ ханы Таһир араздаса бастағанда, Сұлтан Нигар ханым бұл екеуінің арасына бітім айтады. Екі ханның екеуі де (бірінің апасы, бірінің шешесі) бұл кісінің сөзіне бас иіп, татулыққа келеді. Мұхаммед Хайдар бұл туралы былай дейді: «Хан Қашғардан шығып, Қошқарға келеді. Бұл жерге мен де келдім. Маған айтты: сен Қашқарға бар да, апайымды алып кел, Таһир ханмен екеуімізді татулыққа келтірсін». Әдік ұлы Таһир ханның ол кезде аузынан жалын шығып тұрған еді.

Бұрынғы Моғұлстан қырғызды, үйсін, дулатты өзіне қаратып, қырғыз бен қазақты бірдей меңгеріп тұрған еді. Міне, осы уақиғаның ашық суретін біз бір ғана Хайдардың «Тарих-и Рашиди» кітабынан көреміз. Бұл суреттер, біріншіден, Мұхаммед Хайдардың туып-өскен ортасы кім екенін білдірсе, екіншіден, оның ол ортаны сондай жақсы біліп, оны кейінгі заманға мұра етіп қалдырғанын көреміз».

Орта ғасырлар туралы сөз болғанда кейде көреген (гураган) деген сөзге кездесеміз. Оны бәзбіреулер көреген, білгір деген мағынаға саяды. Әлкей Марғұлан ол туралы да қалам тербеген. «Мұхаммед Хайдар халық ортасында, көбінесе Мырза Хайдар деген атпен даңқты болған. Оған қосымша лақабы көреген, Мырза Хайдар-көреген. «Көреген» – ескі моңғол-түрік тілдерінде «күйеу» деген сөз. Орта ғасырларда хан қызын алып, ел басқарған би-батырларға «көреген» деген лақап беретін болған. Мағынасы ел басқаратын ханның күйеуі. Бірақ ханның өзі емес. Бұл лақапты Хайдардың әкесі Хүсейін де, Әмір Темір де, тағы басқалар да тағынған. Лақап атынан басқа, жазған кітаптарында Хайдар өзінің қай рудан екенін білдіру үшін ресми атын Мұхаммед Хайдар Дұғлати деп жазған. Демек, ол шыққан руы дулат елі екенін көрсетеді.

Мұхаммед Хайдардың шыққан ортасы дұғлаттар екенін Хайдардың өзінен бастап басқа жазушылар да келтіреді. Мәселен, Орта Азияның атақты тарихшыларының бірі Хафиз Таныш өзінің «Абдулла нама» деген кітабында Әбілқайыр ханның баласы Беріш-ұғланды Жәнібек пен Керей ханның қалай өлтіргенін, дұғлат Хайдар мырза осылай жазады дейді. Осындай сәл ескертулердің өзі де Хайдардың қазақ қауымының жүйрік, білгір, жеке-дара адам екенін көрсетіп, оның қазақ қауымына аса жақын болғандығын дәлелдейді. Мұхаммед Хайдар шыққан дулат тайпасы өз заманындағы ұлыстардың алдыңғы қатарында болып, Моғұлстан кезіндегі саяси тіршіліктің ну ортасында болған».

Мұхаммед Хайдардың бабалары да атақты адамдар еді. Ол туралы Әлкей Марғұлан: «Дұғлат тайпасынан XV–XVI ғасырларда бірнеше атақты адам шықты. Олар: Әмір Темірдің Моғұлстанды жаулауына қарсы тұрған белгілі Камаридтен, Болашы, Түлек, Жорас деген кісілер. XV–XVI ғасырларда бұлардың аталары шағатай мемлекетінің үлкен астанасы Алмалық маңында болып, оларға қызмет етті. Алмалық



– Жетісудағы ең үлкен қала. Сауда мен мәдениеттің, саяси тіршіліктің қайнаған ортасы болды. Хайдардың арғы аталары Дұғлат Бауырты, оның баласы Болашы Шағатай ұрпағы Есенбұға мен Тұғлық Темірге қызмет істеп, Моғұлстанның атақты билерінен болған. Бұл екеуі де Тұғлық Темір дәуірінде Алмалық қаласы төңірегінде жасап, дәфінделген. Тұғлық Темірдің әдемі күмбезі осы күнге дейін, сол ескі Алмалық қаласының өзінде, қазіргі Қорғас төңірегінде сақталғаны байқалады.

XIII – XIV ғасырларда Шағатай хандары мен Дұғлат билерінің жаз күні жайлаған жері – Іле өзенінің бойы, Ақкент деген жер. Қазіргі Жаркент (Панфилов) қаласына жақын тұрған. Хайдар аталарының тұрақты қонысы – осы Алмалық қаласының Жетісу өңірі. Өзге дулаттар Алмалықтан Ташкентке дейін созылып отырған. Бұл ара – ұлы жүз тайпаларының ескі дәуірлерден XIX ғасырларға дейін мекен еткен жері. Тарихи шежірелердің көрсетуінше Дұғлат Болашы би XIV ғасырдың бірінші жартысында жасаған кісі. Болашы мен Хайдардың арасында 6–7 ата өткен. Хайдардың түп атасы – Болашы Шағатай ұрпағы Есенбұға мен оның баласы Тұғлық Темір заманында билік құрған кісі.

Мұхаммед Хайдар Қашғар уалаяты (Моғұлстан) мен Қазақстан туралы жазған тарихи кітабын Шағатай ұрпағы, Есенбұға мен Тұғлық Темір тұқымы, Жүніс хан, Сұлтан-Ахмет және Сейіт хан баласы Рашид сұлтанға арнап, кітабының атын «Тарих-и-Рашиди» деп атайды.

Мұхаммед–Хайдар 1499 жылы Ташкент қаласының төңірегінде туады. Оның әкесі Мұхаммед Хүсейін – Дұғлат Бауырты мен Болашы бидің тұқымы. Ол қазақ ханы Қасыммен бірігіп, Шайбани ханмен жауласып жүргенде, 1508 жылы Шайбани әскерінің қолынан өледі. Сегіз жасар Хайдар әкесінен жетім қалып, үш-төрт жылдай өзінің бөлесі, атақты жазушы Бабырдың қолынан тәрбие алады. 13 жасқа жеткенде, Хайдар өзінің тума нағашысы Жүніс ханның немересі, атақты Сұлтан Ахмет Алаша ханның баласы Қашғар өлкесін билейтін Сейіт ханның қолына келіп, оның қарамағында 20 жыл бойы әрі би, әрі әскербасы болып қызмет атқарады. Сейіт хан өлген соң, оның баласы Рашид сұлтанға уәзір болып істейді, бірақ Мұхаммед Хайдар Рашид сұлтанмен келісе алмай, қайыра Бабырдың балалары Камран мен Һұмаюнның қасына барып, олар арқылы Кашмир уалаятын басқаратын болады. Сөйтіп Кашмир өлкесін басқарып тұрғанда, 52 жасында сол жерде дүние салады».

Әлкей Марғұлан Мұхаммед Хайдардың өнерпаздығы, ақындығына да тоқталған. «Мұхаммед Хайдар – XV ғасырдың алғашқы жартысында жасаған Бабыр сияқты Орта Азия мен Қазақстаннан шыққан білгіш, майталман кісінің бірі, – дейді. – Ол бөтен нәрсеге көңіл бөлмей, бір ғана кітап оқып, өлең шығарып, сурет салу ісімен айналысады, зергерлік, шеберлік, ұсталық өнерімен шұғылданады. Шеберлік ісінде ол бармағынан бал тамған ісмер, сұлулық дүниесін жанымен сүйетін хас шебердің өзі болады. Қырнау, безеу, ою-өрнек өнерін тіпті асқаралы түріне жеткізіп, оны шын мағынасында сұлулық қазынасы – өнерге айналдырған. Онымен бірге Хайдар өзінің ойға жүйрік, майталман, сөзге шебер, ерекше саңлақ болуымен халық ортасында даңқты болады. Өзінің айтуынша: «халықпен кішіпейіл болып мажраласуды (кеңесуді), олардың алдында әдепті, мәйін болуды, соғыс үстінде қырағы болуды, атқыш мергендікті, тағы басқа өнер түрлерін үйренуде мен нағашым Сейіт ханның шәкірті

ғана едім» деп, өзінің қойдан қоңыр, кішіпейіл мінезін тағы да сипаттайды. Хайдардан басқа біреу болса, әрине, буға пісіп, «мен-мен!» деп кеудесін соғар еді. Оның жазған тарихи шығармалары, көркемөнер, поэзия туралы жазғандары кейінгі жазушыларға зор әсер етіп отырған.

Мұхаммед Хайдардың адамшылық қасиеті туралы Бабыр былай дейді: «Хайдардың әкесін өзбектер өлтіргеннен кейін, ол менің қарамағыма келіп, үш-төрт жыл тұрды. Кейін рұқсат сұрап, Қашғардағы Сейіт ханға кетті. Не нәрсе болса да, өзінің шыққан тегіне (асылына) тартатын әдеті ғой, мәселен, сап алтын да, күміс те, қорғасын да тегіне тартпай ма! Жұрттың айтуынша, ол бұрынғыдан көп есейіп, жақсы жолға түскен. Өзінің қолы әр нәрсеге шебер, оның қолынан келмейтін іс жоқ; ол әрі жазушы, әрі суретші, онымен бірге садаққа оқ жасап, оның жебелерін өзі істейді.

Бір жағынан дарынды (құйылма) ақын. Маған бірер жазуы келген еді, әлпеті еш жаман емес».

Әлкей Марғұлан «Тарих-и Рашидиге» үлкен мән беріп, жоғары бағалаған. «Кейін есейіп ержеткен шағында Мұхаммед Хайдар шын мағынасында Күншығыстағы даңқты адамның бірі болып, Орта Азия мен Қазақстан халықтарының әдебиетіне, оның тарихына зор үлес қосады.

Күншығыс халқын зерттеуші ғалымдардың айтуынша, Мұхаммед Хайдардың атын жоғары көтеріп, оны жұртқа танытқан оның «Тарих-и-Рашиди» атты кітабы болды. Бұл шығарманың Күншығыс жазушыларына берген әсері сонша, олар Мұхаммед Хайдардың тарихи жазуларына ерекше баға беріп, оның кейбір жерлерін өздерінің жазған кітаптарында пайдаланып отырады. XVI–XVII ғасырлардағы Үнді және Орта Азия тарихшыларынан Мұхаммед Хайдардың «Тарих-и-Рашиди» кітабын пайдаланбағандары кемде-кем-ақ. Оның ішінде Үндістанның Европа әдебиетіне белгілі тарихшысы Мұхаммед Қасым Фиришта Бадахшан Кашмир уалаяты туралы жазғанында, оның мағлұматын бір ғана «Тарих-и-Рашиди» кітабынан алады. Мұхаммед Қасымның айтуынша, «Тарих-и-Рашиди» Орта Азия тарихы туралы жазылған шығармалардың ішінде ең мағыналысы және мағлұматы ең дұрысы, ең толығы болып саналған.

Мұхаммед Хайдарды оқыған Күншығыс ғалымдарының ол туралы жылы сөз айтпай қалған бірде-бірі жоқ. Үндістанның атақты ғалымының бірі – Ағзам. Ол Мұхаммед Хайдардың Кашмир өлкесі туралы жазғанына зор қуаныш көрсетіп, өзінің «Кашмир тарихы» деген кітабында Мұхаммед Хайдардың әдебиеттегі орнына ерекше баға береді. «Мұхаммед Хайдар Күншығыс ғылымын терең білген данышпан адам еді. Оның үстіне ол қаламынан сөз құйылған талантты ақын болды. Оның «Тарих-и-Рашиди» кітабы – болған оқиғаны төндіре айтуда ең инабатты шығарманың бірі» дейді.

Қазақ тарихындағы үш бәйтерек – Мұхаммед Хайдар Дулати, Шоқан Уәлиханов, Әлкей Марғұлан шығармашылығының игі сабақтастығы осындай. XIX ғасырда өмір сүрген Шоқан Уәлиханов, XX ғасыр перзенті академик Әлкей Марғұланның да өз елінің тарихы мен оның Мұхаммед Хайдар сияқты дана перзентіне деген құрметі, сүйініші ерекше болғандығы жан сүйсінтеді.

«Тарих-и Рашиди» әр жылдары ағылшын, орыс, қазақ, қытай, ұйғыр, өзбек тілдеріне аударылды.

М.Х. Дулати туралы Шымкент театры спектакль де қойды (пьеса авторы Байғали Есеналиев).

Ол туралы белгілі ғалым Ислам Жеменей (докторлық) мен жас оқымысты Манзура Қалиекова және т.б. кандидаттық диссертация қорғады. «Қазақфильмнің» түсіру тобы (менің кеңесші болуыммен) Үндістанның Дели, Нью-Дели, Каннаудж, Кашмиріне де арнайы барып, ол жайлы деректі фильм түсірді. Алматы мен Астана көшелеріне, Тараз университетіне ұлы ғалымның аты беріліп, бас ғимараты алдына ескерткіші қойылды.

Бұны өткенді сыйлаудың дәлелі деуге болады. Бұл бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның өскелең ұл-қыздары, азаматтары үшін қашанда үлгі болса керек.

### **3.3. Мұхаммед Хайдар Дулати Кашмир тарихында**

Сауд Арабиясының астанасы Риядта ашылған елшілігімізде қызмет етіп жүргенде Кашмирде қаза тауып, сондағы сұлтандар зиратында жерленген көрнекті мемлекет қайраткері, үлкен тарихшы ғалым, қаламгер Мұхаммед Хайдар Дулатидің (1499–1551) жат жерде қалай қаза тапқаны, қай жерде жерленгенін анықтау үшін 1998 жылы қараша айының аяғында Үндістанға аттандым. Желтоқсан айының басында Кашмир астанасы Сринагарға келдім. Қыс түскенімен, күн жылы екен. Бірақ әлі қар жауа қоймапты. Желам өзенінің бұрыла ағатын тұсының биіктеу жеріндегі «Мазар-и салатіндегі» («Сұлтандар зиратындағы») қабірстанда болдым. Ұлы ғалым құлпытасындағы жазуларды оқып, оларды дәптерге көшіріп алғаннан кейін, қаланы араладым. Мұхаммед Хайдардың ескі шаһардағы жүрген, тұрған жерлерін көріп, қаланың байырғы келбетімен, Сринагардағы мемлекеттік музейдегі жәдігерліктермен таныстым, кітапханаларда болдым.

Кітапхана демекші, кітап дүкендерінің бірінен Үндістан тарихын кестелеген атақты жылнамашы Әбу-л Фазл Әлламидің (1551–1602) парсы тілінен ағылшын тіліне А. Беверидж (H. Beveridge) аударған «Акбар наме» (The Akbar Nama of Abu-l Fazl. New Delhi 1993) атты еңбегін және жергілікті Кашмир тарихшысы Г.М.Д. Суфидің (G.M.D. Syfi) «Кашмир тарихы» (*Kashmir being a history of Kashmir from the Earliest Times to Our Own. Vol. I. New Delhi 1996*) атты ағылшын тіліндегі екі томдығын сатып алдым.

Орта ғасыр тарихшысы Әбу-л Фазл Әлламидің шежіресі негізінен Үндістанның мұсылман патшалары (моғолдар) тарихына арналған. Онда Мұхаммед Хайдар жайлы да мағлұматтар ұшырасады. Ал осы заманғы Кашмир тарихшысы Г.М.Д. Суфи кемеңгер баба тұлғасына кеңірек тоқталған. Ол өз зерттеуінде Мұхаммед Хайдар Дулати Кашмирді билеген 1540–1551 жылдар жайлы біраз сөз еткен. Сондай-ақ онда Мұхаммед Хайдар Дулати зиратына қойылған құлпытас пен ондағы парсы тіліндегі жазуларды аудармай, түпнұсқа ретінде және екі сурет берген. Бірінші томы 341+148

беттен тұратын көлемді еңбекте ол Мырза Хайдарға 200–210-беттерді арнапты.

Сонымен Суфи деректеріне көз жүгіртейік: *«Ғижраның 945–946 ж., яғни 1539–1540 жылдар оқиғасына арналған беттерде Суфи кашмирлік жергілікті тайпа көсемдері макрлар жаулары Қажы чактан құтылу үшін көмек сұрап, Пир Панджал тауының оңтүстігіндегі – Үндістандағы Ғұмаюнге (1508–1556) өтініш жасайды. Жергілікті Зейн әл-Абидин патшаның ұрпақтарын биліктен айырған Чак пен Макр әулеті 1533 жылдан кейін де тақ үшін таласып, өзара қырқысуда еді. Бірде билік шиашылардың қолына тиісімен сунналықтарды қыспаққа ала бастайды. Сол себепті олар Лаһордағы Мырза Хайдарға 1537 жылдан бастап-ақ бірде хат, бірде жаушы жіберіп, Кашмирге шақырумен болады. Бұл монархтың өзі де Үндістан тағына таласып жүрген ауған текті Шершаһ Сурдың (1472–1545) қуғындауында болатын. Дей тұрғанмен Ғұмаюн Мырза Хайдар Дулатиге макрлар өтінішімен Кашмирге жорық жасауға рұқсат етті. Мырза Хайдар Бабыр мен Сұлтан Әбу Саид Қашғаридың бөлесі және де жауынгер болатын. Мырза сондай-ақ ғалым-ды, «Тарих-и Рашиди» атты шығарманың авторы-тын. Сөйтіп кашмирліктер ол жылдары өзара алауыздасып, жауласуларын жалғастыра берді. Сол себепті де Мырза Хайдар Қажы чактың қарсылығына қарамай жеңіске оңай жетті... Мырза Хайдар елді бөлген кезде көп ерекшеліктер жасаған жоқ. Мырза Кашмирдің бір бөлігін өзіне, қалған екі бөлігін Абду-л Макри мен Малик Райнаға берді, оның бұлай етуі мүмкін олардың сіңірген еңбегіне берген сыйы болар»* дейді Суфи.

Одан әрі Кашмир тарихшысы 1534–1540 жылдар оқиғаларын баяндаған.

*«1539 жылы Ғұмаюн және Мырза Хайдар әскері Үндістан Шершаһ Сурмен (1472–1545) Ганга жағасындағы Каннаудж деген жерде шайқасты. Ғұмаюн жағында Мырза Хайдар болды»* дейді.

Каннаудж, Ганга демекші, 2007 жылы «Қазақфильм» киностудиясы Дели, Кашмир және осы Каннауджге барып, Мұхаммед Хайдар Дулати жайлы құжатты фильм түсіргенде де (мен фильмге кеңесші болдым), әлгі жерлерді көріп, бабалар ізін іздеуге тырыстым. Ол, әрине, өз алдына бөлек әңгіме.

Суфи өз еңбегінде әрі қарай: *«Ғұмаюн Шершаһ Сурдан осы Ганга жағасында оңбай жеңілген соң, олар шегіне-шегіне Лаһорға келіп, әскери кеңес өткізді»*, – дейді.

Лаһорға демекші, дін қызметінде жүргенде, бірде Үндістанның Лакнауында болған халықаралық конференцияға қатыстым. Арасында уақыт тауып, осы шаһардан аса қашық емес, Ганга өзені жағасында 1939 жылы әлгі шайқас өткен жерді әдейі барып көрдім. Ол жерден екі жақ та қазған окоптар бар екен.

Иә, Суфи айтқандай, Мырза Хайдар Лаһорда Ғұмаюнге енді Кашмирге баруды ұсынды. Ғұмаюн (1508–1556) ұсынысты қабылдамай, әскери көмек сұрау үшін Иранға кетсе, Мырза Хайдар Ғұмаюн берген 400 сарбаз және өзінің де қосындарымен бір оқ та шығармай, 1540 ж. күзде Кашмирді екінші рет алды.

Иран, Ғұмаюн демекші, 2007 жылы Теһранда өткен халықаралық конференцияға барғанымда да осы елдің тарихи шаһары Исфаһанға зиярат етудің сәті түсті. Сондағы көркемсурет мұрағатындағы суреттер арасынан майлы бояумен салынған үлкен полотноға назар аудардым. Онда Иран шаһы Тахмасыптың Ғұмаюнды өз сарайында сән-салатанатпен қабылдап, құрмет көрсетіп жатқан сәті бейнеленген. Ғұмаюн



қасындағы серіктермен бірге Тахмасып патшаға үлкен асыл тас, гауһарды сыйлауда. Оның серіктері осы күнгі қазақ халқына ұқсас. Беттері жалпақ, бастарында қазақтың бөріктері. Оған таңғалуға да болмас. Өйткені Бабыр әскерінің қатарында осы күнгі жалайыр, дулат, қыпшақ, қоңырат, найман секілді т.б. түрк тайпаларының көпшілігі болған.

Кейінірек Үндістан билігі Һұмаюнның ұлы Акбар шаһқа (1542–1605) тиген кезде, оның әскерінің бас қолбасшысы түркімен Байрам хан деген кісі болғаны тарихтан белгілі.

Һұмаюн Тахмасыпқа тарту еткен гауһар қолдан-қолға өтіп, осы күндері Ұлыбритания музейлерінің бірінде сақтаулы деседі.

Сөйтіп 1541 жылы көтерілісшіл чактар Шершаһ Сурдан әскери көмек сұрады. Мырза Хайдар чактардың қолы мен Шершаһ берген әскерді тас-талқан етіп жеңіп, Кашмирге біржола орнықты. Бұл туралы «Тарих-и Рашидиде» де жан-жақты жазылған. Суфи сол беттерде негізінен Мырза Хайдардың өзі айтқан деректерді қайталаған.

Әрі қарай Суфи Мырза Хайдардың өмірбаянына қысқаша тоқталған. Ол онда Мырза Хайдардың Кашмир тарихында маңызды рөл атқарғанын атап өткен.

«Сонымен, – дейді Кашмир тарихшысы, – Мырза Хайдар Дулат (Дуғлат) толық аты – Гурган Шағатай Моғол Ыжраның 905//1499 жылы Ташкент уалаятының астанасы Шашта туған. Әкесі Мұхаммед Хұсейін Гурган Дулат Моғолстан мен Кашмирдің ханы Махмұдқа дейін Шаштың 6 жыл билеушісі болған еді. Анасы жағынан Мырза Хайдар Жүніс ханның немересі-тін. Шешесі Хуб Нигар ханым Бабурдың (1483–1530) нағашы әпкесі болатын». Мұны да Суфи «Тарих-и Рашидиге» және Мұхаммед Захир ад-Дин Бабырдың (1483–1530) «Бабыр намесіне» сүйеніп айтқан.

Бірақ менің зерттеулерім Мырза Хайдардың Суфи және көптеген тарихшылар жазып жүргендей Шашта (Ташкентте) емес, Ұратөбеде туғанын анықтады. Мұхаммед Хұсейін де Шаштың емес, Ұратөбенің 6 жыл билеушісі болған. Бұл айтылғандарды мен Мырза Хайдардың Сринагардағы патшалар зиратындағы құлпытасындағы жазулар мен оның «Тарих-и Рашидиіне» де сүйеніп айттым. Ұратөбе қазір Тәжікстан Республикасында.

Сонымен Суфи әрі қарай: *«Мырза Хайдар өмірін ұрыс-талас пен шырғалаңдар ортасынан бастады. Әкесі озбыр адам-ды. Ол Кабулде Бабырға қарсы бүлік жасағаны үшін айыпталды. Бірақ Бабыр оны туысқандық қатынасына байланысты кешірді. Арада біраз уақыт өткен соң, Мұхаммед Хұсейін Гурган Дулатты Шайбани хан деген атпен белгілі көшпелі өзбек лидері Шаһибек ханға (1451–1510) қарсы жасаған айдап салушылығы үшін өлтірді»* дейді.

Суфи қадала айтып отырған осы оқиға жайлы Бабырдың өзі не дейді мәселесіне келейік.

Бұл оқиға 1508 жылы Кабулде болған кезде Бабыр жорықта екен. «Бабыр намеде» автордың өзі былай деп жазған: *«Бақи Бихиштен шығып, Мырза орналасқан бақшаға келіп, уалаятыма, халқыма, жақын-жарандарыма жеңіске ие болғанымды білдіріп тілхат жөнелттім. Содан кейін атқа міндім де, арқаға аттандым. Мұхаммед Хұсейін мырза қорыққанынан ханымның төсек-орны сақталған қоймасына қойып кетіпті. Мірім диуан мен тағы бірнеше бектерге: «Қамалдан жан шығармай (ханымның)*



*бөлмесін тінтіп, жерге кіріп кетсе де, Мұхаммед Хұсейінді алып келіңдер!» деп бұйрық бердім. Олар ханымның есігінің алдына барып, онымен дөрекі, әдепсіз сөйлесіп, ақыры Мұхаммед Хұсейін мырзаны ханымның қоймасынан тауып алып, арқаға жеткізді. Онымен орнымнан тұрып сәлемдестім, істі насырға шаптырмай сыпайылық жасап, бұрынғыдай ілтипат көрсеттім. Мұхаммед Хұсейін мырза опасыздық, сорақы іс жасап, сойқанды бүлік шығармақ болды. Әттең, мұны жексұрындық қылығы үшін сазайын тарттырып, қыл шылбырдан бұғау салып, өкіртіп, кескілеп тастаса сауап болар еді. Бірақ қол жіпсіз байланды, мұнымен қарға тамырлы жегжаттығымыз бар-ды! Ол менің туған нағашы апам Хұб Нигар ханымның күйеуі болатын. Одан ұл-қыз көріп отырған-ды; олар бөлелерім емес пе?! Сол жегжаттық жағдайды ескеріп, Мұхаммед Хұсейін мырзаны жазадан құтқарып, Хорасанға аттануға рұқсат еттім. Бұл – опасыз, адамгершілік ардан жұрдай пақыр, оған көмектескен жақсылығымды, өлімнен құтқарғанымды ұмытып, мені Шайбани ханға жамандап, арызданыпты; біраз уақыт өткеннен соң, Шайбани хан оны өлтіріп, сазайын тарттырды.*

Тапсыра сал тағдырға, кім төндірсе қара түн,  
Тағдыр сенің итаршың ғой, сен үшін кек алатын<sup>1</sup>», –  
деп жазған.

Бұл жерде, әрине, бірдеңе деу қиын. Бұл түрлі феодалдық соғыстардың өршіген аласапыран, аламантасыр кезі еді. Мұхаммед Хұсейін Бабырдың тағына құмар дұшпандарының алдау-арбауына абайсызда түсіп қалды ма, кім білсін? Бірақ оның Шайбани хан кісілерінің қолынан қаза тапқаны рас.

Бірақ Мұхаммед Хайдар «Тарих-и Рашидиде» Бабыр айтқан осы жайт жайлы шешіле әңгімелемеген. Бабырға еріп ол әкесін істің байыбына бармай кінәлауды жөн көрмеген сияқты.

Жоғарыда айтылғандай, бұл жайт 1508 жылы болған еді. Мырза Хайдар ол кезде 10 жасар бала-тын. Әкесінің жақындары оны Бұхарадан таулы Бадахшандағы бөлесі Хан мырзаға әкеліп тапсырды. Онда Мырза бір жылдай болған соң, Кабулдегі Бабыр мырзаға келіп, оның жанұясының біріне айналды.

Нижраның 920, яғни 1514 жылы жастық амбицияға толы Мырза Хайдар Кабулды тастап, Ферғана астанасы Әндіжанға аттанды, ондағы жездесі Сұлтан Саид ханның (т.ж.б.–1533) қызметіне кірісті. Ол туралы Бабыр былай дейді:

*«Мырза Хайдар хуснихатта, сурет салуда, қолөнердің барлық түрлері бойынша теңдессіз-ді. Поэзиямен әуестенді. Ол менен кешірім сұрап хат жазыпты, сөз саптасы тәп-тәуір».*

Әбу-л Фазл Әллами Мырзаның әуестігіне поэзияны да қосқан. Суфи әрі қарай былай дейді:

*«15 жасында ол биік белеске көтерілді. Саид ханның қасында тұрып, қызметінде болған 19 жыл ішінде ол ханның әртүрлі қызметтерін атқарды. Саид ханның тапсырысымен әуелі Ладаққа, сонан соң Кашмирге, Балтистанға, одан кейін Тибетке жорық жасады. Ладақты алған соң, 1531 жылы жедел Кашмирге бет алады. Әйтсе де ол Кашмирден кетуге мәжбүр болды. Одан кейін Ладаққа жөнелді де, кейін непалдықтармен шайқасты. Бұл оның тамаша жорықтарының бірі еді. Бірақ оның аяқ алысын аңдап басуына тура келді. Ол мінген аттарының өліміне,*

суыққа байланысты жорығын тоқтатты. Бұл 1534 жылдың басы-тын. Ладақта ол қауіпсіз жерді таңдады. Ладақтан кейін Бадахшан арқылы Кабулге оралған секілді. Өйткені 1533 жылы Саид хан қайтыс болған-ды. Мырза Хайдар Кашиғарды тастап, Үндістандағы моголдорға келді. Лаһорда қызмет етті.

Оны Бабырдың баласы Мырза Камран (1509–1557) қабыл алды. Пенджабтың әкімі етті. Қызметін жоғарылатты. Мырза Хайдар Лаһорда Мырза Камран мен Һұмаюн арасындағы алауыздық өршігенге дейін бір жыл тұрды» дейді Суфи. Кашиғар тарихшысының бұл айтқандарына менің қосарым: «Тарих-и Рашидиде» Мырза Хайдар Лаһорда, Камранның сарайында бір жыл емес, үш жылдай тұрғанын айтқан.

Суфи еңбегіне әрі қарай үңілейік. Кашиғар тарихшысы: «Мырза Хайдар Һұмаюн жағына шықты. Шершаһ Сур Һұмаюнды Биске қуғанда және Мырза Хайдар Лаһорда Һұмаюнге Кашиғарды жаулап алуды ұсынды. Осы кезде Мырза Хайдарды өзінің айтуынша, Сұлтанмен қарама-қайшылықтағы Қаджи Чак, Абул Макри және Риджи чактар тауып алды. Олар оны Кашиғарды жаулап алуға үгіттеді. Олар Мырза Хайдардың қолымен, яғни могол сарбаздары арқылы өз елдерін басып алуға, солар арқылы жек- көріністі жергілікті билеушіні биліктен қуғысы келді.

Арада біраз уақыт өткен соң, 1540, яғни һижраның 947 жылы қараша айында Мырза Хайдар Кашиғар алқабына жетті. Бұл мерзімді Мырза Хайдар «Юлус-и Дар ул-мулук-и Кашиғар» деп атады. Ол Кашиғар билігіне аса көп күш салмай-ақ қол жеткізді. Сол себепті (Кашиғар) алқабының патшасы болды. Бұл кезде Һұмаюнның тағдыры түсініксіз еді. Мырза Хайдар Һұмаюнге адалдық танытып, өзін Кашиғардың патшасы деп атамады»,– деп жазған.

Бабырдың 4 баласы бар-ды. Олар Һұмаюн (1508–1556), Камран (1509–1557), Асқар (1516–1558), Һиндал (1519–1551). Бабыр Үндістанды Һұмаюнге, Камранға осы күнгі Пәкстанды мирас етті. Қалған перзенттері ертерек қайтыс болды.

Әбу-л Фазл Әллами «Акбар намеде» 1541 жылдың 2 тамызындағы шайқастан бастап Мырза Хайдардың «Кашиғарды 10 жыл биледім. Кашиғарды үйіндіге айналған күйде көрдім және оның егістіктерін культивацияға жеткіздім, қалаларды түрлендірдім. Ел шекарасын кеңейттім және оны әділдік һәм жаңашылдықпен биледім» деген сөзін келтірген. Бұл кездері ол жауларымен қатты теке-тірескен жоқ. Өзінің айтуы бойынша ол үйіндіге айналған Кашиғар мемлекетін қалпына келтіре алды және ресурстарды дамытты. Мырза Хайдардың бұл тірлігі үшін Суфи оған жоғары баға берген.

Тағы да ескертеріміз – түрлі тарихи оқиғаларды сөз еткенде Суфи Мырза Хайдардың «Тарих-и Рашидиіне» сүйеніп айтқан.

Бұл сөздерге ол өз пікірін де қосқан. Мысалы, ол «Мырза сәулетшілер мен қолөнершілерді барлық махаллаларға жіберді. Жұмысқа орналастырды. Кашиғарды көтерді. Әсіресе музыкаға көңіл бөлді. Көптеген музыкалық аспаптарға мән берді. Жалпы елдің жағдайы жақсарды» дейді.

Суфи бұл тұста да Әбу-л Фазл Әлламиге сілтеме жасаған. «Кашиғар үкіметі Сұлтан Нәзік шаһ атын алды. Бұл кезде Һұмаюн Иранда тұтқында болатын» дейді. Ал шындығында олай емес-ті. Һұмаюн ол кезде Иранды аралап, Иран шаһынан әскер сұрап жүрген. Ол туралы жоғарыда айттық.

Суфи бұдан әрі «Тарих-и Рашидиге» де арнайы жеке тарау арнаған.

«Бұл өзі Кашмирде ғұмыр кешкен кезде болған еді», – дейді Суфи. Әрі қарай: «Тарих-и Рашидиді» Мырза Хайдар Кашмирде тұрғанда жазды. «Тарих-и Рашидидің» бірінші бөлігін автор «Тарих-и асл», яғни шын тарих деп атады. Бұл бөлімді ол Кашмирде 1544–1545 жылдары, яғни Кашмирді билеген 5 жыл ішінде аяқтады. Екінші қысқа бөлімін Мырза Хайдар 1541–1542 жылдары жазды. Ол бірінші бөлімнен екі есе көп. Екінші бөлім аяқталған соң, бірінші бөлім жазылды. Шығарма Қашғар билеушісі Сұлтан Саид ханның үлкен ұлы Абд ар-Рашид (1510–1570) хан құрметіне арналған», – деп жазады Суфи. Бұл да рас. Дәл осы Саид хан Мырза Хайдарды екінші ұлы Ескендір Сұлтанмен бірге Кашмирге жұмсаған. «Тарих-и Рашиди» сөйтіп 1541 жылы аяқталған. «Тарих-и Рашидиді» ол әдебиетке әсер ету және мейірбандық үшін жазған жоқ. Бұл дүние шынайы жазылған шығармалардың бірі. Автор өз жұмысын таза және сол кез оқиғаларын толық қамтуға ниеттенді.

«Бабыр сарбаз, тарихшы және өмірбаяншы ретінде көрінді. Туысқаны Мырза Хайдарды дәл осылай сыпаттаған. Әйтсе де Бабыр Мырза Хайдарға қарағанда жақсы өмірбаяншы және күмәнсіз сарбаз ретінде ұлылау. Екінші жағынан, Мырза Хайдар жақсы тарихшы еді. Ал Бабыр өз естеліктерінде тарихты кездейсоқ жазды», – дейді Суфи. Оның бұл пікірі ағылшын шығыстанушысы Ней Элиас алынған сияқты. «Тарих-и Рашидидің» Денисон Росс аударған ағылшын тіліндегі нұсқасына жазған алғы сөзінде ол осылай деген. Ней Элиас «Мырза Хайдар өз жұртының, әулетінің тарихын белгілі бір мақсатпен жазды. Ол тарихи фактілерге сүйене отырып, басынан кешкендерін, шындықты парсыша, ал Бабыр шағатай-түрікше жазды» дегенде Суфи Ней Элиас пікірін қайталаған.

Суфи әрі қарай:

«Мырза Хайдар Бабырдан 16 жас кіші еді. 52 жасында Ханпура маңында өлтірілді. Ол жер ескі моғол жолында, Сринагардан 12 милл (шақырым) жерде. Бабыр 1530 жылы 48 жасында Аграда қайтыс болды. Бұл Мырза Хайдар қазасына дейін 11 жыл бұрын болған-ды. Бабыр Кабулге жерленген» деген.

Кашмирге бірнеше рет барған сапарымда әйтеуір Ханпураны да, ескі моғол жолын көрудің де сәті түспей-ақ қойды. Десек те үмітсіз шайтан дегендей, тағы бір көрермін деген үміттемін.

Суфидің Мырза Хайдар жайлы жазбасы келесі әрі соңғы «Сұлтан Мәлік шаһ» деп аталатын тарауда жалғасқан. Ол тарауға һижраның 946–958, яғни 1540–1551 жыл деген мерзімді көрсеткен. Бұл жоғарыда айтқанымдай, Кашмирді Мырза Хайдар билеген жылдар.

Суфи: «Мырза Хайдар патшалықты қабылдау үшін өзін қауіпсіз санаған жоқ. Ол өз ойынша ресми корольді билікке қойып, елді соның атынан билегенді жөн санады. Сол себепті Фатх шаһтың баласы Нәзік шаһты жоғарылатты. Таққа отырғызды. Соның атынан Кашмирді биледі» дейді.

Әрі қарай Кашмир тарихшысы 1541 жылы Мырза Хайдардың Кашмирді қалай басып алғанына тоқталғанда, Шершаһ Сурдың Каджи чактың қарындасына үйленгенін, соның арқасында шиашыл Каджи чактар Мырза Хайдарға қарсы соғысу үшін әскери көмек алғанын, бірақ ол көмекті және шиашыл чактарды Мырза Хайдар тас-талқан етіп

жеңгенін «Тарих-и Рашидидің» соңғы беттеріндегі Мырзаның жазбаларынан алған.

Осы ретте енді Мұхаммед Хайдар мырзаның өзіне сөз берейік. Ол «Тарих-и Рашидидің» 116-тарауында Кашмирді екінші рет алғанының жай-жапсары туралы былай деп жазған:

«Мен хазірет Нұмаюннан рұқсат алып, Лахордан барлық мырзалардың бірауыздан келісімімен, Алланың қолдауымен... Кашмирге бет алдым. Раджаб айының жиырма екісінде Кашмир асуынан өтіп, Кашмир астанасында таққа отырдым. Бұл оқиғаның хронограммасын мен «дар бист у дуввим-и раджаб» сөзінен таптым [947/1540 ж. 22 қараша]. Мерген шоқ-жұлдызы мезгілі болатын. [Кашмирге] кірген кезімде көк аспан менің құт қадамымды құттықтап, бұлттан жаңбыр тамшылары дүрдей себелеп және қар динары шаһрухи теңгесіндей басымызға жауа бастады. Кита :

Жапалақтап қар жауды құрметіңе келгенде,  
Әр түйірі динардай жеке-жеке бөлгенде.

Әр дара бұлт, сыйлықтың айтпағанда өңгесін,  
Аяғыңның астына үйіп салды теңгесін<sup>1</sup>.

Осы сыйлықтардан жердің беті ағарып, жаудың көзі қарайды.

Сол қыс Алланың рақымдылығымен көңілдегідей жақсы өтті. Алайда Қажы шаһ өз жұбайы – Кашмир иелігін біржола өзінен талақ деп есептеп және оған бұдан былай үміт етпестіктен отбасын Малик Абдал мен Занги чактың панасына қалдырып кетті. Ол бұрында сан рет болғандай әрі-сәрі, аумалы-төкпелі кез болды және де ол бір жыл ішінде байыздай қоймайды деп ойлайды. Мисра:

Кезқұйрықтай, болмысынан жүр қашып,  
Алты ай еркек, сосын алты ай ұрғашы.

Кашмир халқының барлығы осындай пікірде болғандықтан, Қажы шаһпен бірге жүріп кетті. Олар Алланың мына даналық сөзін білмеді. [Аят]: <Сен айт: О, Падишаның падишасы, Хақ тағала! Қалаған адамыңа патшалық бересің, қаласаң одан қайта тартып аласың>. Әлем елдерінің, мемлекеттердің иесі және патшалардың патшасы ұлылық тек қана оған тән. Рубаи:

Құдіретті, қаһарлы, кешірімді о бастан,  
Құпиянды оқитын көрермен де дана асқан.

Алам десе – алады, берем десе – береді,  
Не істесе де Жаратқан, пенде дұрыс көреді.

Қажы шаһ мұны болмайтын іс деп болжады да, Шерханның күш-қуаты Хақ тағаланың жазғанын бәлкім өзгерте алар деп санап, оның қанатының астына паналады. Көктем басында бұлт әскері жалынды қылыштай қыннан шығып, найзағай мылтығынан жасын отының көмегімен бұршақ атқылай бастағанда, жасыл әскер соғыс майданында өткір қанжардай қылтиып көріне бастады да, көк жапырақтарының астынан гүл жара бастады. Сол кезде Қажы шаһ Шерханнан қолдау және көмек алып, көп әскермен қалаға бет алды. Осы хабар нақты анықталған кезде, бұл істе оның сенімді адамы Малик Абдал шемен ауруы салдарынан фәниден бақиға кетті. Содан барлық іс Занги

<sup>1</sup> «Тарих–и Рашидидегі» осы және басқа да өлеңдерді аударған Қадыр Мырза Әли – Ә.Д.



чакка тапсырылды. Бір сөзбен айтқанда, оны баян ету – көңілге мұң ұялатардай. Біз отбасымызды «Андаркөл» қамалына қалдырып, жасақталған топпен, шынында, бытыраңқы топпен соғысқа бет алдық. Кита:

Әңгімені қысқартам, соза берсем хабарды,  
Айта берсем барлығын, зеріктіріп алармын.

Алдымда – жау, артымда тағы да жау – болжаймын,  
Түсіндіріп берші өзің, қандай менің хал-жайым?

Тоқ етерін айтқанда, үш ай бойы біз сенімді жерлерді тәкаппарлана басып өтіп, біз аялдаған жерге дейін келіп жетті. Біз жақтағы Кашмир әскері топтасқандай боп көрініп еді, бытырап қашып кетті де, сөйтіп бізбен моғол әскерлері ғана қалды. Сол күні ешкім де шайқас туралы ойлаған жоқ еді, адамдардың көбісі өз шаруаларын реттеуге кеткен-ді. Екі жүз елудей адам жиналды, моғолдарға келіп қосылған шамалы кашмирліктерді қосып есептегенде үш жүздей адам болды, міне, бұлар бес мың атты әскерге және екі пілге қарсы соғысты. [Дұшпанның] атты әскерінен сан жағынан көп жаяу әскері ту сыртымыздан тиіп, жүк тиелген арбаларды тонай бастады... Қысқаша айтқанда, бесін намазы кезінде, 948 жылдың сегізінші раби ас-саниінің дүйсенбі күні (1541 жылдың 1 тамызы) мына [аят]: <Піл иелерін Тәңірінің қалай еткенін көрген шығарсың?> дұшпанның халін бейнелейтін еді және құдіретті Көк тәңірінің хабаршысы құлағымызға мына [аятты] оқыды: <Алладан келетін көмек және жап-жақын қалған жеңіс>. Бақыт есігін ашар Алла тағала <оның құдіреті арта берсін> үш жүз әскердің алдында бес мың атты әскер мен бірнеше мың жаяу әскерді тым-тырақай етті. Мына [аятқа] сай: <Жау қанша көп болса да, онымен соғысқандар, өздерінің аздығына қарамай, Құдайдың қуатымен жеңіп шыққан>. <Алла және пайғамбар рас айтыпты>. Өлең:

Жеңіс те емес, күш те емес, ойы да емес кәлланың,  
Бақыт деген қашанда тек қолында Алланың.

Жеңістің де, бақтың да – Алламызда тамыры,  
Жеңіліс пен қасірет – ол да Алланың әмірі.

Ғажап деңіз, Алла тағаланың қайырымдылығына ризашылығымызды білдіруіміз міндетті болса да, мен пақыр мұны істеуге дәрменсізбін, [егерде мұны істер болсам] онда мен бұл әрекетіммен Субхана тағалаға ұлы адамдардың білдірген алғыс сезімін көмескілендіріп алуым ықтимал мен сияқты пенделердің өзінің қабілетсіздігі үшін кешірім өтінуі, сол ұлы адамдармен өзін бір қатарға қоюды білдіреді, ал мұндай ерсілік әрекет – қауіпті іс болмақ. Рубаи:

Алғыс айта алмадым – тұрса да ол миымда,  
Кешір дер ем сол үшін, ол одан да қиындау.

Құтылған жоқ едім ғой осылардан кезінде,  
Міне, содан мазам жоқ сарқылды бар төзім де!  
Бір сөзбен айтқанда, Кашмирдің хабибі Маулана Жамаладдин Мұхамед Жүсіп



осы уақиғаға хронограмманы: «фатх-мұқарар» («Қайталанған жеңіс») [сөзінен] тапты, оның себебі бұған дейін де мен Кашмирге келіп, жеңіске жеткен едім...»

Г.М.Суфи әрі қарай: *«Жауларының біразы соғыста, біразы аурудан өлген соң, Мырза Хайдар Сұлтан Зейн әл-Абидиннің елдің өндірісін көтеріп, даңқын қалпына келтіруді көздеді. Біраз жерлерді басып алды. Кіші Тибет, Пакли, Раджаури, Киштваар секілді Кашмирдің кейбір уалаяттарын өз иелегіне қосты. Ол жоғарыда айтылғандай, Кашмир өндірісін жандандырды. Ол елдің барлық жамағатына бірдей қарады. Өзін шетелдік дегендердің көтерілістері мен қозғалыстарын басты. Әйтсе де өкінішке орай, бейбіт күндер ұзаққа созылған жоқ.*

*Дұрыс па, бұрыс па, ол жағзы белгісіз. Мырза Хайдар барлық көтерілістер мен қозғалыстар, наразылықтардың себептерін шиалықтардан көрді. Шиалықтардың зымиян әрекеттері, елдің дамуына кедергі келтіріп отыр, барлық кертартпалық жағдайды шиалықтар ұйымдастырып отыр деп есептеді»* дейді.

Соған байланысты Суфи Әбу-л Фазл Әлламидің төмендегі сөзін келтірген. Әбу-л Фазлдың айтуынша, «Мырза Хайдар әділдік заңын аттады, қолынан берекенің екі әскері – парасаттылық пен сабырлылықты шығарып алды. Ол жаңа діннің өмір сүруін тоқтатқысы келді, ал бұл адамдардың қарым-қатынасы мен қимыл линиясын өзгертуге әкеліп соқтырды. Ол Мәлік Риджи Чакпен араздасып қалды, ал ол жайт Мәлік Иди Райна мен Хұсейін Магр фракциясының оны құлатуына әкелді. Олар әуелде Мырза Хайдарға көмектесті, бірақ кейін Мырза Хайдардың Кашмир тарихын қысым көрсету мен әділетсіздікке толтырып жіберді. Сөз жоқ, әлгі жанжал, қақтығыс Мырзаның ашуын келтірді, әрі қарай оның шиизмді ұстанатындарға деген жаулық қатынасын күшейтті. Төрт жыл абақтыда болған соң, Мир шамс ад-Дин Ирақидың баласы Хасанға сүйене отырып, Ибраһим Абд әл-Ғафурдың фатуасына байланысты пайдасы болар жас жігіттің мансабы қатыгездікпен үзілді.

Жадидегі Мир Шамс ад-Дин Ирақи өлі мүрдесінің құпиясы ашылды және Мир Шамстың денесі Чудраға көшірілді.

Мәлік Иди Райна немесе Хұсейін Магр, Мәлік Мұхаммед Наджи немесе Қожа қажы Ванда Исмаил Шаһсурдың көмегімен фракция негізін қалады. Мырза оны тоқтатуды өзінің парызым деп ойлады».

Аталмыш қаламгердің бұл пікірі объективті емес деп ойлаймыз. Оның бұл айтқандарымен келісу қиын. Әбу-л Фазл Мұхаммед Хайдар Дулати дүниеден өткен соң ғұмыр кешті. Яғни ол Мырза Хайдардың замандасы, туыстасы да емес, Кашмирде болған да жоқ. Олай болса оның Мұхаммед Хайдарды кінәлауы негізсіз әрі бекер. Ол Мәлік Риджи чакпен араздасып қалды. Ол әуелде Мырза Хайдарға көмектесті. Мырза Хайдар шиашыларға түбегейлі қарсы болды. Шамс ад-Дин Ирақидың ұлы Мир Даниялға қарсылығы күшейді дейді. Суфи одан әрі Мырза Хайдар немере інісі Қара Баһадур бастаған моғолдарды тау жақтағы Мұхаммед басып алуға жібергенін, бірақ көтерілісшілердің қолынан көптеген моғолдардың жолай қаза тауып, Қара Баһадурдың тұтқындалуына тоқталған.

Қара Баһадурды босатпақ болған Мырза көтерілісшілерге түнде шабуыл жасауға бекінгенін, ақырында өзінің оққағары Шаһ Нәзірдің жебесінен қаза тапқан деп жазған.

Қара Баһадур кім? Әбу-л Фазл Әллами «Аin-с Акбаруде»: «Қара Баһадур Мырза Махмудтың баласы-тын, яғни ол Мырза Хайдардың немере інісі еді» деп жазған. Соған қарағанда, Қара Баһадур Саид Хұсейін Дулатидің баласы болар деп ойлаймыз.

Сонымен Мырза Хайдар 1551 жылы шиашалардың көтерілісі кезінде қаза тапты. Бұл деректерді ол жоғарыда Әбу-л Фазл Әлламиден алған дедік.

Кашмир тарихшысы 1551 жылдың күзіндегі Мырза Хайдарды өлімге ұшыратқан қайғылы оқиғалар жайлы: *«Қолдағы деректерге қарағанда көтерілісшілер Мырзаның мәйітіне құрмет көрсете қоймаған... Одақтастары – кашмирлік сүннитердің өздеріне қарсы аттанбақ болғанын білген олар шегінуге мәжбүр болды. Әйтсе де олар Мырза Хайдардың жұрағаттарынан өш алмай қоймады... Фиришта ол туралы ештеңе айтпаған. Мәлік Хайдар Чадура (Ортағасырлық Кашмир тарихшысы – Ә.Д.) «Мырза Қара Баһадурдың ілесуімен Мырза Хайдардың отбасы мен ұлдарына және басқаларға құрметпен Қашғарға қайтуға рұқсат етілді. Олардың дүние-мүлкіне қол сұғылмады» дегенімен, Чадураның айтқандарына түгелдей сенуге болмайды. Өйткені ол да шиашыл болатын. Жеңіске масаттанып һәм фанатизм жетегінен желіккен чактар өздерін адамгершілік әдебіне сай ұстай алмады»,– дейді. Бұл жолдарды ол ортағасырлық Кашмир шежіресі Мәлік Хайдар Чадура жазбаларынан алған.*

Суфи Мырза Хайдардың қазасы жайлы тағы бір деректі ұсынған.

Бұл ретте де ол Мәлік Хайдар Чадура жазбаларына сүйенген. *«Мырза Хайдар қамал қақпасына кіре бергенде Камал Дули (дұрысы Камал Дуби) оған кедергі келтірді. Мырза Хайдардың жергілікті Кашмир тілін білмеуі шешуші рөл атқарды. Дуби Мырза Хайдардың шетел ақцентімен сөйлегеніне қарап, оны жансыз санап, балтамен шауып өлтірді» дейді. Әйтсе де Мырза Хайдар денесінде балтаның емес, садақ жебесінің ғана ізі қалған. Меніңше, қою қара түнде Шаһ Назар өз иесін қателікпен өлтіріп алды. Ней Элиас Мырза Хайдар Джелам өзені жағасындағы Барамула деген жерде қаза тапты деген. Бірақ шындығында Мырза Хайдар ескі могол жолындағы Ханпура деген жерде қаза тапқан. Ханпура – кішкентай қыстақ. Онда қазір 100-ге жуық қана кісі тұрады. Ол Сринагардан 12 милл жерде».*

Суфидің бұл айтқандары менің Мырза Хайдар қазасына байланысты зерттеулеріммен сәйкес. Мен Мырза Хайдардың қаза табу себебін, оған дәлелдер іздеп талай деректерді көтергенмін.

Сұлтандар қабірстандағы Мырза Хайдар зиратының жанында бір ересек және жас балаларға қойылған құлпытастар бар. Оларды біз Мырза Хайдардың жанұясы зиратының құлпытастары деп ойлаймыз, яғни оның жанұясы түгелдей өлтірілген.

Кашмирге барған сайын Кашмир тарихшысы Суфи Мырзаны сұрастырдым. Оған қоятын бірнеше сұрағым бар еді. Әсіресе Мырза Хайдардың жанұясының тағдыры мені осы күнге дейін толғандырады. Ұлы тарихшы зиратының жанына жерленген бір үлкен, бірнеше жасөспірімге қойылған құлпытастар кімдікі? Жанұясының ұлы баба қазасының кебін кигені рас па? Жоқ, олар аман-есен Мәлік Хайдар Чадура жазғандай Қашғарға кетті ме? Бұл мәселелердің басы ашылып жауап табылғанша, мені мазаландыра бермек.

Кашмирліктер Суфидің қайда тұратынын айта алмады. Біреулер Пәкстанға көшіп кеткен десе, баз біреулері оны жоққа шығарды.

Һумаюн 1555 жылы Үндістанда қалып, ирандық әскерлердің күшімен тағын тартып алғанмен, арада бір-ақ жыл өткенде өзі тұрған Делидегі Пурана Қила қамалы (сарайындағы) мұнара іспетті кітапханасының баспалдағынан асығыс түсіп келе жатқанда, көйлегінің етегіне шалынып құлап, қайтыс болған.

Мырза Хайдар жайлы бұл дүниемізде Мұхаммед Захир ад-Дин Бабыр мен оның ұлдары жайлы да қайта-қайта айттық. Осы күндері Үндістанға, оның астанасы Делиге, Нью-Делиге саяхаттап баратындарға айтарымыз, сіздер ондағы Һумаюнның сәулеттік жағынан керемет кесенесі мен 1555–1556 жылдары патша мекен еткен тарихи сарайын, Делидегі Бабыр салдырған Жами мешітті міндетті түрде барып көріңіздер.

Тағы да Мырза Хайдарға оралайын. Мырза Хайдардың «Мазар-и салатинде» жерленгенін ортағасырлық және біздің заманымыздың тарихшылары да айтады. Үндістанға барған сайын Мырза Хайдардың басына қойылған құлпытастың қайта-қайта бүліне беретінін байқап жүрмін. Сол себепті Қазақстан Үндістан немесе Кашмир үкіметімен келісе отырып, батыр баба басына кесене салса жөн болар еді.

\* \* \*

Мұхаммед Хайдар Дулати жайлы кейінгі жылдары Үндістанда бірнеше зерттеу жарыққа шықты. Бұл ретте мен профессор Р.К. Пармудің «History of Muslim Rule in Kashmir. 1320–1819. Delhi – Bombay. 1969» атты еңбегін және делилік тарихшы, профессор Мансура Хайдарды ерекше атар едім. Соңғы ғалымның 2002 жылы Делиде «Mirza Naidar Dughlat as depicted in Persian sources» атты ағылшын тіліндегі зерттеуі шықты. Онда ол Мырза Хайдар жайлы парсы тілінде ортағасырларда жазылған, көпшілігі жарияланбаған дүниелерді түрлі кітапханалар мен қолжазба қорларынан тауып, ағылшын тіліне аударып, оқырманмен таныстырды. Ол менің ұйымдастыруыммен орыс тіліне тәржімаланып, алғы сөзіммен 2010 жылы Алматыда басылды.

2007 жылы «Қазақфильмнің» түсіру тобы Дели, Каннаудж, Агра, Сринагарға барып, Мұхаммед Хайдар жайлы деректі фильм түсірді. Мен ғылыми кеңесшісі болдым. Фильмді Қазақстан халқы жақсы қабылдады. Ол Қазақстанның көптеген телеарналарында көрсетілді.

Нью-Делидегі Қазақстан елшілігінде профессор Мансура Хайдармен болған сұхбатқа назар аударайын:

«Ортағасырлық Кашмирдің саяси және мәдени өміріндегі М.Х. Дулатидің атқарған рөлі туралы сөз қозғағанда, оның тұлғасының тарихта алатын орны мен асқақ қағидаттарға шексіз берілгендігін ең әуелі ерекше атап өткім келеді», – деді Мансура Хайдар.

«М.Х. Дулати кішкентайынан әкесіз қалып, Бабыр және оның серіктестерімен Орталық Азиядан Үндістанға бірге барды, тек оған тән көңілінің кеңдігімен, осы көне жер мен оның халқына деген ризашылығы мәңгілік болды.

Һумаюн билеген замандағы тарихи жағдайдың күрделілігіне қарамастан, М.Х. Дулатидің Қашғарда, кейіннен Кашмирде өз патшасының мүддесін бар пейілімен қорғап бақты.

Сарбаздарының артында қалған жесірлеріне пана, демеу болуы М.Х. Дулатидің

адалдығы және адамгершілігінің молдығының куәсі. Сол үшін Кашмир тұрғындары оған ізет білдіріп, шынайы сүйіспеншілік пен құрметке бөледі.

М.Х. Дулатидің парасатты басшылығының арқасында, осы кездері Кашмирде ғылым мен қолөнер дамып, сауда-саттық өркендеп, ауылшаруашылығы өрби түсті. Мәселен, сол кездегі аса бағалы ауылшаруашылық дақылы болған запырангүл өнімі екі, кейін үш есеге өсті.

М.Х. Дулати сәулетшілерді де желеп-жебеді. Оның тұсында сәулет біршама өркендеді. Көптеген сәулет кешендері пайда болды.

М.Х. Дулатидің бірталай поэзиялық мұрасы – оның рухани асқақтығының, өнегелік және діни құндылықтарының, болмысы тектілігінің айнасы.

М.Х. Дулатидің тарихнамаға қалдырған үлесін баға жетпес деуге болады. Алғашқылардың бірі болып, қасиетті Құранды ол тек ислам қағидаларының тізбегі ғана емес, сондай-ақ 2/3 шынайы тарихи оқиғалардан құрылған тарихи ескерткіш ретінде таныды.

Оның моңғол және моғол әулеттерінің тарихи ғұмырнамалары туралы тарихи еңбегінің маңызын айтып тауысу қиын. М.Х. Дулатидің осы еңбектері моңғол және моғол әулеттері билеушілерінің қиын кезеңдері туралы мазмұндаудағы аналитикасы, нақтылығы, ықшамдылығы, даналығы және шынайылығымен ерекшеленеді. Ұлықбектің осыған ұқсас еңбектері жоғалып кеткен, ал Шыңғысханның өмірбаянын анық деуге болмайды, өйткені олар көбіне қытай және ағылшын тіліндегі аудармалардың компиляциясы. Ал М.Х. Дулатидің еңбектерінде Махмұд хан мен Ахмет хан билеген кезеңдерге сыни тұрғыдан баға берілген. Сол кездің өзінде, ол билеуші патшалар құзырындағы азаматтардың жауапкершілігі, борышы мен олардың мақсатын атап көрсеткен. Оның еңбектерінде сол кездегі ішкі саясат, сарай ішіндегі әзәзілдік, әулетаралық неке элементтеріне сыни тұрғыдан басқаша көзқарасын білдірген. Мысалы, Бабыр хан қарындасының тұрмысқа шығуы. Оның нақты деректі және ықшам еңбектері Темір әулеті туралы білімімізді әлдеқайда кеңейте түседі. Заманының күрделілігіне қарамастан, М.Х. Дулати өз еңбектерінде ортағасырлық Үндістандағы сөз бостандығын, дін және діни сенім еркіндігін және басқа да бостандықтардың рухын көрсете білген. Оның сол кездегі Үндістан және онымен іргелес өңірлер туралы очерктерінің орны бөлек. Оған Қашғар, Хотан, Кочин және сол заманның дәстүрлері мен тұрмысын көрсететін көптеген басқа да тарихи суреттемелер кіреді. Одан тараған ұрпақтарына М.Х. Дулатидің тұлғасы мен тарихи қызметін әлемге жайып көрсету қажет. Қашғарды билеген кезеңдегі оның поэзиясының құндылығы айрықша.

Сондықтан, ең алдымен, М.Х. Дулатидің тақуа, турашыл және күрескер ретінде бейнеленген поэзиялық мұрасын жария етуді ұсынамын. Екіншіден, М.Х. Дулатидің жеке басы енгізген тарихи-мәдени және гуманитарлық үлесіне көп көңіл бөлу керек. Оған өзі бас болып негізін салған керемет бақтар мен қала құрылысы, сондай-ақ фортификациялық құрылыстар да, каллиграфия және басқа да көптеген дүниелер жатады.

Өз күзеті ағаттықпен атып тастады делінетін М.Х. Дулатидің жазатайым қазасы туралы дерек ақиқатына әлі жеткен жоқ. Ол қаншалықты рас?

Осыған байланысты, дәріптелмей бақиға аттанып кеткен, тамаша да ұлы адам,



М.Х. Дулатидің ғұмырлы мұрасын, өмірі мен қазасынан кейін араға ғасырлар салып, құжаттық тұрғыдан алғаш рет жан бітіруге талаптанған Қазақ үкіметі әрекетінің маңызы зор деп есептеймін.

М.Х. Дулати және оның заманы туралы тарихты жаңғырту – бәрімізге ортақ борыш» деді Мансура Хайдар ханым.

М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті 1997 жылдан бері жыл аралатып Таразда «М.Х. Дулати халықаралық оқуларын» өткізіп келеді. Оған достас Кашмир өлкесінің де ғалымдары қатысып отырса игі іс болар еді.

2015 жылы республикамыз тұңғыш Қазақ хандығының құрылғанына 550 жыл толуын кеңінен атап өтті. 550 жыл дегенде Қазақстан ғалымдары Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарих-и Рашидиіндегі» тарихи жазба деректеріне сүйенді.

Қазақстан 1991 жылы тәуелсіздігін алғалы М.Х. Дулатидің өмірі мен шығармашылығына көп көңіл бөліп келеді. Алматы, Астана және Қазақстанның көптеген қалаларында М.Х. Дулатиге көшелердің аты берілген.

М.Х. Дулати әлем ғалымдарының назарында. Оған Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Түркіменстан, Әзербайжан, Ауғанстан, Иран, Түркия ғалымдары өз зерттеулерін арнады.

М.Х. Дулатидің «Тарих-и Рашидиі» АҚШ, Қытай, Үндістан, Ұлыбритания, Қазақстан, Иран, Өзбекстан, Түркия секілді және т.б. елдердің мемлекеттік тілдеріне аударылып, жарыққа шықты. Ол жұрттардың және өзге де елдердің халқы М.Х. Дулатиге үлкен тарихшы, ғалым, ақын, мемлекет қайраткері ретінде құрметпен қарайды.

Соңғы жылдары «Тарих-и Рашидиі» Қазақстан мен Өзбекстанда бірнеше рет басылды, яғни жұрт оған және оның еңбектеріне үлкен қызығушылық танытып, құрметпен қарап отыр. М.Х. Дулатидің «Жаһан наме» поэмасы да Қазақстан және Өзбекстанда бірнеше рет басылды.

Қазақстан мен Үнді елінің достық қарым-қатынасы тарихының тамыры тереңде. Біздің саяси, мәдени байланыстарымыз ешқашан үзілген емес.

Қазақ халқы Кашмирге де үнемі құрметпен қарап келеді. Бұл ретте М.Х. Дулати Қазақстан мен Үндістан, Қазақстан мен Кашмир арасындағы алтын көпір болып отыр.

Қазір Қазақстанның бірқатар оқу орындарында кашмирлік жастар жоғары білім алуда. Олар қазақ елі үшін дән риза. Оларды Қазақстанның Кашмирге ұқсас табиғаты ғана емес, қазақ халқының кашмирліктерге сый-құрметпен қарайтыны да ұнайды.

1957 жылы Үндістан Президенті Джавахарлал Неру қызы Индира Гандимен Алматыға келіп, ұшақтан түскенде Дж.Неру: «Мынау біздің Кашмир ғой» деген екен. Иә, біздің достығымыз, достық сыйластығымыз мәңгілік болсын.

### **3.4. М.Х. Дулатидің ізімен Кашмирге төртінші ғылыми және мәдени экспедиция**

Тараздан профессор Сәмен Құлбарақ мырза телефон соғып, Қазақстанның Үндістандағы төтенше және өкілетті елшісі Болат Сәрсенбаев мырзадан Кашмирдегі



«Мазар-и салатиндегі» («Сұлтандар мазарындағы») Мұхаммед Хайдар Дулати (1499–1551) зиратын Үндістан тарапы жөндеп, ретке келтіргенін, соған байланысты оны ресми түрде ашуға М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті де қатысса деген ұсыныс түскенін хабарлады.

Тараз университеті көрнекті мемлекет қайраткері, тарихшы ғалым, ақын Мұхаммед Хайдар Дулати атын алып, онда ғылыми-зерттеу орталығы ашылғалы академик Әлкей Марғұлан айтқандай, қазақтың тұңғыш тарихшысының өмірі мен шығармашылық тұлғасын зерттейтін бірден-бір орталыққа айналды. Онда екі жылда бір рет Мұхаммед Хайдар Дулати оқулары өткізіліп тұрады. Оқуларда тек Қазақстан ғана емес, Орталық Азия елдерінің тарихшы, әдебиетші ғалымдары да бас қосып жүр. Материалдары жеке жинақ болып жариялануда.

Университет ректоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Махметқали Сарыбеков мырзаның білім ордасына жанадан қабылданған студенттерге тарихшы, ойшылдың өмірі мен шығармашылығын сөз ететін лекция оқуы да дәстүрге айналды.

2017 жылдың күзінде Орталыққа жарты жүктемемен мен де профессор етіп қабылданған болатынмын. Өйткені Орталық жұмысы баяулап қалуына байланысты, осы істі қарқындатуға қолғабыс тигізсе деген ниет болса керек. Сонымен Сәмен Құлбарақ мырза айтқандай, университет ректоры, профессор Махметқали Нұрғалиұлы мырзаға өз ойларымды айтып төмендегідей хат жібердім.

*Құрметті Махметқали Нұрғалиұлы!*

*2017 жылдың 15 қарашасында университеттеріңіздегі М.Х. Дулати атындағы ғылыми-зерттеу Орталығының директоры Сәмен Құлбарақ мырза сіздің тапсырмаңыз бойынша хабарласты. Соған байланысты төмендегідей ой-пікіріммен бөліскенді жөн көрдім.*

*Делидегі елшілігіміздің ұйымдастыруымен Каширдегі М.Х. Дулати зиратының жөнге келтірілгені дұрыс болған. Сол себепті оны салтанатпен ашу, Кашир университетінде бірлескен халықаралық конференция өткізуді де орынды іс санаймыз. Мен «М.Х. Дулати Кашир тарихында» атты баяндама жасауға дайынмын.*

*Елшілік пен Кашир университеті басшылығына төмендегідей ұсыныс жасалса:*

- Қазақстан делегациясы Сринагардағы М.Х. Дулати жерленген «Мазар-и салатинге («Сұлтандар мазарына»))» барғанда онда ғалым баба рухына құран оқылса;*
- Кашир университетінде бірлескен халықаралық конференция өткізілсе (мен өз тақырыбымды көрсеттім); Конференцияға «Мұхаммед Хайдар Дулати – Үндістан мен Қазақстан арасындағы алтын көпір» деген тақырып қоюға болар еді.*
- Делегация Каширдің орталық өлкелік мұражайына барса;*
- М.Х. Дулатидің резиденциясы болған Каширдегі Андаркөл-Индракотқа зиярат жасалса;*
- Сринагар маңындағы М.Х. Дулати қаза тапқан жерді де барып көрсе. Егер*

кашмирліктер ол жерді білмейтін болса, онда мен өзіммен бірге оның қайда екені жазылған тарихи мағлұматты ала барамын. Ол қазіргі Сринагар әуежайына жақын маңда;

– Елшілік Үндістанның, Каширдің Премьер-Министрі, оқу, ғылым, білім министрі, Кашир университеті ректорының ресми қабылдауын ұйымдастырса.

### **Нью-Делидегі Қазақстан елшілігіне ұсыныс**

1. Делегацияның Үндістанның патшасы болған Нью-Делидегі Гұмаюнның кесенесіне;

2. Делидегі Бабыр салдырған орталық тарихи мешітке;

3. Гұмаюнның резиденциясы болған «Пурана қилага»;

4. Делидегі Қызыл қамалға;

5. Делидегі Бабыр және оның ұрпақтары салдырған өзге де сәулеттік маңызы бар ескерткіштерге баруы жоспарланса;

6. Нью-Делидегі Абай ескерткішіне гүл қою;

7. Нью-Делиде (елшілікте) М.Х. Дулатидің Үндістандағы зерттеушісі профессор Мансура Хайдармен ұшырасып, сұхбаттасу;

– Нью-Дели шетіндегі тарихи Тұлғақабат қалашығына; ондағы имам Замин Түркістанидың кесенесіне зиярат жоспарланса;

– Үндістан астанасына барған соң, Дели мен оның тарихи жерлерін көруге 1 күн керектігі ескерілсе;

– Сринагардан Делиге қайтқанда да Нью-Делиде бір күн болуы қаперде болса; Нью-Дели кітап дүкендерінен М.Х. Дулати орталығына қажет кітаптарды іздеу, алу қажеттігі жадымызда болса;

– Делиден 180 шақырым Аградағы «Тәж Махалға» зиярат жасау да ескерілсе;

– Егер қажет болса делегацияның Джавахарлал Неру, Дели университеттерінде кездесуі ұйымдастырылса.

Делиде, Каширде елшіліктің, Кашир аймағы мен университет басшылығына халқымыздың салтымен жақсы шапан жабуды да ұмытпағанымыз дұрыс.

Басқа да ұсыныстар болса, тағы да хатпен жіберермін.

Бұл ілуде бір болатын маңызы зор экспедиция болғандықтан, делегацияның барлық жұмысын суретке, видеоға түсіру жағы да ескерілуі тиіс. Егер делегациямен ондай мамандар алып бару қиын болса, онда оларды елшілігіміздің ұйымдастыруымен Делиден де табуға болады.

Құрметпен Әбсаттар Дербісәлі.

Қазақстанда бұрындары азын-аулақ тарихшылар болмаса жалпы жұрт Мұхаммед Хайдар Дулатиді біле бермейтін. Өзбек ғалымдары 1996 жылы Ақсақ Темірдің туғанына 660 жыл толуына байланысты Мұхаммед Хайдардың «Тарих-и Рашидин», мен 2007 жылы «Жаһан наме» поэмасын Қазақстанда шығарғаннан бері жұрт қазір оны әжептәуір біліп қалды.

Мырза Мұхаммед Хайдар Дулати – көрнекті мемлекет қайраткері, әскери

қолбасшы, тарихшы ғалым, ақын. Ол XVI ғасырда ғұмыр кешті. Өмірінің көпшілік бөлігі Орта Азия мен Шығыс Түркістан, Тибет пен Үндістан елдерінде өтті. 1540–1551 жылдары Кашмирдің жеке-дара билеушісі болды.

Ол – Орта Азия халықтарының тарихы, этнографиясы мен географиясы, тілі мен әдебиеті, мәдениеті жайын сөз ететін «Тарих-и Рашиди» және «Жаһан наме» атты классикалық шығармалардың авторы. Ақындық та мәдениеті жоғары ғалым баба нені сөз етсе де, нендей жайтты суреттесе де оған азаматтық көзбен қарап, шындық тұрғысынан келуге тырысқан.

Сонымен жоғарыда айтылғандай, алдын ала дайындықтан кейін 2018 жылдың 23 қаңтары күні Алматыдан Делиге ұшып шығып, 4 сағаттан кейін Үндістан астанасындағы Индира Ганди әуежайына қондық. Бұл менің Үндістанға жасалған алтыншы сапарым екен. Соңғы рет 2008 жылы Делиде өткен халықаралық конференцияға қатысқан едім. Содан Алла тағала нәсіп етіп, он жылдан соң мұнда тағы да келіп отырғаным.

Әуежайда бізді Елшіліктің жауапты қызметкерлері қарсы алды. Делиде жаңбыр сіркіреп тұр. Жалпы Үндістанда жаңбыр маусым, шілде, тамыз айларында ғана жауады деседі. Мен мұнда бұрындары желтоқсан, қаңтар айларында келетінмін. Онда күн жарқырап тұрушы еді. Дели бұл жолы бізді жаңбыр төге қарсы алды. Сәлден соң машиналарға бөліне жайғасып қалаға тарттық. «Умрао» атты қонақүйге келіп түстік. Түскі астан соң елшілікке бардық. Елшіміз Болат Серғазыұлы Сәрсенбаев деген азамат екен. Бұған дейін ол Қазақстанның Иорданиядағы елшісі болған. Жақсы қарсы алды.

Делиге біз 9 кісі болып келдік. Менен басқалар: Тараз университетінің ректоры Махметқали Нұрғалиұлы Сарыбеков жұбайымен, Дулати университетінің Дулати ғылыми-зерттеу Орталығының директоры, профессор Сәмен Құлбарак және ағылшын тілінің маманы, тәржімашы. Делегацияда сондай-ақ оқу орнының «Мәдениет және өнер» кафедрасының меңгерушісі профессор Айгүл Қабиева ханым бастаған бірнеше студент те болды. Мақсат – тек ғалымдар ғана емес, сондай-ақ Мұхаммед Хайдар Дулати жұртының бүгінгі ұрпағы қазақ халқының әндері мен күйлері, биін орындап, үнділіктерді, кашмирліктерді өнерімен де таныстыру. Делегация үнді жұртына осындай игі мақсаттарды мұрат етіп жолға шығып еді.

Делегация ішінен елші мырза Махметқали екеуімізді қабылдады. Әңгіме барысында ол мені жақсы білетіндігін байқатты. Әл-Фараби атындағы ҚазМУ-де проректор кезіңізде жолыққаным бар деді. Сонымен елшімен бір сағаттай сұхбаттастық. Осыдан бірнеше ай бұрын Болат Серғазыұлы Махметқали Сарыбековке төмендегідей хат жібергенінен хабардар едім.

*«Соңғы кездері Қазақстан–Үндістан арасындағы мәдени-гуманитариялық салаларда өзара ынтымақтастық қарышты даму үстінде екендігін хабарлаймыз.*

*2015 жылы 16–19 қарашада кезекті іс-сапармен ҮР Джамму мен Кашмир штатына барып, онда штат губернаторы Н.Вохрамен және Кашмир университетінің ректоры, профессор Х.Андрабимен кездесулер өткіздім. Кездесу барысында белгілі тарихшы, қоғам қайраткері Мұхаммед Хайдар Дулатидің өмірбаянын айтып, оның қабірінің бұзылуы себебінен, оған жөндеу жұмыстарын жүргізу жөнінде ұсыныс енгіздім. Осындай тарихи нысандарға бақылау орнатып, жөндеу жұмыстарын жүргізетін Үндістанның «Археологиялық шолу» (Archaeological Survey) атты*

ұйымының директоры Р.Тиваримен де кездесулер өткізіп, жөндеу жұмыстарын қолға алуын сұрадым.

Аталған кездесулердің нәтижесінде үнді тарапы М.Х. Дулатидің қабіріне жөндеу жұмыстарын жүргізуді бастағанын мәлімдеді. Қабірінің жанына қазақ, ағылшын және урду тілдерінде М.Х. Дулатидің өмірі мен қызметін баяндайтын ақпараттық тақта (информационная табличка) орнату жөнінде үнді тарапымен шешімге келдік. Осыған орай сол тақтаға жазылатын мәтінді жіберуді сұраймыз. (Ол кейін жіберілді).

Екіжақты мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықты дамыту барысында өзіңіз басқарып отырған М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті мен Кашир университеті арасындағы 2016 жылы тамыз айында қол қойылған өзара түсіністік меморандумын атап өту керек деген ойдамыз. Жақсы басталған екіжақты ынтымақтастық болашақта серпін алып, үдей түседі деген үміттеміз.

Осы Меморандум шеңберінде Кашир университетінің жанындағы Орталық Азияны тану орталығының қызметкері Билал А.Малик (Bilal A.Malik) көмек көрсетуді сұрайды. Ол «Қазақстандағы дін мен саясат: ұлттық мобилизацияны және ислам белсенділігін зерттеу» (Religion and Politics: A Study of Nationalist Mobilization and Islamic Activism) атты тақырып алып, PhD дәрежесін қорғау мақсатында жұмыс істеуде. Осыған орай, мүмкіндігіне қарай Б.А.Маликті университеттің бір жатақханасына орналастырып, ғылыми жұмысына тиісті көмек берілсе жөн болар еді деген ойдамыз».

Елші Б.Сәрсенбаев

Кашмир қазір Үндістаннан азаттық алу үшін күрес жүргізіп жатыр. 2017 жылы үнді әскерлерімен болған шайқастар мен қақтығыстарда Кашмирде 500-дей адам мерт болған. Осындай күрделі жағдайға қарамай Болат бауырымыз Мұхаммед Хайдар Дулатиге байланысты Кашмирде жоғарыда хатта айтылғандай біраз игілікті істерді жүзеге асырған.

Болаттың айтуынша, «Кашмир халқының кейбірі Мұхаммед Хайдарды біздің елді басып алған деп есептегендерімен, көпшілігі (сунниттер) дұрыс көзқараста көрінеді. Делиге аттанарға бір күн қалғанға дейін Үндістан жағы біздің делегацияға виза беруді кешеуілдетті. Тіпті бір күн қалғанға дейін виза мәселесі шешілмеді. Одан елшілік хабардар болып отырды. Сол себепті Болат мырза Үндістанның Ішкі істер министрінің орынбасарына дейін қоңырау шалған. Визаның кешеуілдете берілуінің бір себебі – делегацияның Кашмирде болғандағы қауіпсіздік мәселесі. Әйтсе де 22 қаңтар күні Қазақстан делегациясының Кашмирге келуіне үнді тарапы рұқсат берді. Сіздер солай қиыншылықпен келдіңіздер» дейді елшіміз.

Елшіліктен шыққаннан соң, күн батқанға дейін Делидің оңтүстігіндегі Үндістанның ежелгі астанасы Туғлақабатты көрдік. Мұнда ортаазиялық түркі текті бабаларымыздың ізі қалған. Онда түрлі ислами жәдігерліктері бар-ды. Құтб минар деп аталып кеткен тарихи қалашықта ортағасырлық ислам қайраткері Имам Замин Түркістанидің (т.ж.б. –1539) кесенесі бар-ды. Ол кезінде Бабырдың Үндістанға ту тігіп, иемденуіне қолынан келгенше көмек көрсеткен. 1539 жылы қайтыс боларының



алдында, көзі тірісінде оған Бабырдың үлкен ұлы, Үндістан билеушісі Хұмаюн (1508–1556) кесене салдырған. Имам Замин 1539 жылы дүние салған соң, сонда жерленген. Ол туралы кезінде мен жазғанмын.

Делидеміз. Таң атты. Күн ашық. Кешегіден гөрі жылылау. Түске таман әуежайға келдік. Сағат 14.00-де «Индиго» әуекомпаниясының ұшағына отырып Кашмирді, яғни оның астанасы Сринагарды бетке алдық. Бір сағат 30 минуттан соң, Гималайдың Пир Панджал жоталарынан астық. Олардың бас жағы қар, етек жағы құрғақ.

Сринагар әуежайына жайлы қондық. Әуежай жаңадан салынған сияқты. Бұрындары ескілеу еді. Қала толы әскерлер. Бізді Кашмирдің ресми кісілері күтіп алды. Соның біреуі өзін Аффан деп таныстырды. Жас жігіт Кашмирдегі Йасауи қорының басшысы екен. Иә, сөйтіп Кашмирде Йасауи қоры да бар екен.

Машиналарға бөліне жайғастық. Алдымыздағы джипте 4–5 автоматшы, артқы машинада да соншама сарбаз күзетіп келеді. Болат Серғазыұлы екеуіміз бір көліктеміз. Көшелер шетінде әрбір 30–50 метр сайын автомат асынған сарбаздар тұр. Кейбір көше қиылыстарына пулеметтер қойылыпты.

Болат Серғазыұлымен әңгімелесіп келеміз. Сринагар майдан шебіндегі қала дейді ол. 2018 жылдың қаңтар айында мұнда 50-ден астам адам оққа ұшқан. Біздің келетіндігімізге байланысты күзет күшейтілген. Әуежайдан шығып сәл жүрген соң, джибіміз тоқтады да, жүргізуші қасында отырған азаматқа көше бойында тұрған бір кісі пистолет берді де, бірдеңе деді. Бұл кім, неге пистолет беріп жатыр деймін елшімізге. Әлгі кісі мына жігітке: «Қауіпті сәт туындай қалса, ата бер»,– деді дейді.

Біз келе жатқан бас көше. Үкімет адамдары да осы көшемен жүретін көрінеді. Сол себепті де күзет күшті. Міне, алдымыздағы Желам (кашмирліктер Жәһлім дейді екен) өзенінен де өте шықтық. Онда су жоқ. Табаны көрініп жатыр. Желам Гималай таулары мұздақтары мен еріген қар суларынан жиналып, қала ортасымен ирелендей ағып, батысқа Пәкстан жақты бетке алады. Суы жазда көкпеңбек боп ағады.

Сонымен ілгері жүріп отырып маған таныс, бұрын да бірнеше рет көрген, Дал көліне де жеттік. Оның шығыс шетін бойлап келеміз. Сәлден соң батыс жағындағы «Кашмир университеті» деген жазуы бар студенттер қалашығына жеттік. Күзетті әрі қарай университет жүзеге асыратын болған соң, сарбаздар осы жерде қалып қойды.

Ректорат алдына келіп тоқтадық. Ішке кірдік. Ректор күтіп отырған залға келдік. Ол жалғыз емес екен. Декандар, кафедра меңгерушілері, студенттер, магистрлер, PhD докторлары жиналыпты. Әңгіме әуелі танысудан басталды. Екі жақ та өз делегация мүшелерін атап шықты. Кашмирліктер негізінен университеттің белгілі ғалымдары болып шықты. Іштерінде физик те, географ та, әдебиетші, тарихшы, биолог, химиктер де бар. Әуелі Тараз бен Кашмир университеттері арасындағы суыңқырап қалған байланысты қайта жалғастыру, алыс-беріс мәселелері талқыланды. Өз ойларымызды ортаға салдық. Мұхаммед Хайдар Дулати атын алып отырған Тараз университетінде қандай мамандықтар бар, олардың қайсысы заманауи екені және т.б. жайттар айтылды. Сұхбат барысында университет басшылары өзара ұсыныстарды қабылдап, әріптестік қатынастарға дайындықтарын білдірісті.

Ұшырасу бірер сағатқа созылды. Университет жанында мешіт те бар екен. Азан шақырылды. Әңгіме осымен біткен соң, университет мейманханасына барып



жайғастық. Бөлмелер салқын. Кашмирде үйлерде от жағылмайды. Біздегідей батареялар жоқ. Тек электрмен жылыту жиһазы ғана бар. Кешке бәріміз бірігіп ас іштік. Кашмирліктердің тағамы Үндістанның өзге де жерлеріндегідей өте ащы. Сондай болса да жүрек жалғағандай болдық.

Елшіміз Болат мырза әңгімешіл. Тарих ғылымының кандидаты ғылыми дәрежесі бар. Көп нәрсе біледі. Астан соң да біраз сұхбат құрдық. Сонан соң демалуға тарқастық. Ертең көп іс күтіп тұр.

Тағы бір таң атты. Күн салқын. Ызғар бар. Терезеден қала жақсы көрінеді екен. Сринагарды қоршап жатқан Гималай таулары мен оның Пир Панджал жоталары менмұнда лап тұр. Қала шетіне жете жығылып жатыр. Жоғарыда университет қалашығы Дал көлінің жағасында дедім. Таңғы шайдан соң жеңіл машиналарға бөліне жайғасып, осы көлдің батысындағы ескі қалашыққа бет алдық. Біз бара жатқан «Мазар-и салатин» Сринагардың ескі махалласында еді. Ұзамай дйттеген жерімізге жеттік. Желам өзенінің жағасындағы «Мазар-и салатин» маған таныс. Мұнда бірнеше рет болғанмын. Қазіргі сапардың алдындағы 2007 жылы жасаған зияратым жайлы Қазақстан мұсылмандар діни басқармасының «Шежіресінде» жазылған. Реті келіп тұрған соң, үшінші жақтан баяндалған сол жолдарға назар аударайын.

*«Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас мүфти Әбсаттар қажы Дербісәлі бастаған Ш.Айманов атындағы «Қазақфильмнің» түсіру тобы (режиссер Қалила Омаров, оператор Мұстафа Өсер) қазақтың тұңғыш тарихшы ғалымы, көрнекті мемлекет қайраткері, әдебиетші, ақын, XVI ғасыр ойшылы Мұхаммед Хайдар Дулати (1499–1551) туралы деректі фильм түсіру мақсатымен Үндістанда болып қайтты. Фильмнің бас кеңесшісі – Әбсаттар қажы Дербісәлі. Топ Делидегі Құтб минар, Тоғлықабад, Пурана қила, Һұмаюн (1508–1556) кесенесі мен Қызыл қамалда болып, М.Х. Дулати болған тарихи, мәдени нысандарды түсірді.*

*Қазақстан елшілігінде М.Х. Дулатидің Үндістандағы үлкен зерттеушісі, тарихшы профессор Мансура Хайдардың ұлы баба жайлы ой-пікірлері таспаға жазылды және 1540 жылы мамырда М.Х. Дулати мен Һұмаюн патшамен Үндістан тағына таласқан ауған текті әмірші Шер Шаһпен (1472–1515) шешуші шайқасы өткен Ганга өзені жағасындағы Канауджеге барып, ұрыс болған жерлерді де фильмге арқау етті. Сонан соң Аградадағы әлемнің жеті кереметінің бірі Бабырдың ұрпағы Шаһ Жаһан (1592–1666) салдырған Тәж Махал мен Агра фордты (қамалды), Сикандрадағы Һұмаюнның ұлы Акбар шаһ (1542–1605) кесенесіне зиярат жасады.*

*Түсіру тобы Мұхаммед Заһир ад-Дин Бабырдың (1483–1530) Дели сұлтаны Ибраһим лодимен (т.ж.б.–1526) Үндістан тағы үшін 1526 жылы кескілескен соғысы болған Панипатқа барып, оны да түсірді.*

*Шығармашылық топ Каширге сапар шегіп, «Мазар-и салатиндегі» («Сұлтандар мазарындағы») М.Х. Дулати зиратында болып, дұға жасады. Оны және Сринагар маңындағы М.Х. Дулатидің резиденциясы – патша сарайы болған Индаркотты тауып, фильмге түсірді.*

*Сондай-ақ түсіру тобы М.Х. Дулати жүрген, тыныстаған Каширдегі Желам өзені бойында да бірқатар түсірілімдер жасады. Кашир университетінде болып,*

оқу орны басшылығымен, ғалымдарымен ұшырасты. Кашир халқы М.Х. Дулатиді, үлкен парасат иесі, ойшылды жақсы білетіндіктерін мәлімдесті. Олардың М.Х. Дулати туралы ой-пікірлері де таспаға жазылды.

Жалпы Үндістан халқы және Кашир жұрты да Мұхаммед Хайдар Дулатиге құрметпен қарайтынын байқатты. Ол өзі патшалық еткен кезде елдің мәдени, рухани өміріне үлкен қамқорлық жасаған. Балалардың түгелдей мектепке тартылуын қадағалаған. Үндістан және Кашир зиялылары екі елдің мәдени және рухани байланысын қалпына келтіріп, жандандыру мәселесін жиі көлденеңдетті.

Бас мүфти Делиде Қазақстан елшілігі еліміздің тәуелсіздік күніне орай ұйымдастырған іс-шараға қатысты. Елшілік тәуелсіздік күніне орай «Көшпенділер» фильмін көрсетті. Одан соң елші Қ.Омаров (қазір Қазақстанның БҰҰ-дағы өкілі) сөз алып, іс-шараға жиналған Үндістанның зиялы қауымы, дипломатиялық корпус һәм шетелдердің осы жұрттағы елшілік қызметкерлеріне Бас мүфтиді таныстырды. Дінбасы қазақ елінің тарихы, әдебиеті мен мәдениеті, ұлттар мен ұлыстар, діни аралық достық, Қазақстан мен Үндістанның сан-салалы достық қарым-қатынасы, өздерінің бұл елге келу мақсаты, атқарған іс-шаралары туралы әңгімеледі, көптеген сұрақтарға жауап берді» деп жазылған.

Сонымен «Мазар-и салатиндегі» зираттар ортасымен өтіп, қабірстанның солтүстік бөлігіне келдік. Ғалым баба зираты шынында да біраз жөнге келтіріліпті.

Мырза Хайдардың зиратына 1551 жылы ол қаза тапқан соң, құлпытас қойылған. Ол тұт ағашының солтүстік жағында, ал оның оңтүстігінде 1822 Ұлыбританияның атбегісі У.Муркрафт (1770–1825) Кашмир сапарында «Мазар-и салатинде» болып, ғалым зиратына екінші құлпытас қойдырған. Онда тағы да бірнеше үлкенді-кішілі құлпытас бар. Мен оларды Мұхаммед Хайдар Дулатидің өлтірілген отбасы мүшелеріне қойылған деп ойлағанмын. Қазір де сол пікірдемін. Оны жоққа шығаратын нақты деректер әлі табылған жоқ. Тас та, ондағы жазулар да біраз ескірген.

Енді осы екі құлпытастағы жазуларға назар аударайық.

Сонымен 1551 жылы қойылған алғашқы құлпытас және ондағы жазулар не дейді? Үлкен тұт ағашының арғы жағында ұзындығы шамамен 1 метр 15 сантиметр, ал көлденеңі 70 сантиметрдей бір көне құлпытас жатыр. Тастың етек жағынан қиғаштай сынған бөлігі жоғалып кетпесін делінгендіктен де, бас жағына тіреуіш етіп қойылыпты. Тастардағы жазуларды қайта-қайта салыстыра қараған соң, бұлардың бір дүние екеніне көзім жетті.

Бірақ онда жазулар көп емес. Тастың жоғарғы үшкілдеу жағына «*Ла илаһа илла Алла Мұхаммадур расул Алла*» (Алладан басқа жаратушы жоқ, Мұхаммед оның елшісі) деген қасиетті жазулар қашалған. Ал құлпытастың жиектеріне Құран шәріптің 2-сүресінің 255-аяты («Аяту-л күрси») үлкен әріптермен өрнектеліпті де, ортасындағы төрт бұрышқа ұлы ғалымның қазасы жайлы астарлай айтылған, жүрекке мұң байлар төмендегі екі бәйіт жазылыпты.

1. *Шаһ гурган Мырза Хайдардың ақырында,  
Шаһидтік патшалығының дабылы соғылды.*
2. *Алланың жазмышы осылай еді,  
Қаза-и илаһиді Тәңірімен қауышу мерзімі болды.*

Екінші бәйіттегі (жолдағы) «*қаза-и илаһи*» деген шартты сөз бұл жерде хронограмма қызметін атқарып, Мырза Хайдардың бақилық болған жылын көрсетіп тұр. Бірақ оны шешуде қазірге дейін ғалымдар арасында мәміле жоқ. Сринагар университеті қолжазба қорындағы «*Баһаристан-и шаһи*» атты ортағасырлық қолжазбада «*қаза-и илаһиді*» һижраның 957 жылы дей отырып, Мырза Хайдар сол мерзімнің зу-л қағда айының 8-де (1550 жылдың 18 қарашасы) өлтірілді деп көрсетілген.

Үндістан ғалымы Р.К.Парму де осы уәжге тоқтайды. Әйтсе де ағылшын оқымыстысы Ней Элиас (1844–1897) пен кашмирлік тарихшы Г.М.Суфи «*қаза-и илаһиді*» керісінше һижраның 958 жылы деп шешкен де, оны 1551 жылға қиыстырған. Ней Элиас тіпті «Тарих-и Рашидидегі» (Лондон басылымы, 1885, 1895 ж.) алғы сөзінде «һижраның 958 жылы 1551 жылдың 9 қаңтарында басталған» деп шегелеп те кеткен.

Осы құлпытастан бір метрдей жерде, парсыша жазулары бар басы да, аяғы да жоқ кішірек тағы бір тас жатыр. Онымен айналысуға уақыт болмады. Мырза Хайдардың құлпытастары табылған соң, оған мән бермегеніме қазір өкінемін. Дегенмен оның реті тағы бір келер деген ой жұбаныш.

Мырза Хайдар зиратының шығыс жағында әшекей өрнек немесе жазуы да жоқ тағы төрт құлпытас бар. Біреуі жасөспірімге қойылған сияқты. Өйткені көлемі шағын.

Сөйтіп барлығы бес құлпытас жатқан бұл жерді кашмирліктер «отбасылық зират» деп атайды екен. Сонда Мырза Хайдар құлпытасынан өзгелері кімдікі? Неге ол «отбасылық» деп аталған?

*1822 жылы қойылған екінші құлпытас және ондағы жазулар.*

Мәрмар тас беті 18 жолға бөлініпті. Соның бәрі жазу. Бірақ кейбір сөздер мен олардың нүктелері өшуге айналған. Сонда да кешке дейін отырып тексті дәптерге көшірдім. Онда:

*«Бұл – бақилық Мырза Хайдар гурган ибн Мұхаммед Хүсейін гурган Жүніс ханның немересі, Бабыр патшаның бөлесі, Жаркент пен Моғолстанның билеушісі Әбу Саид хан ибн Сұлтан Ахмед ханның уәзірі. Ахмед хан аталмыш Жүніс ханның, ал ол Тохлық Темір хан әулетінің, Темір хан Шыңғысхан ұлы Шағатай хан ұрпақтарының бірі. Мырза Хайдар Ұратөбе қаласында даңқты һижраның 905 (1499) жылы туылды. Біраз (жылдан соң) Әбу Саид ханның бұйрығымен Жаркенттен аттанып, Тибетті бағындырған жылы шаъбан айының 4 күні 4000 мың аттылы сарбаздарымен Каширді де өзіне қаратты. Мырза Хайдар Кашир уалаятының билігін Кашир патшасы Мұхаммед шаһқа берді де, сол кезде Тибетте тұрған Әбу Саид ханға қайтып кетті. Хан оған Лхасаны жаулауға өкілдік берді де, өзі Жаркентке бет алды. Мырза жолдай жолдастарынан бөлініп қалды. (Содан) ол ат басын Бадахшанға бұрып, одан әрі Гұмаюн патшаға бару үшін тағы да Үндістанға жол тартты. Патша күйзеліп Иранға бара жатқанда, Мырза һижраның 947 (1540) жылы раджаб айының 20 күні (20 қараша) 450 аттылы сарбаздарымен Лаһордан шығып тағы да Каширді басып алып, оны он жыл биледі.*

*Ол Алланың жазмышымен бір қателік себебінен біреудің қолынан шаһид болды.*

*Мырза Тұран мен Моғолстан және Үндістан елдерінде болды. Ол ұлы адамдармен қызметтес болды. Ол көптеген өнерді (меңгерді) һәм сөз шебері, сосын ержүрек азамат, биік парасат иесі еді. Ол «Тарих-и Рашидидің» авторы.*

*Оның қабіріне Саиид Изатулла ханның ынта-жігері, ағылшын империясының бас атбегі, жоғары мәртебелі Уильям Муркрафттың бұйрығымен бұл қаза тақтасы даңқты һижраның 1238 (1822) жылының жұмада ас-сани айында орнатылды», – деп «Тарих-и Рашидидегі» ғалымның өзі жайлы айтқан деректері жазылған. Десек те осы ретте 3 мәселе туралы айта кету керек.*

1. Мырза Хайдар жайлы зерттеулерде күні бүгінге дейін ол Ташкентте дүниеге келген делініп жүр. Ал құлпытаста оның Ташкентте емес, керісінше Орта Азияның Ферғана мен Самарқан арасындағы ежелгі қалаларының бірі – Ұратөбеде туғандығы көрсетілген. Бұған да құлақ қоюға болады. Өйткені автордың өзі «Тарих-и Рашидиде»: *«Сұлтан Махмұт хан өзінен бір жас үлкен Хұб Нигар ханым атты әпкесін менің әкеме ұзатты. Олардың некесі шамамен һижраның 809 (1493–1494) жылы Шаш (Ташкент) шаһарында қиылды. Некелері қиылған соң, ол Мұхаммед Хұсейінге бүгінде Ұратөбе деген атпен белгілі, бұрынғы Урсушана аймағын беруге жарлық етті... Бұл аймақты әкем тоғыз жыл бойы биледі. Осы мерзім ішінде көптеген оқиғалар болды. Әкемнің билік жүргізе бастағанына 6 жыл өткенде дүниеге мына мен пақыр келіппін», – дейді.*

2. Құлпытаста Мир Саиид Изатулла хан Мырза Хайдарды *«947 жылы раджаб айының 20 күні тағы да Кашмирді... басып алды...»* деп көрсеткен. Бірақ мұнда шамалы ағаттық кеткен. Өйткені Мырза Хайдардың өзі «Тарих-и Рашидиде» Кашмирді... раджаб айының 20-да емес, 22-де алғанын жазған.

3. Мир Саиид Изатулла хан құлпытаста Мырза Хайдардың қай жылы қаза тапқанын көрсетпесе де, оны Кашмирді *«он жыл биледі»* деп жазған. Сонда асыл ердің 1551 жылы емес, 1550 жылы қаза тапқаны ма?!

Зират басында митинг өткіздік. Әуелі марқұмдарға арнап құран оқыдым. Сонан соң елші, одан кейін Махметқали, сонан соң мен сөйледім. Зираттың батыс жағына мемориал тақта қойылыпты. Онда ағылшын-урду тілдерінде төмендегідей жазулар өрнектелген.





Кашмир. Мазари Салатин. Алдыңғы қатардағылар:

Солдан оңға қарай: М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің ректоры, профессор М.Сарыбеков, проф. Әбсаггар қажы Дербісәлі, ҚР Үндістандағы елшісі Болат Серғазыұлы Сәрсенбаев және Кашмирлік ғалымдар. Сринагар қаласы 2018 ж., қаңтар.





Кашмир университетінде өткен халықаралық конференцияда Әбсаттар қажы Дербісәлі баяндама жасауда. Сринагар 2018 ж., қаңтар айы.



Проф. М. Сарыбеков Кашмир университетінің ректоры Хуршид Андраби мырзаның омырауына белгі қадауда. 2018 ж., қаңтар айы.





Кашмир университетіне Қазақстан делегациясы сый-сияпат жасауда. (Ортада Афған Пірзада Йасауи мырза). 2018 ж., қаңтар айы.





Кашмирлік ғалым қазақ ғалымдарына М.Х. Дулати жайлы әңгімелеуде.  
2018 жыл, қаңтар айы



Кашмир конференциясында. 2018 ж., қаңтар айы





Тараздағы М.Х. Дулатиге арналған халықаралық конференцияда. 2018 ж., қазан айы.



Кашмирдегі Дал көліндегі қайықпен саяхат. Суретте проф.Әбсаттар қажы Дербісәлі мен проф. Сәмен Құлбарақ. 2018 ж., қаңтар айы.





Кашмир конференциясындағы сұхбат. 2018 ж., қаңтар айы.



Кашмир конференциясындағы кеңейтілген құрамдағы сұхбат. 2018 ж., қаңтар айы





Қазақстан делегациясы Делиде. 2018ж., қаңтар айы



Үндістан. Агра. Қазақстан делегациясы Тәж Махалда. 2018 ж., қаңтар айы



## Мемориал тақта (ағылшын тілінде) М.Х. Дулати

*Мұхаммед Хайдар ибн Мұхаммед Хұсейін Дулати (1499–1551) түркілердің билік басында болған Дулат тайпасының өкілі – қазақ халқының көрнекті тарихшыларының бірі, ақын, көрнекті әскербасы және белгілі мемлекет қайраткері. Оның ата-бабалары аймақтың Ұлысбегі іспетті жоғары лауазымды билеушілері – тархандар, хан уәзірі және ортағасырлық Моғолстан мемлекетінің ірі саяси иерархия өкілдері болды. Оның құрамына осы күнгі Моғолстан, Қытайдағы Шығыс Түркістан (Шыңжаң – Ұйғыр автономдық районы), Өзбекстан мен Қырғызстан кірді.*

*1544 жылы ол Қашғар хандығының іргетасын қалауға қатысты және 17–18 жыл бойы оның көшбасыларының бірі болды. 1533 жылы Үндістанға келіп, Ұлы Моғолдар сарайында император Іхмаюнның кеңесшісі қызметін атқарды. 1540 жылдан 11 жыл бойы Каширдің әміршісі болды. 1551 жылы қайғылы қазаға ұшырады.*

*М.Х. Дулати қаламынан туған тарихи-мемуарлық «Тарих-и Рашиди» және «Жаһан наме» поэмасы әлем мәдениетінің қазынасына кірді. «Тарих-и Рашиди» – XIV–XVI ғасырлардағы оқиғалар өрнектелген, оның ішінде Қазақ хандығының құрылуы туралы энциклопедиялық үлгіде, түркі тілінде (шағатай диалектісінде) философиялық мәнерде жазылған еңбек. «Жаһан наме» поэмасы таза әрі шынайы махаббатқа арналған.*

*1997 жылдың 3 қарашасында Қазақстан өзінің ұлы перзентінің есімін Тараз мемлекеттік университетіне берді. 1998 жылы 26 тамызда ежелгі Тараз қаласында Мұхаммед Хайдар Дулатидің құрметіне ескерткіш қойылды.*

*1999 жылы М.Х. Дулатидің 500 жылдығы ЮНЕСКО аясында тойланды.*

## Үндістанның археологиялық қызметі, Сринагар бөлімі

Мемориал тақтада Қазақстан үшін өте маңызды төмендегідей жолдар бар. Олар 2015 жылы халықаралық деңгейде кеңінен атап өтілген Қазақ хандығының 550 жылдығының дереккөзі ретінде «Тарих-и Рашидидің» көрсетілуі. 1997 жылы қарашада Қазақстан өзінің ұлы перзентін мәңгілік есте қалдыру үшін Мұхаммед Хайдар Дулатидің атын Тараз мемлекеттік университетіне берді. 1998 жылы 26 тамызда ежелгі Таразда Мұхаммед Хайдар Дулатидің құрметпен аты берілді» деген жазулар.

Үндістан археологиялық қызметі атынан ресми түрде мемориалдық тақта қойылуы енді зират мемлекет карауында болады дегенді білдіреді.

Зират басында елші Болат Сәрсенбаев тебірене сөз сөйледі. Ол әуелі зиратты ретке келтіргендері үшін Үндістан өкіметіне рақмет айтты. Өз сөзінде Мырза Хайдардың ғалымдық жағына да баса көңіл аударды. Сонан соң Махметқали да Мырза Хайдардың қайраткерлігі, өмірін еске ала келе, ғалым ғұмырының ашылмаған жайттерінің әлі де

жетерлік екендігі, қазір өзі басқарып отырған университеттің Мырза Хайдар атымен аталатындығына тоқталды. Сонан соң мен сөйледім. Осыншама игі іс атқарғаны үшін Қазақстанның Үндістандағы елшісіне рақмет айттым. Содан кейін марқұмға құран оқыдым. Осы іс-шара аяқталғанша бір топ автоматшылар бізді қоршап, қорғап тұрды.

Аздан соң «Мазар-и салатиннен» шығу үшін есікке беттедік. Осы жерге қой әкеліп қойған екен. Құрбандық шалдық. Сонан соң машиналарға отырып жүріп кеттік. Жолай «Мазар-и салатиннен» алыс, ежелгі мешіт алдына кеп тоқтадық. Мұнда кезінде Мырза Хайдар да келіп намаз оқып тұрған деседі. Мешіт Амир-и Кабир Әли ас-Сани Саид Али Хамадани атымен аталады екен. Ол жайлы Мырза Хайдар «Тарих-и Рашидидің» «Кашмирдегі ислам дінінің жайы және Кашмирде бұрын билік еткен мұсылман сұлтандар туралы қысқаша әңгіме» атты тарауында «...*Оның заманында Әмір-и Кабир Әли ас-Сани (Саид Әли) әл-Хамадани (1314–1384) деген атпен белгілі (Алла оларды пәк және азиз еткей) осы жерге (Кашмирге) келді*» деп жазған.

Осыдан біршама уақыт бұрын мешіттің біраз жерін өрт шалыпты. Бірақ ол аса көп зиян келтіре қоймапты. Мешіт ғимаратымен танысып шықтық. Біз келгелі Қазақстан делегациясында бұрынғы бас мүфтидің барлығын естіген кашмирлік дін қызметкерлері де бізбен бірге жүрді. Олар шамалы араб тілін біледі екен, мешіттің тарихынан хабардар етуде. Алыстан туған-туысқандары келіп қалғандай жүздерінен қуаныш байқалады.

Университетке қайтып оралдық. Залға жұрт лық толыпты. Бұл жерде мұндай жиындар көп өте бермесі анық. Өйткені елде соғыс жүріп жатыр. Жиналыс өткізіп тұратын шақ емес.

Конференция әуелі Тараз бен Кашмир университеттері ректорларының екі оқу орны арасындағы әріптестік туралы жаңа меморандумға қол қою рәсімімен басталды. Екі жақ та Мұхаммед Хайдар жайлы жақсы сөздер, оңды пікірлер айтты. Сонан соң сый-сияпаттармен алмасты. Кашмирліктердің жүздерінен ризашылық байқалып тұрды. Содан соң Болат Сәрсенбаев та жүрекжарды сөздер легін ағытты.

Конференцияда ректор, профессор Хуршид Иқбал Андраби, одан соң Тариқ Ратхар, Махмуд Ахмад шаһтар өз ойларымен бөлісті. Профессор Сыдық Уахиб проректор екен. Ол университетті Ислами ой-пікір мен технологияны дамытудағы жетістіктер туралы сөз етті.

Ендігі кезек Қазақстан ғалымдарына берілді. Менің баяндамам «Мұхаммед Хайдар Дулати Кашмир тарихына» арналды. Осыдан біраз жыл бұрын Кашмирде болғанымда кітап дүкендерін де аралағанмын. Бірінен Г.М.Суфи деген кашмирлік тарихшының екі томдық «Кашмир тарихы» атты кітабын сатып алған едім. Бірінші томның бір тарауы Мұхаммед Хайдарға арналған. Бізді үндістандық, әсіресе кашмирлік тарихшылардың Мырза Хайдар туралы пікірлері мен ойлары қызықтыратыны белгілі.

Менен кейін университет деканы, профессор М.Ашраф Вани баяндама жасады. Бірақ ол Үндістан ғалымдарының Мұхаммед Хайдар жайлы еңбектерінде айтылған маған белгілі жайттарды қайталаудан аса алмады. Р.К.Пармудың «Үндістан тарихындағы мұсылман патшалары» атты 1990 жылдар басында шыққан монографиясында Мұхаммед Хайдар туралы жақсы материал берілген-ді. Онда Мұхаммед Хайдардың Кашмирге патшалық еткен жылдары жасаған игі істері сөз етілген. Вани де негізінен



соларды айтты. Одан соң Дулати орталығының директоры, профессор Сәмен Құлбарақ мырза М.Х. Дулатидің «Жаһан наме» поэмасының көркемдігі туралы сөз етті.

Осы жерде айта кететін жайт, Махметқали Нұрғалиұлы Кашмирге өзімен бірге Қазақстанның Астана қаласы туралы ағылшын тіліндегі насихаттық 10 минуттық ролик ала келген екен. Кашмирліктер оны қызыға көрді. Оны Тараздағы М.Х. Дулати университеті туралы тағы бір ролик жалғастырды. Тараз университетіндегі факультеттер, пәндер, ұстаздар мен студенттер өмірі, Тараздың табиғаты, қаланың 2000 жылдық тарихы бар екендігі, оқу орнында шетелдіктер де оқып жүргені әдемі де әсерлі баяндалған.

Одан кейін Кашмир университеті жанындағы Азияны зерттеу орталығының ғылыми қызметкері Рафиуддин Махдуми сөз алды. Оны бұрын Алматыда көргенмін. Мен дін қызметінде жүргенде оны Алматыдағы Шоқан Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры профессор Саттар Мажитов ертіп келіп, таныстырғаны бар. Сондай-ақ оны 2007 жылы осы Кашмирде «Қазақфильм» киностудиясының түсіру тобымен болғанымда да көргенмін.

Келесі баяндамашы Гульшан Мажид деген ғалым әйел екен. Ол М.Х. Дулатидің өмірбаянына тоқталды. Өз сөзінде тарихшы ғалымның Ташкентте туғаны жайлы айта келіп, М.Х. Дулатидің Қазақстанға қандай қатысы бар дегендей ой аңғартты ғой деймін. Соған қарағанда ол өзбек ғалымдарының ықпалындағы кісі-ау деген ой келді маған.

Болат Сәрсенбаев ағылшынша оған толық әрі жақсы жауап берді. Ташкентте осы күнге дейін түрлі түркі халықтары тұратынын, бір кездері онда осы күнгі қазақ халқының көп өкілдері күн кешкенін, Ташкенттің тарихи қала екені секілді жайттарды тәптіштей айтты.

Конференция соңында жоғарыда аталған Аффан Пірзаде Йасауи де Мұхаммед Хайдар Дулати жайлы сөз етті. Йасауи демекші, осы конференцияны ұйымдастырушылардың бірі де осы Аффан екен. Ол 30-дан асқан жігіт.

Йасауи дегеніне қарағанда, оның біздің бұрынғы Йасы, қазіргі Түркістан қаласына қатысы бар ма, жоқ па деп сұрадым. Аффан өзінде ата-тегінің шежіресі барлығын, онда олардың Йасы шаһарынан тарайтыны айтылатынын мәлімдеді. Кашмирде Йасауи қорының барына қарағанда, мұнда жүздеген йасауилер тұратын сияқты.

– Ол шежірені көруге бола ма? – деген сұрағыма Аффан мырза оны Қазақстан елшілігінің кеңесшісі Руслан Ахметке бергенін айтты. Руслан: «Қажет болса сізге берейін», – деді. Бірақ бұл жәйтке қайта оралудың сәті түспеді.

Йасауилер дегеннен шығады, араб тілді дереккөздерінен мен Х–ХІХ ғасырларда ғұмыр кешкен йасылық, кейінірек кашмирлік аталған төмендегідей зиялыларды тапқан едім.

- Әбу-л Аббас Ахмед бин Мұхаммед әл-Йасауи (т.ж.б. –1004)
- Шейх Шамс ад-Дин ат-Түркімани әл-Банипати (т.ж.б. –1315)
- Шейх Мырза Камил бин аш-шейх Ахмед бин Малик әл-Йасауи ат-Ташканди (т.ж.б. –1718)
- Шейх Ахмед ибн Мустафа әл-Кашмири (1736–1803)

Шейх Мухаммед бин Мустафа ар-Рафиқи әл-Кашмири (1740–1804)

Шейх Тайиб бин Ахмед ар Рафиқи (1679–қ.б.ж.б.)

Маулана Абд Алла әл-Кашмири (т.ж.б.–1757)

Бұлар Аффан сияқты осы күнгі кашмирлік, арғы тегі йасылық-түркістандық Йасауилердің ата-бабалары болуы бек мүмкін.

Осы жерде тағы бір айта кетерлік жайт, Аффан Йасауи мырза маған Қожа Ахмет Йасауидың «Диуани хикметінің» ағылшын тіліндегі нұсқасын көрсетті. Ішіне оны шығарушылар болса керек, бірнеше кісінің суреті беріліпті. Тақия киген Бөкебай атты азаматтың аты аталыпты. Ағылшын тіліндегі «Диуани хикметпен» және оны шығарушылар жайлы толығырақ білуге мүмкіндік болмады.

Кашмирлік зиялылар «бізді исламдандыру үшін Орта Азиядан орта ғасырларда 600-ден астам ата-бабаларыңыз келген» десе, ал делилік ғалымдар «Орта Азиядан мұсылман сопылар Үндістанға моңғол шапқыншыларынан қашып, бас сауғалап келген» дегенін талай рет естігенмін. Қайсысы дұрыс, қайсысы бұрыс екенін, әрине, бір Алла біледі.

Кешірек ақшам намазы алдында хазрет Бал атты тағы бір тарихи мешітті барып көрдік, ол мир хазрет Бұлбұл шаһ атымен аталады екен. Кашмирдің тарихы ғана емес, өзен-көлдері, тау-тастары, табиғаты, діни ахуалы мен дін қайраткерлері, ру-тайпалары туралы құнды деректер қалдырған Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарих-и Рашидиінен» мир хазрет Бұлбұл шаһ жайлы жолдарды кездестірген емес едім. Сонда ол кім деймін мешіт имамына. Ол Бұлбұл шаһ туралы төмендегідей әңгіме айтты.

«Бұлбұл шаһ күні бүгінге дейін Кашмир алқабы тұрғындарының аспанында асқақтауда. Ол іс-әрекеті, мінез-құлқымен жұрт жүрегін жаулап, халықты таза ханиф дінге шақырып, жүректерін монотеизм (бір құдайға ғана сенушілік) нұрына бөлеп, имандылық пен тақуалыққа шақыруда. Жұрт оны «Кашмир бұлбұлы» деп атайды.

Бұлбұл шаһ Сухравардия орденінің өкілі – мәшһүр әулие шаһ Ниғматулла Фариси Ширази мейірімінен көп үміт еткен. Ал ол өз кезегінде Зия ад-Дин ан-Наджиб Абд әл-Қаһирге ниетті, ықыласты болған.

Бұлбұл шаһтың туған қаласы жайлы жұрт арасында әлі күнге дейін ортақ пікір жоқ. Доктор С.Н. Наз оны көне Иранның Тамкастан ауданынан шыққан дейді. Ал бағзы біреулер Хагдаппен байланыстырса, үшіншілері оның түп-тамырын Түркістаннан іздейді. Бұлбұл шаһ Кашмирге ұстазы Молла Ахмедпен бірге келген. Ал біреулер оны мұнда моңғол шапқыншылығынан қашқан мыңдаған босқындармен бірге келген деп болжайды. Тағы біреулер оны Кашмир аңғарына 1324 жылы Ранчан шаһ билігі тұсында келген деп жорамалдайды. Біз де оның Кашмирге келуі Орталық Азияның Хорасан өлкесіндегі Балхтың билеушісі, дәл осы Ранчан шаһ тұсына сәйкес деп есептейміз. Ранчан шаһ ол кездері ақиқат жолын (Құдай жолын) іздеуде еді. Ол өз ізденісінде индуизмнен жауап таба алмады, сондықтан да Бұлбұл шаһқа бет бұрды. Олардың кездесуі әмірші жүрегінде өшпестей із қалдырды. Ол Бұлбұлдың іс-әрекеті, мінез-құлқы арқылы ислам ілім-білімін түсініп, біле алды. Сонан соң осы дінді қабылдады да, Садр ад-Дин деген ат алды. Онымен бірге мыңдаған кашмирлік ислам дініне кірді.

Ранчан шаһ ислам дінін таратуға үлкен үлес қосты. Ол Бұлбұл шаһқа арнап Булбуллинко махалласында Ханаке-е Бұлбұл шаһ атты монастырь салуды бұйырды.

Бірақ ол бүгінгі күнге жеткен жоқ. Біз оны және ол салдырған мешіт пен ғимараттарды кітаптардан ғана білеміз. Зиялылардан (ақсүйектерден) ислам дінін қабылдағандар арасында, сондай-ақ кашмирлік әскербасы Раван Чандра да болды. Ол әулие Биби Лалланы өзіне өкіл қыз етті де, оны болашақта әулие болады деп болжады және оның бұл болжамы шындыққа айналды.

Хазрет Бұлбұл шаһ көрнекті ғалым, ақын, дінтанушы еді. Бұдан басқа ол киелілік және рухани ілім-білімнің де биік шыңына шықты. Ол жүректердегі қараңғылықты сыр ашу және ғажайыптар һәм иман алауымен жарық етті. Әлдеқалай Кашмирде қатты аяз болады, Желам өзені қатып қалады. Жұрт судың жоқтығынан зардап шекті. Бұлбұл шаһтың өзі бастап су іздеді, бірақ қатып қалған Желам өзенінің мұзын жару мүмкін болмады. Ол әуеге қарап: «Жылуымен қарды ерітетін күн қайда?» деді. Оның бұл сөздерінен соң күлімдеп күн шықты, қатып қалған мұз еріп сала берді.

Бұлбұл шаһ керемет және таңғаларлық тұлға еді. Монастырь образы арқылы ол әлемнің орны мен тыныштық жайын жасай алды. Ол жерден бүкіл алқапқа бата мен имандылық сел болып ағылды.

Ол нижраның 7 раджабында (1326) дүниеден өтті» деп әңгімесін аяқтады имам.

Кашмирліктердің айтуына қарағанда, мешіттің салынғанына 60–70 жылдай болған сияқты. Мешіттің өзге де Кашмир мешіттерінен өзгешелігі, онда пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) сақал шәріпі сақтаулы екен. Сөйтіп әңгімелесіп тұрғанда, кенет:

– Кетейік, – деді бізді бастап жүрген университет қызметкері. – Түсі суық белгісіз біреулер жинала бастаған сияқты, кетейік. – Мешіт ішіне кіріп, сәулетімен де танысып үлгермей амалсыз аттанып кеттік.

Осы ретте тағы да айта кетер жайт – біз Кашмирде жүргенімізде Үндістанның Ішкі істер министрінің орынбасары Болат Серғазыұлына бірнеше рет телефон шалып, амандық-есендік туралы сұрап отырды. Бұның да жайдан-жай еместігі өзінен-өзі түсінікті болса керек.

Келесі күні таңертең университет мұражайына бардық. Онда кітапхана да бар екен. Мұражай да, кітапхана да гуманист ақын, ойшыл дана Мұхаммед Иқбал (1877–1938) атында. Ойпырым-ай, Үндістан Пәкстанмен дұрдараз соғыс жағдайында болса да, Кашмир кітапханасы мен мұражайына пәкстандық зиялы, ақын, ойшыл Иқбалдың атын беріпті деп таңғалыстық.

Мұражайдағы Мұхаммед Хайдар Дулатиге арналған бұрышты да көрдік. Оған Дулати жайлы аз-кем мағлұматтар мен Мұхаммед Хайдар бейнеленген кілемше қойылыпты. Оларды, әрине, бұрындары осында болғандарында Тараз университетінің өкілдері берген. Этнология жағына келсек, мұражайда өзбек, тәжік, түркімен халықтарына қатысты мағлұматтар беріліпті де, олардың әрқайсысы жеке-жеке көрсетіліпті. Ал қазақтарға келгенде олар бейнеленген тақтаға Россия (Россия) деп жазылып қойылыпты. Сонда деймін-ау, олар Қазақстанның тәуелсіз ел екенін білмей ме? Жоқ, біледі. Бірақ біздің Ресейдің қолтығына қайта-қайта кіре беретіндігімізден де болар, тәуелсіздігімізге онша сене бермейтін секілді. Неге бұлай дегенімізде, біздің делегация мүшелерінің бірі «өзімізге де сол керек» деп қалды.

Түс қайта жолға шықтық. Кашмирлік достар сәт сапар тілесті. Бізбен бірге әуежайға дейін Афған мырза ілесе жүрді. Дал көлінің солтүстік және шығыс жағын

орай өтіп келеміз. Сәлден соң көліктеріміз тоқтады. Көл жағасында бірнеше қайық тұр. Аффан мырзаның айтуымен қайықшылар бізді қайықтарға отырғызып, көлде серуендетті. Кашмирге бірнеше рет келіп жүріп, Дал көлімен қайықпен жүзбеген екенмін. Көлде қолы бос кездері Мұхаммед Хайдар да балаларын серуендеткен деседі.

Ұзамай ол жерден де аттанып кеттік. Әуежайға бір шақырымдай қалғанда бізді алдымызды кес-кестеген қарулы кісілер тоқтатты. Тексерістен тексеріс басталды. Жүктерімізді түсіріп, магнит белдеуден өткізді. Өзімізді де, үсті-басымызды да мұқият тексерген соң, қайтадан машиналарға жайғасып, ілгері жүрдік.

Кашмир әуежайының жаңадан салынғанын жоғарыда айттым. Онда да бірнеше рет тексерістен өттік. Бүгін жұма. Әуежай қызметкерлерінің бірсыпырасы жұма намазын оқуда. Біткен соң оларды да әуежайға қайта тексеріп кіргізіп жатыр. Әйтеуір қауіпсіздік мәселесі мұнда өте қатаң.

26 қаңтар – Үндістанның тәуелсіздік күні. Бірақ Кашмирден Тәуелсіздікке деген салтанатты, құрметті байқамадық. Таңертең Болат мырза Делидегі салтанатты шеруге қатысу үшін Кашмирден ұшып кеткен. Сағат 16.00 шамасында ұшаққа отырдық. Сонымен сол күні кештетіп Нью-Делиге қайтып оралдық.

Үндістанға кім және қандай мақсатпен келсе де, Аградағы әлемнің жеті кереметінің бірі Тәж Махалды көрмей кетпеуге тырысады. Біз де сол дәстүрді бұзбай, таңертең ерте тұрып жолға дайындалдық.

Таңғы 5-те Аграға, Тәж Махалға бару үшін жолға шықтық. Ерте шыққанымыз – жол ұзақ. Үндістанға келген сайын Аграға осылай жолға таңға жуық шығушы едік. Одан кеш қалсаң кептеліс басталып, Аграға барып қайтқанша күн батады. Аграға дейін жаңадан даңғыл салыныпты, сонымен зымырап келеміз. Тұман. Үндістанда Дели мен Аграда желтоқсан-ақпан айларында әдетте аталмыш жерлерді түске дейін қалың тұман басып тұрады.

Сонымен сәскеге таман Аграға жеттік. Қарақұрым халық. Кесенені көру үшін біз де кезекке тұрдық. Тағы да Кашмирдегідей тексеріс. Ұзамай Тәж Махал ауласының бас қақпасы арқылы ішке өттік. Тәж Махал сол қалпында. Оның тарихы жайлы бұрындары жазғанмын. Сол себепті бұл жолы оған тағы да тоқталмай-ақ қояйын.

Дей тұрғанмен осы Тәж Махалды салдырған Бабырдың бесінші ұрпағы Шаһ Жаһан жайлы айта кетейін. Ол үшін әуелі сөзді Бабырдың ата-тегінен бастау керек.

Әмір Ақсақ Темірдің (1336–1405) ұрпағы Мұхаммед Заһр ад-Дин Бабыр (1483–1530) Мұхаммед Хайдар Дулатидің туған бөлесі. Бабыр атақты билеушінің Жаһангир (1356–1376), Омар шейх (1356–1394), Миран шаһ (1366–1408), Шаһруһ (1377–1477) атты төрт баласының үшіншісі Миран Шаһтан тарайды. Миран шаһтан – Сұлтан Мұхаммед – Сұлтан Әбу Саид – Омар шейх – Мұхаммед Заһр ад-Дин Бабыр – Нұмаюн – Мұхаммед Акбар шаһ – Жаһангир (Салим) шаһ – Шаһ Жаһан (Хұррам) – Шаһ Алам (Баһадүр шаһ) – Жаһангир шаһ – Мұхаммед шаһ (XIX ғ.) болып шығады.

Бабырдың әкесі жоғарыда көрсетілгендей – Омар шейх. Шешесі Жетісудың билеушісі Жүніс хан (т.ж.б. –1487) қыздарының бірі еді, яғни Бабыр мен Мұхаммед Хайдар бөле-тін (Құтлық Нигар ханым – Бабырдың шешесі, Хұб Нигар ханым – Дулатидің анасы).

Бабырды Самарқандағы тағынан айырған Жошы ханның ұрпақтарының бірі



Мұхаммед Шайбани (Шаһибек хан) (1451–1510). Ол Мұхаммед Хайдар Дулатидің әкесі Мұхаммед Хұсейін Дулатиді де қазаға ұшыратты. Бабыр жауынан қашып, Кабулды паналады. Ол жерде де тыныш өмір бола қоймайтынына көзі жеткен соң, 1526–1527 жылдары қазіргі Делидің солтүстігіндегі Панипат деген жерде Дели сұлтаны Ибраһим Лодиді жеңіп, Үндістанды басып алды. Астанасын Дели емес, Агра етті.

Бабыр 1530 жылы қайтыс болған соң, таққа үлкен ұлы Һұмаюн отырды. Одан соң Үндістан билігі Мұхаммед Акбар шаһқа (1542–1605), одан соң Жаһангирге (1569–1627), одан соң Тәж Махал кесенесін салдырған Шаһ Жаһанға (1592–1666) тиді. Мұмтаз Махал ханым Шаһ Жаһанның сүйікті әйелі болатын. Ол он төртінші перзентін босану кезінде қайтыс болды. Шаһ Жаһан сүйікті жұбайына кейінірек әлемнің жеті кереметінің бірі аталған осы Тәж Махал атты кесенені салдырды. Қайтыс болған соң, өзі де сонда қойылды.

Мұхаммед Хайдар 1540 жылы күзде Һұмаюнның рұксаты әрі көмегімен Кашмирге ту тікті. Сонда патшалық етті. 1551 жылы жергілікті тайпалардың көтерілісі кезінде қайғылы жағдайда қаза тапты. Кашмир астанасы Сринагар қаласындағы «Мазар-и салатинде» («Сұлтаннар мазаратына») жерленді. Оның онда жерленгенін мен 1998 жылы Кашмирге арнайы барып тауып, Қазақстан билігіне хабарладым.

Тәж Махал кесенесінің батыс жағында сол кездері салынған мешіт тұр. Бірақ онда саяхатшылар болмаса, намаз оқыла бермейді екен. Бірнеше кісі мешіт ішін сыпырып, тазалап жүр. Оларға садақа бердік. Сонан соң мешіттен шықтық. Аяғымызға бахила киіп, Тәж Махалға кірдік. Гидіміз ауыз жаппай Тәж жайлы әңгімелеп келеді. Біраз уақыт бұрын Тәждің сыртқы мраморына арнайы жасалған лай жағылыпты. Аппақ болмаса да, ғажайып кесене сыртының шамалы тазарғаны байқалады. Енді күмбезі қолға алынбақ. Оған да дайындық жұмыстары жүргізілуде.

Ұзамай Делиді қайта бетке алдық. Тұман сейіліпті. Даңғылмен зымырап келеміз. Жолбасшымыз ҚазМУ-дің кезінде мен ашқан Шығыстану факультетінің үнді-урду тілдері бөлімін бітірген, елшіліктің 2-хатшысы Азат Барбосын. Осында қызметке келгеніне бірнеше жыл болыпты. Елші бір сөзінде бүкіл елшілік қызметкерлері ішінде Руслан Ахмет пен Азат Барбосын ғана һинди тілін біледі деген еді. Азат мақтанышпен: «Мен Әбсаттар ағай ашқан Шығыстану факультетінің түлегімін» дейді. Мұндай сөзге біртүрлі риза болып қалады екенсің.

Руслан Ахмет те тәуелсіздікке дейін менің аспирантым болған. Руслан Ташкент университеті Шығыстану факультетінің урду-һинди тілдері бөлімін тәмамдаған соң, аспирантураға түсіп, Сүлеймен Бақырғанидің сопылық поэзиясын зерттеуді мақсат етті. Еліміз тәуелсіздігін алып, шет елдерде елшіліктеріміз ашыла бастағанда, Сыртқы Істер министрлігі оны қызметке шақырып, Үндістанға дипломатиялық қызметке жіберді. Сөйтіп ол бірде Делиде, ондағы қызметтік мерзімі аяқталғанда Пәкстанға, одан қайтадан Үндістанда қызмет етіп жүр. Өзі имандылық жолын ұстап, намаз да оқиды.

Аградан оралған соң, делегация басшысы Махметқали Сарыбеков Делидегі елшілік қызметкерлеріне дастархан жайып, ризашылық білдіруді жөн санады. Қонақтар «Умраоның» мейрамханасына кешкі 7-ге шақырылды. Оның алдында жоспар бойынша мейманханаға Дели университетінің профессоры Мансура Хайдар ханым баласы екеуі

келді.

Реті келіп тұрған соң, Мансура ханым туралы да айта кетейін. Мен Үндістанда бірнеше рет болғанымды жоғарыда айттым. Сондай бір сапарымда сол кездегі елшіміз (қазір атын ұмытыппын) осы профессормен таныстырды. Ол Орта Азия тарихын зерттеумен айналысады екен. Өзбекстан ғалымдарымен жақсы қарым-қатынаста болған. Ташкентке барып тұрған. Онда бірде лекция оқыса, енді бірде ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысқан. Орыс тілін әжептәуір біледі.

Сөйтіп үнділік тарихшы ханыммен тіл табысып кеттік. 2007 жылы жоғарыда айтылғандай, «Қазақфильмнің» түсіру тобын бастап Үндістанға барғанымда, ол елшілікке келіп Мұхаммед Хайдар жайлы сұхбат берді. Жақсы пікір білдіріп, жүрекжарды сөздерін айтты.

Тағы бірде Таразда өткен Мұхаммед Хайдар Дулатидің өмірі мен шығармашылығына арналған конференцияға қатысып, баяндама жасады. Мұхаммед Хайдар жайлы Үндістанда түсірген фильмімізді көрді.

Келесі жолы Алматыда қазақстандық тарихшы – шығыстанушы К.А.Пищулинаның 70 жылдығына арналған конференцияға қатысты. Сондай-ақ ол 2007 жылы әл-Фараби атындағы ҚазМУ, менің 60 жылдық мерейтойыма арналған іс-шара өткізгенде де Алматыда болды. Сөйтіп арамызда жақсы қарым-қатынас орнады.

2010 жылы ол Үндістанның кітапханалары мен қолжазба қорларындағы парсы, һинди тілдерінде Мұхаммед Хайдар Дулати жайлы орта ғасырларда жазылып, сақталып қалған мұрағат деректерін жинап, оларды ағылшын тіліне аударып, кітап етіп шығарды. Оның ол еңбегін біз орыс тіліне тәржімалаттық (аударғандар Марияш Мәкішева мен Алма Мұртазаева). Кітаптың тұсаукесері Нью-Делиде өтті. Мен делегацияға қосылып Үндістанға аттанар алдында Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлының шақырып қалуына байланысты, Үнді еліне бара алмадым.

Мансура ханыммен соңғы рет Атырауда 2015 жылы Қазақ хандығының құрылғанына 550 жыл толуына байланысты өткен халықаралық конференцияда ұшырастық. Ол 80-ге тақап қалғандықтан, шаршаңқырап қалған екен. Саттар Фазылұлы Мажитов оны қоларбамен алып жүрді.

Міне, содан кейін де біраз жыл өтті. Осы соңғы сапар аясында Нью-Делиде, мейманханада кездесіп отырмыз. Сөйтіп мейманхана залдарының бірінде Мансура ханымды ұлымен қарсы алдық. Сұхбаттастық. Өткен-кеткенді еске алдық. Ханым М.Х. Дулати туралы аталмыш кітабын орыс тіліне аударғанымыз үшін ризашылығын білдірді. Мұхаммед Хайдар жайлы тағы бір зерттеуін бітіріп, Болат Сәрсенбаевқа беріпті. Ғалымның ол дүниесін Болат Серғазыұлы шығарып беруге уәде етіпті. Мансура Хайдар онымен де шектелмей, ортағасырлық тарихшы ғалым баба жайлы тағы бір кітап жазып жатқанын айтты.

Ұзамай әңгімеге Болат Сәрсенбаев келіп қосылды. Біз Кашмир сапарының елшілік көмегімен сәтті өткенін айттық. Махметқали 2018 жылы қазан айында Тараз университетінің 60 жылдық тойы өтетінін мәлімдей келе, ғалым ханымға арнайы шақыру жіберетінін айтты. Ол қатысуға уәде берді. Мансура ханым қартаюына байланысты өзімен бірге баласының да баратынын, соның да шығындарын көтеруді сұрады. Махметқали оның да дұрыс шешілетінін қаперге салды.

Сөйтіп профессор Мансура Хайдар қоштасып кеткеннен кейін, үстел басына тек қазақстандықтар жиналды. Жақсы әңгіме-дүкен құрдық.

Болат Серғазыұлы 2017 жылы Қазақстан–Үндістан қарым-қатынасына 25 жыл толуына байланысты терең мазмұнды, көркем суреттермен безендірілген «Қазақстан–Үндістан қарым-қатынастары: 25 жылдық табысты серіктестік» атты кітап шығарыпты. Соны Махметқали екеуімізге қолтаңбасын жазып сыйлады. Болат Серғазыұлы *«Абсаттар-ага, с уважением дарю эту книгу. В 25-летием сотрудничества Казахстана с Индией есть и Ваш вклад. Булат Сарсенбаев, посол Республики Казахстан в Республике Индия. 27 января 2018 года. Нью-Дели, Индия»* деп жазыпты.

Мен Мұхаммед Хайдар жайлы алғаш рет 1965 жылы «Орта Азия мен Қазақстанның ұлы ғалымдары» атты кітаптан оқыған едім. Дулати деген ныспысына қарап, әйтеуір оның қазаққа қатысы барын ұқтым.

Студенттік жылдары онымен айналысуға мүмкіндік болмады. Тек ҚазМУ-де ұстаздық қызмет етіп жүрген жылдары ғана ол жайлы жазбаша деректер жинауға кірістім. Бірде Мәскеуде М.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінде өткен ТМД елдерінің университет ректорлары конференциясына барғанда, сол оқу орны жанындағы Азия және Африка елдері институтының кітапханасынан үндістандық Р.К.Парму деген ғалымның «Үндістанның мұсылман патшалары» деген кітабын көрдім. Онда М.Х. Дулатиге арнайы тарау арналған екен. Автор М.Х. Дулатидің Кашмирді 1540–1551 жылдары билеген кезде елдің әл-ахуалын, мәдениетін көтергенін айта келе, оның жергілікті халықтың көтерілісі кезінде абайсызда қаза тапқанын әрі сондағы «Мазар-и салатин» мазаратында жерленгенін жазыпты. Бірақ тағы бір деректен оның Қытайдың Шыңжаң өлкесіндегі орта ғасырларда болған Қашғар хандығының астанасы Жаркентте 20 жылдай тұрып, сонда жерленгені жайлы жолдарды да оқығанмын. 1993 жылы қызмет бабымен Шыңжаңның аталмыш қаласында болдым. Бірақ ол жалған болып шықты. Тағы бір деректерде оның Пәкстанның Лаһор қаласында күн кешіп, сонда қайтыс болғаны айтылыпты. 1994 жылы Лаһорда да болдым. Ол да бос сөз екен. Енді жоғарыда айтылғандай, Кашмир дерегін тексеру ғана қалып еді.

1997 жылы ҚР Сыртқы Істер министрі Қ.К.Тоқаевтың шақыруымен Сауд Арабиясы Корольдігінің астанасы Риядта ашылған елшілігімізге дипломатиялық қызметке жіберілдім. Содан сәті келгенде Қасым-Жомарт Кемелұлына хат жаздым. Кашмирге барып М.Х. Дулати жайлы мағлұматтар жинап келуге рұқсат сұрадым. Министр рұқсат берген соң, Делиге келдім. Елшілік көмегімен Делиде Кашмирді жақсы білетін бірнеше ғалыммен кездестім. Олар «Мырза Хайдардың Кашмирде ғұмыр кешкені де, сонда қаза тапқаны да, осы жерде жерленгені де ақиқат. Бірақ зират жоғалып кеткен шығар. Одан бері 500 жыл өтті емес пе...» деген күдіктерін айтты. Шешінген судан тайынбас дегендей, өз көңілім өзімнен қалсын деген оймен орта жолдан қайтпай Кашмирге, Сринагарға барып қайтайын деп шештім. «Мазар-и салатинді» де, онда жерленген М.Х. Дулатидің зиратын да таптым. Риядқа оралған соң, Қазақстанға тиісті мекемелерге ресми хат жібердік. Бірақ отандастарымыз онша сенікпиремеді. Мәселенің мән-жайын өз көздерімен көріп қайтсын деп Үндістанға 8–9 кісіден тұратын арнайы делегация жіберді. Мен қайтадан Делиге келіп, оларды Кашмирге бастап бардым. Зиратты көрдік. Ондағы жазуларды оқыдық. Көзіміз жетті.

Кашмир университетінде бірлескен халықаралық конференция өткіздік. Ол жайлы еліміздің басшыларын да хабардар еттік.

1999 жылы М.Х. Дулатидің туғанына 500 жыл толуына орай Алматыда өткен халықаралық конференцияда бас баяндаманы жасадым.

Дін қызметінде жүргенде, 2002 жылы желтоқсанда Делиде өткен қасиетті Құран жарысына жюри мүшесі ретінде шақырылдым. Сол жолы мені Үндістан президенті Абдулкалам, Оқу, білім, ғылым министрі Абханияр арнайы қабылдап, құрмет көрсетті.

Абдулкалам өз сөзінде бұдан 500 жыл бұрын Кашмирге патшалық еткен батыр, ғалым, ақын бабаңызды іздеп тапқаныңызды біліп, риза болдым десе, Абханияр мырза профессор Мансура ханымның аталмыш кітабын сыйлады. Осылай бірте-бірте Дулати жайлы мағлұматтар молая түсті.

2003 жылы М.Х. Дулатидің «Тарих-и Рашиди» атты асыл мұрасын Ислам Жеменей парсы тілінен қазақ тіліне тәржімалады. Ол менің үлкен алғысыммен жарыққа шықты. Ал мына 2018 жылғы экспедиция Кашмирге жасалған төртінші сапар деп әңгімені бітірдім.

Бұны айтқаным, Болат Серғазыұлы – Қазақстанның Үндістандағы жаңа елшісі. Бұрындары Үнді–Кашмир елдерінің тарихымен айналыспаған. Сондықтан да оған дейін жүргізілген іс-шаралардан хабардар болсын деген ой еді.

Сонымен отырыс жақсы өтті. Елшіміз Болат Сәрсенбаевтың тапсырмасымен Қазақстан делегациясының Үндістанда атқарған іс-шарасы жайлы дайындалған ресми хабарды Малайзия, Қытай, Пәкстан, Ауғанстан, Сингапур секілді елдердің бұқаралық ақпарат құралдары жариялады. Кашмирде М.Х. Дулати зиратының басында түсірілген видеоақпаратты «Хабар 24» телеарнасы көрсетті.

Сөйтіп Кашмирге жасалған төртінші сапар (экспедиция) осылай мазмұнды да нәтижелі өтті.

Дегенмен уақыттың тығыздығынан Делидегі біраз тарихи жерлерде болудың, оларды көрудің реті келмеді.

Келесі күні түске таман Индира Ганди әуежайынан елге, Отанымыз Қазақстанға, Алматыға ұшып шықтық. Айтпақшы, Кашмирден қайтарда Тараз топырағынан әкелінген бір уыс топырақты зиратқа қойдық. Атақты ғалым, көрнекті мемлекет қайраткері, ақын баба зиратынан Таразға да бір уыс топырақ ала қайттық. Топырағың торқа, жатқан жерің жайлы болсын, ұлтымыз ғана емес, түркі жұртының да ардақтысы, қадірлі Мырза Хайдар Дулати баба. Ұрпақтарың сені ұмытпайды. Қолдарынан келгенінше осындай имандылық шараларын атқара береді. Бұл осымен бітті деген сөз емес, М.Х. Дулатидің өмірі мен шығармашылығы жайлы ізденістер мен зерттеулер, оны насихаттау жалғасын таба береді.

Р.С. Кашмир сапарынан соң, шамасы бір айдай өткенде Сринагардан Қазақстанның Үндістандағы елшісі Б.С. Сәрсенбаев пен маған арналған хат келді. Хат авторы Кашмир университеті кітапханасының бұрынғы директоры, бүгінде кітапхананың кітапхана мен информатика бөлімінің қызметкері, доктор Абдул Маджид Баба екен. Онда ол былай жазыпты:

«Қазақстанның Үндістандағы төтенше және өкілетті елшісі доктор Болат



Сәрсенбаев пен профессор Әбсаттар Дербісәліге

Ассалаумауалайкум!

Сіздердің жуырдағы Кашмир сапарларыңыз кезінде Мырза Хайдар Дулатиге арналған конференцияда танысқанымызға бек қуаныштымыз. Біз сіздермен бағдарламада өзара қызметтес бола алатынымыз туралы түрлі мәселелерді талқыладық. Сіз (Әбсаттар Дербісәлі) маған кітаптар тізімін бердіңіз, олардың көпшілігі бізде бар, олар қолжетімді. Сондай-ақ сізді Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарих-и Рашидинің» қолжазбасы қызықтырды. Мен біздің мемлекеттік басқармаға қарасты ғылыми-зерттеу кітапханасынан «Тарих-и Рашиди» қолжазбасының екі нұсқасын таптым. Кейін олардың сипаттамасы, көлемі, беттері жайлы мағлұматтарды жазып жіберемін. Біз сіздермен кездескен кезде өзара талқылағанымыздай Дулатидің өзі немесе ол жайлы жазылған Үндістандағы барлық құжаттарды таба аламыз.

Сіз(дер) Таразда М.Х. Дулатиге арналған конференция өтетіні жайлы айттыңыздар ғой. Онда өзара пікір алмаса алатынымызға байланысты маған аталмыш жиын туралы толығырақ хабарласаңыздар.

Қазақстанның Үндістандағы елшісі Болат Сәрсенбаев пен Тараз университетінің профессоры Махметқали Сарыбеков мырзаларға менен сәлем айтыңыз. Сіз менімен хабарласады деген үміттемін.

Сіздердің сапарларыңыз және Кашмир университетінің ғалымдарымен кездесулеріңіз жайлы мағлұматты (газеттегі мақаланы) қоса жіберіп отырмын.

Құрметпен,

Университет кітапханашысы

Кашмирдің Орталық кітапханасының бұрынғы басшысы

Кітапхана мен информатика бөлімі.

Кашмир университеті

Сринагар, Кашмир.

Тел.: +90–94–1901–42–03

Абдул Маджид Бабаның хатын Қазақстан және Кашмир университеті ғалымдарымен әріптестік, ғылыми, мәдени байланыстың жалғасын таба беретінінің дәлелі деп сенуге әбден болады деп ойлаймын.

\* \* \*

2018 жылдың тамыз айында Қазақстанның Сыртқы істер министрі Қайрат Әбдірахманов Үндістанның Сыртқы істер министрін қабылдау кезінде «Қазақстан Үндістанға биылғы жылдың қаңтар айында Сринагар қаласында танымал тарихшы, мемлекет қайраткері Мұхаммед Хайдар Дулатидің қабірінің қалпына келтірілуіне қолдау білдіргені үшін алғысын білдірді». (Егемен Қазақстан, №147, 6 тамыз 2018 ж.)

Алматы–Дели–Кашмир–Дели–Алматы

## IV ТАРАУ. КАШМИРДЕГІ РУХАНИ ҚАЗЫНА

Кеңестік жылдары Мәскеуде өткен халықаралық конференциялардың бірінде мұсылман елдері мен Еуропа ғалымдары арасында өркениет, мәдениетке байланысты пікірталас болды. Еуропа оқымыстылары «Ислам-араб өркениеті деген бар, бірақ түркі өркениеті, мәдениеті деген жоқ» деп бой бермеді.

Ал біз «Сол ислам өркениетіне түркі халқының да мол үлес қосқанын неге ұмытасыздар? Әсіресе, мауараннаһрлық – ортаазиялық ғалымдардың рөлі ерекше емес пе еді? Әлем мақтаныштары, түркі текті, «Шығыс Аристотелі» атанған Әбу Насыр әл-Фараби, Әбу Райхан әл-Бируни, әл-Бұхари, Низами Гәнжауи, Фузули, Мақтұм-Қули, Махмұд Қашғари, Жүсіп Баласағұни, Әлішер Науаи, Мұхаммед Хайдар Дулати, Ұлықбек, сондай-ақ өзі һәм ұрпақтары Үндістанды 300 жыл билеп, артына мол рухани мұра қалдырған Мұхаммед Заһир ад-Дин Бабыр ше, олар ислам әлемі ғана емес, бүкіл адамзат мақтанышы емес пе?!» дейміз.

Әл-Фараби дегеннен шығады, 60-жылдардың соңында Қазақ КСР ҒА-ның Философия және Құқық институты жанынан әл-Фараби мұрасын зерттейтін Орталық ашылса, 1973 жылы Азия және Африка елдері жазушыларының халықаралық V конференциясы, 1975 жылы Алматыда Әбу Насыр әл-Фарабидің 1100 жылдығы өтті.

1983 жылы атақты Мұхаммед Заһир ад-Дин Бабыр (1483–1530) бабамыздың туғанына 500 жыл толғанда, «Правда» газеті мақала баспады. Десек те осындай ойшыл, даналардың өмірі мен шығармашылығына арналған докторлық, кандидаттық диссертациялар қорғалып жатты.

Осы күндері солардың бәрі 60-жылдардағы жылымық әсерінің ықпалы екен-ау деп ойлаймын.

Қазақ жерінің рухани орталықтары Отырар мен Исфиджаб-Сайрам, Түркістан мен Сауран, Сығнақ пен Женд, Тараз бен Баласағұннан шыққан ғұламаларды зерттеуге деген ықылас, қазақ даласы жұлдыздарының рухани жазба мұрасын зерделеуге деген іңкәрлік мені сол 70-жылдары Солтүстік Африканың батысындағы Марокко, кейін 1985 жылы Туниске жетеледі.

Мароккодан оралған соң, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ден араб бөлімін, соның негізінде 1989 жылы Шығыстану факультетін аштым.

Әйтсе де араб, парсы жұртынан табылған тек әл-Фарабилер мен Сығнақилер, Түркістанилер мен Жендилер, Таразилердің ғылыми мұрасы ғана емес, олардан да басқа ойшылдарымыздың Үндістандағы мұраларын зерттеуге деген ынтызарлық мені Үндістан мен Пәкстанға да жетеледі. Ол жерлердің рухани ордаларынан тек қазақ елі ғана емес, сондай-ақ Орта Азия, яғни мауараннаһрлық та даналарды іздедім. Ақырында олардың қолжазба қорларынан «шаң басып» жатқан дүниелерін таптым.

Жазба жәдігерліктер (қолжазбалар, манускриптер) әдетте мазмұнына қарай діни, философиялық, ғылыми-жаратылыстану, тарихи, әдеби және т.б. болып бөлінеді. Әлемнің түрлі кітапханалары мен қолжазба қорларынан оларды табу, көз майын тауысып зерделеу, бастыру, олармен жұртты таныстыру инемен құдық қазғандай аса қиын да ауыр іс екендігі мәлім. Белгісіз қолжазбалар мен манускриптерді ажыратып

оқу, трактаттарды ашу-анықтау, жариялауға дайындау, оқушыларға таныстыру өткенді қалпына келтіріп қана қоймай, өз халқы және өзге де жұрттың тарихи-мәдени мұрасын зерттеудің жаңа беттерін ашады. Бұл, әрине, игі іс. Сол себепті де Кашмирдің кітапханасы мен мұрағаты, рухани мұрасындағы жазба дүниелерді қарап шыққан соң, осы мақаланы жазуға бел байладым.

Біз жалпы ортағасырлық мауараннаһрлық қана емес, сондай-ақ Орталық Азиялық даналардың бәрін де ортақ игіліктер санауымыз керек деп ойлаймын.

Иә, сонымен өткен ғасырдың 90-жылдарының соңы мен жаңа ғасыр басында қазақ даласынан шыққан ғұламалар мен ойшылдардың жазба мұраларын түрлі елдердің кітапханалары мен қолжазба қорларынан көп іздедім. Тек араб, парсы жұрты ғана емес, сондай-ақ бірнеше рет Үндістанда, әсіресе оның Гималай тауларының арасындағы Кашмир өлкесіне де бардым. Сапарым сәтті болды. Ол жерден түркі халқы һәм қазақ елінің де біртуар азаматы, мақтанышы, тұңғыш тарихшымыз Мұхаммед Хайдар Дулатидің (1499–1551) зиратын таптым. 1999 жылы ЮНЕСКО-ның айтулы мерзімдер іс-шарасына оның 500 жылдық мерейтойы кіргізіліп, Үндістанда ғана емес, өзге де бірқатар елде оны халықаралық ғылыми конференциялармен атап өтті.

Үндістан мен қазақ елінің тарихы, мәдени, әдеби, ғылыми, рухани байланысы тереңде. Игі байланыс үрдісі бұл елмен ешуақытта тоқтаған емес. Орта Азияның көзі ашық, көкірегі ояу талай азаматы ертеден-ақ осы елге барып тұрса, ол жұрттың да ұлдары біздің отанымызға ат басын бұрған. Әсіресе Жібек жолымен ары-бері керуендер алмасу тұрақты болды. Ол күні кешеге дейін жалғасты, Қазақстан тәуелсіздік алған соң да, түрлі сала бойынша барыс-келіс өрістей түсуде.

Осы ретте, екіжақтылы ғылыми, мәдени, рухани байланыстың жөні бөлек. Үндістанның Кашмирін барған сайын осы уалаяттың кіндік қаласы Сринагардағы университет кітапханасында болмай кеткен емеспін. Мені қызықтыратыны, әсіресе орта ғасырларда өмір сүрген Орта Азия – Мауараннаһрлық бабалардың да осы елде болуы мүмкін жазба мұралары.

Университет дегеннен шығады, Үндістандағы Жамму және Кашмир уалаятының бас оқу ордасының іргетасы 1948 жылы қаланған. Арада 21 жыл (1969) өткенде ол Жамму және Сринагар университеттері болып екіге бөлінген. Жамму алып Гималай тауларының оңтүстігіндегі Пир-Панжал жоталарының бергі бетінде болса, ал Сринагар арғы бетінде. Қаланың Хазратбал ауданында, оның шығыс және солтүстік жағы да үлкен көл. Факультеттері бірнеше қабаттан тұратын жеке ғимараттарда.

Университет кітапханасы 1984 жылы Иқбал және 2002 жылы Аллама Иқбал деген атпен қайта құрылған. Әрбір факультет пен ғылыми орталықтардың да өзіндік кітапханалары барлығын айтқан жөн. Олардың қоры жағынан ең үлкені Аллама Иқбал атындағысы. Оның 16 бөлімшесі, бірнеше оқу залы бар. Кітапханалардағы бізді қызықтырғаны, әрине, оның қолжазба қоры. Онда араб, парсы, кашмир, урду тілдерінде үш мыңға жуық қолжазба сақтаулы. 1999 жылы Сринагарда М.Х. Дулатидің туғанына 500 жыл толуына арналған халықаралық конференция кезінде, университет холына ғалым бабаның «Тарих-и Рашидиінің» әлемдегі ең көне қолжазбасы қойылды.

Кітапхананың жарияланымдары мен басылымдары да әжептеуір. Онымен танысу барысында ортаазиялық түркі текті ойшыл бабалардың мұнда біраз құнды

жазба дүниелері барлығына көз жеткіздім. Олар тарих, дін, философия, филология, музыка, тіл, әдебиет, поэзия, суфизм, география, мұсылман заңы (фикһ) салаларын қамтиды. Тек Орта Азия ғана емес, сондай-ақ парсы елінің де Фирдауси, Сағди, Хафиз, әзербайжан жұртының Низами Ганджауи секілді кемеңгерлері еңбектерінің көшірмелері де ұшырасады. Әсіресе, поэзияға байланысты дүниелер жетерлік.

Орталық Азия аймағын зерттеу үшін Кашмир университеті жанынан 1978 жылы Орталық Азияны зерттеу орталығы құрылған. Аймаққа, әрине, Қазақстан да кіреді. Орталық Үндістан мен Орталық Азияның мәдени, ғылыми, тарихи байланысын жеке және бірігіп зерттеуді мақсат еткен. Өйткені Үндістан үкіметі Кашмирді Орталық Азия мен Үндістанды байланыстырып тұрған көпір санайды.

Қазақстан тәуелсіздік алып, Үндістанмен дипломатиялық қатынас орнатқан соң, екі елдің достығының белгісі ретінде Нью-Дели көшелерінің біріне Абайдың, Алматы көшелерінің біріне Гандидың аты берілді. Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты Үндістанмен бірлесіп Делиде және Алматыда бірнеше халықаралық іс-шаралар өткізді.

Кашмир ғалымдары, қоғам қайраткерлерімен түрлі конференция кездері ұшырасып, сұхбаттасу барысында олар: «Кашмир халқының мұсылман болуына Орта Азиядан келген сіздердің 600–700-дей бабаларыңыздың еңбегі зор», – дегенді жиі айтады.

## Тарих

Тарихи шығармалар ішінен, әрине, Мұхаммед Хайдар Дулатидің (1499–1551) «Тарих-и Рашидиінің» қолжазбасы көңіл аударарды. Оның Сринагар университеті кітапханасындағы көшірмесін Кашмир ғалымдары XVI ғасыр соңына жатқызады. Мырза Хайдардың аталмыш еңбегі жалпы Тәжікстан, Иран, Үндістан, Пәкстан және өзге де бірқатар Еуропа елдерінде бар. Соның ішінде Кашмир нұсқасын Мырза Хайдар өмір сүрген кезеңге ең жақынырағы деуге болады.

Мырза Хайдар Кашмирде 1532–1533 және 1540–1551 жылдары екі рет болды. Екі мерзімнің әуелгісінде ол бұл елде бірнеше ай ғана болса, ал екіншісінде мұнда 11 жыл билік құрды.

«Тарих-и Рашидиді» Мырза Хайдар 1542–1546 жылдары дәл осы Кашмирде жазған.

«Кашмир – әлемнің ең мәшһүр қалаларының бірі» деп жазады ғалым баба. Өртүрлі таңғаларлық әрі сирек кездесетін жерлерімен мәлім. Солай бола тұра, оны ешкім білмейді. Бұрынғы авторлардың кітаптарында ол туралы қысқаша жазылған. Шынында да, ондай қысқа мәліметте Кашмир жөнінде дерек мүлдем аз.

Бүгін (һижри) 950 жылдың (1543 ж. сәуір-мамыры) мухаррам айында осы тамаша елдің билеушісі болып отырған кезімде бұл елді барлық жағынан зерттеп білдім. Кашмир жайында жазғанымның бәрі – өзім көріп, куә болған нәрселер. Оның әсемдігінде бір ғажап сәйкестік бар еді. Мен екінші рет Кашмирге келіп, әлі түгелдей оны басып алған



жоқ едім. Оны жаулап алуым және Кашмирге аяқ тіреп, бекем басуымды Құранның сөзіне сай жорамалдадым. Мына аят былай: «Тәңір берген ризықты жендер. Сонан соң шүкірлік етіңдер! Бұл – өте көркем жай. Сендерді жарылқағыш Алла тағала», – дейді.

Кашмир жазығы Бакани [оңтүстік-батыс] жағынан, яғни оңтүстік және шығыс Мачин орналасқан жақтан, Рикан Баинға [солтүстік-шығысқа] қарай созылып жатыр. Жазықтықтың ұзындығы жүз курухтай, яғни отыз фарсахтай, ал кейбір жерлерінің ені жиырма курухтай және ішінара он курухтай болатын жерлер де кездеседі.

Кашмир – әлемнің халық жиі қоныстанған мәшһүр жерлерінің бірі, ол әдеттегідей емес, ерекше жерде орналасқан. Тек ол жерге баруды мақсат етіп қойған адам ғана онда сапар шеге алады. Басқаның аяғы ол мекенге жете бермейді. Оның [Кашмирдің] жағдайының ерекшелігін сенімді айтушылардың әңгімелерінен және сол мекеннің тұрғындарынан сұрап, анықтап, зерттеп, тексеріп алғаннан соң баяндамақпыз. Ал Кашмирдің климаттардың ішіндегі орнын, оның көлемі мен ұзындығын мемлекеттер және олардың көлемі мен жағдайы жайындағы кітаптарды пайдаланып жазбақпыз...

Кашмир төртінші климаттың қақ ортасында дерлік орналасқан. Өйткені ені отыз үш градус және елу төрт минутты құрайтын климаттың басталуы сол жерде. Ал Кашмирдің ені экватор белдеуінен отыз бес градус және ұзындығы Жазаир-и Сағададан жүз бес градус. Һәм барлық жағынан ол биік таулармен қоршалған. Таудың оңтүстігі Дели бағытына, солтүстігі Бадахшан мен Хорасанға қарай созылады; әрі батыс жағы Ауған тайпасының қоныстанған жеріне, шығыс жағы Тибет өлкесіне тіреледі. Бұл өлкенің жазық жерінің ұзындығы шығыс жақ шекарасынан батыс шекарасына дейін шамамен қырық фарсах, ал оның ені оңтүстігінен солтүстік шекарасына дейін жиырма фарсах. Жан-жағы таулармен қоршалған сол тегіс жерде абаттандырылған мың елді мекен бар. Елді мекендерде су мен әдемі бастаулар мол, көк шалғынды жері көп болуымен әйгілі. Жұрт арасында бүкіл елде, барлық таулы аймағы мен жазығында жүз мың елді мекен бар, онда үйлер тұрғызылған, егістік жерлері бар дейді. Ол өлкенің ауа райының қолайлылығының бір куәсі сол жердің аруларының [шетінен] сымбатты да көрікті болып келетіндігі ел аузында мақал болған...

Оның тауы мен жазығында әртүрлі жеміс ағаштары өседі, олардың жемісі өте жақсы әрі пайдалы. Алайда Кашмирдің ауа райына да күннің суытуы тән болғандықтан, қар көп жауады. Сондықтан ыстық жақта өсетін құрма, апельсин, лимон және сол сияқты жемістер ол жерде піспейді. Бірақ оларды жақын маңдағы ыстық аймақтан алып келеді. Осы жазықтықтың ортасында таудан алғанда шығыс және батыс жағынан бірдей қашықтықта бір фарсах жерде [Сри] Нагар деп аталатын қала бар. Ол қала-аймақ әкімдерінің отыратын бас қаласы. Ол қаланың қақ ортасынан Бағдадтағыдай бір үлкен өзен ағып жатыр. Оның суының мөлшері Бағдадтың Дижла (Тигр) өзенінің суынан мол. Бір ғажабы, оның соншама мол жойқын суы тұтас бір бұлақтан басталады. Бастауы сол уәлаятта, оны «Вир бұлағы» деп атайды<sup>1</sup>.

Мырза Хайдардың «Тарих-и Рашидиі» ұзақ жылдар қолжазба түрінде болса да, тарихи деректерінің нақтылығы, дәйектілігі, айқындылығы мен шынайылығына орай Үнді, Пәкстан, Ауғанстан, Иран һәм Орта Азияның ғана емес, сондай-ақ Еуропа елдері ғалымдарының да назарын аударумен келеді.

Сринагар университетінің қолжазба қорында «Тарих-и Рашидидің» екі көшірмесі

бар. Әуелгісі жоғарыда айтылғандай, Мырза Хайдар қаза тапқан кезге жақынырақ болса, екіншісі кейінірек көшірілген секілді.

Сондай-ақ Хайдарабад (Үндістан) Орталық кітапханасында «Тарих-и Рашидидің» 1590–1591 жыл деген мерзім көрсетілген де көшірмесі бар.

Кашмирдегі ортағасырлық тарихи еңбектер ішіндегі тағы бір аса құнды туынды Шараф ад-Дин Әли Йазидидің (т.ж.б. –1454) атақты **«Зафар намесі»** («Жеңіс намесі»). Иранның Йазд шаһарының тумасы Шараф ад-Дин Ақсақ Темірдің (1336–1404) жылнамашысы еді. Ол қаһарлы әміршінің жорықтары, жаулап алған елдері, болған жерлері жайлы парсыша жазған. Оны ол Ақсақ Темір 1404 жылы дүниеден өткен соң, 1425 жылы аяқтап, Ақсақ Темірдің төртінші баласы Шаһруһқа (1402–1447) сый еткен. Оның аталмыш туындысының қолжазбасы да «Тарих-и Рашиди» секілді әлемнің бірқатар жұрттарының қолжазба қорларында кездеседі. Соның ішінде біз ұшыратқан көшірмесі, жоғарыда айтылғандай, Кашмирде де тұр. «Зафар наме» соңғы жылдары орыс тілінде де жарияланды. Бұл дүниенің құндылығы – онда Орта Азия жұрты арасында Қазақ елі туралы да мәліметтердің барлығында.

Мырза Хайдар «Тарих-и Рашидиді» жазған кезде осы еңбекке де сүйенген. Оған сілтемелер жасап отырған.

Кашмирден Ақсақ Темірге қатысты **«Зафар наме Тимури»** («Темірдің Жеңіс намесі») деген өлеңмен жазылған еңбекті де көрдік.

Авторы Абдулла Хатифи (т.ж.б. –1521) қай жылы туғаны белгісіз парсы тілді ақын. Ол – Маулана Нұр ад-Дин Әбдірахман Джамидің жиені. Нағашысынан көп үйренген. Абдулла Хатифи «Бестікке» – «Бес кітапқа» кірген «Ләйлі-Мәжнүн», «Хафт Манзар», «Тимур наме» атты және т.б. шығармалар жазған.

Кейбір деректерде «Зафар наме Тимуриді» ортағасырлық ортаазиялық ақын Лүтфи де жазған. Оны ол Әбу-л Қасым Фирдаусидің (940–1030) «Шаһ намесіне» еліктеп туындатқан. Бірақ аяқтай алмаған. Бұл дүниесін Лүтфи Ақсақ Темірдің ұлы Шаһруһтың (1409–1447) ұсынысымен қолға алған делінеді. Бірақ зерттеушілер Лүтфидің аталмыш еңбегі «жалғыз-ақ дана еді, сол себепті ол біздің заманымызға жетпеген»<sup>2</sup> дейді.

Жүз жасап дүниеден өткен «Гүл және наурыздың» авторы Лүтфиге Мұхаммед Хайдар Дулати «Жаһан наме» атты поэмасын жазуда еліктеген.

**«Ақбар наме».** Молла Хамидулла Шаһабади. Манзум (Өлеңдер). Фарси (Парсы тілінде).

Иә, сөйтіп парсы тілінде өлеңмен жазылған бұл дүниенің авторы – Молла Хамидулла Шаһабади. Автор жайлы мағлұмат жоқ. Ал шығарманың университет кітапханасынан бес көшірмесін ұшыраттым.

**«Ақбар наме».** Авторы – Әбу-л Фазл Әллами (1551–1602).

Ақбар Шаһ (Әбу-л Мұзаффар Джалал ад-Дин Мұхаммед Ақбар шаһ

(1543–1605)) Мұхаммед Заһир ад-Дин Бабырдың (1483–1530) төрт ұлының үлкені Насыр ад-Дин Мұхаммед Һұмаюнның (1543–1605) баласы еді. Һұмаюн Иран сапарынан оралып, Үндістан билігіне қайта ие болған соң, бір-ақ жыл таққа отырып, 1556 жылы осы күнгі Дели қаласындағы қамалдағы кітапхана баспалдағынан түсіп келе жатып, ұзын көйлегінің етегіне оралып құлап, қаза тапқан. Бұл – Кашмирде Мұхаммед

Хайдар Дулати қаза тапқан 4 жылдан кейінгі оқиға.

Таққа енді Һумаюнның 13 жасар ұлы Акбар отырды. Ол Бабыр ұрпақтары арасынан Үндістанды 50 жылдай биледі. Жалпы тақ үшін таласта Үндістанды өзінен тартып алмақ болған жауларын қиратып, таққа мығым отырған Акбар туралы хикаялар көп. Акбар 1605 жылы осы күнгі Агра қаласы маңында дүние салған. Аграға 20 шақырымдай жерде қазір оның бақ ішінде кесенесі бар. Мен Үндістанға барған сапарларымның бәрінде де баба кесенесіне тоқтап, Бабырдың ұлы ұрпағына құран бағыштамай кеткен емеспін.

Акбар патша Үндістан үшін көп еңбек сіңірген. Үндістанды біріктіріп, уысында мығым ұстаған. Көптеген сарайлар мен камалдар салдырған. Маңына көп ғалымдар жинап, өнерді өркендеткен. Оның да көрген-білгені, барған жерлері, жорықтары, соғыстары жайлы жазып отырған аталмыш Әбу-л Фазл Әллами (1551–1602) атты атақты жылнамашысы болған.

Билікке ие болған соң, Акбарға әуелде Үндістан секілді ұлан-ғайыр елдің Агра мен Дели және Панжаб қалаларының бір бөлігі ғана қарады. Оның Үндістан үшін алғашқы шайқасы Панипатта өтті. 1526–1527 жылдары Үндістанды Дели сұлтандарынан тартып алу үшін болған соғыс та дәл осы Панипатта болған еді. Бабыр онда жеңіске жетті. Сол жеңісінің құрметіне сол жерге мешіт салды. Мен Панипатта бірнеше рет болдым. Мешітті де көрдім.

«Акбар намеде» Акбар шаһтың балалық шағы, Орталық Азиядағы түрлі қантөгіс соғыстар, жаңа Моғол мемлекетінің және оның жас билеушісінің өсу, қалыптасу жолдары, оның мемлекетті билеу, халықты басқару тәсілдері, жүргізген реформалары, діндераралық текетірестерді тоқтата алуы, сан дінді, ұлтты мемлекетте тыныштық орната алуы секілді жайттар баяндалған.

Ол билікті қолына алған соң, мемлекеттің шекарасын кеңейтті. Мальва, Раджпутан, Гуджарат, Бенгалия, Бихат, Синд, Кашмир секілді аймақтарды өз иелігіне қосты. Бірқатар әкімшілік және әлеуметтік реформаларды жүзеге асырды. Акбар діни илаһи – Құдай діні деп атаған ислам, үнді, жайнизм секілді діндер қосындысынан тұратын жаңа дін енгізді. Сопылардың басын қосып, пікірталастар ұйымдастырып отырды.

«Акбар намеде» оның көрнекті әскербасы ретінде танылуы да жақсы көрсетілген. Ол жолдарды жөндетті. Керуен сарайлар, ғибадатханалар, ғажайып бақтар салдырды.

Акбар атасы Бабырдың туған бөлесі Мұхаммед Хайдар Дулатиді қазаға ұшыратқан кашмирлік шииттерді де жазалады. 1592 жылы ол Кашмирге барып, дұшпандарын талқандап, бұл жұртты да өз иелігіне қосып алды. Осының бәрі Әбу-л Фазл Әлламидың «Акбар намесінде» сөз болған.

Орта ғасырларда Үндістанда ғылым, білім, әдебиеттің тілі парсы тілі болды. Күні бүгінге дейін сақталған тарихи, әдеби шығармалардың көпшілігі осы тілде болған. Бабыр да, Мырза Хайдар да өз еңбектерін тек ана тілдерінде ғана емес, сондай-ақ парсы тілінде жазған. Парсы мәдениеті сәулет өнерінде де көрінді. Үндістан мешіттеріне бұрындары күмбез салу дәстүрі болмаған деседі. Оны Үндістанға Бабыр (1483–1530) әкелсе керек.

Кашмирдің қолжазба қорында Қытайдағы Шығыс Түркістанға байланысты

«Тарих Чини Туркистан» («Қытай Түркістанының тарихы») деп аталған еңбек бар. Ол да парсы тілінде. Соған қарағанда, оны үндістандық (кашмирлік) тарихшылар жазды ма екен деп ойлаймыз. Өйткені Кашмир мен Қашғарияның байланысы үзілмеген.

### Әдебиеттер:

**Заһир Фарйаби** (т.ж.б.–1202). Кашмирдің қолжазбалар қорынан Заһир Фарйаби атты ақынның да өлеңдерінің бірнеше көшірмесі ұшырасты. Заһир Фарйаби – атақты ақын, қасида жанрының белгілі өкілі еді. Фарйаб – Хорасандағы ғана емес, сондай-ақ Балх пен Мерверуд аралығындағы өзеннің де аты.

Мұхаммед Хайдар Дулати «Тарих-и Рашидидің» 9-тарауында Бабырдың сарай ақыны Хұсейін Әли Жалайыри жайында сөз еткенде, «оның лақап аты Туфайли... Шеберлігі жағынан ол... Заһирден (Фарйабиден) де асып түскен»<sup>3</sup> деген.

Заһир шынында да өте мәшһүр шайыр-тын. Оны Әбдірахман Жами де өз жырына қосқан.

Жами сондай-ақ сол тұста ғұмыр кешкен атақты ақындар Рудаки, Унсури, Ануари, Хакани, Сағди, Санаи, Низами, Салман Саваджилермен қатар, Заһир Фарйабиді де атай келе, оның поэзиясына жоғары баға берген.

Ол атақты Хафиз Ширазидың (1325–1390) поэзиясы туралы сөз еткенде: «Оның өлеңдерінің көпшілігі әсем де табиғи. Ал олардың кейбірі керемет шегіне жеткен. Оның ғазалдары басқалардың ғазалдарымен салыстырғанда айқындылығы және байсалдығы жағынан Заһир (Фарйабидың) қасидалары сияқты»<sup>4</sup> дейді.

Кашмир университетінің қолжазба қорында оның «қасидаларының» 4 көшірмесі бар.

Кашмирден Заһир әл-Фарйабидың тек өлең жинақтары ғана емес, сондай-ақ «Фусус фи-л хикма» атты парсы тілінде жазған философиялық шығармасын да көрдік. Бірақ дәл осындай дүниені Әбу Насыр әл-Фараби (870–950) және Мухий ад-Дин бин әл-Араби (1165–1240) де жазған. Айырмашылығы Заһир әл-Фарйабидің туындысының парсы, Әбу Насыр мен ибн әл-Араби трактаттарының араб тілінде екендігі.

**Низами Ганжауи** (1114–1209). Ортағасырлық парсы тілді Низами Ганжауи лақап атымен танылған ақын Әбу Мұхаммед Ілияс бин Йусуф Орта Азияға моңғолдар шапқыншылық жасағанға дейін өмір сүрген. Кейбір деректерде 1141 жылы осы күнгі Әзербайжанда туып, 1209 жылы дүниеден өткендігі және атақты ақын болғандығы айтылады. Шығармашылығы Хафиз Ширази, Жалал ад-Дин Руми, Сағди ғана емес, сондай-ақ қазақ ақыны Абайға да әсер еткен. Оның қаламынан «Хусрау және Шырын», «Ләйлі–Мәжнүн», «Искандер наме» секілді шығармалар туған. Көлемді-көлемді қасидалар (поэмалар) жазған. Қыпшақ қызы Аппақ аруға ғашық болып, соған үйленген. Соған арнап «Аппақ наме» атты поэма туындатқан. Оны қазақ тіліне Қалижан Бекхожин аударған.

1136–1225 жж. осы күнгі Әзербайжанның үлкен бөлігін атабектер әулеті – алдагезидтер биледі. Олардың әміршісі Шамс ад-Дин Ильдегезид қыпшақ еді.



Низамидің көптеген шығармаларының Кашмирден табылуында да кездейсоқтық жоқ. Оның парсы тіліндегі дүниелері Үндістанға да тараған. 1991 жылы ақынның туғанына 850 жыл толуына орай ЮНЕСКО шеңберінде кең көлемде аталып өтті. Осы күндері ол Әзербайжан әдебиетінің тарихына еніп, әзербайжандықтардың классик ақыны саналады.

Низами Ганджауи Иран пен Қауказ бойы жұртын түрік селжұқтар билеген кезде ғұмыр кешті. Сол себепті де ол түркі халқына ортақ, олардың да мақтанышы.

Низамидың еңбектері «Хамса» («Бес кітап») атты поэмалармен белгілі, оған «Құпиялар қазынасы», «Хусрау мен Шырын», «Ләйлі–Мәжнүн», «Жеті ару» және «Ескендір наме» атты шығармалары топтастырылған. Абайдың «Ескендір» поэмасы да Низами Ганджауидың аталмыш поэмасы негізінде жазылған. Низамидың «Аппак намесінен» басқа «Ләйлі–Мәжнүні» де ана тілімізге аударылған.

Низами Ганджауидың Кашмирден жоғарыда аталған және төмендегідей біраз дүниелерін көрдім.

### ***Низами Ганджауидың Кашмирдегі қолжазбалары:***

- Искандер наме. Низами Ганджауи. Шағири. Фарси (3 көшірмесі бар).  
*Ескендір наме. Низами Ганджауи. Өлеңдер. Парсы тілінде.*
- Һафт пайкар. Низами Ганджауи. Шағири. Фарси (8 көшірмесі бар).  
*Жеті ару. Низами Ганджауи. Өлеңдер. Парсы тілінде.*
- Сикандер наме. Низами Ганджауи. Шағири. Фарси (6 көшірмесі бар).  
*Ескендір наме. Низами Ганджауи. Өлеңдер. Парсы тілінде.*
- Ширин Хусрау. Низами Ганджауи. Шағири. Фарси (5 көшірмесі сақталған).  
*Шырын–Хусрау. Низами Ганджауи. Өлеңдер. Парсы тілінде.*
- Лайли–Маджнун... Низами Ганджауи. Шағири. Фарси уа араби.  
*Ләйлі–Мәжнүн... Низами Ганджауи. Өлеңдер. Парсы және араб тілдерінде.*
- Махзан асрар. Низами Ганджауи. Шағири. Фарси (8 көшірмесі бар).  
*Құпиялар қазынасы. Низами Ганджауи. Өлеңдер. Парсы тілінде.*
- Қисса Баһрамгур (Һафт пайкар). Низами Ганджауи. Шағири. Фарси (2 көшірмесі бар).  
*Баһрамгур қиссасы (Жеті ару). Низами Ганджауи. Өлеңдер. Парсы тілінде.*
- Панж Ганж Низами. Низами Ганджауи. Шағири. Фарси.  
*Низамидың «5 қазынасы». Низами Ганджауи. Өлеңдер. Парсы тілінде.*
- Халасе Хамса. Диуан Ала-и. Низами Ганджауи. Ала-и шағири. Фарси.  
*Бестіктің (бес кітаптың) мазмұны... Диуан Ала-и. Низами Ганджауи. Өлеңдер. Парсы тілінде.*

2016 жылдың басында «Егемен Қазақстан» газетінен (№30, 16 ақпан 2016) «Шығыс шайыры **Низами Ганджауи** туындыларының қолжазбасы Түркиядан табылды» деген хабарды көзім шалды.

Онда «Әзербайжан Ұлттық ғылым академиясы Гянжа бөлімшесінің қызметкерлері Түркиядан Шығыстың жеті жұлдызының бірі Низами Ганжауи туындыларының қолжазбаларын тауып қайтты. Анадолы жеріне арнайы іссапармен жіберілген олар мұнда айлап жұмыс жасаған. Осы уақыт аралығында ғылыми қызметкерлер Гянжаның әскери-саяси және экономикалық тарихына қатысты 181 мұрағаттық құжат жинап алды.

Іздеушілер Стамбулдың Сулеймания кітапханасынан Әзербайжанға, сондай-ақ Низами Ганжауидің түпнұсқасы Франция ұлттық кітапханасында сақтаулы тұрған 1365 туындысының 649-ының көшірмесін ала келген. Бұдан бөлек, «Хамсаға» арналған жазбалардың 25 шағын көшірмесі де әкелінген» деп жазылған. Бұл Низами Ганжауидың тек Кашмир ғана емес, сондай-ақ әлемге әйгілі ақын, ойшыл екенін көрсетсе керек.

**Фарид ад-Дин Аттар** (1119–қ.б.ж.б.). Фарид ад-Дин Аттар лақабымен танымал Әбу Хамид Мұхаммед бин Әбу Бакр Ибраһим – XII ғасырда ғұмыр кешкен белгілі ақын. Кейбір мәліметтерде ол 1119 жылы дүниеге келген, бірақ өмірден өткен жылы белгісіз. Шығармалары ішінен «Мантик ат-тайыр» («Құстар кеңесі (сұхбаты)») атты дүниесі белгілі. Жырларына ол да негізінен суфизмді өзек еткен. «Мантик ат-тайыр» Жалал ад-Дин Румиге, Науаиге және басқа да ақындар шығармашылығына әсер еткен.

«Фарид ад-Дин Аттар Мұхаммед бин Ибраһим ан-Нишабури (1220 қ.б.ж.б.) – парсының белгілі дәруіш ақыны. Нишапурге таяу жерде дүниеге келген. Аттар әкесінің жолын қуып, дәрігерлік және емшілікпен айналысты. Әйтсе де білімі туралы мәлімет жоқ, бірақ шафии хұқығынан толық хабардар болған. Мистицизм идеясымен бала кезінен танысқан. Аттар қартайған шағына дейін өз дүкенінде еңбек етіп, тіршілікті ақындық шығармашылықпен бірге жүргізді... Аттар Нишапур қаласына моңғолдың Иранға шапқыншылығы кезінде қайтыс болды. Аттардың шығармалары оның білімдар, аса талантты, әңгімешіл екенін аңғартады. «Қасиетті қарттардың» өмірінен алынған әңгімелері мен поэмалары «Тазкират әл-әулие» атты очерктеріне енген. Онда сонымен қатар Аттардың сопылармен өткізген әңгімелерінің мазмұны берілген. Оның туындыларының кейбір үзінділері бүкіл мұсылман елдеріне тараған, Аттар дүниеден өткеннен кейін жүздеген жылдар өтсе де, көптеген ұлт ақындары оның өлеңдеріне қайта оралды. Аттардың «Мантик ат-Тайр», «Илаһи наме» және «Мусибат наме» атты поэмалары сопылық әдебиеттің үлгілері<sup>5</sup>.

Аттар – 66 шығарманың авторы.

### ***Фарид ад-Дин Аттардың Кашмирдегі қолжазбалары:***

Мантик ат-Тайыр. Фарид ад-Дин Аттар. Шағири. Фарси (4 көшірмесі бар).

Құстар кеңесі. Фарид ад-Дин Аттар. Өлеңдер. Парсы тілінде.

Қасиде бисар наме. Фарид ад-Дин Аттар. Шағири. Фарси.

Бисар наме (бассыз) қасидасы. (Мистикалық шығарма). Фарид ад-Дин Аттар. Өлеңдер. Парсы тілінде.

«Диуан» Аттар (Шейх Фарид ад-Дин Аттар). Шағири. Фарси.

*«Жинақ» Аттар (Шейх Фарид ад-Дин Аттар). Өлеңдер. Парсы тілінде.*  
Панд наме. Фарид ад-Дин Аттар. Шағири // Насаих. Фарси.  
*Өсиет наме. Фарид ад-Дин Аттар. Өлеңдер // Ақыл-кеңестер. Парсы тілінде.*  
Джауаһир аз-зат. Фарид ад-Дин Аттар. Тасаууф. Фариси.  
*Өзіндік құндылықтар. Фарид ад-Дин Аттар. Суфизм. Парсы тілінде.*  
Тазкират әл-аулие. Фарид ад-Дин Аттар... Фарси (4 көшірмесі бар).  
*Әулиелер өмірбаяны. Фарид ад-Дин Аттар... Парсы тілінде.*  
Шамаил Шариф. Хадис. Фарид ад-Дин Аттар. Араби.  
*Қасиетті Шамаил. Хадис. Фарид ад-Дин Аттар. Араб тілінде.*

**Жалал ад-Дин Руми** (т.ж.б.–1273). Кашмир қолжазба қорында өлеңдерін парсы тілінде жазған Маулана Жалал ад-Дин Мұхаммед Румидің де жырлары бар. Ол Орта Азияны Хорезмшаһтар билеген кезде 1273 жылы қазіргі Түркияның оңтүстігіндегі Конья шаһарында дүниеден өтті. Жалал ад-Дин – сопылық жолын ұстанған, діни ғылымды жақсы меңгерген шайыр. Өмірінің көпшілік бөлігін Селжұқ түріктерінің сарайында өткізді. Сопылардың маулауи ағымын ұстанды, соны насихаттады. Ол ғазал, қасида және рубаяттар туындатқан. Елу мыңдай маснауилер жазған.

### ***Румидің Кашмирдегі қолжазбалары:***

Шарх Маснави Маулави мағнави. Жалал ад-Дин Руми. Шағири. Фарси (3 көшірмесі бар).

*Маулауидің Маснауилерінің рухани түсіндірмесі. Жалал ад-Дин Руми. Өлеңдер. Парсы тілінде.*

(Хаким Санаи ва Джалал ад-Дин Руми). Әли Джалиндһаруи. Суфи Азам. Фарси. Фихи ма фихи. Жалал ад-Дин Руми. Суфи Азам. Фарси.

*Ішінде не болса, сол бар. Жалал ад-Дин Руми. Сопы Ағзам. Парсы тілінде.*

Кашмирде парсының Сағди және Хафиз іспетті атақты екі ақынының да диуандары (жинақтары) бар екен.

Муслих ад-Дин Әбу Мухаммед Абдаллаһ ибн Мушриф ад-Дин Сағди – XIII ғасырдың ұлы ақыны (1203–1292). Шираз қаласында туған. Сонда білім алды. Сағдидің ақындық өнер мен ғылым жолына түсуіне әкесінің ықпалы мол болған. Бірақ ол он үш жасында әкеден айырылып, өмір талқысына ерте түседі. Шыңғысхан жорығына байланысты ол отанын тастап, Бағдадқа келеді. Онда «Низамия» медресесіне түсіп, кейін «Мустансирияда» оқыды. Аталмыш оқу орнында Ислам дінінің негізі, мұбарак Құран және оған түсініктеме, медицина, филология, математика, тарих, зоология, логика, поэзия т.б. пәндер оқытылатын. Сағди Бағдадтан қасиетті Құран мен хадистен, әсіресе араб поэзиясынан терең мағлұмат алып шыққан. Ақын қасиетті Меккеге барып, одан дәруіш ретінде Үндістанды, Хижазды, Орта Азия мен Шығыс Түркістанды, Солтүстік Африканы аралайды. Құддыс құмында крест тағушыларға қарсы соғыста

тұтқынға түседі, кездейсоқ Алеппоның (Сирия) саудагері оны сатып алып, қиқар мінезді қызына үйлендіреді. Одан ол қашып, Шамға келеді. Содан 1257 жылы ғана туған еліне оралып, «Бустан» дастанын (бастапқы аты – «Сағди наме») жазады.

Оны бітірісімен, 1258 жылы «Гүлстан» атты шығармасын жариялайды. Екі шығармасын да ақын Шираздың билеушісі Әбу Бәкір бин Сағдиге (1226–1260) сыйға тартқан. Сағдидің қара сөз бен өлеңді араластырып жазған «Бес мәжіліс» және таза ғазалдардан құралған «Таржибанд» атты жинағы да бар.

Ойшыл ақын шығыс поэзиясында лирикалық ғазалдың негізін салған. Шығармаларында озбырлықты, қанауды сынап, еңбек адамын мадақтайды, екінші жағынан, көнбістікті, өмірге бейімделушілікті уағыздайды. Өлеңдері (қасида, ғазал, элегия) үлгі-өнеге сарынында жазылған. Жоғарыда айтылған «Бустан» («Жеміс бағы», 1257), «Гүлстан» («Гүл бағы», 1258) атты дастандары ақын даңқын әлемге паш етті. Өлең мен қара сөз араласып келетін «Бес мәжіліс», «Сахиб кітабы» деген өлеңдер жинағы бар. Қазақ арасында Сағдидың өлең-жырлары ертеден таныс. Оның «Бустан» поэмасындағы адамгершілік жайлы пікірлері Абай Құнанбаевтың («Алла деген жеңіл сөз», «Әсемпаз болма әрнеге», «38-сөз» т.б.), Мәди Майлықентидің (1868–1924; «Тухфа уа жумһурият») ойларымен үндес. «Бустан» дастанының үзінділері қазақ тілінде жеке кітапша болып басылған (1966, 1973; ауд. Ж. Нәжімеденов).

### *Муслих ад-Дин Сағдидың Каширдегі қолжазбалары:*

Сағдидың «Бустанының», «Гүлстанының», «Куллиатының» (бір-бір) көшірмелері бар.

**Әмір Хұсрау Деһлауи** (1253–1325) – Үндістанның парсы тілді белгілі ақыны. «Ол талантты әдебиетші, тарихшы, музыкант та еді. Музыканың теориясы жайлы бірқатар зерттеу еңбектердің де авторы ретінде атағы шықты. Әмір Хұсрау жан-жақты және өзіндік ерекшелігі бар ақын-ды. Оның нәзік лиризмге толы шығармашылығында түрлі қоғамдық топтардың ойлары мен арман тілегі көрініс тапты. Деһлауидің терең философиялық поэзиясы көпшіліктің жүрегін жаулап, өзіне баурады.

Әмір Хұсраудың әкесі Орта Азияның түркі текті тайпаларынан шыққан еді. Кеште (қазіргі Шахрисябз қаласы) тұрған кезде моңғолдардан қашып, Солтүстік Үндістандағы Делиге қоныс аударған. Болашақ ақын осы кезде дүниеге келді. Өмірінің көпшілік бөлігін Делиде өткізгендіктен де, Әмір Хұсрау өз шығармашылығын Деһлауи «Делилік» деген лақап атпен жазған. 1261 жылы болашақ ақынның әкесі моңғолдармен шайқаста қаза тапқандықтан, сегіз жастағы баланы атасы Имаду-л мүлік тәрбиелейді. Ол немересінің жан-жақты білімдар болып өсуіне, тәрбиесіне көп көңіл бөлген. Ол кездері білімдарлықтың бір белгісі көп тіл білушілік еді. Сол себепті Хұсрауға Шығыстың белгілі тілдерін оқытқан. Ол жас кезінен өлең жазуды бастаған және еңбектеріне «Сұлтани» деген лақаппен қол қойып отырған.

Әмір Хұсраудың әдеби мұрасы өте бай. Ақынның өз деректеріне қарағанда ол



400 000 (төрт жүз мыңдай) бәйіт жазған. Әбдірахман Жами оның 99 кітабы барлығын айтқан. Әмір Хұсраудың қаламынан сол тұстағы барлық әдеби жанрларға жататын шығармалар туған.

Ақынның лирикасы оның өмірінің бес кезеңін қамтитын бес өлеңдер диуанына (жинағына) біріктірілген. Олар: «Тухфат ас-сиғар» («Жастық сыйы»), «Васатул хаят» («Өмір ортасы»), «Гуррат әл-камол» («Кемелдік басы»), «Бакия ун-нақия» («Тандамалардың таңдамалысы»), «Ниһаят ул-камол» («Кемелділік шыңы»).

Әмір Хұсрау Деһлауидің лирикасы жарқын да дәл теңеулерге құрылған бейнелер байлығымен ерекшеленеді. Ақын керемет шеберлікпен адамдардың терең көңіл күйін, үміт-сенімін, ғашықтардың қуанышын жырлаған.

Әлішер Науаи Әмір Деһлауиді Хафиз және Жами секілді кемеңгер және танылған лирик ақындар қатарына қосқан және Әмірдің ғазалдарына жауаптан тұратын бірқатар жырлар жазған.

Деһлауидің классикалық тәжік-парсы әдебиеттерінің ғазал жанрын қалыптастыру және дамытудағы алатын орны орасан. Академик А.Б. Крымский (1871–1941), неміс шығыстанушысы Герман Эте (1844–1917), чех шығыстанушы ғалымы Ян Рипка (1886–1968) секілді ғұламалар Әмір Хұсрауды Хафизге дейінгі данышпан лирик санаған.

Өз шығармаларында Әмір Хұсрау әділдікке, білім салтанатына шақыра отырып, билеушілердің надандығын, қатыгездіктерін, кедейлерді қанайтындықтары үшін айыптаған.

1289 жылы Әмір Хұсрау эпостық еңбектер жаза бастайды. Оның тарихи поэмалар деп аталатын лиро-эпостық шығармалары кеңінен белгілі. Олардың арасында «Кирон ас-сағдайн» («Екі бақытты жұлдыздың қосылуы»), «Мифтах ул-футух» («Жеңіс кілті»), «Дувалрани және Хазрхан», «Нух сихер» («Жеті қат аспан») және басқалар.

Әмір Хұсрау ұлы Әзербайжан ақыны Низами Гәнжәуидің «Хамсасына» («Бестігіне») ақындық жауап ретінде «Хамса» атты кітап жазған. Оған «Шамшырақтың шыңына өрлеу», «Шырын және Хұсрау», «Ләйлі мен Мәжнүн», «Искандердің айнасы» және «Жәннаттың сегіз бағы» атты поэмалары кірген. Әмір Хұсраудың «Хамсасының» тілі жеңіл, нәзік, ынтық-құмар. Ол дүниелер айқын да түсінікті және қарапайымдылығына бола халыққа жақын болған.

Әлішер Науаи Хұсраудың шығармашылығын жақсы көрген, оны өзінің ұстазы және «үнді құмарлығы» деп санаған»<sup>6</sup>.

### *(Әмір) Хұсрау Деһлауидың Каширдегі қолжазбасы:*

Ширин–Хұсрау. (Әмір) Хұсрау Деһлауи. Шағири. Фарси.

Шырын–Хұсрау. (Әмір) Хұсрау Деһлауи. Өлеңдер. Парсы тілінде.

Қожа Шамс ад-Дин Мұхаммед **Хафиз Ширази** (1325–1390) – ирандық әйгілі сопы ақын. Әкеден жастай айырылып, күнкөріс тірлігіне ерте араласқан. Өз бетімен сауатын ашып, кітап көшіру өнерімен айналысады. Хафиздің өз қолымен 1355 жылы

көшірген кітабы сақталған. Кейінірек медресені бітіріп, діни білім алады. Ол қасиетті Құранды және өлеңдерді нақышына келтіріп жатқа айтатындықтан, халық арасында Хафиз аталып кеткен. «Хафиз» деп мұбарак Құранды жаттай білген адамды айтады. Ақын шығармалары кейінірек осы атпен таралған.

Хафиздің өмірбаяны туралы нақты мағлұматтар сақталмаған. Ол жайлы деректер Дәулетшаһ Самарқанди, Әбдірахман Жами құрастырған антологияларда, тарихшы Мирхонд пен Хондамирдің еңбектерінде кездеседі. Хафиз парсы әдебиетінде ғазал жанрын биікке көтерген. Оның ақындық данқы Әбу Исхақ Йанджудың билігі (1342–1353) кезінде мәшһүр болған. Хафиздің шығармалары өзі қайтыс болғаннан кейін жинақталып, «Диуан» деген атпен жарияланған. Ақын ғазалдарының бастапқы түпнұсқасы едәуір өзгеріске түскен. Оны қалпына келтіруде түрік филологы Суди (1591 ж.қ.б.) елеулі еңбек етті. Оның жүргізген ғылыми редакциясы бертінде Хафиз өлеңдерінің конондық мәтіні ретінде Еуропа тілдеріндегі басылымдарға негіз болды. 1928 жылы Иран әдебиетшісі Абдаррахим Хальхали Хафиз шығармаларының көне қолжазбасын (ақын қайтыс болған соң, 35 жылдан кейін хатқа түскен) іздеп тапты. Хафиз өлеңдері 1854–1858 жылдары Г. Брокгауздың жариялауында 692 ғазал болса, А. Хальхали тапқан қолжазба басылымында 637 ғазал болып шыққан, Г. Брокгауз жинағындағы басы артық 55 ғазал Хафизбен замандас басқа ақындардың шығармасы делінеді.

Хафиз шығармаларының негізгі сарыны – адамды ардақтау, махаббат, сұлулық, шарапты мадақтау, еркін ойлылық, болашаққа сенім, байлыққа бас иеу т.б. Хафиздің кейбір ғазалдарында өзі өмір сүрген әлеуметтік ортаға байланысты дүниенің жалғандығына налу, суфизмге бой ұру сарыны да сезіледі. Ақын мұрасын ертеректе зерттеушілердің біразы ойшыл шығармаларының гуманистік идеясының өңін айналдырып, оны дәруіш деп келді.

Ал суфизмнің көрнекті өкілі Әбдірахман Жами Хафизді суфизмнен алыс адам деген. Хафиз қайтыс болғанда ақынның жаулары оның денесін ортақ мазаратқа қойдырмай, діннен шыққан адам ретінде Мусалла бағына бөлек жерлеуі де көп нәрсені аңғартса керек. Хафиз ғазалдарындағы еркін ойлылық – ақын шығармашылығының басты ерекшелігінің бірі. Оның шығармаларында зорлыққа, әділетсіздікке қарсылық сезіледі.

Хафиз мұрасы дүниежүзінің көптеген ақындарына зор ықпалын тигізді. Немістің ұлы ақыны В. Гёте (1749–1832) «Батыс-Шығыс диуаны» атты он екі кітаптан тұратын туындысының бір бөлімін «Хафиз наме» деп атаған. А.С. Пушкин (1799–1837) оның шығармаларын сүйіп оқып, ғазалдарының әсерімен өлеңдер жазған. Хафиз шығармаларымен қазақ халқы ертеден таныс. Мектеп-медреселерде Хафиз шығармалары арнайы оқытылатын. Қазақ әдебиетінің классигі Абай Құнанбайұлы алғаш қалам тартып, жыр жазғанда Қожа Хафиз есімін үлкен ілтипатпен атаған. Хафиздің көптеген ғазалдары қазақ тіліне аударылып, «Шығыс жұлдыздары» деп аталатын кітапта (1973) басылды. Оның ғазалдар жинағын Құран Кәріммен қоса өлең сүйер әрбір ирандық өз шаңырағының төріне қояды екен. Тіпті қарапайым халықтың оның өлеңдеріне жақындығы соншалық, тіршіліктегі қиыншылық түйіндерін де Хафиздің «Диуаниі» арқылы бал ашып білуге тырыспақ болған.

Занд әулетінен шыққан Кәрім хан өзі билік құрған заманда Шираз қаласының гүлденуіне көп үлес қосыпты. Ол Хафиз қабірінің айналасын кеңейтіп, дуалмен қоршатқан. Бірнеше бөлмеден тұратын ғимарат салдырған. Батыс жағына хауыз салып, Рокнабад өзенінен су тартқызыпты. Хауыздың төрт тас ұстыны болған. Сондай-ақ Хафиз қабірін бағалы мәрмәрмен көмкеріп, бәйіттерін нәсталиқ жазумен тасқа қашап жаздырыпты.

Кәрім хан Зандтан кейін де көптеген кісілер Хафиз зиратын жөндеуден өткізген. 1935 жылы Хафиз зиратының қазіргі жобасы жасалып, 1937 жылы осы ғимарат салыныпты.

Сағди кесенесі Хафиз кесенесінен онша алыс емес. Бірақ оның аумағы Хафиз зиратына қарағанда үлкендеу. Қақпадан кірген соң, гүлге толы алаңқайды көресіз. Сағди де гүлдер мен гүлзарларды жақсы көріп, оларды жырлап өткен емес пе?! Ақын кесенесі Хафизге қарағанда салтанаттырақ па деп қалдық. Кесене үй секілді етіп салынған. Оның жан-жағына ақын өлеңдері жинағының аттары жазылыпты. Өлеңдерінен үзінділер де өрнектелген.

### *Хафиз Ширазидың Кашмир кітапханасындағы қолжазбасы*

Хафиз Ширази «Диуанының» онда 2 көшірмесі бар.

**Атаи.** Кашмирде өлеңдер жинағы сақтаулы тағы бір ортаазиялық ақын бар. Ол Балхта туған делінген. Ұлықбек (1394–1449) және оның ұлы Абд әл-Латифтың сарай ақыны болған. Негізінен, түркі тілінде жазылған ғазал жанрындағы өлеңдерімен мәшһүр еді.

Осы ретте айта кететін жайт – 2006 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінде (№16, 21 сәуір 2006) жазушы Қалаубек Тұрсынқұлов Атоий туралы біраз ойларымен бөлісіпті. «Ақын туралы біраз мәлімет қалдырған бірден-бір адам – Әлішер Науаи. Ол өзінің 3 шығармасында Атоийдың атын атайды, түсінік береді, шығармаларынан үзінді келтіріп, өмірбаяндық деректерді де келтіреді. Ол Атоийдың әкесі Смайыл ата туралы «Насаим ул-мухаббат» атты еңбегінде «Исмоил ата Хужа Ахмет Яссавийнинг Иброҳим ота отлик инсанинг уғлидир ва хужанинг муриди ва назар қилгандир ва унга мурид, асхаб (субхатдаш) булибдур» деп жазады. Ал оның ұлы Хұсейін (*Атоий деп түсіне беріңіз – Қ.Т.*) жөнінде дәл осы еңбекте: «Хұсейін шайх Исмоил ота фарзандларидандур. Ғазал муаммалик» киши еди» деп жазады. Ал екінші бір «Мажалис ан-нафаис» («Ғұламалар кеңесі») атты еңбегінде: «Мавлоно Атоий Балхта булур еди. Исмоил ота фарзандидур. Дарвишваш ва хутуклук мунбаситочик кунгнили, нуроний киши эрди. Турки чуй эрди. Уз замонида шъери айрок (түркілер) аросида шухрат толдиа», – депті.

Сонымен Әлішер Науаи шығармашылығын зерттеушілер (ақын, жазушылар да) Атоийды қазіргі Ауғанстандағы Балхта туған деп жазатынын байқаймыз. Өзбек ғалымдары оны өзбек ақыны ретінде түрлі хрестоматияларға кіргізген. Десе де Қ. Тұрсынқұлов: «Ол кісінің есімі – Смайыл, өмір сүрген жері де, өмірден өткеннен

кейін жерленген жері де (Оңтүстік Қазақстан облысының) Қазығұрт өңіріндегі Турбат ауылы. Осында мемлекет қорғауына алынған күмбезі бар. Оны орнатқан Ақсақ Темір деген ұғым бар», – дейді.

Мен де Қазығұрт ауданындағы осы жерді әдейі барып көрдім. Ол Шымкент-Ташкент тасжолының шығысында, тау жағында. Кесене біраз жөнделген. Халық Смайыл ата кесенесіне оны әулие санап, көп келіп тұрады екен. Басында шырақшы да бар. Қ. Тұрсынқұлов әрі қарай: «Жалпы Турбатта жеті Атаның бейіті бар. Смайыл атадан кейін бұл аймаққа иелік жасаған ұлы Исхақ атаның күмбезі де осында. Атоий – Смайыл атаның кенже баласы.

Атоий – лирик ақын. Ол махабатты барынша мол жырлаған әрі өмірмен ұштастыра жырлаған. Сезімді күнделікті өмірден бөліп қарамайды, керісінше, үйлестіре қарайды. Ол осы бағытын халық ауыз әдебиетімен сарындас етіп ұстанады. Көптеген шығармаларында халық арасында көп тараған «турки» жырларының үлгілерін пайдаланып отырады. Ақынның осы қасиетін Ә. Науаи өзінің «Мезонул авзан» атты еңбегінде атап көрсетеді» дей отырып, «өзбек ағайындардың Атоийды өз классиктеріне балап, әдебиетіне үлкен тұлға ретінде енгізгеніне алғыстан басқа айтарымыз жоқ» деп, Атоийға қазақ халқының да үлесі барлығына көңіл аударады. Оның үстіне ол Қазақстанда туып-өскен жерлесіміз емес пе?»<sup>7</sup> дейді.

Кашмир университеті кітапханасының қолжазба қорында Атаидың «Миграж наме» және «Инша Атаи» атты еңбектерінің екі көшірмесі бар. Олар парсы тілінде. Онда шығармалардың авторы ретінде Атоий емес, Атаи және тағы бір жерде «Аталла» деп көрсетілген. Сонда Кашмирдегі Атаи басқа кісі ме екен? Бұған жауапты екі ақынның да (егер шынында да олар екі бөлек боп шықса) туындыларын салыстырып, шұқшия зерттегеннен соң беруге болар.

### *Атаидың Кашмирдегі қолжазбалары:*

Миградж наме Аталла Атаи. Шағири. Фарси (2 көшірмесі бар).

*Аталла Атаи. Миграж наме. Өлеңдер. Парсы тілінде.*

«Инша» Атаи. Атаи. Фарси.

*Атаи «Инша». Атаи. Инша. Парсы тілінде.*

«Инша» – «Муншаат» («Хат»), «Руқат» деген атпен де белгілі еңбек. Мұндай дүние Жамидің де өз замандастары мен жоғары лауазымды адамдарға жазған хаттарынан тұрады.

**Маулана Нұр ад-Дин Әбдірахман Жами** (1414–1492). Иә, ортағасырлық парсы тілді көрнекті ақындардың бірегейі – атақты Әбдірахман Жами. Ол 1414 жылы Хорасандағы Жам кентінде дүниеге келді. Ата-анасы Әлішер Науаи (1441–1501) де күн кешкен үлкен мәдени, әдеби, рухани да орталық Гератқа көшіп келгендіктен, болашақ ойпаздың бүкіл саналы өмірі Герат пен Самарқан шаһарларында өткен.



Герат Ақсақ Темірдің кіші ұлы Шаһруһтың (1409–1447) билігінде болатын. Ол кезде Орта Азия ислам дінінің нақшбандия орденінің әсерінде еді. Сол себепті Жами де осы орден әсеріне ұшырамай қоймаған. Әбдірахман өмір сүрген кездегі Гераттың рухани, мәдени, әдеби ортасы туралы Мұхаммед Хайдар Дулати «Тарих-и Рашидиінде» қызықты деректер келтірген. Әбдірахман өлең өнеріне жас кезінен-ақ құмар болған. Сондай-ақ ол фалсафаға да ынтыққан. Әсіресе оны Ибн әл-Арабидың (1165–1240) философиялық шығармалары қызықтырған. Ол өте қарапайым киініп, қарапайым өмір сүрген. Уақытының көпшілігін кітап оқумен өткізген. Гератқа келген Әлішер Науаи (1441–1501) Әбдірахман Жамимен достасып, оны өзіне ұстаз тұтқан. Жамидың әсерімен нақшбандия орденін қабылдаған. Жамидың қатысуымен өтетін әдеби мәжілістерге қатысып тұруға тырысатын.

Мұхаммед Хайдар Дулати «Тарих-и Рашидиде» Әбдірахман Жами жайлы естелік те қалдырған.

**«Маулана Әбдірахман Жами... жайында әңгіме.** Жоғары мәртебелі пір және ұлы әулиелердің бірі Сұлтан Мырза Хұсейін заманында ғұмыр кешкен, олардың ішінде ең алғашқысы да, білімдісі де, адамзаттың мақтанышы, шейх әл-ислам, мұсылман қауымының және діннің нұры Маулана Әбдірахман Жами... болды. Оның ұлы даңқы мен сияқты пақырға таныстыруды немесе түсіндіріп, баяндауды қажет етпейді...

Маулана [Жами] өте аз сөйлейтін. Егер бір әңгіме бастаса, көбіне тапқырлықпен әзіл-қалжың араластыра айтатын. Хазірет Махдуми Нұран мынаны айтқан еді: «Бірде Маулана [Жами] хазірет ишанның [Ұбайдолла] құзырына Самарқанға келеді. Хазірет ишан Маулананы Матуридке (Самарқан шетіндегі қыстақ) алып барып, Самарқанның жүзімдерінің түрлері өте әдемі дейді. Бағбан Маулана Қажы Қасымға бұйырып: «Мауланаға жүзімнің атақты сахиби, хусайни және фәхри түрлерінен алып келіндер», – деді. Әкелінген жүзімнен Маулана дәм татты. Жүзімнің сахиби, хусайни түрлері өте жақсы болып шықты. Хазірет ишан [Ұбайдолла] айтты: «Жүзімнің фахри түрін Хорасанда жегенімізде өте дәмді еді, сол себептен әуестеніп көп мөлшерде фахри түрін Хорасаннан алып келіп, осы жерге отырғыздық, бірақ жақсы болмады. Өзіңіз көргендей болды». Маулана Қажы Қасым жаққа бұрылып: «Самарқан жері – қонақжайлы емес екен», – деді.

[Жами] алғаш рет Самарқанға жұрт өзін білмейтін кезде келгенінде самарқандық бір кісі монша ішінде оған: «Әй, Хорасандық, сен моншаға тоныңмен кіргенсің бе?» – деді. Маулананың [Жамидың] денесі жүндес еді. Маулана: «Самарқандықтардың суықтығынан тіпті моншада да тонды тастауға болмайды екен», – деп жауап берді. Оның тапқыр әзілдері ел аузында көп таралған еді.

Бұл қысқа әңгімеде бұдан артық айтуға орын жоқ. Жами өте тұйық адам болғандықтан, қожалардың әдетіне орай... шәкірт (мүрид) қабылдамаған. Өмірінің соңында ол: «Бұл ұлылардың жолын жалғастыру біздің міндетіміз еді. Тұйық болғандығымнан, мен мұны істей алмадым, алайда дұрыс істемегенім қазір мәлім болып отыр. Сопылардың байланыс үрдісін үзбей жалғастырып отыру керек еді», – депті.

Маулана [Жами] 898 (1492) жылы фәни дүниеден бақи дүниеге [топырақ әлемінен киелі биіктікке] аттанды... ғұламалар [оның өлген жылының] хронограммасын «Аш

ар-и дилфириб» («Жалындаған жүрек жырлары») сөзінен тапқан.

Оның шығармаларының ішіндегі ең әйгілілері: «Шавахид ан-набувват», «Нафахат әл-унс», «Хафт ауранг», ол жеті өлең кітабынан тұрады. «Шарх-и-қафиие» бұл шығарма «Шарх-и-Молла» деген атпен белгілі, қырық хадис өлең сөзбен жырланған, «Лаваих», «Шарх-и Ламағат», «Шарх-и Фусус», «Шарх-и мимийа-йи хамарийа-йи ибн Фариз», «Шарх-и рубайат», үш диуан, «Муамма туралы трактат», «Инша» және басқа көптеген шығармаларын Маулана Абдалғафур [Лари] «Нафахатқа Шарх» жазған толықтыруда келтіреді... Маулана қайтыс болған соң, жастығының астынан жазылған бірнеше парақ шыққан. Ешкім оны одан бұрын көрмепті. Соның ішінде екі үзінді бар екен. Оны хазірет Махдуми Нұран... мен пақырға арнап жазған. Ол үзінділер [Сұлтан Саид] ханның өмірінің соңғы кезеңін жазған кезімізде келтіріледі...

Маулана Абдалғафур Лари «Нафахат әл-унсқа» жасаған «Түсіндірмесінде» былай деп жазады. «Мәртебелі Маулана [Жами] өмірінің басынан соңына дейін тұспал (аллегориялық) бейнелер әлемінде ғұмыр кешті әрі үнемі оның жүрек патшалығында махаббат әуенінің сазы үкімет дабылын қағып жататын-ды. Өмірінің соңғы күндерінің бірінде, бірде оңаша отырған кезінде жүздесуге бардым. Ол дәрет алып жатыр екен, оның мүбәрәк, жүндес, тыртық, теңбіл дақты білегі сондай таза, жалтырап көзге шалынды, бұрын-сонды мұндай білекті кім көріпті. Маулананың білектері таңдандырды. Маулана басын көтеріп, мені көріп: «Көптен бері өзімнің ғашықтығымды мынадай кейіпте көріп келемін, ойымда сүйікті, ұнамды бейнені елестетіп, соған тәнті боламын. Біршама уақыттан бері қиялыма бір бейнені елестетіп, соған ғашықтығымды білдіріп келемін. Бүгін құдіретті күшті Алла тағала қолдарымды қиялдағы бейненің қолдарына ұқсаттырып суреттеп елестетті. Тап қазір өз қолыма өзім ғашық болып отырған едім. Сіз осындай бір ғажайып уақытта келдіңіз», – деді. Қайта қараған кезімде Маулананың білектері бұрынғы табиғи қалпына келіпті».

Маулана [Жами] өлеңдері жұртқа кең таралып, мәлім болғаны сонша, оларды бұл қысқа әңгімеде дәлел ретінде келтіріп жатудың қажеті бола қоймас. Дегенмен де оның белгісіз бір ғазалы бар: [Оны жазған кезде] мынадай шарт қойыпты, яғни бірінші бәйітте бәрі бір-бірден бір әріп екінші бір әріппен қосылмай тұруы керек; екінші бәйітте екі әріптен қосылып келіп, сөйтіп үшінші бәйітте әрбір сөз үш әріптен құралып, осылайша ол бес бәйітке дейін жеткізуді ойлаған...

«Нафахатқа» жазылған «Толықтырулар» отыз бөлімнен тұрады. Маулана Абдалғафур Лари кешірім өтініп былай деп жазады: «Жамидың көптеген ғажайып оқиғаларын келтіре беруге болар еді, бірақ әңгімеміздің шұбалаңқыланып кетуінен жүрексігендіктен, осымен доғаруды ұйғардым. Себебі оның игі істері көп, сондықтан қысқа тоқталдық. Өйткені бұл [шығарманың] мақсаты бөлек, оның бәрін көбірек, ұзағырақ етіп келтірсек, онда мақсатымыз ашылмай қалмақ»<sup>8</sup>.

### **Жамидың Каширдегі қолжазбалары:**

- Бахаристан. Жами (Абд ар-Рахман). Хикаят // Насаих (2 көшірмесі бар).  
*Жамидың «Бахаристаны» («Көктем бағы»).* (Абд ар-Рахман Жами) Хикаялар // Ақыл-кеңестер.
- Интиқаб диуан Жами. Абд ар-Рахман Жами. Шағири. Фарси.  
*Жамидың таңдамалы диуаны (жинағы).* Абд ар-Рахман Жами. Өлеңдер. Парсы тілінде.
- Силсалат аз-Заһаб. Нұр ад-Дин Абд ар-Рахман Жами. Шағири. Фарси (5 көшірмесі бар).  
*Алтын тізбек. Нұр ад-Дин Абд ар-Рахман Жами. Өлеңдер. Парсы тілінде.*
- Саламан уа-л Абсал. Нұр ад-Дин Абд ар-Рахман Жами. Шағири. Фарси.  
*Саламан және Абсал. Нұр ад-Дин Абд ар-Рахман Жами. Өлеңдер. Парсы тілінде.*
- Шарх Рубағиат Жами. Жами. Шағири. Фарси (4 көшірмесі бар).  
*Жами рубаяттарына түсіндірме. Жами. Өлеңдер. Парсы тілінде.*
- Шавахид ан-нубувват. Жами. Сауонех. Фарси.  
*Пайғамбарлықтың дәлелі. Жами... Парсы тілінде.*
- Усаит әл-Иқд йа Диуан сани. Нұр ад-Дин Абд ар-Рахман Жами. Шағири. Фарси.  
*Алқаның орта звеносы немесе екінші диуан. Нұр ад-Дин Абд ар-Рахман Жами. Өлеңдер. Парсы тілінде («Диуан» – «жастық шақ» (1), «Өмір ортасы» (2), «Өмірдің соңы» секілді үш бөліктен тұрады).*
- Риаз ан-насихин. Мухаммад бин Мухаммад бин Шейх Мухаммад әл-Жами. диниат. Фарси.  
*Насихат шалғыны (бағы). Мухаммад бин Мухаммад бин Шейх Мухаммад әл-Жами. Діни (мәселелер). Парсы тілінде.*
- Рикаат Жами. Нұр ад-Дин Абд ар-Рахман Жами. «Инша». Фарси (4 көшірмесі бар).  
*Жамидың Рикааты (жазудың бір түрі). Нұр ад-Дин Абд ар-Рахман Жами. («Инша»). Парсы тілінде.*
- Әл-Фавоид аз-Зийайе (фи шарх «әл-Кафиййа). Абд ар-Рахман Жами... Араби.  
*«Әл-Кафиййа» жолдауына түсіндірме. Абд ар-Рахман Жами. Араб тілінде.*
- Нафахат әл-унс мин хадарат әл-құдс. Абд ар-Рахман ибн Ахмад әл-Жами... Фарси.  
*Қасиетті жүректің достық самалы. Абд ар-Рахман ибн Ахмад әл-Жами... Парсы тілінде.*
- Сибхату-л абрар. Жами. Маснави. Фарси.  
*Тақуалар тәспісі. Маснауилер. Парсы тілінде.*
- Маснави. Йусуф Зулайха. Нұр ад-Дин Абд ар-Рахман Жами. Шағири. Кашмири.  
*Йусуф Зулейха. Маснауи. Нұр ад-Дин Абд ар-Рахман Жами. Өлеңдер. Каширдегі тілінде.*
- Лаваих. Абд ар-Рахман Жами. Суфи Азам. Фарси.  
*Лаваих. (Қара сөз және өлең түрінде жазылған сопылық уағыз). Абд ар-Рахман Жами. Сопы Азам. Парсы тілінде.*

**Диуан Науаи (Узбаки).** Науаи узбаки. Шағири (Өлеңдер). Фарси (Парсы тілі). Атақты Әлішер Науаидың (1441–1501) да Кашмир кітапханасында парсы тілінде өлеңмен жазылған жинағы бар. Оның өмірі мен шығармашылығына Мұхаммед Хайдар Дулати «Тарих-и Рашидиінде» бірнеше рет тоқталған. Оған «Әмір Әлішер жайында әңгіме» деген атау берген:

«Оның лақап аты – Науаи. Түрік тілінде оған дейін де, одан кейін де ешкім мұншама көп өлең жазбаған. Бұл – өнер саласының хас шебері. Оның түрік тіліндегі өлеңдері Молла [Жәмидің] парсы тіліндегі өлеңдеріндегі сияқты жалпақ жұртқа кең тараған. Науаидың парсы тілінде жазған өлеңдері де көп, оған ол «Фани» деген лақап ат берген. Ол Қожа Хафиз Ширазидің диуанына жауап жазды, ол оның «Киелілер қасидасын» Қожа Хұсраудан кейін ешкім ондай етіп жырлай алмаған.

Хазірет-и Махдуми, адамзаттың мақтанышы, Нұраддин Маулана Әбдірахман Жами Хижаз сапарынан оралғанда Әмір Әлішер оны қарсы алуға мынадай рубаи жолдайды.

*Ынсап берші сен маған, ей, көгілдір аспаным!  
Маңыздырақ Күн, Айдың қайсысының дастаны?*

*Әлде Күн бе алаулап Шығыс жақтан ататын?  
Әлде Ай ма аспанда жұлдыз жайып жататын?*

Түрік тілінде оның үш һәм парсы тілінде бір диуаны бар. Ол түрік тілінде «Тазкират ал-авлийаны» жазды әрі «Хамсаға» жауапты түрік тілінде жырлаған. Бұдан басқа да оның көптеген шығармалары бар. Бір диуаннан басқаларының бәрі түрік тілінде жазылған.

Мұхаммед Захир ад-Дин Бабыр (1483–1530) «Бабыр намесінде» «Әндіжанның тұрғындарының бәрі түркілер. Қалада және базарда түрік тілін білмейтін адам жоқ. Халықтың сөйленісі әдеби «тілге» ұқсас. Әмір Әлішер Науаидың шығармалары, ол Гератта өсіп, тәрбиеленсе де, осы тілде (жазылған)»<sup>9</sup> дейді.

Ал Мұхаммед Хайдар Дулати: Оның тегі ұйғыр бахшысынан. Оның әкесін «кішкене бахши» деп атайтын. Ол – лауазымды қызмет атқарған адам. Әмір Әлішер бала кезден Мырза Сұлтан [Хүсейінмен] дос болды. Мырза [Сұлтан Хүсейін] патша болғаннан кейін, ол оған қызметке (қол астына) келді. Мырза Сұлтан Хүсейін оны қатты сыйлап, қызмет көрсетті. Ал Әлішер болса ғалымдарға қолдау білдірді.

Сөйтіп сол кезде, әртүрлі топтың ішінен соншама ғалым, теңдесі жоқ озық адамдар көбінесе Әлішердің еңбегінің арқасында шыққан. Ол әмір болып тұрғанда күш-жігер жұмсап, мол дәулет те жинаған, мемлекеттік жұмысты реттеп отырған, оның иелігіне түсетін күнделікті кіріс он сегіз мың шаһруһиға жеткен еді. Өзінің әмірлігіне қарасты барлық қызметші мен нөкерлерді, теңге соғатын сарайды, ат қораны, патшалық ғимараттарды Әмір Баба Әліге тапсырды. Ол сол кезде атақты жауынгер (әскер басшы) болатын. Әскери қызметін қалдырып [Сұлтан Хүсейінге], басқа да ақсүйектер және оның жақындарымен бірдей қызмет ете бастады.

[Әлішер] қолынан келгенінше мұқтаждардың талап-тілегін орындайтын әрі



ғалымдарға қамқорлық жасайтын. Иелігінен түсетін барлық табысын қайырымдылық жолына сарп ететін. Көптеген медреселер, ханака, мешіт тағы басқа ғимараттар тұрғызды. Қазірге шейін осы ғимараттардың кейбіреулері Хорасанда сақталып қалған. Мұншама сәулетті ғимараттарды тұрғызу ілуде біреу болмаса, екінің бірінің қолынан келе бермесі анық. Орайын тауып ол қамқорлық көрсетпеген бірде-бір ғалым жоқ шығар.

Егер ұстаз болмаса, ғалым да болмас еді. Әлішер жан дүниесі өте нәзік, сезімтал, алғыр ойлы жан еді. Басқалардың да алғыр да парасатты, тәрбиелі болғанын қалайтын. Ал парасатты да тәрбиелі болу өзге жұртқа қиын тиетін. Сондықтан реніш туып қалатын. Дегенмен Әлішердің бойынан болмысының тым нәзіктігімен, тез ренжігіштіктен басқа кемшілік табылмайтын. Шынында ол ғалым әрі дәулетті адам бола тұра бүкіл ғұмырын ұстамдылық пен қайырымдылық істер жасаумен өткізді. Бәйіт:

*Бұл теңіздің дәулеті – тереңдегі дүрде ме?  
Артықтығы адамның өрен қонған бірде ме?<sup>10</sup>*

Ойшыл, ұлы ақын Әлішер Науаи артына бай әдеби мұра қалдырған. Ол – отызға жуық өлең жинақтарының, көлемді поэмалар, прозалық шығармалар мен ғылыми трактаттардың авторы. Ол бізге Орта Азияның XV ғасырдағы рухани өмірін жан-жақты ашып көрсеткен шығармаларды мұра еткен.

Әлішер Науаидың лирикалары, әсіресе ғазалдары керемет тұтастығымен ерекшеленеді. Ақын шығармашылығының биік шыңы оның «Хамсасы» – Бестігі» («Бес кітабы»).

Қырықтың баспалдағын аттап, өмірлік бай тәжірибе жинаған Әлішер Науаи өзіне дейін өмір сүрген Низами Ганжауи, Әмір Хұсрау Деһлауилердің дәстүрлерін дамыта отырып, ұзақ жылдар ойластырып келген ойларын 1483 жылы жүзеге асыруды бастаған. Ол сол мерзімнен бастап бес поэмадан тұратын эпикалық үлкен ескерткішті іске асыруға кіріскен. «Хамсаның» алғашқысы «Тақуалардың абдырауын» ол аз мерзімде бітірген. Поэмада төрт мыңға жуық бәйіт бар. Әлішер Науаи бұл поэмада философиялық, саяси-қоғамдық және адамгершілік проблемаларды көтерген және оларға деген өз қатысын да білдіріп отырған»<sup>11</sup> дейді.

Әлішер Науаи «Лисан ат-тайырды» («Кұстар тілін») жазуда Аттардың тылсым поэмасына еліктеген.

2016 жылы Орта Азия жұрты Әлішер Науаидың туғанына 575 жыл толуын үлкен салтанатпен атап өтті.

«Тоты наме». Зийа ад-Дин Нахшаби (т.ж.б.–1350). «Тотының әңгімелері» – халық арасына кең тараған... әдеби ескерткіш. Нахшабтық Зийа ад-Дин Нахшаби III ғасырдың аяғында Өзбекстандағы Қаршы (бұрынғы Нахшаб) қаласында туып, 1350 жылы Бадаун қаласында қайтыс болған. Нахшабидың «Тоты намеден» басқа «Гүлриз» («Гүлшашу», «Джузийату куллийат» («Бүтін мен бөлшек»), «Ләззәт ан-Ниса» («Әйел ләззаты») атты шығармалары болған. Зийа ад-Дин үнді халықтары көне тілдерінің бірі санскритті, сонымен қатар осы елдің ежелгі әдебиетін де жақсы білген.

«Тоты наменің» негізі санскрит тіліндегі «Шукасаптати» атты шығармадан

алынған. Одан үнді халқының «Панчатантра», «Воталапанчавиншати», «Хитопадеш» сияқты шығармаларының араб, парсы әдебиетінің сюжеттерін кездестіреміз. Шығарма достық, махаббатқа адалдық, әділдік, мейірімділік, ізгілік, шынайылық секілді игі мұраттарға шақырады. Шығарманың композициясы мен кейбір даму желілері «Мың бір түн», «Қалила мен Димна» сияқты халық арасына кең тараған шығармаларды еске түсіреді.

**Кашмирдің қолжазба қорында:**

«Тоты наменің» 2;

«Ләззәт ан-Ниса» («Әйел ләззатының») 2 көшірмесі бар.

«Тоты наменің» көшірмесін Өзбекстан Ғылым академиясының қолжазба қорынан да көрдім.

«Тоты наме» күні бүгінге дейін орыс, өзбек, түрікмен, ауған, бенгал, неміс, ағылшын, француз, түрік, һинди тілдеріне аударылып, әлем халықтарының сүйіп оқитын шығармасына айналған. «Тоты наме» қазақ тілінде 1970 жылы «Тотының тоқсан тарауы» деген атпен жарық көрді.

«Алф лайла уа лайла» («Мың бір түн»). Иә, Кашмир қолжазба қорынан әлемге әйгілі «Мың бір түн» ертегілерін де ұшыраттық. Шығыстанушылар арасынан бұл дүниеге құрметпен қол созған қаламгерлер (зерттеушілер) де аз еместігін айтқан жөн. «Мың бір түнде» көптеген елдер мен жерлердің аттары ғана емес, сондай-ақ үнді элементтері де кездеседі. Осындай асыл дүниені оқуға үнді жұртының да ықыласты болғаны сөзсіз. Тіпті үнді элементтері болмағанның өзінде де ол оқырманды өзіне тартпай қоймас еді.

Шығыстанушы И.М. Фильштинский «Бұл ертегілер, әңгімелер мен повестердің отаны Үндістан деп жорамалдауға негіз бар. Арабтарға олар Иран арқылы келді. Араб топырағында ол дүниелер шамамен VIII ғасырдың соңынан өзінің жаңа өмірін бастады. Өйткені сол кездегі үнді және иран фольклорын тәржімалау арқасында исламдандырылған халықтардың ауызша әңгімелеу өнері араб көркем сөзінде маңызды орын алды»<sup>12</sup> дейді.

«Мың бір түнде» тек үнді-грек-парсы-араб қана емес, сондай-ақ түркі элементтері де ұшырасады. Шығарманың басты кейіпкерінің өз сапарларын Тұран елінен (Самарқан сапарынан) бастайтыны жайлы әңгіменің өзі де біраз жайттан хабар беріп тұрса керек.

«Мың бір түн» қазақ халқының да төл шығармасындай қабылданып, аса қызығушылықпен оқылады.

**Абдулла Кашмири** (т/қ.б.ж.б.). Кашмирлік бұл ақынның біздің заманымызға «Қисса Махмуд уа Аяз» атты шығармасы жеткен. Ол қазіргі Пәкстанды билеген Махмуд Ғазнауи (997–1030) патша мен оның құлы, кейін уәзірі, кеңесшісі болған Аяз жайына арналған. Ол – қазақ фольклорындағы Аяз бидің түпбейнесі.

Толық аты-жөні – Әбу-н-Нажм Аяз бин Аймақ. Атақты Махмуд Ғазнауи патшаның құлы. Өзіне шын беріліп, қалтқысыз қызмет еткені, ақылы мен ойы, парасаттылығы үшін патша оны уәзір дәрежесіне дейін көтерген. Мырза Мұхаммед Хайдар «Жаһан наме» поэмасында өзін сол Аязбен салыстырған. Махмуд Ғазнауи патша мен Аяз жайлы мәліметтер, әсіресе парсы әдебиетінде жиі ұшырасады. Мысалы, Сағди Ширази де өзінің «Бустанында» оларға бірнеше бет арнаған. [Саади Ширази. Бустан.

Изд. «Ирфон» Душанбе, 1971, 212–213-беттер; қазақшасы: Сағди. Жаннат (Жеміс бағы). Орыс тілінен аударған Мұзаффар Әлімбаев, Алматы, 1981, 156–157-беттер; сондай-ақ олар жайлы Камал Худжанди де жыр толғаған: А. Адалис. Поэты Востока. Изб. Переводы. М., 1979, 76-бет. Аяз бен Махмуд хақында сондай-ақ: Зийа ад-Дин Нахшаби. Книга попугая (Тути наме). Перевод с персидского, Москва, 1979, 225 с.] секілді әдебиеттерден көруге болады.

**Махмуд Таии** (т/қ.б.ж.б.). Өмірі мен шығармашылығы жайлы мағлұмат жоқ. Бірақ Кашмирден оның Абдалла Кашмиридің жоғарыда айтылған сұлтан Махмуд жайлы баяндайтын «Қисса Сұлтан Махмуд Ғазнауи» атты еңбегін көрдік.

## Руханият

Ислам Орта Азия мен Қазақ жеріне тек дін ғана емес, сондай-ақ үлкен ғылым, білім, әдебиет пен мәдениет әкелді. Тұран елі Шаш (Ташкент), Самарқан мен Бұхара, Насаф (Нахшаб), Әндіжан мен Марғұлан, Ахсикент пен Наманган, Отырар мен Исфиджаб (Сайрам), Тараз бен Баласағұн, Сығнақ пен Жезд ислам ілімін көркейтуге үлкен үлес қосқан ұландарымен мақтанады.

Орта Азия және Қазақ елі о бастан-ақ сүнниттер еді. Соның 4 мектебінің бірі Ханафи мазһабын ұстанды. Оның іргетасын атақты имам Әбу Ханифа қалаған.

**«Ан-Нұғман бин Сәбит әл-Имам әл-Ағзам (699–767) (Әбу Ханифа)** – дін ілімінің білімдары, фақиһ (мұсылман заңгері), мұхаддис (хадисші)... Ол жалпы және діни білім алған, жас кезінде соңғы сахабаларды тыңдаған, 22 жасында Ирактың аса көрнекті діни ғалымы Хаммад бин Әбу Сүлейменнің шәкірті болған. Оның үйірмесінде 18 жыл сабақ алып, кейін Куфа мен Басрадағы беделді фақиһ ретінде 10 жылдай осы үйірмені басқарған. 747–748 жылдары Әбу Ханифа өзін мемлекеттік қызмет атқаруға зорлап соңына түскен Ирактың әкімі Ибн Хұбайрадан құтылмақ болып, Меккеге аттанады. Аббас әулеті өкімет басына келгеннен кейін, ол Иракқа көшіп келіп, сонда өмір кешкен. Халифа әл-Мансұр (754–775) оған жаңа астана Бағдадта қазының орнын немесе басқа жоғары қызмет ұсынғанда Әбу Ханифа одан бас тартқан. Әбу Ханифаны көндіру үшін халифа оны ұлғайған жасына, беделіне қарамай абақтыға қамап, дүре соққызған. Бұған шыдамаған Әбу Ханифа көп ұзамай дүние салады.

Исламның діни іліміндегі жазба дәстүр Әбу Ханифадан басталады. Ислам әлеміндегі дінге сенушілік жайлы жазылған тұңғыш шығарма «әл-Фиқһ әл-акбар» немесе «Асл ат-таухидты» да Әбу Ханифа жазған делінеді. Мұнда исламдағы дінге сенудің негізгі бағыттары мен шарттары баяндалған: Құдайдың жалғыздығы, Алланың діни қағидалары, Құранның Құдай сөзі екендігі, ерік азаттығы, Алланың күдіреттілігі, пайғамбарлық күдіреттілік, адамдардың күнәһарлығы, қайырымды істер мен олардың сауабы, имандылық, әділдік пен жазмыш және Құранда осының бәрін қастерлеу жайында жазылған. Осы шығармадан Әбу Ханифаның мурджтықтар мен мұғтазилашылардың көзқарастарына қарсы күресі айқын көрінеді. Әбу Ханифа сонымен қатар, шағын хадистер жинағын құрастырған. Ол құқықтық мәселелерді

жалған дәлелдеушілер әдісін қолданып, соның арқасында фақиһтардың сыңаржақ талқылауларын күнделікті тіршілік талаптарына сәйкестендіруге мүмкіндік туғызған тұңғыш білімдар саналады. Әбу Ханифа және оның ең жақын серіктері құқықтық мәселелерді шешудегі ұқсастық және болжауды пайдалану әдістерін жасады.

Әбу Ханифаның мұрасы түрлі дәйексөзден, Әбу Жүсіптің «Китаб әл-харадж» шығармасына жасалған сілтемелерден, сондай-ақ Мұхаммед аш-Шайбанидың шығармаларында, әсіресе, «әл-Мабсут», «Китаб аз-зийадат» және «Китаб әл-асар» атты еңбектерде келтірілген дәйектемелерден тұрады. Әбу Ханифа шығармалары делінетін «Китаб әл-алим уа-л мутаалим» және «Уасийат Әбу Ханифа» іспетті кітаптар оның көзқарастары негізінде жазылған. Әбу Ханифаның саяси көзқарастары мұсылман қауымның жан-жақты бақылауындағы жоғары өкіметті заңды деп тану қағидаларын жақтайды»<sup>13</sup>.

Сөйтіп жоғарыда жазылғандардан байқағанымыздай, Орта Азия, яғни Мауараннаһр ғалымдары мен ойшылдарының шығармалары сонау Үндістанға, оның ішінде, Кашмирге де жеткен.

Кашмир қорында Әбу Ханифаның араб тіліндегі «Әл-Фикһ әл-акбар» еңбегінің бір данасы бар.

Ол түгілі, Испанияның Эскуриал, Мадрид, Сарагосса, Толедо, Гранада кітапханалары ғана емес, Жерорта теңізіндегі Балеарал, Мальта және Италияның Сицилиясының кітапханаларынан да бабаларымыздың жазба дүниелері ұшырасуда.

Тұранның ойпаз перзенттерінің туындылары тек Шығыс Азия ғана емес, сондай-ақ Батыс Еуропаның Испания, яғни Андалусиядан да табылып жатуының жайдан-жай емес екендігін айтқан жөн! Оған осы елдерге әр жылдары барған ғылыми іссапарларымда да көзім жетті.

Орта ғасырларда, әсіресе, Мауараннаһр жұртында ислам ғылым, білімнің фикһ саласы (мұсылман заңы) жақсы дамыды, оның себебі оған қарапайым халықтың мұқтаждығы еді. Сол себепті араб жұртының Каир, Дамаск, Бағдад секілді рухани, ғылыми орталықтарында білім алып қайтқан немесе өз елінің де білім ордаларында оқығандар, әсіресе, фикһ бойынша көптеген еңбек жазды. Олардың кейбіреулері араб елдерінде де жоғары бағаға ие болды.

Тұрандық бабалардың әдеби, мәдени, руханият саласындағы еңбектерінің көптеген елдің кітапханалары мен қолжазба қорларында сақталып қалуы оларға деген қажеттілік, мұқтаждық, ділгірліктің болуынан деп ойлаймыз. Үндістан медреселері мен мектептері, бертін келе жоғары оқу орындарында да оларға деген сұраныс әлі де мол.

Сонымен Кашмир кітапханаларына тағы да оралып, ондағы ханафит даналардың мұралары мен өмірі және шығармашылығы жайлы мағлұматтарға үңілейік.

Ханафит ғалымдардың басында әдетте Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарымыздың мыңдаған хадистерін жинап, олардың асылы мен ақиқатын саралай алған бұхаралық Мұхаммед әл-Бұхари тұрады.

**Мұхаммед бин Исмаил Әбу Абдаллаһ әл-Жуфи әл-Бұхари** (810–870) – діни-қайраткер, каламшы (дінтанушы) ғалым. Бұхарада иран тектес (түрік тектес те делінетін) әулетте дүниеге келіп, Хартанка (Самарқан шетіндегі қыстақ) елді мекенінде қайтыс



болған. 10 жасында хадистерді оқып-үйрене бастаған Бұхари ғажайып зерделігімен көзге түскен. Хадистерді жасөспірім кезінде Меккеге қажылық сапарында жинап, кейіннен халифаттың түкпір-түкпірін аралап (Мысыр, Ирак, Хорасан т.б.), жан-жақты зерттеді. Ол мыңнан астам шейхтан хадистер тыңдаған. Бұхари Мұхаммед Пайғамбар (с.ғ.с.) туралы айтылған ақиқат, шынайы (сахих) хадистерді жинауды мақсат етті. Сол кездегі мұхаддистерге (хадисшілерге) тән сыншылдықпен жұртшылыққа кең тараған 600 мың хадисті, сонымен қатар хабаршылардан өзі жазып алған тағы да 200 мың хадисті зерттеуден өткізіп, олардың ішінен ең мінсіз, шыншыл деген 7400 хадисті іріктеп алған. Солардан «әл-Жами ас-Сахих» деп атаған жинақ түзді, ол әдетте қысқаша «ас-Сахих» деп аталады.

Бухаридың «ас-Сахихы» мұсылман әлеміне танымал «әл-Кутуб ас-ситта» («Алты (ақиқат) кітап») деп аталатын хадистер жинағының қатарына жатады. Қалған бесеуі – «Муслим әл-Кушайри», «Әбу Дауд» ас-Сиджистани», «Мұхаммед ат-Тирмизи», «ан-Насаи» және «Ибн Мажа» жинақтарында Бұхари хадистерді алғаш рет сюжет (оқиғалар желісі) бойынша құрастырып, Пайғамбар (с.ғ.с.) мен сахабалардың өмірбаянына байланысты бұрын кездеспеген тарихи, этнографиялық материалдар ұсынды. «Ас-Сахих» мұсылман елдерінде көп басылды, сол сияқты ағылшын, француз т.б. тілдеріне де аударылған. Сүнниттер үшін «ас-Сахих» Құраннан кейінгі екінші деп есептеледі. XX ғасырдың 90-жылдары Бұхаридың отаны Өзбекстанда ғұлама есімі қайта жаңғырып, оның хадистер жинағы өзбек, (тәуелсіздіктен соң) қазақ тіліне де аударылып, жарық көрді. Бұхари сондай-ақ, хадистерді жеткізушілердің ғұмырнамаларынан тұратын «ат-Тарих әл-кабир» және Құранға түсіндірменің («Тафсир әл-Құран») де авторы<sup>14</sup>.

Кашмирде Мұхаммед бин Йусуфтың «Кауакиб ад-дурар» («Жарқын жұлдыздар») атты әл-Бұхаридың «Ас-Сахихына» шарх (түсіндірме) жасаған араб тіліндегі еңбегінің қолжазбасы тұр.

**Низам ад-Дин бин Мұхаммед Азиз аш-Шаши** (т.ж.б.–954). Ортаазиялық (Ташкенттік) көрнекті ғалым. Ислам діні жайлы «Усул аш-Шаши» («Аш-Шашидың» (дін) негізі») атты үлкен еңбек жазған. Шығарма ислам үкімдерін шығаруда қолданылатын ереже-қағидаларға арналған.

Оның өмірі мен шығармашылығы туралы түрік ғалымы Ахмет Өзел<sup>15</sup>, үнділік Мұхаммед Абд әл-Хайй әл-Лакнауи әл-Һинди<sup>16</sup>, араб зерттеушілері Умар Рида Каххала<sup>17</sup>, Мұхий ад-Дин Аби Мұхаммед Абд әл-Қадир Әби-л Уафа әл-Кураши<sup>18</sup> және неміс шығыстанушысы Карл Брокельман<sup>19</sup> да қалам тербеген.

Мұхаммед Абд әл-Хайй ол туралы «Әбу Әли Ахмед бин Мұхаммед бин Исхақ аш-Шаши, ханафи ғұламасы. Бағдадта өмір сүрген, көрнекті ғалым Әбу Хасан Убайдолла бин Хүсейін бин Даллал әл-Кархиден (873–952) дәріс алған. Оның «Усул аш-Шаши» және «Хусул әл-хауаши» (оған Мұхаммед бин Хасан ас-Санбухли шарх (түсіндірме) жасаған» атты шығармалары бар» десе, египеттік оқымысты доктор Шағбан Мұхаммед Исмағил «Исхақ бин Ибраһим Әбу Йағқуб әл-Хорасани аш-Шаши өз кезінде ханафи фақиһы болды, нисбасы (шығу тегі) жағынан Шашқа қатысты кісі-тін, Шаш Сайхун – Мауараннаһрдағы (Сырдария жағасындағы) қала. Әбу Әли содан Шаштан шығандап шығып, Мысырға келді, сонда қазылардың уәлісі болды, сол қалада қызмет етіп, сонда дүниеден өтті... Аш-Шаши фикһ негізі саласының білгір маманы-ды, ол «Усул аш-

Шаши» атты Үндістанда басылған еңбек жазды. Ғалым «Һижраның 325/935 жылы Мысырда қайтыс болды»<sup>20</sup> дейді. Әйтсе де Ахмет Өзел оның қайтыс болған мерзімін 955 жыл деп көрсеткен. Дәл осы мағлұматтарды «Мұғжам әл-муаллафиинінде» Умар Рида әл-Каххала және «Әл-Фатх әл-мубийн фи табақат усулиинінде» Абд Алла Мустафа әл-Марағи де қайталаған<sup>21</sup>.

«Усул аш-Шаши (мухтасар фи усул әл-фиқһ әл-ислами)» Бейрутте 2000 жылы жарық көрді<sup>22</sup>. Басылымды жүзеге асырған Мұхаммед Акрам ан-Надуи. Алғы сөзін жазған осы заманның білгір исламтанушы ғалымы, профессор доктор Йусуф әл-Кардауи. Шаш перзенті жайлы шағын зерттеуінде ан-Надуи ғалым баба шығармашылығына үлкен баға берген.

Неміс шығыстанушысы Карл Брокельман (1856–1956) шаштық ғалымның аты-жөнінің соңына «Самарқанди», «Қади (қазы)» деген сөздерді қоса отырып, оның еңбектері қолжазбаларының Каир, Рампур, Патнада (Үндістан) сақтаулы екенін айтқан.

Аш-Шашидың аталмыш еңбегінің Кашмир кітапханасында 6 көшірмесі, сондай-ақ бір көшірмесі Ташкент қолжазба қорында да сақтаулы.

**Әбу Лайс Самарқанди** (т.ж.б.–1003). Толық аты-жөні – Әбу Лайс Насыр бин Мұхаммед бин Ахмед бин Ибраһим ас-Самарқанди. Фиқһтанушы (заңгер), мұфассир (түсіндірмеші). Ол сондай-ақ «әл-Фақиһ» («Мұсылман заңгері»), «Имам әл-Һуда» есімдерімен де танылған. Ілімі мен білімінің арқасында Самарқанның «Шейху-л ислам» атымен де мәшһүр болған. Оның қаламынан «Хизанат әл-фиқһ» («Фиқһ қазынасы»), «Бустан әл-арифиин» («Білгірлер бағы»), «Танбиһ әл-ғафилиин» («Ықылассыздарды ұғындыру») секілді тағы да басқа еңбектер туған. Қасиетті Құранға тәпсірлер жазған. «Бахру-л улум» («Ғылым теңізі») атты екі қолжазбасы біздің заманымызға жеткен. Олардың бірі Мысырда, екіншісі Шотландияның Эдинбург кітапханасында сақтаулы.

Кашмир қорынан Самарқан перзентінің араб тіліндегі:

«Мухтасар» әл-қира «Бустан әл-арифиин», Хадис, Тажуид» іспетті еңбегін ұшыраттық.

**Қудури** (972–1037). Әбу-л Хұсейн (Хасан) Ахмед бин Мұхаммед бин Ахмед бин Жағфар ал-Кудури.

Ирақтағы алдыңғы қатарлы Ханафи ғұламаларының бірегейі һижраның 362 (972) жылы Бағдадта дүниеге келген. Әбу Абдуллаһ Мұхаммед бин Йахия ал-Журжаниден фиқһ бойынша дәріс алған. Шафиғи ғұламасы Әбу Хамид ал-Исфарайнимен пікір таластырған. Кейбір ғұламалар Қудуриді Халуаниден жоғары санаған. Һижраның 428 жылы 5 ражаб айында (24 сәуір 1037) Бағдадта дүние салған.

Еңбектері:

«Әл-Мұхтасар» – Ханафи мазһабындағы маңызды шығарма. (Дели, 1847; Лаһор, 1870; Казан, 1890, 1909; Бомбей, 1303, парсы және пуштун тілдерінде; Стамбұл, 1281, 1309, 1310, 1317–18; Каир, 1957).

Аудармалары: Ch.Solvét (Париж, 1829) француз тіліне тәржімаланған. Оның бір бөлімін G.N. Bousquet пен L.Bercher «*Le stitut personel en droit musulman hanafite*» деген атпен француз тіліне аударған. Еңбектің «Жиһад» бөлімін (Leipzig, 1825–26) Rosenmüller «*Analecta Arabica*», «Неке» бөлімін G.Helmsdörfer (Франкфурт, 1832) неміс тіліне аударған<sup>23</sup>.

Кашмир қорында оның «Шарх» (түсіндірме) атты еңбегі бар.

**Әбу Хафс ан-Насафи** (1068–1142). Орта Азияның көрнекті ғалымдарының бірі Әбу Хафс Насаф шаһарында 1068 жылы дүниеге келген. Жас кезінен ілім, білімге ерекше іңкәр болған ол, әсіресе, ислам ғылымына қатты қызыққан. Оны фикһ, хадис, калам, тафсир, адаб, назм салалары аса қызықтырған. Бұл ретте ол Бұхара ғалымдарынан көп тағылым алған. Араб, парсы ғалымдары сияқты ол да аталмыш салалар бойынша көптеген еңбек жазған. Әсіресе, оның «Ақида ан-Насафийа» атты шығармасы ислам әлеміне кең таралған. Хадисті меңгеру үшін ол 500-ден астам шайқыдан хадистер риуаят еткен. Сондай-ақ қысқаша «Китаб әл-қанд» деп аталып кеткен «Китаб әл-қанд фи мағрифати улама Самарқанд» атты шығармасында ортаазиялық һәм қазіргі қазақ жері Отырар, Сығнақ, Тараз, Исфиджабтың ғұламалары жайлы биобиблиографиялық аса құнды дүние қалдырған. Оны мен біраз еңбектерімде пайдаландым.

Кашмир қорында оның:

«Ақайд ан-Насафия» (араб тілінде) атты аталмыш еңбегінің (2 көшірмесі) және оған Шамс Ахмад Джунди жазған «Шарх» (түсіндірме) де бар.

Ақида (араб. сенім, бұлжымайтын қағида; көпше түрі – ақайд). Ислам дініндегі негізгі қағидалар жиынтығы. Бұлар Әбу Ханифаның «әл-Фикһ әл-акбар», ан-Насафидың «әл-Ақайд» секілді жинақтарында көрініс тапқан. Бұлардың ең бастысы:

«Алла бір, Пайғамбар хақ деп білу, қасиетті Кітаптарға, Құранның ақиқаттылығына, о дүниеде болатын тергеу мен сотқа, Тозақ пен Пейіштің барлығына сену»<sup>24</sup>.

Әбу-л Баракат Абдулла бин Ахмед бин Махмуд ан-Насафи (т.ж.б.–1310). Фикһтанушы, мухаддис (хадисші). Ұстазы қазақ халқының көрнекті перзенттерінің бірі Абд ас-Саттар әл-Кердери (1203–1244). Ол да өзге ортаазиялық жерлестері сияқты жастайынан ғылым, білімге құмар болған. Есейе келе жоғарыда аталған ислами ғылымның салаларына арналған еңбектер жазған. Хорезмдік Әбу-л Қасым аз-Замахшаридің (1075–1144) «әл-Кашшаф» атты атақты еңбегінен көп тәлім алған. Өмірінің соңында Бағдад медреселерінде талайларға дәріс берген, сонда дүниеден өткен. Әбу-л Баракат еңбектерінің қолжазбасы тек Кашмирде ғана емес, Ташкент қолжазба институтында да сақтаулы.

Кашмир қолжазбалар қорында Насафтық ғалымның:

«Мадарик ат-танзил уа хакаиқ ат-тауил» (араб тілінде) – 1 көшірме;

«Канз ад-дакаиқ» (фикһ) (араб тілінде) 2 көшірмесі бар.

Насаф – XIV ғасырда өзгертіліп, Қаршы деген атау алған ортағасырлық қала. Ол қазіргі Бұхарадан оңтүстік-шығыста 150 шақырым жердегі Қаршы өзені алқабындағы жазықта. Бүгінде ол Өзбекстанның Сурхандария облысындағы аудан орталығы. Кезінде одан Қазақ даласындағы Отырар сияқты көптеген ғалымдар шыққан.

**Убайдолла бин Масғуд әл-Махбуби** (т.ж.б. –1346) – ғалымдар әулетінен шыққан ортаазиялық парасат иесі. Үлкен атасы Шамс ад-Дин Махмуд бин Ахмед әл-Махбуби ілімпаз кісі-тін. Ол бұхаралық садрлар – дін қайраткерлері басшысы дәстүрін жалғастыруды ұлы Ахмед бин Убайдолла бин Ибраһим әл-Махбубиге (т.ж.б.–1233) тапсырды. Әулет содан садр аш-шариа (шариат садрлары) діни лауазымын иеленді.

Сөйтіп Кашмирде қолжазбасы сақталған ғалымның аты-жөні Убайдолла бин

Масғуд әл-Махбуби. Оның трактаты «Ан-Нукайя мухтасар әл-уйқайя» деп аталады. Ғалымның еңбегі ұзақ жылдар медреселерде оқулық ретінде пайдаланылып келді.

Жас Убайдолла алғашқы білімді сол кездегі дәстүр бойынша атасы Тадж аш-шариға Махмұд бин Садр аш-Шариғадан алған. Ол «Шарх әл-уйқайя» атты еңбек құрастырған. Одан Хафиз ад-Дин Әбу-т Таһир Мұхаммед бин Мұхаммед бин әл-Хасан ат-Таһири дәріс алған<sup>25</sup>.

Убайдолланың еңбегі алыстағы Кашмирге қалай тап болды деген мәселе жұмбақ. Біздіңше оны мұнда Бұхара, Самарқаннан осында келген сопылардың бірі жеткізсе керек. Содан ол күні бүгінге дейін сонда сақтаулы.

Убайдолла бин Масғуд (Садр аш-шариға) қаламынан бірнеше шығарма туған. Олар:

- Ат-Танкин;
- Шарх әл-уйқайя;
- Ан-Нукайя;
- Тағдилу-л улум.<sup>26</sup>

Ғалымның бұл еңбектерінің көшірмелері Дели, Қазан, Лакнау, Калкутта, Кашмир, Лаһор, Ташкент, Стамбұлда тұр.

Осылардың ішіндегі Кашмирдегісі тек жоғарыда аталған туындысы ғана.

Ал қысқаша «Мұхтасар әл-уйқайя» аталатын XV ғасырда құрастырылған трактатты Ташкенттен Өзбекстанның Ғылым академиясы қолжазбалар қорынан да көрдім<sup>27</sup>.

Ал «Шарх мұхтасар әл-улқайя фи-л фикһ әл-ханафи» түрік тіліне аударылып (тәржімашы Мухаммад Салах), Мединеге 1993 жылы жарық көрді (477 бет).

**Сағад ад-Дин ат-Тафтазани** (1322–1390). Сағад ад-Дин Масғуд бин Омар бин Абд Алла әл-Харауи ат-Тафтазани – белгілі исламтанушы, фикһ ғалымы. Орта Азияның Тафтазан қыстағында дүниеге келген. Өсе келе ол үлкен ханафит ғалымы болды. Ақсақ Темірдің кезінде өмір сүрді, соның сарайында тұрып, құрметіне бөленді. Самарқан мен Хорезмде күн кешті. Медреселерде шәкірттерге дәріс берді. Ислам ілім, білімінің білгірі ретінде танылды. Араб тілінің грамматикасын, поэтиканы жақсы білді.

### ***Тафтазанидың Кашмирдегі қолжазбалары:***

Әл-Мутаууал. Сағд ад-Дин Тафтазани. Хитабат. Араби (2 қолжазбасы сақталған). «Толық». Сағд ад-Дин Тафтазани. Риторика. Араб тілінде.

Хашия Хусам ад-Дин ала Шарх ат-Тафтазани. Ибраһим ибн Мухаммад. Фикһ. Фарси.

Сағд ад-Дин Тафтазанидың шархына Хусам ад-Диннің түсіндірмесі. Ибраһим ибн Мұхаммед. Фикһ мұсылман заңы. Парсы тілінде.

Рисале мухтасар мизание. Сағад ад-Дин Тафтазани. Мантиқ. Араби (2 көшірмесі бар).



*Таңдаулы мизание жайлы трактат. Сағд ад-Дин Тафтазани. Логика. Араб тілінде.*

Шарх Кайдани. Фикһ. Араби.

*(Лутфулла ан-Насафи әл-Фадил) Кайданидің түсіндірмесі. Фикһ (Мұсылман заңы). Араб тілінде.*

Мухтасар әл-Мағани. Саъад ад-Дин Тафтазани. Марса Ибарат. Араби.

*Таңдаулы әл-Мағани. Сағд ад-Дин Тафтазани. Марса Ибарат. Араб тілінде.*

Ислам діні ғана емес, оның суфизмі де мұсылман шығысының біраз жұрттарында, сондай-ақ Тұран елінде де із қалдырған. Суфизм тариқаттарының бірі – Нақшбандия. Енді оның тарихы және өкілдерін толығырақ сөз етіп көрейік.

«Нақшбандия (түрікше неқшбендия – сопылық бауырластық). XV ғасырдың аяғында негізі Ахмед Йасауи мектебінен алынған, Абд әл-Халық әл-Гидждуани (1103–1179) қалыптастырған Тарих-и ходжаған тылсым ілімін қайта жаңғыртып, толықтырған, Нақшбандия оның ұйымдық негізін қалаған Баһа ад-Дин Нақшбандидың (1318–1389) есімімен аталған. Көзқарастары жөнінен қатал сунниттік болып табылатын 12 аналық бауырластықтың біреуі өзінің рухани силсиласын (тізбесін) бір жағынан, Әбу Бәкірге, екінші жағынан, Әли бин Әбу Талибке тірейді. Нақшбандияның бұл шежіресі «Силсилат аз-заһаб» («Алтын тізбек») деп аталады да, Пайғамбармен рухани жағынан да, бауырластық жағынан да бірлікті танытады.

XV ғасырдан бастап Нақшбандия (Орта Азиядан шығандап шығып) бірте-бірте Каир мен Босниядан Ганьсу мен Суматраға дейін, Еділ бойы мен Солтүстік Қауказдан Үндістанның оңтүстігі мен Хиджазға дейінгі ұлан- байтақ жерлерге ықпал еткен, ең көп тараған діни бауырластыққа айналды. Нақшбандиядан бірнеше қуатты үрім-бұтақтар тарап, кейін өз аймақтарында жеке бауырластықтарға айналды.

**Орта Азия:** Баһа ад-Дин қайтыс болғаннан кейін оның халифасы және мирасқоры Ала ад-Дин Аттар (т.ж.б.–1400) мен әсіресе, Қожа Мұхаммед Парса (1345–1420) Нақшбандияны біріктіру, оның ықпалын күшейтіп, ұйымдық құрылымын нығайту ісінде аса маңызды қызмет атқарды. Өзінің әлеуметтік негізі жағынан қалалық болып табылатын, сауда және кәсіпкерлік ұйымдармен тығыз байланысты бауырластық көшпелі түрік тайпаларына да ықпал ете бастады. Осы кезеңде Убайдоллаһ Ахрардың (1404–1490) тұсында Нақшбандияның саяси және экономикалық ықпалы ең жоғары шарықтау шегіне жетті. Саудагерлік және жер иеленуші топтарға арқа сүйеген Убайдолла Темір әулеті өзара алауыздықтарына белсенді де шебер араласып, 40 жыл бойы бүкіл аймақтың іс жүзіндегі билеушісі болды. Оның «Өзіңнің әлемдік рухани парызыңды атқару үшін саяси билікті пайдалана білу қажет» деген ұраны Нақшбандияның бұдан кейінгі бүкіл әлеуметтік-саяси белсенділігін белгілеп берді.

Бауырластық Мауараннаһрда қырғыз рулары мен қазақтардың тайпалық бірлестіктері, сондай-ақ Ахмет Қасани ұрпақтарының екі үрім-бұтағы – Ақтау және Қаратау қожаларының арасындағы кескілескен шайқастар нәтижесінде бүкіл саяси және діни өкімет толығымен алғашқылардың қолына көшті. Сөйтіп ол (XVII ғасырдың соңы – XVIII ғасырдың ортасы) Шығыс Түркістан халықтарын түпкілікті исламдандыру ісінде ерекше қызмет атқарды. Нақшбандия XVIII ғасырдан XX

ғасырдың 20 жылдарына дейін Орта Азия мен Еділ бойында (Қазан) қызмет етті<sup>28</sup>.

**Үндістан:** Нақшбандияның алғашқы қауымын Кашмирде XVI ғ-дың ортасында Баба Уәли шейх ұйымдастырды. Бауырластықтың белсенді қызметі Делиде Нақшбандия ханакасының негізін салған Бакибиллах қожаның (1563–1603), әсіресе, Ахмет Сирхинди Шейхтың (1564–1624) есімдерімен байланысты. Соның арқасында Нақшбандия Үндістанға кеңінен тарады...

**Осман Түркиясы:** Түркияға алғашында Нақшбандияның ортаазиялық тармағы жетті. Абдоллаһ Симауи молда (1490 ж.қ.б.) Стамбұл медресесін бітірген соң, Самарқандағы Қожа Ахрарға келіп, оның қарамағында бір жыл оқып, Бұхарадағы Баһа ад-Дин Нақшбанди деген діни атақ алып, Ахрардың халифасы (орынбасары) ретінде отанына аттанды. Ол алғашқыда Симауда іске кірісті, содан соң Стамбұлға барып, Нақшбандия теккесінің негізін қалады.

1630 ж. шамасында Йемен мен Хиджазға нақшбандық муджадидтер келіп, оның мүшелері әрі қарай Мысырға жетті. Үнді бауырластықтарының екінші толқыны қожа Мұхаммед Масума (1669 ж.қ.б.) шәкірті Мұхаммед Мұрат әл-Бухаридың (1729 ж.қ.б.) қызметіне байланысты. Ол Хиджазда, Мысырда, Сирияда және Түркияда насихат жүргізді. Ол өлгеннен кейін Стамбұлда мурадия теккесінің іргетасы қаланып, үнді тармағының орталығына айналды. Хусайн-Баба Зукичтың күш салуымен бұл тармақ Боснияға жетті, ал Мұхаммед-Мұраттың Сириядан шыққан мирасқорлары Нақшбандия ықпалын Палестинаға жайып, онда бірнеше зауийа құрылды...

Нақшбандияда бауырластықтың бірыңғай, ортақ орталығы болған жоқ. Нақшбандия қамқоршысы Баһа ад-Дин кесенесі бауырластықтың барлық мүшелері тәуап ететін орынға айналды. Қауым мен оның мүшелерін басқару жүйесінің басқа бауырластықтардан ешқандай айырмашылығы болған жоқ. Нақшбандия тақуалықты теріске шығаратындықтан, барлық «бауырластар» дүниәуи сопылар болып табылады, олардың тәңірі үйінде тұруы міндетті емес.

Шәкірт үш айлық сынақтан өткеннен кейін ғана мүшелікке қабылданады, бұл мерзім ішінде мүрид біржола асүйге тұрақтап, ең ауыр жұмыстарды атқарады. Ол бауырластыққа қабылданатын күні дәрет алу рәсімін жасаған соң, шейхқа бауырластық қамқоршысы мен Пайғамбарға адал болу туралы ант береді, содан кейін бауырластықтың баяу зікірі, оның ережесі, намаз оқу тәртібі жайлы түсініктемелер алып, барша жиналған қауымға қонақасы береді. Нақшбандия әйелдерді бауырластыққа қабылдауға қарсы емес, егер паранжылары болмаса, оларды зікірге шақыруға тыйым салынған<sup>29</sup>.

Кашмир қорынан 10 нақшбандидің жазба мұралары табылды. Олардың әрқайсысы жеке-жеке тоқталуды, жеке-жеке сөз етуді талап етеді. Әдетте нақшбандилердің басында оның негізін қалаған Баһа ад-Дин Мұхаммед әл-Бұхари аталады. Сондықтан да оны бірінші сөз етейік.

**Баһа ад-Дин Мұхаммед бин Бурһан ад-Дин Мұхаммед әл-Бұхари** (1318–1389) – Ходж-йи бузург және Шаһ-и нақшбанд сияқты XIV ғасырдағы ортаазиялық суфизмнің ірі өкілі. Сопылық бауырластық нақшбандийа атауы оның кәсібіне (нақшбанд-нақыштаушы) байланысты шыққан.

Нақшбанд Қаср-и hindуван ауылында дүниеге келген. Әкесі тоқымашы әрі

нақыштаушы зергер болған. Нақшбанд тағдырында сопылармен тығыз байланысы бар атасы негізгі рөл атқарды. Немересінің тылсымға қызығушылығын оятқан да сол. Нақшбандтың алғашқы ұстазы шейх Мұхаммед Баба-йи Симаси. Ол қайтыс боларының алдында (1340 ж.қ.б.) халифасы Әмір Саййид Кулалға (1370 ж.қ.б.) Нақшбандты өзіне шәкірттікке алуды, ходжаған дәруіштерінің қауымына қосып, олардың тылсым жолының тәртібін үйретуді өсиет етеді.

Жазбаларда Нақшбанд байлыққа қызықпаған, қанағатшыл тақуа адам, сол жолды уағыздаушы ретінде насихатталады. Дүние салғаннан кейін Нақшбанд біртіндеп әулие және Алланың сөзін жеткізуші, қасиетті деп танылып, халықтың жебеушісі саналған. Нақшбанд жүйелі дәстүрге еніп, оның жеке басына сиынып, құрмет тұту рәсімі ретінде Орта Азия мен оған көршілес елдерге кеңінен таралды. Ал оның зиратының басына 1544 ж. Шибани Абд әл-Азиз хан салдырған кесене тәуап ететін қасиетті орынға айналды. Оның басына үш рет барған адам Мекке мен Мединеге қажыға барғанмен бірдей саналған»<sup>30</sup>.

Нақшбандияның жаһан жұртына біраз таралуына Баһа ад-Диннен басқа да еңбегі сіңгендер бар. Кашмир кітапханасынан солардың бірқатарының қолжазбаларын көрдім. Олардың бірнешеуі ақын болса, өзгелері руханият саласының өкілдері.

*Абд әл-Қадр Нақшбанди.*

*Сағад ад-Дин Нақшбанди.*

*Саид Гулам Расул Нақшбанди.*

*Ходжа Муаин Нақшбанди.*

*Ходжа Нақшбанди.*

*Гулам Бани Нақшбанди.*

*Диа Нақшбанди.*

*Саид Мухтар Булақ Нақшбанди.*

*Абд ар-Раззақ Нақшбанди.*

*Мулла Баһа ад-Дин Кашмири.*

Кашмирде халық арасында шиалардың рафизиттері де теріс үгіт-насихат жүргізуімен болды. Ислам дінінің мұнда тарағанына көп болмағаны һәм сол себепті де жұрттың асыл дінді әрі толық, әрі жақсы білмейтінін пайдаланған рафизиттер, халықты сүнниттерге қарсы қоюға барынша тырысты. Олар аз да болса қазір де бар көрінеді. Ол жайлы Мұхаммед Хайдар Дулати «Тарих-и Рашидиінде» былай деп жазған:

«Кашмир тұрғындарының барлығы [исламның] Ханафи мазһабын ұстанды. Нәдір сұлтанның әкесі Фатх шаһ билік жүргізіп тұрған кезеңде осы жерге Шамс атты бір кісі келді. Ол Ирактың Талышынан болатын. Өзін Нұрбахши деп атайды. Ол бүлдіргіш жаңа діни нанымды (сектаны) таратты, оны «Нұрбахши мазһабы» деп атады. Ол ашықтан-ашық кәпірлікті уағыздады, ел арасына «Фикһ-и ахват» атты кітапты таратты. Ол сүнниттердің де, шииттердің де мазһабына жатпайтын. [Осы сектаны ұстанушылар] пайғамбар мен Айшаны мойындайды, олар рафизилер ұранын әндетуді өздеріне міндет санайтын. Шииттер қағидасына қарамастан Әмір Саййид Мұхаммед Нұрбахшиді замана әміршісі және уәде етілген Маһди деп санайды. Шииттерге

керісінше, олар ұлы әулие-әнбиелерге сенеді, бірақ оларды сүнниттер деп есептейді...

Барлық ғибадат етулері мен амалдарында осындай ауыс-түйістер жасаған олар түгелдей күпір болып табылатын сенімдерін Нұрбахши нанымы деп атайды. Мен Нұрбахшидің бір топ шейхтерін Бадахшан мен басқа жерлерде көріп, бәрін де айқындадым. Олар сырттай қарағанда пайғамбар қағидаларына сай келіп тұрғандай әрі түгелдей сүнни және мұсылман жамағат қауымына жататындай көрінді. Әмір Саййид Мұхаммед Нұрбахши баласының бірі оның рисаласын (трактатын) маған көрсетті.

Бұл кітапты оқып, онда [көтерілген] мәселелерді ой елегінен өткізген соң, кітап авторының жалған ілімді ұстанып және Құран мен жалпыға мәлім сүннаға һәм жамағаттың ортақ пікіріне қарсы шыққанын және бұл ілімнің хақ жолындағы жұрттың діни сектасының ешқайсысына жатпайтыны белгілі болды.

Ондай ілімді түп-тамырымен отау және оған жол бермеу – діни қажеттілік. Ал ол кітаптың жақтаушылары мен бұл ілімді ұстанушыларға тосқауыл қою, қарсы шығу – дін [ислам] міндеттейтін ұйғарым. Егер де олар табан тіреп, райларынан қайтпайтын болса, онда дін ислам жолында тұрған мұндай кедергілерді алып тастап, ондай (қаскөйлердің) мұсылманға деген ыза-кегіне тойтарыс беру қажет. Дін тазалығы мен хақ жолын сақтау үшін оларды жазалау, керек болса, өлтіру де керек. Ал олар тәубеге келіп, ол ілімнен бас тартса, онда оларға Әбу Ханифа мазһабы жолын ұстануға бұйрық берілуге тиіс.

Қазіргі уақытта Кашмирдегі барлық сопылардың күпірлікке бет бұрғаны сондай, олар һалал мен харамды білмейді, неге рұқсат етіліп, не нәрсеге тыйым салынғанынан мақрұм. Тақуалық пен әулиелікті олар түнімен ұйықтамау, тамақ ішуді тежеу деп ұғады. Табылған нәрселердің бәрін талғамай жей береді. Қайсы харам, қайсы һалал екенін айырмай, бәрін бірдей қабылдай береді және олардың бәрі ашкөздік пен сараңдық танытып қоймай, шариғатқа кереғар келіп, уақыф мүліктеріне қол сұғуға тырысады. Олар ұдайы пайғамбарлық туралы армандайды, «анандай болады», «мынандай болады» дегендей сәуегейлік жасайды. Болашақта болады және өткенде болған деп тылсымнан тыс көріністер жайлы мәлімдейді. Олар бір-біріне тағзым етеді. Оның үстіне мұндай масқараға қоса қырық күн намаз оқу үшін оңашаланады. Білім мен білімділерді жамандап, оларға жеккөрінішпен қарайды. Шариғатты тариқаттан тыс деп санайды. Сөйтіп осы тариқатты ұстанушылар шариғатпен санаспайды. Қазір ешкімнің де ашықтан-ашық ондай бос сөзді айтуға батылы бармайды. [Ол ілімді] барлығы мүлде мойындамайды әрі өздерін сүнниттер мен мұсылман жамағаты қауымы санатына қосады. Өйткені Алланың құлы, Мен пақырдың қаталдығы оларға мәлім... Ал егер де [жоғарыда айтылғандай] бірдене байқала қалса, онда оларға өлімнен басқа шара қолданылмайды. Алла тағаланың көмегімен һәм менің ынта-жігерімнің арқасында бұл пәле (нұрбахшия) жойылады деп сенемін әрі бұл бейбақтар сырттай өздерін мұсылман етіп көрсетіп жүргеніндей барлығы да ислам дінін іштей қабылдайды деп үміттенемін...

«Шамасин» атты күнге табынатын да бір топ күпірлер болған. Оларды «шамасин» («Күнге табынушы») деп атайтын. Олардың ілімі бойынша күннің нұрлы болуы біздің иманымыздың тазалығына, ал біздің тіршілігіміз күн нұрының шапағатына байланысты деп түсінді. Сондықтан егер де біз иманымызға кір келтірсек, онда күн болмысынан түк



те қалмайды. Ал егер күн өзінің нәрінен бізді айыраар болса, онда біздің тіршілігіміз де тоқталады. Күн бізбен бірге, ал біз онымен бірге тіршілік кешеміз. Онсыз бізде болмыс жоқ, бізсіз онда болмыс жоқ. Күн шыққан кезде біздің істеріміз оған аян. Сондықтан ол уақытта ең дұрысы – қайырлы іс істеу. Ал түн түндігін түсіргенде [күн] бізді көрмейді, біз жайлы ештеңе де білмейді. Өйткені ол түн жағдайынан хабардар емес. Түнде не істелінсе де, ол іске айып жоқ. Бұл сектаны (топты) «шамасин» деп атайды. Осының бәрін мен естігенім бойынша келтірдім.

Осы Мир Шамс Кашмирде пайда болып, жұртшылықты азғырғанда, оның Шамсаддин деген лақап аты болған. Оған бұл лақап ат аспаннан беріліпті-мыс. Бәлкім, оның есімі Шамасинаддин болса керек. Бірақ Кашмир елі оны не қателесіп немесе айтуға жеңіл болуы үшін Шамсаддин деген. Одан да жеңілдеу айтылу үшін оны Мир-и Шамс деп атаған»<sup>31</sup>.

Ақырында әлгіндегідей шиияшыл топтардың ұйымдастыруымен Кашмирде Мұхаммед Хайдар Дулатиге қарсы 1551 жылы күзде көтеріліс бұрқ ете қалды. Ол ғалым бабаның қазасына алып келді. Мұхаммед Хайдарға іштей де, ашық та қарсы болған шиияшылардың Сринагарда бүгінгі таңда да дұшпандықты көздеген ұрпақтары бар ғой деп ойлаймыз. Өйткені олардың Мырза Хайдарға қойылған құлпытасты қайта-қайта құлатып, талқандап кететіндері байқалады. Оны мен Кашмирге әр жылдары барған іс-сапарларымда көрдім.

Кашмир дегеннен шығады, соңғы жылдары Үндістанға тағы да бардым. Дели, Аградағы бабаларымыз салған сәулет өнерінің озық үлгілерін тамашаладым. Бұл жылы Делидің оңтүстік жағында осы елді XII ғасырда билеген түркі текті, ортаазиялық Құтб ад-Дин Айбек (1191–1210) салдырған «Құтб минар» («Құтб мұнарасы») атты діни кешен мені қатты қызықтырды. Құтб ад-Дин мен Илтұтмыш (Елтұтқа) (1210–1235) бабаларымыз Үндістанда өздері билік еткен жылдары алып мұнара, тамаша мешіт, медресе, кесене салдырған. Солардың көпшілігі біздің заманымызға дін аман жетіпті.

Кешендегі Алай дарбазаның шығыс жағындағы Имам Замин Түркістанидің кесенесі көңіл аудармай қоймайды. Кесене жанындағы тапал қондырғыға (тіреуге) ол жайлы һинди және ағылшын тілдерінде төмендегідей сөздер жазылып қойылыпты.

### *Имам Заминның зираты*

*Оңтүстік жақтағы есік үстіндегі жазуларға сай Имам Мұхаммед Әли немесе Имам Замин Сикандар Лоди патшалығы тұсында (1489–1517) Түркістаннан келді. Ол тірі кезінде осы кесенені тұрғызды және 1539 жылы дүниеден өтті. Кесене сегіз бұрышты дөңгелек пішінді құмдауытпен сыланған күмбезбен жабылған. (Қабырғаларының) жан-жағы тесік-тесікті ойықпен бұркемеленген».*

Ал енді кесене есігінің үстіңгі жағындағы мәрмәр тақтадан да ол жайлы жазылған төмендегідей мағлұматтарды көрдім:

*«Аса қамқор ерекше мейірімді Алланың атымен! Алланы мақтау және мадақтау рәсімінен (уәзифадан) кейін, осы қабірге көрші (муджауир) және қабірлерде жатқандар, қоңсы болып шынайы иман етіп, өздерін Аллаға арнағандар, сондай-ақ Алланың ұлылығы, тозаңнан тұрып қайта тірілу үшін өмірлеріндегі байлықтарын*

*Һәм өз жүректерін, өмірін, сондай-ақ барлық дүниелерін Алла жолында құрбан еткен осы жердің (даргахтың) жақын әрі сыйлы тұрғындары тыныштықта болсын.*

*Қайтыс болған салих кісілердің рухтарына және Қиямет күні құтқарушының жарқыраған киелі әрі ұлы қабіріне (машһад муаззам) мол құрмет пен сәлем болсын. Жинай алатын және қорғай алатын сахабаның отбасына (әл асхаб) тура жол көрсете гөрсін. Бастанқы ілімдерді (тауфиқи азал) және тура жолға түсіретін Пайғамбардың қасиеттеріне (хазрат һидаят мартабат Мухаммад сифат) ие болған салих кісі жетектеген жолаушы, дәлірек айтқанда, өзінің пәктігі және отбасының асыл тектілігімен ерекшеленген Мұхаммед Әли ал-Хусейни, ұлы мырзаның қасиеттерін иемденген күнәсіз Мұса және Иса секілді – халықтың киелісі және тариқат жолымен жол сілтеушісі (кутубул миллат уа-л тариқат) Саид Хуснул Хусейни осы қасиетті әрі керемет жерді (буққа-и шариф манзили латиф) және зәулім мешітті салып, үлкен мақсатты (буққа-и карда) өсиет етті (уасиат карда). Ол (Имам Замин) мүміндердің сәлеміне кенеліп «жаннатқа аман-есен, тып-тыныш кіріңдер» («Хиджр» сүресі, 46-аят) деген аятқа сай жаны жаннат бақтары мен достық гүлзарына қарай ұшып кетті. Бұл зират (Имам Замин Түркістанидың) есімін әйгілі етпек. Зираттың құрылысы һижраның 944//1538/39 жылы бітті».*

Құтб ад-Дин Айбек (1191–1210), Илтұтмыш (1210–1235), Ала ад-Дин (1295–1315) патшалар ордасы бас қақпасының кіреберісіне көзі тірісінде-ақ осындай кесене салынуына қарағанда Имам Замин Түркістани деген есіммен белгілі Мұхаммед Әли шынында да жай кісі болмаған сияқты. Ол бақилыққа 1537 жыл көшкеніне қарағанда мұнда ол Дели сұлтаны Сикандар Лоди тұсында (1489–1517) келген деуге болады. Сондай-ақ оны Бабыр (1483–1530) да білген деп шамалауға болатын сияқты. Өйткені Бабыр Сикандар Лодиді 1526–1527 жылы Делиден 120 шақырымдай жердегі Панипатта жеңіп, Үндістанды алды. Имам Замин Бабырдың ұлы Һұмаюн (1508–1556) билігі кезінде дүниеден өткен.

Үндістандық автор Дипа Кришнан «Қызық кезде өмір сүрген кісі» атты мақаласында былай деп жазады:

«Досым екеуіміз Құтб кешенінде серуендеп жүрген кезде көрші телімге монтия жайғасқан сегіз бұрышты кесенеге келдік.

Құтб кешенінде сән-салтанаты жарасқан монументтер өте көп, олар: тастан қаланған Құтб Минар, Қуат әл-Ислам атты үлкен мешіт және өрнекті Алай Дарбаза. Көптеген ғимараттарды құлдар (мәмлүктер) XIII ғасырдың басында салса, ал мынау шағын кесене қосымша ретінде XVI ғасырда тұрғызылған.

Делидегі ғажайып ғимараттар жанына өзінің кесенесін салдыруға батылы барған бұл кім деп таңғалдым. Ол неге өте маңызды болды?! Мүмкін ол Сұлтан немесе елге белгілі ақсүйек болар? [Кесене маңдайындағы] жазуларға көз жүгірттім. Ол имам Замин аталған имамның кесенесі екен.

Оның кім екенін өрнектелген жазуларды оқып білуге біраз уақытым кетті. Имам Заминнің тағы бір аты – Сайд. Бұл сөзбен Мұхаммед пайғамбардың еркек кіндік ұрпақтары аталатын. Сайдтар шежіресі пайғамбардың екі немересі Хасан, Хусейннен, яғни VII ғасырдан бастау алады.

Саид Имам Замин Үндістанға XVI ғасырда Орта Азиядан (Түркістаннан)

[Ибраһим] Сикандар Лоди билігі кезінде келді. Р.В. Смит «Ешкім білмейтін Дели» атты кітабында Сайд Қуат әл-Ислам мешітіне тағайындалған бас имам еді. [Сұлтан] Сикандар Лодидің өзі де оған рухани басшы ретінде құрметпен қарады.

Бұл имам сопы болатын, ол дүнияуи жетістіктерге селсоқтық танытты. Сол себепті Лодиде де Алланың бірлігіне мойынсұнуға шақырды».

Р.В. Смит сондай-ақ «Имам Заминге Лоди сарайындағы саяси әзәзілдік ұнамады. Мен оған таңданбаймын. Суфизм исламдағы ең бір жұмбақ аспект және суфизм имамдары дүнияуи нәрселерден (дүниенің байлығынан) бас тартуларымен белгілі.

Моғолдар империясының негізін қалаушы Бабыр Лодиді жеңгеннен кейін, Имам Заминге келіп, оған деген құрметін білдірді. Бабырдың баласы Һұмаюн де имамға үлкен құрметпен қараған. Міне, дәл осы Һұмаюнның тұсында имамның кесенесі салынды.

Һұмаюн ауған текті Шер шаһтан жеңіліп, аз уақытқа билік тағынан ажырап қалған кезде, Шер шаһ та имамға келіп, одан бата алу үшін көңілін табуға тырысқан.

Бұл өзі бір ғажайып нәрсе ғой. Құтб кешенінің шағын бір бұрышында ғұмыр кешкен кішкентай кісінің көз алдында патшалар билік құрып, (кезегімен) дүниеден өтіп жатты.

Ол қалай тамаша өмір сүрді екен?! Мен оны былай деп елестетем. Ол шаңды аулада, манго дарағының астында, ішкі қорада Дели тауыстарының әуезді үнін естіп отырғанда империялар гүлденді және құрдымға кетіп отырды, ал билік басындағылар оған бата алу үшін бас иіп келіп тұрды»<sup>33</sup>.

Кесене мұқият әрі аса ұқыптылықпен салынған. Күмбез сыртындағы боғатқа кесенені айналдыра 61 рет «Алла» және «Субхан Алла», сондай-ақ кесене керегесінің үстіндегі жазуы бар мәрмәр тақтадан биіктеу жерге айналдыра 36 рет «Алла» және «Субхан Алла» деп жазылған. Осы сөздер арасына шеңбер жасалып, оған гүл салынған.

Құлпытас ортада тұр. Кесененің батыс жағына михраб жасалыпты. Оның сыртқы рамасының жоғары жағы доғал. Ішіне «Бисмиллаһир рахманир рахим», одан төменіректегі таға іспеттес жарты шеңбер ішіне қасиетті Құранның «Бақара» сүресінің «Аяту-л курсиі» жазылған. Михрабтың доғал тұсы біткен төменгі жағына екі белдемше жасалып, оның оң жағына екі рет және сол жағына сонша рет және төменгі белдемшеге де дәл осылай «Алла» деп жазылған. Михраб қуысының жоғары және төменгі жағына да екі реттен «Алла» деп жазылған. Михрабтың оң және сол жақтарына гүл өрнектеліпті. Түркістандық имамның өмірі және Үндістанға Түркістан қаласынан, яки жалпы Түркістан өлкесінен келген бе деген сауалдарға зерттеулерден кейін ғана жауап беруге болады.

**Сөздіктер:** Кашмирде парсы, араб тілдеріндегі әдеби, мәдени, ғылыми кітаптар жалпы қарапайым жұртқа түсінікті бола бермегендіктен де, медреселерде араб, парсы, түрік тілдеріндегі сөздіктерге деген сұраныстар мол болды. Сол себепті де Кашмир кітапханасынан табылған төмендегідей дүниелерді айта кеткен жөн:

- Түрік және парсы сөздігі.
- Түрік және урду сөздігі.
- Әбу-л Қасым Фирдаусидің сөздігі. Парсы тілінде.

Кашмир кітапханасының қолжазба қорында үш мыңға жуық қолжазба бар дедік.

Соның ішінде, Тұран перзенттерінің де мұрасы жетерлік. Бірақ олардың бәрін түгелдей зерделеу оңай шаруа емес. Біз бұл ретте тек әлемге белгілі даналар мұрасына ғана тоқталдық.

### Әдебиеттер:

1. *М.Х. Дулати. Тарих-и Рашиди.* – Алматы, 2009, 466–467, 431, 472–473-беттер.
2. *Е.Э. Бертельс. Навои и Джами. Избранные труды.* – М., 1965, 31–51–59-беттер.
3. *М.Х. Дулати. Тарих-и Рашиди... 227-бет.*
4. *Е.Э. Бертельс. Навои и Джами. Избранные труды.* – М., 1965, стр. 43.
5. *Ислам. Энциклопедия.* – Алматы, 2010, 62–63-беттер.
6. *Хосров Дехлеви. Избранное.* Т., 1980, 3–4-беттер.
7. Қазақ әдебиеті, №16, 21 сәуір 2006.
8. *М.Х. Дулати. Тарих-и Рашиди... 213, 217–219, 225–226-беттер.*
9. *Бабур наме. Записки Бабура.* – Ташкент, 1958, 12-бет.
10. *М.Х. Дулати. Тарих-и Рашиди... 226–227-беттер.*
11. *Алишер Навои. Смятение праведных (Отрывки из поэмы).* – Т., 1983, 3–5-беттер.
12. *И.М. Фильштинский. История арабской литературы.* – М., 1991, 509–510-беттер.
13. *Ислам. Энциклопедический словарь.* – Москва, 1991, 11–12-беттер.
14. *Ислам. Энциклопедия.* – Алматы, 2010, 114–115-беттер.
15. *Ahmet Özel. Hanefi fikh alimleri.* – Ankara, 2013, 48–49-беттер.
16. *Мұхаммед Абд әл-Хайй әл-Лакнауи әл-Гинди. Әл-Фауайд әл-Баһийа фи тараджим әл-ханафийа.* – Бейрут, 1998, 186-бет.
17. *Умар Рида Каххала. Муғдjam әл-муаллафин.* – Бейрут, 1987, 2-том, 226-бет.
18. *Мухий ад-Дин Әби Мұхаммед Абд әл-Қадир Әби-Уафа әл-Қураши әл-Ханафи. Әл-Джауаһир әл-мудийа фи табақат әл-ханафийа.* – Рияд, 1993, 5-том, 364-бет.
19. *Carl Brockelmann. Geschichte der Arabischen Litteratur. Erster band. Leiden E.J. Brill 1943, 182-бет.*
20. *Шағбан Мұхаммед Исмағил. Усул әл-фикһ. Тарихуһу уа риджалуһу. Мекка, 1998, 107-бет.*
21. *Абдалла Мустафа ал-Марағи. Әл-Фатх әл-мубиин фи табақат әл-усулиин.* Каир, 2007, 1 том, 177-бет.
22. *Низам ад-Дин аш-Шаши. Усул аш-Шаши.* – Бейрут, 2000, 288-бет.
23. *Ahmet Özel. Hanefi fikh alimleri.* – Ankara, 2013, 33–34-беттер.
24. *Ислам. Энциклопедия.* – Алматы, 1995, 32-бет.
25. *А.К. Муминов. Ханафитский мазхаб в истории Центральной Азии.* – Алматы, 2015, 222–224, 244–245, 325-беттер.
26. *Ahmet Özel. Hanefi fikh alimleri.* – Ankara, 2013, 80–81-беттер.
27. *А.А. Семенов. Описание таджикских, персидских, арабских и тюркских*



рукописей фундаментальной библиотеки Среднеазиатского государственного университета им. В.И. Ленина, выпуск №3. – Ташкент, 1956, 50-бет.

28. Ислам. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы, 2010, 355–357-беттер.

29. Сонда, 355-бет.

30. Сонда, 355-бет.

31. *М.Х. Дулати*. Тарих-и Рашиди... 474–477-беттер.

32. *W.Smith*. The Delhi that Noone knows. [www.amazon.com](http://www.amazon.com).

33. Сонда.

## ГИМАЛАЙДАН АСҚАН ҚАЗАҚТАР

### 13 жылдан кейін жазылған қолжазба

Бұл оқиға 1999 жылы Үндістанда болған еді. Содан ол жайлы әне жазамын, міне жазамын деп жүргенде біраз жыл сырғып өте шықты. Әйтсе де ол туралы қалайда оқырман қауымға жеткізсем деген ой ешқашан есімнен шыққан емес. Сонымен...

Сауд Арабиясы Корольдігіндегі жаңадан ашылған елшілігімізде қызмет етіп жүрген кезім. 1998 жылдың соңында қазақтың тұңғыш тарихшысы, көрнекті мемлекет қайраткері, ғалым, ақын Мұхаммед Хайдар Дулатидің зиратын іздеп Үндістанға, одан әрі Гималай тауларының бір сілемі – Пир Панджал жоталарының арасындағы жазықтағы Жамму Кашмир штатының астанасы Сринагарда болдым. Ондағы «Мазар-и салатиннен» («Сұлтандар мазарынан») үлкен парасат иесінің зиратын тапқан соң, ол хақында Қазақстан Республикасының сол кездегі Сыртқы істер министрі Қ.К.Тоқаевқа және еліміздің Ұлттық ғылым академиясының президенті В.С.Школьникке елшілік атынан арнайы хат жаздық. Содан М.Х. Дулатидің зиратын қалай тапқаным туралы еліміздің бірқатар газеттері жазып, жұрт жақсы жаңалықтан құлағдар болып қалған. Бұл айтулы уақиғаға қызыға қараушылар да көбейді.

1999 жылы М.Х. Дулатидің 500 жылдық тойын ЮНЕСКО шеңберінде атап өту үшін мемлекет қайраткері, Дулати қоғамдық қорының президенті А.Асқаров ағамыз Үндістанға баратын Қазақстан делегациясын ұйымдастыруға ұйытқы болып, бір топ азамат Үндістанға ресми сапарға шығатын болыпты. Ол делегацияның жетекшісі М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінің ректоры, профессор У.Бишімбаев, қоғам қайраткері меценат М.Дайырбеков, М.Х. Дулати қорының директоры М.Қазыбек, Тиграхауд фирмасының бас директоры Ә.Жаужүрек, Тараз университетінің ұстазы А.Әбдуәлі, Жамбыл облыстық «Ақжол» газеті ре-дакторының орынбасары Б.Әбілдаев, Шығыстану институтының қызметкері Т.Бейсенбиев Үндістанға, одан әрі қарай Кашмирге барып қайтуға жиналыпты. Асанбай Асқаров ағамыз Эр-Риядтағы маған хат жолдап, ойшыл зиратын тапқаным ризашылық білдіре келе, Алматыдан жолға дайындалып жатқан топты бастап Кашмирге тағы да барып қайтуға ұсыныс жасапты. Мен келістім. Сыртқы істер министрлігі де ұсынысты қолдады. Сонымен, 1999 жылдың маусымында мен Эр-Риядтан Бомбей арқылы, ал Қазақстаннан шыққан топ Қырғызстанның Манас әуежайынан ұшып шығып, Делиде кездестік. Әуежайдан Қазақстанның Үндістандағы елшілігінің сол кездегі екінші хатшысы Мұрсалнәби Тұяқбаев ініміз қарсы алды. Алғаш келгенімде де осы азамат маған үлкен қолғабыс жасаған еді. Екінші күні алдын ала жоспарланғандай, Дели университетінде кездесу өтті. Онда Қазақстанның тарихы, мәдениеті мен әдебиеті, әрине, Мұхаммед Хайдар Дулатидің өмір жолы сөз болды. Делиліктер өте жылы қарсы алды. Сұрақтарынан елімізге деген құрметі білініп тұрды. Содан Делидегі тарихи жерлер – Қызыл қамал, Нұмаюн кесенесі, сондай-ақ Тұғлақабат қалашығына бардық. Осылардың барлығының

да Орта Азия мен Қазақстан халықтарының тарихы һәм мәдениетімен тікелей қатысы барын айта кеткен жөн.

Таңертең билет жоқ болғандықтан, екі ұшаққа бөлініп, Индира Ганди әуежайынан Кашмир штатына ұштық. Бір жарым сағаттан соң, Пир Панджал жоталарынан асып, Сринагар шаһарының әуежайына жайлы қондық. Бізді Кашмирдің ресми кісілері күтіп алды. Делиде ми қайнатар ыстық болса, мұнда таулы аймақ болғандықтан, қоңыр салқын. Сринагардың солтүстік шығысындағы Дал көлінің жиегіне байланған сандал ағашынан жасалған, кісіге ерекше табиғи ахуал жасайтын кеме-отельдердің біріне келіп жайғастық. Әуежайдан қарсы алған кісілермен бірге біз отырған әрбір машинаның алдына, жүргізушінің қасына қолында автоматы бар сарбаз жайғасты. Штат әскери жағдайда тұрғанын сездік. Әрбір жүз метр сайын қарулы сарбаз жағдайды бақылап тұр. Кашмир және Жамму штаты мазасыз жағдайда екен. Ауық-ауық әскери қақтығыс, әуедегі ұшақты атып түсіру оқиғалары жиі қайталанып, аймақта тыныштық жоқ көрінді. Бұл Пәкстанмен екі арадағы келіспеушіліктің салдары екенін білдік. Делегацияның қауіпсіздігін қамтамасыз етіп жүргенінің мәнісін түсіндік.



Сринагар көшелері осындай

Ұлы ғалым жерленген «Мазар-и салатинге» («Сұлтандар мазарына») келесі күні таңертең шықтық. Ол Гималайдан бастау алатын Желам өзенінің бұралаңдап ағатын тұсында. Ол жерге ескі шаһардағы бір көшені жарып өтіп жеттік. «Мазар-и салатинді» өткен 1997 жылы желтоқсанда осында арнайы келгенімде көргенмін. Мұхаммед Хайдардың зиратын осы қабірстанның солтүстік жағындағы биіктеу жерден тапқанмын. Сонымен, «Сұлтандар мазарындамыз».



## Ұлы баба зиратында

Мырза Хайдар 1551 жылы қаза тапқан соң қойылған әуелгі құлпытасты былтыр көргенімде етек жағы сынып, құлап жатқан еді. Ол жөнделіпті. 1822 жылы Англия патшайымының Үндістандағы атбегісі, саяхатшы Уильям Муркрафт осы зиратқа аялдап, арнайы тапсырма беріп қойдырған екінші құлпытасқа бетон рама жасалыпты. Қазақстаннан арнайы делегация келеді деген соң, үкімет орындары Мырза Хайдардың зиратын сәл де болса күтімге алғаны байқалады. Біз зиратта бабамыздың рухына арнап құран бағыштадық. Кашмирліктер дәстүр бойынша шамды түгіндетіп, зираттың бетіне легендегі раушанның алқызыл жапырақтарын себеледі. Зират бетіне алқызыл раушан гүлінің жапырақтары жауғандай әсерде тұрдық.



«Мазар-и салатиндегі» М. Хайдар Дулатидің зираты басында.  
1998-жыл.





«Мазар-и салатиндегі» М. Хайдар Дулатиге 1551 жылы қойылған құлпытас

«Мазар-и салатинде» ұзақ кідіре алмадық. Біздің қауіпсіздігімізге жауап беретін кашмирліктер:

– Тез кетейік, «Мазар-и салатинде» шетелдіктер бар дегенді естіп, лаңкестер шабуылдамақшы көрінеді. Бұл жерден жылдам кетпесек болмайды, – дейді. Үрпиісіп қалдық.

Уәлихан Бишімбаев отыра қалып, Асанбай Асқаровтың өтініші бойынша деп Мұхаммед Хайдар бабаның рухына арнап құран оқи бастады. Риза болып қалдық. Кашмирге аттанарда Асанбай ағамыз Уәлихан Бишімбаевқа Сринагарға барған соң, ұлы ғалым зиратында менің атымнан да құран оқы деп аманаттаған екен. Риза болғанымыз, Уәлихан бауырымыздың қауіпті сәт туса да, уәдесіне беріктік танытып, аманатты орындағаны.

Ертеңіне Кашмир университетінде ЮНЕСКО-ның, Үндістанның ғылым және білім министрлігі мен Қазақстанның Үндістандағы елшілігінің ұйымдастыруымен халықаралық конференция өтті. Бұл, шынында да, кашмирліктер күтпеген, ойламаған тарихи оқиға болды. Өлгеніміз тіріліп, өшкеніміз қайта жанды. Біз Мырза Хайдар Дулати туралы, ал кашмирліктер осында патша болған кемеңгер туралы ойларын ортаға салды. Біз біле бермейтін біраз жәйтке қанық болдық. Мырза Хайдар Кашмирге үлкен өнер, өркениет, білім, мәдениет әкелген. Бақ, бау-бақша, ағаш отырғыздырған ғалым баба Кашмир балалары үшін мектеп аштырып, олардың оқуға түгел баруына дейін

қадағалаған. Мырза Хайдардың осындай және тағы да басқа игілікті істерін Кашмир ғалымдары үлкен ризашылықпен баяндады. Ал біз олардың Мырза Хайдарды ұмытпай, зиратын күтімге алып отырғандары үшін рахметімізді айтып, ризашылығымызды білдірдік.



Кашмир ғалымдары арасында

Тараздан Дулати ескерткішінің түбінен алып келген топырақты ұлы ғалым зиратына салып, даңқты бабамыз жатқан жердің топырағын туған жерге алып қайту үшін алдық. Сондай-ақ зиратқа бір түп жусанды да қойдық. Университет холына Мырза Хайдардың қызыл барқытпен көмкерілген «Тарих-и Рашидинің» XVI ғасырда көшірілген қолжазбаларының бір нұсқасы қойылыпты. Қолжазбаның үлкен тараулары түрлі түсті етіп өрнектеліпті. Сөйтіп сол күн ғылыми жиналыспен өтті. Көл жағасындағы қонақүйіміз Сринагардың солтүстік жағында тау етегіне жақын екен. Көлдің үстін лотос гүлдері жайлап алған. Тіпті жайыла өскені сонша, үлкен көлді «тұншықтыра» бастаған деуге болады.

### **Баба жүрген жерлер**

Келесі күні Кашмирдің бас министрі Абдулла Фарух мырза резиденциясына шақырып, арнайы қонақасы берді. Оған штаттың оқу, ғылым, білім, туризм, денсаулық, ауылшаруашылығы және басқа да бірнеше министрлері мен Кашмир университетінің

ректоры М.Қадири және бірқатар ғалымдар, Жамму және Кашмир штатының губернаторы Триш Салсина қатысты.

Абдулла Фарухтың әкесі де 1950-жылдары Кашмирдің премьер-министрі болған. Ол Қытайдағы аласапыран кезінде қашып шығып жол азабына ұшыраған, тосқауылдарға кезігіп, азып-ашып, өлгені өліп, қал-ғаны қалып, Тибет арқылы Кашмирге әрең сұлделерін сүйретіп жеткен қытайлық қандастарымызды жақсы қарсы алғанын, қамқорлық жасағанын кейінірек Хасен Оралтай мен Халифа Алтайдың өздерінен естіп, жазбаларынан оқығаным бар. Сөйтіп Кашмирдің осы күнгі басшысына сә-тін тауып әкесінің қазақтарға көрсеткен адамгершілік қызметі үшін рахмет айттым. Сонымен қатар, 1532–1551 жылдары осында келіп, Кашмирді билеген бабамыздың зиратын күтімге алғаны үшін де алғыс білдірдік.

Кашмир астанасын біраз аралап көрдік. Сринагарда канал көп. Оның екі жағалауы қаптаған үлкенді-кішілі қайықтар. Олар қонақүй қызметін де атқарады екен.

Қала шетінен Гималайдың биік таулары асқақтай көрінеді. Шаһардың шығыс жағын да осы тау сілемдері қоршап жатыр. Оңтүстігіндегі Пир Панджал жоталары біздің Қаратауға ұқсайды. Ал Кашмирдің батыс жағы Пәкстанмен шектеседі. Сол аймақ бір кездері Пәкстанның қарауына өтіп, «Азат Кашмир» аталған. Кашмир үшін Үндістан мен Пәкстан арасында талай рет әскери қақтығыс болды. Әлі де қырғи-қабақ дұрдараз. Анда-санда лаңкестік әрекеттер бой көрсетіп қалады. Кашмирдің солтүстік жағындағы Гималай таулары сілемдерінің біраз бөлігіне де Пәкстан иелік етіп отыр. Сол себепті онда біраз әскерін шоғырландырған.

Сринагардың солтүстік-шығысы мен Гималай тауларының етегі үлкен әдемі бақ. Онда ағаштардың сан алуан түрі өсіп тұр.

Сринагардың солтүстігіндегі талай оқиғалардың куәсі болған әрі Мырза Хайдардың ізі қалған осы Гималай тауларына ойланып, ұзақ қарап қалсам керек, бізбен бірге еріп жүрген Кашмир университетінің тарихшы ғалымы Сикандар Мырза мені Мырза Хайдар жайлы ойланып тұр деген болжаммен:

– Мырза Хайдар бастаған әскер Кашмирге осы жақтан келген. Жолай олар Лар шатқалымен жүріп отырып, Зужи асуынан асқан, – деді.

– Ол жерлер қазір де солай атала ма?

– Солай аталады. Өзгерген ештеңе жоқ. Өткен жылы Тибеттің Үндістан иелігіндегі орталығына бір шаруамен бару үшін атпен жүргенімде, мен де сол шатқалмен жүріп отырып, сол асу арқылы асқанмын. Басқа жолдың реті жоқ. Мырза Хайдар да сол жерлермен жүрген.

### **Баһадүр бабаның әскери тактикасы**

Мырза Хайдар Кашмирге алғаш 1532 жылы желтоқсан айының соңында келген. Олар әуелі Қашғар ханы, жездесі Саид хан бастап, Тибет халқын мұсылман ету үшін ғазауат жорығына шыққан. Содан Тибеттің біраз жеріне ту тіккен. Исламды қабылдаған. Сөйтіп жорықта жүргенде Тибетке қар жауып, күн суытып кетеді де,



енді қайтеміз деген мәселе кесе-көлденендейді.

Саид хан ақылдасу үшін барлық әмірін жинап, кеңес ашады. Әркім әртүрлі ұсыныс айтады. Ол туралы Мырза Хайдар «Тарих-и Рашидидің» бірнеше тарауында былай деп жазады:

*«Мен мына ұсынысты айттым: «Бұл маңайда мыңнан астам адам қыстап шығар жердің жоқтығы бізге мәлім болып отыр. Көп қолдың қыстап шығуына Кашмирден қолайлы жерді бізге ешкім көрсете алмады. Маған хан қалған әскермен қыстап шығу үшін Кашмирге аттануға бұйрық берсін, ал ерте көктемде уақыттың ыңғайына қарап атқаратын істі орындаймын.*

*Хан барлық айтылған ұсыныстар ішінен осы пікірді құптап, осы шешімді қабылдады. Төрт мың адамды маған берді, мен Кашмирге аттанып кеттім. Жол бойында Тибеттің барлық басшылары толықтай маған бағынғанын айтып, өз әскерлерін маған қосып, менің жеңімпаз әскерімнің санын көбейтті. Кашмир бағытындағы жол бойында тұратын кейбір Балтидің тибеттіктері біздің жол басшымыз болды. Кашмирге Сарышаян шоқжұлдызы туған мезгілдің ортасында, 939 жылы жумада-и сани айында (1532 ж. 29 желтоқсаны – 1533ж. 26 қаңтарында) Зужси деп аталатын Кашмир асуы арқылы келдік. Оған дейін Кашмир әмірлері біздің әскеріміздің келе жатқанын естіп, Лар шатқалын басып алыпты. Біз Зужси асуынан өткесін, бүкіл әскердің ішінен таңдап тұрып, өмірдің ыстық-суығын көрген тәжірибелі төрт жүз кісіні алға жібердім. Осы топтың сардары етіп Тұман баһадүр калучиды тағайындадым, бұл кісінің есімі бұрын Қашғар жорығы туралы әңгімеде баяндалған. Олар тар шатқалға жеткенде Кашмир әскері сол жерде болатын және олардың бір тобы шатқалдың бергі жағында қарауылда отыр екен. Таң мезгілінде олар сол топқа шабуыл жасады, олар шатқал жаққа қарай қаша жөнелді. Сол топтың соңынан біздің әскер түсті. Кашмир әскеріне бұл хабар жетіп, біздің топ жетіп келгенде олар жолды ұстап тұра алмай қашты. Мен де ізінен жеттім. Біздің барлық әскеріміз сол тар жерден оңай өтті. Түнді өткізіп, Кашмир қаласына (қазіргі Сринагар – Ә.Д.) жетіп, ат басын тіредік. Кашмирдің әскерлері жан-жаққа бытырап, қала тұрғындары қаланы тастап, әркім тау мен сайға қашып кетті.*

*Кашмир әскері қаланың оңтүстігіндегі екі фарсах жерде батпақты жердің ортасында отырған еді, сол жерден бой көрсетті. Беделді кісілер бізге қаланы ұстап тұрудың қажеті жоқ деп кеңес берді. Біз сыртта торуылдап жүруіміз керек. Қолайлы сәтті күтіп, реті келсе шайқасуымыз қажет, өйткені олардың әскерінің саны мен қару-жарақтары өте көп әрі біздің күш-қуатымыздан артық. Сондықтан Кашмирдің әскерін айламен гана күйреткен дұрыс.*

*Қаладан шықтық, олардың әскерінің алдынан орағытып жүріп өттік те Кашмирдің шығыс жағындағы Баклане деген мекенге аялдадық. Қорытып айтқанда, сол уақыттан жумада ас-сани айынан шағбан айына дейін, яғни тир айының аяғы көктемге дейін Кашмир әскерінен қашыңқырап айналып жүрдік. Кашмир әскері де осы себептен тәкаппарланып, батылдана түскен еді. Басында біз бір жерден екінші жерге көшіп, орын ауыстырған кезде, олар біз көше бастағанда бірнеше күн аялдап, бізге қарсы сенімді һәм мықты мекен тауып, алдымен жасырын түрде ол жерді тексеруден өткізіп, өздері білетін барлық амалдармен бекітіп, түн мезгілінде сол*



жерге барып тасалайтын. Кейін қорықпай-ақ біз жолға шыққан күні ізімізге түсетін болды. Ақырында бірде Бағбұн деген мекенде олар батылданып бой көтеріп, жазыққа шыққанда, мен бұрылып, олардың қарсы алдынан шыға келдім. Бұл әңгімені егжей-тегжейлі баяндау ұзаққа созылады. Тоқетері, Алланың ілтипатымен бір сәтте-ақ жеңіс самалы есе бастады һәм бақытсыздық шаңы мен құм тозаңы жаудың төбесіне жауа бастады...

Бірақ пешенеме Алланың жазғаны ма, басымнан бір таңғажайып іс өтті. Ол былай еді: Мырза Әлі Тағайдың зұлымдығы мен зәлімдігін білетінмін. Адамды азғыруы жағынан ол сайтаннан да асып түсетін.

Бұл қатеме өзімнің аңғалыдығым кінәлі. Әйтеуір Мырза Әлі Тағай маған келіп, кеңес бере бастады...

«Бұл әскер қашуын қашқанмен, олар бәрібір шайқасты. Енді тауды барып паналады. Демек ол жерде бекітінетіні айдан анық. Сондықтан біздің таудың басына барып шайқасуымыз ақылға сыйымсыз. Иеленген абыройды ұрындыру мәселеге немқұрайы қараумен бірдей. Жаудың қолын қиратудың жолы – қазір төменгі Каширге шабуыл жасап, олардың қоныстарына бару. Біз олардың отбасылары мен мүлкіне тиіссек, олар тауда қала алмайды. Сөйтіп шарасыздан отбасыларын, мүлкін қорғау үшін төмен түседі. Егер кейбіреулерінің отбасылары мен мүлкі жоғары жақта (тауда) болса, төмен түсе қоймас. Отбасы мен мүлкі қалғандар ғана төменге түседі, олар сан жағынан онша көп бола қоймас. Осылайша олар бытырап кеткендіктен, қайта жиналуы қиын болар. Сонан соң соғысудың қажеті болмай қалады».

Бұл сайтанның [жолдан тайдырған] тіліне еріп, сол сандырақтарды жөн деп санап, өтірікшінің өтірігіне иланып, тура жол ақыл назарына түспей жабық қалды. Оның бос, жалған сөздерін құп алып, азанда әскерге төмен түсуге шешім шығардым.

Қысқасын айтқанда, ол оңбағанның айласына ілініп, Абыл мен Бабылдың құдығынан Нагам шекарасына жүріп кеттік. Мырза Әлі Тағай алда кетіп бара жатқан. Екінші бекетте төмен қарай жол жоқ деген хабар келді. Бар болғанның өзінде де әскер өте алатын жол емес еді. Сөйтіп ана жақтан кетіп, мына жақта тығырыққа тіреліп Чарура (Чардара) деген мекенге аялдадық.

Каширдің әскері біздің осы әрекетімізге қатты қуанып, тыныш тапты. Әр жерге бытырап, шашырағандары [әскерлері] жан-жақтан жиналды. Әрі таудан түсіп, ағаштардың қалың жеріне тығылды.

Мырза Әлі Тағай жауыздығына сай Каширді жаулап мақұл көрмей, айыптап, әскер басыларының Кашир турасындағы пизғылын түгелдей өзгертіп, бас тартқызды. Тек қана Әмір Дайым Әлі оның теріс пейіліне алданбады. Ол (Мырза Әлі Тағай) могол әскерінің басшыларының барлығын, яғни тегі төмен өсекшілерді жинап алды. Сол топтың алдауға түскен басшылары сөз тартып, Әмір Дайым Әлінің құзырына келіп, бірауыздан шуылдап айтты: «Пәленшенің пәленшесі» деп мені айтқаны, құзырына жеткізіңіз. Моголдар ұдайы Моголстан істерімен айналысамыз. Могол халқының аңсайтыны сайын дала, ол ешқандай гүлдендіріліп, абаттандырылған жоқ. Біз қашанда бақтағы бұлбұлдың әнінен гөрі ойрандалған жердің жапалағының даусын артығырақ санайтынбыз. Гүлденген жерге құтсыз жапалақтай қоныстанған емеспіз. Достарымыз – тау жануарлары, серігіміз дала

доңызы болды. Үйренішті шаңырағымыз һәм оңтайлы тұрағымыз тау басындағы жықпыл болды. Киіміміз – ит пен жабайы аңдардың терісі, тамағымыз құс пен жабайы жануарлардың еті болды. Қалайша біз текті бола тұрып, жұмақтың бағындай, тіпті жұмақтың үлгісі бола алатындай Каширдің ақылсыз кәпірлерімен бірге тұра алмақпыз, «Кәпірлер жәннатта бола алмайды». Оның үстіне Каширден Қашгарға дейін жол тым ұзақ һәм жолдың аса қиын болғандығынан, жүріс-тұрыс әрі отар, үй-мүліктерімізді алып келу оңай емес. Біздің тіршілігіміз малға байланысты. Егер бізде мал болмаса, бұл тіршіліктен безумен бірдей, яғни өлімге бет бұрып, көз жұмғанды жақсырақ деп білеміз. Ал біз әскер мен әскери жабдықтарды таратып, [Саид] ханның жанына барғанымыз жөн болар. Егер хан бізді өлтіретін болса, онда сүйегімізді өз адамдарымыз алып кетер. Егер өлтірмей қоя беретін болса, оңда арман тізгінін Моғолстаннан басқа жаққа бұра қоймаспыз».

Әмір Дайым Әлі маған келіп, олардың айтқанын айтып берді, ол пайымсыз адамдардың қылығына таңғалдым.

Қысқасы, мен Әмір Дайым Әліге айттым: «Каширді бұдан әрі жаулап алу жұмыстары тоқтатылсын. Өйткені мына пайымсыз адамдар мемлекеттің негізін шайқалтатын іске кірісетін түрі бар». Әмір Дайым Әлі былай деп жауап берді: «[Саид] хан бізді сапарға аттандырырда маған Мырза Әлі Тағай барлық істерде тек өзіне тиімді жұмыстарға ғана көңіл бөліп, басқа істерге немкеттілік танытады деп ескерткен еді. Мемлекеттің барлық маңызды істерін өзінің жеке басының жұмыстарын тындыру үшін кейінге ысыра салатын мұны ол өзіне мақсат етіп алған болатын. Оның бұл кінәсін мен талай рет кешіргенмін. Бірақ бұл істерінің жиіркенішті екенін ескерткенмін. [Өзіміздің] айқын ойымыздың мақсатын үнемі оның ниетіне сәйкестендіріп келдік. Мұның өзі алауыздыққа [ақылдың арса болуына] және қажетсіз түрлі оқиғаларға себеп болды. Осындай әртүрлі істердің болып жатқанына көңілі тыныш болатын. Егер осы жолы да бұрынғы әдетін қайталайтын болса, менің перзентім Ескендір сұлтанның көмегімен оның тәнін өмірдің тіршілік істерінен азат етіңдер. Сол кезде оның көзін жоюды кешеуілдетпеу керек. Өйткені не істесе де кінәсі өз мойнында». Ханның оны [Мырза Әлі Тағайды] жою жөніндегі құпталған жарлығы орындалғаннан кейін, басқа ешкімнің де қиянат пен алауыздық жасауға мұршасы келмей қалады әрі толық ынтымаққа қол жеткізілетін болады. Моғол хандарының билігінде ешқашан болмаған Кашир өлкесі жаулап алынып, сенің жақсы атың мен биік даңқың талай замандарға жететін болады, һәм моғол хандарының ұрпақтары алдында ешкім ешқашан қол жеткізе алмаған құрметке ие боласың».

Мен пайым көзімен толғаныс айнасына қарағанымда екі жолды көрдім. Бірі – Мырза Әлі Тағайды өлтіріп, Каширді жаулап алу, екіншісі – оны өлтірмей-ақ Каширді тастап, қайта оралу еді. Ақырында мен Каширді тастап кетуге келістім. Каширдің билеушілеріне бейбіт бітім ұсындым. Ақылды кісілер кеңесіне құлақ аспай, соның зардабынан көп азап шектім. Әрине, көресіні көрдім ғой. «Егерде кімде-кім қарсы алдындағы жауын көріп тұрып, оны өлтірмесе – өзіне-өзі дұшпан» деген сөз соған орай айтылғандай.

Шаууал айының соңғы күнінде біз Лар жолына түсіп, қайта оралған едік» [«Тарих-и Рашиди», 464, 466, 477-482-беттер].

## Тағдыр сынағы

Кашмирден үлкен табыспен оралған Мырза Хайдарға Саид хан Тибеттің шығысында жатқан астанасы, осы күнгі Лхасаны алуды тапсырады. Мырза Хайдар жолай Тибетте тұншықпа ауруынан Саид ханның Қашғарға жете алмай қайтыс болғанын естиді. Мырза Хайдардың дұшпандары Қашғарда қалған ханның баласы Әбдірашидке әкеңнің өліміне Мұхаммед Хайдар кінәлі, Саид ханды ғазауат соғысына шығарған соның өзі, енді ол тақты сенен тартып алмақ деп жамандайды. Әбдірашид мырза Хайдардың әкесінің інісі Сейіт Мұхаммедті отбасымен қырып салған соң, Тибет жорығындағы сарбаздарға Қашғарға қайтуды бұйырады. Егер Қашғарға қайтса, ағасының күйін кешетінін пайымдаған Мырза Хайдар біраз кісілермен Тибетте қалып қояды. Мұхаммед Хайдар мен оның әскері, сол кездері болған шым-шытырық оқиғалар есіме орала берді.

Сикандер екеуіміз әңгімелесіп отырмыз.

– Мұхаммед Хайдар «Тарих-и Рашидиде» өзінің отбасы туралы өте аз жазған ғой,– деймін оны әңгімеге тартып.

– Иә, дұрыс айтасыз. Әйтсе де оның бірнеше інісі болған. Біреуі – Мұхаммед шаһ. Қашғардың билеушісі Әбу Бакр оны ашу үстінде ішіне шашлықтың істігін тығып өлтірген. Екіншісі Абдолла Мұхаммед Хайдардың Лхаса жорығында тибеттіктерге көмекке келген осы күнгі непалдық жасақтармен қақтығыста қаза тапқан.

– Ол туралы «Тарих-и Рашидиде» бірер жолдың бары рас. Ал Мұхаммед Хайдар Әбдірашидтің қоқайына байланысты Қашғарға қайта алмай, Тибетте аз әскерімен жүргенде, Занскар деген жерде қаза табатын мырза Махмұд ше?

– Ол да ғалым бабаның әкесінің інісі Сейіт Мұхаммедтің баласы.

– Ал Мұхаммед Хайдардың өзі 1551 жылы кашмирліктердің көтерілісі кезінде түнде қаза тапқан ғой. Сонда өзі олай-бұлай болып кетсе, орныма билік тағына қалсын деп інісі Әбдірахманды тағайындаған деген дерек бар емес пе?

– Ол да Сейіт Мұхаммедтің баласы деп ойлаймын.

Жоғарыда айтылғандай, Тибетте жүргенде Абдолла мен Махмұд мырза да жорықта қаза табады. Мырза Хайдар ол туралы «Тарих-и Рашидиде» былай деп жазады:

*«(Мариулге) [Батыс Тибеттің астанасы – қазіргі Лех қаласы – Ә.Д.] барар бір күндік жол қауіпті болғандықтан, мен немере ағамның баласы Махмұд мырзаны сол жерден адамдарды алып өтуге жібердім. Түнде ол сол маңда түнеген, бұл жер сондай қауіпті болғандықтан, атын алысқа жібермей жанында ұстаған. Ол ұйықтап жатқан уақытта ат оның бас жағына келіп жайылған. Ат әрірек жайылсын деп ол дыбыс берген кезде, ат осқырынып, оның маңдайын тарпып жіберген. Бас сүйегі ат тұяғының ізіндей мөлшерде ішке кіріп кеткен. Ертеңіне ол маған келді. Мен оның жарасын көріп, моңғол сынықшыларының әдісімен сынған сүйегін сипалап, емдеуге кірістім...»*

*Махмұдтың жарасы асқына түсті. Мына суықта Зангискарда (Гималай таулары арасындағы жер – Ә.Д.) қалу оған қиын болды. Мен шарасыздан Махмұдты Мариулге жібердім де, өзім Зангискарда аялдадым. Махмұд аман-есен Мариулге*



жеткен соң, Суруга (Гималай таулары арасындағы жер – Ә.Д.) жол тартып, өмір ырыздығын сонда табармын деп ойлады. Махмұд басын ат тартыған жерге жетіп, сол жерде түнеуге қалады да, таңертең атқа мінердің алдында басының жарақатын қайта таңбақшы болады. Сөйткенше суық ауа жаралы миынан өтіп, оның басы айналып, есінен танып қалады. Бесін намазы кезінде маған бір адам келіп, осы жайды айтты. Мен жеделдетіп жүріп кеттім. Түн ортасында жетсем, ес-түссіз жатыр екен. Келесі күні есін жиды. Өз-өзіне толықтай келді. Екінші күні де толық есін біліп жатты, ал үшінші күні сандырақтай бастады. Келесі [осыдан кейінгі] күні тірілер сұхбатынан тойып, өлілермен сұхбаттасуға, келмес сапарға аттанды.

Көзімнің қарашығындай болған Рашид сұлтан сұлу-залымның кірпігіндей зұлым қылышымен немере ағам мен бала-шағаларын өлтіріп, жан-жүрегімді жаралады. Сол жарақат әлі жазылмай жатып [Махмұд] қазаға душар болды. Мына асау тағдыр жапа шектіруді, қатыгездікті оған үйретті ме әлде өзі одан үйренді ме, мен білмедім.

Тағдыр осы жарақаттардың үстіне тағы да аспандағы жарқыраған жұлдыздай отты дағын салды. Денемдегі отты жұлдыз дағының күйігі аздай, жарақаттың үстіне опасыз зұлымның қылышымен Абдолланың азап дағын қосып, бұрынғы жараны тырнап ашып, күйігіне жаңадан тұз септі.

[Тағдырдың] жағасынан сілкіп, күш көрсетер құдіретті қол жоқ, не одан көрген жападан сақтар күш жоқ.

Тағдырдың тасада жатқан бүкіл қайғы-қасіреті гұмыр жасым отыздан асып, қырыққа жетпеген уақыт кезеңінде тап келіп, бәрін бірден маған жолдағандай болды...

Мен Махмұд мырзаның денесін Мариулге алып келіп, сол жерден оның аталары жерленген мазарға, Қашгарға жібердім. Бұл оқиға ақырап (Сарышаян) маусымының басында болды» [«Тарих-и Рашиди», 505–507- беттер].

Кашмирді Мұхаммед Хайдардан бұрын Бабырдың баласы Камранның әскері де келіп алған. Бірақ олар да мұнда ұзақ тұрақтамаған. Екінші рет Мырза Хайдар Кашмирге 1540 жылдың күзінде келіп, елді бір оқ та шығармастан алды. 1541 жылы жергілікті ауызбірлігі жоқ Кашмирдің шиашыл әкімсымақтарына Үндістаннан Бабыр (1483–1536) мен Һұмаюнның ежелгі жауы Шершаһ 10 мың әскер жібереді. Мырза Хайдар оларды да талқандап, Кашмирді 10–11 жылдай билеген.

### **«Мынау біздің Кашмир ғой»**

Ғалым баба бұл ғажайып өлкені ерекше жақсы көрген.

Сринагардың оңтүстік жағында биік қырда жатқан Галмарг атты аймаққа да бардық. Бұл да бір ғажап, әсем жер екен. Сринагардан шыққан жол қала шетіндегі баулар арқылы биікке көтерілді. Алматыдан Медеуге бара жатқандай әсерде болдық. Бұл жақты үкімет орындары осындай әсемдігіне бола әрі туристер тарту үшін саяхат аймағы етіпті.



Біздің делегация құрметіне дастарқан жайылыпты. Биіктен төменге Сринагарға қарап тұрмыз. Кашмир жазығының ені 20, ал ұзындығы 200 шақырымдай деседі. Сринагардың биіктен де көркем көрінетінін байқадық. Осы жерде, әрине, Мұхаммед Хайдардың да ат басын тіреп, Кашмирдің сұлулығына, көркем табиғатына тәнті болғандығына күмән жоқ.

Дінмұхамед Қонаев «Өтті дәурен осылай» деген кітабында 1956 жылы Үндістанның басшысы Джавахарлал Неру қызы Индира Гандимен бірге Алматыға келген сапарында әсем қаламызға таңданып: «Мынау біздің Кашмир ғой» деп таңғалғанын жазады. Мұхаммед Хайдардың да Кашмирді жақсы көріп, тіпті осында қалғысы келуінің мәнісі де тектен тек емес екені түсінікті болар.

Үндістан мен Кашмир штатының табиғатында айырмашылық болғанымен, халықтың тұрмыс-тіршілігі бірдей. Делиде көше-көшелерде қайыр сұраған адамдар қаптап жүрсе, мұнда да алақан жайған кісілерді кездестіресіз, әйтсе де ел әл-ауқатының енді-енді көтеріліп келе жатқанын байқау қиын емес.

Көшелерде де Делидегі сияқты рикшалар, жеңіл көлік көп.

Кашмирдің табиғатынан басқа саяхатшыларды ерекше қызықтыратыны— Кашмирдің жібек кілемдері. Өйткені бұл елде тұт ағашы көп өсіріледі.

Сөйтіп Кашмирде болған екі-үш күн лезде өте шықты. Таңертең Делиге қайтамыз деп дайындалып жатқанымызда теледидар мен радиодан суық хабар дүңк ете қалды. Пәкстан мен Кашмир арасында қақтығыс бұрқ ете қалыпты. Пәкстан Кашмирдің солтүстігіндегі Гималай тауларына десант түсіріп, олар Кашмирдің біраз жерін басып алған. Сринагарды да атқылауы мүмкін. Кашмир штатының әуе кеңістігінде екі ұшақты атып түсірген. Содан әуежай жабылған. Ресми мекемелер Делиден ұшақтарды қабылдай да, ұшыра да алмайтыны жайлы мәлімдеді. Үкімет орындары ақылдаса келе бізге микроавтобус бөлді. Оны күзетіп алып жүретін солдаттар бөлінген. Сөйтіп біз алда, олар джипке мініп соңымыздан жүріп отырды. Жол-жөнекей олар әр жерде тоқтап, алдағы жолдың қауіпсіздігін рация арқылы біліп отырды. Өйткені Үндістан мен Кашмирдің қонақтарына лаңкестер қауіп төндіріп қалуы мүмкін десті.

Автобус бірте-бірте биікке өрлеп келеді. Сринагар төменде, артта қалып барады. Бұрын Пир Панджалдан Кашмирге асатын осы күнгідей жол болмаған. Ал мына жолдардың салынғанына аса көп болмаған көрінеді. Біраздан соң алдымыздан тоннель көрінді. Оның бір-ақ жағы істейді екен. Бір жақтан көлік жолға түссе, екінші жақ ол көлік тоннельден шыққанша күтіп тұрады. Сонымен бізге жүруге рұқсат етілген соң, тоннельдің тар жолымен алға жылжыдық.

Біреу шақырымнан соң жарық көрінді. Содан кейін тоннельден шығып едік, жол шетінде тұрған полицейлер тоқтатты. Сыртқа шықсақ, жолдың сол жақ шетінде қолдары артына қайырылған 5–6 кісі тізерлеп отыр. Көздері таңулы.

– Бұлар кімдер? – дейміз әбіржіп.

– Бұлар тоннельді жарып жібермек болған лаңкестер.

– Неге?

– Негесі сол, сіздер Үндістанның қонақтарысыздар. Ал бұлар –лаңкестер. Кашмирді Үндістаннан бөліп, Пәкстанға қосқысы немесе өз алдына мемлекет болуды көксейтіндер.

Ол жерден де әрі қарай ілгері жүріп кеттік. Жол тар. Анда-санда жол шетінен шайханалар, кофеханалар ұшырасады. Олар жар жағасында тұр. Төменде өзен ағып жатыр. Көкпеңбек. Тау суынан жиналған өзен екені сөзсіз. Гималайдан шыққан Желам, Инд және тағы басқа біраз өзендер Үнді мұхитына барып құяды. Олардың кейбірі туралы атақты Бабыр Үндістанды жаулап алу барысында, «Бабыр намесінде» айтып өткен.

Пир Панджалдың биік жеріне жеткен соң, енді қайтадан төмен түсе бастадық. Үндістан мен Кашмирдің арасында XV–XVI ғасырларда жол болмағанын айттық. Алып елден Кашмирге баратындар осы Пир Панджалдың әртүрлі асуларынан асатын.

Күн батты. Әлі келеміз. Жол жеткізер емес. Таудың етегіне жақындаған сайын қыстақтар ұшыраса бастады.

Кешкі сағат тоғыз шамасында Пир Панджалдың етегіндегі қалашыққа жетіп, ат басын тіредік. Мейманханаға келіп демалдық. Бұл туристер үшін салынған қонақүй екен. Онда бірер сағат аялдадық. Әл жинап алған соң, ілгері жүріп кеттік. Кашмир мен Пир Панджал тауында күн салқындау. Енді еңіске жетіп, жазық басталғалы күннің ыстық лебі біліне бастады. Машинаның терезелері ашық. Соған қарамай қапырық. Айтпақшы, тоннельден өткен соң, бізбен ілесіп, күзетіп келе жатқан джиптегі әскерлер қоштасып қалып қойды. Әрі қарай жол қауіпсіз деді ме екен деп ойладық. Солай болып шықты.

Гималайдан астық демекші, Мұхаммед Хайдар Дулати заманынан бері Гималай тауымен жүрген, атақты таудан асқан қазақтар біз шығармыз деген ой келеді. Шынында да солай-ау. Мақаламыздың атын «Гималай асқан қазақтар» деп қойғанымыздың мәнісі де сондықтан.

Жол жеткізер емес. Аспанда жұлдыздар жымыңдайды. Сәлден кейін жол екі жолаққа бөлінді. Енді жүрісіміз жылдамдайтын шығар. Жүк машиналары көбейді. Олар Үндістаннан Кашмирге жүк апара жатса керек. Сәлден соң жол шетінен Симла деген жазу көрінді. Ол бізге Үндістанның «Любовь в Симле» атты фильмінен белгілі. Үндістанның «Любовь в Кашмире» дейтін де фильмі бар. Олар негізінен Үндістан мен Кашмирдің әсем тауларын, әдемі табиғатын, курортты аймақтарын насихаттау үшін де түсірілсе керек.

Енді бірде Панипат деген жазуы бар бағана жылт етті.

– Бұл «Бабыр намеде» айтылатын Панипат емес пе?

Иә, 1526–1527 жылдары Бабыр Үндістанды алу үшін дәл осы Панипатта Үндістанның сол кездегі патшасы Ибраһим Лодимен қиян-кескі шайқасып, ақырында оны өлтіріп, әскерін талқандаған соң, ту тіккені белгілі. Сол жеңісінің құрметіне ол Панипатта мешіт салды. Сол мешіт бар ма екен деймін ойға беріліп. Әй, сақталмауы да мүмкін-ау. Әйтсе де айта кетейік, 2002 жылы Делиде өткен қасиетті Құран жарысына қатысу үшін осы елге барғанымда Алла тағала қалап, кездейсоқ осы Панипатта болғаным бар. Бабыр салдырған мешітті де таптым. Ол дін аман тұр екен. Ол туралы кезінде «Егемен Қазақстан» газетінде «Үндістандағы Құран жарысы» атты мақаламда жазғанмын.

Ал енді Мырза Хайдардың Кашмирді екінші рет қалай алғаны, 10 жыл патшалық еткені, қазасы, себебі туралы менің «Тарих-и Рашидиге» (2003) жазған алғы сөзімде

баяндалған. Сондықтан да оны бұл жерде қайталауды жөн көрмей отырмын.

### **Келелі кездесулер**

Таң ата Нью-Делиге келіп кірдік. Содан 2–3 сағаттай демалдық. Түскі 12-де Джавахарлал Неру университетінде кездесу өтуі керек-тін. Онда бізді көзілдірікті, қараторы ректор күтіп алды. Атын қазір ұмытыппын. Студенттер демалысқа тарап кеткендіктен, шәкірттер болмады. Кездесуге Орталық Азия тарихымен айналысатын оқытушылар ғана қатысты. Ұшырасу өте ғибратты әрі қызықты өтті. Болашақта Неру университетінде қазақ тілі мен әдебиеті бөлімін ашу мәселесі сөз болды.

Одан кейін Қазақстанның Үндістандағы елшілігінде сұхбат өтті. Екі жақ та делегацияның Кашмирге сапарының нәтижелі болғанын айтты. Сонымен, 23 мамырда басталған сапарымыз 30 мамыр күні аяқталды. Екі ел арасында мәдени байланысымыздың бастауында тұрған Дулати бабамыздың рухы қайта жаңғырды. Осындай мәмілемен делегация Алматыға, мен тағы да Бомбей арқылы Эр-Риядқа ұшып кеттім.

### **Ұлы ойшылдың мұрасы паш етілуде**

Содан кейін 1999 жылдың қарашасында Қазақстан Ұлттық ғылым академиясында Мұхаммед Хайдар Дулатидің туғанына (1499–1551) 500 жыл толуына орай үлкен ғылыми конференция өтті. Мен бас баяндаманы жасадым. Тараз университетіне және Алматы мен Астана, Шымкент, т.б. қалалардың көшелеріне Мұхаммед Хайдар Дулатидің аты берілді. Жыл сайын Таразда оның өмірі мен шығармашылығына арналған халықаралық, республикалық ғылыми-теориялық конференциялар өткізіліп жүр. Оның классикалық, энциклопедиялық тарихи еңбегі 1996 жылы Ташкентте, 1999 жылы Алматыда орыс, 2012 жылы тағы да өзбек тілінде, 2003 жылы ол тұңғыш рет парсы тілінен, поэмасы «Жаһан наме» шағатай тілінен ана тілімізге аударылып, Алматыда жарық көрді.

Нью-Делиде Джавахарлал Неру университетінің профессоры Мансура Хайдардың Мырза Хайдарға арналған зерттеуі ағылшын тілінде, ал ол 2010 жылы Алматыда орыс тіліне аударылып, «Мирза Мухаммед Хайдар Дулати в персидских источниках» деген атпен жарық көрді.

Елімізде Мұхаммед Хайдардың өмірі мен шығармашылығына арналған материалдар, жинақтар, кітаптар жарық көрді, диссертациялар қорғалды. Оның еңбектеріне деген ділгірлік әлі де күшті.

## ХАНДАР, ӘМІРЛЕР, ТҮРЛІ БИЛЕУШІЛЕР, АҚЫНДАР МЕН ТАРИХШЫЛАР, ДІНБАСЫЛАР, СОПЫЛАР, ТАЙПАЛАР МЕН РУЛАР

**Тоғылық Темір хан** – алғашқы Моғолстан ханы. 730/1329–1330–764/1362–1363 жж. өмір сүрген. Шыңғысханның екінші ұлы Шағатайдан тарайды. Шығу тегі: Шыңғысхан – Шағатай – Мамкан (Мүтүген) – Қара Үйсін (Есун Дува) – Барақ хан – Давадж (Дува) – Есенбұға – Тоғылық Темір. 748/1347–48 жылы Тоғылық Темір жергілікті тайпа әмірлерінің қолдауымен таққа отырады. Өмірінің соңына дейін билік етеді. Мауараннаһрды бағындырып, онда өз ұлы Илияс Қожаны билеуші етіп отырғызады.

**Барақ хан** – Шағатай ұрпағының өкілі, Шағатай ұлысында 663/1264–670/1271 жж. билік еткен.

**Кебек хан** – Шағатайлық хан, 718/1318–726/1326 жж. билік еткен. Басқа да дерек мәліметтері бойынша, Кебек хан өмірінің соңына дейін исламды қабылдамаса да, мұсылман мәдениетін қабылдауға батыл қадам жасаған. Қаршы қаласындағы оның кабірінің басына күмбезді кесене салынған.

**Әбдірашид хан** – Шағатай ұрпағы, Сұлтан Саид ханның ұлы. 1510 ж. туған, 1533 жылы әкесінің орнына Моғолстанда хандық билікке келген. 1559/60 ж. қайтыс болған. Әбдірашид ханның тұсында шайбанилық билеушілермен жауласу аяқталып, қазақ хандарына қарсы шайбанилық билеушілермен одақтасып бірнеше рет жорық жасайды.

**Сұлтан Саид хан** – Шағатай ұрпағы, Моғолстан ханы Сұлтан Ахмет ханның үшінші ұлы. 892/1487 ж. туған – 939/1533 ж. қайтыс болған. 920/1514 ж. дулат әмірі мырза Әбу Бәкірден Қашғарды күшпен алып, Шығыс Түркістанда 1533 жылдың 9 шілдесіне дейін билік етеді.

**Есенбұға** – Шағатайдың ұрпағы, Шағатай мемлекетінде шамамен 709/1309–718/1318 жж. билік құрған. В.В. Бартольд Мұхаммед Хайдардың Есенбұға хан Тоғылық Темірдің әкесі деген мәліметін жаңсақ деп күмән келтіреді, өйткені Есенбұға хан 1318 жылы, яғни Тоғылық Темір дүниеге келгенге дейін қайтыс болған, «Зафар намеде» Тоғылық Темірдің әкесі деп Елқожа (Әмил Қожа) айтылады, ал Махмұд бин Уәли «Бахр әл-асрарде» Елқожа мен Есенбұғаны бір адам деп жазады.

**Әмір Болатшы** – дулат тайпасынан шыққан әмір. Есенбұға хан тұсында Қашқарияны билеген. Мұхаммед Хайдар Дулатидің алтыншы атасы.

**Өртөбе** (Уртубе) – Әмір Болатшының атасы, Мұхаммед Хайдардың бабасы. Шыңғысхан Өртөбеге ұрпақтарына мұрагерлік жолмен қалатын жеті артықшылық – мансап тағайындаған. Ол жарлық 625 (1227–1226) жылдан 940 (1533 жылдың шілде-тамызына) дейін күшінде болған.

**Әмір Тулақ** (Төлек) – дулат тайпасының әмірі, әмір Болатшының туған ағасы. Әмір Тулақтан соң ұлысбегі лауазымы әмір Болатшыға өтеді.



**Тармаширин хан** – Шағатай ұрпағы, Шағатай ұлысының Мауараннаһр бөлігінде 1326–1334 ж.ж. билік құрған. Исламға қарсы жергілікті көшпелі тайпалардың көтерілісі кезінде қаза тапқан.

**Сахибқыран** – «Қос бақытты жұлдызды»: Шолпан мен Юпитерді немесе Шолпан мен күнді иеленуші, яғни «бақытты» деген мағынада. Бұл эпитет Әмір Темірден бастап билеушілердің есімдерімен байланыстыра қолданылады. Бұл жерде Әмір Темірдің эпитеті ретінде берілген.

**Әмір Хүсейін** – Балх уәлаятының билеушісі; 1346–1325 жж. Мауараннаһрда Шыңғыс ұрпақтарынан шыққан «қуыршақ» хандар арқылы билік жүргізген.

**Илияс Қожа оғлан** – Тоғылық Темір ханның ұлы, әкесінен соң 764/1362–63 жж. Моғолстанның ханы болады. 765/1363–64 ж. дулат әмірі Қамараддин оны өлтіреді.

**Әмір Қамараддин** – дулат тайпасы көсемдерінің бірі; әмір Болатшының туған інісі. Ағасы әмір Болатшы және Моғол ханы Тоғылық Темір хан (1362–63 ж.ж.) қайтыс болғаннан соң, Моғолстандағы жоғары билікті тартып алып, оның басым бөлігінде жиырма жылдай билік жүргізеді.

**Орыс (Ұрыс) хан** – (1368/69–1376/77) – Жошы ұлысының сол қанатындағы билеушілердің бірі, алғашқы қазақ хандары Орыс ханның шөберелері болып келеді. Шын аты – Мұхаммед, Орыс – лақап есімі. Орыс ханның шығу тегі жөнінде екі түрлі пікір бар: бірі – Орыс хан Жошының үлкен ұлы Орда Еженнен тарайды дейді, ал екінші пікір бойынша, ол Жошының кенже ұлы Тосқа Темірден тараған ұрпақ. Орыс хан 1374–75 жж. Алтын Орда тағына отырады. Натанзидың мәліметі бойынша, Орыс хан «өте күшті және қуатты билеуші болған». Орыс хан тұсында Сығнақ қаласында көптеген құрылыстар салынады. Орыс ханның жеті ұлы, бес қызы болған. Орыс ханнан соң билікке үлкен ұлы Тоқтақия отырады.

**Тоқтамыш оғлан** (Тоқтамыс хан) – Тұқа Темір ұрпағы, 1380–1395 жж. Алтын Орда ханы. Шығу тегі: Тоқтамыс – Тайқожа – Тоғылықожа – Қоншақ Сарыжа – Үз Темір – Тұқа Темір – Жошы. 1376/77 ж. Тоқтамыс Орыс ханнан қашып, Әмір Темірді паналайды. Әмір Темірдің көмегімен Ақ Ордаға бірнеше рет жорық жасайды. 1379 жылы алдымен Ақ Орда тағына, 1380 жылы Алтын орда тағына келіп, 15 жыл бойы Жошы ұлысының оң, сол қанаттарын билейді. Зерттеушілер Тоқтамыс ханның билік құрған жылдарын Алтын Орданың «уақытша күшею» кезеңі деп атайды.

**Қызыр Қожа хан** – Тоғылық Темірдің ұлы. Моғолстан ханы, 791/1389–802/1399–1400 жж. Моғолстанды биледі. XV–XVI ғғ. барлық моғол хандары Қызыр Қожа ханнан тарайды.

**Шаһибек хан** (855/1451–916/1510 ж.) – Мұхаммед Шайбани хан, Әбілқайыр ханның немересі. XV ғ. 80 ж. «көшпелі өзбектердің» басын қосып, ұзаққа созылған күрестерден соң, Мауараннаһрды бағындырады. Шайбани әулетінің негізін қалайды.

**Мұхаммед хан** – Қызыр Қожа ханның екінші ұлы, 1408–1416 жж. моғол ханы. Мұхаммед хан тұсында моғолдар арасында ислам түпкілікті орнығады.

**Шаһруһ** (1409–1447) – Әмір Темірдің төртінші ұлы, 1405 ж. әкесінен соң билікке келеді. Сөз жүзінде Әмір Темір империясының жоғары билеушісі саналғанымен, іс жүзінде ол екі мемлекетке бөлінді. Бірі – орталығы Герат болған Хорасан да, екіншісі – астанасы Самарқан болған Темір мемлекеті.

**Ұлықбек** (1394–1449) – Шаһруһтың ұлы, 1409 ж. Самарқандағы әкесінің өкілі, 1411 ж. бастап дербес билеуші. Әкесі қайтыс болғаннан кейін, 1447–1449 жж. оның билігін мұрагерлік жолмен иеленген.

**Шир Мұхаммед хан ибн Мұхаммед хан** – 824/1421–828/1424–1425 жж. моғол ханы, Мұхаммед ханның ұлы.

**Уәйіс хан ибн Шир Әли оғылан** – моғол ханы, екі рет 1418–1421 жж. және 1424–25 ж. билік құрған. 1428 ж. өлтірілген.

**Қожа Баһааддин Нақшбанд** – Баһааддин (Мұхаммед ибн Бурхан ад-Дин Мұхаммед әл-Бухари (1318–1389), XIV ғасырдағы ортаазиялық суфизмнің (сопылықтық) ірі өкілі.

**Сұлтан Хүсейін мырза Байқара** (1469–1506) – Әмір Темір ұрпағы, күрес арқылы Герат тағына келіп, 40 жылдай Гератта және Иранның шығыс бөлігінде билік жүргізді.

**Жүніс хан** (873/1468–1469–892/1487) – Уәйіс ханның үлкен ұлы, моғол ханы. 1462 ж. інісі Есенбұға қайтыс болғаннан кейін, алдымен Моғолстанның батыс бөлігінде, ал 1472 ж. бастап бүкіл Моғолстанда билік жүргізеді. 1482–1485 жж. Жүніс хан Сайрам мен Ташкентті алады. 892/1487 ж. Ташкентте қайтыс болып, сонда жерленеді.

**Есенбұға хан** (шамамен 833/1429–1430–866/1461–1462) – моғол ханы, Уәйіс ханның кіші ұлы.

**Әбілқайыр** (1412 ж. туып, 1468 ж. қайтыс болған) – Жошы ханның бесінші ұлы, Шайбанның ұрпағы. 1428 ж. Шығыс Дешті Қыпшақта хан сайланып, 1468 жылға дейін, 40 жыл бойы билік етеді.

**Сұлтан Әбу Сайд мырза** (855/1452–873/1469) – Әмір Темір ұрпағы. 1451 жылы Мауараннаһрдың саяси билігіне жергілікті дін басыларының қолдауымен келеді.

**Жәнібек хан мен Керей хан** – Қазақ хандығының негізін салушы хандар. Орыс ханның шөберелері. Әбілқайыр ханнан 1459 жж. бөлініп, өздерінің қол астындағы рутайпаларымен Моғолстанның батысына келіп қоныстанады.

**Бұрындық хан** – Керей ханның ұлы. 878/1473–1474 ж. билікке келіп, 1511 ж. биліктен қуылады. Самарқанда қайтыс болған.

**Қасым хан** – Жәнібек ханның тоғыз ұлының бірі, шамамен 1445 ж. дүниеге келеді, ал қайтыс болған жылы туралы деректер 924/1518–935/1528 жылдар аралығын көрсетеді. Орыс тіліндегі деректер оның 1521 ж. қыс айларында қайтыс болғандығын айтады. 1511 жылы хан тағына отырады. Өзінің әскери таланты және ұйымдастырушылық қабілетімен ерекшеленеді, көптеген тайпаларды біріктіріп, хандық билікті нығайтады.

**Жошы хан** – Шыңғысханның үлкен ұлы. Шыңғысхан жаулап алған жерлерін ұлдарына бөлгенде, Жошыға Ертістен батысқа қарай «монғол жылқысының тұяғы жеткен жерге дейінгі» аймақ тиеді.

**Мамаш хан** – Қасым ханның ұлы. 1518–1522 жж. билік жүргізеді.

**Таһир** (Тайыр хан) – Жәнібек ханның немересі, Әдік сұлтанның ұлы. 930/1523–1524 ж. Мамаш хан өлгеннен кейін хан тағына отырады. Өте қаталдығымен көзге түсіп, қабілетсіз болғандықтан, өз ортасында беделге ие бола алмаған. 1526 ж. ұлымен

және аз санды қазақтармен қырғыздарға кетіп, сонда 938/1531–1532 ж. қайтыс болады.

**Бұйдаш хан** – Әдік сұлтанның ұлы, Таһирдың інісі. Таһирдан соң хан тағына отырады. 967/1559–1560 ж. Мауараннаһрға жорық кезінде қаза табады.

**Абдолла мырза** – Әмір Темір ұрпағы, Шаһруһтың немересі, Ибрагим сұлтанның ұлы. 854/1450 ж. Абдоллатиф өлімінен кейін Самарқанда билікке келеді. 855/1451 ж. Әмір Темір ұрпағы Әбу Сайдтың (855/1451–873/1469) әскерімен болған шайқаста қаза табады.

**Мырза Бабыр қаландар** – Әмір Темір ұрпағы, Шаһруһтың немересі, Байсұңқардың ұлы. 1452 ж. Гераттағы билікті басып алып, 1457 ж. қайтыс болғанға дейін отырады.

**Сұлтан Махмұд хан** (1388–1402) – Әмір Темір тұсындағы екінші «қуыршақ» хан, Суиурғатмыштың ұлы.

**Сансыз мырза** – дулат тайпасының әмірі, «Тарих-и Рашиди» авторының атасының туған ағасы. 862/1457–1458 ж. Қашғарды билеп, 869/1464–1465 ж. қайтыс болады.

**Дос Мұхаммед хан** – Есенбұға ханның ұлы, 866/1461–1462–873/1468–1469 жж. моғол ханы.

**Мырза Әбу Бәкір** – дулат әмірі, Сансыз мырзаның үлкен ұлы, 869/1464–1465 ж. Қашқарияда билікке келіп, 1514 ж. дейін жеке басқарады.

**Мансұр хан** – Шағатайдың ұрпағы, Жүніс ханның немересі; Ахмет ханның (Алаша ханның) ұлы. 1504–1544 жж. Моғолстанның Шығыс бөлігінде билік құрған (1503–1504 жж. Моғолстанды әкесінің атынан билеген). Саид хан Қашғар мен Жаркенді жаулап алғаннан кейін, 1516 жылы ағайынды екі хан татуласады. Мансұр хан Тұрфан мен Чалышты басқарып, Шығыс Түркістанның жоғарғы билеушісі болады. Ол 1543/44 ж. қайтыс болады.

**Буруж оғлан** – Мұхаммед Хайдар Дулати Буруж оғланды Әбілқайыр ханның үлкен ұлы деп көрсетеді, бірақ Әбілқайыр ханның ұрпағы арасында мұндай есімді ұл жоқ. Буруж оғлан (Буреке сұлтан) – шайбанилық сұлтан, Темір шейхтың немересі, Жәдігер ханның 4 ұлының үлкені. Ол Әбілқайыр хан тұсында «көшпелі өзбектер» мемлекетінің әскери қолбасшыларының бірі болады. Әбілғазының дерегі бойынша оны Әбілқайыр ханның немересі Мұхаммед Шайбани хан өлтірген.

**Сұлтан Ахмет мырза ибн Сұлтан Әбу Сайд мырза** – Темір әулетінің өкілі, Сұлтан Әбу Сайд мырзаның үлкен ұлы. 1469 жылы әкесінен кейін Мауараннаһр тағына келіп, 1494 ж. дейін билік құрады.

**Сұлтан Махмұд ибн Сұлтан Әбу Сайд мырза** – Темір әулетінің өкілі, Сұлтан Әбу Сайд мырзаның ұлы. 1494 ж. ағасы Сұлтан Ахмет мырза қайтыс болғаннан кейін, Мауараннаһрда 1494–1500 жж. билік етеді.

**Мырза Омар Шейх ибн Сұлтан Әбу Саид мырза** – Темір әулетінің өкілі, Сұлтан Әбу Сайд мырзаның кіші ұлы. Бабырдың әкесі. Ферғана аймағында жеке дербес билік жүргізеді. 1494 жылы қайтыс болады.

**Сұлтан Махмұд хан** – Жүніс ханның үлкен ұлы. Әкесі өлгеннен соң, Моғолстанның батыс бөлігінде 1487–1509 жж. билік етеді. 1509 ж. Мұхаммед Шайбани ханның бұйрығымен өлтіріледі.

**Шаһ Сұлтан Мұхаммед Бадахши** – Бадахшан шаһтарының өкілі, аңыз бойынша өздерінің шығу тегін Александр Македонскийден (Ескендір Зұлқарнайын) бастайды.

**Ескендір Зұлқарнайын** – Шығыс елдерінде Александр Македонскийді осылай атаған.

**Сұлтан Ахмет хан** – Моғол ханы Жүніс ханның кіші ұлы, лақап есімі Алаша хан. Бабырдың дерегі бойынша: Ахмет хан қалмақтарды бірнеше рет жеңіп, олардың адамдарын қырғынға ұшыратқан, сол себепті де оны «алашы» деп атаған. Қалмақтар мен моғолдар тілінде «алашы» – «жан алғыш» деген мағынаны білдіреді.

**Мырза Хан** 1521 ж. өлген, Сұлтан Махмұт мырзаның ұлы. Бадахшанның билеушісі. Анасы – Жүніс ханның қызы Сұлтан Нигар ханым.

Сұлтан Ахмет әмірлерінің ішінен Бабыр Дәруіш Мұхаммед тарханның інісі Мұхаммед Мазид тарханды атап өтіп, оның бірнеше жыл Түркістанның билеушісі болғанын, Шайбани ханның Түркістанды дәл соның өзінен тартып алғанын жазады. Оған оның иелігі мен өкімдері жақсы-ақ, бірақ арсыз азғын адам деген мінездеме береді.

**Әмір Жаппарберді** – дулат тайпасы әмірлерінің бірі.

**Хұсрау шаһ** – түркістандық қыпшақтар басшыларының бірі. Жас кезінде бектерге қызмет етіп, кейін Мазид ибн Арғынның нөкері болады. Сұлтан Махмұд мырзаға қосылғаннан кейін күшейіп, жеке нөкерлерінің өзі бірнеше мыңға жетеді. Оған Бадахшаннан басқа Амудариядан Гиндукуш тауына дейінгі аймақтар бағынған. Сұлтан Махмұд мырза қайтыс болғаннан кейін, өз иелігінен айырылып қалудан қауіптеніп, мырзаның екі үлкен ұлын өлтіреді. Хұсрау шах 910/1504–1505 ж. қайтыс болады.

**Шаһ Исмаил** (907/1501–930/1524 ж.) – Ирандағы Сефевидтік мемлекеттің негізін салушы. 1510 ж. Мерв түбінде өзбектерді тас-талқан етіп жеңеді, сонда Мұхаммед Шайбани хан да қаза табады.

**Ұбайдолла хан** – Шайбани әулетінің өкілі (940/1533–1534–946/1539– 1540 жж.) «Көшпелі өзбектер» мемлекетінің билеушісі Әбілқайыр ханның шөбересі, Мұхаммед Шайбани ханның інісі Махмұт сұлтанның ұлы.

**Әмір Нәжім Сани** («Екінші Нәжім»). Шах Исмаилдың өте тәжірибелі қолбасшыларының бірі – әмір Нәжімаддин Йар Ахмет Исфаганиге берілген құрметті лақап ат. Ол 1512 ж. Мауараннаһрдағы Бабырға көмекке жіберіледі.

**Сүйініш Қожа хан** ( Сүйіншік сұлтан, Сүйіншік хан) – Әбілқайыр ханның ұлы, Мұхаммед Шайбани ханның көкесі (Мұхаммед Шайбани ханның әкесінің інісі). Мауараннаһрда Шайбани әулеті билігі орнаған кезде, Ташкентті иеленеді. 1510 жылы Мұхаммед Шайбани ханның өлімінен соң, әулеттің басшысы болып сайланады, бірақ сол жылы оны Көшкінші хан ауыстырады. Сүйініш Қожа хан 931/1525 ж. қайтыс болады.

**Мұхаммед шаһ** – Кашмирдің билеушісі, төрт рет билікте болған:

894/1489–895/1490; 903/1498–904/1499; 905/1500–932/1526; және 935/1529–939/1533 жж.

**Қожа Хасан** – Қожа Мұхаммед ибн Хасан ибн Ала әл-Аттар Бұхар шейхы Бахааддин Нақшбандидың (1389 ж. қайтыс болған) бірінші ізін басқан. Алааддин



Аттардың (1400 ж. қайтыс болған) немересі.

**Сұлтан Жақып ибн Ұзын Хасан** (883/1478–896/1490) – Түркменнің Аққойлы әулетінен шыққан билеуші.

**Темір сұлтан** – Мұхаммед Темір сұлтан, Шайбани ханның ұлы 1514 ж. қайтыс болған.

**Көшім сұлтан** – Шайбани ханның көкесі. Түркістанды 1510–1530 жж. билеген.

**Махмұд сұлтан** – Әбілқайыр ханның немересі, Мұхаммед Шайбани ханның інісі.

**Хамза Сұлтан** (1511 ж. қайтыс болған) – Шайбанилық сұлтан, Сұлтан Бақтиярдың ұлы. Хұсайын Байқараға қызмет етіп, кейін Бабырға, ал 1500 жылы Шайбани хан жағына өтеді.

**Махди сұлтан** – шайбанилық сұлтан, Хамза сұлтанның бауыры. 1511 жылы Бабырдың қолынан қаза тапқан.

**Шаһ Тахмасп I** (930/1524–984/1576) – Сефевид әулетінің билеушісі. Шаһ Исмаилдың ұлы. Әкесінен кейін Иранда билік құрады.

**Сұлтан Ескендір Ауған Сикандр (Искандер) II б. Бахлул** (855/1451–894/1489 ж.ж.) – Үндінің Лоди әулетінен шыққан екіншісі билеушісі.

**Сұлтан Зайн әл-Абидин** – (823/1420–875/1470 жж.) тарихта білімпаз билеуші ретінде енген, оның тұсында санскрит тілінен парсы тіліне «Махабхарат» және өлең түріндегі Кашмир тарихы «Раджатарангини» аударылады.

**Мұхаммед Шаһ** – билікте төрт рет болған: 894/1489–895/1490 жж. 903/1498–904/1499; 905/1500–932/1526; 935/1529–939/1533 жж.

**Сұлтан Халел мырза** – Әмір Темірдің немересі, Мираншахтың ұлы. Атасынан ол Грузия, Армения және арран жерлері кіретін мемлекетті иемденеді. Әмір Темірдің Қытайға жорығына қатысады. Самарқанды басып алады. Әмір Темірдің ұлы Шаһруһтан жеңіліс табады.

**Сам Мырза б. Шах Исмаил Сафауи** (923/1517–984/1576 ж.) – тарихта негізінен ақын және әдебиет тарихын зерттеуші ретінде белгілі. Ол «Тухфа-йи Сами» атты парсы ақындарының ғұмыры мен антологиясының авторы. Бұл өте бағалы дерек көзі саналатын еңбек.

**Шерхан Сур** (шамамен 1472 немесе 1486 ж. туған). Азан шақырып қойған аты Фарид, оңтүстік Бихарадан шыққан ауған көсемі, Һұмаюнға қарсы күресіп, оны Үндістаннан уақытша ығыстырады. Һұмаюнды жеңгеннен кейін Шерхан патша тағына отырып, Суридтер династиясын негіздейді, оның билік жүргізген кезеңі – 974/1540–952/1545 ж.ж.

**Маулана Литфи** (шамамен 870/1465–1466 ж. қайтыс болған) – XIV ғ. екінші жартысы XV ғ. бірінші жартысындағы өзбек ханы, Әлішер Науаидың жолын қуушы.

**Мырза Бабыр каландар** (Әбілқасым Бабыр) – Мырза Байсұңқардың ұлы, Шаһруһтың немересі. 1452 ж. феодалдық бытыраңқылық кезеңінде Герат тағына отырып, оны өмірінің соңына дейін билейді. Гераттың әдеби орталық ретіндегі даңқының жайылуы Шаһруһтың баласы Байсұңқардың (1433 ж. қайтыс болған) есімімен байланысты. Байсұңқар әкесінің уәзірі болды, оның бұл қызметте болуы ақын-жазушылар мен суретшілерге қамқорлық жасауына мүмкіндік берді. Ол сарай

кітапханасын ұйымдастырды, онда үздік каллиграфтар, миниатюристер еңбек етті; нағыз ғылыми текстологиялық жұмыс жүргізілді. Осында Фирдаусидің атақты «Шахнамесінің» толық мәтіні толықтырылып дайындалды.

**Шейх Пуран** – Бабыр Мұхаммед Шайбани хан (1500–1510 жж.) Гератты бағындырғаннан кейін, жергілікті адамдарға қатыгездік жасайды, соның ішінде Шейх Пуран да бар болатын деп жазады.

**Байдахан** (Байдаған) – дулат тайпасының көсемі, Шаш, Шалыш, Ыстық көл, Сары-Ұйғырмен шегараласып жатқан төрт тарапта алғаш билік еткен. Бұл жер мұралық жолмен Мырза Әбу Бәкірге өткен. Байдахан – Мұхаммед Хайдардың арғы атасы.

**Жүсіп Қадыр хан** – Қарахан әулетінің өкілі, Боғра ханның ұлы, Қашғар билеушісі, 424/1032 ж. қайтыс болған.

**Әмір Қамбар** (935/1582 ж. қайтыс болған) – Шайбани хан тұсында Мервтің, кейін Құндыздың билеушісі.

**Сұлтан Мұхаммед хорезмшаһ** (596/1200–617/1220 жж.) Мауараннаһрдағы хорезмшахтар мемлекетінің соңғы шахы, 1220 ж. соңында Каспий теңізіндегі аралдардың бірінде қаза тапқан.

**Сұлтан Ибраһим** – Ескендір сұлтанның ұлы, Панипат түбіндегі шайқаста қаза тапқан.

**Нұмаюн мырза** – Бабырдың үлкен ұлы, 937/1530 ж. Үнді жерінде әкесі қайтыс болған соң, оның орнына билікке келіп, 1556 ж. дейін отырады.

## **Дінбасылар. Сопылар**

**Ибраһим Халиолла** – пайғамбар, бір құдайға құлшылық етуді алғаш уағыздаушы, Тауратта Авраам деп аталады. Кең тараған лақабы – Халилуллаһ (Алланың досы), одан басқа оны имам-қауым басшысы, Сыддық-сенімді, Ханифа-бір құдайға сиынуды уағыздаушы деп те атайды.

**Қожа Шариф Қашғари** – Қожа Мұхаммед Шариф болуы мүмкін, XVI ғ. Қашқариядағы увайсиялық сопылық топтың жетекшісі, Хазірет Қожа. 973/1565–1566 ж. қайтыс болған.

**Шейх Хаванд Тахур** (Шейх ан-таур) – белгілі Ташкент шейхы, шейхтар әулетінен шыққан. 1359 – 60 ж.ж. қайтыс болған. Ташкенттегі оның мазары қасиетті орындардың біріне айналған. Оның құрметіне қаланың сол бөлігі – «Шейхантаур» деп аталады. Қазір Ташкент қаласының Шейхантаур ауданы. Жүніс ханның зираты Шейх Хаванд Тахур мазарының жанына қойылған. Төле бидің кесенесі де Шейх Хаванд Тахур кесенесінің жанында.

**Маулана Аршададдин** (Хазірет Маулан Аршададдин) – дінбасы, шейх, Жалаладдин Бухаридың ұлы. Тоғылық Темір хан Маулана Аршададдиннен ислам дінін қабылдаған.

**Герат қарты** – 396/1006 – 471/1088 ж. өмір сүрген Әбу Исмаил Абдолла ибн Әбу Мансұр Мұхаммед әл-Ансари әл-Харави. Белгілі гераттық шейх.

**Шейх Жамаладдин** (Жамаладдин Бұхари) – XIV ғ. өмір сүрген шейх. Тоғылық Темір ханның ислам дінін қабылдауына ықпал жасаған.

**Қожа Насыреддин Ұбайдолла б. Махмұд** (лақап есімі Қожа Ахрар) – Орта Азияның белгілі шейхы, Мауараннаһрдағы Нақшбанди сопыларының жетекшісі. 1404–1490 жж. өмір сүрген.

**Махмұд Қазі** – Маулана Мұхаммед бин Бурханаддин Самарқандидің лақап аты Қожа Ахрардың шәкірті, 1516 ж. қайтыс болған.

**Сұлтан Хүсейін мырза** – Әмір Темірдің ұлдарының бірі Омар Шейхтың шөбересі.

**Маулана Сабададдин Қашғари** (1456 ж. қайтыс болған) – нақшбандилық сопылық топтың белгілі герат шейхы, Әбдірахман Жәмидің рухани жетекшісі. Жәми Маулана Сабададдиннің қызына үйленген.

**Маулана Низамаддин Хамуш** – Алааддин Аттар шейхтың шәкірті.

**Қожа Алааддин Аттар** (1400 ж. қайтыс болған) – аты-жөні Мұхаммед б. Мұхаммед әл-Бұхари; Бахааддин Нақшбандидің шәкірті, нақшбандилық сопылық топтың шейхы.

**Шейх Әбу-л Мансұр Матуриди** (944 ж. қайтыс болған) – орта ғасырда өмір сүрген діндар, Самарқанның шетіндегі мекенде туған.

**Әмір Абд ал Ауаалл-и Нишапури** (905/1500 ж. қайтыс болған) – ортаазиялық шейх Қожа Ұбайдолла Ахрардың күйеу баласы әрі серіктесі.

**Қожа Мұхаммед Парса** (822/1419 ж. қайтыс болған) – толық аты-жөні Мұхаммед бин Мұхаммед бин Махмұд әл-Хафизі әл-Бұхари, нақшбандилық сопылықтың негізін салушы Қожа Бахааддин Нақшбандидың серіктесі.

**Маулана Жақып** (Якуб) – өз заманындағы Бадахшан мен Чаганиандық белгілі шейх, Қожа Ұбайдолла Ахрардың ұстазы. «Көрнекті бес» ғұламаға Васифи «Бадайи әл-вақайи» деген шығармасында жеке тарау арнаған, олардың атын мынадай ретпен береді: Маулана Нұраддин Әбдірахман Жәми, Маулана Камаладдин Шейх Хүсейін, Маулана Шамсаддин, Маулана Дауд және Маулана Тунидің орнына «Тарих-и Рашидиде» Бұрханаддин есімі келтірілген. Ал Маулана Шейх Хүсейін туралы Бабыр үлкен ғалым еді деп жазады.

**Маулана Абдолғафур Лари** (912/1506 ж. қайтыс болған) – Әбдірахман Жәмидің шәкірті және өз заманының ғұламасы, сопылыққа арнап бірнеше еңбек жазған. Абдолғафур Лари Әбдірахман Жәмидің «Нафахат әл-унс» еңбегіне өзінің ұстазының баласы – Зийааддин Жүсіпке арнап түсіндірме («Шарх») жазған. Түсіндірмеде Жәми еңбегінің ұғынуы қиын тұстарына және араб тіркестеріне түсіндірме жасалынған, сондай-ақ «Нафақатқа» еңбей қалған сопылардың қосымша өмірбаяны берілген. Түсіндірме «Такмила-йи» «Нафахат әл-унс»; «Хашийа-йи» «Нафахат-унс» және т.б. атпен белгілі. Абдолғафур Лари «Түсіндірмеден» («Шархтан») басқа «Нафахат әл-унске» арнап тағы да «толықтыру» жазған. Ол еңбегінде ұстазы Әбдірахман Жәмидің өмір жолы баяндалған, бұл еңбек «Хатима» («Қорытынды»), «Тазкира-йи Маулана Жәми» («Маулана Жәмидің өмір жолы») деген атпен белгілі.

**Маулана Әбу Сайд Убейхи** Хорасандағы Убеха елді мекенінен шыққан. Жас шағында Самарқанға келіп, Ұлықбектің медресесінде нақты ғылымдармен айналысады,

кейіннен Қожа Ұбайдолла Ахрардың жолын қуады.

**Шейх Зайнаддин Хауафи** – белгілі герат шейхы, 1435 ж. 1 мамырда қайтыс болып, Гератта жерленген.

**Шейх Шихабдин Сухраурди** (632/1234 ж. қайтыс болған) – белгілі Бағдад сопысы, толық аты-жөні – Шейх Шихабдин Әбу Хафс Умар б. Мұхаммад әл-Бахри ас-Сухраварди.

**Маулана Саъададдин Тафтазани** – толық аты-жөні Саъададдин Масуд ибн Омар ат-Тафтазани (шамамен 792/1389–1390 ж. қайтыс болған), белгілі ғалым, логика, теология және т.б. бойынша оның еңбектері Шығыста өте танымал болған. Әмір Темір оны Самарқанға алып кеткен.

**Әмір Сайд Шариф Журжани** (толық аты-жөні – Әли ибн Мұхаммад ас-Саиид аш-Шариф әл-Журжани (816/1413 ж. қайтыс болған) – белгілі ғалым, заңтану, философия, астрономия және т.б. салалар бойынша ғылыми жұмыстар жазған. Шираздың медреселерінің бірінде дәріс оқыған, 1388 ж. Әмір Темір оны Самарқанға әкетеді. Әмір Темір қайтыс болған соң, Ширазға қайтып оралады және сонда қайтыс болады.

Қожа Маулана Исфәһаниды Фахраддин Әли өз еңбегінде атап өтеді.

**Әмір Абдолқадыр Мешһеди.** Васифи Әмір Абдолқадырды өз заманының ғалымдарының бірі еді деп жазады.

**Әмір Жамаладдин Мұқаддис.** Бабыр бұл ғалым жөнінде: ол Сұлтан Хұсайын Байқара заманындағы белгілі ғалым болды, хадистер жөніндегі ғылымның білгірі деп атайды.

**Әмір Атааллаһ.** Ол жөнінде Бабыр нақты дерек береді. Бабырдың айтуынша, Әмір Атааллаһ араб тілін өте жақсы біліп, бірнеше шығарма жазған.

**Әмір Ибрагим Мешһеди.** Васифидің (Бадаи әл-вакайи) еңбегінде сол дәуірдегі ғалымдардың арасында Әмір Ибрагим деп те аталады.

**Әмір Мұхаммед-и Әмір Жүсіп.** Ол жөнінде Бабыр көп мағлұмат береді.

**Маулана Ибраһим Шируани** туралы Васифи: «Ол Самарқандағы белгілі мүддарис еді» деп жазады.

**Маулана Әмір Калан Табиб.** Васифи бұл жөнінде: «Самарқанның белгілі мүддарисі» деп жазады.

Әмір Әбу-л Бақа туралы Васифи: «Самарқанның мүддарисі мен ұлы адамдарының бірі еді» деп жазады.

**Қожа Хафиз Ширази** (Шамсаддин Мұхаммед Хафиз-и-Ширази (791/1389 ж. қайтыс болған) – атақты ақын, ғазел жазудың асқан шебері.

**Маулана Жамаладдин Дауани.** Толық аты-жөні Жалаладдин Мұхаммед б. Асад Сыдық Дауани (908/1502–1503 ж. қайтыс болған). 830/1426–1427 ж. Казерун маңындағы Дауанда дүниеге келеді. Фарс аймағының қазии және Шираздың Дар әл-Айтам медресесінде оқытушы болады. «Ахлак-и Жалали» атты шығарма авторы. Абайдың «Ғылым таппай мақтанба» деген өлеңінде «Мұны жазған білген құл – Ғұламаһи Дауани» деп сілтеме беретін ғұлама кісі осы – Дауани.

**Увайс Карани** (22/643 ж. қайтыс болған) – Мұхаммед пайғамбардың замандасы, увайс сопылық орденінің негізін қалаушы. Аңыз бойынша ол шөл далада жалғыз өмір



сүрген және Мұхаммед пайғамбар өлер алдында оған шапанын мұраға беріп кеткен.

**Сұлтан Баязид Бистами** (Әбу Язид Бистами) – 261/875 немесе 264/878 ж. қайтыс болған, беделді сопылардың бірі, өкінішке орай, бізге дейін ол жөнінде ешқандай дерек жетпеген.

**Абд әл-Халық ибн Абд әл-Жамил-и Ғиждууани** (575/1179 ж. қайтыс болған) – ходжаган атты дәруіштік орденнің негізін қалаушылардың бірі және теоретигі. Ол өзінің ұстазы Қожа Жүсіп Хамаданидың (535/1140 ж. қайтыс болған) өмірбаяны туралы «Макамат-и Қожа Жүсіп Хамадани» атты кітап болған деп жазады.

### **Ақындар мен тарихшылар**

**Фирдауси** (932 ж. мен 936 ж. аралығында дүниеге келіп, 1020 немесе 1025 ж. қайтыс болған) – Хорасандағы Тус қаласынан шыққан атақты ақын, әлемге әйгілі «Шахнама» поэмасының авторы. Фирдауси «Шахнаманы» жазуға өмірінің отыз жылдан астам уақытын арнаған. Саманилар әулетінің билігі кезінде поэманы бастап, Фирдауси оны Хорасандағы жаңа әулет – Ғазнауилер әулеті тұсында, Сұлтан Махмуд (998–1030 жж.) тұсында аяқтайды.

«Хамса» (бестік) – бес поэмадан тұратын еңбек. Бұл жанрды негіздеген әзербайжанның ұлы ақыны Низами болатын.

**Әмір шейх Ахмед Сухайли.** Ол жөнінде Бабыр да деректер келтіреді.

**Хүсейін Әлі Жалаир** (лақап аты Туфайли). Бұл жөнінде Бабыр: «Сұлтан Хұсайын мырзаның ақындарының бірі еді» деп жазады.

**Жамалад Дин Салман Саважи** (778/1377 ж. қайтыс болған) – Тебризде тұрып, жұмыс істеген, жалайыр әулетінен шыққан атақты ақын-панегирик, қасиданың шебері.

**Захир Файаби** (1202 ж. Тебризде қайтыс болған) – атақты ақын Салман Саважи секілді қасиданың шебері.

**Асафи** (Асафи) – Қожа Асафи бин Ниматаллах-и Кухистани (923/1517 ж. қайтыс болған), Әлішер Науаидың жақын досы және өлең стилі жағынан Әбдірахман Жәмидің шәкірті болған.

**Әмір Шаһи** – Әмір аға-Мәлік б. Жамаладдин әмір Шах-йм Сабзавари (857/1453 ж. қайтыс болған). Әлішер Науаи онымен хат жазысып тұрған.

**Ғилали** (Толық аты Бадраддин Ғилали-йи Астрабади (936/1529 ж. қайтыс болған). Астрабадтың түркі тайпасынан шыққан. Гератқа келіп, білім алады да, Әлішер Науаидың жанындағы әдеби ортада болады. «Шах-у-гада» атты сопылық поэманың авторы.

**Камаладдин Биннаи** – Әлішер Науаидың Гераттағы әдеби ортасындағы талантты ақындарының бірі. Науаидың атына әртүрлі қарсы пікірлер айтып, түрік тілінде көркем шығарма жазу мүмкін емес деген тұжырымдарымен аты шыққан.

**Маулана Сахиб.** Науаидың айтуынша, Маулана Сахиб Кабудджамадан шыққан, муамма (жұмбақ) жазған әрі жақсы шахматшы болған.

**Сайфи.** Науаидың айтуынша, Сайфи Бұхарадан Гератқа білім алу үшін келеді. Бұл жерде ол өлең шығарып, танымал болады.

**Аһли** (Маулана Мұхаммед Аһли Ширази (1455–1535/36) – ақын, ғазелдерден басқа екі поэманың авторы.

**Наргиси.** Науаи ол туралы Мервтен шыққан ақын еді деп жазады

**Әмір Мұхаммед Салих.** Бабыр түркі тілінде де өлең жазған ақын деп жазады.

**Маулана Шаһиди** (979/1571–1572 ж. қайтыс болған) – ақын.

**Фираки** – ақын. Ол жөнінде Бабыр дерек келтіреді

**Хайдар Қалича.** Хорасанда туып, Исмаил I мен Тахмаспа I шаһтардың тұсында (XVI ғ. I жартысында) Иранда тұрған. Аз уақыт Үнді жерінде болып, өмірінің соңғы кезеңін Сейстанда өткізген.

**Әмір Хүсейін Муаммайи** (Хүсейін б. Мұхаммед әл-Хүсейін ан-Нишапури (904/1498–1499 ж. қайтыс болған). Нишапурдан шыққан, өмірінің біраз жылын Гератта өткізген. Оның көпке танымал «Муаммалар (жұмбақ жазу) құрастыру туралы трактаты» Науаидың өтініші бойынша жазылған.

**Камаладдин Бехзад** (1455–1537) – орта ғасырдағы әйгілі суретші, миниатюралық живописінің асқан шебері. Оның шығармасын зерттеуге арналған көптеген еңбек жарық көрген. Бехзад туралы еңбектердің библиографиясы мына жинақта жарияланды: «Материалы конференции: Камаладдин Бехзад, к 525-летию со дня рождения» Ташкент, 1984 г.

**Қожа Абдолла Марварид** – талантты миниатюрист, каллиграф, сазгер, мемлекет қайраткері, тарих ғылымы үшін аса құнды өз заманының құжаттар жинағын құрастырушы.

«Кашф әл-махжуб» кітабының авторы, суфизмнің жунаид ағымының ірі теоретигі – Әбу-л Хасан Әли ибн Усман ибн Абу Әли әл-Жуллаби әл-Хужвири әл-Ғазнауи (шамамен 464/1071 ж. қайтыс болған).

**Мирхонд** (Мұхаммед бин Хаванд шах) 1433–1498 жж. өмір сүрген. «Раузат ас-сафа» атты көптомды жалпы тарихи еңбектің авторы. Оның немересі Хондамир (1535 ж. қайтыс болған) – бірнеше еңбектің авторы.

**Шарафаддин Әли Йазди** (858/1454 жылы қайтыс болған) – Ақсақ Темірдің өмір тарихы, жорықтары туралы, ресми құжаттар мен тарихи оқиғалар куәгерлерінің деректері негізінде парсыша жазылған «Зафар наме» кітабының авторы. Бұл еңбек Ташкентте парсы тілінде «Фан» баспасынан 1972 жарық көрген.

## Шығармалар

«**Жами ат-тауарих**» – Фазлаллах Рашидаддиннің жалпы тарих және монғолдар тарихы жөніндегі көптомдық еңбегі. Бұл кітаптың авторы Фазлаллах Рашидаддин (1318 ж. өлтірілген) атақты тарихшы, мемлекет қайраткері әрі дәрігер болған.

«**Тарих-и гузида**» – Хамдаллах Мұстауфи-ий Казвинидің (1350 ж. қайтыс болған) қысқаша жалпы тарихы. 1343 ж. жазылған. Мамандар қайталау сипатындағы еңбек деп санайды.

«**Тарих-и манзум**». Мырза Мұхаммед Хайдар Темір әулеті тарихын жазған Әбдіразақ Самарқандидің XV ғ. белгілі «Матла ас-садайн ва мажма әл-бахрайн» атты екі томдық шығармасын айтып отыр.

«**Зафар наме**» («Жеңіс кітабы») – Ақсақ Темірдің тарихы хақында парсы тілінде жазылған көпшілікке танымал тарихи еңбек. Әли Йәзди бұл тарихи еңбегін 828/1425 ж. аяқтап, Ақсақ Темірдің мұрагері Шахрухқа тарту етеді.

«**Кашф әл-махжуб**» – суфизмнің тарихы мен мәніне арналған еңбек.

«**Нафахат**» – Әбдірахман Жәмидің «Нафахат әл-унс мин хазарат әл-қудс» шығармасын айтып отыр. VIII–XV ғ.ғ. ғұлама сопылардың өмірбаяны жинақталған.

«**Мужам-әл булдан**» – Йақұттың (Якут) белгілі географиялық сөздігі, оның есімі Шихабдин Әбу Абдолла әл-Хамави (626/1229 ж. қайтыс болған). Шығармада мол материал жинақталған, мұсылман елдерінің барлық қалалары мен маңызды елді мекендері келтірілген.

«**Мужиз**». Оның авторы Әбу-л Фазл Мұхаммед б. Аби Йазид Тайфур Саджаванди әл-Газнави (11264–1165 қайтыс болған).

«**Силсилат әл-арифин**» – Маулана Мұхаммед Қазидің (т.ж.б. – 1516 ж.) шығармасы. Қожа Ұбайдолла Ахрардың (өлген жылы 1450 ж.) шәкірті, жолын қуушы. «Маджмуат» деген шығарманың авторы.

Жәмидің қаламынан үш диуан туған. Біріншісі – «**Фатихат әл-шабаб**» (1479–1480), екіншісі – «**Васитат әл-ақд**», үшіншісі – «**Хатимат әл-хайат**».

Қожа Хұсрау (Әмір Хұсрау Динлауи) (725/1325 ж. қайтыс болған) – Делиден шыққан белгілі үнді-парсы ақыны.

«**Жүсіп пен Зылиқа**» дастанын Әбдірахман Жәми 1483 ж. жазып бітірген. Дастан Сұлтан Хұсейінге арналған.

«**Аш ар-и дилфириб**» («Жалындаған жүрек жырлары») сөзіндегі әріптердің сандық мағынасын есептеген кезде 898/1492 саны шығады. Бұл Әбдірахман Жәмидің қайтыс болған жылы.

«**Шауахид ан-набууат**» – Әбдірахман Жәмидің Мұхаммед пайғамбар мен оның сахабалары туралы 885/1480–1481 ж. жазған белгілі еңбегі.

«**Хафт ауранг**» – Әбдірахман Жәмидің көлемді жеті дастанын («Силсилат әл-ахаб», «Саламан ва Ибсал», «Тухфат әл-ахрар», «Субхат әл-абрар», «Жүсіп пен Зылиха», «Ләйлі–Мәжнүн», «Хираднама-йи Искандари») біріктірген еңбегі.

«**Шарх-и кафийа**». Бұл еңбек 897/1492 ж. Жәмидің баласы Зйиааддин Жүсіпке арнап араб тілінде жазылған. Ибн әл-Хаджибтің (645/1248 ж. өлген) араб грамматикасы

туралы «Әл-кафийа фи-н-нахв» атты оқу трактатын түсіндіруге арналған. Бұл еңбек «Әл-фаваид аз-Зийайя» («Зийааддинге арнаған өсиет») деген атпен де мәлім, көбінесе қысқартып «Шарх-и Молла» деп те аталған. Орта Азия медреселерінде оқу құралы ретінде кеңінен таралған.

«**Шарх-и Ламаат**» – белгілі ақын Фахраддин Ибраим Ираки Хамаданидің (1217–1289 жж.) «Ламаат» атты кітабына түсіндірме. Бұл шығарма «Аш атал – лама ат» деген атпен де белгілі. Жәми аталмыш шығармасында Фахраддин Иракидің еңбегін философиялық тұрғыдан егжей-тегжейлі түсіндіре отырып талдаған.

«**Шарх-и Фусус әл-хикам**» – белгілі шейх Мухийаддин ибн әл-Арабидің (638/1240 ж. қайтыс болған) «Фусус әл-хикам» деген философиялық еңбегіне араб тілінде жазылған түсіндірме.

«**Шарх-и мимйа**». Еңбектің толық аты «Шарх-и қасида-йи миймиа-йи хамарийа-йи Фаризийа»; арабтың белгілі сопы ақындарының бірі Омар ибн әл-Фаризаның (632/1234–1235 ж. қайтыс болған) айтулы мистикалық өлеңдеріне жасалынған түсіндірме. 875/1470–1471 ж. жазылған.

«**Шарх-и рубайят**» – Жәмидің өзінің сопылық сарындағы төрттағандарына түсіндірмесі; 878/1473–1474 ж. жазылған.

Абд әл-Халық ибн Абд әл-Жәмил-и Гиждууани (575/1179 ж. қайтыс болған) – дәруіштік ходжаган орденінің негізін салушылардың бірі және теоретигі.

Шех Абд әл-Кабир Йамани туралы Фахраддин Әли «Рашахат» атты еңбегінде жазған.

«**Тарих-и жаһангушай**» – Алааддин Ата Малик б. Бахааддин әл-Жувайни (623/1225–681/1283) еңбегі. Шыңғысханның хан тағына отыруынан Хулагу ханның исмаилиттер әулетіне жорық жасауына дейінгі монғолдардың тарихын қамтиды.

Мажма ат-тауарих. Рашидаддиннің (645/1247–1248 – 718/12318) «Жами ат-таварих» атты кітабы туралы айтылып отыр.

«**Қууат әл-қулуб**» – Әбу Талиб Мұхаммед б. Әлінің (386/996 ж. қайтыс болған) суфизм жөніндегі шығармасы.

«**Сувар-и ақалим**» – Рашидаддин Фазлаллахтың (1247–1318) Жами ат-тауарихының IV томы, әлемнің географиялық сипаттамасы берілген. Монғол империясының жолдары мен пошта бекеттері, кітап авторының жасаған карталарымен беріле отырып, сипаттамасы жасалынған.

«**Тәриф-и булдан**» – елдердің географиялық сипаттамасы. Кітап авторы анықталмаған.

«**Сурах әл-лұғат**» – бұл жерде Әбу-л Фазл Мұхаммед бин Омар бин Халидтің лақап аты Жамал әл-Қаршидің (Алмалықта 628/1230–1231 ж. туған) «Сурах мин ас-Сихах» атты араб-парсы сөздігі туралы айтылып отыр. Бұл еңбек отырарлық Әбу Насыр Исмаил бин Хаммад Фараби Жауһаридің (393/1003–1004 ж. қайтыс болған) «Тадж әл-луға уа сихах ал-арабийа» атты араб тілінің түсіндірме сөздігінің парсы тілінде қысқаша өңделген аудармасы саналады. Жамал әл-Қарши сөздігін 1282 жылы аяқтаған.

«**Мулхақат ас-Сурах**» – Жамал әл-Қаршидің тарихи-географиялық шығармасы [М.Х. Дулати. Тарих-и Рашиди...531–564-беттер].



**Тайпалар мен рулар: дулатилер, жалайырилер,  
қаңлы, найман және арғындар**

Дулатилер «Тарих-и Рашидидің» Лондон және Алматы басылымы бойынша:

Әмір Түлік

Әмір Қамар ад-Дин

Әмір Шамс ад-Дин

Әмір Сейид Ахмед мырза (Қашғарда және Жаркентте)

Әбу Бәкір Мырза (Жаркентте, Қашғарда, Хорасанда)

Әмір Саийд Әли

Әмір Худайдат

Әмір Болатшы

Бауырты Дулат

Дәулет шейх

Қызыр Шаһ

Құл-Назар мырза

Мұхаммед Хүсейін мырза

Мұхаммед Хайдар мырза

Мұхаммед Шаһ мырза

Сансыз мырза

Омар мырза

Сейіт Мұхаммед мырза

Ілияс шаһ

\*\*\*

Әмір Жаппарберді дулат

Әмір Кәрімберді дулат

Әмір Сұлтан Мәлік дулат

Әлі Тағай мырза дулат

Сұлтан Мұхаммед дулати

Жүсіп Мырза (Дулати)

Мұхаммед Назар (Дулати)

Шаһ Йазар мырза дулат

Шейх Даулат әмір дулат

Мұхаммед Амин Мырза (дулат)

Жаһангир Мырза (дулат)

Дулатилер Шоқан Уәлиханов жазбалары бойынша:

Бабтаған

Өртөбе

Түлік

Қамар ад-Дин

Бөлеші

Шамс ад-Дин  
Шейх Дәулет  
Саиид Ахмад  
Мұхаммед Шаһ  
Саиид Әли  
Өткір  
Омар мырза  
Сансыз мырза  
Мұхаммед Хайдар мырза  
Жаһангир  
Әбу Бәкір Мырза  
Сейид Мұхаммед мырза  
Мұхаммед Хүсейін  
Тұрангир  
Бустангир  
Сұлтан Мұхаммед  
Мырза Мұхаммед Хайдар Дулати  
Мұхаммед Шаһ  
Абдулла мырза  
Бахрам Жалайыр  
Хүсейін Әлі Жалайыр

\*\*\*

Бекжак (бекшік) қаңлы

\*\*\*

Бин Арғын бин Зуннун Арғын Шаһ Хүсейін Арғын  
Зуннун арғын, әмір  
Муқим бин Зуннун арғын  
Мырза Шаһ Хүсейін бин Шаһ

\*\*\*

Арканут – түркі тайпасы  
Керейіт – түркі тайпасы  
Қыпшақ – түркі тайпасы  
Маңғыт – түркі тайпасы  
Найман – түркі тайпасы  
Ұйғыр – түркі тайпасы

## РЕЗЮМЕ

**Мухаммед Хайдар Дулати – выдающийся ученый и духовный деятель.  
Астана, 2019, 270 стр.**

Мухаммед Хайдар Дулати – выдающийся духовный и научный деятель. Астана, 2019, 270 стр.

Член-корреспондент Национальной Академии наук РК, доктор филологических наук, профессор Абсаттар Дербисали, многие годы исследует жизнь и творчество средневековых ученых и мыслителей, рожденных в Средней Азии и на казахской земле.

Представленная автором работа «Мухаммед Хайдар Дулати (1499–1551) – выдающийся духовный и научный деятель» является исследованием в указанной области. Состоит из нескольких глав. Во введении «Биография гения» излагаются сведения о том, что средневековый государственный, духовный и научный деятель Мухаммед Хайдар Дулати родился в Средней Азии, жил в Кашгарии; принимал участие в сражении сына Захр ад-Дина Мухаммеда Бабура (1483–1530), правителя Индии Хумаюна (1508–1556), в Каннаудже (Үндістан) с афганским военачальником Шершахом (1472–1515) претендовавшим на трон Индии. Совершил поход в Тибет, Ладак, Балтистан. Провел несколько лет в пакистанском городе Лахоре. В 1540 году захватил Кашмир и в течение 11 лет правил им; создал там классическое энциклопедическое сочинение «Тарих-и Рашиди» и поэму «Жахан наме»; Там же в 1551 году погиб. Все это основано на письменных и документальных источниках.

В годы своего правления Мирза Хайдар Дулати написал замечательное историческое энциклопедическое сочинение «Тарих-и Рашиди» об истории, этнографии, географии, литературе и культуре народов Центральной Азии XIII–XVI вв., а также записал сведения о событиях, очевидцем которых был он сам, изложенный языком науки и образования того времени – на фарси. Поэтому многие исследователи Казахстана и стран Средней Азии, даже европейские ученые, изучавшие культуру тюркоязычных народов, по сей день опираются и делают ссылки на «Тарих-и Рашиди».

**В первой главе** «Духовный деятель» указанной работы Абсаттара Дербисали исследован аспект духовной деятельности Мухаммеда Хайдара Дулати. Автор делает упор на «Тарих-и Рашиди» ученого-историка. В ней подробно изложено, как Мухаммед Шайбани (1451–1510) убил отца будущего ученого – Мухаммеда Сеита (?–1508) в Герате и подсылал своих палачей уничтожить и Мухаммеда Хайдара; о спасении от опасности ученого его духовным наставником – Маулана Мухаммедом Кази (?–1516) и его благосклонности, справедливости, благих делах по отношению к Мирза Хайдару, о привитии положительных черт ученику, благодаря своему наставнику Мухаммед Хайдар избрал путь духовенства; как и предки видного ученого-историка, он придерживался ислама и мазхаба (школы) Абу Ханифы, отдавая дань также тарикату Ходжа Ахмеда Йасави; его почтение суфизму; его борьба в Кашмире с сектантами,

впавшими в ересь.

**Во II главе** автор знакомит с предысторией написания «Тарих-и Рашиди» и «Жахан наме», анализирует эти сочинения.

В силу своей особой популярности «Тарих-и Рашиди» переписывали каждое столетие. К примеру, его копировали в XVI в. – 3 раза, в XVII в. – 5, в XVIII в. – 3, в XIX в. – 12, что является доказательством того, что данный труд никогда не сходил с повестки дня. По данной причине, наряду с фондами редких рукописей и библиотек Европы, как Англия, Франция, Германия, Россия, образцы благородного сочинения можно встретить и в Индии, Пакистане, Иране, Узбекистане и Восточном Туркестане.

Сюжетной линией «Жахан наме» является чистая любовь и верность. Преданность к возлюбленной и любви проносится знаменем. Поэму можно назвать гимном любви. В ней воспеваются мимолетность жизни, повозится о несправедливости и превратности судьбы.

О чем бы не писал или что бы не описывал Мухаммед Хайдар, при его высокой поэтической культуре, он старался преподнести свою идею с гражданской позиции, с точки зрения справедливости.

События в поэме насыщены и динамика их развития стремительна. Сюжет очень затягивает.

**В третьей главе** «Размышления об уникальной личности» автор представил ученого, историка, профессора из Индии Мансуру Хайдар, исследовавшую жизнь и творчество Мухаммеда Хайдара Дулати; как Чокан Валиханов прочитал и перевел выдержки из некоторых глав «Тарих-и Рашиди», обнаруженных им в Азиатском музее Санкт-Петербурга; о исследовании академика Алькея Маргулана о жизни и творчестве Мухаммеда Хайдара; А. Дербисали подробно излагает о роли Мухаммеда Хайдара Дулати в истории Кашмира. Так же исследователь остановился на подробном описании четвертой научно-культурной экспедиции в Кашмир, осуществленной им в январе 2018 года.

**В четвертой главе** «Сокровище в Кашмире», как результат проведенной работы в рукописном фонде краевого университета Кашмира, Абсаттар Дербисали анализирует рукописи со сведениями по истории, литературе и культуре стран Средней Азии и Казахстана.

**В «Приложении»** представлен список ханов, различных правителей, поэтов и историков, глав духовенства, суфиев, родов и племен, в частности: дулати, жалаиры, канглы, найманы, аргыны.

Данная работа Абсаттара Дербисали является результатом комплексного труда над источниками, насыщена глубоким содержанием и подробными сведениями по Мухаммеду Хайдару Дулати. Именно этим его работа и ценна, и важна.



## ABSTRACT OF THE BOOK

*Derbisali A. Mohammed Haydar Dulati (1499–1551) – an outstanding spiritual and scientific person. – Astana: ..., 2019. – 320 p.*

Corresponding Member of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Doctor of Philology, Professor Absattar Derbisali, has been researching the life and work of medieval scientists and thinkers born in Central Asia and on Kazakh soil for many years.

The work presented by the author “Mohammed Haydar Dulati (1499–1551) – an outstanding spiritual and scientific figure” is a study in this area.

The book consists of an introduction, five chapters and an appendix.

**The introduction** “Biography of a Genius,” outlines the main information about the life and work of Mohammed Haidar Dulati, a medieval spiritual and scientific figure born in Central Asia and lived in Kashgaria. M.H. Dulati took part in the battle of the son of Zahr ad-din Muhammad Babur (1483–1530), the ruler of India – Humayun (1508–1556), in Kannaudja (India) with the Afghan commander Shershakh (1472–1515), who claimed the throne of India; made a trip to Tibet, Ladakh, Baltistan; spent several years in the Pakistani city of Lahore.

In 1540, he captured Kashmir and ruled their for 11 years; also he created the classic encyclopedic essay "Tarih-i Rashidi" and the poem "Jahan Name"; while died in 1551. All this is based on written and documentary sources.

During his reign, Mirza Haydar Dulati wrote a remarkable historical encyclopedic essay "Tarih-i Rashidi" – about history, ethnography, geography, literature and culture of the peoples of Central Asia of the 13th–16th centuries, as well as information about the events that witnessed himself. This encyclopedic nature of the work of M.H. Dulati outlined the language of science and education of the time – Farsi. Therefore, any serious research of the history of Kazakhstan, Central Asia, culture of the Turkic-speaking peoples, conducted by domestic and Western and Eastern scholars, is still impossible without studying "Tarih-i Rashidi".

**In the first chapter** “The Spiritual Worker” of the above-mentioned work of Absattar Derbisali, the aspect of the spiritual activity of Mohammed Haidar Dulati is investigated. The author focuses on the author of "Tarih-i Rashidi" as a historian who described the political history of the time. It details how Mohammed Shaibani (1451–1510) killed the father of the future scientist, Mohammed Seit (? –1508) in Herat, and sent his executioners to destroy Muhammad Haidar; about salvation from the danger of a scientist by his spiritual mentor – Maulana Mohammed Kazi (? –1516) and his favor, justice, good deeds in relation to Mirza Haidar, about instilling positive traits in the student, thanks to his mentor Mohammed Haidar chose the path of the clergy; like the ancestors of a prominent scholar and historian, he adhered to Islam and the mazhab (school) of Abu Hanifa, paying tribute to the same tariqah of Khodzha Ahmed Yasavi; his respect for sufism; his struggle in Kashmir with sectarians who fell into heresy.

**In the second chapter**, the author acquaints readers with the background to the writing of his main work “Tarikh-i Rashidi” by Mirza Haydar Dulati, as well as the work “Jahan name”, and analyzes these works.

It is noted that due to its particular popularity, "Tarih-i Rashidi" was rewritten every century. For example, it was copied in the sixteenth century. – 3 times, in the XVI c. – 5, in the XVIII c. – 3, in the nineteenth century. – 12, which is evidence that the work has always been relevant and never went off the agenda. For this reason, samples of this noble work can be found in the collections of rare manuscripts and libraries in Europe (for example, in England, France, Germany, Russia) and in the East (in India, Pakistan, Iran, Uzbekistan and East Turkestan).

The storyline "Jahan name" is pure love and loyalty. Devotion to the beloved and love runs like a red thread through the whole work. A poem can be called a hymn of love – it praises the transience of life, injustice and the vicissitudes of life.

Whatever he wrote or described Mohammed Haydar, with his high poetic culture, he tried to present his idea from a civil position, from the point of view of justice.

The events in the poem are saturated and the dynamics of their development is swift. The plot is very addictive.

**In the third chapter**, “Reflections on a Unique Personality”, the author offers a peculiar chronicle of studying the work “Tarih-i Rashidi”, which was and is being conducted by the greatest researchers of the past and present. In particular, it is of particular interest to learn how Chokan Valikhanov read and translated excerpts from some chapters of the Tarih-i Rashidi, which he discovered in the Asian Museum of St. Petersburg; about the research of academician Alkey Margulan about the life and work of Mohammed Haidar. In addition, the author highlighted the modern researchers of Dulati and his work – a historian, a famous professor from India – Mansur Haydar, who extensively researched the life and work of Mohammed Haidar Dulati.

A. Derbisali sets out in detail and notes the role of Mohammed Haidar Dulati in the history of Kashmir. In addition, the researcher focused on the detailed description of the fourth scientific and cultural expedition to Kashmir, which he carried out in January 2018.

**The fourth chapter**, The Treasure in Kashmir, can be considered the result of his work in the manuscript fund of the regional university of Kashmir. Absattar Derbisali analyzes manuscripts with information on the history, literature and culture of the countries of Central Asia and Kazakhstan.

The Appendix there is a list Khans, various rulers, poets and historians, heads of clergy, Sufis, clans and tribes, in particular: Dulati, Jalayir, Kangly, Naiman, Argyn.

This work of Absattar Derbisali, is the result of a comprehensive work on sources, is rich in depth and detailed information on Mohammed Haidar Dulati. It is precisely this that his work is both valuable and important.

Әбсаттар Дербісәлі

**Мұхаммед Хайдар Дулати –  
көрнекті руханият және  
ғылым қайраткері**

Заказ № 23/12 Басылым 300 дана

Тапсырыс берушінің дайын файлдарынан басылып шықты



ЖШС, "Ideal Group" жарнама агенттігі, 160021

Шымкент қаласы, Қонаев д-лы, 60

E-mail: reklama@idealgroup.kz

